АЙҚЫН НҰРҚАТОВ

шығармалары

3



АЙҚЫН НҰРҚАТОВ

АЛМАТЫ
"АНА ТІЛІ"
БАСПАСЫ
2013

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
Н 86

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды.

Құрастырған және алғы сөзін жазған
филология ғылымдарының докторы,
профессор Серік Негимов

Нұрқатов А.
Н 86 **Шығармалары:** Айқын Нұрқатов.– Алматы: "Ана тілі" баспасы ЖШС, 2013.
Т. 3. – 384 бет.

ISBN 978–601–251–096–6

47489

Белгілі сыншы, әдебиеттанушы Айқын Нұрқатовтың шығармаларының 3-томына автордың қазақтан шыққан алғашқы ғұлама ғалым Ш. Уәлиханов, ұлы Абай, ұлы Әуезов шығармашылығына жасаған талдау мақалалары, көрші өзбек халқының біртуар ақыны Ғафур Ғұләм, орыс жазушысы Н. Островский туындыларына байланысты ой-пікірлері жинақталып ұсынылып отыр. Сондай-ақ оқырман қауым сыншының Ә.Әбішев, Қ.Жұмалиев, И. Байзақов, Қ.Нұрмаханов туралы жазған сараптама мақалаларын оқи алады.

Кітап әдебиет зерттеуші ғалымдарға, ізденушілерге, студенттерге арналған.

ISBN 978–601–251–096–6
ISBN 978–601–251–084–3

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)

© Нұрқатов А., 2013
© "Ана тілі" баспасы ЖШС, 2013

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА

ҒАСЫР ПЕРЗЕНТІ

Халқымыздың өткендегі ұлы ойшылы, ұлттық мақтанышы Шоқан Уәлихановтың есімі аталғанда кеменгер Абайдың мезгілсіз дүние салған, қыршынынан қиылған сүйікті баласы Әбдірахманға арнаған:

Құйрықты жұлдыз секілді
Туды да, көп тұрмады.
Көрген, білген өкінді,
Мін тағар жан болмады, –

деп келетін шерлі сыры, жүрекжарды арманы ойға түседі. Шығармаларының тұңғыш жинағына берілген алғы сөзде орыс достары да Шоқанды осы іспетті бағалаған болатын. Бірақ ғұмыр жасының соншалықты қысқа болғандығына қарамастан, ол ғылымның әралуан саласына өлмес-өшпес көп мұра қалдырды. Шоқанның филология, тарих, география, этнография саласындағы еңбектері мен зерттеулері сол кездегі шығысты тану ғылымына ғажайып үлес, тамаша қазына болып қосылды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әлкей Марғұлан бастаған ғалымдар тобының қисапсыз көп еңбек сіңіруінің арқасында Шоқан мұрасының шын көлемі енді-енді ғана анықталып отыр. Ол қалың-қалың бес том болмақ. Шоқанның небәрі отыз жыл ғана өмір сүргенін еске алсақ, бұған тек қайран қалуға, таңырқауға ғана тура келеді. Өйткені осынша аз уақыт осынша мол еңбек жазбақ түгіл, жай көшіріп шығудың өзі ілуде біреудің-ақ қолынан келер. Ал Шоқан сол еңбектерін небір қиын жағдайларда, тіпті басын қатерге тігіп жүріп жазған болатын.

Қазақ халқының өткен ғасырдағы қоғамдық ойының тарихында Шоқан Шынғысұлы Уәлихановтың алатын орны

ерекше. Өз халқының тұңғыш ғалымы әрі ағартушысы болған Шоқан оның тарихи болашағын, прогреске, жарыққа ұмтылар жолын да аскан көрегендікпен тұңғыш рет болжай алды. Ол өз елін орыс халқымен достасуға, оның озық өнері мен нәрлі мәдениетінен өнеге алуға бастады. Оның ағартушылық, әлеуметтік қызметінің тарихи құндылығы да ең алдымен осында.

Шоқан өмір сүріп, қызмет еткен жылдар қазақ халқының тарихындағы елеулі кезеңдердің бірі еді. Бұл кезеңде, яғни өткен ғасырдың қыркыншы-алпысыншы жылдарында Қазақстан Россияның қойнауына, ондағы қоғамдық даму арнасына барған сайын мол тартылып, қазақ сахарасына орыстың озық ойының әсері кеңірек тарай бастаған болатын. Бұл, әрине, қазақ халқының қоғамдық ойында жаңа бағыттың өріс алуына, нағыз халық ақын, жазушылары мен ойшылдарының тууына ықпал етпей қойған жоқ. Шоқан – солардың ең алғашқы өкілі, бастаушысы.

* * *

Шоқан 1835 жылы ноябрьде Құсмұрын деген жерде туған. Оның атасы Уәли Россиямен жақсы қарым-қатынаста болған. Ал болашақ ғалымның өз әкесі – Шыңғыс орыс мектебінде оқып білім алады. Сибирь әскери училищесін бітіргеннен кейін ол полковник атағын алып, Құсмұрын округына аға сұлтан болады. Шоқанның алған тәрбиесіне, болашағына мұның көп әсері тиеді.

Өзінің балалық шағын Шоқан Көкшетау өлкесінің аса көркем жерлерінің бірі – атакты Сырымбет тауының бауырында өткізеді. Сақталып жеткен естеліктерге қарағанда, Шоқан бала кезінің өзінде-ақ мейлінше алғыр, зерек, ойлы болған. Шығыстың бірнеше халықтарының тілін білген, көзі ашық білімді кісі болған әжесі Айғаным да немересінің тәрбиесіне көп көңіл бөледі. Халықтың ауыз әдебиетінің небір асыл қазыналарын, ертегі-аңыздары мен жыр-дастандарын Шоқан бала күнінде сол әжесінен естіп тыңдайды. Ауылда оқып, мұсылманша хат таныған Шоқан өзінің сол естігендерін қағаз бетіне түсіріп, жазып алумен де әуестене бастайды. Ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры мен «Ер Көкше» дастанының кейбір варианттарын жазып алады.

Шоқан жас кезінде аса ұнатқан өнерінің бірі – құс салып, саятшылық құру болады. Сөйтіп, Шоқан туған сахарасын сүйіп те, оның жақсы әдет-ғұрыптарын, әралуан өнерін біліп те өседі.

Шыңғыс талапты да ұғымтАл сергек ойлы баласына орысша білім беруді көздейді. Осы мақсатпен ол 1847 жылы Шоқанды Омскідегі кадет корпусына оқуға береді. Ол сол кездегі Сібірдің ең таңдаулы оқу орны саналатын еді. Онда әскери сабақтарға қоса жалпы география, Россия географиясы, жалпы тарих, Россия тарихы, батыс және орыс әдебиеттері, философия, физика, математика негіздері, шетел тілдері оқытылады.

Кадет корпусына түскен кезде орыс тілін білмесе де, тумысынан өте қабілетті Шоқан оқуға тез жаттығып кетті. Ол сабақты мейлінше жақсы оқитын болды. Шоқанның мектептес жолдасы әрі досы Г.Н.Потанин осы жәйді еске түсіре келіп, кейін былай деп жазады: «Өзінің орыс жолдастарын басып озып, Шоқан тез жетілді:... Оған талайлар-ақ назар аударды. Ол сондай қабілетті еді және оқу орынына түспей тұрып-ақ сурет сала білетін».

Шоқан әдебиет пен географияны, сондай-ақ Шығыс халықтарының тілдерін әсіресе үздік оқитын. Жас Шоқанның білімі тереңдеп, ой-өрісі кеңеюіне кадеттің озық пікірлі, прогресшіл идеядағы кейбір оқытушыларының да ықпалы аз болмайды. Оған орыс тілі мен орыс әдебиеті тарихының оқытушысы Н.Ф.Костылецкий әсіресе күшті әсер етеді. Қазан университетінің шығыс факультетін бітірген ол орыс әдебиетінің тарихынан оқыған лекцияларын данышпан сыншы Белинскийдің әдеби-сын мақалаларына негіздеп құратын болған.

Г.Н.Потаниннің мәліметтеріне қарағанда, Н.Ф.Костылецкий өзінің досы, Петербург университетінің профессоры, Шығысты зерттеуші тюрколог И.Н.Березинге қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын, оның ішінде Шоқанға жаздырып алған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын берген. Ауылда болған шақтарында Шоқанның халық әдебиеті үлгілерін жинап, жазып алуға дағдылануына оның көп септігі тиген.

Тарих пәнінің мұғалімі Гонсевскиймен де Шоқан жақын қарым-қатынаста болады. Шоқанды мейлінше жақсы көрген

Гонсевский оны әр елдің тарихымен, азаттық жолындағы қозғалыстардың жәйімен таныстырады. Осы оқытушылардың әсерімен Шоқан орыстың революцияшыл-демократтарының озық көзқарастарымен беріле шұғылданып, «Современник» журналын үзбей оқып тұратын болды.

Корпустың екінші класына көшкеннен кейін-ақ Шоқан орыс әдебиетінің классиктерін, әсіресе Пушкин мен Гогольді, Белинский мен Герценді тереңдеп әрі сүйсіне оқиды. Ал батыс европалық авторлардан: Руссо, Карлейль, Диккенс, Теккерейді құмарта оқығандығын, өйткені юмористік қасиеті күшті Шоқанға бұл авторлар әсіресе ұнағандығын оның досы Н.М.Ядринцев өзінің естелігінде атап көрсетеді.

Сырымбетке демалысқа барған кездерінде Шоқан саятшылық құрумен бірге сурет салумен де шұғылданады. Ол өз ауылы тұрған жердің табиғатын, тау көріністерін салады және 1847–1852 жылдарда салған нәрселеріне «Корпустан елге, отпускіге барғанда язмыш суреттер» деген ат береді.

Кадет корпусында оқып жүргенде Шоқан сол корпустың оқушысы, болашақ этнограф-ғалым Григорий Потанинмен достасады. Потанинге Шоқан қазақ халқының этнографиясы, шаруашылық кәсібі, әдебиеті жайында әңгімелер айтып беріп жүреді. Олардың болашақ туралы армандары мен тілектері де қабысады. «Сол уақыттан бастап біз дос болып алдық, – деп жазады Потанин өзінің Шоқанмен корпуста бірге оқыған кездерін еске алып, – біздің ақыл-ой мүдделеріміз де ажырасқан жоқ, біздің екеумізді де бір ғана нәрсе – қазақ даласы мен Орта Азия қызықтыратын».

Шоқан саяхатшы болуды да арман етеді. Ол батыс және орыс жиһанкездерінің шығармаларын, шығысты зерттеуге байланысты еңбектерді қатты ұнатып оқиды.

Потаниннің естеліктерінде Шоқанның тәрбие алып, тағлым көрген ұстаздары, оның демократтық көзқарастарының қалыптасуы, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинауы, өз халқын терең сүйген қалтқысыз патриотизмі жайында да көптеген деректер бар.

Шоқанның мінезінде Пушкин мен Лермонтов мінездерінің ұқсас көп сипаттары бар еді дейді Потанин. Оның айтуынша, Шоқан ашы әжуаға жүйрік, тіліп түсетін өткір және достарына мейірімді де ақжарқын болған.

1853 жылы 18 жасында Шоқан кадет корпусын бітіріп шығады. Корпусты бітірген оған офицер атағы беріліп, әскери қызметке қалдырылады. Ерекше қабілетті әрі Қазақстан мен Орта Азияның жайын жақсы білетін Шоқан кейін Батыс Сібірді және Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарын басқарған генерал Гасфордтың адъютанты болып тағайындалады. Қызметін атқара жүріп, Шоқан өзінің білімін тереңдете түседі. Ол Орта Азия халықтарының тарихын, географиясы мен этнографиясын зерттеумен беріле шұғылданады.

Шоқан 1855 жылы Орталық Қазақстанда, Жетісу мен Тарбағатайда болады. Ол қазақ халқының тарихы, географиялық жағдайлары туралы мәлімет жинау, қырғыз жерін картаға түсіру болатын. Шоқан қырғыз халқының және Ұлы жүз қазақтарының этнографиясына көп көңіл бөледі, олардың ауыз әдебиетінің нұсқаларын, аңыз-әңгімелерін, ертегі-жырларын жазып алады. Осы сапарда жинаған материалдарының негізінде Шоқан кейін «Қырғыздар туралы», «Жоңғария очерктері» атты еңбектерін жазады.

Бұл сапарының бірсыпыра жерінде Шоқан орыстың атақты саяхатшы-ғалымы П.П.Семенов-Тянь-Шанскиймен бірге болды. Шоқанның ғылыми қызметіне мұның жақсы әсері тиеді. Орыс ғалымы Шоқанның ерекше қабілеттілігін, білімдарлығын аса жоғары бағалап, оның Петербургқа бару талабын және Орта Азия мен Батыс Қытайға саяхат жасау ойын қостайды.

Омск қаласында Шоқанмен алғаш танысқанын еске ала келіп П. П. Семенов-Тянь-Шанский кейін былай деп жазды: «...Омскіде мені әсіресе қызықтырған бір адам Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов болды... Аса үздік қабілетдарынның иесі Уәлиханов Омск кадет корпусын өте жақсы бітіріп шықты, ал кейін Петербургта менің ықпалыммен университетте лекциялар тыңдады және француз, неміс тілдерін соншалықты жақсы игеріп алды, шығыс тарихы, әсіресе қазақтармен бір тайпалас халықтардың тарихы бойынша тамаша білгір болып шықты».

Ыстықкөлге барып қайтқан сапарынан кейін Шоқан 1856 жылғы август айының бас кезінде Құлжа қаласына жіберіледі. Бұл ресми сапарында ол үш ай шамасында жүріп қайтады. Құлжада болған кезінде Шоқан қытайлардың,

ұйғырлардың, дүнгендердің, жоңғарлардың тарихымен, этнографиясымен танысады.

Шоқанның Ыстықкөлге және Құлжаға сапары, оның сол өлкелерді мекендеген халықтардың тарихы, географиясы мен филология жайында жинап қайтқан материалдары мен зерттеулері оқымыстылар қауымының назарын бірден аударды. П.П.Семенов-Тянь-Шанский мен В.И.Ламанскийдің ұсынысы бойынша 1857 жылы 27 февральда Шоқан Орыстың географиялық қоғамының толық мүшесі болып сайланады. Бұл – жас ғалымның тамаша еңбегінің лайықты бағаланып, шын мәнісінде танылуы еді.

1857 жылы декабрь айында Шоқан қырғыз еліне тағы да сапар шегеді. Оған бұл жолы көршілес Батыс Қытайда болып жатқан оқиғалар мен өзгерістерді, саяси халді барлап, байқап қайту міндеті тапсырылады. Бұл сапар шынтуайттап келгенде, оның Қашқарияға баратын экспедициясына дайындық еді. Осы жолы Шоқан қырғыз халқының өмірімен, ауыз әдебиетімен әсіресе терең танысады. Ол көптеген тарихи-этнографиялық материалдар жинайды. «Мен үйсіндер мен қырғыздардың халық әдебиеті ескерткіштерін, тарихи деректерін, статистикалық мағлұматтарын, этнографиялық очерктерін бірнеше дәптер етіп жазып алдым», – деп жазады Шоқанның өзі.

Қырғыз халқының атақты эпосы «Манас» жайына да ғалым осы сапарда тұңғыш рет назар аударады. Шоқан «Манастың» үзінділерін қағаз бетіне түсіріп, оған талдау жасайды және эпостың «Көкетай ханның өлімі және оған берілген ас» деген тарауын орыс тіліне аударады.

Шоқан 1858–1859 жылдарда өзінің Қашқарияға барған атақты саяхатын жасады. Италияның атақты саяхатшысы Марко Поло мен португалдық иезуит Геостен кейін бұл өлкеге келген Шоқан еді. Ал Қашқарияға Шоқаннан бір жыл бұрын келген немістің ғалымы, белгілі географы Адольф Шлагинтвейт қаза тапқан болатын. Өйткені ол кезде Қашқарияға өту европалық адамдар, зерттеушілер үшін өте қауіпті болатын. Шығыс Түркістанды мекендеген жергілікті халықтардың наразылығынан туған әралуан қарсылықтар мен көтерілістерге байланысты саяси жағдай шиеленісіп, сенімсіз адамдарды қатал жазалау әсіресе асқындап кеткен еді. Сондықтан да ежелгі мәдениеті бар әрі ғылым үшін тыл-

сым жәйттерге толы, жұмбақ болып келген бұл елге Шоқан сауда керуенімен бірге жасырын атпен барады.

Қашқарда Шоқан алты айға тарта уақыт бойы болады. Осы уақыттың ішінде ол Қашқарияның географиялық жағдайларын, тарихын, этнографиясын зерттейді және сол елдің экономикасы мен саяси құрылымы жайында көптеген материалдар жинады. Кейін сол материалдарының негізінде Шоқан өзінің «Алтышардың немесе Қытайдың Нан-лу провинциясының (Кіші Бұқара) шығысындағы алты қаланың хал-жайы» деген атақты еңбегін жазады.

Сол кездегі Европаға беймағлұм дерлік осы елді мекендеген халықтардың тарихы мен географиясына, әлеуметтік-қоғамдық құрылысына арналған бұл еңбек ғылымға баға жетпес үлес болып қосылды.

Қашқарияға барып қайтқан сапарында Шоқан Шығыска байланысты сирек кездесетін бірсыпыра қолжазбалар да әкелді. Олардың ішінде: «Тазкирян Султан Сутук Бугра-хан» («Сұлтан Сутук Бугра-ханның тарихы»), «Тазкирян Ходжагян» («Қожалар тарихы»), «Абу-муслим Маурузи» және тағы басқалар бар. Замандастары Шоқанның жоғарыдағы еңбегін «нағыз географиялық ашылыс» ретінде бағалады, ал оның жат елге жасаған жасырын сапарын шын мәнісіндегі ерлік деп санады.

1859 жылы күзде Шоқан Петербургқа барады. Жақын достары мен жолдастарының естеліктерінс және өзінің кейінірек жазған хаттарына қарағанда астанада өткізген жылдары – Шоқанның өміріндегі аса бір елеулі кезең болады.

Шоқанның Петербургта өткізген кезін есіне ала келіп П.М.Ядринцев былай деп жазады: «60-жылдарда Уәлиханов орыс өмірінің беталысын, оның жаңаруын бақылап отырды. Ол таңдаулы журналдарды үзбей оқыды».

Ол уақытты, яғни Шоқан барған кезде 1861 жылғы реформаның қарсаңында еді. Бұл кезде шаруалар мен помещиктердің арасында қатты күрес жүріп жатты. Чернышевский басқарған демократтық бағыттағы революционерлер шаруалардың ой-тілегін білдірді. Чернышевский, Добролюбов және Некрасовтың басқаруымен шығып тұрған «Современник» журналында елдің саяси өміріне арналған, халық мүддесін қорғаған мақалалар жиі-жиі жарияла-

нып тұрды. Олар патша үкіметінің саясатын қолдаған, помещиктермен ымыраға келуге тырысқан жазушылардың, интеллигенттердің барлығымен де аяусыз күресті және өздерінің мақалаларында халықты өз күшіне сенуге үндеді, шаруаларды езуші тапқа қарсы революциялық күреске шақырды. Міне, осы жағдайдың барлығы Шоқанға әсер етпей қоймады. Потаниннің айтуына қарағанда, Петербургта болған кезінде Шоқан астанада оқитын сібірлік студенттерге, өзінің жерлестеріне арнап кештер өткізіп тұрады. Оларға Сібір мен Қазақстанды мекендеген халықтардың аянышты, ауыр тұрмыс жайында, әділетсіздік пен әлеуметтік теңсіздік жайында айтатын болған.

Астанада Шоқан ғылыми жұмыстармен де шұғылданады. Ол Географиялық қоғамның ғылыми-зерттеу жұмысына да белсене араласады. Бұл кезде Шоқан өзінің жеке ғылыми еңбектерін баспаға дайындайды («Жоңғария очерктері», «Алтышардың немесе Қытайдың Нан-лу провинциясының (Кіші Бұқара) шығысындағы алты қаланың хал-жайы», т.б.) және энциклопедиялық сөздік жасауға қатысады. Сондай-ақ, уақытының біразын Шоқан университетке барып лекциялар тыңдауға, шетел тілдерін тереңдеп үйренуге, Шығыс халықтарының тарихы жайында шетел тілдерінде жазылған кітаптарды оқуға арнайды.

Шоқан астанада болған кезінде өзінің бұрынғы достары П.П.Семенов-Тянь-Шанскиймен, атақты жазушы Ф.М.Достоевскиймен кездеседі және жаңадан көптеген ірі-ірі ғалымдармен, әдебиетшілермен танысады. Олардың ішінде шығысты зерттеуші ғалымдар: Березин, Қазымбек, Васильев, ал ақындар: А.Майков, М.Курочкин, Я.Полонский және басқалар бар. Сөйтіп, Шоқан астананың ғылыми және әдеби өмірінің қайнаған ортасында болды.

Петербургта болуы Шоқанның өз білімін жан-жақты тереңдетуіне, Россияның саяси-әлеуметтік өмірімен жете танысуына мол мүмкіндік берді. Оның демократтық көзқарастары да бұрынғыдан әлдекайда айқындалып, берік қалыптасты, нығая түсті.

Шоқан Петербургта бір жарым жыл шамасындай ғана болды. Өйткені кадет корпусында оқып жүрген кезінде пайда болған өкпе ауруы күшейіп кеткендіктен, дәрігерлер оның Петербургтан тез кетуін талап етеді. Сөйтіп, 1861 жылдың

көктемінде Шоқан астанамен амалсыз қош айтысып, туып-өскен сахарасына қайтып оралады.

Петербургтан қайтып келгеннен кейін Шоқан Сырымбет тауының бауырындағы өз ауылында тынығып, денсаулығын түземек болады. Шоқан ауылда да уақытын боска өткізбейді. Ол қазақтың ертегілері мен аңыздарын жинайды, импровизатор-ақындардың жырларын тыңдайды.

Шоқан Петербургтағы достарымен де хат жазысып тұрады. Осы жылдарда Шоқанның Достоевскийге, Майковқа және басқаларға жазған хаттарынан оның ауылдағы ғылыми қызметінің әралуан қыры, саяси мақсаты, әлеуметтік көзқарастары анық аңғарылады.

Сахараны жайлаған әлеуметтік теңсіздіктер, қанаушы таптың азапқа толы шерлі өмірі, бай-феодалдардың зұлымдығы мен тағылығы Шоқанды қатты қынжылтып тебірентеді. Шоқан Петербургқа тағы да бармақ болады. Бірақ денсаулығы түзелмегеннен кейін ол ауылдан ұзап ешқайда шыға алмайды.

1862 жылы Шоқанның Атбасарға аға сұлтан болғысы келеді. Ондағы ойын ол сол жылы 15 октябрьде Ф.М.Достоевскийге жазған хатында ашық айтады: «Мен өз отандастарымның кәдесіне жарап, оларды чиновниктерден және қазақ байларының қыспағынан қорғау үшін сұлтан болуды ойладым». Бірақ Шоқан аға сұлтан бола алмай қалады. Өйткені онымен аға сұлтандыққа таласқан байлар Омск қаласындағы билеп-төстеуші патшалық ұлықтарға пара беріп, Шоқанды ақыры сайлатпай қояды.

Алайда, қанша ауыртпалықтарға кездессе де, қиыншылықтарға төзген Шоқан ғылыми жұмысын тоқтатпайды. Ол қазақтың ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинайды және «Бағы замандардағы қазақтың қару-жарағы», «Қазақ арасындағы бақсылықтың калдықтары», «Қазақтың шежіресі», тағы басқа еңбектерін, мақалаларын жазады.

1862 жылы 6 декабрьде А.Н.Майковқа жолдаған хатында Шоқан «Санкт-Петербургские ведомости» және «Отечественные записки» журналдарына тілші болғысы келетінін айтады және былай деп жазады: «Отечественные записки» орыс ертегілерімен ұқсас қазақ ертегілерін, қазақ арасындағы бақсылық туралы менің зерттеулерімді және алтынордалық

батырлардың жәйін баяндайтын, сол орданың тарихына жаңа көзқарас танытатын әрі орданың құлау себептерін ашып беретін қазақ жырларын (ортағасырлық) баса алар ма екен. Соны білуге болмас па?». Сөйтіп, ауылда болған уақытында да Шоқан ғылыми-зерттеушілік жұмыспен толассыз шұғылданады.

Шоқан 1863 жылы Омскіге келеді. Ол 1864 жылдың қысын да сонда өткізеді. Генерал-губернатор Дюгамель Шоқанға сол кезде Сібір қазақтары үшін сот реформасын жүргізуге дайындық жасап жаткан комиссияға көмектесуді тапсырады. Бірақ Шоқан бұл аталған комиссияның жобасына қосылмай, өз жобасын ұсынады. Өзінің негізгі ойларын ол «Сот реформасы туралы жазба» деген еңбегінде кеңінен тұжырымдайды.

Бұл кезде Шоқанның ауруы асқына түседі. Бірақ ол ғылыми жұмысын бәсеңдетпейді. Енді ол қазақ ауылдарының мал жайылымдық жерді дұрыс бөлісіп алуы мәселесімен шұғылданады. Осы мақсатпен «Қазақтың көші-қоны» деген мақаласын жазады.

1864 жылы март айында генерал Черняевтің шақыруымен Шоқан Әулие Атаға келді. Болашақты көрегендікпен болжай білген Шоқан Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның Россияға қосылуын жақтады. Оның Черняев отрядына қосылуының негізгі бір сыры осында еді. Бірақ патша генералының озбырлық әрекеттері, қарапайым халыққа зорлық-зомбылық жасап, қан төгіске баруы Шоқанды түңілтеді. Осыдан кейін ол Черняевтан қол үзіп, 1864 жылы июльде Верный қаласына келеді. Бұдан кейін ол албан руының сұлтаны Тезек төренің ауылына барады. Шоқан Тезектің қарындасына үйленіп, сонда тұрып қалады.

Тезектің ауылында болған шақта ол Ұлы жүз қазақтарын билеудегі кемшіліктерді көрсетіп, ондағы басшылық жұмысын қайтадан құруды талап етеді. Сонымен бірге Шоқан Ұлы жүз қазақтарының тарихи аңыздарын зерттеумен шұғылданады және Батыс Қытайда болып жаткан оқиғаларға назар аударып отырады, Петербургпен байланыс жасайды. Мұны оның К.К.Гутковский мен генерал Колпаковскийге жазған хаттары анық көрсетеді.

Сөйтіп жүрген Шоқан ескі ауруы асқынып, уақыт озған сайын меңдей береді. Ақыры 1865 жылдың апрелінде

Тезектің ауылында Шоқан дүние салады. Оның сүйегі Алтын-Емел тауының бауырына қойылады.

* * *

Шоқанның ғылыми еңбектерінің тұңғыш жарық көре бастауы – бұдан бір ғасырдай уақыт бұрын. Ғалымның «Жоңғария очерктері», «Алтышардың немесе Қытайдың Нан-лу провинциясының (Кіші Бұқара) шығысындағы алты қаланың хал-жайы», «Уәлихан-төре көтерілісінің эпизоды» атты еңбектері және басқа да кейбір мақалалары Орыстың императорлық Географиялық қоғамы жазбаларының 1861 жылы шыққан кітаптарында жарияланады. Ал «Абылай» атты мақаласы орыс ғалымдары мен әдебиетшілері құрастырған «Энциклопедиялық сөздікте» басылады. Сондай-ақ, оның еңбектерінің кейбірі 1865 жылы Лондонда ағылшын тілінде басылып шығады.

Ғалымның басты-басты еңбектері мен шығармаларының негізгі жинағы 1904 жылы академик Н.И.Веселовскийдің редакторлығымен басылып шықты. Оған Шоқанның ғылыми еңбектері мен мақалаларының көпшілігі және қазақ, қырғыз халықтары ауыз әдебиетінің ол жинаған кейбір нұсқалары енді. Сонымен бірге Шоқанның Потанин, Ядринцев сияқты достарының естеліктері және ол жайындағы басқа да көптеген материалдар берілді. Шоқанның ғылыми қызметінің ерекше жемісті болғанын және оның өзінің адамгершілік, азаматтық тұлғасын, рухани келбетін танып білуде бұл кітаптың маңызы өте-мөте зор.

Шоқанның бірсыпыра мақалалары мен хаттары 1947 жылы басылды. Бұл кітап қазақ және орыс тілдерінде басылып шықты.

Ғалым еңбектерінің көлемді жинағы 1958 жылы басылды. «Таңдамалы шығармалары» деп аталған бұл кітапқа Шоқанның жұртшылыққа бұрыннан таныс еңбектерімен және хаттарымен бірге оның бұған дейін жарияланбаған, қолжазба күйінде архивтарда сақталып келген бірнеше шығармалары, күнделіктері («Сахарадағы мұсылманшылық жайында», «Ыстықкөлге саяхаттың күнделігі», «Қырғыздар», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы», т.б.) енгізілген.

Қазақ ССР Ғылым академиясы Шоқан еңбектерін 5 том етіп шығармақ. Соның 3 томы жарық көрді.

Шоқан еңбектерінің зерттелу ісі де әріден басталады. Орыстың императорлық Географиялық қоғамының ресми материалдары мен есептерінде және ғалымның жақын достары мен жолдастары жазған некрологтарда, естеліктерде Шоқанның өмірбаянына байланысты көптеген деректер қамтылған, оның рухани өміріне, қызметіне сипаттама берілген.

Н.М.Ядринцевтің Шоқан шығармаларының тұңғыш жинағына берілген қосымшада жарияланған естелігі мен Потаниннің мақалалары қазақ халқы ғалымының өмірі мен қызметінің, саяси-әлеуметтік көзқарастарының әралуан қырлары мен сырларын ашып көрсетеді. Олар Шоқанның өз басын жақсы білген, онымен істес әрі жақын болған адамдар жазғандықтан да құнды.

Өз халқын қалтқысыз сүйген Шоқан туған елінің болашағы Россиямен тығыз байланысты екендігін, сондықтан да оның орыс мәдениетін аса жоғары бағалағанын революциядан бұрынғы орыс зерттеушілері талай рет атап көрсетті. Мәселен, А.Н.Пынин өзінің «Орыс этнографиясының тарихы» деген еңбегінде былай деп жазды: «Уәлихановты жақын білген адамдар мынаны да қоса айтады. Өзінің ақыл-ойының бағыты, тілектестігі жағынан Уәлиханов орыс батысшылы болды: ол Россияны шын жүрегімен сүйді, оның мешеуліктерін де көрді және Россияның алдынғы қатарлы адамдарымен бірге оның жаңаруын қалады».

Сөйтіп, достары мен замандастары, орыстың озық ойлы ғалымдары Шоқанның еңбектері мен шығармаларын бастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге оның өз басы жайында көптеген құнды мағлұматтар қалдырып, негізінен, дұрыс баға беруге де тырысты. Бұл материалдардың қазіргі зерттеушілер үшін мәні ерекше зор. Революция алдындағы жылдарда Шоқан еңбектеріне жете назар аударылған жоқ.

Шоқан мұрасының шын мәнісінде терең әрі кең тұрғыда зерттеле бастағаны – совет дәуірінде. Рас, жиырмасыншы жылдардың бас кезінде буржуазиялық ұлтшылдар Шоқан мұрасын, оның есімін өздерінің жат мүдделеріне пайдалану үшін бұрмалап түсіндіруге де тырысты. Шоқанның

мұрасына лайықты әрі шын мәнісінде әділ баға бергендер – совет зерттеушілері.

1940 жылы, яғни қайтыс болғанына 75 жыл толуы қарсаңында республика еңбекшілері Шоқанды қадірлеп еске түсірді. Осы кезеңнен бастап Шоқанның өмірі мен ғылыми қызметі жайында, оның саяси-әлеуметтік көзқарастары жайында мақалалар мен зерттеулер молынан жазыла бастады. Бұлардың ішінен Х.Әділгереев, Қ.Бекхожин, С.Мұқанов, Н.Смирнованың, Қ.Тұрғанбаевтың, Х.Айдарованың мақалаларын, А.Лурьенің очеркін, Х.Айдарованың монографиясын және проф. Қ.Жұмалиевтің оқулығын атап көрсетуге болады.

Шоқан жайындағы ең соңғы кезде жазылған мақалалардың көлемдісі әрі фактілер мен материалдарға байы – Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә.Марғұланның очеркі.

4 74489

Шоқан Уәлихановтың ғалым, ағартушы, әдебиетші ретіндегі қызметі, оның саяси-әлеуметтік көзқарастары ғана тексеріліп қойған жоқ. Сонымен бірге әдебиет пен көркемөнерде оның образы да жасала бастады. Ол жайында «Оның заманы туады» деген көркем суретті фильм жасалды. Белгілі қазақ совет жазушысы С.Мұқанов «Шоқан Уәлиханов» атты тарихи драма жазды.

Шоқан – қазақтың жаңа бағыттағы қоғамдық ойының тарихын бастаушы, халқымыздың көрнекті ағартушысы әрі аскан ғалымы. Ол ғылымның әралуан саласында, яғни әдебиет, тарих, география, этнографияға байланысты мейлінше мол мұра қалдырды. Ғұмыр жасының соншалықты қыска болғандығына қарамастан, кейінгі ұрпаққа мұндай зор мұра қалдыруы – Шоқанның аса жемісті ғалым болғандығының айғағы.

Шоқанның бойында ғылымға деген құмарлық пен икемділік өте ерте, тіпті кадет корпусында оқып жүрген кезденақ басталады. Бұған Г.Н.Потаниннің мына бір сөздері анық дәлел бола алады. Ол былай деп жазады: «14-15 жасқа толған Шоқанға корпустың оқытушылары болашақ зерттеуші, бәлкім тіпті ғалым деп қарайтын... Шоқан ол кезде аса көп оқитын. Бұл оның бойындағы сыншылдық қабілетті өсірді. Адамгершілік мәселесі және кейіннен өзінің мамандығы болып кеткен шығыс филологиясы саласындағы оның ойпікірлеріне біз қайран қалатынбыз».

Областная библиотека
им. С. МУКАНОВА

Өзімен бірге оқыған достарының айтуына қарағанда, Шоқан жас күнінде саяхатшы болуды, Орта Азияның әлі толық зерттелмеген өлкелерін аралап, олардың жұмбақ сырларын, тылсым күйлерін ашуды арман етеді. Шындығында да, Шоқан кейіннен нағыз саяхатшы болып шықты. Ол қырғыз елінде, Қашқарияда, Құлжада болған сапарларында сол жерлерді мекендеген халықтардың тарихы, этнографиясы, әдет-ғұрыптары, әдебиеті, мәдениеті туралы аса көп материалдар жинады және сол жинаған материалдарына сүйеніп, терең ғылыми пікірлер айтты, топшылаулар жасады.

«Жоңғария очерктері» атты еңбегінде Европа мен орыс ғалымдары үшін Орта Азия жұмбақ өлке болып келгенін атап көрсете отырып, Шоқан былай деп жазған: «Орта Азия өзінің қазіргі қоғамдық құрылысы жағынан барып тұрған мүшкіл халде. Ол дамудың топологиялық дағдарысына ұшыраған... Бұл көгалдарда, құлаған көп қақпалы қалалардың орнында құрдым кепелер тұр. Бұларды тағы, қараңғы бір тайпа ел мекендейді, оны ислам мен жергілікті әлді-ауқаттылардың діншіл, монархияшыл өктемдігі бір жағынан, қытайлардың полициялы әкімдігі екінші жағынан әбден бұзып, басып-жаншып, аздырып жіберген». Бұдан ары Шоқан бір кезде ежелгі Шығыстың ең мәдениетті әрі бай елі саналған Маураннаһр (Бұқара, Хиуа және Қоқан) өлкесін тағылық пен қайыршылық жайлағанын, Ташкент пен Самарқандағы кітапханаларды, обсерваторияларды татар вандализмі мен Бұқара инквизициясы тып-типыл етіп қиратқанын қатты қынжыла, ызалана еске алады. Шоқан Орта Азия елдерінің артта қалуына себепкер болған, кеселін тигізген жағдай феодалдық-монархиялық тәртіп пен ислам діні екенін жақсы түсінді. Сондықтан да мұндай зарарлы құбылыстарды қатал сынға алды.

Өзі болған жерлердің географиялық жағдайын, тарихын, әралуан халықтардың өмірі мен тұрмысы жайында байқағандарын Шоқан көп еңбектерінде, жазбалары мен күнделіктерінде тұтас қамтып сипаттап отырады. Осылай болғандықтан да оның шығармаларында тарихи, әдеби және этнографиялық, геологиялық материалдар көбінесе өзара араласа жүреді. Өйткені Шоқанның ойынша: «Этнография үшін халықтың сөз өнері ескерткіштерін зерттеудің маңызы бар. Оларда халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпы

бәрінен де артық көрініс табады. Өткенді қастерлеу және аңыздардың молдығы – терістік және Орта Азияның көшпелі халықтарының ерекше қасиеті».

Шоқанның ғылыми еңбектерінің бірсыпырасы қазақ халқының тарихына, ауыз әдебиетіне, әдет-ғұрыптарына, діни нанымдарына арналған. Олардың ішінен «Ұлы жүз қазақтарының аңыздары», «XVIII ғасырдағы батырлар жайындағы тарихи аңыздар», «Бағзы замандардағы қазақтың қару-жарағы», «Қазақтың шежіресі», «Қазақ арасындағы бақсылықтың қалдықтары» атты мақалалары мен еңбектерін ерекше атауға болады. Соңғы еңбек Шоқанның нағыз қалыптасқан, толысқан ғалым екендігін, оның асқан білімдарлығын және көп реттерде материалистік көзқарас ұстанғандығын әсіресе анық көрсетеді.

Өздерін мұсылмандар санап, ислам дініне табынғанымен, қазақтар көбінесе шаман дінін ұстанатындығын немесе мұсылмандық әдет-ғұрыптарды бақсылық наным, соқыр сезімдермен араластыратындығын сол кездегі зерттеушілердің талайы-ақ атап көрсеткен болатын. Бірақ олар шаман дінін қандай реттерде және қалай ұстанады? Міне, бұл сұраққа зерттеушілердің ешқайсысы да жауап бере алған жоқ. Ал Шоқан жоғарыда аталған еңбегінде осы сұраққа толық та терең жауап берді.

Бурят ғалымы Доржи Банзаровтың «Моңғолдар арасындағы бақсылық немесе қара дін» деген еңбегін былай қойғанда, Шоқан өзінің зерттеуінде бір кезде Алғы Азияның көптеген халықтары ұстанған шаман дінін тұңғыш рет тарихи кең тұрғыда, материалистік негізде талдайды. Ол былай деп көрсетті: «Бір жағынан алғанда, шаман діні – жалпы жаратылысты зор тұтушылық, ал атап айтқанда, адамның жаратылыстың әсерімен әрекет істеп, өмір сүруі. Бұл жағынан алғанда шаман діні – шектен асқан материализм. Ал екінші жағынан, адам өлгеннен кейін өзі аруаққа айналады – мұнысы шектен асқан спиритуализм. Тамаша идея, неге десеңіз, мұнда мифологиялық адасулар жоқ жерде және ол қоғамдық жағдайларға, қоғамдық заңдарға кең өріс береді».

Шоқан табиғат пен адам, өмір мен өлім туралы түсініктерге шаман дінінің өзіндік қатынасы барлығын және мұның туу себептерін де ашып айтады: «Табиғат пен адам,

өмір мен өлім ғажайып таң-тамаша қаларлық нәрселер болды және әрдайым ашылмас құпияға толы болып отырды: табиғат пен адам! Айтыңызшы, табиғат пен адамнан асқан сырлы да ғажайып не болмақ? Әлемді, оның кереметтерін білу қажеттігі, өмір мен өлім туралы және адамның табиғатқа қатынасы туралы мәселе шаман дінін – әлемге немесе табиғатқа және өлген адамдардың рухына табынуды туғызды. Осылайша келіп, сәбилік дәрежедегі адамдар Күнді, Айды, жұлдыздарды және біз табиғат немесе әлем атайтын ұшы-қыры жоқ, мәңгі жасайтын, әркилы құбылыстың бәрін керемет тұтатын болды».

Бұдан Шоқан шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары, халықтың әралуан ырымдары мен әдет-ғұрыптары, космологиялық ұғымдары туралы байқауларын, топшылауларын айтады. Оның пікірінше, қазақ арасында мұсылмандық қалдықтарынан гөрі шаман әдет-ғұрыптары бекем сақталған. Осыған байланысты Шоқан қазақ даласына діни фанатизмнің тарауына қарсы шықты.

Бұл еңбегінен Шоқанның адам қоғамы әрдайым өрлеу, өсу жолын бастан кешіретіндігін және сол даму дәрежесіне сәйкес оның табиғат, дүние туралы ұғымдары өзгеріп, жаңғырып отыратындығын дұрыс түсінетіндігін көреміз. Осы тұрғыдан қарап, ол қазақ халқының бір кезде шаман дінін ұстануы кездейсоқ емес, оның тарихи дамуының белгілі бір кезеңінің жемісі екендігін дәлелдеп берді. Мұндай қорытындыға ол халықтың тарихын, өмірін, оның әдет-ғұрыптары мен нанымдарын жан-жақты әрі терең зерттеу арқылы келді. Жалпы алғанда, «Қазақ арасындағы бақсылықтың қалдықтары» – Шоқанның күрделі де кенеулі, жүйелі ғылыми еңбектерінің бірі болып табылады.

Шоқанның бұдан басқа «XVIII ғасырдағы батырлар жайындағы тарихи аңыздар», «Бағзы замандардағы қазақтың қару-жарағы», «Ұлы жүз қазақтарының аңыздары», «Сахарадағы мұсылманшылдық жайында» атты зерттеулері де ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл еңбектерден өз халқын шын жүректен сүйген, оның өмірі мен тарихын жете біліп, көп зерттеген әрі өткен ғасырдың 50-60-жылдардағы қоғамдық ойдың озық дәрежесіне деңгейлесе алған ғалым–Шоқанның бейнесін көреміз, оның нағыз отаншылдық ойсырларын сеземіз.

Өз халқының өткендегі мұрасы мен мәдени қазынасын ерекше қастерлеген Шоқан басқа халықтардың да тарихына, мәдениетіне аса зор ықыласпен, құрметпен қараған. Мәселен, оның «Ыстықкөл сапарының күнделігі» және «Қырғыздар» атты көлемді еңбектері нағыз қырғыз халқына арналған. Алғашқы еңбектің, яғни «Күнделіктің» ғылыми және әдеби маңызы ерекше. Мұнда ғалым өзінің Ыстықкөлге барып қайтқан сапарында алған әсерлерін, табиғат суреттерін береді және көшпелі халықтардың әдет-ғұрыптарымен, экономикалық жағдайларымен таныстырады. Сонымен бірге ол халықтың ауыз әдебиеті жайындағы ой-топшылауларын да қоса анғарып отырады.

Ал екінші көлемді еңбегінде («Қырғыздар») ғалым өзінің байқауларына, фольклорлық аңыз-нұсқаларға және архивтық материалдарға және басқа да деректерге сүйене отырып, қырғыз халқының тарихы мен экономикасы, қолтума сөз өнері жайында зерттеулер жасап, байсалды пікірлер айтты. Тянь-Шань төңірегін мекендеген қырғыздар сол өлкенің автохтондары, яғни ежелгі тұрғындары екенін Шоқан бұлтартпас фактілермен дәлелдеп береді. Сөйтіп, ол Фишер, Клапрот, Левшин сияқты ғалымдардың топшылаулары біржақты екендігін дәлелдеп берді.

Әрине, көшпелі халықтың ежелгі өткеніне үңілу және оның бағзы замандағы тарихын анықтау оңай іс емес. Өйткені «Малмен ғана күн көрген, көшпелі шатырларды тіршілік ететін және өзін садақпен, жақ оғымен қорғайтын бұл халықтар өз болмысынан қандай ескерткіштер қалдыра алмақ? Көшпелі халық молалардан басқа қозғалмас, мызғымас не қалдыра алатын еді?»

Сондықтан да, Шоқан көшпелі халықтардың тарихын зерттеу үшін оның ауыздан ауызға көшіп, ұрпақтан ұрпаққа таралып келген әдеби мұрасының мәнісі ерекше деп білді: «Қырғыз тайпаларының тарихы... өте ежелгі тағдыры бұлыңғырақ мұнарымен бүркенген. Көшпелі халықтардың және жалпы жазу-сызуы жоқ тайпалардың тарихы үшін ең басты негізгі көз – олардың аңыздары мен олармен араласқұралас болған мәдениетті халықтардың шежірелерінен алынған мағлұматтардың үзінділері болды және бола бермек». Сөйтіп, Шоқан қай халық жайында зерттесе де, оның

тарихын, әдебиетін және басқа да мұраларын тұтас қамтып, жан-жақты талдап отырды.

Шоқанның ғылыми еңбектерінің ең күрделілерінің бірі – оның «Алтышардың немесе Қытайдың Нан-лу (Кіші Бұқара) провинциясының шығысындағы алты қаланың хал-жайы туралы» деген зерттеуі. Шығыс Түркістанды мекендеген халықтардың өміріне, тарихы мен географиясына арналған және сол өлкенің әлеуметтік құрылысын сипаттайтын бұл еңбек материалдарының молдығымен, ғылыми талдауларының тереңдігі, жітілігімен ерекшеленеді. Шоқанның өз кезінде замандастары – орыс окымыстылары жоғары бағалаған бұл еңбек ғылыми құндылығын әлі де болса жоғалтқан жоқ.

Шоқан ғылыми-зерттеу жұмыстарымен жүйелі түрде, байыптылықпен шұғылданды. Оның әр саяхатының күнделігінен, жол жазбаларынан материалдарды жинау, екшеп сұрыптау және зерттеу әдісі анық байқалады. Өзі болған өлкелердің барлығында да жергілікті халықтардың тарихын, тілін, сөз өнерін, заттық және рухани мәдениетінің ескерткіштерін жете зерттеумен бірге ол сол өлкенің географиялық табиғи жағдайларына, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне қоса назар аударып отырған. Ол этнографиялық коллекцияларды да көп жинаған. Мәселен, Шоқанның бұрынғы Алмалық қаласының орнынан тапқан этнографиялық коллекцияларын және басқа заттарын, қолжазбаларын Вельяминов-Зернов Ғылым академиясының Азиялық музейіне тапсырады. Бұл еңбегі үшін Шоқанға ерекше алғыс жарияланады.

Атақты геолог И.В.Мушкетов өзінің «Түркістан» деген кітабында Шығыс Түркістанның минерал байлықтары жөніндегі мәліметті ең алғаш Шоқан тапқанын атап көрсетеді.

Шоқанның жазған мақалалары, ғылыми еңбектері, күнделіктері – барлығы да оның ерекше аңғарымпаздығын, байыптылығын көрсетеді. Ол өзінің ғылыми пікірлерінің барлығын да деректі материалдарға, фактілерге негіздеп отырады. Ғылыми жұмыста қолданған әдістері де оның ғылыми-зерттеу ісіне өте тиянақтылығын аңғартады.

Шоқанның ғылыми-зерттеу ісіне мықтап араласуына, оның ой-өрісінің кеңеюіне, нағыз, шын мәнісіндегі ғалым

болып шығуына оның орыс достары ерекше ықпал жасап, зор көмек етті. Олар Шоқанның еңбектерінің сақталуына және басылып шығуына да көп септіктерін тигізді. Бұл ретте Г.Н.Потаниннің, Н.И.Веселовскийдің, П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің және К.К.Гутковскийдің сіңірген еңбегі орасан зор. Шоқанның досы Г.Н.Потаниннің өтінуі бойынша академик Н.И.Веселовский Шоқан еңбектеріне редактор болуды өз міндетіне алады. Ғалымның тұңғыш жинағына берілген алғы сөзде ол бұл жайында былай деп жазды: «Өз жұмыстарымның күрделілігіне қарамастан, мен бұл істен бас тарта алмадым. Өйткені Шығысты зерттеу ғылымының мүддесі үшін де бұл іс сөзсіз пайдалы әрі қажет деп білдім». Бұдан әрі ол Шоқанның ғалымдығын жоғары бағалап, әріптестерінің одан аса зор үміт күткендігін айта келіп, былай деп көрсеткен: «Шоқан Уәлиханов шығысты зерттеу әлемінің үстінен құйрықты жұлдыздай жарқ ете қалды. Орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдарының барлығы да оны ерекше бір құбылыс деп танып, одан түрік халықтарының тағдыры жайында ұлы және маңызды жаңалықтар ашар деп үміт күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз қазасы біздің бұл үмітімізді үзіп кетті».

Бұл – ғалым Шоқанға берілген әділ баға еді. Шоқан тарихшы, географ, этнограф әрі ауыз әдебиетін жинап зерттеуші ретінде көп еңбек етіп, кейінгі ұрпаққа мол мұра қалдырды. Ол – тек өз халқының ғана емес, Орта Азия және Шығыс халықтарының да тарихын, мәдениетін, әдебиетін зерттеуші. Қорыта айтқанда, Шоқан Уәлиханов – қазақ халқының орысша білім алған, алдыңғы қатарлы орыс оқымыстыларымен пікірлес, бағыттас болған шын мәнісіндегі әрі ең тұңғыш ғалымы.

Сонымен бірге, Шоқан Уәлиханов қазақ халқының тарихында өз елінің болашағын дұрыс болжап, патриоттық ой-пікір айтқан, езілушілердің мүддесін қорғаған, өз халқының келешегіне сеніммен қараған тұңғыш демократ, ағартушы да болып табылады.

Бұл ретте Шоқанның демократ ретіндегі қалыптасуына, саяси-әлеуметтік көзқарастарының тереңдеп нығаюына оның орыс достарының және әсіресе өткен ғасырдағы орыстың революцияшыл демократтарының ерекше әсері болғанын атап айту керек.

Жас кезінде Шоқанға өте күшті әсер еткендердің бірі – петрашевшіл ақын С.Ф.Дуров. Ол өз кезіндегі Россиядағы саяси-әлеуметтік құрылысқа, басыбайлылыққа, өлшеусіз қатал тәртіпке барынша қарсы болған адам. Ол әдебиет, искусство мәселелерімен де шұғылданады. Дуров жер аударылып, Омск қаласына келген. Ол Шоқанмен 1855 жылдың көктемінде танысады. Г.Н.Потаниннің мемуарларына қарағанда, Дуров Уәлихановқа өзінің революциялық-ағартушылық ойлары мен пікірлерін мол дарытады. Оның патшалық отаршылықтың кесепаттары мен басыбайлылықтың аяусыз шенеген, өктемдік пен озбырлық дүниесіне қарсы күреске шақырған жалынды идеялары жас Шоқанды қатты еліктіріп қызықтырады.

Өзі қатты әсер алған әрі демократтық, азаттышдық ой-пікірлерін құрметтеген Дуровтың ықпалына Шоқан досы Потанинді де тартуға тырысады. Ол бұл көздегеніне жетеді де. «Мен Дуровпен бір кешті түгел өткіздім, – деп еске алады Г.Н.Потанин, – ол маған күшті әсер етіп, ойымда нағыз төңкеріс жасады. Бұрын бірде-бір адам маған дәл осындай күшті әсер еткен жоқ еді. Басқа адамның сезімін адамгершілікпен, байсалдылықпен қастерлей білуі де менде осы бір адамға деген сенім туғызды. Менің қарсы алдымда жасы қырық бестен асқан, ауру меңдеген шалажансар жан отыр. Тек көзі ғана жанарлы от шашады. Ол маған бәрінен де гөрі Россияның болашағына және адам баласының прогреске деген өзінің сенімімен әсер етті... мен одан Шоқанмен бір пікірлес адам болып қайттым және біздің арамыздағы таластар жойылды». Бұл сөздер Дуровтың Шоқанға да тигізген әсерін жақсы анғартып, қоса танытады.

Шоқанның саяси-әлеуметтік пікірлерінің тереңдеп өрбуіне, әсіресе оның ғылыми қызметінің құлашын кең жайып өсуіне атақты географ-саяхатшы Петр Петрович Семенов-Тянь-Шанскийдің де көп жәрдемі тиеді. Ол Шоқанның ғылыми мұрасының жарыққа шығуы үшін үлкен еңбек сіңіреді.

Орыс достарының ішінде Шоқанмен ұзақ байланыс жасап, рухани жағынан ең жақын болғаны – орыстың ұлы жазушысы Ф.М.Достоевский. Ол Шоқанмен бірге болған кезінде де, айырылысқан жылдарында да оның өзінің

де, халқының да жанашыр жақыны, татаусыз досы болып қалады. Шоқанмен жазысқан хаттарынан оның бұл қасиеті анық анғарылады. Ол Шоқанның ғылыми қызметін, ізденулерін бақылап, оның тағдыры жайында әрдайым ойлана, еске ала жүрген. Тверь қаласында тұрған шағында Достоевский А.Е.Врангельге жолдаған хатында былай деп жазады: «Уәлиханов – аса сүйкімді әрі аса тамаша адам. Ол, сірә, Петербургта ма екен? Мен сізге ол жайында жазып та едім. Ол Географиялық Қоғамның мүшесі. Егер уақыт болса, онда Уәлихановтың жайын біліңізші. Мен оны мейлінше сүйемін және оған аса ерекше көңіл бөлемін».

Осындай татаусыз сезімдерін, достық ойларын ол Шоқанның өзіне жазған хаттарында да терең әрі мол білдіріп отырған. Орыстың ұлы жазушысымен достасып өткізген жылдары – Шоқан өмірінің ең бір мәнді, айқын кезеңі болып табылады.

Міне, Шоқанның жоғарыда аталған достары – онымен тікелей араласқан, бірге істеген, пікірлес болған адамдар. Сондықтан да олар Шоқанның ой-өрісінің кеңеюіне, саяси-әлеуметтік көзқарастарының тереңдеп, демократтық пікірлерінің қалыптасуына көп әсер етті.

Сонымен қатар Шоқанның ең көп үлгі көріп, өнеге алған ұстаздары – негізінен, орыстың өткен ғасырдағы революцияшыл демократтары Белинский, Чернышевский, Добролюбовтардың идеяларымен тереңірек танысады. Сөйтіп, Шоқан Уәлихановтың саяси-әлеуметтік көзқарасының, демократтық пікірлерінің біржола қалыптасып нығаюына әсер еткен негізгі фактор – өткен ғасырдың 50-60-жылдарындағы орыстың азаттық күресті ту еткен озық философиясы және оның тамаша өкілдері Чернышевский мен Добролюбовтың озық идеялары. «Бұл Чернышевский дегеніңіз неткен тамаша адам және орыстан басқа халықтардың да өмірін қандай жақсы біледі десеңізші! Онымен мәслихаттасқаннан кейін мен Россиясыз біз құрып кетеміз, орыстарсыз көретін күніміз – оқу-білімсіз, қыспақта, қараңғылықта қалу, орыстарсыз – біз бар болғаны Азиямыз және онсыз ешкім де бола алмаймыз деген ойға әбден бекіндім. Чернышевский – бұл біздің досымыз».

Орыстың ұлы ойшылы, революцияшыл демократы Чернышевскиймен жүздесіп сөйлескеннен кейін Шоқан

Уәлиханов өз халқының тарихи тағдыры, болашағы жайында осындай ой түйген болатын. Осынау ақиқат жай Шоқанның өз басына, оның ғылыми-творчестволық қызметіне де орайлас. Өйткені ағартушы-демократ, ойшыл ғалым, гуманист ретінде де Шоқан – ең алдымен орыс тәрбиесінің, орыс мәдениетінің жемісі.

Рас, Шоқан орыстың революционер-демократтарының патшалық құрылыска, өктемдік дүниесіне қарсы күреске үндеген азаткерлік идеяларының деңгейіне көтеріле алған жоқ. Бұл ретте белгілі ғалым М.Әуезовтің мынадай пікірін еске алуға болады: «Шоқан Белинскийдің және Герценнің шығармаларымен жақсы таныс болды. Әйтсе де, солардың еңбектерінен ол бұқараны кеңінен аңғарту программасын бәрінен де жақын қабылдады. Бұл орыс ойшылдарының революциялық-демократтық идеяларын кенже қалған қазақ қоғамына қолдану Шоқанға... әлі ерте көрінді». Бұл сөздер Шоқан көзқарастарының күшті де, осал да жақтарын аңғартады.

Қорыта айтқанда, орыстың XIX ғасырдағы ірі-ірі ойшылдарының озық идеяларынан нәр алған Шоқан кезінде өз халқының алдыңғы қатарлы ой-пікірін білдіруші болды. Сөйтіп, ол өз заманының прогресшіл идеялары дәрежесіне көтерілді.

Шоқанның саяси-әлеуметтік көзқарастары, демократизмі оның ғылыми еңбектерінен, мақалаларынан, хаттарынан анық байқалып отырады.

Қазақтың қоғамдық ой-пікірінің тарихында қазақ даласында қанаушы және қаналушы тап барын алғаш рет көріп, ашық айтқан және қараңғылық пен надандықтың түнегіне қамалған, теңсіздік торына түскен бұқара халықтың мұңын жоқтап, мүддесін қорғаған адам Шоқан болды. Бұл – Шоқанның демократтық көзқарастарындағы ең бір түйінді және негізгі мәселе. Бұл оның «Сот реформасы туралы жазба» деген еңбегінен әсіресе айқын танылады.

Осы еңбегінде ол былай деп жазды: «Ал қоғамның ардақты таптарының пікірін халықтың шын мұң-мұқтаждарына мүлдем қайшы келетін пікір деп қарау керек, өйткені мәдениетті қоғамдардың өзінде де атақты, бай адамдардың мүдделері бұқараның, көпшіліктің мүдделеріне көбінесе қарсы болып отырады».

А.Н.Майковқа жазған хатында ол бұл пікірін тереңдете түседі: «Жергілікті сұлтандармен және қарадан шыққан байлармен де келісе алмай жүрмін, өйткені олар өздерінің бұрынғы құлдарын жаман ұстайды, бұл құлдар азат етілгенмен де, қайда барарын білмей, сол бұрынғы қожаларының қолында жүр. Мен оларға еңбекақы төленді және адам сияқты қылып ұстаңдар деп сұлтандар мен байларға талай рет айттым, өйтпесеңдер болмайды деп заңмен де қоркыттым. Оның есесіне мен қазақ даласындағы пролетариатпен қатты доспын және оп-оңай үйлесе кетем».

Шоқан қазақ даласындағы екі жақты қанауды, жергілікті байлар мен патша чиновниктерінің халық мүддесіне қарсы екендігін де көре білді. Ол сот реформасының жобасы ірі байлар мен сұлтандардың, чиновниктердің мүддесін қорғаштайтындығын, сондықтан да халық тілегіне жат екендігін әшкерелей келіп, азаматтық жағынан өсіп-өркендеуінен шексіз үміт күттіріп отырған миллиондаған адамдардың тағдырына, орыстарды өздерінің отандас бауырластары санайтын және оларға өз ықтиярымен қосылған жандардың тағдырына баса назар аударылуын, оларға көбірек қамқорлық жасалуын талап етті.

Сот реформасы жайындағы ой-пікірлері де Шоқанның өз тұрғысынан қарағанда ілгерішіл бағыт ұстағанын байқатады.

«Біздің заманымызда, – деп көрсетті ол, – халықтың мұқтаждықтарына тікелей қатынасы бар экономикалық және әлеуметтік реформалар халық үшін ең маңызды және оған ең тиімді реформалар деп саналады, ал саяси реформалар қажетті экономикалық реформаларды жүргізу құралы ретінде ғана қолданылады. Өйткені әрбір жеке адам болсын және бүкіл адам баласы бірлесіп болсын, өзінің даму жолында түпкілікті бір мақсатты – өзінің тұрмыс жағдайын жақсартуды көздейді, біздің прогресс дейтініміздің өзі де осы болады. Осы тұрғыдан қарағанда, адамның тұрмыс жағдайын жақсартуға себеп болатын реформалар ғана пайдалы да, ал осы мақсатқа жетуге, бір себеппен, кедергі болатын реформалар зиянды болмақ».

Сөйтіп, Шоқан жүргізілейін деп отырған реформаны халық мүддесіне сай болып шығу, шықпауына қарай бағалайды. Ол халықтың тұрмыс жағдайын жақсартып,

прогреске ұмтылдыратын реформалар болуын көздейді. Ал мұндай талапты орындамайтын реформалардың халық мүддесіне жат, зиянды екенін ашықтан-ашық айтты. Шоқанның бұл еңбегінен оның өз тілегін халық мүддесімен, өз арманын халық мұңымен тығыз ұштастыра, байланыстыра білгенін көреміз.

Шоқанның демократтық көзқарасы, езілген шаруалардың мүддесіне ортақтастығы, оның Петербургта болған кезіндегі істерінен, айтқан сөздерінен де байқалады. «Ол өзінің демократтық көзқарастарын ашық айтумен болды». – деп жазады Потанин Шоқанның астанада болған шағын еске алып. Ол бұл жөнінде мынадай бір қызық мысал келтіреді: «Бірде май парады кезінде оның жанында тұрған бір жас князьді сұр киімді біреу қағып кеткенде, ол (князь А.Н.): «Неге тазартпайды бұл жұртты?» – дейді. Шоқан іле-шала оған: «Разиннің жұртты қалай тазартқаны жайында оқымап па едің?» – деп айтып салды.

Бұдан біз Шоқанның орыс шаруаларының патшаға қарсы болған көтерілістеріне көп көңіл бөліп, оған үлкен мән беретінін байқаймыз. Ал дандайсыған, кербезсінген князьге Россиядағы шаруалар көтерілісінің атақты басшы С.Разиннің ісін бетке айтуы Шоқанның саяси-әлеуметтік көзқарасының шыныққандығын көрсетеді.

Өзі билеуші таптың ортасынан шыққанымен, Шоқан қалың бұқараның аяусыз қаналып отырғандығын көре білді, халықтың ой-тілегін, арман-мүддесін қорғады, қазақ даласындағы басқарушылық тәртіптің өзгеруін қалады. Мұның барлығы да Шоқанның демократтығын сипаттай түседі.

Рас, Шоқан, жоғарыда айтылғандай, орыстың өткен ғасырдағы революционер-демократтарының идеяларынан нәр алғанымен, сол ұстаздарының деңгейіне көтеріле алған жоқ. Шоқан дұрыс жасалған әлеуметтік реформалар арқылы немесе оқыған білімді адамдарды басқару орындарына қою арқылы халықтың тұрмысын өзгертуге, жақсартуға болады деп түсінді.

Шоқанның саяси-әлеуметтік көзқарастарындағы мұндай қайшылықтар өзі өмір сүрген кездегі қазақтың саяси-қоғамдық құрылысының мешеулігіне, Қазақстанның тарихи дамуда кенже қалғандығына байланысты еді.

Саяси-әлеуметтік көзқарастарындағы қайшылықтарды былай қойғанда, Шоқан езілушілердің мүддесін қорғады, олардың өмір сүру қалпының өзгеруін қалады. Ол қазақ халқының тұңғыш демократы, озық ойшылы болып саналады.

Туған халқын шын жүректен сүйген Шоқан өз елінің келешегі ұлы орыс халқымен, Россиямен бірге болуына байланысты екенін терең түсінді. Шоқан қайтыс болғанда жарияланған некрологта оның жолдастары былай деп жазды: «Уәлиханов өз еліне жан-тәнімен берілген еді, ол қазақ өмірін сүйетін, сонымен бірге ол батыс цивилизациясын жоғары бағалай алды. Ол өз халқының жарқын болашағы Россияның қамқорлығына ғана байланысты екенін қиядан болжады».

Шоқанның орыс және қазақ халықтарының арасындағы достық қарым-қатынастар туралы пікірлерінің ең бір құндылығы сол – ол қазақ халқы өзінің бар үміті мен арманын болашақтан күтетіндігін және осы ретте орыстармен жақын болуды қалайтындығын ашық айтты. «Ақырында, мұның бәрінен маңыздысы сол – біздің қоғамдық өркендеу формаларымыз жоғарғы, мәдениеті дамудың нәтижелерімен көбірек ұқсас келетін жасанды емес дәрежеде тұр. Біздің болашақтан күтер үмітіміздің бәрі де осыған негізделеді... Оның үстіне біз орыстармен тарихи жағынан да тығыз байланыстымыз», – деп жазады Шоқан.

Сөйтіп, орыс және қазақ халықтарының арасындағы достық – тарихи достық екендігін және олардың тағдырларының, өмірлік мүдделерінің тұтастығынан келіп туатындығын Шоқан дұрыс түсінді. Екі халықтың арасындағы айнымас, берік достықтың тарихи сипатын көре білетін Шоқан оның келешекте де нығая беретіндігіне кәміл сенді.

Қазақ халқының орыстармен достығын аңсаған, орыстың прогресшіл мәдениетінен үлгі алуды, үйренуді мақсат еткен Шоқан бұл игі іске бөгет болушылардың барлығына да барынша қарсы болды. Осы ретте ислам дінінің зарарлы сипатын аяусыз әшкерелеген Шоқан патша чиновниктерінің қазақ халқын бұратана деп санап, оларды орыстардан алыстатып, араларына араздық отын тұтатпақ болған зымияндық саясатына да мейлінше наразы болды. А.Н.Майковқа жазған хатында Шоқан мұны ашық айтады: «Сібір үкіметіне

қалай қарайтындығымды сіз, тегі, Федор Михайловичтен естіген боларсыз, мен оған Сібір үкіметінің маған бұратана ретінде қарауына байланысты болған бір уақиғаның жайын жазғанмын. Сібірде бұратана халықтарға тек ит қосып талатпайды демесеңіз, одан басқаның бәрін істейді.

Міне, менің жайым осындай, сүйікті Аполлон Николаевич. Өте жайсыз... Ештеңе өнбесе де, қарсыласа берген жөн».

Сөйтіп, Шоқан Уәлиханов қазақ және орыс халықтарының арасындағы тарихи достықты аса жоғары бағалады және сол достықтың болашағына үлкен үміт, зор сеніммен қарады. Ол қазақ халқының қоғамдық ой-пікірінің даму тарихында екі халықтың – орыс және қазақ халықтарының арасындағы достықтың тұңғыш жаршысы болды. Шоқанның ағартушылық-демократтық қызметінің тарихи құндылығы оның ислам дінінің керітартпалығын, зарарлы кесапатын аяусыз әшкерелеп, соның улы зардаптарына қарсы аянбастан, бітіспес күреске шыққандығына да байланысты.

Ол ислам дінінің кеселдерін сынауды сол кездегі Шығыстың мешеулігіне мінеумен ұштастырды. Жоғарыда айтылғандай, Шоқан Орта Азия халықтарының, Шығыс елдерінің тарихы мен саяси-қоғамдық құрылыстарын да зерттеді. Орта Азияға жасаған саяхаттарында көзімен көргендеріне және жинаған материалдарына сүйене отырып, ол Шығыс туралы көптеген құнды пікірлер айтты. Шоқан Шығыс және Орта Азия елдерінің шаруашылық-экономикалық әрі мәдениет жағынан артта қалғандығын және сол елдердің алға басуына қырсығын тигізіп отырған кеселдерді аяусыз сынады. Ол мәдениет пен прогрестен аулақтанған рухани тоқырауға әсіресе батыл қарсы шықты.

«Орта Азия билеушілері қазір өздерінің ата-бабаларындай мемуарлар мен өлең жазбайды, астрономиялық кестелер жасамайды. Бірақ олар күн сайын сән-салтанатпен мешітке барады және сонда молдалармен мүлгіп әңгімелеседі де отырады», – деп жазды Шоқан өзінің «Жоңғария очерктерінде».

Шоқан Орта Азия елдерінің артта қалуына себепкер болған, кеселін тигізген жағдай феодалдық-монархиялық тәртіп пен ислам діні екенін дұрыс түсінді. Сондықтан да Шоқан керітартпалыққа ұрындырып, дамуға кесел жасап отырған ислам дінін қатал сынға алды.

Бұл мәселеде де Шоқан XIX ғасырдағы орыс материалистерінің көзқарастарына жақын келіп отырды. Ол жалпы дін атаулының прогреске бөгет болатынын, ғылым мен мәдениеттің дамуына кесел жасайтынын, әсіресе ислам дінінің реакциялық сипатын ашық айтты. Ол тоқырау мен құлдыраудың құралы болған, халықтың басын айналдырып, санасын улаған дінді ортағасырлық идеология деп санады.

Ислам дінінің ең қауіпті және зиянды жағы Шығыс халықтарын Россиядан, орыс мәдениетінен ажыратып, бөліп тастауда екенін Шоқан аскан көрегендікпен айтты: «Мұсылманшылық әзірге біздің қанымызға араласып, бойымызға сіңіп кете қойған жоқ. Бірақ ол келешекте халықты ыдырату қаупін туғызады» – деп жазды Шоқан «Сахарадағы мұсылманшылық жайында» деген мақаласында.

Бұдан әрі ол балғын да ұғымтал қазақ халқына мұсылманшылық өлі схоластикадан басқа ештеңе бермейтінін айта келіп, сонымен бірге үкіметтен өнер-білім біткеннің қас жауы – дінге қамқорлық жасамауды және ұрып-соғу мен қорқыту, үркітуге негізделген теологиялық заңдарды қазақ сахарасына зорлап енгізбеуді талап етті.

Шоқанның ислам дініне, оның қараңғы халық арасындағы зардаптарына қарсы күресі, түптеп келгенде, оның ағартушылық идеяларына келіп саяды. Ол халықты қараңғылық пен надандық торында тұншықтырған діни татар мектептерін құртып, молдаларды қуып жіберуді және олардың орнына орысша оқытатын мектептер ашуды қажет деп санады.

«Жалпы айтқанда, – деп жазады Шоқан жоғарыда айтқан мақаласында, – Европа цивилизациясына жету жолында қазақ халқының алдында, орыстардың Византия дәуірін басынан кешіргені тәрізді, татар дәуірін бастан кешіру сияқты қатерлі белес тұр. Византияшылдық қаншама сұрқиялық бола тұрса да ол қалай дегенмен де талассыз ағартушылық белгісі бар христиан дінін әкеліп енгізіп еді. Ал ақыл-парасаты тың, ұғымтал қазақ халқы бұл татар ағартушылығынан ақыл-ой мен сезімнің өркендеуіне тоскауыл ғана бола алатын өлексе схоластикадан басқа не күтуге болады. Біз қалайда болса татар дәуіріне соқпай өтуіміз керек, ал үкімет бұл жөнінде бізге жәрдемдесу керек. Суға кетіп бара жатқан адамды құтқару бізге қаншалықты зор бо-

рыш болса, бұл да оған зор борыш болып табылады. Мұндай адамгершілік жұмысты жүзеге асыру үшін ең алдымен тек молдалар мен ислам идеяларын қолдауды қою керек, сөйтіп қазақ округтарында татар мектептерінің орнына орыс мектептерін ашу керек».

Өзі бекем ұстанған және жүзеге асыру жолында күрескен осы идеясын Шоқан «Сот реформасы туралы жазба» деген еңбегінде бұдан да гөрі өрбіте, тереңдете түсті.

Сөйтіп, Шоқан қазақ даласына ислам дінінің таралуына, оны уағыздайтын қожа-молдалардың қастандық, керітартпалық әрекеттеріне барынша қарсы тұрды. Ол қазақтарды орысша оқыту керектігін және бұл үшін мектептер ашу қажеттігін айтты. Осы идеясынан ол еш уақыт танған жоқ және өмірінің ақтық кезіне дейін сол мақсаты жолында күресті. Туған халқының мәдениетті, білімдар ел болуын аңсаған қазақтың тұңғыш ағартушысы Шоқанның ең ізгі, аяулы армандарының бірі осындай болатын.

Шоқанның мол ғылыми мұрасының ең негізгі бір саласы оның әдебиетші-зерттеуші ретіндегі еңбегіне байланысты. Шоқанның ғылыми қызметінің осы бір қыры әлі күнге дейін терең зерттеліп, толық ашылған жоқ. Бұл ретте болашақта да әлі көп жұмыстар жасалуы қажет екендігі күмәнсіз.

Шоқанның әдебиетке байланысты еңбектерін, негізінен алғанда, екі салаға бөлуге болады. Біріншісі – халықтың ауыз әдебиеті нұсқаларын жинауы, екінші – сол жинаған материалдарына талдау жасап, ғылыми пікірлер айтуы.

Тіпті бала күнінде, кейін кадет корпусында оқып жүрген кезінде де Шоқан халықтың ертегілерін, аңыз-әңгімелерін жинай жүреді. Оның ауыз әдебиеті мұраларын көп білгендігі және оны аса жоғары бағалағандығы саяхаттарда жүргендегі күнделіктерінен анық көрінеді. Мәселен, «Ыстыккөл сапарының күнделігі» атты еңбегінің «Аякөз өлкесінің Найман руы жайында» деген тарауында Шоқан былай деп жазады: «Мен Аякөзді сүйемін және оны таң-тамаша көремін. Бәлкім, бұған бір кезде осы өзеннің бойында болған сұлу Баянның алтын айдарлы Қозы Көрпешке ғашықтығы жайындағы тамаша аңыздың да әсері аз емес шығар». Осы еңбегінде ол қазақ және қырғыз халықтарының арасындағы әдеби байланыстар жайында да көптеген қызықты пікірлер туралы айтады.

Шоқанның ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаумен шұғылдануы ерте болғанмен, ал зерттеуші ретінде ол өткен ғасырдың елуінші жылдарының бас кезінде қалыптасты. Халық әдебиетін жоғары бағалауда, оны халықтың тарихи тағдырының шежіресі ретінде түсінуде Шоқан орыс әдебиет сынының классиктері Чернышевский және Добролюбовпен үндес келіп отырады.

Ол ауыз әдебиетінің әр алуан нұсқаларын өз халқының рухани мәдениетінің аса бай көрінісі деп білді және сондықтан да сол үлгілермен басқа халықтарды таныстыруға тырысты.

Шоқан қазақ халқының ауыз әдебиеті мұраларын жинап, тексере жүріп, олар славян халықтарының, әсіресе орыстардың ауыз әдебиетімен жақын, байланысты деген қорытындыға келді. Мәселен, өзінің «Жоңғария очерктерінде» Шоқан қазақтың ауыз әдебиетінің орыс халық поэзиясымен байланыстылығын және мұндай жақындық екі халықтың тарихи тағдырларының бірегейлігінен туғандығын ашып көрсетті.

«Көп уақыттан бері қазақтың ертегілерін, мифтерін, эпикалық жырлары мен аңыздарын жинаумен шұғылдана жүріп, мен олардың Еуропа халықтарындағы, әсіресе славяндардағы осы тектес шығармалармен бірсарындастығына қайран қалдым», – деп жазады Шоқан.

Екі халық әдебиетіндегі мұндай ұқсастық олардың тарихи тағдырларының тұтастығынан туатындығын Шоқан орыстың А.Афанасьев жинаған халық ертегілері мен қазақ ертегілерін салыстыра отырып та көрсетті. Шоқан орыстың мақал-мәтелдерінің қазақ арасына көп тарап кеткендігін атап көрсетті: «Қазақтарға көбіне біздің орыс мақалдары ұнайды және олар жүрегіне ұялаған мақалды жаттап алуға тырысып бағады. Сөйтіп оны өз мақалындай көріп, ауылдастарына айтуға асығады».

Халықтардың өзара әдеби алмасулары жайындағы пікірлерінен Шоқанның нағыз ғылыми принцип ұстанғанын көреміз. Ол әр халықтың өзіндік мұрасын, ерекшелігін айыра білуді қажетті шарт етеді: «Онан соң қоныс жағынан көршілес және тілдері ұқсас болғандықтан, поэзиялық аңыздар бір халықтан екінші халыққа оңай ауысып отыратындығын айта кету керек. Сондықтан оларды жақсылап айыра білу

қажет. Ходько мырза Едігенің үзінділерін түркпендерден естіпті, бірақ түркпендер оны қазақтардан немесе ноғайлардан алған болу керек. Сол сиякты түркпендердің үздік шыққан қаракшысы Көрұғлыны қазақ жыршылары да жақсы біледі. Азияда кең өріс алып кеткен аңыздар мен ертегілер, өлең жырлар мен поэмалар өте көп».

Мұндай алмасудың, ұқсастықтың себебі белгілі бір халықтың мәдени дәрежесінің төмендігінде, өз әдебиетінің кедейлігінде емес, қайта сол халықтардың тіршілік жағдайларының, дүние танушылықтарының жақындығында деген қорытынды жасайды Шоқан.

Осы пікірін дамыта келіп, ол былай деп көрсетеді: «Академик Кастрен Лапландияда және карельдерден Одиссеядағы жалғыз көзді Полифем туралы ертегіні естіпті. Бұл ертек қазақ даласында да бар. Жалғыз көзді Дәу, Алып деп, адам жейтін жалмауыз деп айтады, ал Одиссеяның орнына қазақтар ержүрек Батырханды келтіреді».

Мұнда Шоқан карельдердің немесе қазақтардың бұл сюжетті ежелгі грек әдебиетінен ауысып алмағанын, қайта олардың өзінде осы іспетті аңыз, мифтік бейнелер болғанын аңғартады.

Өмірдің өзара ұқсас шындығы әдебиетте де тақырып, сюжет ұқсастығын туғызатындығын Шоқан қазақ және араб поэзиясын салыстыра отырып та айтады: «Дала өмірін жырлаған поэзия болғандықтан, бұл екі елдің поэзиясы бірбіріне өте көп ұқсас: екеуінің де сюжеті дала өмірі тәрізді үнемі біркелкі болып келеді. Екеуінде де көшпелі тұрмыс, сұлу табиғат, рулардың қарым-қатынасы, талас-тартысы суреттеледі». Сонымен бірге ол қазақ поэзиясының саф сұлулығын, тіл тазалығын арнайы атап көрсетеді. «Түрік тілдерінің ішіндегі ең тамашасы қазақ өлеңдерінің нақысы деуге болады. Онда араб тіліндегідей жасама, бояма сөздер жоқ, таза тіл».

Шоқан көшпелі халықтарда өлеңді суырып айтқыштық, импровизаторлық өнер ерекше дамып жетілгендігіне де назар аударады: «Көшпелі елдердің қай-қайсысының болсын бір өзгешелігі – олар өлең, жырға бай, шебер келеді. Бедуиндердің ақын келетіндігі Европа халықтарына әбден мәлім. Арабия даласын кезгендердің бәрі жалаңаш жүрген

жас балалардың өзіне берілген сұраулардың бәріне қисынды, ұйқасты өлеңмен жауап қайтарғанын айтып, ауыздарының суы құриды. Моңғол, түрік тектес рулар да дәл осындай». Бұдан кейін ол бұл халықтарда осы импровизаторлық өнердің мұншалықты дамып өсуінің сырын ашуға да тырысады: «Мұндай қасиеттердің болуына көшпелілердің алаңсыз көшпелі өмірі әсер етті ме, болмаса ұшы-қиыры жоқ жасыл дала мен моншақтай тізілген жұлдызы көп ашық аспанды сұлу табиғат әсер етті ме – ол әзір біздерге мәлімсіз».

Шоқанның әдебиет жайындағы еңбектері мен зерттеулерінде осындай кең әдеби салыстырулар жиі ұшырасып отырады. Бұл оның құлашының кеңдігін, асқан білімдарлығын да байқатады. Шығыс халықтарының тілін жақсы игерген Шоқан олардың әдебиеттерін де терең білген. Сондықтан да ол туған халқының әдебиетін басқа халықтардың әдебиеттерімен қатар қоя, салыстыра отырып зерттеуге тырысты. Сонымен бірге ол қазақ халқының заттық және рухани мәдениетінің, әсіресе сөз өнерінің нағыз қолтумалық, өзінің қасиеті мен ерекшеліктерін де әрдайым мақтаныш сезімімен атап көрсетіп отырды. Өлең халықтың рухани серігі болып келгенін, сондықтан да оның өмірінде поэзия ерекше орын алатындығын аңдатып Шоқан былай деп жазды: «Бұл халықтың ертеден өзіне тән тұрмысында естерінде қалдырмаған бірде-бір маңызды оқиғасы, бірде-бір тамаша адамы жоқ деуге болады. Олардың бірін суырыпсалма ақындар не жыршылар жыр етті, енді біреулерінің атын ұрпақтарының естерінде ұмытылмастай етіп қандай да болсын бір белгілі сыбызғышы не қобызшы музыканттар мәңгі өлместей мұра ғып тастап кетті».

Поэзия – қазақ халқының зор рухани қазынасы екендігін терең түсінген Шоқан оны аса жоғары бағалады: «Тарихи жағынан алғанда қазақ халқының поэзиялық рухы тамаша: 1) неге десеңіз, ескі замандағы батырлар жорығын баяндаған поэзия бізге төл қалпында жетіп отыр. 2) әр уақытта жасаған әртүрлі ақындар бұл жырларға үлесін қосып тұтасқанда қымбат қазына тастап кеткен».

Шоқан поэзияны тек көркемдік мұра ретінде ғана жоғары бағалап қойған жоқ, сонымен қатар оны халықтың тарихи тағдырының шежіресі, оның басынан кешірген оқиғаларының шынайы елестері деп те білді. Орыс халқы-

ның революцияшыл-демократтары Чернышевский мен Добролюбов секілді, Шоқан Уәлиханов та ауыз әдебиетінің өмір танытушылық күшін жоғары бағалады, онда халықтың арман-тілегі, ой-сезімі шындық шеңберінде әрі көркем бейнеленетіндігін ашып көрсетті. Ол өзі жинап зерттеген әдеби мұра нұсқаларының тарихи мәніне ерекше назар аударды.

Ғалым өткен замандардағы тарихи адамдардың аттарына байланысты туған және солардың тағдырын, іс-әрекеттерін бейнелейтін шығармаларға аса зор көңіл бөлді. Бұл оның «XVIII ғасырдағы батырлар жайындағы тарихи аңыздар» деген мақаласынан әсіресе анық көрінеді. Мұнда Шоқан Абылайдың және оның батырларының басынан кешкен оқиғалары туралы аңыздарды мысалға келтіреді. Ол Абылайдың өз басын және кейбір жортуылшы батырларын мадақтаудан, көтере дәріптеуден аулақ. Қайта ол халық аңыздарындағы соларға байланысты сыншылдық сарындарды сақтап, сол күйінде беруге тырысады. Мәсслен, Шоқан келтірген аңыздардың ішінде Абылай ханның Ұлы жүздің бір ауылын жазықсыз шауып алмақ болғанын, оның баласы Уәлидің тентектігі мен теріс мінезінен қазақтар мен қалмақтар арасында кантөгіс соғыс туып кеткенін, башқұрттан шыққан Есет батырдың Абылайды өңгеріп әкеткенін, сондай-ақ Абылай мен оның атақты батыры Жәнібек жаудан қорқып қашканда, Байғозы тәрізді жас батыр ноян ерлік жасағанын, Оразымбет, Елшібек сияқты халықтан шыққан батырлардың өжеттігін, тапқырлығын көрсететін аңыздар бар.

Бұл айтылғандар, сөз жоқ, өткендегі батырлар жайындағы тарихи аңыздардағы халықтық сарындарды Шоқанның өзі де қостайтындығын анық байқатады.

Шоқан тарихи аңыздармен бірге эпостық жырларға да мол назар аударған. Ол әсіресе ноғайлы дәуіріндегі оқиғаларға байланысты туған эпостық жырларды жинап зерттеген. Мұны жоғарыда келтірілген А.Н.Майковқа арнаған хатында Шоқанның өзі де атап көрсетеді. Шоқанның ойынша, қазақтың мұндай эпостық жырлары Алтын Орда батырларының жағдайын баяндап қана қоймайды, сонымен бірге сол орданың тарихына жаңа көзқарас танытады әр орданың құлау себептерін де ашып береді.

Шоқан қазақтың эпостық жырларын олардың тарихи шындықпен, белгілі бір дәуірдің оқиғаларымен байланыстылығы тұрғысынан қарап бағалаумен қатар ол жырлардың көркемдік қасиетіне де ерекше назар аударған. Мәселен, «Ер Көкше мен Ер Қосай» жырына талдау бере келіп, ол былай деп жазады: «Маған қазақтардың арасында тағы бір-екі жыр мәлім. Біреуі «Ер Көкше мен Ер Қосай» деп аталады. Онда уақ руынан шыққан Ер Көкше, оның баласы Қосайдың күшті ру Қыпшаққа қарсы соғыстағы ерлігі суреттеледі. Бұл жырдың тарихи жағынан қызықты ешнәрсесі жоқ, онда қатысушы қаһармандардың аттары да мәлім емес. Бірақ өлеңдері көркем, дыбыс әуезділігі күшті жыр оқиғасы басынан аяғына дейін қызықтырып отырады. Әсіресе, көңіл аударарлық бір жері: бірінші бөлімінде бас қаһармен жеңіліске ұшырап, жаралы халде жау қолынан өлуі деуге болады. Соңынан Көкшенің ұлы Ер Қосай Қыпшақтардан әкесінің кегін алады. Бұл жырда өткен дәуірде дала жауынгерлерінің барлық стратегиясы мен тактикасы толық баяндалады».

Сөйтіп, Шоқан эпостық жырларды жан-жақты қамтып, терең де жете талдауға тырысты. Сонымен бірге оның кейбір эпостық жырды зерттеп бағалауды жаңсақтық басқан мезеттері де бар.

Шоқанның әдебиет туралы пікірлері оның жоғарыда аталған «Қазақ арасындағы бақсылықтың қалдықтары» деген еңбегінде де ұшырасып отырады. Мұнда ол шамандық аңыздарда ислам дініндегідей мифологиялық адасулар жоқтығын және мұның өзі қоғамдық жайларға, қоғамдық заңдарға кең өріс беретіндігін атап көрсете келіп, былай деп жазды: «Ислам дінінде өлімнен қашу күнә болып саналатын болса, өлімнен, ажалдан қашушылық шаман дініндегі халықтардың ертегілері мен аңыздарының бір негізгі арқауы болып есептеледі. Қазақ бақсыларының тұңғыш бақсысы Қорқыт туралы айтатын бір аңызы бар: оларды қобыз тартып, сарын салуға сол үйреткен. Тіпті мұсылманшылыққа көбірек бой ұрған түрікпендерде Көрұғлы аз уақытқа болса да бой тасалап қашады. Сондықтан өлім жөніндегі көктің құдіреті шаман діниндегілердің ұғымы бойынша тағдырға жақын бола тұрса да, олар оған бағынбай, одан қалай болса да қашып құтылуға тырысқан, сөйтіп...Мұхамбет

діниндегілердің тағдыр дейтініне бас игендей бағына бермеген». Бұл пікіріне дәлел ретінде ол «Өлі мен тірі және олардың достығы туралы аңызды» мысалға келтіріп, соның желісін баяндап береді. Осы еңбегінде ол қазақтардың космологиялық ұғымдарына байланысты туған аңыздарды мол келтіреді және солардың кейбірін моңғолдардың аңыздарымен салыстырады.

Халықтың сөз өнері туралы аяқталмаған мақаласында Шоқан жыршы ақындардың жайына да тоқталады. Ол импровизатор ақындарды екі топқа бөледі. Байлар мен билерге жарамсақтанып, жанын жалдап, тілін безеген ақындар барын айтты. Шоқан байлар мен билерді дәріптейтін ақындардың ұсақ-түйекке құнын сататындығын айта келіп былай дейді: «...Мұндай ақынның өз бағыты, өзіндік қасиет сезімі жоқ, ол өзінің ақындығын көрінген байға жағымпазануға жұмсайды. Оның сондағы көздеген мақсаты бір жапырақ қызыл шұға және сол сиякты бірдене алу. Байды мақтау үшін ол оны жапырағы жайылған терекке, қарағайға теңейді... Қайыршыдай киінген онда рух асқақтығы және тәкаппарлық жоқ... Ол өзінің дарындылығын қандай сұлтандардан болса да асып түсетін қасиет деп қарамайды. Қайта дарындылық өз бойына ат-шапан табу үшін біткен өнер деп қарайды».

Ал осындай байларды жақтайтын мүләйім, бейшара ақындарға Шоқан халықтың мүддесін жырлаған ақындарды қарама-қарсы қояды. Мұндай ақындар жөнінде Шоқан: «Олар халық арасында зор құрметтеледі және өздерінің суырыпсалма жырларын қазақтың ойын-сауықтарында, ас беретін уақыттарында, ат шабыстырған той-жиындарда айтады», – деп бағалайды.

Шоқан өзі жоғары тұтқан осындай халық ақындарының шығармаларын жинаумен әсіресе көп шұғылданды. Г.Н.Потанин өзінің естелігінде Шоқанның атақты Жанақ ақын жайында көп мағлұмат жинағанын айтады. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бір вариантын Шоқан сол Жанақ ақыннан жазып алған. Ол Жанақ ақынның шыққан тегі, өскен ортасы, импровизаторлық өнері жайында айта келіп, оның дәстүрлері кейінгі ақындарға үлгі екендігін де көрсетеді: «Жыр үлгісіндегі өлең және өленді қобызбен айту даңқты импровизатор Жанақ жыршы өлгеннен кейін салт-

тан шыға бастады. Қазіргі импровизатор ақындар оның жыр үлгісін және импровизациясын... қайталайды. Оның өлеңін, айтыс үлгісін казіргі қарауылдың Орынбайы, соқыр Шөже ақындар дамытып отыр. Бірақ кейінгі ақындар негізінен екі шекті домбырамен айтады».

Сөйтіп, өз кезегінде импровизатор ақындардың, жыршылардың шығармаларын салыстыра зерттей отырып, Шоқан қазақ әдебиетінде екі түрлі бағыт барын тұңғыш рет айтты және халықтық бағыттағы әдебиетті аса жоғары бағалады.

Шоқан қазақтың ауыз әдебиеті мұраларын жинап бастырып, оларға талдау жасаумен бірге теориялық пікірлер айтуға да талпынды. Ол қазақтың поэзиясын: өлең, жыр, жоқтау, қара өлең, қайым өлең деп бес жүйеге бөледі. Бұл ретте ол қазақ өлеңі құрылысының өзіндік ішкі ерекшеліктерін ескермей, оның кейбір сырткы белгілерін ғана негізге алады. Бірақ проф. Қ.Жұмалиевтің дұрыс атап көрсеткеніндей, «Әдебиет теориясымен байланысты пікіріндегі кейбір кемшіліктері үшін біз Шоқанды кінәлай алмаймыз. Өйткені Шоқан әдебиеттің теориялық мәселелерін жеке мәселе етіп, оны зерттеуді мақсат етіп қоймаған. Бұл жөніндегі пікірлері көбіне басқа мәселелермен байланысты, сөз арасында айтылған өзінің алғашқы бақылаулары ғана деуге болады.

Бірақ аз да болса Шоқанның ол жөнінде пікір айту фактісінің өзі бүгінгі біздер үшін өте керек. Өйткені XIX ғасырдың бас кезінде қазақта қандай өлеңнің түрлері бар екендігі жөнінде өз кезінің оқымысты адамының бақылаулары қазіргі зерттеушілер үшін құнды мәлімет болып есептелінеді».

Шоқанның поэзияны, ақындар мен жыршылардың өнерін жоғары бағалағаны оның замандастарының естеліктерінен де анық байқалады. Мысалы, И.Ибрагимов өзінің естелігінде Шоқанның Петербургтен туып-өскен ауылына қайтып оралған сапарын, сағынған ата-анасымен қалай қауышқанын айта келіп, одан әрі Шоқанның Орынбай ақынның жырын қалай тыңдағанын бейнелейді. «Көп кешікпей Шоқан өзіне тігілген отауға барды, – деп жазады И.Ибрагимов, – оның отауының жанында қазақтың белгілі суырыпсалма жыршысы Орынбай отыр. Қолында домбыра. Алқа-қотан отырған жұрт...

Шоқан жыршыға қазақ тіліне татар сөздерін араластырма, татар тілінен қазақ тілі әлдеқайда шешен, өтімді дегенді айтты.

Қазақтардың ән-жырын, ертегілерін Шоқан ұзақ кештер бойына тапжылмастан тыңдаушы еді. Таңертең кеш тұратын. Шай ішпей, қымыз ішетін».

Өз халқын, оның сөз өнерін аса қадір тұтқан Шоқан халықтың жақсы салты мен ғұрпын да жоғары бағалаған. Осы орайда Ибрагимов Шоқанның бір ауылдағы «қызой-нақта» болғанын соншалықты тартымды, әсерлі суреттейді.

Шоқан туысқан қырғыз халқының әдебиеті жайында да көптеген құнды пікірлер, байсалды топшылаулар айтты. Ол «Қырғыздар» атты көлемді зерттеуінің «Қолтума сөз өнері» деген тарауында қырғыз халқының ауыз әдебиетін үш жікке бөледі: 1) ертегілер, 2) эпостық жырлар (батырлық сағалар), 3) өлеңдер. Соңғы топқа ойын-тойда айтылатын өлеңдер мен тұрмыс-салт жырлары жатады.

Қырғыз халқының атақты эпосы «Манасты» алғаш рет қағаз бетіне түсіріп, ол жайында тұңғыш рет пікір айтқан да Шоқан. «Манас» жайында Шоқан өзінің «Жоңғария очерктерінде», «Ыстықкөл сапарының күнделігінде» және жоғарыда аталған «Қырғыздар» атты көлемді еңбегінде бірнеше рет қайталап оралады.

Ғалым «Манасты» тұтас бір халықтың энциклопедиясы деп талдай келіп, оны сахара «Иллиадасы» ретінде бағалайды. Шоқан «Манас» эпосына жалпы сипаттама берумен ғана шектеліп қоймай, оның басты кейіпкерлерінің образдарына талдау да жасайды. Эпостағы баяндалатын оқиғаларға қырғыздармен бірге басқа да бірсыпыра халықтар араласатындығын және мұның тарихи себептерін де өз назарынан қағас қалдырмай байсалды түрде ашып береді.

«Манас» эпосының «Көкетай ханның өлімі және оған берілген ас» деген тарауын Шоқан орыс тіліне аударады. Бұл аудармасынан да оның қырғыз эпосының ерекшеліктерін жіті аңғарып, жете игергені және халықтың қалың бұқарасына іш тартып отыратындығы анық байқалады.

Жалпы алғанда, қырғыз әдебиетінің әр алуан нұсқаларын жинап зерттеуі, олар жайында ой-пікірлер айтуы – Шоқанның ғалым ретіндегі ізденістерін ғана аңдатып қоймайды, со-

нымен бірге оның туысқан қырғыз халқына деген татаусыз ықыласын, шын пейілін де қоса танытады.

Қорыта айтқанда, Шоқан қазақ халқының ауыз әдебиеті мұраларын жинады және оларды басқа елдердің әдебиеттерімен, әсіресе орыстың ауыз әдебиетімен байланыстыра, ғылыми негізге сүйене отырып, демократиялық принциптер тұрғысынан қарап терең талдады. Сөйтіп, Шоқан қазақ халқының ауыз әдебиеті туралы ғылымның негізін салушы болды.

Шоқан шын мәнісіндегі көркем шығармалар жазған жоқ. Бірақ ғалымның толып жатқан зерттеу еңбектерінен, әсіресе саяхаттарының күнделіктерінен олардағы табиғат суреттерінен оның тілінің молдығы, суреттілігі айқын көрініп отырады. Бұл ретте Г.Н.Потаниннің: «Қазақтан оқушысы болғанда, Шоқан өз халқының данышпаны болатын еді, өз халқы әдебиетінің өркендеуіне негіз салған болар еді», – деген пікірі орынды да әділ екендігі даусыз.

Шоқанның бізге қалған мұрасының өзгеше әрі едәуір бөлігін оның орыс достарымен жазысқан хаттары құрайды.

Қазақ ғалымының Ф.М.Достоевскийге, А.Н.Майковқа, Н.К.Гутковскийге, Г.А.Колпаковскийге жазған хаттарынан оның әлеуметтік көзқарастары, ой-армандары, рухани келбеті, гуманизмі әсіресе анық танылады. Сонымен бірге бұл хаттардан Шоқанның өткен ғасырдың 60-жылдарындағы Россияның саяси-әлеуметтік өміріндегі озық көзқарастарымен таныс болғаны және соларды өзінің де бекем ұстанғаны байқалады.

Орыстың ұлы жазушысы Ф.М.Достоевскиймен достық қарым-қатынаста өткізген шағы – Шоқан өмірінің ең бір жарқын кезеңі екені жоғарыда айтылды. Бұған ең алдымен олардың өзара жазысқан хаттары анық айғақ.

Бұл хаттардан Шоқан мен Достоевкийдің бірін-бірі аса қатты қадір тұтқаны көрінеді, олардың шын, таза пейілі сезіледі. Шоқан орыс досына өзінің хал-жайын, көңіл сырларын айтып, ақыл-кеңес сұрайды. Оның бұл сұрағына Ф.М.Достоевский зор сезімталдықпен жауап береді: «...Сіз мені жақсы көрем деп жазыпсыз. Ендеше, мен туралап-ақ айтайын, мен сізді жанымдай жақсы көремін. Мен сізді жақсы көргендей ешуақытта да, ешкімді де, керек десе туған

аға-інімді де жақсы көрген емеспін... Сіз менен өзіңіздің қызметіңіз жөнінде және жалпы жағдай жөнінде ақыл сұрайсыз. Менің ойымша: істеп жүрген жұмыстарыңызды тастай көрмеңіз. Сіздің материалдарыңыз көп. Қазақ даласы жөнінде мақала жазыңыз... Қазақ даласының не екенін, оның маңызын және өз халқыңыздың Россияға қандай қатысы бар екенін Россия халқына түсіндіріп беруші ең бірінші қазақ болу дегеннің өзі нағыз ұлы мақсат емес пе, ең ардақты іс емес пе, оның бер жағында орыстар арасында өз Отаныңыздың ағарту жолындағы іздеушісі болуыңыздың өзі қандай игілікті іс. Еуропаша толық білім алған ең бірінші қазақ екеніңіз есіңізде болсын. Оның үстіне тағдыр сізге адамгершілік қасиеттер беріп, Сізді аскан тамаша адам етіп шығарды».

Достоевский мен Шоқанның арасындағы достық қарым-қатынастар бірнеше жылға созылған. Орыс жазушысы қазақтың тұңғыш ғалымының ғылыми қызметіне көңіл бөліп, қадағалап отырған.

Сондай-ақ, 1861 жылғы реформадан кейін Достоевский патшалық құрылысқа қарсы күрес идеясынан бас тартып, мистицизмге ауытқығанда Шоқанның оған сын көзімен қарағанын атап айту керек. А.Н.Майковқа жазған хатында ол былай деп жазады: «Енді сіздер туралы, Петербург туралы, менің Петербургтық достарым жайында сөйлеселік. Достоевскийлер не істеп жүр? Өздері хатты сирек жазатын болып кетті, оған шынын айтқанда өзім де кінәлімін, өйткені жауапты сирек қайтарамын. Олардың журналының халі қандай? Журналымыз бұрынғыша шыға береді деп жариялауына қарағанда, жақсы болу керек. Өз арамызда айтқанда, мен солардың почвасын, халықшылдығын жөнді ұғына алмай жүрмін, біресе славяншылдық исі шығады, ал екеуін үйлестіру жағы көрінбейді немесе бұл үйлестірудің өзі олардың қолынан келмей жүр. Менің ойымша, екінің бірі болу керек қой: не батыстың үлгісімен негізінен қайта құру керек, не ескіні ұстанып қалу керек, ең арғысы тіпті ескі діннің өзін де пайдалану керек. Қытайларша екінің бірін ұстанбай, әредікте қалудың енді жөні жоқ». Бұл сөздерден Шоқанның саяси көзқарастар мен иланымдарды барлығынан да жоғары қойғаны анық көрінеді.

Достоевский Шоқанмен бірге болған кезінде де, айырылысқан жылдарда да оның өзінің де, халқының да жанашыр жақыны, татаусыз досы болып қалды. Ол Шоқанның ғылыми қызметін, ізденістерін бақылап, оның тағдыры жайында әрдайым ойлана, еске ала жүрген.

Шоқан мен Достоевскийдің достық қарым-қатынастары Б.Герасимов, А.Г.Достоевская, А.Е.Врангельдің естеліктерінде де жарқын суреттелген. Осы Врангельдің естелігінде айрықша қызғылықты бір мағлұмат бар. Ол Шоқанның Парижде болғандығы жайында. «Уәлиханов мейлінше тәрбиелі, ақылды әрі білімді адам көрінеді. Маған ол өте катты ұнады. Достоевский де оны көргеніне мәз-мейрам болды. Кейінірек мен оны Петербургта және Парижде кездестірдім», – деп жазады Врангель. Петербургтен Парижге жүрмек ойы барын 1860 жылғы 4 ноябрьде әкесіне жолдаған хатында Шоқанның өзі де айтады.

Гейне, Губарев, Пантусов, Остен-Сакен, Мушкетов, Пыпин, Плотников, Веселовскийлердің хаттары мен естеліктерінде де азамат Шоқан, ғалым Шоқан жайында аса қымбат деректер, ой-пікірлер бар. Солардың ішінде Шоқан шығармаларының 1904 жылғы жинағының редакторы Н.И.Веселовский естелігінің, онда ғалым Шоқанға берілген бағаның қадір-қасиеті әсіресе мол.

Шоқанның орыс достарына жазған хаттарының ішінде оның Петербург университетінің профессоры А.Н.Бекетовке жолдаған хаты ерекше назар аударады. Бұл хат соңғы жылдарда табылып жарияланды.

А.Н.Бекетовке жазған хатынан Шоқанның орыс халқының данышпан ғалымы Д.И.Менделеевпен жақсы таныс болғаны байқалады және оны өзінің ғылыми қызметінің де әр алуан қыры анық анғарылады. Ол былай деп жазады: «Андрей Николаевич, құдай үшін, қоғамнан сұрап, қырда жаткан маған барометр, психометр және бірнеше термометр жіберіңізші, мен тұрған жер өте нашар зерттелген, ал ауа райы жөнінен тек Верный туралы ғана аз-маз мағлұмат бар. Менің қырдағы жұмысым жақсы жүріп жатыр. Мен көптеген ертегі, дастан, өлеңдер жинадым, қазір қазақтардың Шыңғыс ханның жарлығына байланысы бар заңдарын зерттеумен шұғылданып жүрмін». Осы үзіндіден Шоқанның

Сырымбет төңірегінің ауа райын зерттемек болған талабы аңғарылады. Ал Шоқанның Бекетовке қуаныш сезімімен хабарлап отырған аса көп материалдардың біразы жоғалып кеткен. Тіпті, бұдан да Шоқанның мейлінше жемісті, толассыз еңбек еткені байқалады. Шоқанның өз қолымен жазылған әрбір жолы, әрбір сөзі зерттеушілер мен жұртшылық үшін аса қымбат болып отырған жағдайда бұл хаттың ғылыми мұрасын зерттеу де едәуір септігі тиетіндігі күмәнсіз.

Жалпы алғанда, орыс достарына жазған хаттары Шоқанның өмір бейнесін, рухани келбетін, ой-армандарын, әлеуметтік көзқарастарын біртоға тереңдете түседі.

Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің даму тарихында Шоқан Уәлихановтың алатын орны ерекше. Ең алдымен, Шоқан – қазақ халқының тарихындағы өзінің белгілі ғылыми еңбектерімен аты шыққан тұңғыш ғалым. Оның тарих, географиялық, этнографиялық және әдеби зерттеулерінің маңызы, құндылығы әлі де болса жоғалған жоқ.

Шоқан өткен ғасырда-ақ өз халқының келешегін дұрыс болжап, оны орыс халқына, оның озық мәдениетіне жақындату үшін күресті. Сөйтіп, ол орыс және қазақ халықтарының арасында қалыптасқан достықты жоғары бағалады және өзі осы қасиетті достықтың үміткер де жалынды жаршысы болды.

Өзі үстем тап арасынан шыққа да, Шоқан – езілуші көптің қайғысына ортақтасып, олардың мүдделерін қорғаған, солар үшін аянбай күрескен демократ. Азапты өмір жолын кешкен, өз халқын жүрегінің бар жалынымен сүйген, оның прогреске, жарыққа ұмтылып, алға қарай дамуын қалаған, мәдениетті ел болуын аңсаған ағартушы Шоқан халықты түнек пен надандық торында ұстаған ескілік атаулының бәріне қарсы шықты. Әлеуметтік теңсіздікті, керітартпа ислам дінін, ортағасырлық тоғышарлық пен мешеулікті бүкіл шығыста тұңғыш аяусыз сынаушылардың бірі Шоқан болды.

«Қазақ сахарасының шам-шырағы» атты естелігінде Ядринцев Шоқанның ең үлкен мақсаты – өз халқының жай-күйін зерттеу, оны орыс халқымен таныстыру болғанын және халыққа білім беру міндетін көздегенін айтады. Бұл айтылғандар Шоқанның өз еңбектеріндегі түбегейлі ойлармен де орайлас түсіп отырады.

Шоқанның нысана еткен арманы мен идеялары өзінен кейінгі данышпан Абай мен Ыбырайдың шығармаларында, әлеуметтік қызметтерінде дамып, тереңдей түсті.

1865 жылы Орыс географиялық қоғамының Шоқанды еске түсіруге арналған жалпы жиналысында П.П.Семенов-Тянь-Шанский қазақ ғалымының еңбегі жайында айта келіп, былай деген еді: «Уәлиханов еңбектерінің қоғамның басылымдарында жарияланған үзінділері Орта Азия мемлекеттерінің және әсіресе қазақ халқының географиясы, тарихы мен этнографиясына байланысты ол жинаған мол әрі бай материалдарды тіпті қамтымайды. Бұл материалдарды жинау үшін Уәлиханов еңбегін де аяған жоқ, құрбандықтарға да барды, өз халқының ертегілерін, аңыздары мен поэмаларын байыптылықпен жазып алды, ортаазиялық тілдерді зерттеді, жергілікті халықтардың ескі жұрттар мен молалардан тауып алған байырғы нәрселерін қымбат бағамен сатып алып отырды, өмірін қатерге тігіп, будда монастырларына кіріп, олардан сирек кездесетін қолжазбалар тапты. Біз аса бағалы бұл материалдардың ғылым үшін жоғалып кетпейтіндігіне сенеміз». Шоқанның тамаша досының бұл сөздері біздің дәуірімізде шын мәнісінде жүзеге асты.

Шоқан туған халқын жан-тәнімен сүйген жалынды патриот еді. Өзінің болашағын ойлап-толғанған қамқоршысы, адал ұлы Шоқанды халқы да аса жоғары бағалады. Бұл жайында ғалымның жолдастарының бірі Ядринцев былай дейді: «...Қазақ сахарасындағы шалдармен әңгімелесіп, Шоқанды еске түсіргенде олардың аппақ сақалдарын ыстық жаспен жуып егілетіндігін өз көзімізбен көрдік. Шоқан өз елінің әрі мақтанышы, әрі сүйікті перзенті болатын. Ел-жұртының жадында ол дәл солай сақталып қалды да». Бұл сөздер туған халқы Шоқанды қалай сүйіп, қаншалықты ардақ тұтқанын соншалықты әсерлі сездіреді.

Өз заманының ең ірі, алдыңғы қатарлы қайраткерлерінің бірі, ұлы ғалымы, асқан ойшылы, өз ғасырының ұлы перзенті болған Шоқан біздің дәуірімізге, біздің буынға да етене жақын, бізбен замандас.

БІЛГЕНГЕ – МАРЖАН...

(Абайдың лирикалары)

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей
сала алмас.
Абай

I

Сөз өнері әр халықтың рухани өсуінің, өмірі мен тағдырының көркем шежіресі, жан сыры ретінде танылуымен бірге оның мақтанышы, данқы болып та табылады. Әр халықтың елдік сипаты, жарқын қасиеттері ең алдымен оның әдебиетінде терең елес береді. Поэзия – адам баласының мәдениетін дамытудағы ең қуатты, құдіретті құралдардың бірі. Ежелден поэзия өрлеп өсудің, күрес пен жеңістің, жаңғырып жасарудың белгісі болып келеді. Қай халықтың поэзиясы да бұған айқын мысал бола алады. Осынау тамаша қасиет біздің поэзиямызда да мол. Абай поэзиясына және одан кейінгі кезеңде реалистік арнада, жаңашылдық бағытта дамыған поэзиямызға мұның әсіресе жанасымдылығы бар.

Көркем өнердің қай түрін де, соның ішінде ән мен күйді, яғни музыка өнерін Абайдың айрықша бағалағаны жақсы аян. Ал оның сөз өнеріне, яғни поэзияға деген ықыласы мен пейілі тіпті ерекше, ерекше бөлек. Оның ұғымынша, сөз өнерінің қызметі мен маңызын, мән-мағынасын басқа еш нәрсе де өтей алмақ емес. Шын мәнісіндегі, нағыз қайталанбас көркемдік келісім мен қолдан келмес әсемдік пен сұлулық сонда. Бұл ретте Абай поэзияның эстетикалық сипатын ғана емес, әлеуметтік мәнін де ескерген.

Бүкіл адам баласына хас тақырыптарды Абай әлемдік поэзия деңгейіне көтеріп жырлады. Өз шығармашылығына қажет мазмұнды ол сол кездегі қазақ шындығынан тапты.

Абайдың дәуір көріністерін ғана емес, тұтас халықтың сипаты мен мінезін, адам бейнелерін жан-жақты әрі барынша шыншыл да терең дамытып жырлағаны соншалық, оның шығармаларын қазір оқығанда да көп күйлерді сезініп, көп бейнелерді айнытпай танып отырамыз. Жаркын жайларды көріп қуансақ та, жамандықтан түніліп жиренсек те, ашу-ызамызды немесе ең абзал сезімдерімізді ана тілімізде білдірмек болсақ та, біз ең алдымен Абайға ден қоямыз, оның бәрін қамтыған поэзиясынан медет тілейміз.

Абай поэзиясы терең мазмұнымен, шалқар кеңдігімен құнды. Сол кездегі қазақ өмірі шындығының Абай шығармаларында көрініс таппаған қыры жоқ. Ол өз халқының тарихи өткеніне де үңілген, өзі айтқандай, ойланып, ойға батып үңілген, жүздеген жылдар, яғни ғасырлар тереңіне үңілген. Бұл өткенге қарайлау, артқа айналсоқтау емес еді. Абай халқының өткені жайында ойлағанда оның елдік қасиетін танып білуді ғана емес, болашақты бағдарлауды да мақсат еткен. Ал ол тарих тынысын, оның қан тамырларының соғысын қапысыз сезді, бұлтартпай білді. Бұған оның өмірге, тарихи дамудың барысына және өнерге деген көзқарасы мен ойлары – анық куә. Абай ақындығының жаңашылдық сипаты мен өзекті бағыты жайында сөз қозғағанда бұл жәйт әрдайым есте тұрады.

Абай поэзиясы реализмімен құнды. Реалистік сипаттар мен мезеттер халық поэзиясында да және жекелеген ақындардың шығармашылығында да ұшырасатын. Бірақ реализм көркемдік әдіс ретінде ең алдымен Абай, Ыбырай шығармашылығында қалыптасты.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы». Абайдың ақындық кредосы, поэзиялық және философиялық тезисі осындай. Мұнда Абай тек поэзияның ғана емес, жалпы сөз өнерін, көркем әдебиетті айтып отыр. Барлай қарасақ, Абайдың меңзеп отырғаны – жалпы әдебиет атаулы емес, реалистік әдебиет. «Сөз сарасы» деу арқылы ол поэзиядағы айқындықты, реализмді бәрінен жоғары қоятындығын көрсетеді.

Ақын өз реализмінің принциптерін де бүгіп қалмай, аша кетеді. Бұл оның поэзияның іші алтын, сырты күміс болып келуін талап етуінен байқалады. Міне, осындай поэзия ғана реалистік поэзия, яғни Абайша айтқанда, «жақсы сөз».

Мұндай реалистік поэзияны, жаңашыл поэзияны Абайға дейін ешкім жасай алған жоқ. «Қазақтың келістірер қай баласы» деуі – Абайдың астамшылығы немесе нигилистігі емес, ащы шындықты мойындауы әрі суреткер ретінде өзіне тарих жүктеген міндетті терең сезінуі еді. Ол қиыннан қиыстыратын, шығармашылық ерен ерлік жасайтын дана ақынға, классик ақынға қазақ қоғамы мейлінше ділгір екенін көре білді және өзі сол деңгейге көтеріле алды.

Ақындық шабыт пен шығармашылық актісін келістіріп жырлаған, жаңа ақынның типі мен тұлғасын жасаған өлеңдер Абайда мол екені аян. Бұл – Абай поэзиясының ең бір өзекті тақырыбы. Ең әйгілі, ең үздік шығармаларының бірі «Сегіз аяқты» ақынның осы тақырыптан бастауы тегін емес. Оқып қаралық:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп.
Шымырлап бойға жайылған;
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған,
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл.

Бұл өлеңді сансыз рет оқыдық, талай рет өзімізбен өзіміз қалғанда іштей қайталадық. Әлі де қайталап оқи береміз, ойлана оқи береміз. Бұдан тек эстетикалық ләззат қана алып қоймаймыз. Бұл Абайдың ақындық тұлғасын, оның ерен өнерінің қат-қат қырлары мен сырларын, суреткерлік ұлылығын ұғынуымызға да мүмкіндік береді.

Абай поэзияға тереңдік пен шалқар кеңдік («алыстан сермеп») жарасатынын айтумен ғана тынып қалмайды, сонымен бірге ол поэзияның шын шабыттан, шын тебіреністен тууын шарт етіп қояды. Өйткені сондай поэзия ғана адамның жан-жүрегіне әсер етпек, оның рухани моральдық жағынан жаңғырып қалыптасуына септігін тигізбек.

Асылы, Абай поэзияның қуат-күшін, мүмкіндіктерін аса жоғары бағалаған. Оның ойынша, шын шамырканған, толассыз ізденіп, қисынын тапқан ақын қандай құбылысты болса

да суреттей алады, яғни Абайша бейнелеп айтқанда, қандай тағыны да жетіп қайыра алады. Мұның өзі, бір жағынан, шығармашылық процесінде Абайдың стихиялыққа қарсы болғанын, суреткердің саналылығы мен ізденістерін айрықша бағалағанын да көрсетеді.

Осыдан кейін барып Абай қызыл тіл тақырыбына ауысады. Қызыл тіл тақырыбы халық поэзиясында ежелден бар. Бірақ Абай оны барынша кең әрі барынша жаңа тұрғыда алады. Мына тұста ол «толғауы тоқсан қызыл тіл» деп айтады. Көркем тілдің, сөз өнерінің құдіретті күші мен ұшан-теңіз мүмкіндігін, оның бар толғауын бұдан артық жеткізіп айту қиын болар.

Абай осы тұста шығармашылық еркіндігі туралы ойын да қоса танытады. Оның ойынша, шын суреткер өз шабытын қыстамайды, зорламайды. Өйткені уақыт рухымен бірге тыныстаған, оның талабына сергек құлақ тоскан суреткердің әр нәрсенің анысын аңдап кана тымырайып тіл катпауы, үнсіз калуы мүмкін емес. Бұл ретте Абай Белинскийдің шығармашылық еркіндігі туралы ойларының аңғарынан табылады. Ұлы сыншының айтуынша, шығармашылық еркіндігі суреткердің өз дәуіріне қызмет етуімен үйлесе, орайласа отырады. Бұл үшін суреткердің шабытын, ой-киялын зорлауы кажет емес. Ол өз қоғамының, өз дәуірінің перзенті болуға және өз бойына соның мұрат-мүдделерін сіңіруге тиіс. Қазақ классигі де өз дәуірінің осындай ұлы перзенті, ұлы акыны еді.

Абайдың жаңашылдығы оның поэзиясының мазмұны мен түрінің бір-біріне сай, ажырамас тұтастық тапқандығында. Өйткені сондай терең де бай мазмұнды сондай әсем түрге бөлеп бермесе, Абай классиктік дәрежеге көтеріле алмаған да болар еді. Проф. Құдайберген Жұбанов айтқандай: «Абай ойшыл ақын. Өленің пікір кернеп тұр. Оның сезімі – ойшыл сезім. Бірақ оның ойы да сезімшіл ой. Сондықтан Абай өленінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да түрі мазмұнын көрсетіп тұрады. Абайдың тілінің сөздігі (лексикасы), грамматикасы, Абай өленінің өлшеуі, ырғағы, ұйқасымы, Абай суретінің бейнесі – бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптың күйін билеп тұрады. Оның сөздері тек бермек ұғымын жеткізерлік амал болып, поэтика-

сы өлең калыбына сиярлық қана болып қоймайды: бірі олай, бірі бұлай кетпейді, солардың әркайсысы, үлкен симфония оркестріндегі жеке музыка аспаптары сияқты, өздері бір-бір күй тартып тұрады да, бәрі қосылып негізгі күйді шығарады. Тақырып соның бәрінс дирижер болып тұрады».

Сөйтіп, Абайдың мазмұнға қоса формаға айрықша көніл бөлуі заңды еді. Со кездегі қазақ әдебиеті үшін көркемдік форма проблемасының аса зор маңызы болды. Өйткені дәуір шындығын, халықтың ұлттық өмірінің мазмұнын барынша мол қамтып суреттеу, барынша терең суреттеу міндетін жаңа әдеби форма жасау міндетімен тұтастықта алып қарау шарт. Абай өз шығармашылығының мән-мағынасын, мақсұтын осылай ұғынды және соны орындап шыға алды да.

Абай шығармаларының көркемдік ерекшеліктері жайында недәуір жазылды. Бұған М.Әуезов пен М.С.Сильченконың, Қ.Жұмалиев пен З.Ахметовтың зерттеулері, Т.Нұртазиннің, Е.Ысмайылов пен З.Шашкиннің мақалалары мысал бола алады. Академик-жазушы С.Мұқанов Абай жайындағы еңбегінің үлкен бір тарауын осы мәселеге арнапты. Бірақ бұдан Абайдың акындық шеберлігі туралы мәселе тұтас қамтылды, сарка зерттелді деген ұғым әсте тумайды. Қайта бұл Абайтанудың, ұлы акын жайындағы ғылымның ең бір жас саласы болып табылады. Қазіргі орыс кеңес әдебиетшілерінің Пушкин мен Некрасовтың акындық шеберлігі жайындағы түбегейлі зерттеулері – қазақ әдебиетшілері үшін үлгі. Біз Абайды, оның аскан акындық өнерін сондай биіктен көруге, оған дәл сондай сезімталдықпен терең үңілуге ұмтылуға тиіспіз. Сондықтан болашақта бұл салада әлі де көп еңбек етуге, өлшеусіз ізденуге тура келетіндігі даусыз.

Абайдың көркемдік формасындағы жаңашылдық ізденістері жайында сөз болғанда әрдайым есте ұстайтын бір акикат жай бар. Ол Абайдың форма үшін форма іздемегендігі. Жалпы поэзияны еріккеннің ермегі деп білуге жан-тәнімен карсы болған Абай көркемдік формаға байланысты ізденістерге де қажет болғандықтан, саналы түрде ден қойды. Сөйтіп, Абайдың «өңкей келісімге» толы, «теп-тегіс, жұмыр», яғни мінсіз форма үшін күресі оның реалистік жаңа әдебиет жасау жолындағы күресінің бөлінбес, ажырамас бір саласы болды.

Ұлы ақынның жаңашылдығы ең алдымен оның бұрынғы поэзиялық дәстүрлерге, ауыз әдебиеті мен ақындардың шығармашылық тәжірибесіне деген қатынасынан анық көрінді.

Барлай қарасақ, Абайдың халық поэзиясымен байланысы біз ойлап жүргеннен әлдекайда терең, әлдекайда күрделі екенін байқауға болар еді. Өйткені ондай белгілер мен мұндалап, көзге шыққан сүйелдей болып тұрған жоқ, тереңде жатыр. Абайда эпигондықтың ұшқыны да жоқ. Халық поэзиясынан алған образдар мен суреттерді, бейнелі сөз айшықтарын Абай жалаң күйде ұсына салмайды, өзінің шығармашылық көрігінен өткізеді, шыңдап шығарады, кемел көркемдік дәрежеге жеткізеді.

Бірсыпыра өленін Абай халық поэзиясында бұрыннан бар жыр үлгісінде жазған. Сондай шығармаларының бірі – атақты «Жаз». Бірақ соның өзінде де Абай мейлінше жаңашыл ақын болып көрінеді. Немесе «Күлембайға» деген өленін алып қаралық:

Болыс болдым, мінеки
Бар малымды шығындап.
Түйеде ком, атта жал
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе-дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Сыяз бар десе, жүрегім
Орнықпайды суылдап.
Сырткыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымыңдап.

Былай қарағанда құйылып, төгіліп тұрған кәдімгі жырдан айырмасы жоқ сияқты. Бірақ осында орынсыз тұрған, басы артық бірде-бір сөз жоқ. Болыстың ішкі монологы іспетті өлең болғандықтан, Абай сол кейіпкерінің интеллектуалдық дәрежесіне сәйкес, сыйымды осынау қарапайым, көне форманы әдейі таңдап алған. Асқан шеберлігінің арқасында

Абай сол формаға мол жүк көтерткен. Өленнен болыстың бүкіл болмысы мен бітімі, психологиялық және портреттік сипаты, қимыл-қозғалысы, мінезі тұтас көрінеді. Өленнің әр сөзінде атқан оқтай дөп тиетін дәлдік пен қорғасындай салмақтылық бар.

Сонда Абай осынау көне формадан не тапты, оған нендей касиет бітірді? Біздіңше, мұнда ешқандай сиқыр, тылсым жәйт жоқ. Бәрі де Абайдың сөз қолданысындағы шеберлігі мен тапқырлығында жатыр, шығарма мазмұнының терендігінде жатыр. Мұнда әр сөз терең мағына танытады, әр сөз көз алдына жанды сурет әкеледі, қатпар-қатпар сыр мен мінез ашады.

Халық поэзиясында сөз көптен-көп тура мағынасында қолданылады. Онда күрделі ассоциация мол ұшыраса бермейді. Ал Абай болса, сөздің бойындағы бейнелілік қуат пен мүмкіндікті тереңдеп ашып, барынша сарқып алады. Тағы да бір мысал келтіріп қаралық:

Шыркап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

Осында «Ойсыз құлақ» деген тіркестен басқа сөздердің қай-қайсысы да Абайдан бұрын, әлімсақтан бері қолданылып келген. Бірақ Абай қаламынан шыққанда солар қандай терең мазмұнға, қандай әсерлі қуатқа ие болған. Абай әр сөзді әр қырынан көрсетіп, бар күйінде ойнатумен, құбылтып түрлендірумен бірге соларды байланыстыра, тұтастықта алғанда тіпті басқа сипат, ғажайып сипат танытады. Шығармашылық актісін суреттеген атақты өленінде Абайдың мынадай бір жолдары бары бәрімізге аян.

Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.

Осында айрықша терең мағына бар. Абай өзінің ақындық сарайын, ақындық лабораториясын тағы да аскан нәзіктікпен ашып тастайды. Сөздің жай шықпай, еркеленіп

шығуы ақынның еркін, шалқар шабытын ғана емес, «тілдің тоқсан толғауын» да сездіреді. Сонымен бірге Абай жеке-жеке сөзге ғана емес, солардың тіркесіп, байланысып келуіне, оның өзінше айтқанда «бас құрауына» айрықша мән берген. Сонымен бірге сөз қуатты ойдан тууға тиіс және қуатты ой мен әсер тудыруға тиіс. Абай үшін ең бастысы осы. Сөйтіп, Абай шығармашылық принциптері мен өз ақындығының ерекшеліктерін, дәлірек айтқанда, сөзге деген қатынасы мен сөз қолданудағы шеберлігін қоса танытады.

Халық поэзиясында бар образдар мен суретті тіркестерді дамыта қолдану сияқты көркемдік тәсілдерді Абай аудармаларында да алғырлықпен пайдаланған. Татьянаның Онегинге жазған хатының Абай аударған бір шумағы мынадай:

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі – алданыс.
Жас жүрек жайып саусағын
Талпынған шығар айға алыс.

Осындағы «көңілдің жұмбағы» мейлінше сәтімен табылған. Мұнда түйткіл де, сыр да, үміт пен күдік те, тіпті наз да бар. Көңіл жұмбағы болғандықтан да сырлы жұмбақ, терең астары бар жұмбақ. «Әлде бәрі – алданыс» та жас қыздың аузынан шыққандықтан қаншалықты нәзік әрі аяныштыны естіледі. Ал «жас жүректің саусағын жайып, алыс айға талпынуы» бұдан да өтімді, бұдан да шебер. М.Әуезов пен Қ.Жұбанов осы соңғы образды Абайдың халық мәтелінен алғанын айтады. Мысалы, проф. Қ.Жұбанов былай деп жазады: «Міне, мұнда алыс айға саусағын жайып талпынған жас жүрек» бейнесі қазақтың «арыстан айға шауып мерт болған» дейтін мәтелінен алынған. Сондай таныс нәрсе екені білініп тұр. Бірақ ол кейіптен еш нәрсе қалып жарған жоқ. Бәрі де Абайдың өз қолымен жаңартылған. Мұнда арыстанның жырткыштығы, тәкаппарлығынан, сол «бейілінен тапқандығынан» мерт болған арқы аяғы екендігінен ырым да жоқ. Мұнда жүрегі таза жас сәби айды алмақ болып балдыр саусағын шолтаңдатқан күнәз қылық қана бар. Сонымен бірге жай қалмай, мерт болып қалатыны да көрініп тұр». Абай халық әдебиетінің образдарын, оның

сөз өрнектерін осылайша дамытып, өлшеусіз өсіріп, тіпті танығысыз дәрежеге жеткізіп алады.

Абай карама-қарсы ассоциациялар арқылы да небір ғажайып көркемдіктер тудырады. Соның бірін көз алдымызға елестетіп көрелік:

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал ғып,
Түн басады салбырап.

Үстірт қарасақ, доғалдау түрде ұғынсақ, тау қалғи ма екен, ол неге балбырайды деп таңырқауға әбден болады. Бірақ Абай поэзиясы – үстірттікті сүймейтін, тереңдік пен ойлылық тілейтін поэзия. Осы шумақты оқып шығып, сәл ғана, аз да болса ойланайықшы. Көлбеп, манаурап жатқан, батыр тұлғалы мол, ұлы тау, жым-жырт дала, барған сайын қараңғылығы қоюлана түсіп, бар дүниені қымтап, жасырып келе жатқан түн бейнесі келеді көз алдымызға. «Түн» мен «Салбырау» жеке-жеке алғанда бір-біріне тіпті жуитын, маңайлайтын ұғымдар емес. Бірақ Абайдың адам айтқысыз тапқырлықпен тауып қолдануында сол ұғымдар керемет үйлесіп, ғаламат күшті сурет жасап тұр. Осындай түннің ен даланың еңсесін езіп, жым-жырт күйге бөлеп, дел-сал ғып жібергеніне сенбеске, соны сезінбеске шараң жоқ. Абай түнді қойып, тіпті ұйқының өзін көз алдына әкеп елестететін сияқты.

Жалпы, осылайша дерексіз ұғымдарға тіл бітіру, жан беру, абстракциядан образға ауысу – Абайдың ақындық стихиясы. Оның қаламынан шыққан сөздер сурет боп көрініп, ұн боп естіліп жүре береді. Құмарлы қос асықтың жолығысуын Абай былай суреттейді:

Дем алыс ісініп,
Саусағы суынып,
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып.

Иығы тиісіп,
Тұмандап көздері,

Үндемей сүйісіп,
Мас болып өздері...

Өзге ойдан тыйылып,
Бірі мен бірі әуре,
Жүрекке құйылып,
Жан ракат бір сәуле...

Абай сүйіскен жастардың жан толқындарын, елжіреген көңіл-күйлерін, тіл жетпес терең сезімдерге бөленгенін ғана суреттеп қоймайды, абзал да ыстық махаббат адамды рухани жағынан өсіріп, мейірімді де ізгі ететінін көрсетеді. Осының бәрі аскан шеберлікпен берілген. Өзгесін былай қойғанда «дем алыс ісініп» деген бір жолда қаншама қуат, қаншама тапқырлық бар. Бұдан артық айту киын сияқты. Бірақ айтуға болады екен. Оны айта алған да – Абайдың өзі. Акынның тағы да осы тақырыпқа арналған басқа өлеңінің бір шумағын окып каралық:

Егерде қолың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіне.
Бетіңді таяп барсаң тамағына,
Шымырлап бу енеді сүйегіне.

«Сүйекке шымырлап бу ену» – бұрын-соңды акындарымыздың ішінде мұны тек Абай ғана айта алды. Бұған ешқандай комментарийдің керегі жоқ. Өйткені талдай бастасаң, өлеңді бар әсемдігінен, бар нәзігінен айырып аласың. Белинский айткандай, тілсіз түйсіктерге тіл беретін, жан бітіретін шын мәнісіндегі лириканың, шын шеберліктің үздік үлгісі осы болса керек.

Абай шындықты, құбылысты, олардың ішкі мәнін мейлінше жіті көре білді, сезіне білді әрі жеткізіп суреттей алды. Ал оның көркем тілдің стихиясын, сөз сырын сезінуі тіпті айрықша күшті. Абайдың аскан акындық шеберлігінің, данышпандығының терең бір тамыры осында.

Ұлы акынның поэзиясы айкын да ашық образдарға бай. Абай өлеңдерін окығанда аттары аталмаса да, талай-талай жандардың кескін-кейіптерін, адам бейнелерін анық көріп,

танып біліп отырамыз. Оның шығармаларында жекелеген типтер емес, заманның сипатын танытатын типтер бар, ұмытылмас образдар бар.

Ақынның осы образ жасаудағы шеберлігінің кей үлгілерін алып қаралық. Сол үшін баллада іспетті мынау атақты өленнің екі шумағын оқып көрелік:

Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында,
Хан да жанын қияды қыз жолында,
Алтын, күміс кигені, қамқа, торғын,
Күтуші қыз-келіншек жүр соңында.

Деген сөз: «Бұқа – буға, азбан – дуға»,
Хан қарық боп түсіп жүр айғай-шуға.
Етімді шал сипаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға.

Осы қос шумақта тұтас дәуір шындығы, екі бірдей адамның бүкіл тағдыры, айта берсеңіз толыққанды, жанды образдары бар.

Көркем шығармада адам образын жасау үшін оның бар өмірінің бұралаңын жіпке тізгендей шұбатып суреттей беру шарт емес. Мұндай суреттеу тәсілін поэзия, оның ішінде баллада жанры әсіресе көтермейді. Белинскийдің тұжырымдауынша, тіпті поэма да өмір шындығының ең шешуші, асқақ мезеттерін ғана қамтып бейнелейді.

Абай өз кейіпкерлерін жан-жақты, толық суреттеп жатпайды. Екі қаһарманының да тағдыры, тіршілік-болмысы үшін ең шешуші, типтік қасиеттерді ғана алады. Ақын хан қолында тұрған сұлу қыз жайын айтудан бастайды. Бірақ оны сипаттап жатпай-ақ хан бейнесіне ауысады. Өйткені сол арқылы ол екі кейіпкерін бірдей сипаттайды. Хан қыз жолында жанын қиюға бар. Бұл – оның жас қызды алдарқатпақ болуы әрі кәрілігінен туған дәрменсіздігі. Ханның қызды қамқа мен торғынға бөлеп, алтын мен күміске «малып» коюы да оның көңілін ауламақ болған, бәйек болған тілегінен туған. Күтуші қыз-келіншектер жайы да осы шындықты аша түседі.

Енді екінші шумаққа ауысалық. Абай халық мәтелін әдейі алған. Өйткені бұл мәтел ақынның негізгі ойына соншалықты

тура келіп тұр әрі ирониялық қуаты, сайқымазақтық уыты да барынша күшті. Ал «Хан қарық боп түсіп жүр айғай-шуға» деген жалғыз жол арқылы ақын оның бейнесін, бар болмысын түгел мүсіндеп шыққан. Ол өзіне-өзі мәз. Әбден еліріп, есіріп алған. Бірақ келесі жол арқылы ол тып-типыл болады. Қыз оның суық құшағынан құртқа жем болуды артық көреді. Ақын қыздың аузына жайшылықта айтыла беретін «сүймеймін!» деген сөзді салса, оның әсері дәл мұндай болмас еді. «Етімді шал сипаған» деген сөздер қыздың қайнаған ызасын, құрсанған ашу-кегі мен жиренішін, бұл өмірдің қызығынан суынып безінуін қапысыз жеткізіп тұр. Ол осыған әбден бекіген. Қыздың жартастан құлауы бізді дір еткізеді. Бірақ біз осылай боларын, осымен тынарын сезгенбіз. Басқаша болуы мүмкін емес. Ақын бізді осындай шешімге даярлаған. Сонымен бірге бұл шешім кейіпкерлер тағдырынан, олардың характерінің шындығынан келіп туады, орайласа кетеді. Шығармада екі кейіпкер образдарының қатар түсіп, қарама-қарсы күйде алынып берілуі де оның әсер күшін өлшеусіз өсіріп тұр. Ақын хан образын ирония түрінде, сатиралық қалыпта бейнелесе, ал қыз образын трагедиялық әрі романтикалық асқақ сазға көтерген.

Сөйтіп, екі ғана шумақ. Бірақ сонда екі бірдей адамның образы, дәуір шындығы бар, ақынның негізгі идеясы мен түбегейлі ойы, суреткерлік позициясы бар. Сондықтан да Ілияс Жансүгіров «Осы екі ауыз өлең тұтас бір романның мазмұны сияқты» деп әдемі айтқан, әділ айтқан.

Ақынның образ жасаудағы шеберлігі оның «Асқа, тойға бара тұрғын» атты балладасынан да анық көрінеді. Мұны батыр бейнесіне де, қалыңдық бейнесіне де байланысты айтуға болады.

Абай көптеген өлеңдерінде адам бейнелерін аттарын атамай, жалпылама түрде жасайды. Мысалы, жақсы мен жаманның, дос пен қастың, білімді мен наданның, кәрі мен жастың, бай мен кедейдің, тағы басқа көптеген жандардың бейнелері осындай. Ондай бейнелерді ақын шығармашылығының қай кезеңінде де мол тудырып отырған. Абай солардың түр-түсі мен қимыл-қозғалысын, мінезі мен пейілін, басқа сипаттарын да береді. Сондықтан ондай бейнелер жинақты қасиет танытады.

Абай поэзиясындағы ең тұтас, ең жарқын, барынша толық образ – ақынның лирикалық қаһарманының бейнесі. Бұл образ өз бойына бүкіл дәуір сипатын, халық тағдырын, соның арманы мен талабын сыйғызған. Оның жүрегін заманның бүкіл дерті мен ауыртпалығы аяусыз жаралаған. Бірақ соның өзінде Абайда түнілуден үміт сарыны күшті. Өйткені алға көз тіккен ақын кімнен және неге түнілетінін, кімнен және неге үміт ететінін терең түсінген. Сондықтан ақынның лирикалық қаһарманының образы мейлінше күрделі, барынша тұтас.

Оның бойында трагедиялық күйлер де, оптимистік халдер де мол. Сонымен қатар трагизм мен пессимизм бір емес екендігін де ескеру шарт. Абай ғибратшы боп та, үкімші боп та, ең жақын сырлас пен қимас досың боп та, зұлмат атаулыны, кесепат атаулыны айыптап, заман мен қоғамды, адамды айықтырушы, сауықтырушы боп та сөйлейді. Бірақ ол қашанда шын ақын боп тебіренеді, шын суреткер боп жырлайды. Осының бәрі ақынның лирикалық кейіпкерінің образын қырландыра, түрлендіре түседі, өлшеусіз биіктете түседі. Осындай күрделі образдың жасалу тәсілдерінде, ақын қолданған суреттеу құралдарының алуандығы мен ерекшеліктерінде тіпті шек жоқ, түп жоқ. Бірақ ол өзіне, ақындық өнерінің мәні мен табиғатына қашан да адАл айнымас қалыпта. Ол әрдайым шыншыл да күрескер жан. Абайдың лирикалық қаһарманының образы – эстетикалық әсері мен өмір танытқыштық қасиеті мол, шын мәнісіндегі реалистік образ.

Жалпы, Абайдың образ жасаудағы шеберлігі мен суреттеу құралдары туралы мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді. Онда тіпті қазіргі ақындарымыз үйренетін, үнілетін жәйттер көп.

Абайдың үздік шеберлігі оның поэзиясының бейнелілігінен әсіресе анық көрінеді. Жоғарыда келтірілген «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» атты өленінде ақын кәрі шал мен жас қызды былай суреттейді.

Біреуі – көк балдырған, бірі – курай.
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз?

Көк балдырған мен қурай – біріне-бірі қарама-қарсы кереғар образдар. Бірі солған, қураған, құруға айналған, ал екіншісі жастық қуатына, өмір нұрына толы. Абай мұнымен де тынып қалмайды. Ол антитеза тәсілін қолдана отырып, енді біріне-бірі қарама-қарсы қыс пен жаз образдарын келтіреді. Сөйтіп, ол өлмелі шалдың жас қызға ықтиярсыз үйленуі адамгершілік, ар-ұят, гуманизм тұрғысынан ғана сорақы, ерсі емес, тіпті жаратылыс пен табиғаттың өзіне де жат екенін аңдатады. Немесе осы өлеңдегі: «Екі көңіл арасы – жылшылық жер» деген жолды алайық. Абай айтқанға дейін қазақ баласы естімеген сөз. Бірақ оның құлағы тосаңсымайды, қайта ақынның бейнелеп айтқан ойына түсіне кетеді, барынша терең сезінеді.

Осындай жаңа бейнелер, жаңа суреттер Абай поэзиясында тіпті мол. Бірақ солар зәредей де жалғаншылық, жасандылық сездірмейді. «Дүтбайға» деген өлеңде мынадай бір шумақ бар:

Мұңды, жылмаң пішінін
Кезек киіп, ел жиып.
Болыс болса, түсінің
Түксігін салар тырсиып.

Әдетте киімді киеді. Ал Абай кейіпкеріне пішінді кигізеді және қайта-қайта ауыстырып кигізеді. Аяр, құбыл, арам адамның, екіжүзді адамның қылығын, шындығы мен сұмдығын осы тәсіл арқылы ақын керемет жеткізіп берген. Оның кейіпкерінде тұрақтылық, дәлірек айтқанда, баяндылық пен адалдық жоқ. Ол небір зұлматтыққа киім ауыстырып кигендей оп-оңай киналмай-ақ барады. Мұнда ақын портреттік сипаттау мен психологиялық сипаттауды өте шебер ұластырған.

Абай поэзиясының бейнелілігі оның пейзаждық лирикасынан өте-мөте күшті көрінеді. Оның көктем мен жазды жырлаған өлеңдерінен жаныңды жадыратарлықтай жаймашуақ леп еседі. Ал күз туралы өлеңдерінде сұр көріністер, сұрғылт суреттер басым. Қыс жайындағы өлең де тек өзіне ғана хас сипаттармен безенген. Осы өлеңдердің бәрінде де суреттің ашықтығы мен жандылығы, бояудың анықтығы

мен алуандығы қайран қалдырады. Бұған мысал келтіріп жатудың қажеті де болмас.

Осы ерекшелік Абайдың басқа тақырыптардағы өлеңдерінде, тіпті аудармаларында да барынша мол белгі берген. Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деп басталатын әйгілі өлеңін кім білмейді. Зерттеушілер осыны И.А. Крыловтың «Разбитое сердце» атты өлеңінің аудармасы деп жүр. Рас, Абай негізгі образдар мен тақырыпты содан алған. Бірақ бұл әншейін ғана аударма емес. Абай образдарды да, тақырыпты да мүлдем тереңдетіп, өз идеясына жақындатып алған. Оның үстіне аударманың бейнелілік қуаты тіпті орасан, оқшау. Өлеңнің алғашқы үш шумағында мынадай суреттер бар:

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,
Бас ұрып қара жерге сұлағанын.
Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,
Байғұстың кім тыңдайды жылағанын?

Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік,
Кеудесіне мылтықтың оғы тиіп,
Қалжырап, қансыраған, қабақ түскен –
Кімге батар ол байғұс тартқан күйік?

Мен көрдім сынық қанат көбелекті
О да білер өмірді іздемекті.
Күн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп,
Одан ғибрат алар жан бір бөлек-ті.

Өлеңнің тақырыбына, идеясына талдау жасап жатпай-ақ, оның әсер күшінің мүлт кетпей даритындығын айтпаска, таңдана айтпаска болмайды. Көз алдыңа ғажайып көріністер келеді. Есіңнен кетпейді, ұмыта алмайсың. Сол сиякты, «Теректің сыйындағы» суреттер қандай. Осылардың қайқайсысы да шебер суретшінің қыл қаламынан туған полотнолар тәрізді әсер қалдырады. Психологиялық шындық пен сырлы сезімдерге, жанды бояулар мен сиқырлы үндерге толы суреттер. Тіпті бұларды былай қойып, «Сегіз аяқтың»: «Жартаска бардым, күнде айғай салдым – одан да шықты жаңғырық» деп келетін жолдарындағы символ түрінде

берілген философиялық топшылаудың өзінде қаншама бейнелілік қуат бар.

Абай поэзиясы өзінің бейнелілігімен ғана емес, сонымен бірге музыкалық үйлесімімен, әуезділігімен де ерекшеленеді. Бұл ретте біз ассонанстар мен аллитерацияларды ғана айтып отырған жоқпыз. Өйткені мұның үлгісі өте көп. Мысалы, солардың бірі мынадай:

Жалын мен оттан жаралып,
Жарқылдап Рағит жайды айдар.
Жаңбыры жерге таралып,
Жасарып шығып гүл жайнар.

Мұнда Абай «ж» дыбысынан басталатын сөздерді әдейі іріктеп алған деп тұжырым жасауға болмайды. Өйткені мұндағы жалын аткан жасын мен жай, жаңбыр, жасарып, жайнау – бірінен-бірі туындап жатқан құбылыстар. Шабытты ақын сол құбылыстар мен көріністерді тұтастықта, байланыста көрген және осындай құйылып тұрған, төгіліп тұрған жыр тудырған.

Осы орайда Е.Ысмайылов пен З.Шашкиннің «Абайдың поэтикасы» атты мақаласындағы ақынның шеберлігін оның әр өлеңіндегі дыбыстардың санына қарап анықтамақ болған талабы күмәнді, даулы екенін, жеміссіз екенін айтпасқа болмайды. Мысалы, олар былай деп жазады: «Абайдың «Өзгеге көңілім тоярсың» деген өлеңі – өте жабығып, зарланып, тарығып, қысылып жазылған өлең. Күңіреніп, жүрегі толып, сарнаған дауысты «н», «м», «ң» дыбыстары берген. Бұл өлеңнің аяғы бірыңғай «ң»-мен тынып, сарнап, ыңылдап отырған күйді толық естіртіп отыр». Осыған мысал ретінде өлеңнің мынадай соңғы шумағы келтірілген:

Жүрегіңмен тыңдамай,
Құлағыңмен қармарсың.
Соны көріп, соларға
Қайтып кана сарнарсың?

Мұндай байлауда көп үстірттік, көп түсінбестік бар. Ең алдымен, өлең арнау түрінде айтылып, екінші жақтағы

етістіктер қолданылып тұрғандықтан, ақынның «ң» дыбысына соқпай өтуге тіпті мұршасы, әддісі жоқ.

Екіншіден, ақын сол сөздерді ішінде «ң» дыбысы болғандықтан емес, айтпақ ойын барынша толық, әсерлі, анық етіп жеткізуге жарағандықтан, қажет болғандықтан алып отыр. Ал тіпті дыбыс санай бастасақ та, бұл өлеңдегі музыкалық үйлесімді белгілеп тұрған аталған дыбыстар емес.

Абайдың ақындық шеберлігін сөз еткенде оның реалистік поэзиясына тұнық мөлдірлік пен айқындық қана хас екенін, ал формализм атымен жат екенін әрдайым есте тұтуға, ұмытпауға тиіспіз. Сондықтан да біз Абай поэзиясына музыкалық үйлесім, әуезділік хас дегенде оның саф тазалығын, ішкі гармониясын айтамыз, тұтқырлық пен тұтығу жоқтығын, татаусыздығын айтамыз. Мұның бәрі – Абайдың суреткерлік зор мәдениетінің де, қуатты ақындық шабытының да жемісі, анық белгісі.

Біз Абайдың сөз қолданысындағы және образ жасаудағы кейбір ерекшеліктеріне тоқталдық. Әрине, бұл екі проблема өзара байланысты және бірінен бірінің айырмашылығы да бар. Ең алдымен көркем образды тек сөзге ғана сауға, сонымен ғана шектеуге болмайды. Рас, көркем әдебиетте образ сөз арқылы жасалады, бірақ соның аясына түгел сыйып, жұтылып та кетпейді. Өйткені образдың ішкі мәні, мазмұны шындықтан туады, өмірден алынады.

Өмірге терең үнілген, шындықты шалқар күйінде танып, жіті ұғынған суреткердің сол аңдағаны мен байқағанын шынайы түрде, образды түрде бейнелеуге мүмкіндігі де мол. Ал сол мүмкіндік сөз арқылы ғана көркем образ тіліне түседі.

Абай өмір құбылыстарын, шындықты образ арқылы танытуда да және соны сөз арқылы безендіруде де шын шеберліктің небір тамаша үлгілерін көрсетті. Ол ешқандай «өткірдің жүзі, кестенің бізі» сала алмайтын өрнектер, өшпейтін, ескірмейтін өрнектер салды, өзгеге ұқсатпай салды.

Абайдың жаңашылдығы, көркемдік форма саласындағы ізденістерінің жемісі өленнің ұйқас, ырғақ, өлшемі, құрылысы тәрізді өрнектерінен әсіресе анық көрінеді. Оның бұл саладағы тапқаны мен қосқаны немесе шыңдап, ұштап жетілдіргені ұшан-теңіз. Біз Абай шығармаларының өлеңдік формасына тоқталып жатпаймыз. Бұл мәселе С.Мұқанов,

Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, З.Ахметов және басқа да авторлардың жұртшылыққа мәлім еңбектерінде түбегейлі зерттелген. Солардың ішінде Абай поэзиясы тілінің молдығы және өзіндік ерекшеліктері Қ. Жұмалиев еңбегінде арнайы әрі жан-жақты талданып ашылған.

Әрине, Абайдың өлең өлшемдері мен құрылысына байланысты жаңашылдық ізденістерін оның реалистік поэзия жасау жолындағы талабымен, түбегейлі мақсатымен ұштастыра қарау шарт.

Халық поэзиясындағы өлең өрнектері мен өлшемдерін Абай мансұқ етпеді. Ол ауыз әдебиетінде мол тараған жыр үлгісін де, он бір буынды қара өлең өлшемін де сыртқа тепкен жоқ. Бірақ ол соларға терең мазмұн мен керемет көркемдік келісім берді, солардың бойынан суреттеушілік ғажайып қуат тапты және өлшеусіз өсіріп дамытты. Абай орыс классиктерінен реалистік әдебиеттің эстетикалық принциптерін ғана қабылдап қойған жоқ. Сонымен бірге көркемдік форма, өлең өрнектері, ұйқас пен ырғақ саласында да мейлінше жемісті үйренді. Академик М.Әуезов осы жайында былай деп жазды: «Қазақтың ауыз әдебиетін мейлінше жетік білген Абай өз шығармашылығында қазақ тілінің бар байлығын мол пайдаланды. Бірақ ол халық поэзиясының қатып қалған канондық формаларынан мүлдем бас тартты. Ол поэзияда жаңашыл болды. Абай қазақтарды поэзияның бұрын-соңды болып көрмеген жаңа формаларымен таныстырды. Ақын оны орыстың классикалық әдебиетінен алды».

Абай қазақ поэзиясының лексикасын өлшеусіз байытты, поэзиялық фразеологияға да аса зор жаңалықтар енгізді. Ол өз шығармаларында халық поэзиясына хас шартты түрде келетін әрі дәстүрлі орам-айшықтармен байланысты поэтикалық бейнеліктің шеңберінде қалып қойған жоқ. Ол сөзді, оның алуан түрлі тіркестері мен сөздік образдарды барынша жаңғыртып қолданды. Жаңа ақындық стиль қалыптастырудағы Абай еңбегі орасан зор (З.Ахметов).

Белинский Пушкиннің форма саласындағы жаңашылдығын терең аша келіп, былай деп көрсетеді: «Пушкиннің поэзияда, әдебиетте, орыс тілінде жасаған реформасының ұлылығын жалпылама жәйттермен сипаттау қиын... Пушкин өлеңінің қасиеті тек жеңілдігінде ғана емес. Жеңілдік – оның екінші қатардағы сапаларының бірі ғана. Жоқ, оның өлеңінің

қасиеті көркемдігінде, мазмұн мен форма арасындағы табиғи жанды сәйкестікте».

Абайдың ақындық жаңашылдығы жайында сөз еткенде де осы қағида негізге алынуға тиіс. Қазақ классигі шалқар да бай мазмұнға қай жағынан да сайма-сай кемел көркемдік форма тапты. Ол үшін көркемдік форма тек поэзияны әсемдеп безендірудің құралы болған жоқ. Ақын өлеңдік форманы өмір құбылыстарын, шындықты реалистік қалыпта бейнелеудің, соның ішкі мәнін ақтарып ашудың міндеті мен мұратына бағындырды.

Ұлы ақынның қазақ поэзиясына форма саласында енгізген жаңалықтары туралы мәселе зерттеушілер назарын әрдайым аударып отырды. Бұл жайындағы пікірлер де әртүрлі. Мысалы, Е.Ысмайылов пен З.Шашкин Абайдың өлең өлшеулерінде 16 түрлі жаңалық бар деген қорытынды жасайды. Ал академик С.Мұқанов осы санды жиырмаға жеткізеді. Проф. Б.Кенжебаев мақаласында да бірталай салыстырмалы деректер келтірілген, ақын өлеңдерінің буын, ұйқас, тармақтарының схемасы берілген.

Әрине, ақын поэзиясының жаңашылық үлгілерін ашуда зерттеудің осындай тәсілдерін де қолданудың еш әбестігі жоқ. Қайта қажет, пайдалы. Сонымен бірге Абайдың көркем форма саласындағы жаңашылдығы ешбір есептеудің, жіпке тізгендей санап шығудың, үзілді-кесілді айтудың шеңберіне сыймайтындығы да хақ. Ал жалпы ақындық шеберлік туралы мәселенің аумағы бұдан да кең, бұдан да терең екендігі тіпті де дау туғызбаса керек.

Әдетте, Абайдың лирикалық поэзиясының көркемдік ерекшеліктері жайында сөз болады да, ал оның поэмаларының әралуан қырлары қағас қала береді. Шындап келгенде, Абайдың поэмаларында, әсіресе «Ескендір» поэмасында тереңірек үңілуге, көңіл бөліп, көз тоқтатуға тұрарлық мезеттер мен көркемдік компоненттер аз емес. Абай өлеңдерінің композициялық құрылысындағы ерекшеліктер мен шеберлік үлгілері жайында әлі күнге дейін қалам тартылмады десе де болғандай.

Абай шығармаларын оқи отырып, біз оның ақындық ойының түпсіз тұңғиықтығына, ақындық сезімдерінің әсерлілігі мен шексіз байлығына, тазалығы мен мөлдірлігіне

таң-тамаша қаламыз. Ол өмірге, шындыққа қыранша шыркау биіктен қарады. Бірақ оның көреген көзі еш нәрсені мүлт жіберген жоқ, оның үлкен жүрегі бәріне де сергек үн қатты, дәуір дүбіріне қоса жаңғырықты. Ол ұлы ойлар мен ілгерішіл идеяларға, ғажайып көркемдікке толы тұтас бір әлем тудырды. Әдебиет пен көркем өнерде гуманизм мен демократизмді, халықтық бағытты көксеген суреткерлерге уақыт сол әлемнің есігін айқара ашты.

II

Өз шығармашылығының әлеуметтік сипаты, идеялық бағыты, бүкіл рухымен ғана емес, көркемдік қырларымен де Абай өзінен кейінгі қазақ поэзиясына қуатты әсерін тигізді. Проф. Қ.Жұмалиев атап көрсеткендей: «Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті Абайдың үлгісінде өсіп, өркендеді. XX ғасырдың бас кезінен бастап, күні бүгінге шейін өлең құрылысы, тілі жөнінде Абайдың әсерінсіз әдебиет тарихының қатарына қосылған қазақ ақынын табу қиын».

Абайдың өлең үлгілері мен өлшеулерін көп қолданған ақындардың бірі – Бернияз Күлеев. Ақынның өз шығармашылығының кей мезеттерін атамастан бұрын мынадай бір жайды айта кету шарт. Қазақстан Оқу халық комиссариаты Абайдың өлеңдер жинағын даярлауды Бернияз Күлеевке тапсырады. Осыған даярлық ретінде ол «Ақ жол» газетіне арнайы мақала бастырады. Б.Күлеевтің өз айтуынша, ол Абайдың тұңғыш жинағына енбеген өлеңдерін толық қамтуды, оның қара сөздерін енгізуді, ақын өміріне байланысты иллюстрациялар беруді, өмірбаянын толықтырып, кеңінен қамтып жазуды мақсат етеді. «Абай кітабын бастыру маған тапсырылғандықтан, мен жәрдемді шеттегі азаматтардан сұраймын. Тізбесін әдемілеп, емілесін түзету сияқты ұсақ-түйегіне мұқтаж болмасақ та, түсіп қалған жерлерін қосып, қара сөзін һәм басылмай қалған өлеңдерін тіркеп, тәржіме халін толықтыруға киналып тұрмыз».

Бұдан біз Б.Күлеев Абай мұрасын жинап бастыруға айрықша еңбек сіңірген деп қорытынды жасаудан аулақпыз. Бірақ оның Абай шығармаларымен мол таныс болғаны дау туғызбаса керек. Бұған тіпті Б. Күлеевтің өз өлеңдері де куә

бола алады. Ол бірталай өлеңін Абай өлеңдерінің ұйқас, өлшемдерімен жазған. Мысалы, оның «Жазғы дала» атты өлеңі «Сегіз аяқтың» өлшем, ұйқасымен жазылған:

Қол бұлғап күліп,
Керілген тұнық,
Даланы жарып бұлаңдар.
Толықсып тасқан,
Тасқанын басқан,
Дариядай зырғар, сылаңдар.
Шын сұлудай албырап,
Көрінер сағым бұлдырап.

Сол сияқты «Гүлəндамға», «Қайда екен» тәрізді өлеңдері Абайдың «Сегіз аяғының» ұйқас, өлшемдерін үлгі етудің нәтижесінде туған. Бірақ олардан Абай поэзиясының терең халықтық рухы сезіле бермейді, əлеуметтік астар аз. Акын табиғат көріністерін де əралуан адам сезімдерін де жадағай, жалаң қалыпта алып жырлайды.

Ал «Жас жүрегіме», «Жырла да зарла, көңілім» тәрізді өлеңдері Абай үнін анық əкеледі құлаққа. Алғашқы өлең «Жүрегім, ойбай, сокпа енді!» және Абайдың жүрек тақырыбына арналған басқа да шығармаларымен сарындас. Абайда:

Жүрегім, ойбай, сокпа енді,
Бола берме тым күлкі.
Көрмейсің бе, тоқта енді,
Кімге сенсең, сол шикі.

Б.Күлеевте:

Жас жүрегім, жанба текке,
Бола берме арманда.
Өрлесең де жерден көкке,
Жай табу жоқ жалғанда.

Ал «Жырла да зарла, көңілім» Абайдың «Өзгеге, көңілім, тоярсың» атты атақты өлеңіне айрықша жақын, ұқсас. Бұған

көз жеткізу үшін екі өлеңді салыстырудың да қажеті жоқ. Өйткені Абай өлені әркімге-ақ жақсы таныс. Сондықтан Б.Күлеев өлеңінің кей шумағын келтіріп қаралық:

Жырла да зарла, көңілім,
Сел болып жасың төгілсін.
Есіткен ойдан баз кешіп,
Қамығып шындап егілсін...

Жырла да зарла, көңілім,
Қалың қайғың қайнасын.
Қиялдың құсы егіліп,
Іштегі дертті айдасын.

Абай өлеңіндегі сиякты, мұнда да ақынның өз өнерінен ем іздеуі, сол аркылы іштей жаңарып түлеуі, рухани медет табуы жайындағы тақырып жырланған.

Әрине, осындай жекелеген өлеңдерінің Абай поэзиясымен тақырыптастығына, сарындастығына қарап Б.Күлеевтің бүкіл шығармашылығын Абайдың реалистік дәстүрлерінің арнасында алып қарауға еш болмайды. Б.Күлеевтің көптеген шығармаларындағы тұманды, буалдыр күйлер, дарашылдық сезімдер, символизм мен урбанизм сарындары мұны әсіресе растай, айқындай түседі.

Бернияз Күлеев Абай өлеңдерінің көркемдік формасын, әралуан өрнегі мен өлшеуін қолданды. Бірақ ұлы классиктің шын мәнісіндегі халықтық поэзиясының бағыты мен рухына, әлеуметтік өрісіне тереңдеп бара алған жоқ.

III

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті өткендегі қазақ әдебиетінің негізгі тенденцияларын, қозғаған тақырыптары мен басты бағытын дамыта түсті, өсіре түсті. Абай поэзиясының және ең алдымен орыс реализмінің көркемдік әсерімен қазақ әдебиетінде жаңа жанрлар, жаңа формалар туды. Романдар мен повестер осының анық айғағы. С.Торайғыровтың романдары мен повестері, С.Көбеевтің «Қалың мал» және Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік» атты шығармалары сол кездегі әдебиетіміздің дамуындағы жаңа

бағытты, көркемдік ізденістерді танытады. Солардың ішінен «Қалың мал» романының көркемдік ерекшеліктері жайында бірер сөз.

Әрине, С.Көбеевтің осынау прозалық шығармасына Абай әсері тікелей тиді деп тұжырымдаудан біз аулақпыз. Бірақ оны Абай дәстүрлерінің негізінде дамыған сыншыл реалистік бағыттағы қазақ әдебиетінің сол кездегі жалпы бағытынан, оның демократтық және халықтық арнасынан бөле-жарып, ажыратып қарауға да болмайды.

Бұл күнде дабысы, даңқы бар әлемге таралған ұлан-ғайыр эпопеясы, ірі-ірі реалистік романдары бар қазақ кеңес прозасының тамаша табыстарына әбден қаныккан көзбен қарағанда «Қалың малдың» керемет бір құбылыс көрінбеуі де заңды. Бірақ сол кемелденген прозамыздың, оның ішінде роман жанрының тұңғыш нұсқасын жасауы, осы бағытта ізденіп, алғаш қалам тартуы – жазушының тарихи еңбегі де, шығармашылық бақыты да еді.

«Қалың мал» романы – оқиға мен тартысқа құрылған, өмір шындығын, адамдар тағдырын суреттейтін шығарма. Одан көркемдік компоненттердің бірталайын табуға болады. Ең алдымен, бұл романда ұдайы өрбіп отыратын сюжеттік желі, киюласкан композиция бар. Романда суреттелетін оқиғалар шығарманың негізгі кейіпкері Ғайшаның тағдыры төңірегіне топталған. Өйткені романдағы басқа басты кейіпкерлердің барлығының да іс-әрекеттері Ғайшаға байланысты: Тұрлығұл Ғайшаны әйелдікке алғысы келеді, Итбай Ғайшаны малға сатып байығысы келіп жанталасып жүр, ал Қожаш Ғайшаны Тұрлығұлдың бұғауынан босатып, өзіне жар етуді ойлайды; Серғазы Ғайшаның азат болып, Қожашқа қосылуына тілектес. Сөйтіп, Ғайша романдағы басқа кейіпкерлердің тағдырын, іс-әрекеттерін өзара байланыстырып, олардың күрес-тартысына ұйытқы, негізгі және ең басты тұлға болып табылады.

Ал Ғайшаны мұндай күйге түсірген – көне заман, қарғыс аткан ескі әдет-ғұрып, яғни қалың мал алып, қызды мал орнына сату. Романның «Қалың мал» аталуы да осыдан.

Романда суреттелетін оқиғалар біріне-бірі жалғаса туып, өзектесе өрбиді, белгілі дәрежеде көркемдік тұтастық табады. Сонымен бірге шығарманың фабуласында схемалық жәйттер, жасандылық табы да бар.

Жазушы образ жасауға әжептәуір оңтайлы. Романда суреттелген басты-басты кейіпкерлер бір-біріне ұқсамайды. Олар жеке-жеке тұлғалар ретінде дараланып, әркайсысы өзіне тән ерекшеліктерімен көрінеді. Сонымен бірге олар – сол кездегі қазақ ауылындағы әралуан адамдардың, әртүрлі тап өкілдерінің қасиеттерін өз бойларына жинаған жандар. Мұның шындығын жоғарыда аталған кейіпкерлердің кайкайсысының да образынан табамыз.

Романда кейіпкерлердің портреттік сипаттамалары онша мол ұшыраспайды. Бірақ жазушы бұл тәсілді саран түрде болса да, орнымен ұтымды қолданады. Осы тұста ол өзінің әр кейіпкеріне деген авторлық қатынасын да анық танытады.

Жазушының образ жасаудағы үшінші тәсілі – кейіпкерлерінің характерін, жан дүниесін олардың өздерінің сөздері арқылы аңғартуы. Тұрлығұлдың үйіне ел аралап келе жатып, қонып отырған Байғазы мен Құрымбайды жазушы былай сөйлетеді:

« – Ел де бұзылып біткен ғой. Әсіресе жесір дауы-ақ көп екен. Күйеуін менсінбеген қыз, байынан айырылған келіншек... кейбіреулер құдасынан айырылмақшы... Құрекеңнің пышағы май үстінде, қалтасы да толған шығар, – деп Байғазы қарқылдап күлді.

– Қасқыр қой жемейді деп ешкім айтпас, – деп о да қарқылдап күлді.

– Қасқыр болғанда Аралбай сорлының он сом қызыл қағазын алып, төрт сиырының бірін жаман Түйкеге әпердің-ау, – деді».

Осы үзіндінің өзінен-ақ өздері азғын адамдар екеніне мән бермей, «ел азып кетті» деп көкіп отырған, «биені бүгімен, түйені түгімен жұтқан» жалмауыз, паракор билердің бейнесі айқын көрінеді. Бұл билер сондай нысапсыз, обыр, жауыз жандар еді деп жазушының өзі айтып отырған жоқ. Олардың арам ниеттері мен ішкі дүниесінің сикы өздерінің сөздері арқылы ашылады.

Романның тілі әжептәуір көркем, түсінікті. Онда мағынасы аз, сылдыр сөздер жоқ. Шығарма оқушы ұғымына жеңіл, түсінікті, халық тілімен жазылған. «Қалың мал» романы жазылған кезде қазақ әдебиетінде көркем прозаның тілі қалыптаскан жоқ болатын. Осы тұрғыдан қарағанда,

халықтың сөз байлығын, тіл молдығын шебер пайдаланып, романды түсінікті, қарапайым әрі мағыналы тілмен жазып шығуы – жазушының шығармашылық ізденістерінің жемісі.

Жазушы әр кейіпкерді өзіне тән сөздерімен сөйлетуге ұмтылады. Бұл ретте де оның өзіндік шеберлігі байқалып отырады. Романдағы басты-басты кейіпкерлердің сөйлеген сөздері бір-біріне ұқсамайды. Әр кейіпкердің сөйлеген сөзі оның жан-дүниесін, сыр-сезімдерін де аңдатып отырады.

Екіншіден, романда халықтың мақал-мәтелдері көп және орынды қолданылған. Бұл жазушының халықтың сөйлеу тілін және ауыз әдебиеті мұраларының көркем тілін орынды да ұтымды пайдаланғанын байқатады.

Үшіншіден, романның тілі таза. Онда сол кезде қазақ арасында көп таралған шет жұрт сөздері, діни сөздер, буалдыр ұғым-түсініктер атымен жоқ. Бұл айтылғандар жазушының тілдік ізденістерінің жемісті арнада, халықтық негізде өрістегенін, оның өз тұрғысынан саналы түрде ұстанған көркемдік принциптерін де аңғартады. Бұл орайда да оның реалистік орыс әдебиетінен тағлым алуының ерекше ықпалы болғандығы күмәнсіз.

Мұны романда ара-тұра ұшырасып қалып отыратын табиғат суреттерінен де анық байқауға болады. Мысалы, көктем көріністерін жазушы былай береді: «Ауылдан шақырымдай жердегі көлде қаз қаңқылдап, шағала шаңқылдап, үйрек бырылдап жатыр. Аққудың сұңқылдаған дауысы естіледі. Есіл бойында бұталарды паналап сайраған сандуғаштың дауысы қайғылы көңілді жұбатқандай. Ертемен шырылдаған бозторғайдың дауысы ұйқылы-ояу, киіз үйде жатқан шаруаны тербетіп оятқандай. Жаздың болғанына балалар да көңілді: ауылдан он шақты не одан да артық болып шығып, бір шыбықты ат, бір шыбықты қамшы ғып ойнап, бірін-бірі божылап жегіп, қара жерге аунап әбден шаршап, ауылға біржолата күн батқасын келеді».

Көктемнің осындай жайма-шуақ, жайдары көріністерін жазушы Ғайшаның уәде бойынша Қожашты күтіп жүрген, арманына жетуге асыққан, алабұртып толқыған көңіл-күйлеріне ұластыра отырып береді. Жалпы алғанда, романдағы пейзажда, табиғат көріністерінде дала өмірінің белгі-

бедерлері де, кейіпкерлер психологиясының елестері де бар. Яғни бұл – буалдыр, тұманды күйлерден таза, реалистік пейзаж.

Әрине, «Қалың мал» романының көркемдік жақтарында олқылықтар да бар. Одан көп реттерде үлкен тынысты шығарманың құлашы мен қарпуы сезіле бермейді, жеке-жеке эпизодтық, фрагменттік мезеттер жиі ұшырасады. Сөйтсе де, одан әдебиетіміздің жаңа жанрды игеру жолындағы ізденістері мен шығармашылық тәжірибесі, орыс әдебиетінен үйрену іздері жақсы аңғарылады.

IV

Абай дәстүрлерін, оның өлең өлшеулері мен үлгілерін лирикалық поэзия саласында мол қолданған ақындардың бірі – Сәбит Дөнентаев. Оның поэзиясы терең мазмұнды, ойлы болумен бірге көркемдік қырларымен, өзіндік өзгешеліктерімен де ерекшеленеді. Ең алдымен, ақынның көптеген өлеңдерінде нақтылық сипат, тұжырымдылық басым. Оның поэзиясының тілі таза, қарапайым және сонымен бірге бейнелі де көркем. Сәбит поэзиясында старттай жарқылдақтық, асқақ лептілік жоқ. Ол өмір шындығын боямасыз қалпында, реалистік сарында суреттейді. Ақын ойға жомарт, сөзге сараң болуға көп көңіл бөледі. Сәбиттің «Ой» деген өлеңі небәрі сегіз жолдан ғана тұрады:

Қаза берсе, түбі жоқ,
Қазбағанда суы жоқ,
Ой деген бір шыңырау.
Талаптыға жеткізбей,
Талапсызды өткізбей
Жынды қылған құрғыр-ау,
Сені қуған кісі әуре,
Қумағанның ісі әуре.

Шап-шағын ғана өлең. Бірақ сонда ақын тапқырлықпен көп ой, мол пікір айта алған. Онда мұндай өлеңдер көп. Рас, ақынның бірсыпыра өлеңдерінің жалаң баяндау, құр тізбектеу сарынында ғана жазылған болып келетіндері бар.

Мұндай кезде оның өленderі бейнелілік сипатын, көркемдік қуатын жоғалтып, поэзиялық қасиетін әлсіретіп алады.

С.Дөнентаев – мысал өлең жазуға шебер ақын. Мысалдың қазақ әдебиетінде жанр ретінде қалыптасуы Абай мен Ыбырайдан басталатыны мәлім. Кейін оны дамытуға С.Көбеев көп еңбек сіңірді. Бірақ бұл ақындар мысал жанрын көбінесе көркем аударма арқылы дамытып еді. Аударма мысалдар С.Дөнентаевта да бар. Әйтсе де, ол қазақ өмірінен, сол кездің шындығынан алынған қолтума, төл мысалды көп шығарды. Оның «Бозторғай», «Сұңқар мен қарғалар», «Жарық ағаш» сияқты өленderі революцияға дейінгі қазақ поэзиясындағы мысал жанрының айтулы, үздік үлгілері болып табылады. Ақын мысал жанрынан кенес дәуіріндегі шығармашылығында да қол үзген жоқ. Бұл ретте «Жалдама сандуғаш», «Шошқа мен саудагер», «Бөшкенің зары» тәрізді мысал өленderін атауға болады. Соңғы өленнің көркемдік қасиеті әсіресе күшті. Өлең далада қаңсып, қаңырап қалған бөшкенің желмен сөйлесуі, соған мұңын шағуы ретінде шығарылған. Өленнің құрылысы, жазылу тәсілі жайында ақын көп толғанып ізденген. Бұл туралы ақынның өзі былай деген: «Партияшыл-жікшіл, оның үстіне қалың мал төлеп, кенес заңына қайшы қылмыс істеп отырған байкулакты мыскылдап, келеке-сықақ ету үшін өленнің өзгеше түрін іздедік. Далада, есік алдында бос тұрған бөшкені жел күні сөйлеттім... Менің өз атымнан гөрі жансыз бөшкеге сөйлетуім окушы үшін әсерлі, қызықты әңгіме болар деп ұйғардым. Бостанбайдың партия жасап, елді өзіне тартып алу әрекетінде жүргенін, қылмысын, залымдығын бөшкеге сөйлету арқылы әшкереледім».

Расында да, өленде әшкерелеушілік сарын күшті және сол сарын соншалықты әсерлі де қызғылықты, өткір берілген:

...Бұл – екі айдан
Бос тұратын бөшке еді.
Мұның заты
Демесе ағаш, есті еді.
Шақты желге
Бостанбайдың зорлығын
(Кім біледі – не себептен көшпеді).

Төрт жыл болды
Бостанбайға келгелі
Іркіт еді
Содан бері бергені.
Екі ай болды
Оның өзін токтатты –
Әкесін мен
Өлтіргендей көрдегі.

Мұның шағып, Бостанбайдың қулық-сұмдығын жария етіп болғаннан кейін бөшке желден соның бәрін сотқа айтып баруды өтінеді. Өленнің сырткы құрылысы өзгеше, ырғағы да ойнақы, тартымды. Сонымен бірге өленде әлеуметтік зор шындық бар. Жиырмасыншы жылдарда, тап ретінде жойылар алдында қазақ байларының зиянкестік жасағанын, небір арамзалыққа, қулық-сұмдыққа барғанын ақын мейлінше шебер әрі өткір түрде әжуа етеді. Сонымен бірге бөшке ұзақ уақыт бойы байдың есігінде жүріп қаналған, енді көзі ашылып, соған қарсылық жасауға талпынған, қол ұшын күткен жалшы адамның бейнесін де елестетеді. Қайткен күнде де өленде жинақтаушылық қасиет мол.

Сәбит Дөнентаев – кемеңгер Абайдан көп үйренген ақындардың бірі. «Абайға» деген өленінде ол былай деп жазады:

Қараңғыда туып ең,
Қара бетті жуып ең.
Таба қылмай дұшпанға,
Қолға ұстаған туымыз,
Қанат-құйрық, бойымыз.
Қонғанда да ұшқанда.
Құрмет етіп затыңды,
Бетке ұстаймыз атыңды.

Тұтастай алғанда бұл өленнен Сәбиттің Абай поэзиясының идеялық бағытын, әлеуметтік сырын дұрыс бағдарлағанын көреміз. Сонымен бірге – Сәбиттің Абайдан тікелей үйренгендігінің де айғағы, яғни бұл өлең Абайдың «Сегіз аяғының» үлгісінде, соның өлшемін, ұйқас түрін сақтап жазылғандығы даусыз. Тек бұл емес, «Атылғандарға», «Жү-

рекке», «Ескі болыстың тәубасы», «Темірге», Ерікті Айша», «Кемшілікте», «Бір жыл өтті» тәрізді және басқа да көптеген өлеңдерін Сәбит Абай поэзиясындағы әралуан формаларды пайдалана отырып жазған. Мысалы, «Кемшілікте» деген өлеңінің ұйқасы мынадай:

Тағдырда жазған соң алла,
Мен түстім мынадай халға...
Етерлік жәрдемің бар ма,
Жақындап, жанассаң нетер?
Талай күн жүріп ек бірге,
Талай бір кіріп ек түрге,
Тұрғанда мен мұндай күйде,
Қайырылып карасаң нетер?

Мұнда әр шумақтың алғашқы үш жолы қатарынан ұйқасып, сол шумақтардың соңғы, төртінші жолдары бірыңғай үйлеседі. Бұл – «Білімдіден шыққан сөз» деп басталатын өлеңінің негізгі шумақтарында Абай қолданған ұйқастың үлгісі. Сәбит осындай ұйқасты он бір буынды қара өлеңге де пайдаланған («Балалық» т.б.).

Абай бірсыпыра өлеңдерінде («Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» т.б.) белгілі бір ұйқас жүйесін өлеңнің ұзына бойына дерлік сақтап отырады. Осындай тәсілді «Ұлтшылға», «Қазақтарға қарап» атты өлеңдерінде Сәбит те бекем ұстанады. Сол сияқты, соңғы өлеңдегі дыбыс үндестігі айрықша күшті. Мұнда өлеңнің әр жолы ғана емес, әр сөзі бірыңғай дыбыстан басталады:

Қамалған қараңғыда қалың қазақ,
Қайратсыз, қамсыз құрып қалдың, қазақ.
Қарулап, қуатсызды қуаттандыр,
Құрдан-құр қампайтканша қарын, қазақ.
Қулардың құлқынына құм құйылсын,
Қайдағы құлдың қайғырт қамын, қазақ.
Қайтеді қайрылыссаң қарындаска
Қасармай қыңырайып қырын карап...

Осылай кете береді. Ақын «қазақ», «қаранғылық», «қу», «құл» тәрізді сөздерге айрықша назар аудару үшін осылай еткен тәрізді. Әрине, түр алуандығын, дыбыс үндестігін қуалап кетушілік те жоқ емес. Сонымен бірге осы тәсілдің төркіні Абайдың «Самородный сары алтын» немесе «Жайнаған туың жығылмай» деп келетін өлеңдерінде жатқандығы да күдік туғызбаса керек.

Сондай-ақ, ақынның өлең ырғағын, ұйқасын қиыстырып құруда жаңалық табуға ұмтылған талаптары да болды. Мұны «Жүрекке», «Күздің сыры» тәрізді өлеңінен байқаймыз. Мысалы, соңғы өлеңде әр шумақ бес жолдан тұрады да ұйқас түрлері мынадай болып келеді:

Ызыңдаған, шулаған,
Қыбырлаған, дулаған,
Таңнан іңір басқанша
Минут тыныс қылмаған,
Ұсақ жәндік жоғалып,
Ыссы өткен табаннан,
Тыныш кеткен адамнан,
Сақара тұр дем алып,
Күйіне келіп таралған,
Қызметін бөліп доғарып.

Мұнда әр шумақтың үш жолы өзара ұйқасып келеді де, әрбір қос шумақтың соңғы жолдары үйлесім табады.

С.Дөнентаев поэзиясының өзіндік бір ерекшелігі юморлық бағытына, сатиралық өткірлігіне байланысты. Ол революцияға дейінгі қазақ әдебиетінде Абай мен Сұлтанмахмұттан кейінгі ірі сатирик ақын болып табылады. Ал кеңес дәуірінде Сәбит өзінің сатиралық талантын феодалдық әдет-ғұрыптарды, ескінің етектен тартқан қалдықтарын, адам мінезіндегі міндерді аяусыз әжуалап, өткір мыскылдап, сынап-мінеуге арнады.

Бұл ретте де ол әрдайым тапқырлық танытып, ізденгіштік жемісін, шеберлік үлгісін көрсетіп отырды.

Ақын өлеңдерін көбінесе белгілі бір оқиғаға, сюжетке құрып жазды. Сондықтан да ол өмір шындығын нақтылы, дәл бейнеледі әрі оқушыға әсер етерлік, оның жүрегіне жол

табарлық тәсілдерді мол баурады. Оның бірталай өлеңін екі адамның сөйлесіп әнгімелесуі, айтысуы ретінде, диалогка құрып жазуы да осы мақсаттан туған еді.

Шығармашылық жолын революциядан бұрын бастап, демократтық бағыттағы әдебиетке көп үлес қосқан, сыншыл реализм әдісімен алуан түрлі шығармалар жазған және ұлы Абайдың, өз кезіндегі әдебиеттің таңдаулы дәстүрлерін қазақ кеңес әдебиетіне әкеліп ұластырған, тоғыстырған, жаңа дәуірді шын көңілден жырлаған Сәбит Дөнентаевтың қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар. Ол лирикалық поэзияның сюжетті шағын өлеңінің шебері болып табылады.

V

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократтық бағыттағы әдебиеті өкілдерінің ішінде көп жанрда жазып, көркемдік форма саласында көп ізденгені әрі көп тапқаны – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Өзгесін былай қойғанда оның кейіпкер атынан баяндалатын, соның сыры, монологы іспетті болып келетін әрі әлеуметтік мазмұны мен өрелі ойларға толы лирикалық-философиялық поэмалары, өлеңді-прозалы («Қамар сұлу») және өлеңді («Кім жазықты?») романдары, әнгімелері мен очерктері, сын мақалалары мен публицистикасы аса жемісті еңбек пен толассыз шығармашылық ізденістерді танытады. Ол драмалық поэма да жазбақ боп, жоспарын жасап, желісін түсірген. Ақынның шығармашылық қызметпен 7-8 жыл ғана шұғылданғанын, оның суреткерлік таланты әбден толыспағанын, кемеліне келіп үлгермегенін ескерсек, жоғарыда аталған жайларға тек таңдануға тура келеді.

Асылы, Сұлтанмахмұт шындық іздеумен ғана тынбаған, сол шындықты айта алудың, көркем бейнелей білудің жолдарын да көп іздеген, беріле іздеген.

Сұлтанмахмұт шығармаларын, әсіресе оның лирикалық поэзиясы мен поэмаларын оқып отырғанда сол шығармаларда оның өзінің ақындық тұлғасы, жеке басының қалпы мен табиғаты соншалықты жарқын, қуатты көрініс тапқанына қайран қалмасқа болмайды. Өмір шындығының қай құбылысын, қай қалтарысын жырласа да, ақын өз

катынасын білдірмей қалған жоқ. Өйткені шындықты сырттан бақылаушы боп жырлау, шығармашылық салғырттық оның өршіл де ойлы поэзиясына жат еді.

Ақынның бірсыпыра өлеңінде публицистикалық сипат басым. Бұл – оның поэзиясының міні емес, өзіндік өзгешелігі. Өз шығармаларының әлеуметтік мәніне, идеялық өткірлігіне айрықша көңіл бөлген әрі әсер күші мол, дарымалы болуын көздеген ақынның осылай етпеске әддісі де жоқ болатын.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында болған үлкенді-кішілі өзгерістер мен әлеуметтік сілкінулердің, серпіліп оянудың әсері, із-бедері басқа ақындардан гөрі Сұлтанмахмұт шығармашылығында әсіресе айқын, терең белгі берді.

Сұлтанмахмұт поэзиясы – өзінің табиғаты мен бағыты бойынша белсенді поэзия. «Бір сөзім бар шалдуар» дегенде Сұлтанмахмұт шығармашылығының әшкерелеушілік сипатын ғана аңдатып қоймаған, сонымен бірге күрес рухына, өршіл пафоска толы екендігін де байқатпақ болған. Бұл – әділ баға еді, тура баға еді.

С.Торайғыров – жоқты бар ғып көрсеткен, қоғам міндерін жуып-шайып (мұнтаздай ғып) жырлаған ақын емес. Ол – үлкен әлеуметтік тартыстардың, трагедиялық коллизиялардың, бұлқынған күштің, буырқанған қайрат-жігердің ақыны. Ол дәуірдің ащы шындығы мен қым-қуыт қайшылығын, халықтың оянған талабы мен сергек қуатын бойына мол жинаған. Уақыт тынысы, тарих тамырының соғысы оның поэзиясына әсер етіп, жаңғырық, үндестік тауып отырды.

Зерттеушілер Сұлтанмахмұт қанша өлеңін қандай өлшеумен жазғанын есептеп шығарып жүр. Кейбір формалдық белгілерді солайша адақтап шығуға да болар. Бірақ ақынның шындықты танудағы және танытудағы суреткерлік көрегендігі мен тәсілдері, оның палитрасындағы бояулардың реңкі мұндай құрғақ санаудың, жансыз схеманың аукымына ешуақытта сыймақ емес.

Сұлтанмахмұт өлеңді не үшін жазу керектігін ғана емес, қалай жазу керектігін де терең түсінген. Оның поэзияға көзқарасында Абай эстетикасымен ұқсастық, ортақтастық барлығы осы еңбектің үшінші тарауында айтылған болатын.

Абай сияқты. Сұлтанмахмұт та поэзиядағы мағынасыздыққа, шындықтан шалғай орасандыққа, «түпсіз өтірік, қисынсыз хикаяттарға» қарсы шықты. Сондай өлеңдерді мысалға келтіріп сынай отырып, былай деп көрсетті: «Осылардың ішінде қайда қазақ тілі? Қайда қиыскан назым? Қайда көңілге, тілге ұнау, теп-тегіс, өрескелсіз өлшеулі өлең?..».

Ол үшін бұл жалаң декларация емес еді. Ақын осы принциптерін өзінің шығармашылық тәжірибесінде бекем ұстанды. Ол өз өлеңдерін діни сөздермен, көр-жермен шұбарлаған жоқ, нағыз халық тілімен жазды. Оның бірсыпыра өлеңдерінде, әсіресе соңғы кездегі шығармаларында, поэмаларында орыс сөздері баршылық. Сұлтанмахмұт жаңа атаулар мен жаңа ұғымдарды нақтылы жеткізіп беру үшін әдейі солай еткен. Мұнысы идеялық та, көркемдік те жағынан ақталған.

Сұлтанмахмұт туған халқының сөз өнерін терең білген, жақсы бағалаған. Бұл оның лирикалық поэзиясынан, романдарынан, әсіресе «Қамар сұлу» романынан мол сезіледі. Біз мұнда ақынның ауыз әдебиетінде кең таралған «Жар-жар», «Бақсының сарыны» тәрізді формаларды шебер қолданғанын, соның жаңа үлгілерін өзі де тудырғанын ғана айтып отырған жоқпыз. Халықтық сипат шығарманың идеялық сипатынан ғана емес, қаһармандардың образдарынан, ой-толғаулары мен ойлау жүйесінен, әсіресе романның тілінен терең танылады. Ақын халық тілінің байлығын, шешендік үлгілерін, өткірлігін құбылта, құлпырта отырып пайдаланған. Жайшылықта ішкі мәнін, мағыналық қуатын көп байқата бермейтін қарапайым сөздер ақын қаламына іліккенде жаңғырып, жайнап сала береді:

Апырмай, көз карасың тәуір еді,
Мінезің салмақтылау ауыр еді.
Жауабың кеше-бүгін болмаған соң,
Көз жасым көктен құйған жауын еді.

Осында «тәуір еді» деген сөз қандай терең мағынаға ие болып тұр. Сол арқылы да осы шумақтың бірінші жолы Ахметтің бүкіл арманы мен үмітін, түйткілденуін, Қамарды

ойлаумен, тебіренумен жүрген қалпын барынша терең, барынша шыншыл жеткізіп берген.

Сол сияқты, «көз жасым көктен құйған жауын еді» деген жол былай қарағанда әсірелеу түрінде айтылғаны даусыз. Бірақ мына тұста сол иненің жасуындай жалғаншылық, орасан одағайлық сездірмейді. Қайта Ахмет басындағы трагедияның сырын, ауыртпалығын керемет қуатпен аңдатады.

«Қамар сұлу» романы қазақтың көркем прозасының реалистік стилі мен тілі әбден қалыптасып болмаған, кемеліне келмеген кезде жазылды. Онда өлең мен прозаның аралас келуінің, ауыз әдебиеті әсерінің әрдайым күшті сезіліп отыруының сыры да осында. Сөйтсе де, роман тілінің байлығы мен бейнелілігі, суреттілігі мен мағыналылығы көңіл ұялатпай қоймайды. Тегі, Сұлтанмахмұттың ақындық тілі – мейлінше шабытты тіл, шыншыл тіл.

Сұлтанмахмұтта бояудың қарама-қарсы реңктерін мол қолданушылық бар. Мысалы:

Қараңғы тұман түнде еді,
Қара қазақ баласы.
Ай мен Күн һәм жұлдыз жоқ,
Жым-жырт сахара даласы.

Немесе:

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып, Күн болам.
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда кім болам?
Мұздаған елдің жүрегін
Жылытуға мен кіремін.

Халқының қараңғылықта қалып келгеніне зығырданы қайнап, ашы ойлар буған, надандық атаулыға кектенген әрі өзі үшін де, елі үшін де жарық сәуле іздеген ақынның дәл осылай шамырқанып, ширығып жазбаска, жүрек қанымен жазбаска әддісі де жоқ еді. Сонымен бірге соңғы өлең Сұлтанмахмұт поэзиясындағы аскақ, өршіл романтизм сипатын да анық байқатады.

Әрине, Сұлтанмахмұт романтизмі революциялық романтизм дәрежесіне көтерілген жоқ, көтеріле алуы мүмкін де емес еді. Бірақ болғалы тұрған әлеуметтік сілкінулерді, соққалы тұрған дауылдарды өзінше болса да сезіну және халықтың саяси-рухани жағынан оянып серпілуі Сұлтанмахмұт поэзиясына қанат бітірді, романтикалық өршіл сипат, адуын да ашулы күш берді. Сол күшті ақынның өз басы аса терең сезінді:

Мен – балаң жарық күннен сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған айдай толқып туған,
Бұл сөзім – асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес,
Тебем деп тірі болсам надандықты –
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес.

Ақынның ойындағы осы от, осы жалын-күш оның поэзиясына да мол дарыды. Сондықтан да Сұлтанмахмұт романтизмі – түңілудің емес, үміттің романтизмі, мұқалып жасудың, егілудің емес, шыңдалып ширығудың романтизмі, адамды өмірге құштар ететін, өмір үшін күресуге шақыратын романтизм. Бұл жағынан алғанда Сұлтанмахмұт поэзиясы сол кездегі ақындардың қай-қайсының да шығармашылығынан оқшау, әлдекайда асқақ, биік танылады.

Сұлтанмахмұт Абайдың өлең өлшеулерін, ұйқас үлгілерін көп пайдаланған. Солардың ішінде шалыс ұйқаспен жазылған өлеңдер де бар. Мысалы:

Күңгірт түспен ойға батып,
Орындыкка отырған.
Жүрек қаны сыртқа атып,
Бет-аузынан оқылған.

Сол сиякты, Абай өлшемін ала отырып, ол әр шумағы алты жолдан тұратын өлеңдер жазды, оған «Алты аяқ» деген ат берді. Сол үлгі мынадай:

Тұңғиық, түпсіз, ашулы,
Асау теңіз толқыған.
Бойымды топырақ басулы,
Жүре алмаймын – жол тұман.
Теңізден қайтіп өтермін?
Түссем – батып кетермін...

Сұлтанмахмұт «Дүниедегі қызықтың», «Шәкірт ойы» сияқты өлеңдерін де осындай ұйқаспен, осындай өлшеммен жазған. Ол бұл формаларды тек тәжірибе үшін ғана алмаған, емін-еркін игеріп пайдаланған. Оның өлең өлшеулеріне, ұйқас түрлеріне жасаған түбегейлі өзгерістері жоққа тән. Бірақ іздегені, талаптанғаны байқалады. Бір мысал келтірейік:

Үмітті көңіл шегініп,
Жылады сорлы егіліп.
Дәмеленіп үміт тосып,
Көңіл қайда лепірген.
Сағынып, ойлап, тулап шолып,
Жүрек қайда секірген?
Амалсыз қазір суыған,
Жылылық жоқ жуыған.

Өлең шумағы 8 жолдан тұрады. Бірақ бұл – Абайдың «Сегіз аяғының» үлгісі емес, ұйқастары да, ырғағы да басқа. Осыны «Мейірімсіз ажал» атты өлеңнің ұйқасы мен өлшеміне байланысты да айтуға болады. Бірақ мұнда қос шумақ он жолдан, ал әр шумақ бес жолдан тұрады:

Көңілге қайғы у салып,
Көзден жасты парлатқан,
Жүрекке жара, дақ салып,
Жанды ашытып зарлатқан,
Уытың күшті, ажал-ай,
Дегеніне жеткізбей,
Қанатын ұзын қайырған,
Ойдағысын өткізбей,
Бірді-бірден айырған,
Мейірімсіз шіркін, ажал-ай.

Сұлтанмахмұт қазақтың байырғы он бір буынды қара өлең үлгісін мол қолданды және өлеңге қорғасындай салмақ, өлшеусіз терең мағына бітіре отырып қолданды. Бұдан Сұлтанмахмұттың суреткерлік қуаты ғана емес, бұрынғы поэзиялық дәстүрлерге деген шығармашылық қатынасы да жақсы байқалады.

Сұлтанмахмұт жанр ерекшеліктерін жақсы түсінген әрі соны әжептәуір баурай алған ақын тәрізді. Мысалы, «Қамар сұлу» романында драма мен эпостың, лириканың элементтері аралас-құралас келіп жатса, «Кім жазықты?» романында оқиға қалың, тартыс талқысы өткір, ақынның эпиктік кең құлашы байқалады. Ал «Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларында ақынның лирикалық қаһарманының ой-толғаулары мен қатынасы бәрін анықтайды, бүкіл оқиға дамуын, сюжеттік желінің өрбуін белгілейді. Сол шығармалардың композициялық қиюласуында да өзіндік ерекшелік, ақынның негізгі авторлық мақсатына сәйкестік бар.

Осыны Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің көпшілігінен де байқаймыз. Оның «Бір адамға», «Бір балуанға қарап», «Неге жасаймын?» тәрізді өлеңдерінде ақынның көркемдік форма, соның мазмұнмен тұтастығы жайында көп іздегені, көп ойлағаны байқалады. Сол өлеңдердің композициялық тұтастығын, онда әр сөз орнымен келіп, айрықша мағынаға ие болып, зор идеялық жүк көтеріп тұрғандығын атап айтуға керек. Ондағы авторлық идеяның өрбіп өрістеуінде, шешім табуында бекем заңдылық бар, үйлесім бар.

Рас, Сұлтанмахмұт ақындық шеберлік саласында барлық жағынан да Абай дәрежесіне емін-еркін жетті деген байлау жасауға болмайды. Ол көп шығармаларын классиканың деңгейіне көтере алған жоқ. Бұған оның мұршасы да, уақыты да болмады. Әйтпесе оның қуатты талантының күші қандай қиындыққа да қаптал жететін еді. Көп шығармаларын шарқ ұрып шындық іздеп жүріп, тән ауруымен, жан ауруымен, тіпті тағдырдың өзімен жанталасып алыса жүріп жазған ақын сол туындыларын кейде көркемдік жағынан шыныктыра, жетілдіре алмады. Бірақ оның шығармашылығының өз кезеңі үшін де, біздің дәуір үшін де құндылығы бұдан жеңіл, жұқалаң тартпақ емес.

Сұлтанмахмұт Абай поэзиясының әлеуметтік тағдыры, халықтық сипатынан ғана емес, сонымен бірге көркемдік қырларынан, ақындық айшықтарынан, суреткерлік шеберлігінен де мол тағлым алды. Ол өзінің көптеген шығармаларын Абайдың жаңашыл поэзиясының өлшем, ұйқас үлгілерімен жазды.

Абай поэзиясының рухын бойына мол сіңіруі Сұлтанмахмұттың өзінің де жаңашыл ақын болуына бөгет жасаған жоқ. Бұл үйрену қайта оның бойындағы зор ақындық қуатты ашты, оны көркемдік ізденістердің соны соқпақтарына салды.

Поэзиядағы жаңашылдықтың мәні неде? Заманымыздың атақты ақыны Назым Хикмет айтқандай, бұл – поэзияның формасы мен мазмұнын жаңа мүмкіндіктермен молықтыруда. Сұлтанмахмұт қазақ поэзиясының ішкі мүмкіншіліктерін аша, кеңейте отырып, оны мазмұн жағынан да, түр жағынан да жаңашыл ізденістермен байыта түсті. Негізінен алғанда, оның поэзиясы – өз дәуірінің талабынан туған әрі сол дәуірдің шындығын бейнелеген көркем шежіре. Сұлтанмахмұт – Абай дәстүрлерінің айшықты мұрагері, Абай негізін салған және сыншыл реализм арнасында дамытқан өткендегі қазақ әдебиетінің ең ірі, айтулы өкілдерінің бірі. Шығармашылығының қай қырымен де ол осылай танылуға, осылай бағалануға барынша лайық.

МӘҢГІЛІК МҰРА

(Абайдың туғанына 115 жыл толуына)

Пушкин туралы мақалаларының бірінде Белинский: «Пушкин ажал тап болысымен ұмыт болып қалмайтын, қайта қоғамның санасында өркендей беретін, мәңгі өшпей, өрістей түсетін тұлғалардың қатарына қосылады. Олар жайында әр дәуір өз пікірін айтатын болады», – деп жазған еді. Данышпан сыншының ұлы Пушкин жайындағы осы сөздерін Абай шығармашылығына арнаудың да әбден лайығы бар. Өзінің көзі тірісінде-ақ Абайдың шығармалары ауыздан-ауызға көшіп, жан сергітер самалдай бүкіл сахараға кең, бірақ баяу ғана таралды. Мұның сыры ең алдымен халқымыздың ғасырлар бойғы самарқаулығы мен көрбалалығында еді. Ал кеңестік дәуірде оның шығармашылық мұрасы лайықты бағасына ие болды. Ақынның есімі бар ғаламға мәшһүр болды. Оның шығармашылық тағдырының болашағы да осындай. Келешекте де талай ұрпақтар мен буындар Абай мұрасының тереңіне үңілетіндігі және үңілген сайын сол тереңнің таусылмас қайнары мен ғажайып сырларын мол танып, аша түсетіндігі де күмәнсіз.

Ақынның шығармалары туған халқының мәдениет тарихындағы тұтас бір дәуірді құрады. Ол қазақтың жаңа әдебиетінің негізін салушы, бастаушы болды. Кемеңгер ақын өзінің тамаша шығармаларында сол кездегі заман шындығын, халық өмірін терең де мол бейнеледі. Ол өзінің шығармашылығымен дәуір тілегіне жауап берді, өз халқының көркемдік қажетін өтеді. Өзі айтқандай, Абай «өлеңді ермек үшін» жазған жоқ. Ол көркем әдебиеттің әлеуметтік маңызын терең түсінді және зұлымдық пен надандыққа қарсы кекті күресінде оны пәрменді құрал ретінде шебер пайдаланды. Абайдың ақындық өнерге, шығармашылыққа қоғамдық мәні зор құбылыс ретінде қарағандығына оның әлеуметтік терең мазмұнға толы, аскан көркем шығармалары айқын дәлел.

Қазақ халқының арман-тілегі мен ой-сезімі, жарыққа, еркіндікке қарай оның қажырлылықпен ұмтылуы Абай шығармашылығынан өз көрінісін мол тапты. Абайды оның өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғамдық өмірден, қазақ халқының тарихындағы саяси-әлеуметтік жағдайлардан бөліп алып, жеке-дара қарауға болмайды. Абайдың шығармашылығы ақын өмір кешкен дәуірдің прогресшіл сипатымен тығыз байланысты және соның жемісі іспетті.

Абай шығармашылығының салмағы оның поэзиясында. Оның шығармаларының дені лирикалық өлеңдер болып келеді. Ол өзінің үздік таланты мен аскан шеберлігін сол лирикалық шығармаларында әсіресе жарқын танытты. Абай шығармасының аясы мол, тақырыптық қамтуы кең. Қай тақырыпқа жазса да, Абай өзінің лирикалық шығармаларында қазақ даласында оған дейін естілмеген ойлы да сырлы сөзін айтты және оны мейлінше жаңа түрде айтты.

Ақын шығармаларының ғажайып ерекшелігі, құндылығы олардың халықтық сипаты мен реализмінен әсіресе айқын танылады. Ол өзінің көптеген шығармаларында еңбекші халықтың азапқа толы азалы өмірін мейлінше шынайы әрі жаны ашып тебірене, күйзеле отырып суреттеді. Абай өлеңдерінен халық өмірінің кең көріністерін ғана байқап коймаймыз, сонымен қатар оның арманы мен үмітін танимыз, қайрат пен жігерге, ашу-ызаға толы дауысын есітеміз. Сөйтіп, патриот ақын сол кездегі «сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсе-қызар жалмауыздардың» дүниесіне қарсы өзінің кекті даусын көтерді, халық мүддесін қорғады. Өз халқын бар жүрегімен сүйген, оның алдыңғы қатарлы ел болуын қалтқысыз аңсаған Абай «қалың елі – қазағының» бейуақыттағы сорлы тағдырына күйінді, оның надандығы мен қараңғылығына жаны күйзелс налыды. Патриот-ақынның көп өлеңдері өз халқының тағдырын ойлап толғанудан туған азалы арман мен қасиетті шерге толы болып келеді. Бұл өлеңдерден біз ақынның таза көз жасын көреміз, оның мұң-наласын, шер-шеменін сеземіз. Философиялық терең мазмұнға әрі лирикалық сыр-сазға толы «Сегіз аяқ» атты белгілі өлеңінде Абай «тәні ауырмай, жаны ауырғанын», «көкірегі тарылып, жүрегі қысылғанын», жас төккенін айта келіп, өз жанының мынадай бір күрсіністі күйін шертіп кетеді:

Қайратым мәлім,
Келмейді әлім,
Мақсұт – алыс, өмір – шақ.
Өткен соң базар,
Қайтқан соң ажар
Не болады құр қожақ?
Кеш деп қайтар жол емес,
Жол азығым мол емес!

Бұл сөздерде үлкен мән бар. Расында да, Абай арман етіп күрескен мақсұт қаншалықты қасиетті болса, сол дәуір үшін ол соншалықты алыс та болатын. Өзі армандаған мақсұтқа жету үшін қайрат-күші де аз екенін, «өмірі де шақ» екенін Абай саналы түрде түсінген. Бірақ патриот-ақын сол игі мұраттың түбінде бір орындалатынына қалтқысыз сенді және сондықтан да сол мұрат жолындағы күреске оның бар қиындығына төзіп, қобалжымай, бекем кірісті. Өйткені арман мен үмітке толы, бірақ алыс та қиын бұл сапар – «кеш деп қайтар жол емес» екенін Абай жақсы таныды және сол жолдан өмірінің ақтық сағатына дейін тайған да жоқ. Ақын өлеңдерінің жоғарыда аталғандай шерлі шыншылдығымен, сыршылдығымен қатар өзінің оптимистік қуатын жоғалтпайтындығы да осыдан.

Абайдың реалистік поэзиясының ең бір өрісті, өзекті саласы – оның сатиралық шығармалары. Сатиралық сарындар Абайдың тұтас, аяқталған сатиралық шығармаларында ғана емес, әлеуметтік тақырыпқа арналған басқа шығармаларында да, тіпті ғибраттық өлеңдерінде де жиі ұшырасып, ақынның шығармашылығына ерекше бір сипат, реңк беріп отырады.

Абайдың алғашқы кездегі арнау өлеңдері сырттай алғанда ауыз әдебиетінде, сондай-ақ Абаймен тұстас талай ақындардың шығармашылығында кездесетін мысқыл өлеңдермен ұқсас, үндес сияқты көрінгенмен, тереңдеп, барлай қарағанда олардың арасында іштей үлкен айырмашылық, ерекшелік барлығын аңдау қиын емес. Абай арзан әжуа айтудан, әйтеуір күлкі етуден аулақ. Ол өзі мысқылдап отырған құбылыстың ішкі мәніне тереңдеп үңіледі және сол кеселдің туындап жатқан төркінін тап басып, дәл табады, өзінің ыза-

лы тілінің зілі мен кәрін соған қадайды. Сондай-ақ Абайдың алғашқы кезеңдегі сатиралық арнау өлеңдерінде нағыз эпиграммаға тән жинақылық пен алмастай тілгір өткірлік те бар.

Абайдың шығармашылығы неғұрлым кемелденіп, биіктеген сайын ондағы сатиралық бағыт та солғұрлым тереңдей түседі. Егер алғашқы сатиралық өлеңдерінде Абай жекелеген адамдардың басындағы, мінез-құлқындағы ұнамсыз жәйттерді мінеп, шенесе, енді ол сөз семсерінің жүзін әділетсіз қоғамға және сол қоғам туғызған әлеуметтік кеселдерге тереңірек дарытады. Абай сатирасындағы бұл ерекше сипат оның сатиралық талантының толысуынан ғана емес, ақын шығармашылығындағы ұлы да үлкен бетбұрыстан – орыстың классикалық әдебиетінен нәр алудан, үйренуден келіп туған еді.

Өз халқын үлкен болашаққа – орыс халқымен достыққа, оның мәдениетінен үлгі алуға, өнерлі-білімді ел болуға шақырған Абай осы игі мақсатына жету жолында кедергі болған құбылыстардың, кеселдердің барлығына қарсы «мыңмен жалғыз алысты», «улы сия, ащы тілін» соларға қарсы жұмсады.

Абай ақын жайындағы бір өлеңінде:

Қыранша қарап Қырымға
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға
Шиыршық атар, толғанар, –

деп жазды. Бұл өлең Абайдың ақынға қоятын талабын да және оның өз шығармашылығының сипатын да анық байқататындай. Расында да, қыран көрегендікпен алысты болжай білген Абай халық мұңын жырлады. Оның шығармашылығында ұшырасатын зар сарыны – халықтың қасіреті мен зары соның көкейкесті арманы болатын. Бірақ бұл зар мен арман ақынды мүлдем түңілтіп, жолынан адастыра алған жоқ, надандық пен зұлымдыққа кектенген ол шиыршық ата толғанды, өзінің «ызалы жүрегі» мен «долы қолына» ерік берді. Міне, өктемдік, зорлық дүниесіне, надандық атаулыға өлтіре соққы берген, халық тілегін білдірген кекті жыр осылайша келіп туды.

Абай реализмінің күші, түптеп келгенде, оның аскан шеберлігіне де байланысты. Қазақ поэзиясына түр, ұйқас, өлшем жағынан енгізген ұлан-асыр жаңалықтарын айтпағанның өзінде Абай қазақтың, қарапайым халықтың тілі аркылы адамның көңіл-күйі мен сыр-сезімдерінің алуан түрлі реңктері мен қайталанбас сәттерін бар бояуымен жеткізіп бейнелеуге болатындығын көрсетті. Тұтастай алғанда оның поэзиясы – нағыз «сөз патшасы», «тас бұлақтың суындай сылдыраған өңкей келісім», өзгеше көркем, мол сырлы дүние.

Ақын өзінің үздік шеберлігін тағы да лирикасында әсіресе жаркын, окшау танытты. Рас, ғибраттық сарында жазған өлеңдерінде Абай поэтикалық бейнелеулерді көп түрлендіріп колдана бермейді. Мұндай шығармаларында ол өнегелі ойлары мен тағлымдарын арнау ретінде өз атынан тікелей айтады. Бұл ретте ол өз окушыларының ой-өрісі, интеллектуалдық дәрежесімен санасканын ең алдымен айтуға керек. Ал замана, өмір жайындағы толғауларында, ақындық туралы және адамның көңіл-күйлеріне, рухани бітіміне байланысты өлеңдерінде Абай поэтикалық бейнелеудің, көркем суреттеудің не ғажайып үлгілері мен өрнек-накыштарын барынша мол әрі құлпырта да жайната колданады. Абайдың адам жанына үңілгіш, оның кат-кат көңіл толкындарын шебер суреттегіш үлкен психолог-ақын екендігін калтқысыз аңдататын мысалды оның кез келген өлеңінен дерлік табуға болады. Ақынның ғажайып көркем мұрасына қайта-қайта үңілген сайын бір тоқтамға көңілің бекем ұялай түседі: ол туған халқының жүрегі мен жанында ғасырлар бойы сакталып, бірак жыр болып төгіле алмай кыстығып келген аяулы да абзал сезімдерге тіл бітірді, «оларды тар кеуденің капырық кысымынан көркемдік өмірдің самал лебіне алып шықты» (Белинский).

Абайдың ақындық өнердің шыркау биігіне көтеріле алуына жағдай жасаған негізгі факторлардың бірі оның орыстың классикалық әдебиетімен терең де тығыз байланыстылығында, одан шығармашылық түрде жемісті үйрене алғандығында екені де баршаға аян. Орыс әдебиетінен үйрену, үлгі алу Абайдың төл шығармашылығының ерекшелігін, оның өзіндік тұлғасының, соны бітімін бекерге сайып,

әлсіреткен жоқ. Қайта, орыстың классикалық әдебиетінің дәстүрлерін қабылдау Абай шығармашылығын идеялық және көркемдік жағынан кеңейтіп молықтырды, оның шығармаларының ұлттық сипатын тереңдете түсті.

Сондай-ақ, орыс әдебиетінің Абайға тигізген әсерін оның кейбір жекелеген өлеңдерінің орыстың классик ақындарының шығармаларымен сырттай ұқсастығынан ғана іздеуге болмайды. Абайдың орыс әдебиетімен жақындығы, үндестігі, оның шығармашылығының бүкіл рухынан, көркемдік-эстетикалық көзқарастарынан терең де айқын сезіледі. Абай орыстың жекелеген ақындарының ғана шығармашылығынан үйреніп қойған жоқ, ол орыстың бүкіл классикалық әдебиетінен тұтастай үйренді. Орыс ақындарының тәжірибесін шығармашылық жолмен игеруде де, орыс поэзиясының шығармаларын шебер аудару ісінде де Абай – қазіргі ақындарымыз үшін үздік үлгі.

Нағыз ұлы ақын, оза шыққан классик болғандықтан, Абай өмір кешкен дәуірдің бейнесін беріп қана қойған жоқ, сонымен бірге өзінің де қайталанбас, енді қайтып тумас автопортретін жасады. Оның шығармашылығының бүкіл ұзына бойынан «қалың елі – қазағының», адам баласының ұлы болған, еңбегі еш кетпесін сезіп, халқына ұстаздық қылудан жалықпаған ойшыл да сыршыл азамат ақынымыздың нұрлы тұлғасы танылып отырады.

Абайдың уақыт туралы және өзі туралы, ақынның қоғамдағы орны туралы өлеңдерінен бұл қасиет әсіресе мол сезіледі. Осы тұста ол қай халықтың қандай ұлы ақынымен де үзеңгі жарыстырып, деңгейлесе алады. Оның сондай өлеңдерінің ішіндегі ең кереметтері – «Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес» пен «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?».

Алғашқы өлеңде ақын табиғатты «менікі», яғни тән мағынасында, ал адамды «мен», яғни ақыл-ой, рух бейнесінде жырлайды. Өлеңнің екінші шумағында ақын философиялық тұрғыда алып, осылайша тұспалдап отырған ойын, басқаша атағанда «менің» ашық айтады:

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге сыя ма – ойландаршы
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған?

Егер бұл өлеңінде ақын өлместік тақырыбын шартты түрде алынған жинақты тұлғаны бейнелеу ретінде жырласа, ал екінші өлеңінде тікелей өз басына, өз шығармашылығының болашақ тағдырына байланыстыра отырып шешеді. Сондықтан 1898 жылы жазылғандығына қарамастан, бұл өлеңді ақынның өз шығармашылық жолын қорытындылаған туындысы, жүрекжарды сыры деп атауға әбден боларлықтай.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен – бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, сокпақсыз жерде өстім,
Мынмен жалғыз алыстым – кінә қойма! –

деп тебіренді Абай. Бұл – оның болашақ ұрпаққа арнап тіл қатуы, сондай-ақ өз жанының да бар түпкірі, сыры мен шыны еді. Мұнда данышпан ақын келер ұрпақтың, туар дәуреннің бейнесін ғажайып шебер һәм көреген суреткерге тән елес-емеурінмен сездіреді. Бұраланы көп бұлдыр өміріне ой көзімен үңілген ақын «соқтықпалы, сокпақсыз жерде өскенін, мыңмен жалғыз алысқанын», ерте оянса да, етекбастыны көп көріп, дегеніне жете алмағанын келешек окушысына әдейі, саналы түрде сыр етіп шертетіндей. Өйткені ақынның аңғартуынша, ол – жүрек түбінде, жан түкпірінде терең бойлай алатын, парасатты, ойлы және әділетті адам және оның өмір кешер уақыты да соқтықпалы, сандалмасы жоқ еркін де кең дәурен, өзгеше бір заман болмаққа керек. Өз кезі үшін жұмбақ болған Абай сол болашақ заманның, келер буынның өзін терең танып, дән разы пейілмен қабыл алатындығына кәміл сенген тәрізді. Өлім жайын күнірене толғаумен басталған өленінің соңында ақынның өлместік, өшпестік сарынына ауысуының да сыры осында. Ұлы ақынның болашаққа деген осындай нұрлы сенімі, жарқын үміті біздің дәуірімізде жүзеге асты. Сөйтіп, кеңес дәуірінде ақын шығармашылығы өзінің лайықты

мұрагерін тапты. Ол жайында көптеген ғылыми зерттеулер жасалды және даңқы бүкіл әлемге таралған ұлан-ғайыр эпопея жазылды.

Өз дәуірінің, өз халқының нағыз ұлы, шын мәнісіндегі ұлттық ақыны болған кеменгер Абай сонымен бірге бүкіл адам баласына тұтастай тән мәңгілік тақырыптарды мәңгі өшпестік дәрежеге көтеріп жырлай алды. Сондықтан оның ғажайып мұрасы болашақ сан ықлым буындармен де бірге мәңгі бақи жасай бермек.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАСТАУ

Әдетте көркем шығарма үшін ең зор, ең қатал сыншы халық және уақыт деседі. Сонымен бірге бұл – ең әділ, ең тура сыншы екендігі де хақ. Шекспир мен Бальзактың, Пушкин мен Абайдың ғажайып мұрасын арада өткен жүздеген немесе ондаған жылдар зәредей де ескірте, көнерте алған жоқ. Қайта, уақыттың қатал тезі осынау ұлы алыптар шығармашылығының тереңі мен саф асылын жарқыратып аша түскендей. Сондай-ақ жазылған кезінде әралуан себептермен мақталып дүрмекке ілессе де, кейін еш белгі-бедер қалдырмай, із-түзсіз жоғалып кететін, ұмыт болатын шығармалар да аз тумайды. Әдебиетте халықтың рухани сырласына, жан серігіне айналған шығармалар мен оқуға жарайтын шығармалардың және басқаны зеріктірсе де, жалықтырмайтын, шыдамы соншалықты мол қайсыбір ғалымдардың зерттеуіне ғана тұрарлық шығармалардың аралас келіп, қоса табылып жүретіні де осыдан. Бірақ уақыт солардың қай-қайсысын да өздерінің орын-орнына қояды.

Үлкен жазушымыз М.Әуезовтің шығармашылығын, оның өнерпаздық жолын тұтас алып қарағанда осынау ой көңіліне тағы да ұялай, орныға түседі. Біздің әдеби сынымызда басқа аға суреткерлеріміз сияқты, М.Әуезовтің шығармашылығы жайында да аз жазылған жоқ. Бірақ сол зерттеулердің басым көпшілігі, дені Абай туралы эпопеяның ғана төңірегінде ой топшылаумен тынады. Біздінше, Абай жайындағы аса кесек, нағыз реалистік романға тұңғыш рет лайықты баға берген автор – жазушы Ғ.Мүсірепов. Кейінгі көптеген зерттеушілер сол автордың түбегейлі пікірлерін кең арнаға түсіріп, тереңдетіп дамытты немесе өзді-өзі, бірін-бірі қайталаумен ғана болды. Қайткен күнде де дыбысы жұмыр жерге тегіс таралған, бар әлемге паш болған ұлан-ғайыр эпопеяның өз тереңдігіне орайлас, оның өз ұлылығына меңзес лайықты зерттеу әлі күнге дейін жасалмағандығы даусыз.

Жазушының Абай туралы эпопеяға келу жолы, шығармашылық сапарының бұлақ бастауы мен бел-белестері мүлдем аз, тым тапшы зерттелді. Сөйтіп, оның сан қилы әрі күрделі шығармашылық эволюциясы, идеялық жағынан шыныгу, шеберлікті шыңдау жолдары, өсу өрісі диалектикалық тұрғыдан дәйекті түрде ашылмады. Шындығында, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясына дейінгі шығармашылығы да әдебиетіміздің асыл қазынасына қосылған, халық арасына өте-мөте кең таралған шын мәнісіндегі көркем, реалистік шығармаларға кенде емес-ті. Жазушының «Қараш-Қараш» атты көлемді кітабына енген шығармаларын қайталап оқығанда бұған көзің, әсіресе, анық жетеді.

Бұл жинаққа автордың бұдан бұрынғы алты томдығына енбеген шығармалары кіргізілген. Солардың ішінде «Абай» трагедиясынан басқасының бәрі де – жиырмасыншы жылдардың туындылары. Олардың қатарында жұртшылыққа ежелден бері әйгілі «Қараш-Қараш оқиғасы», «Көксерек» повестері мен «Бәйбіше-тоқал», «Қаракөз» пьесалары және талай-талай әңгіме, новеллалар бар. Бұл мақалада біз осынау шығармалардың бас-басына тоқталып, мол талдау жасап жатпаймыз. Біз оқушы назарын тек бірер мәселенің төңірегіне ғана аударуды мақсат етеміз.

Ең алдымен жазушының алғашқы кезеңде жазған осы шығармаларына деген өзіндік авторлық қатынасы жайын еске алайық. Асылы, бір шығармасына үйіріліп, қайталап орала беруі сол жазушының кемеліне келіп толысып болмағандығын да аңдатса керек. Өйткені шығарманы жарық көргенге дейін қапысыз жетілдіріп, шыңдап алу шарт. Арғыбергі классиктердің шығармашылық тәжірибесінен бұл бізге жақсы аян. М.Әуезов – осы принципті бекем ұстанатын суреткер. Ол бұл жолы идеялық жағынан әрқилы ақаулары болған шығармаларын ғана өңдеген де, басқа туындыларына онша көп өзгерістер енгізбеген. Біздіңше, мұның екі түрлі себебі бар сияқты. Ең алдымен, сол шығармалардың дені – көркемдік жағынан тиянақ тапқан, аяқталған тұтас нәрселер. Екіншіден, жазушы проза мен драматургия саласында өзінің қазіргі шыркау биігіне жеткен жолын, шығармашылық эволюциясын аңдаткысы келгендей. Бұл шығармаларға кейінірек тоқталамыз.

Жазушының қайта қарап, өңдеп шыққан шығармалары – «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі мен «Қаракөз» трагедиясы. Бұдан бұрын да бірнеше рет басылған «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі жиырмасыншы жылдардағы жас прозамыздың санамалы тәуір шығармаларының бірі болатын. Соңғы жылдары жазушы осы повесін толықтырып өңдеді, оның сюжеттік желісіне соны оқиғалар, жаңа кейіпкерлер енгізді. Соның нәтижесінде шығарманың әлеуметтік тынысы кеңіп, халықтық сипаты молайған, оның басты кейіпкерінің тартысы мен іс-әрекеттерінің көркемдік мотивировкасы толыға түскен.

«Қараш-Қараш оқиғасы» повесінде ескі қазақ ауылының тіршілігіндегі ең өткір тартыс, әлеуметтік теңсіздік жайы баяндалады. Шығарманың басты кейіпкері Бақтығұлдың тағдырына талай-талай қайшылықтар тоғысқан. Елді билеп-төстеген жуандар мен қарапайым халық өкілдерінің мұрат-мүдделері бір арнаға сыймақ емес. Бөрі қашан да бөрілігін жасамақ. Сондықтан да төзімі біткен, ашуға мініп ашынған Бақтығұл тәрізді жарлы-жақыбайлар ақыры күрес жолына түспек, қару сілтемек. Осындай іргелі ойды, идеялық түйінді жазушы авторлық емеурінмен ғана сездіріп қоймайды, сонымен бірге қым-қиғаш тартыс үстінде, оқиғалар тізбегі арқылы драмалық өткір шекке жеткізіп, реалистік түрде суреттейді.

Автор халықтан шыққан Бақтығұлды барымташы-қарақшы ретінде ғана емес, сонымен бірге жуандардан өш алушы, кек қайтарушы ретінде де бейнелейді... Оның бар ықыласы Бақтығұл жағында. Бақтығұлдың жүректілігін, тапқырлығын, қайраттылығын, әсіресе, оның кек алар кездегі қимылдарын автор іш тарта отырып суреттейді. Повестің тілі бай әрі мейлінше суретті. Тау кезген тағыша бой тасалап жүрген жортуылшыны жасырған меңіреу түннің де, небір оқиғаларға куә болған шың-құздар мен Талғар өзенінің де суреттерін автор нәзік байқағыштықпен айнытпай береді.

Жазушы повестің эпилогын да айқындап шынықтырған. Бұл да авторлық ойды көмескі тартқызбай, аша түсіп тұр. Осының бәрі «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі идеялық мазмұны, кенеулі нәрімен де, көркемдік қуатымен де әдебиетімізде бедерлі із қалдырған шығарма екенін танытса керек.

«Қарагөз» трагедиясын М.Әуезов 1925 жылы жазған болатын. Бір жылдан кейін пьеса кітап болып басылып та шықты және кейінірек талай рет сахнада қойылды. Бірақ трагедияның алғашқы нұсқасында салт-саналық, идеялық көптеген қателіктер болатын. Кезінде оны автордың өзінің де ашық мойындағаны жұртшылыққа аян. Бірақ қатені мойындау аз. Оны түзеу шарт. Осыны саналы түрде іштей терең сезінген жазушы былай деп көрсетеді: «Қазірде мен осы шығарманы қайта қарап, идея-көркемдік жағындағы бұрынғы терістік, қателіктерін түзеп, қайтадан жазып шығуды өзімнің азаматтық, жазушылық қарыз-борышым деп санадым. Себебі – ерте күнде жұртшылыққа сахнадан да, баспадан да бар сипатымен толық мәлім болған шығармам жөнінде оның жұртшылық әділ айтқан қателіктерін көре-біле тұра, үндемей, түземей кете барсам, ол менің бүгінгі кеңес жазушысы болған барлық шыныма, жол-жөніме лайықсыз да, кешпес те олқылық болар еді. Бұрынғы қалпындағы қателік, олқылықты үндемей сақтап, құптап жүргендей болар ем. Осы жайды ойлап, жауапты іздену ретінде шығарманың ерте күндегі қателіктерін жойып, жаңғырған жаңа нұсқасын алдарыңызға ұсынамын». Бұл сөздерден драматургтың нысанасы, ой аңғары айқын танылса керек.

Трагедияның негізгі тақырыбы – бейуақытта, бей мезгіл заманда өксікке толы өмір кешіп, ерте татқан қайғы-зардың, айықпас арман-мұңның уынан қаза тапқан өнерлі жастар жайы, солардың сыры мен шыны. Автор азаптан туған ақындықты, қайғы-қасіреттен туған қазаны, жеке бастың мұң-зарын шертуден бастап халықтық трагедияны бейнелеуге, соның шер-шеменін жырлауға ауысады. Пьеса нағыз классикалық трагедияның үлгісінде өрістеп барып, шынайы да көркем шешім табады. Қазақ театры сахнасында шығармашылық өсу белестерін жасаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты», «Еңлік – Кебек» трагедиялары сияқты «Қарагөз» де романтикалық аскақ сазға, көркемдік келісімге толы.

«Қараш-Қараш оқиғасы» повесі мен «Қарагөз» трагедиясының соңғы нұсқаларын оқып шыққанда, жазушының сол шығармаларын қайта қарап өңдеуге көп еңбек сіңіргенін және оның сол еңбегі жанғанын сүйсіне аңдайсың.

Жазушының прозалық тұңғыш шығармаларының бірінен саналатын «Қорғансыздың күні» атты әңгімесі революциядан бұрынғы қазақ ауылының өмірінен алынған аса бір ауыр шындықты, адамның жаны түршігерлік сұмдықты баян етеді. Автор оқушыны ең алдымен оқиға өрбігелі тұрған жердің жағдайымен, суретімен таныстырып алады. Арқалық тауынан аса соққан азынаған сарнауық жел де, ұйтқи соққан ақ түтек боран да, ішке бүккен арам ойларын өзара ишарамен ұғынысып келе жатқан жат пішінді екі жолаушы да, «иесіз аңырап ұмытылып қалған бірдене секілді» ескі қора да, одан жарты шақырымдай жерде басы қара қожалақ болған кішкене төбешіктің үстінде томпайып жатқан «бір үлкен кісінің, бір баланың бейіті» де – барлығы да болғалы тұрған бір сұмдықтың, қайғылы оқиғаның жаршысындай сезіледі.

Сөйтіп, жазушының адам тағдырын, оның іс-әрекетін реалистік жағдайда тұтас алып суреттеуге ұсталығы, оның мәдениеті жоғары әдебиет дәстүріне ден қойғандығы, суреткерлік алғырлығы бұл шығармада айқын белгі берді.

Әңгімеде қарама-қарсы тұрған екі дүние бар. Бірі – Ақан, Қалтайлар өкілдері болып табылатын жырткыштық, өктемдік дүниесі, екіншісі – Ғазизалар арқылы бейнеленген қорғансыздар дүниесі. Надандық пен тағылық жайлаған ескі ауылда мұндай қорғансыздардың көрген күні осы болатын. Олар «Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кете баратын. Осы тұрғыдан алғанда, Ғазизалар өздерінің рухани пәктігімен де, жан қуатымен де, аянышты тағдырымен де сол қорғансыздардың жинақты бейнесі есепті.

Жазушының осы тұңғыш прозалық шығармаларының өзінен-ақ реализмнің өзгеше бір сипаты анық байқалады. Бұл – оның ащы шындықты ақтара ашуға ұмтылуы және қарапайым жандардың талайсыз тағдырына селт еткіш сезімталдығы, тебірене іш тартуы. Оның мұндай шығармаларының оқушы көкірегін де қарс айырып, еріксіз баурап алатын тылсым сыры осында.

М.Әуезов «Қорғансыздың күні» әңгімесінде қозғаған тақырыбына, яғни қазақ әйелінің аянышты тағдыры жайына кейін де талай рет оралды. Сөйтіп «Кім кінәлі», «Ескілік көлеңкесінде» сияқты шығармаларын жазды. Бұл шығармаларда әлеуметтік тақырыптар да қоса қамтылып отырады.

Реалистік қуаты күшті шығармалардың бірі – «Барымта». Бұл әңгіме ескі қазақ ауылындағы айықпас, кеселді әдет-ғұрыптардың бірі – барымта жайын баяндауға арналған. Әлеуметтік сезімі, таптық санасы әлі оянбаған, рулық намыстың жалған құрығынан шыкпаған кездерінде жарлы-жақыбайлар үстем тап өкілдерінің өшіктіріп айдап салудың құрбаны болып отырғандығы әңгімеде соншалықты нанымды әрі сұсты да катал реализм дәрежесіне дейін көтеріліп суреттелген.

Ал «Үйлену», «Сөніп жану» сиякты әңгімелер тұрмыс, мораль такырыптарына арналған. Бұларда сын ашық түрде емес, нәзік астармен юмористік хал-харекеттерге бөленіп берілген. Жазушының осындай зілсіз ирониясы, майдакоңыр юморы ара-тұра нәзік лиризмге суарылғанда көркемдік бояу-накыштары құлпырып, жайнап сала береді. Мәселен, «Оқыған азамат», «Кінәмшіл бойжеткен» сиякты шығармаларды «Жуандык» атты әңгімемен салыстыра окысак, бұған көзіміз капысыз жетеді.

Алғашқы екі шығармадан революция алдындағы өмір шындығының бірталай елесі көрінеді. «Оқыған азаматтағы» дүниекор Жұмағұл мен Қадишаның, «Кінәмшіл бойжеткендегі» Ғайшаның мінез-құлкы мен рухани кейіптерінен олардың түсінігі мен түйсігіне, ой-санасына буржуазиялық жат моральдің шарпуы тигені байқалмай қалмайды. Бұл шығармалар кейіпкерлерінің психологиясын, ішкі сырларын ашу жағынан да соншалықты сыншыл, кемел дәрежеге жеткен.

Ал «Жуандык» атты әңгіме жазушының шығармашылығындағы, оның суреткерлік бағытындағы жаңа беталысты аңғартқандай. Мұнда жазушының халық арасынан шыққан карапайым адамның еңбек иесінің ұнамды образын жасауға ден қойғанын, сөйтіп оның жаңа арнаға қарай меңзегенін көреміз. Автор әңгіме кейіпкері Жақсылықтың мінезіндегі жаңа белгілерді көрсетумен бірге оның ой-санасындағы шектелушілікті де жасырмайды. Бұл айтылғандардың барлығынан М.Әуезовтің алғашқы кездегі сыншылдық бағыты дерексіз де дәйексіз болмағанын, әрдайым әр кездегі өмір шындығына иек арта отырғанын көреміз.

«Қыр суреттері» циклына кірген нәрселер – негізінен белгілі бір сюжетке, окиға желісіне құрылған шығармалар

емес. Олар жазушының сокталы шығармалар жазар алдындағы өз қаламының күшін барлап байқауының көркемдік бояу реңдерін таңдап, салыстырып көруінің куәсі, жекелеген эскиздер тәрізді. «Қыр суреттерінде» қазақ сахарасының әралуан жыл мезгілдеріндегі көріністері келісті түрде, нәзік байқағыштықпен, ақындық шабытпен берілген.

Ал «Қыр әңгімелері» циклындағы «Сыбанның моласында», «Текшенің бауырында» тәрізді әңгімелер көбінесе новеллаларға ұқсас. Бұларда жазушының алғашқы кездегі шығармашылық ізденулерінің өзгеше бір қырын, желілі арнасын аңдатарлықтай. Автордың ашық та айқын характерлер жасауға оңтайлығымен бірге реалистік баяндау мәнерін еркін бауырағанын да анық сеземіз.

М.Әуезовтің алғашқы кездегі туындыларының ішінен оның суреткерлік құдіретін қапысыз танытқан шығармаларының бірі – «Көксерек». Тілінің ғажайып көркемдігі мен қисапсыз молдығы, әсіресе бейнелік қуаты жағынан бұл повесті жазушының тек кейін кемеліне келген кезінде жазған шығармаларымен ғана салыстыруға болады.

Кітапта жоғарыда аталған прозалық шығармалардан және «Қарагөз» трагедиясынан басқа тағы да екі пьеса берілген. Солардың бірі – жазушының Л.Соболевпен бірігіп жазған «Абай» трагедиясы. Бұл шығарма М.Әуезовтің Абай туралы тақырыпты игерудегі тұңғыш сәтті қадамдардың бірі, жемісті шығармашылық барлауы екендігі және ондағы тартыс желісі мен ситуацияларды автордың кейін «Абай жолы» эпопеясының соңғы кітаптарында тереңдете, өсіре отырып пайдаланғандығы аян.

Ал 1918 жылы жазған «Бәйбіше-тоқал» драмасында жазушы ескі салт-ғұрыптың кеселді көріністерін мінеуден әлеуметтік соракылықтарды, үстем тап өкілдерінің, байлар мен билердің қоркау қылықтарын шенеп әшкерелеу дәрежесіне көтеріледі. Сөйтіп, бұл драма да автордың сыншылдық бағыттағы прозалық шығармаларымен тақырыптас, үндес келіп, бір арнаға құяды.

Жинаққа кірген шығармаларды қайталап оқып, тұтастай алып қарағанда, жазушы өзінің суреткерлік зор талантын реалистік бағытта сарп еткенін көреміз. Бұл шығармаларда өткен өмірдің қаралы, қатал жақтарын мейірімсіз сынау

да, халық өкілдеріне тән әсемдік идеялы, махаббаттың мөлдірлігі мен абзал даналығын, аскақ өнердің мұрат-мүддесін терең ұғынып, өз жанынан жаңғырық, үндестік табуға ұмтылушылық та бар. Жазушы осындай жайдары, жарқын қасиеттерді тұл өмірде болған тұрпайылық пен топастыққа, пасықтық пен надандыққа әрдайым карама-қарсы қоя отырып суреттейді. Оның сол кезеңдегі ең басты шығармашылық мұраты да осы орайда мол сезіледі.

М.Әуезовтің алғашқы кезеңдегі таңдаулы шығармалары жазушының шығармашылық эволюциясын айқын аңдатумен бірге оның суреткерлік ересен шеберлігін және еңсесі биік, арнасы кең, озық үлгілі әдебиеттерден жемісті, нәрлі тағлым алғандығын да қапысыз танытады.

Ең алдымен атап айтарлық жәйт – М.Әуезов өзінің майталман суреткерлігін, тілінің ғажайып молдығы мен бейнелілігін, әлеуметтік халдердің де, жеке адам өмірінің де небір қалтарыс түпкірлеріне барлап үңілер байқағыштығын да әуел бастан көрсетті. Жинаққа енген шығармалардың талай-талайынан-ақ жазушының сықырлы шеберлігін сүйсіне сезінбей қалмайсың. Бұл ретте М.Әуезов тұрғылас қаламдастарының көбінен оқшау танылады. Ол – палитрасы өте өзгеше, колориті мейлінше мол да алуан, көркемдік бояулары қуарып сембей, саркылып жадау тартпай, құбыла құлпырып тұратын суреткер. Оның кейіпкерлерінің арасынан алуан тағдырлы, сан қилы жандарды көреміз – ішінде ақылдысы мен аяры да, ізгісі мен карауы да, ері мен езі де бар. Жазушы солардың бірде-біреуін өз деңгейінен асырмай, болмыс-бітіміне, шама-шаркына шактап нәзік көрегенділікпен, аскан алғырлықпен суреттейді.

М.Әуезовтің шеберлікті ерте шыңдауына оның табиғи зор талантына қоса орыстың классик жазушыларынан жемісті үйренуі, орыс әдебиетінің қайнарынан мол сусындауы да ерекше күшті әсер еткені даусыз. Барлай қарасақ, жазушының алғашқы кезеңдегі шығармалары өздерінің негізгі бағытымен орыстың классикалық әдебиетінің гуманизмімен, ондағы қарапайым жандардың тағдырына зер салып, оларды іш тарту сарынымен ұласып, табысып жатқанын анық сеземіз.

Ал «Қараш-Қараш оқиғасы» повесіне ұлы Горькийдің қуатты әсері болғанын бір кезде жазушының өзі де атап

айткан-ды. Расында да, повесть кейіпкерінің тағдыры мен автордың оған қатынасынан, оның негізгі тенденциясы мен бағытынан, тіпті көркемдік тәсілінен де қазақ жазушысына Горький әсері, даусыз дарығанын көреміз.

Академик жазушы С.Мұқанов бұдан бірнеше жыл бұрынғы бір мақаласында: «1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы еуропалық прозаның дәрежесіне көтерілді» деп, мейлінше әділ де тура көрсеткен еді. Осы бағаны М.Әуезовтің алғашқы кезеңдегі шығармаларының ең үздік, ең таңдаулыларына тұтастай арнауға әбден болады да. Сонымен бірге бұл шығармаларда үлкен жазушымыздың кейін кемеліне келген ұлан-ғайыр шығармашылығының алғашқы бұлақ бастауы, оның шабытты өнерінің үдеп өскен жолдары, із-бедерлері бар.

Ел өмірінің айнасы

Жазушының ең көлемді әрі аса нәрлі шығармасы – оның Абай туралы реалистік романдары. М.Әуезовтің Абай туралы бұл эпопеясы оның өз шығармашылығының ғана емес, сонымен бірге бүкіл қазақ кеңес әдебиетінің асқары, көп ұлтты кеңес әдебиетінің ең үздік үлгілерінің бірі болып табылады.

Әрбір үлкен суреткердің өзіне ерекше жақын, іштей туыса қабысып кеткен тақырыптары болады. Өзін толғандырған мұндай тақырыптың шынайы да кемел көркемдік шешімін табу жолында ол ұзақ жылдар бойына сарыла еңбек етеді. Суреткердің сол игі мақсатын ада қылу үшін бүкіл өмірін, шығармашылық қайрат-қажырын қайтарусыз арнайтын шақтары да болады. Адам баласының көркемдік ойының ғажайып туындылары саналатын және оның мәдени тарихының әр кезеңінде тұтас дәуірлер құрған нағыз ұлы, классикалық шығармалар осындай ұлан-асыр еңбек, адам айтқысыз шығармашылық күш-қуат жұмсаудың арқасында ғана туған.

М.Әуезовтің осындай сарыла ізденген, ұзақ уақыт бойына шұғылданған тақырыптарының ең бастысы, негізгісі – халқымыздың ардагер перзенті, ұлы ақыны Абайдың өмірі,

оның әлеуметтік-ағартушылық және ақындық қызметі. Бұл тақырып оның шығармашылық өмірінің өрісті өзегіне, жазушылық еңбегінің мағынасы мен мақсатына айналды.

Кеменгер Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеп жинау, оның шығармаларын бастырып шығару және ұлы ақынның тұлғасын көркем әдебиетке мүсіндеу ісімен М.Әуезов жиырма жылдан аса уақыт бойына шұғылданды. Бұл салада оның сіңірген еңбегі мейлінше мол әрі жемісті. Өзгесін былай қойғанда, жазушының Абай туралы реалистік кесек романдары – осының айқын айғағы. Өзінің бұл романдарында ұлы ақынның алып тұлғасын жазушының шынайы бейнелегендігі соншалық – Абай есімін атағанда М.Әуезовтің ол туралы тамаша шығармалары еске еріксіз қоса түседі. Бұл сол романдарда халқымыздың мақтаны, даңқы болған кеменгер Абайдың өлмес-өшпес, жанды бейнесі барлығын танытса керек.

Абайдың өмірін, әлеуметтік қызметін, шығармашылығын зерттеп, материалдар жинап, оның ғылыми биографиясын жасауға ең тұңғыш көңіл қойғандардың да бірі – М.Әуезов. «Абай» романында ол ұлы ақынымыз Абайды, оның шығармашылық мұрасын мейлінше дұрыс бағалай алды. Абай туралы романның аса табысты, сәтті шығуы да оның авторының саяси-идеялық дұрыс бағытта болуынан, жазушының суреткерлік шеберлігінің толыса, кемелдене жетілуінен еді.

М.Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабы 1942 жылы, ал екінші кітабы 1947 жылы жарыққа шықты. Сол уақыттан бері қарай бұл роман қазақ тілінде талай рет басылып шықты, орыс тілінде 12 рет басылды және көптеген кеңес халықтарының, шетел халықтарының тілдеріне аударылды. Бұл – жазушының Абай туралы романдарының уақыт сынынан мүдірмей өтіп, халықтың рухани қазынасына елеулі үлес болып қосылғанын көрсетеді.

Ұлттық мәдениеттің өскенін, есейгенін аңдататын реалистік көркем проза қазақ әдебиетінде тек кеңес дәуірінде туып қалыптасқанын еске алсақ, бұл жанрдың ең бір жас саласы – тарихи проза еді.

Жалпы, тарихи тақырып біздің кеңестік әдебиетімізде көрнекті орын алады. Кеңес жазушылары социалистік Ота-

нымыздың бүгінгі бейнесін, тамаша замандастарымыздың өмірі мен ісін өздерінің шығармаларында толық, шынайы етіп суреттеуді басты міндет ретінде қоюмен бірге халқымыздың өткендегі өмірін, оның даңқты ұлдарының іс-әрекеттерін көрсетуді де шығармашылық назарынан қағыс қалдырмайды.

Тарихи тақырыпқа арнап шығарма жазу – кеңес суреткері үшін дара мақсат немесе өткен күннің елестеріне әншейін қарайлау да емес. «Өткенді білу – қажет, мұндай білімсіз өмірде жаза басасың және сол бір лас, қан-сөкта батпаққа қайтадан батуың ықтимал. Владимир Ильич Лениннің ілімі бізді бұл батпақтан аршып алып, бақытты, ұлы болашаққа апаратын даңғыл жолға шығарды» деп жазды А.М. Горький. Пролетариаттың ұлы жазушысының осы бір сөздерінде кеңестік тарихи беллетристиканың маңызы мен ерекшеліктері, оның алдындағы міндеттері тұжырымды да айқын белгіленген. Сонымен бірге тарихи жанрда туған шығармаларға, оның ішінде біз сөз етіп отырған «Абай», «Абай жолы» романдарына баға бергенде ұлы ойшылдың бұл сөздерін әрдайым есте ұстау қажет. Өйткені бұл романдар – кеңестік тарихи беллетристиканың таңдаулы үлгілерінің бірінен саналумен бірге осы саладағы шығармашылық тәжірибені мол игеру нәтижесінде туған және оны белгілі дәрежеде байыта түскен шығармалар.

Социалистік реализм әдебиетінің бөлінбес бір саласы болып табылатын тарихи жанр кеңестік дәуірде соны, айрықша сипаттарға ие болды. Социалистік мазмұндағы жаңа әдебиетіміз шарықтап өскен сайын кеңестік тарихи беллетристика да өткен дәуірлердің тереңіне молырақ үңіліп, тарихи тақырыпты жемісті игеріп отырды.

1917 жылғы Қазанның дауылды күндерінде кескілескен күрес арқылы азаттық алған еңбеккер халық жаңа дүние жасау жолындағы іске белсене кірісті. Коммунистік партия халықты тарихи шығармашылыққа жұмылдырды. Жаңа қоғамның туындысы – социалистік мәдениетті жасау міндеті де алға ең бір келелі, өмірлік қажет проблема ретінде тартылды. Әрине, социалистік жаңа мәдениет көктен түсе салмақ емес және оны жалаңаш, тұлдыр жағдайда жасауға да ешбір болмайтын еді. Коммунистік партия және оның кеменгер

көсемі Ленин бүкіл халыққа және соның ішінде идеология майданының қызметкерлеріне де адам баласының ақыл-ойы ғасырлар бойы жинап құраған мәдени мұраны сын көзімен қарап іріктеп пайдалана отырып қана социалистік жаңа мәдениет жасауға болатындығын әрдайым ескертіп отырды.

Жаңа дүниенің биігінен қарағанда өткен өмірдің күнгей де көлеңкелі жақтары әсіресе айқын танылатын еді. Өткеннен қалған мәдени мұраны іріктеп пайдаланумен бірге сол өткенде болған оқиғалар мен құбылыстарға жаңа заман тұрғысынан қарап баға беру, олардың тарихи мәнін түсіндіру қажеттігі туды. Кеңес әдебиеті бұл міндетті көркем образдар арқылы шешуге тиіс болды. Сондықтан да көптеген кеңес жазушылары тарихи тақырыпқа назар аударды. Сөйтіп, жас кеңес әдебиетінің тарихи жанрында бірсыпыра күрделі шығармалар туа бастады. Осыны атап көрсете келіп, 1931 жылы А.М. Горький былай деп жазды: «Дегенмен, байқаусыз түрде бізде шын мәнісіндегі және аса көркем тарихи роман жасалды... Революцияға дейінгі әдебиетте мұндай роман болған жоқ еді».

Кеңестік тарихи роман жанрының туып қалыптасуына орыстың өткен ғасырдағы классикалық әдебиетінің осы саладағы көркемдік тәжірибесі және кеңес әдебиетінде туған үздік те кесек шығармалардың өздерінің де идеялық-көркемдік қуаты мол әсер етті. Бұл ретте А. Фадеевтің «Тасталқан», А. Серафимовичтің «Темір таскын», Фурмановтың «Чапаев» атты романдары сияқты, социалистік революция мен азамат соғысының күрделі оқиғаларын, халықтың тарихи тағдыры мен күресін кеңінен әрі шынайы бейнелеген шығармаларды ерекше атау қажет. Аталған жазушылардың тарих тынысын, дамудың тенденциясын дұрыс сезіне білуі бұл шығармалардан терең де жарқын танылады.

Кеңестік тарихи роман ең алдымен орыс кеңес әдебиетінде туып өрістеді. Тарихи жанрдың жиырмасыншы жылдардағы тәуір үлгілері – А.Чапыгиннің «Степан Разин» (1926), О.Форштың «Замандастар» (1926), Ю.Тыняновтың «Кюхля» (1925), «Уәзір Мұхтардың өлімі» (1927), Г.Штормның «Болотников туралы повесть» (1929) атты шығармалары еді. Қазіргі күннің биік тұрғысынан қарағанда, бұл шығармалардың кейбіреулері өздерінің құндылығын

біраз әлсіретті. Дегенмен, кеңестік тарихи беллетристиканың туып қалыптасу кезеңіндегі осы жанрдың ерекше белгілері мен сипаттарын жоғарыда аталған романдар мен повестерден анық көруге болады.

Ұлы суреткерлердің барлығы да тарихи тақырыпқа назар аударғанда алдарына әрдайым зор мақсаттар қойып отырғаны әдебиет тарихынан жақсы мәлім. Мысалы, Пушкин өзінің «Мыс салт атты», «Борис Годунов», «Полтава» сияқты тамаша шығармаларын, Л.Толстой «Соғыс және бейбітшілік» атты ғажайып эпопеясын жазғанда өздерінің патриоттық ойларын барынша жарқын бейнелеу үшін орыс халқының тарихындағы кесек оқиғаларға мейлінше бай, шоқтығы биік кезеңдерді әдейі таңдап алды. Өйткені тарихтың дәл осындай шешуші кезеңдерінде халықтың ұлттық характері мен елдік қасиеттері әсіресе айқын көрінетінін олар жақсы түсінді. Тарихи романшының шығармашылық қызметіндегі осы ерекшелікті жазушы А.Толстой ұтымды аңғартты. «Орыс халқының сырын, оның ұлылығын түсіну үшін оның өткен өмірін, біздің тарихымызды, сол тарихымыздың түбірлі кезеңдерін, орыс характерін, қалыптасқан трагикалық және шығармашылық дәуірлерді терең де жақсы біліп алу қажет» деп жазды ол.

Жоғарыда айтылғандарды Абай туралы романдардың авторына да арнау әбден лайықты. Расында да, ол қазақ халқының тарихындағы Абайдай зор тұлғаны және оның дәуірін бейнелеуге саналы түрде әрі суреткерлік ынтызарлықпен беріле койды. Өйткені Абай өмір сүрген XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының өмірінде аса елеулі маңызы бар оқиғалар, ілгерілеулер болды. Бұл – ғасырлар бойы қараңғылыққа тұншығып келген халықтың надандық пен тағылықтан мәдениетке, жарыққа қарай қажырлылықпен ұмтыла бастаған кезеңі еді. Ал Абай халықтың осы ілгерішіл қозғалысының алғы легінде болды және сол халықтың ақындық қуаты мен аяулы ой-арманы Абайдың бойында ұласа тоғысқан. Міне, жазушының халқымыздың ұлы ақынының нұрлы бейнесіне және ол өмір кешкен дәуірдің сипатына назар аударуының, негізгі бір себебі осында болса керек.

Кеңес әдебиетінде тарихи жанр туралы түсініктің өзі жаңа сипатқа ие болды. Біздің әдебиетімізде қазіргі күннің

тақырыбы мен тарихи тақырып өзара қайшы келмейді, бірін-бірі жоққа шығармайды. Өйткені тарихи жанр – кеңес әдебиетінің мол әрі бөлінбес бір саласы. Тарихи тақырыпқа деген осындай көзқарас кеңестік тарихи беллетристиканың жемісті дами беруіне қолайлы жағдай жасады.

Біздің елімізде социалистік қоғамды түпкілікті орнату жолындағы бүкілхалықтық күрес кеңінен өріс алған кезеңде бүкіл кеңес әдебиеті сияқты, тарихи жанр да жаңа белге көтерілді. Бұл кезде тарихты оқып үйрену, зерттеу, оны көркем бейнелеу – біздің мемлекетіміздің, біздің партиямыздың ісі үшін және өсіп келе жатқан ұрпақты оқытып үйрету үшін аса қажетті факторлардың біріне айналды. Осының нәтижесінде кеңестік тарихи беллетристикада А.Толстойдың «Бірінші Петр», «Астық», Сергеев-Ценскийдің «Севастополь қорғаны», Новиков-Прибойдың «Цусима», В.Шишковтың «Емельян Пугачев», С.Бородиннің «Дмитрий Донской», Антоновскаяның «Ұлы Моурави» романдары сияқты тамаша шығармалар туды.

Кеңестік елімізде жасалған мәдени революция әдебиетіміздің тарихи жанрының алдына өткендегі мәдениеттің көрнекті қайраткерлерінің өмірі мен қызметін бейнелеу, мәдени мұра туралы тақырыпты мол да терең игеру міндетін шұғыл тартты. Осыған байланысты орыс кеңес әдебиетінде ұлы Пушкин туралы көптеген шығармалар (С.Сергеев-Ценский, И.А.Новиков, В.Вересаев және басқалардың романдары мен повестері) жазылды. Бұлардың ішінде Новиковтың «Пушкин Михайловскіде», «Пушкин оңтүстікте», Ю.Н.Тыняновтың «Пушкин» романдарында ұлы ақынның тұлғасы шынайы да тартымды бейнеленді. М.Әуезовтің Абай туралы болашақ романдарының кейбір үзінділері де («Татьянаның қырдағы әні») осы кезде тұңғыш рет жарыққа шықты.

Кеңес жазушыларының отызыншы жылдарда жазған таңдаулы тарихи шығармаларында тарихи беллетристиканың алдына әрдайым қойылып келген аса күрделі бір проблема – жекелеген кейіпкер мен халықтың өмірін бөлінбес тұтастықта суреттеу, олардың арасалмағын дұрыс белгілеу проблемасы табысты түрде шешілді. Бұл ретте кеңес жазушылары марксизм-ленинизм классиктерінің тарихи

қозғалыста халықтың және жекелеген кейіпкерлердің атқаратын рөлі туралы қағидаларын басшылыққа алды. Сөйтіп, кеңестік тарихи романда өнер мен маркстік-лениндік тарихи ғылым қабыса ұштасады. Әрине, бұдан кеңестік тарихи роман көркем шығармалық қасиетін жоғалтып, тарихи хроникаға немесе ғылыми зерттеуге айналып кетеді деген ұғым тумаса керек. Кеңес жазушылары өткендегі құбылыстарға маркстік-лениндік тұрғыдан қарайды. Сондықтан да олар бейнелі түрде ойлауды тарихи құбылыстарға ғылыми талдау жасай алушылықпен шебер байланыстырады. Кеңестік тарихи романның осы ерекше сипаты жазушыларымыздың өткенде болған оқиғаларды, тарихи процестерді барынша тұтас әрі жан-жақты суреттеуіне мүмкіндік береді. Жекелеген кейіпкерлерді халықтан, оның тарихи қозғалысынан бөліп алып даралап бейнелеу, оларды орынсыз да лайықсыз әсірелей дәріптеу кеңестік тарихи романның табиғатына мүлдем жат. Кеңес жазушыларының таңдаулы тарихи шығармаларының барлығында да негізгі ұнамды кейіпкерлер халықпен ажырамас тұтастыққа алынады, олар халықтың алға қарай ұмтылған қажырлы еркі мен күресін, оның ең бір жарқын да асыл ой-арманын білдіруші ретінде бейнеленеді.

Бұл ретте кеңес жазушылары орыстың өткен ғасырдағы классиктерінің тарихи жанрдағы шығармашылық тәжірибесін де мол пайдаланды. Орыстың классикалық әдебиетінің өресі биіктігі, озықтығы бұл салада, яғни тарихи тақырыпты игеруде де айқын көрінген еді.

Буржуазиялық тарихшылар және солардың теориясымақтарын ұстаған жалған бағыттағы жазушылар тарихи шындықты бұрмалап отырды. Олар халықтың қалың бұқарасын әншейін көрсоқыр тобыр ретінде бейнелеуге, оның тарихи тағдырын жекелеген кейіпкерлердің өмірі мен іс-әрекетіне тәуелді етіп көрсетуге тырысты.

Тарихи шығармада халық пен жекелеген кейіпкерлерді суреттеуде тіпті Батыстың прогресшіл бағыттағы көрнекті жазушыларының өздері де қайшылыққа ұрынбай қалмады. Вальтер Скоттың тарихи романдарына баға бере келіп, Бальзак былай деп жазды: «Ол кітапқа сюжет етіп кесек оқиғаларды ешқашан да таңдаған жоқ, бірақ ол сол оқиғаларды байыптылықпен түсіндірді. Бұл ретте ол зор

саяси фактілердің биік өрісіне көтерілудің орнына дәуірдің рухы мен мінез-құлқын суреттеді».

Шынында да, Вальтер Скоттан бастап Батыстың тарихи романшылары өздерінің шығармаларында ірі тарихи кейіпкердің өмірбаянын емес, ойдан шығарылған әредік кейіпкердің тағдырын ең алдыңғы планға қойды. Және бұл жасанды әредік кейіпкер «тарихтың рухын» білдіруге тиіс болды. Осы принцип Батыс Еуропа әдебиетіндегі реалистік және романтикалық тарихи романның қай-қайсысының үлгілерінен де анық байқалады. Мысалы, өзінің «Пармский монастырь» романында Наполеонның өміріне байланысты оқиғаларды мол суреттегендігіне және сол дәуірді терең түсінгендігіне қарамастан Стендаль Наполеонды өз шығармасының негізгі кейіпкері ретінде бейнелемеді. Тарихи оқиғаларды суреттеуде де ол осындай бағыт ұстады. Наполеонның тарихи тағдырын шешкен Ватерлоо түбіндегі шайқасты жазушы ойдан шығарылған кейіпкердің көңіл тұрғысынан, жас романтик Фабрицонның өміріндегі әншейін бір эпизод ретінде ғана суреттейді. Сөйтіп, жазушы аса зор тарихи оқиғаларды хроникаға айналдырады, оларды жасанды кейіпкердің тағдырын бейнелеу үшін қажетті сырткы ая ретінде ғана алады.

Теккерей мен Гюго да өздерінің тарихи романдарында осындай эстетикалық бағыт ұстады. Мысалы, Гюго «Токсан үшінші жыл» аты белгілі романында француз революциясының оқиғаларын хроникалық күйде суреттейді. Ал революциялық козғалыстың Робеспьер, Марат, Дантон сияқты көсемдері оқиғалар қалыңына араласпай, тым сирек бой көрсетеді. Мұның есесіне жазушы өзінің ойдан шығарған кейіпкерлері – Лантенак, Мишель Флешар, Товэн, Симурдэн және басқаларды кесек тұлғалар ретінде суреттейді.

Орыстың өткен ғасырдағы классикалық әдебиетінде жағдай мүлдем басқаша. «Барлық бастаулардың бастауы» (Горький) болған Пушкиннің бұл саладағы еңбегі де ұлан асыр. Пушкин өзінің теориялық ой-пікірлерінде тарихи романшының «корольдар мен кейіпкерлерге құлдық ұра табынуына» қарсы шықты. Тарихи тақырыпты игерудегі өзінің принциптерін тұжырымдай келіп, Пушкин былай деп жазды: «Трагедияда өрістейтін не, оның мақсаты қандай? Бұл – адам мен халық. Адамның тағдыры – халықтың тағдыры».

Осындай эстетикалық-көркемдік принципін Пушкин өзінің тарихи жанрдағы шығармаларында берік әрі дәйекті түрде қолданды. «Борис Годунов», «Капитан қызы» және басқа да тамаша шығармаларында Пушкин өзінің жекелеген кейіпкерлерін халықпен тығыз байланыста алды және олардың тағдырын, іс-әрекетін халықтың ілгерішіл қозғалысына сәйкестендіре отырып суреттеді. Сөйтіп Пушкиннен бастап орыстың классикалық әдебиетінің тарихи жанры жаңа әрі жемісті бағытта дамыды.

Орыс әдебиетіндегі осы тарихи бағыттың ерекшеліктеріне және оның беталысына тоқтала келіп, ұлы сыншы Белинский мынадай тұжырым жасады: «Бұл – өткен өмірге қазіргі заманның көзқарасы, немесе ғасырдың ойы, қасіретті сыры, немесе уақыттың жарқын қуанышы: бұл сословиенің мүдделері емес, бірақ қоғамның мүдделері, яғни бұл – идеалдық және асқақ мағынасындағы ортақ нәрсе... Біз қазір мынаны жақсы білеміз: әрбір халықтың және бүкіл адам баласының ой-санасының белгілі бір дәуірдегі көрінісі саналатын өнер – сол халық өмірінің тынбай соғатын тамыры тәрізді, сондықтан да өнердің дамуы мен тарихы халықтың немесе адам баласының дамуымен және тарихымен тығыз байланысты».

Тарихи жанрдың ерекшеліктері мен табиғаты туралы, әдебиеттің бұл саласында еңбек ететін жазушылардың міндеттері мен мақсаты туралы айтылған, шығармашылық қызметке басшылыққа алынатын мұндай өрелі, байсалды ойпікірлерді орыстың басқа сыншылдары мен ойшылдарының еңбектерінен де мол ұшыратамыз.

Сөйтіп, кеңес жазушылары классикалық орыс әдебиетінің тарихи жанрда жиған шығармашылық тәжірибесі мен орыс сыншыларының осы мәселе жайындағы озық ойларынан да мол нәр алды. Кеңестік тарихи беллетристика классикалық тарихи романның халықтығын, гуманистік және басқа да таңдаулы сипаттарын өзіне мирас етті. Осылайша, әрі сыншыл реализм әдебиетінің таңдаулы үлгілерін шығармашылық түрде пайдаланудың, әрі жаңа дәуір тудырған өнердің бай да құнарлы тәжірибесімен молыға түсудің арқасында тарихи жанр кеңес әдебиетінде тез кемелденіп өсті.

Кеңестік тарихи роман ең озық тарихи көзқарас – марксизм-ленинизмге негізделеді. Сондықтан да ол, мейлі дәуірді

бейнелесе де, дамудың жетекші, шешуші тенденцияларын танып, іріктеп ала біледі. Кеңестік тарихи романның елеулі де маңызды сипаттарының бірі – оның тарих тұңғиығына мақсатсыз да бағдарсыз бойлай бермей, ең бір өрелі мезеттерге, халықтың ілгерішіл қозғалысы мейлінше айқын көрініс берген кездерге құлаш ұруы. Кеңестік тарихи романда халық өзінің алға басуымен және ара-тұра адасуымен, қуатты да әлсіз жақтарымен тұтас алынып, реалистік түрде суреттеледі. Тарихи шындық суреткерден осыны талап етеді. Жазушы қашанда тарихи дамудың перспективасынан көз жазбауға, өткенге бүгінгі күннің биігінен қарауға тиіс. Кеңестік тарихи беллетристиканың тәжірибесі осыны айқын аңғартты.

Жалпы алғанда, тарихи тақырыпты игеру міндеті кеңес әдебиетінде жемісті шешіліп келеді. Мұны әдебиеттің өз шындығынан әсіресе анық танимыз. Өткендегі қайраткерлер туралы шығармалар тек орыс кеңес әдебиетінде ғана емес, сонымен бірге ұлт әдебиеттерінде де аз жазылған жоқ. Бұл – көп ұлтты кеңес әдебиетінің айрықша тән сипаттарының бірі болып табылады. Бұл ретте өзбек жазушысы Айбектің Әлішер Науаи туралы кітабы, Н.Рыбактың «Переяслав радасы», Л.Митерконың «Мәңгі бірге», С.Вургунның «Хандар» атты шығармаларын атап айтуға керек. Кеңестік тарихи беллетристиканың осындай шығармаларының ішінде М.Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы» романдарының алатын орны ерекше. «Қазақ жазушысы Мұхтар Әуезовтің қазақтың ақыны әрі ағартушысы Абай Құнанбаевтың өмірі мен қызметі туралы жазылған «Абай» атты талантты тарихи романының кеңес оқушыларының қалың көпшілігін қызықтыратындығы талассыз, – деп жазды орыс кеңес сыншысы С.М. Петров, – роман қазақ халқының өткендегі өмірі мен тұрмысын, оның жарқын болашаққа, патшалықтың езгісінен азат болуға деген үмітін кеңінен камтиды. Автор қазақ халқының ұлттық характерін, оның әлеуметтік әділетті аңсауын, оның Абайдың жеке басында соншалықты жарқын көрінетін поэзияға, туған далаға деген сүйіспеншілігін ашады. Рас, даланың көшпелі тұрмысының романтикалық суретімен әуестенген жазушы романының бірінші бөлімінде қазақ ауылдарын талауға салған таптық қайшылықтарды

терең ашпады. Романның соңғы бөлімдерінде М.Әуезов Абай дәуірінің әлеуметтік-тарихи мазмұнын саралап ашады, кедейлердің байлармен тартысын көрсетеді, орыстың алдынғы қатарлы демократиялық интеллигенциясының Абайдың көзқарастары мен қызметіне еткен әсерін баса көрсетеді. Әуезов романының қазақ кеңес әдебиетін дамыта берудегі маңызы ерекше. Бұл роман кеңестік тарихи жанрдың аса көрнекті шығармасы болып табылады».

Біздіңше, М.Әуезовтің Абай туралы романдарының ерекшеленіп көрінетін құнды сипаттарының бірі – қазіргі күн мен тарихтың, суреткер мен ол бейнелеген дәуірдің арақатынасынан туатын аса маңызды проблеманы жазушының дұрыс шеше алғандығында. Көркемдік кемелдік, кейіпкерлердің психологиялық нәзік сипаттамаларының тарихи дәуірдің кең көріністерімен ұласып келуі сияқты, кеңестік тарихи романның таңдаулы белгілерін М.Әуезовтің романынан айқын көреміз. Жазушы өткенге енжар да салғырт қатынаста емес. Ол тарих тереңіне қазіргі заман аркылы өтіп барып үңіледі.

Осы тұста тарихи жанрдың қазақ кеңес әдебиеті үшін ерекше бір мәні барын атап айту қажет. Бұл біздің ұлттық өміріміздің өзгешелігінен, мәдениетіміздің даму ерекшеліктерінен келіп туады.

Революцияға дейінгі қазақ әдебиеті, негізінен поэзия жанрында өрістеп дамыды. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері, Абайдың қарасөздері, Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Спандияр Көбеевтің кейбір прозалық шығармалары біздің әдебиетімізде реалистік кесек прозаның туғандығын, әрине, белгілей алмады. Революцияға дейінгі алдыңғы қатарлы қазақ ақындары мен жазушыларының шығармаларынан сол кездегі халық өмірінің көптеген шынайы да көркем көріністерін табамыз. Бірақ олар өздері өмір сүрген кезеңнің барлық күрделі құбылыстары мен оқиғаларын барынша толық, тауыса да сарқа суреттеді, тұтас қамтыды дей алмаймыз. Бұл айтылған тіпті ұлы Абайдың өзіне де қатысты. Сөз жоқ, Абайдың ғажайып көркемдік қуатқа толы тамаша шығармаларынан оның туған халқының ой-арманын, сезімтілегін аңғарамыз, ақын өмір кешкен дәуірдің типтік сипаттарын табамыз. Бірақ ұлттық жазба әдебиеттің балаңдығы, оның күрделі жанрларының туып қалыптасып үлгерме-

гендігі Абайдың талантын тұмшалап, оның шығармашылық мүмкіншіліктерінің өрісін тарылтқандығы да даусыз. Сондай-ақ бір халықтың тұтас жарты ғасырлық өмірінің тек екі ғана ақынның – Абай мен Ыбырайдың шығармашылығында түгелдей қамтылуы тіпті мүмкін де емес еді. Оның үстіне Абай мен Ыбырай өмір сүрген XIX ғасырдың екінші жарымы – қазақ халқының ұлттық өміріндегі күрделі оқиғаларға мейлінше бай, прогресшілдік сипаты терең де мол, аса елеулі кезең болғандығын да ескеру қажет. XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиетіміздің көрнекті өкілдері С.Торайғыров, С.Дөнентаев, С.Көбеевтің шығармашылығына байланысты да осыны айтуға болады.

Ал өткен ғасырда бүкіл әлемді таңғалдырған классикалық әдебиеті, Пушкин, Гоголь, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Гончаров, Некрасов, Толстой, Чехов сияқты ғажайып суреткерлері болғандығына қарамастан, орыс кеңес әдебиетінің өзінде де тарихи жанр мейлінше мол әрі ерекше орын алатынын еске алсақ, қазақ әдебиеті тарихи тақырыпқа арналған тұлғалы шығармаларға қаншалықты ділгер болғандығы өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан да М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сияқты көрнекті қазақ жазушыларының тарихи тақырыпқа арнап көптеген күрделі шығармалар жазғандығын – олардың өткен өмір тақырыбына қарайлауы емес, бүгінгі күннің тілегіне жауап беру жолындағы жемісті де ізгі талаптанулары деп тану керек. Бұл айтылғандар қазіргі заман тақырыбы – қазақ кеңес әдебиетінде жетекші орын алатындығын және алуға тиіс екендігін, әрине, жоққа шығармақ емес. Өйткені бұлай ету социалистік реализмнің принциптерін бұрмалау болып табылар еді.

Отызыншы жылдарда, әсіресе оның соңғы кезінде жас қазақ кеңес әдебиеті, әсіресе оның проза жанры елеулі шығармашылық табыстарға ие болды. М.Әуезовтің Абай туралы тарихи романының дәл осы кезеңде жазылуы кездейсоқ құбылыс емес еді. «Абай» романы тек оның авторының шығармашылық ізденулері мен өсуінің ғана емес, сонымен қатар белгілі дәрежеде бүкіл қазақ кеңес әдебиетінің дамып жетілуінің нәтижесінде туды және туа алды.

Егер жиырмасыншы жылдарда проза шағын жанрларымен ғана бой көрсетсе, ал отызыншы жылдарда қазақ

жазушыларының қаламынан көптеген көлемді шығармалар туды. С.Мұқановтың «Ботакөз», Ғ.Мұстафиннің «Өмір не өлім», С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым», Ғ.Слановтың «Арман ағысы», Ә.Әбішевтің «Армансыздар», тағы басқа көптеген роман, повестер – осы кезеңнің жемістері сді. Бұл ретте жазушы С.Мұқановтың «Ботакөз» (алғашқы аты «Жұмбақ жалау») романын, әрине, ең алдымен атауға керек.

С.Мұқановтың «Ботакөз» романы қазақ кеңес прозасының социалистік реализм әдісін игеру жолындағы елеулі табысы саналады. «Ботакөз» – тарихи-әлеуметтік роман. Рас, онда тарихта болған белгілі адамдар суреттелмейді. Бірақ типтік дәрежеге көтерілген жинақты образдар арқылы жазушы өзі таңдап алған дәуірді тарихи-нақтылы бейнелейді. Сонымен қатар жазушы сол бір кездегі тарихи дамудың бет-алысын, ішкі мәнін көрсететін әлеуметтік құбылыстар мен оқиғаларды кеңінен қамтып, іріктеп ала білген. С.Мұқанов оларды образды түрде суреттеп қана қоймайды, сонымен қатар сол оқиғалар мен құбылыстарға баға да беріп отырады. Тарихи шығарманың негізі – тарихи шындық болса, осы тарихи шындық «Ботакөз» романында терең де көркем бейнеленген. Бұл романнан дүниежүзілік бірінші соғыс, социалистік Ұлы Қазан революциясы кезінде және Кеңес өкіметі орнауының алғашқы жылдарында Солтүстік Қазақстанда болған әлеуметтік сілкінулер мен тарихи оқиғалардың реалистік көріністерін мол табамыз. Қорыта айтқанда, «Ботакөз» – қазақ кеңес прозасындағы тұңғыш реалистік роман болып табылады.

Өзінің қаламдас жолдастарының осындай шығармашылық тәжірибесінен, әсіресе олардың тарихи тақырыпты игерудегі тәжірибесінен М.Әуезов, сөз жоқ, мол үйренді және бұл ретте оның танытқаны да аз емес. Сондай-ақ, «Абай» романын жазғанға дейін бұл бағытта, яғни тарихи тақырыпты игеру саласында М.Әуезовтің өзі де мол әрі ұзақ ізденгенін ескеру қажет. Жазушы «Абай» және «Абай жолы» романдарына дейін де көптеген шығармалар жазғандығы және қалай жазғандығы жайында жоғарыда тоқталдық. Сол шығармаларының таңдаулылары М.Әуезов үшін өз шеберлігін жетілдіру мектебі, іздену жемістері болды. Жазушының сол шығармалары оны Абай туралы тамаша ро-

мандарын жазуға шығармашылық жағынан белгілі дәрежеде дайындағаны да даусыз. Бұл ретте жазушы бұрынғы суреттеу құралдары мен тәсілдерін ғана емес, сонымен бірге, ертедегі кейбір шығармаларындағы тұтас эпизодтар мен бөлшектерді де өзгерте, кеңейте отырып пайдаланған. Мысалы, 1934 жылы жазылған «Үш күн» атты әңгімелеріндегі Талпақ пен Сарыауыздың оқиғасын автор «Абай жолының» бірінші кітабының «Қоршауда» атты соңғы тарауында Қалдыбай деген кудың айдап салуымен өзара төбелесіп қалатын екі аусар жігітті суреттеу үшін пайдаланған. Сондай-ақ «Абай жолының» соңғы кітабының «Қастықта» атты тарауындағы Оразбай, Әзімбайлар аттандырған Тобықты ұрылары мен Көкен елі жігіттерінің арасындағы айқас суреттелетін беттерден жазушының 1925 жылы жазған «Барымта» атты әңгімесіндегі оқиғалардың ізін байқау қиын емес.

Сол сияқты жиырмасыншы жылдардың орта кезінде жазған «Жуандық» атты әңгімесіндегі бейнеленген кейбір оқиғаларды және оның негізгі кейіпкерінің тағдырына байланысты бірсыпыра жайларды жазушы «Абай жолының» бірінші кітабындағы жатақтар мен олардың егінін таптаған Әзімбайлардың арасындағы тартысты баяндайтын эпизодта толықтыра, тереңдете отырып пайдаланған.

Кеңес жазушыларының жоғарыда аталған, тарихи жанрда жазылған шығармалары да М.Әуезовке көп ой салды, шығармашылық септігін тигізді. Жазушы сол шығармаларды дәйектілікпен оқып зерттеп, олар туралы белгілі тоқтамға келді. Жазушының бұл шығармаларға қатынасы және олардан не үйреніп, не қабылдағаны оның мына сөздерінен әсіресе анық байқалады. «Мен шығармашылықтың адамы жөнінде жазылған романдарды көп оқып, көп зерттедім, – деп жазады М.Әуезов, – Олардың ішінде өзіміздің кеңес жазушыларының да, қазіргі батыс жазушыларының да шығармалары бар. Мұны айтқанда мынаны ескерткім келеді: мені оқығандарымның бәрі бірдей қанағаттандырған жоқ, бірін ұнатсам, бірін ұнатпадым. Бірақ екеуінің де пайдасы болды, екеуінен де үйрендім. Бірінен қалай жазу керектігін үйрендім, бірінен қалай жазбау керектігін үйрендім. Айталық, Батыс жазушысы Моруаның Байрон өмірін суреттеуі, әсіресе ақынның өз қарындасы Августамен

қарым-қатысын көрсетуі мені түңілдірді, мен мұндай кітапқа сырт айналдым. Бұлай жазбау керек деген байлауға келдім. Өйткені біздің кеңес оқушылары өткен дәуірдің данышпанын бұлайша суреттеп көрсетуді тілемейді. Оларға ақын басынан өткен кез келген кездейсоқ, биографиялық ұсақ-түйектерді жинып-теріп көрсетудің керегі аз, оларға ақын өмірінің ең бір есте қаларлық, тәрбие берерлік бағалы құбылыстарын, адам баласының прогресшіл тарихы үшін аса маңызды жайларын саралап, талғап суреттеп беру керек.

Мен өз жұмысымда, сөз жоқ, өзіміздің кеңес жазушыларының тәжірибесін пайдаландым. Оқушылар пікірін ескере отырдым, әртүрлі романдарға берілген жұртшылық бағасын байқап қарадым. Одақ көлеміндегі және республикалардағы алдынғы қатарлы сыннан үйрендім. Күресі, тағдыры халық өмірімен, халықтың тарихи тағдырымен, нұрлы келешегімен сабақтас, тамырлас жатқан ұлы ақын туралы жазатындығымды мен жақсы түсіндім. Бұл ретте мен Ю. Тыняновтың «Уәзір Мұхтардың өлімі» деген романы жөніндегі сын пікірлерді, әсіресе ондағы Грибоедовтың өмірі мен қызметі халық тарихынан бөлініп алынғаны басты кемшілік болып табылғанын қатты ескердім. Абайдың өмірі мен күресі арқылы сол дәуірдегі халық өмірін айқын суреттеп көрсетуім керектігін терең ұқтым» (М.Әуезов. «Абай» романының жазылу жайынан». «Әдебиет және өнер» журналы, №3, 1955 ж.).

Біз жазушының бұл мақаласынан мұндай үзіндіні әдейі келтіріп отырмыз. Өйткені жазушының тарихи тақырыпты игеруде және өзінің романымен тақырыптас шығармалардан шығармашылық жолмен үйренуге ұстанған принциптерін аңғаруда мұның ерекше қажеттілігі бар.

Әрине, әрбір жазушы немесе ақын өзінен бұрын болған және өзімен тұстас суреткерлердің шығармашылық тәжірибесін ескермей, оған назар аудармай отыра алмайды. Бірақ мұнымен де іс тынбайды. Әрбір ұлт әдебиетінің, сондай-ақ оның жекелеген шығармаларының туып қалыптасуында, жасалуында өзіндік ерекшеліктер, өзгеше белгілер болады. «Абай» романы сияқты, ұлттық сипаты ерекше мол шығармаларда мұндай ерекшеліктер әсіресе айқын көрінеді.

Халқымыздың өткендегі өмірі жайында, оның жекелеген қайраткерлері жайында қазақ жазушылары ерекше, үстеме

бір қиындыққа ұшырасады. Мұндай қиындыққа, әрине, М.Әуезов те тап болды. Бұл – қазақ халқының өткендегі тарихи-әлеуметтік жағдайларының ұлттық өмірінің өзгешеліктерінен келіп туатын қиындық. Өткен ғасырда мәдени жағынан артта қалып қойғандығының салдарынан қазақ халқының сол кездегі өмірі жайында бізге жеткен жазба деректер мүлдем жарытымсыз. Ал оның жекелеген қайраткерлері жайында жазылған мемуарлық еңбектер, зерттеулер, естеліктер атымен жоқ десе де болғандай. Бұл әсіресе Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты.

Бұл ретте М.Әуезовке шығармаларының нақтылы мазмұнымен, тақырыптық-идеялық сарындарымен Абайдың өзі көп жәрдемдескені күмәнсыз. Бірақ Абай өмірінің алғашқы кезеңін суреттегенде жазушы мұндай мүмкіндіктерді пайдалана алған жоқ. Өйткені Абайдың жастық өмірін, оның ақындық жолының алғашқы кезеңін баяндайтын мәліметтер, материалдар жоқ. Міне, өз кейіпкерінің өміріне байланысты, қажетті фактілер мен материалдар жинауға кездескен осындай қиыншылықты жазушы образды түрде былайша білдіреді:

«Әлдекашан бел асып кеткен көштің айдаладағы жұртына кешігіп жеткен жүргінші сөніп қалған от орнынан болмашы жалтыраған бір қызғылт шоқ тауып ап, оны демімен үрлеп тұтатпақ болды десек, романға материал жинаған менің халім де дәл сол әрекет сиякты еді.

Мен қарт адамдардың көмескі, жадында ұмыт болған көп нәрселерді қайта ойлатып, айтқызып алдым. Алпыстағы Әйгерімнің әжімді бетіне қарап, оның бір кезде Абайды тұткындаған жас шырайлы ғажап сұлу жүзін «калпына келтіруім» де әлгідей еді» (Жоғарыда аталған мақаладан).

Міне, осы айтылғандарға байланысты Абай жайында әркімдерден естігендерін, жұрт аузындағы аңыздарды сұрыптап саралауда, айырып тануда М.Әуезовтің әсіресе мол әрі толассыз еңбек етуіне тура келді. Осындай жемісті еңбектің нәтижесінде М.Әуезов Абай өмірінің биографиялық мәліметтерін ғана жете анықтап шығумен тынбай, ақынның бұрын баспа бетін көрмеген көптеген шығармаларын да тұңғыш рет тауып жинап алғанын да атап айту қажет.

М.Әуезовтің «Абай» романын жазудағы шығармашылық ізденулері мен еңбектенулерінің кейбір жайлары осындай.

Енді сол Абай туралы романдар жайындағы негізгі мәселенің өзіне ауысалық.

Тарихи тақырып біздің әдебиетімізде көрнекті орын алады дедік. Бірақ кеңес жазушысы халықтың өткенде өмір сүрген кемеңгерлерін, қайраткерлерін суреттегенде олардың жеке басындағы өмірін, шағын айналасын ғана көрсетумен тынбайды, бүкіл халықтың тағдыры мен тартысын бейнелейді. Халқымыздың өткендегі өмірін, тарихын суреттеу қазіргі кеңес жазушысы үшін дара максат емес. Ол өткенде болған оқиғаларды, әлеуметтік құбылыстарды, жеке адамдардың өмірі мен іс-әрекеттерін сол қалпында ала салмайды, оларды бүгінгі күннің биік тұрғысынан қарап екшейді, өңдейді, сөйтіп халық өмірінде ерекше мәні болған құбылыстар мен қозғалыстарды жинақтап, баса суреттейді. Тарихи тақырыпқа арналған шығармалардың ең таңдаулыларына тән осы қасиет пен ерекшелікті М.Әуезовтің «Абай» романының да бойынан табамыз.

«Абай» романында автор ұлы ақынның жеке өмірін, күресін ғана суреттеп қоймайды, сонымен бірге ақын өмір кешкен сол дәуірдің шындығын мейлінше мол әрі терең бейнелейді. Абайдың өмірі мен күресін шынайы суреттеу арқылы жазушы бүкіл халықтың өмірі мен тағдырын, күресі мен ілгері ұмтылуын және соның тарихи перспективасын ашып көрсетеді.

Романда суреттелетін оқиғалар өткен ғасырдың соңғы жартысын қамтиды. Бұл кезде Қазақстан Ресейге түгелімен қосылып болған және мұның прогрессшіл әсері қазақ халқының саяси-экономикалық өмірінде де, мәдени өмірінде де терең белгі бере бастаған. Қазақстанның Ресейге қосылуының нәтижесінде феодалдық-рулық тәртіптер мен ескі салттарға қатты соққы тиді, қазақ қоғамы аздап болса да ілгері басты, жетіле түсті, онда таптық ыдырау, жіктелу тереңдеді, соның негізінде қазақ даласындағы тап тартысы да өрши түсті, жаңа сипаттарға ие болды. Сөйтіп, феодалдық-рулық құрылыстың «тұнығы» қатты шайқалды. Бұл қосылудың тарихи маңызы осымен ғана саркылып қоймайды. Ресеймен қосылуының нәтижесінде Қазақстанға орыстың озық мәдениеті, оның таңдаулы дәстүрлері мол ықпал ете бастады, қазақ сахарасына орыс ойының сәулесі, орыс сөзінің қуаты

кеңірек таралды. Сол сәуле қазақ халқының да, оның алдыңғы қатарлы ұлдарының да көкірегін оятты, жарыққа бастады, сол қуат қазақ халқына оның күресінде қайрат-жігер берді.

Абай өмір кешкен дәуірдің осындай прогресшілдік сипаты М.Әуезов романында мейлінше терең әрі толық ашылған. «Абай» романын оқығанда бұнда суреттелген дәуір шындығын – феодалдық-рулық тартыстар мен әдет-ғұрып, салт-жоралғыларды, көшпелі тұрмысты, қазақ қоғамындағы таптық жіктелу мен өткір тартысты, әлеуметтік теңсіздікті, қарапайым еңбек адамының аянышты, азапты өмірін және өткен ғасырдың өзінде-ақ қазақ даласына орыстың алдыңғы қатарлы мәдениетінің әсері кең де терең тарала бастағанын, тағы сол сияқтыларды айқын көресің.

«Абай» – тарихи роман. Бірақ тарихи роман атаулының барлығын бірдей бір өлшемге салуға, бұл жанрдың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерінің өрісін тарылтуға болмайды. Шығармашыл адам туралы, яғни ақын болмаса суретші туралы романның басқа тарихи романдардан, қоғам қайраткерлері туралы шығармалардан өзгешелігі бар. Мысалы, «Бірінші Петр», «Емельян Пугачев», «Степан Разин», «Дмитрий Донской» сияқты шығармаларда олардың басты кейіпкерлерінің әлеуметтік қызметі баса көрсетілсе, олар халықтың қажырлы күресін басқарушылар ретінде суреттелсе, «Абай» сияқты романдарда, яғни шығармашыл қайраткер жайында жазылған шығармада негізгі кейіпкер өзінің шығармашылығымен де көрінеді. Бұл ерекшелікті М.Әуезов романынан айқын табамыз. Жазушы Абайдың әлеуметтік қызметін, іс-әрекетін оның шығармашылығымен тығыз байланыстыра отырып суреттейді, сөйтіп ақын шығармашылығының психологиясын терең ашады және оның шығармаларын нәрлендірген, туғызған әлеуметтік себептерді – ақын шығармашылығының түп төркінін де шынайы, нанымды көрсетеді.

Социалистік реализмнің принциптері жазушыдан өмірдегі ең басты, шешуші, тән нәрселерді сұрыптап ала біліп, типтендіруді талап етеді.

Буржуазиялық өнер мен әдебиетке тән ұсақтық кеңес әдебиетінің табиғатына мүлдем жат. Социалистік реализм әдебиетінің осы ерекшелігін жазушы дұрыс түсінеді. Ол

өз кейіпкерінің өміріндегі әлеуметтік мәні зор фактілерді таңдап, сұрыптап алады. Бірақ бұл романның сюжеттік құрылысына, композициялық тұтастығына ақау салмайды. Автор Абай өмірінің фактілерін шығарма сюжетінің өрбуіне, беталысына қарай лайықтап сұрыптамайды, қайта романның сюжеті мен композициясын кейіпкердің іс-әрекетіне сәйкестендіріп құрады. Сөйтіп, Горький айтқандай, сюжет романда характердің тарихын құрайды, автордың оны тереңдеп ашуына септеседі.

Романда Абай алуан түрлі қыры бар, шытырман, қат-кабат өмір кешеді. Автор оны сол заманның сипатын белгілеген кесек те күрделі оқиғалардың қалың ортасында көрсетеді. Абай романның әрбір тарауында өсіп, кемелденіп отырады.

Бірінші кітаптың ең басында Семейде оқып, ауылына қайтып келе жатқан бала шәкірт Абайды көреміз. Қыс бойы қалада болған, ауылын қатты сағынған жас шәкірт асыға ынтығып келеді. Ол айналадағы кең дүниеге, туған өлкенің бедеріне «соншалық бір туысқандық ыстық сезімімен, кешіріммен де қарайды. Жабыса, сағына сүйеді». Мұнда үлкен мән бар. Қазақтың ескі аулындағы өмір, тіршілік бейнесі идиллия емес екенін жазушы жақсы біледі, сондықтан да ол оны жалаң қызықтаудан аулақ. Бұл тараудағы бояуы тым қалың табиғат суреттерін, ауыл өмірінің көріністерін автор өзінің әлі ештеңеден сезік алмаған, түршікпеген жас кейіпкерінің түсінуі арқылы, соның ойы тұрғысынан алып береді. Өзі ынтығып, құштар болып келе жатқан сол далада адам айтқысыз қатал өктемдік, дүлей жауыздық бар екені жайында жас жүрек, кіршіксіз таза көңіл әлі ештеңе де сезбейді.

Құнанбайлар азаптап өлтірген Қодар өлімінің үстіне шыққан Абай қатты жан күйзелісіне түседі, есінен адасқандай болады. Жайшылықта биязы, әдепті баланың Жексенді желкеден түйіп: «Өй, кәрі малғұн... не деген иансыз едің, кәрі төбет» деуінің өзі-ақ оның «жүрегіне қан төгілгендей» болғанын айтпай-ақ білдіреді. Міне, осыдан бастап-ақ Абай әділетсіз өмірдің соққысына ұшырай береді. Қандықол әкесінің құзғындық, жендеттік әрекетінен жүрегі түршіккен жас бала ауруға шалдығады. Бұл тән ауруынан да гөрі жан ауруына, рухани күйзеліске жақын. Бұл аурудан

Абайды бейне Барлас ақынның жыры мен кәрі әже Зеренің ертегілері сауықтырғандай. Осы бір эпизодты автор әншейін бере салмаған. Жас Абайды рухани науқастан айықтырған өлең-жыр – онымен өмірлік серік болады. Есейген шақтағы Абайдың күрес құралы еткені де сол.

Романдағы негізгі конфликт Абай және ол бастаған еңбекші халық өкілдері мен Құнанбай және соның жолын қуушылар арасындағы тартысқа, яғни жаңа мен ескінің арасындағы тартысқа құрылған. Рас, Абай әкесіне бірден қарсылық көрсете алмайды. Ол бұл дәрежеге біртіндеп көтеріледі. Қолында билік тізгіні бар қорқау әкеге қарсы шыққанмен бұғанасы қатып, бойы бекімеген жас бала ештеңе бітіре алмас та еді. Өзінің сүйіктісі Тоғжанға қолы жетпей, жүрегі сүймеген Ділдаға қосылуы да – Абайдың Құнанбайға және Құнанбайлар қорғаштаған ескі әдет-ғұрып заңдарына қарсы шығуға әлі әлсіз екендігін көрсетеді.

Құнанбайға деген қарсылығын ашық та батыл білдіру дәрежесіне кейін барып қана көтерілгенмен, әкеге деген реніш, ұнатпаушылық сезімі Абайдың бойында ерте оянады. Әкенің жұмбақ сыры мен сұмдық шынын неғұрлым терең таныған сайын Абайдың бұл сезімі де өршіп, айқындала түседі. Құнанбайдың ішін Абай сезімталдықпен ерте аңғарады. Өйткені ол «ес білгеннен бері қарай, әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан кәрі бақташыдай бағып, танып өскен». Автор әке мен бала арасындағы қарым-қатынастарға оқушы назарын романның ең алғашқы беттерінен бастап-ақ аударады. Басқа балаларындай емес, Абайдың бойында қайрат пен ақыл мол екенін жырынды, көреген әке де жіті байқаған. Өз үйінде мәслихат құрып отырған ел жуандарына ол: «Одан да не күтсеңдер, осы жаман қарадан күтсеңдерші!» – дейді Абайды нұсқап. Ішкі есептері мен ой түйінін жаты түгіл жақынына да ашық сездірмей, тек реті келгенде қас-қабағымен, емеурінмен ғана танытатын Құнанбай мұндай дәріптеуді Абайға көнілі тойып, әбден разы болғандықтан айтып отыр. Оқуда жүрген Абайды ерте елге қайтарып алғанда да, Бөжей, Байсалдар мен Қодар жайын әңгіме еткенде де, баласын өз жанына шақырып алғанда да Құнанбайдың ішке бүккен есебі бар. Ол баласының кісі көріп, ел танып, сөз біліп өсуін ойлайды. Осы мақсатпен ол

Абайды дау-шар жайымен талай адамдарға да жұмсайды. Осының бәрін жасағанда Құнанбай Абайды өзіне жәрдемші, сүйеніш, ал түптеп келгенде, орнын басатын мұрагер етуді көздейтінін жас бала да байқамай қалмайды. Әке ауқымымен ел ісіне, сөзге осылайша ерте араласуы Абайдың өзін де тез есейтеді. Әке кім және әкенің үзеңгілестері қандай жандар, ел ішінде «игі жақсылар» аталып жүргендер кімдер екенін, олардың анық сырын Абай жас та болса жете аңғарады. Бұл жағдай Абайдың кейін сол жуандар мен зорлықшыларға қарсы күреске кешеуілдемей, бел шеше кірісуіне және күрес тәсілдерін тап басып, тез табуына әсер етпей қоймайды. Өйткені сырын алдырған жаумен жұлқысу күрескер үшін оңтайлырақ болмақ.

Көңілі жүйрік, тақыс ку Құнанбай Абайдың болашағы жайында көрегендік жасады дедік. Бірақ сонымен бірге Құнанбай Абай турасында мықтап қателесті, омакаса жығылды. Абай бойында қайрат-қуат, алғырлық, шешендік мол екенін танығанмен, ол сол күш-жігерін, өнер-білімін кімге арнайтынын, кім үшін жұмсайтынын Құнанбай, әрине, дұрыс аңғара алмады. Құнанбай Абайдан не күтсе, Абай оны халыққа берді. Яғни ол әкесінің қолшоқпары емес, халықтың мұңын мұңдаған қамқоршы болып шықты.

Құнанбайдың Қодарды өлтірткенін өз көзімен көруі сергек, сезімтал баланы қатты толқытып, жанын жегідей жеді. Әке бейнесі Абайда бұрын әлі танылмаған белгісіз бір үрейлі жұмбақ сезім тудыратын болса, енді сол тылсым сыр ашыла бастағандай. Әке санап жүрген адамы қандықол, қатыгез біреу болып шықты. Міне, сондықтан да Абай одан үрке шошып, түніле жиренеді. Құнанбайдың Қодарды азаптап өлтіруіне Абай, әрине, қарсы болды. Бірақ сол ызалы сезімін әке алдында ашық білдірерлік дәрмен Абайда әлі жоқ еді. Сондықтан да ішін өртеген мұң-наланы ол көз жасымен шаяды. Оның әлсіз қарсылығы да сыртқа сол көз жасымен бірге шығады...

Қатал әке және оның қатыгез қылықтары Абайдың алдын әрдайым орайды да отырады. Абай әкесі үшін бірде ұялып киналса, бірде сол озбыр әкеге іштей жауығып кектене түседі. Әкеге деген осы қарсылық сезімі күшейген сайын Абай іштей рухани жапа шеккендей болады. Жас Камшаттың

сорлы тағдырына байланысты Абай әкеге аздап болса да бой көрсетіп, жанамалап қарсы шығады. Бөжей үйінде тірі жетім болып жүрген Камшаттың қайғылы халін өз көзімен көріп түршігіп қайтқан Абай шерлі шешелерінің алдында Құнанбайға былай дейді: «Рахым, мейірбандық жоқ, не деген жаны ашымас, қатыбас байлау – сол байлаудың өзі? Тату етер байлау да емес. Көңілге қату бітіретін байлау ғой және. Камшаттан зорлықпен айырған Жігітекті мұндағы ана, бауыр қайтып жақын көре алады? Мал алмай, мазасыз масыл жас баланы алғанға олар қайтып ырза болады? Олардың рақымсыз, надан топастарына салсаңыз, Камшаттың барлығынан да бес байталды артық көрсе қайтесіз? Ендеше, ортамыздағы, ең әлсіз, ең пұшайман бір ғарыпты қайда тастап отырмыз? Ит жемеге тастап отырғанымыз жоқ па?». Абайдың бұл сөздерінде рулық ескі салт-әдеттерді сынау ғана емес, сонымен бірге сол қатыбас байлауды желеу етіп жас сәбидің өмірін қорлаған топас жандарды, ең алдымен мейірімсіз әкені кіналау, тіпті айыптау да бар. Әрине, Абай әкеге бұл кіналауын бетке салық ете, бадырайтып тұрпайы түрде айтпайды, әке сезетіндей етіп тұспалдап жеткізеді. Ол жалғыз әкесін ғана емес, көп адамды, оның ішінде өзін де қоса кінәлайтындай. Бірақ бұл сырттай қарағанда ғана осылай. Әйтпесе, Абайдың сөз оғымен атып, нысанаға ең алдымен алып отырғаны – Құнанбай. Өйткені өзінен туған баланы жат қолына беріп, «ит жемеге тастаған» әке қандай адам екенін байқау қиын емес.

Сол сияқты Абайдың Құнанбай сөзін сөйлейтін, соның айтқанымен жүретін ұрда-жық қолшоқпарлардың әділетсіз, жүгенсіз әрекеттеріне әрдайым тойтарыс беріп отыруын түптеп келгенде оның әке өміріне қарсылығы деп қарау керек. Ал Абайдың қарсылығы осылайша жанамалап, астарлы түрде көрінетін мезеттер тіпті романның бірінші кітабында да мейлінше мол.

«Абай» романының бірінші кітабында жазушы ерекше бір суреттеу тәсілін қолданады. Бұл – романда суреттелетін оқиғаларға автордың көбінесе өзінің жас кейіпкерінің көзімен қарауы және соның түйсінулері мен сезінулері арқылы бейнелеуі. Міне, осындай көркемдік ерекшелік романның бүкіл өн бойына аса бір тартымды, әсерлі рең беріп отырады.

Қодар өлімінің ауыртпалығын да, Құнанбайдың басқаларға жасайтын зорлық-зомбылығының таукыметін де, жұтқа ұшыраған ауыл халінің мүшкілдігін де, қыз ұзатуға, келін түсіруге, өлікті азалауға байланысты ескі әдет-ғұрыптар кандай болатындығын да және тағы басқа сол сияқтыларды окушы тек авторлық баяндаулар мен суреттеулерден ғана емес, сонымен бірге Абайдың сол жайларға толкынуы, сезінуі, әсерленуі арқылы да қоса біліп, тани түсіп отырады. Автордың осындай көркемдік тәсіл қолданғаны орынды болған және бұл романда ақталған да. Жазушы өзі суреттеп отырған кезеңнің барлық үлкенді-кішілі окиғаларын тізбектей бермек емес. Ол әрі дәуір шындығын танытатын, әрі кейіпкерінің өсуін, калыптасуын белгілеген окиғаларды ғана іріктеп алады. Сондықтан да романда суреттелген окиғаларға Абайдың жиі араласып отыруы да, сол окиғалардың Абай жанында жаңғырып, оның ой-санасында із калдырып отыруы да әбден заңды. Оның үстіне, Абай жай карапайым ғана кейіпкер емес. Мұны әлі өзі де сезбегенмен және басқалар да байқамағанмен, ол – ақын. Сондықтан да Абай араласып жүрген окиғалардың романда бәрін де тез кабылдағыш, сезімтАл ақын жанды Абайдың түйсінулері арқылы берілуі әсіресе заңды бола түседі.

Жас Абайдың бойында кайырымдылық пен әділетті жактаушылықтан басқа тағы бір касиет бар. Бұл – ойлы, сұңғыла баланың өзін қоршаған ортаға, айналаға ақындық тебіренушілікпен, ыстық сезгіштікпен карауы. «...Қыр кеші бұның бір ұғымсыз әміршісі, сүйсіндіре мүлгіткен зор мұңдасы тәрізді. Құлағы әжесінде, екі көзі сонау алыс көктау, катпарлы калың Шыңғыс жотасын қыдырады. Жидебайдан жиырма шақырымдай жердегі Шыңғыс кешкі шақта ымырт жабыла, көкшілденіп, суық тартып алыстай береді. Жайын күштің жобасы тәрізденген калың ауыр жоталар мен катаң суық серек тастар болсын, баршасы да жым-жырт қана сілейіп түнге бейім ұсынып барады.

...Таудан соккан салкын ызғар қатал мінездердің ызғыры тәрізді. Ызыңдаған суық лептің карсысына ана жыры, мейір-шәпуат жыры үн қосады. Құшағына тарткан өзгеше күш, бар дүниені өзіне бағындырар орны бар, баяу да болса, басым саз. Абай біртүрлі сейіліп, іштей серпіліп алып, тау жотасынан биіктеп, аспанға карады. Толық ай ашық көкті

қалқып, сызып келіп, бір топ шоғыр қара бұлтқа кірді. Кірді де қызық күйге түсті. Абай соған қарап, өзге жайдың бәрін ұмытып, аңырап телміре қалды...».

Жазушының кісі көзін баурап алып, телмірте таңғалдыратын бұл пейзаждық көрініс Абайдың қабылдауы арқылы, соның сезім күйлерімен ұластыра беруінде мән бар. Бұл көрініс кейіпкердің ішкі дүниесін ашып көрсетеді, оның байқағыштығын, сезімінің әсерлігі мен мөлдірлігін паш ете түседі. Сондай-ақ романның алғашқы кітабының көп тарауларында оқушыны Абай жанының осындай тебіренулеріне, оның сезім дүниесіне үңілдіре отырып шығармасының ең негізгі тақырыптарының біріне ауысуға дайындық жасайды. Ол өзінің кейіпкерін ғана емес, оқушысын да сол тақырыпты терең де әсерлі қабылдай алар лық өріске меңзейді. Бұл – ақын Абай туралы тақырып. Романның бірінші кітабында Абайдың ақындық өнері кеңінен бейнеленбеген. Бұл шындыққа сай келеді де. Өйткені Абай біраз егде тартқаннан кейін ғана шын ақын атын алғаны, ақындық өнерге кешеуілдеп барып ден қойғаны мәлім. Бірақ ақын Абай туралы тақырып романның бірінші кітабында да бірсыпыра өрістеп, желі тартып қалған. Абайдың ақындық қабілеті шарқ ұрған шабыт үстінде, сезімнің алай-түлей дауылдары соғып өткен сәттерде әсіресе анық байқалады. Мысалы, Шөже ақынның өткір мысқылға толы шыншыл жырларын естігенде қатты әсерленген Абай сол толқынды сезімі суынбай тұрғанда Майбасардың қалжыңына тап болады. Майбасардың қағытуынан бұрын қатты қысылатын ұяң бала енді басқаша мінезге ауысады. Аға ақынның талантына таңырқай табынған жас баланың өз бойындағы ақындық қайнардың да көзі ашылып, сыртқа буырқанып шыға келгендей.

Өзінің ең тұңғыш әрі айнымас ғашығы Тоғжанның жүрегінен махаббаттың тозбас, суынбас қуанышын тапқан сәттерде де Абай жүрекжарды сырын өлең тілімен айтады. Абайдың ақындық тебіренулерін тікелей суреттейтін мұндай эпизодтар романның бірінші кітабында жиі кездеспейді. Бірақ болашақ ақынның жан сарайы оның әрбір құбылысқа жалын аткан сезіммен әсерлене, толқына қарайтындығынан, еркін шабыттан туып төгіліп тұрған оралымды да бейнелі тіліне барлай білген адамға айқын анғарылатындай. Роман-

ның алғашқы кітабында шым-шымдап қана белгі берген бұл тақырып соңғы кітаптарда ең басты тақырыпқа айналады, шығарманың ең негізгі сюжеттік желілерінің бірін құрайды.

Бұл тақырып романның бірінші кітабында Абайдың Барлас, Шөже сияқты ақындарды көргендігі және содан алған әсері баяндалатын эпизодтарда да жарыса өрбіп отыратын тәрізді. Егер Барластың сыры терең жырлары жас баланың жанында ақындық өнерге деген ыстық құштарлық сезімін тудырса, ал Шөженің өткір өлеңінен Абай нағыз поэзия өмір шындығын толғайтынын және оның ғажайып қуаты да осы қасиетінде екенін ұғады. Әкесі Құнанбайдың және оның жемтіктесі Алшынбайдың халықты жегідей жеп жүрген паракорлығын Шөженің тап басып, тауыса айтуы, жермен-жексен ете түйреуі Абайды ерекше толқытып, таңғалдыруы да тегін емес. Өйткені ол Шөженің жырынан өзі көріп, байқап жүрген өмір шындығының айнымас, дәл көрінісін тапты.

Дала өмірінің қым-куыт, қайшылықты шындығын оның күнгей де, көленкелі де жақтарын жазушы бар күрделі күйінде, айқын суреттер аркылы бейнелеуге ұмтылады. Жазушы дала өмірінде туып келе жатқан жаңалықтың прогрессшілдік нышандарын мейірлене суреттесе, ал сол сахараның еңсесін ғасырлар бойы басып, аяусыз жаншып келген ескілік сүлдерін аяусыз әшкерелейді. Дала өмірінің тағылығы, елді билеп-төстеген ұлықтардың жендеттігі Қодар мен Қамқаны жазықсыз дарға асуға байланысты оқиғалардан әсіресе айқын көрінеді. Құнанбайдың әмірімен Қодарлардың жазалануы, ру басыларының өліктердің денесіне тас лақтырып қорлауы, әйелдер мен балалардың қыстығып жас төккені суреттелген беттерді оқушы салқынкандылықпен, енжар күйде оқи алмайды. Бұл үрейлі эпизод кімнің болса да жүрегін лоблытып, жанын түршіктіретіні күмәнсіз. Мұның себебі осы оқиғаның, адам айтқысыз ауыр трагедиясында ғана емес, сонымен бірге жазушының сол оқиғаны оқушы оның ауырлығын өз басынан кешкендей, зұлмат сұмдықты өз көзімен көргендей дәрежеге жеткізіп бере алғандығында. Оқушыны суреттеліп отырған оқиғалардың енжар бақылаушысы етпей, соның жанды қатысушысына айналдыратын шын мәнісіндегі үлкен өнердің әсер етушілік қуаты осындай болмакқа керек.

Рулық ескі әдет-ғұрыптардың қандай жиіркенішті екендігінің, оның адамгершілік нормаларына қаншалықты керағар жат болғандығының айқын бір мысалы – жас Камшаттың аянышты тағдыры. Құнанбай мен Бөжей арасындағы аз күндік жалған келісушіліктің құрбандығы болған жазықсыз баланың ана құшағынан, туысқан-туғандарын айырып, жат қолында кете барған өкінішті сәті мынадай: «Үй ішінде түк өзгеріс сезбеген, бұрынғысынша былдырлаған Камшат тыска қарай бір бөтен, үлкен кісі ала жөнелгенде ғана шошып еді.

– Апа!.. Апа!.. Әже! – деп шырылдап қоя берген.

Кішкентай жүрегін қорқыныш қысып, зар қаққан бала дәл бір от басып алғандай шыр-шыр етеді.

Осы зарлаған үні Бөжейлер аттанып ұзап кеткенше басылмады, алыстаған сайын отқа өртеніп, не суға жұтылып бара жатқан жанның зарындай боп ызың-ызың естіліп тұрды».

Камшаттың бұл көз жасы тыйылмайтындығын оқушы осы бір аянышты суреттен кейін алдын ала сезеді. Абайдың Камшатты іздеп барғаны баяндалатын эпизодтан осының шындық жай екені көрінеді. Камшат бұл дүниенің адамы болудан кеткен... Камшаттың өліміне оның өз әкесі Құнанбай да, асырап алған Бөжей де бірдей кінәлі. Шындап келгенде, бұған сол бір беймезгіл заман, оның жырткыштық тәртіптері ең алдымен айыпты. Міне, осылайша әрі заман сырын ашатын, әрі кейіпкерлердің характерлерін даралап көрсететін мұндай типтік оқиғаларды кітаптың басқа тарауларынан да мол табамыз.

Романның бірінші кітабында бейнеленген күрделі де келелі тартыстардың бірі – ұнамсыз кейіпкерлердің өз арасындағы алыс-жұлыс. Құнанбай және Бөжей, Байдалы, Байсал сияқты ру басыларының арасындағы тартыс желісі кітаптың алғашқы тарауларында әсіресе мол өрістейді. Бітеу жара сияқты көбінесе іштей асқынып дамитын бұл тартыс ауық-ауық лып етіп сыртқа шыға келеді. Тоқпанбет пен Мұсақылдағы соғыстар осыны көрсетеді. Бұл соғыстардың тауқыметін жарлы ауылдар да аз тартпайды. Ру басылары қалың бұқараның таптық санасы оянбағанын пайдаланып, ру намысы деген жалған ұранмен уландырып, оларды өз мүдделеріне бола ұрындырып отырады. Өткен замандар-

да қазақ қоғамының алға қарай дамуына кедергі келтірген, тап күресінің өршуіне, халықтың таптық санасының оянуына тұсау болған кеселдердің бірі де осы болатын. Осы жәйт романның бірінші кітабында біраз орын алған.

Романның бірінші кітабында орыс адамдарының бірен-сарандаған өкілдері бар. Олар – Майыр мен адвокат Ақбас Андреевич. Алғашқының образынан патшалық-самодержавиелік Ресей дала өміріне қандай кеселді апат әкелгенін көреміз, патша әкіметі әрдайым қолдап, демеп отырған бұл ұлықтар тек қазақтардың ғана емес, сонымен бірге еңбекші орыс халқының да ата жауы еді. Олар екі халықтың арасында ұлт араздығын қоздыруға тырысты, дала өмірінде ұрлық, паракорлық, әділетсіздік атаулының өршуіне өз тарапынан тікелей жол беріп отырды. Жазушы Майырдың осы паракорлығын әсіресе ұтымды ашып көрсетеді. Ол параға бола даугер ру басыларын ғана емес, сонымен бірге өзінен дәрежесі жоғары ұлықтарды да алдап соғып кетеді.

Ал Ақбас болса, ол – басқа сипатты адам. Ақбас шамасы келгенше әділ болуға тырысады. Балағаз, Әділхандар ісі турасында Абай Ақбастан көп жәрдем алады. Абай Пушкин томын да бірінші рет осы адвокат Ақбастың үйінен көреді. Әрине, ол Абайды Пушкинге әкеле алған жоқ және одан мұны күтуге болмайды да. Бірақ оқуға, өнер-білімге ұмтылу қажет екендігін Абайға тұңғыш рет ұғындырушы, мәслихат беруші – осы Ақбас. Бұл образдың ерекше сипаты да осында.

Егер романның бірінші кітабы бала шәкірт Абайдың оқудан қайтып ауылына келе жатқанын суреттеуден басталса, ал кітаптың ең соңғы тарауында Абайдың енді сол туған ауылын артына тастап, қалаға қайта аттанғанын, білім сапарына түскенін көреміз. Бұл салыстыруда үлкен мән бар. Абай алғаш көргенде көркінен көз ала алмаған сұлу да шалқар дала енді ақ кебінге оранған. Далада жаңа жайлы, жаймашуақ көктем жоқ. Оның орнын қаһарлы қыс басқан. Жаланаш та жүдеу даланы суық, ызғырық жел ғана кезіп жүр. Міне, бұлар – тек жылдың әр мезгілін көрсететін табиғат суреттері ғана емес. Бұл суреттерде шығарма кейіпкерінің сезімі, жан толқындары астарлы түрде ашылып жатыр.

Әрбір сурет Абайдың дала өмірі туралы әр кездегі түсінігін, көзқарасын танытады. Тұрмыстың талай талқысынан өтіп, шыңдала шыққан Абай өзін қоршаған ортаға, шындыққа ойлы да сыншы көзбен қарайды. Бұрынғы байқағандарының оған енді басқаша болып көрінетіндігінің сыры да осында.

Бірінші кітаптың ең соңында жазушы кейіпкерінің қаншалықты өскенін образды түрде аңдату максатымен оны тасты жарып, шыңға шыққан шынарға балайды. «Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді». Қаһарлы қысты да, долы дауылды да елемейтін бұл шынар енді әбден толысып, мәуелі де саялы бәйтерекке айналуға, ал оның ығында басқа көптеген шынарлар көктеп өсуге керек. Ал мұны бейнелеу – екінші кітаптың үлесі.

Жазушы осы ойды әке мен бала арасында үзілмей, барған сайын шиеленісе түсіп келе жаткан өзекті тартысқа кітаптың соңғы тарауында қайта оралу арқылы да шебер аңдатады. Кітаптың басқа тарауларында әке қаталдығына іштей күйзелетін Абай ең соңғы тарауда оның бетін қайтарып, сөзден тоқтатып кетеді. Құнанбайдың «бойындағы мін» деп көрсеткен үш жайына да Абай қарсы дау айтады. «Орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың» деген Құнанбай сөзіне Абай былай жауап қайтарады: «Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы – білім, өнер. Сол өнер орыста. Мен барлық тірліктен ала алмаған асылды содан алатын болсам, ондай жер жатым бола ма? Жатырқап, қашықтауым надандық болса болар, бірақ қасиет болмас». Міне, бұл – Абайдың бірінші кітапта өсіп жеткен биігі. Осы биіктен оның болашақ іс-әрекеттерінің өрісі де айқын көрінеді. Өзі анық таныған, сөз жүзінде ғана айтып отырған бұл идеясын ол енді іске асыруға керек. Оның өмірінің максаты да, мағынасы да осы болмақ.

Романда Абай өмірінің жарқын, қуанышты сәттері де, өкінішке толы қасіретті мезеттері де тұтас көрінеді. Жазушы кейіпкерінің «жан диалектикасын» шынайы әрі мол аша алған. Автор Абайдың іс-әрекетінің тамыр тарткан теренін заман шындығынан, сол дәуірдің даму жолында туған қажетінен іздейді.

Абай дүлей өмірдің рухани қысымынан көп уайым шегеді. Күндес шешелердің мұң-шері, жат қолында өлген жас Камшаттың өкінішті қазасы, өзінің бақытсыз сүйіспеншілік тағдыры жайындағы Абайдың арманды ойлары, жеке басының мұрат-тілектері оның халық туралы, халықтың жоқшылық тұрмысы, қараңғылығы туралы мүдделерімен астасып жатады. Жазушы Абайды әкенің баласы емес, халықтың ұлы ретінде суреттейді. Абайдың өмірдегі, шындықтағы бойының өзі осындай биік болатын. Ол Құнанбайдың баласы емес, «қалың елі – қазағының» баласы еді. Абайдың осы қасиеті романда біртіндеп, бірақ барған сайын тереңдей түсіп ашылады. Абайдың әрбір әрекеті мен сөзінен оның халыққа деген шын қамқорлығы, адал тілегі аңғарылып отырады.

Жұтқа ұшыраған кедей ауылдардың малы аман қалуына Абай жағдай туғызады. Абай оларға өз қолындағысын бөлісіп береді. Бұл оның терең гуманизмін көрсетеді. Абайдың халық қамын жеп айтқан патриоттық ойлары мен мақсаттары оның Қадырбай ақынмен сөйлескен сөздерінен де айқын танылады. Бұл тұста ол өзін нағыз қамқоршы халқының бүгінгі ашы өмірін ғана емес, ертеңгі күнін де толғайтын ойшыл ретінде көрсетеді. Бірақ Абайдың жас шағында ұстаған гуманистік көзқарастарында шектелушілік бар. Бұл Абайдың өз шығармашылығынан да айқын көрінетін. Жазушы Абайдың көзқарасындағы кемшілікті жуып-шаймайды, қайта оны реалистік түрде ашып береді. Байлар мен билерге адамгершілікті ұқтырып, олардың аяушылық сезімін оятуға тырысуы, байлардың малын ұрлаған, «кек қайтарған» жігіттерді құптауы, кейде тіпті ру таласын бітістірмек болған әрекеттері – Абайдың көзқарастарындағы олқылықтар еді. Мұның бәрі Абайдың жеке өз басының ғана міні емес-ті. Өйткені бұл кенжеліктің түп-төркіні дәуір шындығында, тарих тереңінде жатыр.

Үстем тап өкілдерінің қаталдығы мен жауыздығына, қоғам ішін жайлаған әділетсіздікке қарсы бағытталған күресі барған сайын өткірлене түскенмен, Абай сол әділетсіздіктер мен әлеуметтік теңсіздіктердің негізгі себептерін, түп төркінін әлі де болса жете тани алмайды. Бірақ өзі шыққан үстем ортадан мүлдем қол үзген Абай қашан да халықпен

бірге болады, оның ауыр тұрмысын, қайғы-қасіретін тереңірек көреді. Сөйтіп, халықпен бірге болу, оның күресіне араласу Абайдың өзін де идеялық жағынан ұстартып, оның ой-өрісін тереңдете түседі. Мұны Абайдың өзі де сезеді. Ол Дәркембайға былай дейді: «Жоқшылық пен жаманшылық ел ішін кеулеген ғой. Сенің көзіңді қыран көзіндей қырағы етіп сол ашқан екен. Өз көзің ашылумен бірге менің де көзімді қоса ашып отырсың...». Абайдың ақындық талантқа нәр, ойына тірек табатыны – тек өз халқының өмірі ғана емес. Ол орыстың алдыңғы қатарлы адамдарының озық идеяларымен де мол сусындайды. Мысалы, Михайловпен кездескеннен кейін Абайдың бүкіл өмірінде, көзқарасында, тіпті психологиясында да көп өзгерістер болады. Михайлов Абай бойындағы гуманизмді, оның халық қамын ойлайтын адам екенін жақсы таниды және жоғары бағалайды. Ол Лосовскийге Абай жайында былай дейді: «Құнанбаевта мені қызықтыратын бір қасиет бар. Көп мәжілістес болдым. Жақсы таныстым. Сонда мұның аузынан «әділет, халық, халыққа адал қызмет» деген сөз көп қайталап шығады. Онысы және тұрақты ой болып, көңіліне бекіген. Мені, осы адамның бойындағы гуманизм қызықтырады».

Абайдың Михайловпен кездесулері суреттелетін жерлер – романның ең бір жарқын, бояуы қою беттері. Абайдың әділетті жақтайтын гуманистігін, талантын бұлжытпай бағалаған Михайлов оның тайыз жатқан жерін де тез таниды және Абайға деген ақыл-кеңесін де сол арнада, сол бағытта береді. Бірді-екілі әділетті қылығы мен адамгершілігін көрген соң Абай Лосовскийді «жақсы ұлық» деп ойлап қалады. Михайлов Абайға оның бұл түсінігінің қате екенін айтады, ұлық атаулының барлығы да халыққа жат деген пікірді білдіреді. Михайловпен сөйлесе, пікірлесе жүріп Абай көп биіктейді. Әлеуметтік теңсіздіктер мен әділетсіздіктердің түп негізін, себебін ол енді терең, дұрыс түсінеді. Михайлов Абайға Ресейдегі азаттық қозғалысы жайында, азаттық ойдың туын тіккен революционер Чернышевский жайында айтады. Оның орыс шаруасын қолға балта ұстауға шақырғанын еске түсіреді. Михайловтың бұл айтқандары Абайға да көп ой салады. Михайловтан естігендерін кейін жатақтарға айтып әңгімелеп отырып, Абай өзін көп толғандырған мына бір сырды шертіп кетеді:

«Тағы ойласам, Тобықты-Керей, Қаракесек-Найман ішіндегі болыс атаулы, Семей мен Омбы, Орынбор – Мәскеу атаулыдағы барлық төрелер тобымен ұрандас екен. Бұны ұрсаң оған, оны соксаң бұған тиетіндей сыры бар екен, карт достарым. Жаңағы айтқан орыс ойшысы бұқара мұңын жоқтайтын асыл азамат екен. Сол айтыпты: «Қалың ел өзін сорлатқан ұлық зорлығынан арылу үшін басқаға жалынбасын, өзінің қайраулы қара балтасына жалынсын!» – дейді. «Кейде сендердің мұңыңды тыңдап отырып, «шіркін сол қара балтаны осы қазақ сахарасында талай рет, мездің тамырына карш еткізіп қадап, ұрар ма еді» деп те ойлаймын, қатты толқимын». Бұл, әрине, жақсы идея. Бірақ Абай өмір кешкен дәуірдегі қазақ қоғамының жағдайында бұл идеяның жүзеге асуы мүлдем мүмкін емес-ті. Егер автор Абайды революционер дәрежесіне көтерсе, ол жасандылыққа, бұрмалаушылыққа ұрынған болар еді. Автор тарихи шындықтың шеңберінен аттап кетпейді. Ол Абайды революцияшыл күрескер етпей, халық қамқоршысының, ағартушының рөлімен шектейді. Шындығында да, Абайдың көтерілген, көтеріле алатын биігі осы болатын. Абай өмір сүрген кездегі қазақ шындығының жағдайларында құлашты бұдан артық сілтеуге мүмкіндік жоқ та еді. Абайдың ақылшысы Михайлов осыны жақсы түсінеді. Сондықтан да ол Абайдың «біздің қазақ сияқты елге, сол елдің ояна бастаған азаматына, Чернышевский осы арада болса, не мәслихат айтар еді? Қандай бет нұсқап, жол көрсетер еді? Осы туралы не ойлайсың?» деген ойлы сұрағына ол мынадай салмақты түйін айтады: «...Дәл сіз үшін қазір мен екі нәрсе айтар едім: бірінші қазақтың жас буыны үшін, мысалға алғанда, дәл сіздің өз балаңыздан бастасақ, «оқу, оқу, оқу» дер едім. Орысша оқу! Екінші – оқыған мен білгенді халыққа жаю».

«Қараңғы сахараға бір шам болса да, жалғыз қолда жалғыз ғана шырақ болса да, өз білгенінізді апаруға, танытуға керек. Сол таныту үстінде бүгінгі қоғам бойындағы неше алуан дертті әшкерелеп, шенеп, маскаралап ашып отыру керек. Сыншы ой керек! Сіздің халық, менің аңғаруымша ақын халық. Қай жолмен екенін білмеймін, мен солардың домбырасына, өлең-жырына халықтың жоғын жоқтатар едім...

Қалай айтылса да, халық құлағына оның камын жеген сөз жетсін. Соның өзі аңғартады, соның өзі оятады».

Міне, Абайдың орыс достарынан алған үлгі-нұсқасы осы. Бұл – қазақ ақынының бұдан кейінгі қызметінің программасы есепті.

Ес біліп, ой тоқтатқан шағынан бастап-ақ Абай өзін халық алдында борыштар санайды, соның қажетіне жарауға тырысады. Қодардан қалған жалғыз ұрпақ жетім бала Дәрменді ертіп келіп, Дәркембай қажылыққа жүргелі жатқан Құнанбайдан құн сұрағанда әкесі үшін Абай жауап береді. Құнанбайдан қайыр жоқтығын білетін Абай әке қарызын өз мойнына алады. Ол Дәркембай мен Дәрменге жүз сом ақша беріп, шығарып салады. Қысылшақ жағдайда Абайдың қолынан келгені де сол. Құн тілеп келген жылауларды жай сөзбен жұбатып, шығарып салуға болмайды және бұл Абай бойына лайық та емес. Дәркембайлар алдында айтқан сөзі халыққа деген қарызын өтеу сертін Абай есінен екі елі де шығармайды. Оның барлық саналы өмірі мен ойлы еңбегі сол сертін орындауға, халыққа қызмет етуге жұмсалады. Ал осы халыққа қызмет етудің негізгі тура жолын Абай орыс достарының ақыл-кеңесінен тапты. Бұл жоғарыда Михайлов айтқан, елді ағарту, өнер-білімге үндеу жолы, халықты қанаушыларды кекті жырмен шенеу жолы еді. Абай осы жолынан шеткімеді. М.Әуезов романын оқып отырғанда Абай өткен осы жолдың бел-белесін, құз-қиясын, сыр-сипатын айқын көріп отырамыз.

«Абай» романының бірінші кітабында ру тартысы, ру басылары Құнанбай мен Бөжей, Байдалылар арасындағы алыс-жұлыс көбірек суреттелетінін жоғарыда айтқан едік. Бұл ретте автор, ең алдымен, негізгі кейіпкерінің ой-өрісінің жастығымен, оның айналадағы құбылыстарды сын көзімен қарап бағалау дәрежесіне әлі жетпегендігімен санасса, екіншіден, сол ру тартысының өзінде де ауыртпалық жарлы-жақыбайлардың, кедей ауылдардың мойнына түсетінін, малдан да, жерден де айырылатын – солар екенін аңғартады. Сөйтсе де ескі қазақ аулындағы тартысының толық көрінбей қалуы романның бірінші кітабына біраз шіркеу болатын. Ал екінші кітапта жазушы өткен ғасырдағы қазақ қоғамында орын алған өткір де бітіспес қайшылықты, тап тартысын

терең ашып көрсетеді. Бұл ретте жатақтардың тіршілік әрекеті, ірі қимылдары ерекше атауға тұрарлық. «Атасы туыс емес, тірлігі туыс» болып кеткен бұл адамдар – ауылдағы басқа кедейлерге қарағанда анағұрлым зор күш. Бұлар «алты бақан, ала ауыз» емес, бірегей, ынтымақшыл. Олардың қолынан ірі-ірі қимылдар келетіні де осыдан. Рушылдық шылауынан шыға алмай жүрген кедейлермен салыстырғанда жатақтардың болашағы да сенімді әрі үлкен. Ел тыныштығын бұзған тентек оязға тойтарыс беруі олардың қолынан кесек қимылдар жасау әбден келетіндігін көрсетеді. Ортақ мүдделер табыстырған жатақтар тобы табанды да, тегеурінді де. Бірақ олар кең өріске бағдарлайтын жетекші ойға ділгер. Олар бұл ретте ең алдымен Абайға арқа сүйейді.

Егер Құнанбай және оның жолын ұстаған Тәкежан, Ысқақтар жатақтардың егінін таптап, өздерін кудалап, олардан үрке шошитын болса, ал Абай мен жатақтар арасы барған сайын жақындай түседі. Азаттық туралы, күрес туралы Михайловтан естіген нәрлі ойларын да Абай ең алдымен осы жатақтарға айтады. Абайдың жатақтарға көбірек үйірілуінің мәні де бар. Өйткені тіршілік, өмір туралы Абай айтып жүрген прогресшіл ойдың жүзеге асуына ең ықтимал орта осы жатақтар арасы. Абай жатақтардың зорлықшыл әкімдерде кеткен есесін алып беріп жүреді, олардың балаларын орысша оқытуға береді. Сөйтіп, Абай, бір жағынан, жатақтарға қамқоршы болып, оларға қол ұшын ұсынып жүрсе, екінші жағынан, ол сол жатақтардан өзіне үлкен тірек табады, олардан көп нәрсені үйреніп отырады.

Романда жатақтардың негізгі өкілдері ретінде көрінетін Дәркембай, Дәндібай, Еренайлар – өмірден алған сабақтары көп, ащы-тұщыны көріп ширыққан, батыл, өжет жандар. Олар Тәкежан, Ысқақ сияқты жуандармен ғана жағаласып жүрген жоқ, қырсау өмірдің, қол қыска, тапшы тұрмыстың өзіне де тиянақты қарсылық жасауда. Бұлардың ішінде автордың әсіресе мейірлене суреттейтіні – Дәркембай.

Жазушы Дәркембайды романда суреттелген оқиғаларға әр тұста-ақ араластырып отырады, оның образын өсу, даму үстінде көрсетеді. Алғашқыда ол ру басы Бөжейдің шылауынан шыға алмай, содан үміт күтіп жүреді. Бөжей мен Құнанбай арасында болған соғыста Құнанбайға мылтық ке-

зегенде ол көбіне Бөжей үшін, соның кегі үшін кезенеді. Рас, ол жолы Дәркембай Құнанбайды ата алмайды, бірақ кейін Құнанбай қажылыққа аттанғалы жатқанда атады. Алғашқыда Құнанбайды Бөжейдің намысы үшін атпақ болған Дәркембай бұл жолы оны жазықсыз құрбан болған Қодар үшін, оның жетімегі Дәрмен үшін және сол Дәрмендей жетімдік көрген ел кегі үшін атады, бірақ мылтық оғымен емес, әділдікті бетке айтқан алмастай тілгір сөз оғымен атады.

Жалпы, осы эпизод, яғни Дәркембайдың қасына Дәрменді ертіп Құнанбайдан құн сұрауға баруы суреттелетін беттер романның идеялық тынысын кеңіте түсіп тұр. Бұл эпизод жазушының өз кейіпкерлерінің характерлерін аша түсуіне және соларға өзінің авторлық қатынасын бұрынғыдан да бетер айқындауына мол мүмкіндік береді.

Құнанбай өзінің арамза мақсатының құрбандығы етіп Қодарды өлтіртті. Бірақ ол өзін бұл сойқан іс үшін кінәлы адам етіп көрсетпеуге тырысты. Сондықтан да ол әр рудың адамына кесек лақтырту арқылы өз қолындағы қанды жуып-шайған болды. Әрине, Қодар өлімі үшін Құнанбайдан ешкім құн сұрай алмады. «Қодардың жазығы жоқ болса да, құн деген үн болмады. Үн шығармады заманыңның талқысы!» дейді Дәркембай Құнанбайға осыны еске алып. Рас, алғашқыда Қодар өлімінің себебі әркімге-ақ анық болған жоқ. Бірақ Құнанбайдың сыры ашылғаннан кейін де Қодар құнын іздеп ешкім де дауыс көтере алмайды. Бір кезде Қодардың өліміне өздері де себепкер болған Жексен мен Жетпіс кейін оның кабірін құшақтап, зар еңірегенде, олар мұның бәрін көлгірлікпен жасап жүр. Қодар қазасына қайғырмаса да, жерден айырылғанда қатты күйзелген олар осы тосын әрекеттерімен Құнанбайды бір лоблытып алмақ. Құнанбайға бұдан гөрі күшті қарсылық жасау олардың қолынан келмейді. Және Қодар құнын жоқтайтындар да бұлар емес. Ал Қодардың құнын іздеуге бел шешіп, бекем кірісстіндер осы Дәрмендер болмақ. Дәрмен тек Қодардың ғана нәсілі емес. Ол – жаңа ұрпақтың жас тілекпен келген өкілі. Олар әлі бойы қатып, бұғанасы бекімегенмен, болашақ солардікі. Бұл – үн шығартпайтын, талқысы мол заман. Құнанбай заманы тарих сахнасынан сырғып, ысырылып бара жатыр деген сөз.

Дәркембайдың құн сұрау үшін Құнанбайға басқа уақытта келмей, ол дәл қажылыққа аттанғалы жатқанда келуінде де көп мән бар. Егер Құнанбайдың дін, шариғат жолын қуғаны, бұл дүние тіршіліктің қат-қабат қарбаласынан бой тартқаны рас болса, онда ол өзі бұрын теңдік бермей, зар илеткен жетім-жесірдің көз жасынан енді қаймығуға, оларды тағы да ұлардай шулатпауға тиіс. Бірақ осы екіталай сәтте де Құнанбай өзінің құнанбайлығын жасап кетеді. Әлгінде ғана монтансып тұрған мүләйім, сопы жүзі кенет өзгеріп, ол каскөйлік ашуына қайта басады. Бұл құбылуы оның қажылық сапарға діндарлығы ұстағандықтан емес, ішке бүккен көп есептермен бара жатқандығын аңғарткандай. Ол бұрын елге тізесін ұлық болып батырса, енді қажы болып та бір қырына алмақ. Құнанбайдың осы кулығын айтпай сезген Дәркембай оны көп алдында келістіріп омақастырады. Ал Құнанбай дес бермеген Дәркембай мен Дәрменді Абай разы етеді.

Сөйтіп, талай түйін келіп табысқан осы эпизодта кейіпкерлер характерлері ұтымды айқындалып тұр. Яғни бұл эпизодты оқығаннан кейін оқушы Құнанбайдың тақыстығын, Абайдың гуманизмін, Дәркембайдың өткір тілділігін, батылдығын бұрынғыдан да мол тани түседі. Сонымен бірге осы көрініс өз кейіпкерлерін жазушының типтік жағдайларға душар етуге, сол арқылы характерді терең ашуға бейімділігін де көрсетеді. Мысалы, Құнанбай мен Абайдың арақатынасын алайық. Алыс сапарға аттанар алдында монтансып тұрған Құнанбайдың жұрт көзінше қатал жауыздыққа қайта басуы Абайға жеңіл тимейді. Бұл қылығы үшін әкесіне ол іштей ренжиді. Сонымен бірге оның бойында сол әке үшін ұялу, қимастық пен қиналу да бар. Бұл да М.Әуезовтің реалистік суреткерлігін, кейіпкерлерінің «жан диалектикасын» ашуға нәзік алғырлығын айқын танытады.

Романның бірінші кітабының соңғы тарауларында Дәркембайдың жұтқа ұшыраған кедей ауылдарға қамқоршы болып, Тәкежандарға қарсы алысып жүргенін көреміз. Өмірдегі өз бетін осылайша дұрыс таныған Дәркембай сол бағытынан аумайды, сол күресін бәсеңсітпейді. Кейін, жатақтардың ұйтқысын құрап, оларға бас-көз болатын да осы Дәркембай. Сөйтіп, автор Дәркембайды халық мұңын ойлайтын қамқоршы, өткір тілді, өр мінезді адам етіп суреттейді.

Осы Дәркембай бейнесімен алуандас, соған ұқсас образ – Базаралы. Жазушы Базаралы тағдырының шытырман қиыншылығын терең ашып, оның бейнесін толық, жан-жақты етіп береді. Базаралының бойында жасымайтын қуат, сөнбейтін лаулаған жалын бар. Өктемдікке жаны қас, әділетті жақтайтын Базаралы сол әділетсіз дүниеге, оның зорлықшыл әкімдерінің озбырлығына қарсы ерлік мінездер көрсетіп, батыл қимыл жасайды. Романда Базаралының нұрлы тұлғасына оның жауына қатАл досына мейірімді кең мінезі, небір қиыншылыққа шыдайтын қайсар ерлігі, топ жарып сөйлейтін шешендігі сайма-сай суреттелген. Базаралы образын жазушы «Абай жолы» романында әсіресе өсіріп көрсетеді.

Дәркембай, Базаралы және сол сияқты халық өкілдерінің ой-арманы, іс-әрекеттері аркылы автор халықтың арман тілегін, соның күрес-тартысын бейнелейді. Бұл кейіпкерлер өздерінің бойына халықтың барлық жақсы қасиетін жинаған, нағыз шынайы, типтік образдардың дәрежесіне көтерілген.

Абай халықтың талантын, оның әні мен жырын шын жүректен сүйеді. Оның Біржанмен кездесуі романда өте әсерлі суреттелген. Көкшетаудың асқақ дауысты әншісі Біржан өз әнімен бірге еркіндікке ұмтылу лебін, бас азаттығын аңсау сарынын ала келгендей. Біржан аттанып кеткен соң, Керімбала мен Оралбай оқиғасынан кейін әншіні еске ала отырып, Абай былай дейді: «Есіл Біржан, қадірің қандай еді? Елімнің асыл күшін арқалап жүр екенсің ғой! Сенің әніңнің лебі ғой осы жастарды осылай тартқан. Өнер болса, осылай боп, толқынсыз апан суға кесек тас түскендей, ұйқы-тұйқы етсін де. Өмір соны тілейді ғой. Осылай құйындай соғар күштер болмаса, шіріп бүксіп күндер өтеді ғой». Расында да, Біржан өзінің асқақ әнімен жастардың бойындағы өнерін де, олардың сүйіспеншілік арманын да оятып, от тастап кеткендей. Халық жыршысының әні аркылы берілген бұл көрініс сол халықтың өз бойындағы талантты және оның өлең-жырының, ән-күйінің күшін аңдатады.

Біржан әнін жұрттың бәрінің құмарта тыңдауының сыры бар. Өйткені ол жастық жалынын, сүйіспеншілік сезімін ғана емес, халықтың азаттықты аңсаған арманын да жырлайды. Автор Біржан әнінің осы қасиетін де аша кетеді.

Біржан болған шакта Абай ауылында сауық-думан сейілмейді. Жастар ән шыркап, сол арқылы өздерінің ойларындағы мұң-шерлерін айтып, көңілдерін көтереді. Ауыл адамдарының, абысын-ажынның шәлкем сөздерінен қаймығып, ән айта алмай ішқұса болып, қыстығып жүрген Әйгерім де емін-еркін ән шыркап, бойын жазып, бір жасап қалады.

Әнші жастардың бұл думан-сауығын суреттеу арқылы автор олардың бойында үлкен өнер барын, бірақ соның толық көрінуіне мүмкіндік жоқтығын аңғартады. Олардың ойын-сауығы ұзаққа бармайды, аз күнгі көңілділік тез ыдырап таусылады. Сөйтіп, романның жастар қуанышын, әсем ән мен әсерлі күйді суреттеуден басталған бұл тарауы Оралбай мен Керімбаланың өкініштi, аянышты тағдырын, айықпас мұнарманын баяндаумен аяқталады. Бұл – осы кездегі заманның шындығы да, трагедиясы да болатын.

Егер бірінші кітап Абайдың азамат ретінде есеюін образды түрде бейнелесе, ал романның екінші кітабы, негізінен алғанда, ақын Абайдың қалыптасуына арналған. Романның бүкіл өн бойына біз Абайдың шығармашылығын нәрлендірген және оны тудырған себептерді, ақынның белгілі бір шығармаларының қандай жағдайда, қалайша жасалғанын біліп отырмыз. Абай өз шығармашылығының қайнар көзін халықтың өмірінен, оның жарыққа, еркіндікке ұмтылған күресінен іздейді, өзінің шығармаларында сол халықты, соның арман-тілегін жырлайды. Абайдың ақындық қуатының басталу тамыры тереңде жатыр. Өзін ғажайып қызық ертегілерімен әлдилеген сүйікті әжесі Зерегe, аға-сұлтан, ұлықтардың қайырымсыздығын шенейтін, заман жайлы көп ойланып-толғанатын, қайғылы, сыры терең Барласқа, каймығуды, камығуды білмейтін, тіліп түсер өткір тілді Шөжеге де Абай аз қарыздар емес.

Романға Барлас, әсіресе Шөже образын енгізу арқылы автор екі жайды аңғартады. Халық өздерін қанаған езушілерге қарсы қашанда өткір кекесінді, мысқыл созді құрал етіп пайдаланды және өзінің бұл ащы мысқылын адалдықты, туралықты айтатын шыншыл ақындарының аузымен, солардың жырымен айтты. Барлас та, Шөже де – міне, осындай ақындар. Мұндай ақындарын халық катты кадірлеп, ардақ тұтады. Шөже образы арқылы жазушы мұны мейлінше

әсерлі суреттейді. Бүкіл Қаркаралыны дүбілтіп, ел ішіне лаң туғызып, күпініп жүрген Құнанбай мен Алшынбайды Шөже бір ауыз өленмен-ақ тып-типыл етеді. «Мынау жалғыз ауыз өлең бағана, күні бойы күмбездей боп, үлкен көрініп отырған екі рудың екі шоқысын бір-ақ соғып, жермен-жексен етті» деп суреттейді автор, жас Абайдың Шөжені тыңдағаннан кейінгі әсерін. Әлемде сөзден күшті ештене жоқ деген қорытындыға келеді Абай. Бұл да Шөженің өткір сөзінің күшін танытады. Кейін Майбасарды қағытып, қалжың өлең шығарғанда Абай: «Шөжеге ұқсадым-ау! Шындап ұқсай алар ма екем?» деп іштей қызыға құмартады. Мұның бәрін жазушы шығармаға әншейін енгізе салмаған. Абай Шөжеге жай ғана, жеміссіз қызықпайды. Шөженің зорлық, өктемдік иелерін ащы жырмен түйрейтін қасиеті жас Абайдың өз бойына да мол дарығандай. Шындығында да, Абайдың шығармашылығын нәрлендірген, оған қуат берген қайнар бұлақтың бір саласы – оның өз халқының ауыз әдебиеті және Шөже сияқты, нағыз халық мүддесін жырлаған ақындар екенін жазушы романда көркемдік шындық шеңберінде, тартымды бейнелейді.

Жазушы Абай шығармашылығының психологиясын терең әрі нанымды ашады. Ақындық өнердің биігіне көтеріле алғаны үшін Абай орыстың классикалық поэзиясына әсіресе қарыздар. Абай шығармашылығындағы осы үлкен де ұлы бетбұрысты, яғни оның орыс әдебиетіне ден қойғанын, орыстың классик ақындарынан шығармашылық жолмен үйренгенін жазушы мейірлене, аса шабыттана суреттейді.

Өзі үнемі кездесіп, пікірлесіп жүрген досы Михайловтан Абай ақындықты, сөз өнерін құрал етіп жұмсау керектігін саналы түрде білді. Сол құралды қалай жасау және оны қайтіп жұмсау қажет екенін Михайлов Абайға, әрине, айта алмады, айта алмайтын да еді. Өзін толғандырған бұл сұрақтың жауабын Абай Пушкин мен Лермонтовтан, орыстың басқа да классик ақын, жазушыларының шығармашылығынан тапты. Осы жағдайды автор мейлінше әсерлі, шынайы суреттейді.

Жазушы Всеволод Иванов романның осы ерекшелігі жайында былай дейді: «Ресей деген не? Оның мәдениетінің қазақ мәдениетіндегі рөлі қандай? Орыс поэзиясы деген не? Орыстың әлеуметтік ойы деген не? Ақын қай жолға түсу

керек? Кіммен бірге болу керек? М.Әуезов «Абайда» осы сұраулардың бәріне дұрыс және анық жауап береді».

Адам баласына дүниежүзілік өнердің ғажайып үлгілерін жасап берген мәдени Ресейді романда Абай Пушкин бейнесінде қабылдайды. Сонымен бірге Пушкин өзінің тамаша шығармаларымен нақтылы түрде де көрінеді.

Жазушы Абайдың Пушкинмен жақындығын алғаш қазақ ақынының «Дубровскийді» оқып отырған сәтін суреттеу арқылы аңдатады. Бұл – Пушкин шығармашылығының тереңіне Абайдың жаңада бет қоя бастаған кезі. Ал романның «Биікте» аталатын соңғы тарауында Абайдың Пушкин поэзиясымен айырылмастай табысып, туысып кеткенін көреміз. Пушкин поэзиясының тұнығынан еркін сусындаған, оның сырына терең қанған Абай өз тапқанын енді халқына ұсынады. Ол Пушкиннің данышпандық шығармасы «Евгений Онегиннен» үзінділер аударады. Пушкинді қазақ тіліне аударудағы Абайдың рухани күйі, оның толғанулары мен ізденулері романда аскан шеберлікпен суреттеледі. Сондай-ақ «...Орыстың данасы Пушкин өзінің сүйікті Татьянасын колынан жетектеп кеп, кең қазақ сахарасына ең алғаш рет қадам» басқанын, «өзі тыңдаушысын ұйытқан қадірлі ақын» болатынын, «Татьянасы қазақ жасының жүрек сезіміне бұрын қазақ сөзімен айтылып көрмеген көркем, шебер тіл бітіріп, жандай жақсы туысы бола келгенін» оқушы сезініп те, көріп те отыратындай.

Пушкиннің шығармасын оқығанда және аударғанда Абай Татьяна образынан тек Татьяна Ларинаның өз бейнесін ғана көріп қоймайды, қайта, жанды аялайтын бұл тамаша образдың бойынан ол жалпы әйелге тән рухани тазалықты, дегдар мінезділікті және оның қасиетті көз жасын ұққандай болады. Қазақ тілінде ән шырқаған Татьяна атынан Абай өзінің ең сүйікті жары Тоғжанның, ойлы, парасатты Салтанаттың және басқалардың жан сырын ақтарады, солардың да арманы мен мұң-шерін тербейді. Сөйтіп, Абай Татьянаны қазақ қызының жүрегіне соншалықты жақын етті, оларды айырылмастай етіп табыстырды. Абайдың орыс классигі Пушкинмен рухани жағынан туысып кеткенін, қазақ ақынының орыс әдебиетімен тығыз байланысын жазушы осылайша терең, шынайы суреттейді.

Романда орыс адамдарының бейнесі де тәуір жасалған. Майыр, тентек ояз Кошкин мен Михайлов арқылы автор екі түрлі Ресейдің бейнесін береді. Алғашқылар – тек қазақтардың ғана емес, орыс халқының да бітіспес ата жауы, ал Михайлов – орыстың да, қазақтың да еңбекші адамының адал досы, нағыз қамқоршысы.

Кезінде «Абай» романының бірінші кітабында орыс адамдарының бейнесі, әсіресе ұнамды планда алынатын кейіпкерлердің образы тиісті дәрежеде шықпаған деген пікірлер айтылды. Бұл пікірлер сырттай қарағанда орынды сияқты көрінгенмен, шындығында да, мұны авторға кінә ретінде тағудың ешқандай негізі жоқ. Бұл ретте мына бір жайды естен шығармау керек. Автор романның бірінші кітабында немесе екінші кітабында болсын, ең алдымен Абайды, оның өмірі мен іс-әрекетін көрсетуді алға бірінші мақсат етіп қояды. Шығарманың сюжеттік өрбуін, оқиға желісін де автор осы негізгі мақсатына қарай лайықтап құрады. Ол Абайды қоршаған ортасынан, айналасынан бөліп әкетіп, даралап суреттемейді, қайта оны көркемдік шеңберінде алады.

Бірінші кітапта суреттелген шағында Абай анда-санда қалаға барып жүргенмен, өз ауылынан онша алыстап кеткен жоқ болатын. Егер автор Абайды ортасынан ерте алып кетсе, оған жастайынан-ақ орыс достарын тапқызып, олармен араластырып қойса, жасандылыққа ұрынар еді, шындықтың шеңберінен алыстар еді. Жігіттік құрып Бөжейге ас берісіп, қайнына ұрын барып жүрген Абайдың орыс мәдениетінің өлкесі жағына әлі көзі түскен жоқ, ал көзі түскен күнде де ол жарытымды ештеңе тани алмас та еді. Сөйтіп, орыс интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдерімен араласатын аренаға Абай әлі шыққан жоқ. Романның бірінші кітабында орыс адамдарының, әсіресе ұнамды пландағы кейіпкерлердің үлкен бейнесі болмауының бір себебі, орынды себебі осында болса керек.

Мұның есесіне автор романның екінші кітабында орыс адамының үлкен, жарқын образын жасаған. Ол – Михайлов. Бұл – идеялық тереңдігі, көркемдік құндылығы жағынан да ірі, тұлғалы образ. Бір кезде революцияшыл пікір ұстағаны үшін жер ауып келгенмен Михайлов сол бағытынан, сол күрес идеясынан қайтпаған адам. Бірақ ол бұл идеясын

әрекетке айналдыра алмайды. Оның бұлай етуіне жағдай да жоқ. Сөйтсе де, ол бар мүмкіндікті сарқа пайдалануға тырысады. Абаймен достасып, оған жол көрсетуі де – оның сол үлкен мақсатымен, айнымас идеясымен ұштасып жатыр.

Михайлов романда күрескер, үлкен ойшыл ретінде ғана емес, сонымен бірге нағыз қарапайым, еңбек сүйгіш жан ретінде де көрінеді. Қазақ халқының ауыр, аянышты тағдырына ол қатты қиналады, жаны аши қарайды және болашағына байланысты мәселелер жайында Абаймен бірге толғанады, оған ақыл, кеңес беріп отырады. Михайлов Абайдың өз тағдырына да үлкен әсер еткенін, оны дұрыс бағытқа сілтегенін автор нанымды суреттеген.

Михайлов образында автор Абайдың белгілі досы Михаэлистің бейнесін шебер жасаған.

Романда әйелдер образдары да келісті жасалған. Автор шығармада әр жастағы, алуан характерлі әйелдер образын жасай отырып, қазақ әйеліне тән аяулы қасиеттерді жинақтап бере алған. Романдағы әйел кейіпкерлердің ішінде Зере мен Үлжан екеуін ерекше атауға болады.

Ізгілікті, әділдікті жақтайтын мейірбан әже – Зере, салмақты, ойлы ана – Үлжан оқушының зердесінде әсіресе сақталып қалады. Бұл екі образ бірін-бірі толықтыра келіп, үлкен жүректі, мол мейірімді ананың бейнесін құрайды. Абайдың, әсіресе жас Абайдың бойынан осы аналар тәрбиесінен дарыған гуманизм мен әділетті жақтау қасиетін айқын сезуге болады. Зере мен Үлжан тек Абайдың ғана емес, бүкіл халықтың, елдің анасы сияқты.

Әкесінің Қодарды жазалағанын көріп, жаны түршіккен Абай аурумен арпалысып жатып әке есімін үрейлі сезіммен атайды. Сонда Зере сүйікті немересіне: «Иә, құдая, зар тілегім болсын, бейуақыттағы тілегім. Осы қарашығыма әкесінің осы ит мінезін бере көрме!.. Тасбауырлығын бере көрме!.. Иә, жасаған!..» деп бата береді. Әрі баласы Құнанбайдың тасбауырлығынан түңілген, әрі Абайдың болашағын ойлап егіле тілек айтқан кәрі әженің осы бір сөздерінде каншалықты мейірмандылық, ізгілік бар. Зере ел татулығын ойлайды. Ол өз айналасына, ұрпақтарына да осы сезімді дарытып отырады. Осы бір ізгі, қамқор ана сондықтан да жұрттың бәріне қымбат.

Зере бойындағы асыл қасиеттер Ұлжаннан да мол табылады. Сонымен бірге Ұлжан басының мұңы, айықпас шері де бар. Құнанбайдың каталдығына және көп күндестердің қызғаныш-ғайбатына байланысты туған Ұлжанның трагедиясын автор шебер жеткізіп береді. Жүрегін жаралаған мұңналасын Ұлжан сыртқа көп шығара қоймайды. Бірақ сараң айтылатын ойлы да саналы сөзінен оның бұл сырын байқау қиын емес.

Қажылыққа аттанып, қаладан шығып бара жатқан Құнанбай мен Ұлжанның арасындағы әңгіме талай-талай оқушының зердесінде қалып қояды. Ұзақ жыл бірге жасасқан өмірінде өзі көп күніренткен зайыбынан Құнанбай кешірім сұрайды. Екіталай, алыс сапарға бара жатқанын желеу етіп, кәрі қу бар кінәсынан бір-ақ арылып қалуды көздейтіндей. Оған Ұлжан мынандай салмақты жауап қайтарады: «Мырза, мынадай сапарында кінә түгіл, наз етсем білместік болар еді!.. Жастықта адамға төсек те, үй де, тіпті дүние де тар екен. Ал егде тартып, зауал шағына бейімделген сайын кеңейе береді екен. Өзің болсаң, кішірейе беріп, айналаңда қуыс дүниені көп тауып, өзгеге орын босата бергің келеді. Кінәң азайып, кешірімің көбейіп, суына бастайды екенсің. Осы көңіл мені жеңгеніне коп болған!.. Ұзақ дәурен кешіп келіп бүгін ырзалық айтып аттансаң болады. Мен сенімен енді кеп кінәласам ба, мырза!».

Ұлжанның осы бір сөздерінен оның бүкіл өмірі және өмір бойы жүрегін кернеген қаяулы да қайғылы сезімдері аңғарылмай ма!? Мол ақыл иесі, сабырлы Ұлжан байсалды, байыпты қалпымен көп жайды танытып отыр. Ол Құнанбайға бәрін де кешкен тәрізді. Бірақ оның тұспалдап айтқан ойлары мен іркіп қалған сезімдерін, уайымын оқушы байқамай қалмайды. Көңілдегі арманын, қасіретін көз жасымен көміп, үнсіз, іштей таусылу – ескі ауылдағы қазақ әйелінің талайына тән сыбаға, тағдыр бұйрығы болатын. Басқаны былай қойғанда, тіпті Ұлжанның өзі де осы салттан аттап кете алмайды.

Ұлжан Абай үшін бар мейірін, ықыласын қайтарусыз арнаған аяулы ана ғана емес, сонымен бірге ақылшы, демеуші де. Абай әлі жас, дәрменсіз кезінде рухани қолдауды шешесінен әсіресе көп көреді. Есейген шақта білім іздеп,

қалаға баруына жағдай жасағандардың бірі де – осы Ұлжан. Бірақ Ұлжан Абай көңілін үнемі бірдей ұға бермейді. Мысалы, Абайдың Әйгерімге үйленбек ниетін естігенде Ұлжан бұған реніш білдіріп еді. Күндестік өмірдің қиянаты мен қасіретін өз басынан көп кешкен Ұлжан баласы мен келіндері де сол халге душар болады деп сескенеді. Тоғжаннан тірі айырылып, Ділдаға ықтиярсыз үйленген Абай енді Әйгерімге қосылмай тынбайтынын, оның жүрек жарды сырын Ұлжан сезіне алмайды. Бұл кейіпкер характерінің шындығына лайықты әрекет. Егер кейіпкерін осылайша шынайы көрсетпесе, жазушы шындық шеңберінен шығып кеткен болар еді.

Ұлжан Абайға бала жастан бар аналық сүйіспеншілігін арнауымен бірге арманы мен үмітін де соған артады. Романның екінші кітабының эпилогында халықтың көкейкесті тілегін жырлаған Абай өлеңдерін тыңдап отырып, Ұлжан былай дейді:

«Туғанынан... тіпті титтейінен Абайым бір төбе, өзге қалған өрен-жаран бәрі бір төбе еді. Аналық бүйірімді тоқ етіп жатқан бір алтын жамбыдай көруші ем. Өзімен бірге туған аналық тілегім, үмітім екен. Бүгін сол тілек пен үмітім мынадай бәйтерегім бопты. Енді мен өлсем де арманым жоқ ана екенміп-ау!..». Бұл ақталған үміт - тек Ұлжанның ғана емес, бүкіл халықтың үміті еді. Ізгі тілекті ана көптің көңілін білдіргендей.

Жалпы алғанда, Зере мен Ұлжан образдары – жазушының үлкен табысы. Сонымен қатар бұлар қазақ әдебиетіндегі ана кейіпкерлер образдарының ішінде ерекше орын алады.

Романнан өткен ғасырдағы қазақ ауылында болған қыздардың да тамаша бейнелерін табуға болады. Бұлардың ішінде дараланып, ең оқшау көрінетіні – Тоғжан. Ол Абайдың бүкіл жастық өмірінің гүлі, оның айнымас, тозбас сүйіспеншілігінің символы тәрізді. Тоғжанның шыншыл жүрегі мен адал махаббат сезімін жазушы соншалықты әсерлі, тебірене толғайды.

Абай да, Тоғжан да сүйіспеншіліктің ыстық сезімі мен қуанышын тұңғыш рет бір-бірінің жүрегінен табады. Олар қосылыса алмайды, тағдырдың ықтиярымен айырылысып кетеді. Бірақ олардың сүйіспеншілігі сол бір балғын жастық күйінен, арманды да өкінішті күйінен жаңылмайтындай.

Абайдың адал айнымас махаббатты жырлайтын шыншыл өлеңдері арқылы және оның түтеген боранға тап болып, адасудың артынан Тоғжанмен кездесуін ұтымды суреттеу арқылы автор олардың сүйіспеншілігінің ұзақтығын, әлсіремейтіндігін көрсетеді.

Абайдың сүйікті жары Әйгерім – Тоғжан алуандас образ. Әйгерім Абайға өнерімен ғана емес, адал ыстық махаббатымен де тең, лайық жар. Әйгерім образында бір терең сыр да бар. Бір жағынан, Әйгерім – басқа бейнеге түсіп келген Тоғжанның өзі сияқты, сонымен рухтас. Егер Абай Тоғжанмен қосылса, онда ол Әйгеріммен өткізген өміріндей өмір кешкен болар еді. Тоғжаннан айырылғанда жоғалтқан жүрек сезімін, сүйіспеншілік тынысын Абай Әйгерімнен табады. Әйгерімнің Абай жүрегіне соншалықты ыстықтығы да осыдан. Оқушы да оны осылай қабылдайды. Абай Әйгерімді алғаш рет көргенде оны Тоғжан бейнесінде қабылдайды. Абайдың түс көріп, өзгеше бір жан күйіне түскенін суреттейтін бұл эпизодты жазушы тегін ала салмаған.

Ділдаға еріксіз үйленіп, Тоғжаннан арманда айырылысқаннан кейінгі Абайды оның құлазыған көңіл-күйінен, өкініш-наласынан тек сол Тоғжан бейнелі жан ғана айықтыра алмақ. Міне, Әйгерім өзінің ажар-көркі, ой-парасатымен де, өнерімен де дәл осындай жан болып шығады. Әйгерімді алғаш рет көргенде Абайдың алай-түлей сезім дауылдарын бастан кешіруі, ақындық тебіренулерге берілуі де кейіпкердің дәл сол жағдайдағы характеріне сай, нанымды. Өйткені Абайдың дәл осындай жан толқыны, көңіл-күйі үстінде ғана Әйгерімді Тоғжан бейнесінде қабылдауы ықтимал.

Жазушы Абай мен Әйгерімнің арасындағы сүйіспеншілікті мейірлене суреттейді. Абайдың Әйгерімге үйленуі, бір жағынан, кейіпкердің өткен өмірге, тағдыр өктемдігіне деген ызалы қарсылығын танытқандай. Тоғжаннан айырылған, Ділдаға еріксіз телінген кездерде Абай жас та дәрменсіз еді. Ал кейін есейіп, тағдырына өзі ие болған шақта Абай өз жүрегінің дегенін істейді.

Абай Әйгерімнің ажар-көркін, ақыл-парасатын да, өнерін де аса жоғары бағалайды, шын жүректен сүйеді. Сырттай қарағанда Әйгерім өз бақытын молынан тапқан жан сияқты. Бірақ сол еркін де еркс көрінген Әйгерім басында бір тра-

гедия бар. Ол – Әйгерімнің өз өнерін сыртқа емін-еркін шығара алмауы, жүрекжарды сыр-сезімін ән арқылы айта алмауы. Әйгерімді оның өнерінен, тамылжыған әсем әнінен айырып қарауға болмайды. Қатыгез жандардың Әйгерім әнін тұтқындауы оның өзін қапас торда ұстауы болып табылады. Бұл – сол бір қытымыр заманның өнер иесі жандарға, өнерге жасаған рухани қысымы есепті. Сөйтіп, Абайдың тек өз басы үшін ғана емес, сонымен бірге Әйгерім үшін, оның әні үшін де күреске түсуіне тура келеді. Бірақ Әйгерім әнін суық сыбыстар мен жат қабақтардың ызғарынан арашалап қалу жолында Абай аршынды әрекеттер жасай алмайды.

Құнанбай айналасы Әйгерім өнерін танудан да, сыйлаудан да мүлдем аулақ. Олар Әйгерім әнін тұмшалап, оған үн шығартпайды. Бұл олардың асыл өнерді сыйлай білмейтін топастығын ғана емес, сонымен бірге одан үрке қорқатынын да көрсетеді. Бірақ шындап келгенде, олар ән мен жырды тұншықтырып отыра алмақ емес. Тәкежанның баласын келістіріп жоқтаған Әйгерімнің мұңды зары Құнанбайдың соқыр көзінен де жас ағызады. Тоң мойын, топас жандар Әйгерім өнерін осылай танып мойындайды. Өнердің қуат-күшін жазушы осылайша нәзік те шебер танытады.

Салтанат, Керімбала, Салика сияқты қыздардың бейнелерін де автор қызғылықты, әсерлі етіп шығарған. Автор олардың әрқайсысын өзіндік характермен, іс-әрекетпен жеткілікті даралап көрсетумен бірге солардың барлығының басына байланысты бір жайды шебер ашып берді. Тоғжан мен Салтанаттың да, Керімбала мен Саликаның да тағдыры бір алуандас. Олардың барлығы да сүйген жігіттеріне қосыла алмай, махаббат қасіретін шегеді. Бұл – өткендегі қазақ қыздарының барлығының басындағы трагедия болатын. Бірақ сол бақытсыз тағдырына олардың қарсылығы, қатынасы бір дәрежеде емес.

Мысалы, Тоғжан болса тағдырына табынып, сүймеген адамына еріксіз кете барады. Оны арашалап аларлық дәрмен Абайда жоқ. Ал Керімбала Тоғжанға қарағанда бір қадам алға басқан. Ол өзі сүйген Оралбайға еріп, бір кетуге кетіп қалады. Бірақ атастырылған адамына еріксіз телінгеннен кейін оның да сезімі суынып, жалынынан айырылып қалады.

Салика болса, бұлардан оқшауырақ. Оның қолынан батыл қимыл жасау келетіндігі сезіліп отырады. Ол тағдырдың

ыркына көндігуден аулақ. Салиқа, қайткенде де, өзіне тең адамға баруға бекінген. Егер бұл тілегі болмаса, ол суық құшаққа булыққаннан тұңғиыққа батып өлгенді артық көреді. Өзін бақытсыз еткен тағдырға ол осылай қарсылық жасауға әзір. Сөйтіп, автор осы қыздардың тағдыры арқылы қазақ қызының бас азаттығын аңсаулы алыс арманнан, құр қиялдан бірте-бірте әрекетке ауыса бастағанын көрсетеді.

Сырттай қарағанда, Салиқаға байланысты дау-шардың романда суреттелген оқиғалар өрбуіне ешқандай қатыстығы жоқ сиякты. Өйткені окушы автордан бұрынғы дала тіршілігінің көріністерін әйтеуір мол қамтып, жалпылама суреттей беруді талап етпейді. Ол дала тіршілігінің алуан түрлі қыры мен сыры шығарманың негізгі кейіпкері Абайдың және басқа да тұлғалы кейіпкерлердің өмірі мен іс-әрекетіне байланысты, солардың образдары толыса өсуі үстінде ашылуын қалайды. Міне, осы тұрғыдан алғанда Салиқа жайын баяндау басы артық эпизод болып көрінуі ықтимал. Бірақ шындап келгенде, тіпті де бұлай емес.

Романға Салиқа тағдырына байланысты оқиғаны енгізу арқылы жазушы, бір жағынан, феодалдық әдет-ғұрыптың қазадай қаталдығын және азаттықты аңсаған қазақ қызының сол қатал қысымшылыққа қарсы қайсар күресін шынайы бейнелесе, екінші жақтан, ол осы бір эпизодта Абайдың гуманизмін, жаңашылдығын, оның шығармашылығының психологиясын да шебер әрі ұтымды аңдатады.

Жесір дауы қазақта талай замандар бойы болғаны және талайлардың өмірі өксіп өткені тек сол зәбір көргендердің өздеріне ғана емес, сонымен бірге басқа саналы жандарға да батып, ой салмай қоймақ емес. Халықтың ұлы болған, өмірін соған қызмет етуге арнаған Абай сиякты адамдарды бұл жәйт әсіресе қатты толғандырмақ. Оның үстіне, сүйген жарынан ықтиярсыз айырылып, сүймеген жанға еріксіз қосақталған адамның рухани азабы қандай болатынын бір кезде өз басынан да кешкен Абайға Салиқаның шер-шемені, мұңды көңілі жақын да, түсінікті де.

«Әдет – әдет емес, жөн – әдет», дейді қазақтың халық мақалы. Сол сиякты Абай да тағы заманның тағылық әдетіне қарсы шығып, оның орнына ілгерішіл де әділетті жол ұсынады. «Жаксы жол – елге жора. Мен баяғының нені же-

леу, нені жамау тапқанын білемін. Жаңа ұрпақ жаңа тілекпен келеді. Жас боп туып өмірден күңіреніп өтем деп келмейді. Жаңа күн өзінің жаңа жорасын, жаңа тілегін жас көңілмен айтады. Жас ұрпақтың талабымен айтады. Оған құлақ ілмеген елдіктің дауасын таппай, аласын табады». Міне, Абай осылайша Салиха басын қанды ноқтадан азат етіп қана қоймайды, сонымен бірге ескіліктің әділетсіз әдет-ғұрпына өктем үкім айтады, елге үлгі боларлық жаңа жол-жора ұсынады. Абайдың айтқан билік үкімін қалың жұрт қуана қарсы алады. Өйткені Абай сол көптің көңілін талайдан бері күпті қылып келген түйіннің тура да тиімді шешімін тапты.

Жоғарыда Салиха басына байланысты алынған эпизод Абай шығармашылығының психологиясын тануға да септігін тигізеді деген едік. Енді осы жөнінде бір-екі сөз. Абайдың «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген баллада тәрізді атақты өлеңі оның шығармашылығында ерекше орын алады. Ақын бұл өлеңінде өлмелі шалдың ажалдай суық құшағынан терең тұңғиықты артық санаған, әділетсіз өмірдің құрбандығы болған, азаттықты аңсап кеткен қыздың тартымды образын жасады. Бұл образ рухани қуатқа, романтикалық сырға толы.

Романнан Абайдың осы өлеңі Салиха тағдырына, соның жүрекжарды сырына байланысты туғанын көреміз. Бірақ Абай өзін толқытқан, көзімен көрген оқиғаны сол күйінде көшіре салмайды, қайта оны көркемдік шындық дәрежесіне көтеріп, әсірелеп көрсетеді. Осы арқылы автор Абай шығармашылығының жинақтаушылық сипатын, көркемдік қуатын да ұтымды танытады.

Романдағы негізгі конфликт Абай және ол бастаған халық өкілдері мен Құнанбайлар арасындағы тартысқа құрылғанын жоғарыда айттық. Абай мен Құнанбай арасындағы тартыс – әке мен баланың жай ғана келіспеуі емес, нағыз өткір тартыс, жаңа күштер мен ескіліктің қара күштерінің арасындағы күрес.

Құнанбайдың автор шеберлікпен берген мынандай портреттік сипатынан оқушы оның характерін, ішкі дүниесін мол аңғарып қалады: «Әкесінің атжақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын үлкен бетіне ұп-ұзын боп, дөңгелей

біткен сақалы қосылғанда басы мен беті бір өңірдей. Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі оның көтерінкі жалтұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя берсін, салғырттығы жоқ, сергек, қатал күзетші. Жалғыз көз шүңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады».

Бұл портреттік сипаттау бала Абайдың түйсінуі арқылы берілген. Сөйтсе де, жазушы Құнанбайдың көп қырлы мінезінің кейбір белгілерін оқушыға сездіре алған.

Құнанбай – келешегі кесілген, үміті үзілген, құрып бара жатқан таптың өкілі. Ол ел ішін қан қақсатып, өктемдік жүргізетін, еңбекші халықты езіп, қанай беретін жауыз, нағыз азулы жырткыш. Аға сұлтандығын пайдаланып, ол өзі қарайлас байларға, ру басыларына да тізесін батырып-батырып алады.

«Онда өкімдік те бар әрі қолы ұзын, малды, сөзге жүйрік, мінез бен іске де алғыр, бетті, қырыс адам» деп сипаттайды жазушы Құнанбайды. Ол жаты түгіл жақынына да аяусыз қаталдық жасайды. Тіпті кейбір ру басылары Құнанбайдың сыртынан-ақ қарадай үрке қорқып жүреді. Өздерінің атақонысын Құнанбай баса-көктеп тартып алғанын білген сәттегі Сүйіндік, Сүгір, Жексен сияқты байлардың айтатын сөздері мынадай:

– Бара көрейік. Жүзбе-жүз көрісейік. Жауабын өз аузынан естиік!..

– Не де болса, бара көрейік те!

– Не жөн, не жолға сыйғызады екен?.. Өзінен есітейік...». Міне, бұл сөздерден осы байлардың ездігі мен жасқаншақтығы ғана байқалып қоймайды, сонымен қатар Құнанбайға да айқын жанама сипаттама беріледі.

Құнанбай өзінің Бөжей, Байдалы сияқты тұстастарымен көп алысады. Сонымен бірге ол кедей бұқараға да шеңгелін аяусыз батырады. Құнанбай өзі ұстасып жүрген кейбір ру басылары мен атқамінерлердің көмейін реті келгенде сол еңбекші халықтың есесінен толтыра салады.

Қулығына, арамдығына бойлатпайтын айлакер, жауыз да тақыс Құнанбай дінді де өз пайдасына жырындылықпен, әккілікпен пайдалана біледі. Мысалы, Қодарды жазықсыз

өлтірткенде Құнанбай бұл сұмдықты шариғат жолына сүйеніп жасаған болады. Оның Қодарды өлтіртқендегі түп себебі – дін жолына берік болу емес, жерін тартып алу екендігі кейін ғана ашылады. Алғашында оның бұл қулығын ешкім де сезе алмайды.

Құнанбайдың Қаркаралыда мешіт салдыруы да, Меккеге қажылыққа баруы да құдай жолын қуған діндар сопылықтан емес, жұртты алдау үшін. Және де осы мешітті жұрттан алған парасына салғызады. Құнанбайдың осы паракорлығын жазушы әрдайым әшкерелеп отырады. Бұл ретте Құнанбайдың романдағы бейнесі оның өмірлік прототипіне сайма-сай келетінін атап айту керек.

Ел арасынан Құнанбай жайында материал жинағанда жазушы бірсыпыра қиыншылықтарға кездеседі. Өйткені қараңғы сахараны жайлаған ел ішінде Құнанбайдың қаталдығы мен жауыздығы ғана емес, сонымен бірге жалған мырзалығы, діндарлығы жайында да аңыз мол таралған. Автор сол материалдарды екшеп пайдалана отырып, дала өмірінің феодалдық дәуір тұсындағы бар кертартпалығы мен тағылығын бойына жинаған Құнанбайдың реалистік образын жасады.

«Мен халық арасынан, ақын-жыраулар аузынан көптеген эпиграммалар, сатиралық өлеңдер естідім, – деп көрсетеді жазушы, – солардың бәрі Құнанбайды мысқылдап, оның билігінің, әмірінің әділетсіздігін әшкерелеп, тіпті Құнанбай алған параны паш етіп жатады. Сонымен, Құнанбай, бір жағынан, мешіт салдырған құдайы адам ретінде көрінеді де, екінші жағынан, паракор, жауыз есебінде танылады. Мысал ретінде айтайын, бір жолы екі адам жерге таласып, Құнанбайға төрелікке келіпті. Құнанбай өзінің бір адамын шақырып ап: «Атқа мін де, мыналарды бітістір, жерін бөліп бер», – деп әмір етіпті. Дауласқан екі кісінің бірі бай, бірі кедей екен. Құнанбай жұмсаған адам кедейге іш тартады да, жерді екеуіне бірдей бөліп, жүріп отырады. Сонда Құнанбай «Әй, төбет, ат басын қайда бұрып барасың?» – депті. Сонда анау: «Мен қой салған жол емес, құдай салған жолмен жүремін» – депті. Бұл Құнанбайдың параға қой алғанын көрсететін нәрсе».

Құнанбай өзінің қаталдығын – қасиетім деп ұғады. Ол өзінің өктем мінезін айналасы түгіл ұлыққа да жасағысы

келеді. «Майыр, сенің атаң аты Тобықты емес еді. Осы Қаркаралыға кеп бауыр тапқаннан аманбысың? Бөжейді айдату керек, қағазын дұрыста деп ем. Сары аурудай создың да кеттің ғой. Соның жанкүйері сен болып, бауыр тартып, бауырың езіліп жүр ме осы, немене?..» – дейді ол Майырға. Құнанбай осы қыңыр да қатал мінезінен талай рет опық та жейді, бірақ ол бұдан тыйылмайды. Жазушы кейіпкерінің бойындағы, характеріндегі осындай белгілерді, оның «жан диалектикасын» реалистік түрде ашады, Құнанбай өзін жас ұрпақ біржола ысырып тастайтындығын онша көп сезбейді. Оның әлеуметтік сезімі топас. Қажылыққа барып келгеннен кейін ол бұл дүниелік жабдықтан, тіршіліктен мүлдем айырылғандай, бетін ол дүниеге қаратып, үнсіз жатып алады. Сөйтіп, ол әлеуметтік аренадан шетке қағылады.

Сары аурудай сарылып жатқан Құнанбайды Әмірдің қылығы катты үркітеді. Кәрі жырткыштың қанды тырнағынан Әмірді Абай ғана құтқарып алады. Әкесінің бұл құзғындығын бетіне баса, Абай қатты айтады: «Аузыңда – Алла, шеңгеліңде – қан. Тағы қан!.. Бұларды шариғат та қосады. Бір кезек, сол шариғат жолы деп, бір нахақ қан төгіп ең... Енді шариғатқа қарсы тағы да өлім жұмсадың ба? Үнсіз, соғысып жатқаның құлшылық емес, сұмдық үшін, осындай сұмдық жырткыштық үшін бе еді?».

Сен елді аздырасың, бәрі де сенен деген Құнанбайға Абай былай дейді: «Болсын солай! Менен! Неге өлмейсің тыншыңмен, сен! Заман сенікі емес, менікі!.. Нең бар?».

Расында да, Құнанбайдың заманы өтті. Ол әлі бар болғанмен, енді жоққа есеп. Автор бұл шындықты Абай аузынан, ұрымтал тұста айтқызады. Әмірді буындыруы – Құнанбайдың шеңгелін соңғы рет салғаны сияқты. Құнанбай Абай мен Әмірге теріс батасын береді, қарғысын айтады. Оның қолынан енді осыдан басқа келері де жоқ. Бірақ Абай мен Әмір Құнанбай қарғысынан зәредей де қаймықпайды, ығыспайды. Келешегі мол, өсіп келе жатқан жаңа, жас ұрпақты Құнанбайлар қарғысымен ұстап қала алмақ емес.

Абай мен Құнанбай арасындағы конфликт осылай шешіледі, Абайдың жеңуімен тынады. Құнанбай құлағанмен, оның ізін басқан, жолын қуған, одан тәлім алған қулар мен сұмдар бар. Абай енді солармен алыс-тартысқа түсуге керек.

Құнанбайдың ізін басып, жолын қуушылар, оның ісін ұстағандар – Тәкежан, Ыскақ, Майбасарлар. Бұлардың Құнанбайдан мұраға алғаны – жауыздық пен зұлымдық. Оларда Құнанбайға тән ірілік пен батыл, ожар кимыл жасау жоқ. Бірақ бұлар қанша ұсақтағанмен, зымияндық, тақыстық, өктемдік жағынан Құнанбайдан кем соқпайды. Сөйтіп бір Құнанбайдың орнын ұсақтаған көп Құнанбайлар, яғни құнанбайшылар басқан. Бұлар өздерінің мінез-құлықтарымен, іс-әрекеттерімен Құнанбай образын толықтыра түсетіндей. Автор бұл аткамінер, пысықтардың паракорлығын, еңбекші халыққа жасайтын зорлық-зомбылығын шебер әшкерелейді. Абай өзіне туыс, жақын аткамінерден бастап, көңілдес, достас ру басыларының барлығынан да түңіледі, жирене, жек көре түңіледі. Жұртқа басалқы айтып, тілін безеп жүретін Жиренше, Оразбайлар Салиқа қыздың дауы тұсында даугерлерден пара алып, құлқыны үшін Абайды сатып кетеді... Романда қанаушылар дүниесінің сырын ақтарып көрсететін, шебер суретшінің қолымен жасалған мұндай эпизодтар мол. Үстем тап өкілдері сырттай қарағанда өктем, мығым көрінгенмен, олар іштей быксып сөніп, құлдырап барады, түптеп келгенде, олардың жаңа ұрпаққа, жас буынға жол беріп, тарихи аренадан мүлдем ысырылып қалатыны даусыз. Автор бұл ойды романның бүкіл сюжеттік желісі, оқиға өрбуі арқылы танытып отырады.

Жазушы өзінің романында халқымыздың өткен ғасырдағы ұлы ақыны, үлкен ойшылы Абайдың ғажайып образын жасады және ғасырлар бойы қанауда, қараңғылықта өмір кешіп келген қазақ халқының орыс халқымен достасып, оянып, серпіле бастағанын және оның азаттыққа, жарыққа қарай қажырлылықпен ұмтылуын терең де шебер бейнеледі. Абай өмір сүрген дәуірдің қат-қабат шытырман шындығын, оның күнгей де көлеңкелі жақтарын типтік образдар арқылы реалистік түрде ашып берді.

«Мұхтар Әуезовтің «Абай» романы қазақ әдебиетінде ғана емес, бүкіл кеңес әдебиетіндегі үлкен оқиға, ол қазақ халқының ұлы данасы ақын Абай Құнанбаевқа арналған. Роман ақынның өмірі туралы ғана айтып қоймайды, жазушы «Абайда» тұтас халықтың өмірін, оның тарихи тағдырын баян етеді. Абай өз заманының алдыңғы қатарлы, прогресшіл адамы ретінде көрсетілген. Өзінің іздену жо-

лында ол орыстың классикалық поэзиясына, Пушкин мен Лермонтовқа келді. «Абай» – халық туралы, оның ақыны туралы, өз халқын сүйген, оны ұлы орыс халқымен достыққа шақырған жалынды патриоты туралы кітап» деп көрсетті «Правда» газеті. Міне, бұл – нағыз көркем, шынайы сөзді тілейтін қалың жұртшылығымыздың пікірі еді.

М.Әуезовтің «Абай» романы жазылғаннан бері талай жылдар өтті. Осы уақыттың ішінде бұл роман әдебиет зерттеушілері мен сыншылардың назарын өзіне мол аударды. Ол жайында жүздеген мақалалар, көптеген диссертациялық және дипломдық еңбектер жазылды. Әдебиетіміз пен әдеби сынымыздың дәрежесі неғұрлым өскен сайын бұл шығарма да зерттеушілер назарын өзіне солғұрлым мол әрі тиянақты аудара бермек. «Абай» романын талдауға арналған сындық мақалалардың ішінде сынаржақ, үстірт, тіпті теріс бағытта жазылғандары да болды. Бірақ жұртшылық ондай сындарға дер кезінде соққы беріп отырды.

«Абай» романы өзінің лайықты да әділ бағасын ең алдымен қазақ әдебиетшілерінен алды. Әрине, осылай болуы заңды да еді. Бұл ретте сыншылар Т. Нұртазиннің «Абай» романы» («Әдебиет және өнер», №4, 1948), М. Ғабдуллиннің «Абай» романы – қазақ әдебиетінің зор табысы» («Әдебиет және өнер», №7, 1949) атты мақалаларын ең алдымен атауға керек. «Абай» романының идеялық-көркемдік құндылығы, жазушының дәуір шындығын қалай қамтып, адам образдарын қаншалықты дәрежеде шығара алғандығы жайында бұл сыншылар көптеген бағалы пікір айтты. Сонымен қатар олардың мақалаларына тән ортақ бір кемшілік те болды. Ол кемшілік сол аталған мақалаларда романның көркемдік ерекшеліктерінің ашылмауына, жазушының суреттеу құралдары мен тәсілдерінің талданбауына байланысты еді. Бұл кемшілік, бір жағынан, жалпы сол кездегі әдеби сынымызға түгелдей ортақ болатын.

М.Әуезовтің Абай туралы романдары жайында қазақ сыншылары соңғы жылдардың ішінде де бірсыпыра мақалалар жазды. Олардың ішінде ауыз толтырып айтуға тұрарлықтары – Т. Ахтановтың «М.Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы» романдары туралы» («Әдебиет және өнер», №10, 1953), Қ. Нұрмахановтың «Абай» образы көркем әдебиетте» атты мақалалары.

Орыс тілінде басылып шыққаннан кейін «Абай» романына орыс жазушылары мен әдебиетшілері де ерекше көңіл аударды. Біз оларға арнайы тоқталып жатпаймыз. Өйткені жоғарыда романға жалпы талдау беру үстінде біз окушыны сол пікірлердің кейбір басты-бастыларымен таныстырып отырдық. Сондықтан да орыс тілінде шыққан еңбектердің тек біреуі жайында ғана бірер сөз айтпақпыз. Ол – сыншы З. Кедринаның Москвада 1951 жылы басылып шыққан «Мұхтар Әуезов» атты сындық-биографиялық очеркі. Әрине, орыс сыншысының ұлт әдебиеті өкілінің шығармашылығын зерттеуді алдына мақсат етіп қоюы – бағалауға тұрарлық факт.

Сыншы осы мақсатын орындау жолында бірсыпыра еңбек сіңірген. Ол жазушының шығармашылығы жайында, әсіресе оның «Абай» романы жайында біраз қызғылықты да соны пікірлер айтты. Бірақ сыншының жазушы шығармаларын түпнұсқада окуға мүмкіндігі болмағандықтан, ол терең де байыпты ойлар қозғай алмады, жазушы шығармашылығының ішкі астарларына үңіле алмады. Оның үстіне сыншының бір жазушыны екінші жазушыға қарсы қою сиякты теріс тенденцияға ұрынғаны және бар. Осы айтылғандарға байланысты З. Кедринаның очеркі жазушы шығармашылығына лайық, құнды еңбек болып шықпады.

Көптеген халықтардың тіліне аударылған «Абай» романы шетелдік көрнекті мәдениет қайраткерлерінен де жоғары баға алды. Түріктің атақты ақыны Назым Хикмет кеңес мәдениеті туралы бір макаласында өзінің көрнекті неміс жазушысы Анна Зегерспен пікірлескенін, ол кеңес жазушыларының шығармаларының ішінде М.Әуезовтің «Абай» романын жоғары бағалап, ықыластана окып жаткандығын айтады. Көптеген шет тілдерге аударылған бұл роман сол елдердің әдебиет жұртшылығы арасында да мол пікір туғызып отырды.

Кез келген көркем шығарма үшін ең үлкен әрі қатал сыншы – халық, халық пен уақыт. М.Әуезовтің «Абай» романы осы сынның екеуіне де толық жауап берді. Ол уақыт сынынан мүдірмей өтті, сөйтіп халықтың сүйіп окитын қалаулы шығармаларының біріне айналды.

М.Әуезовтің «бұл романы біздің кенес әдебиетіндегі аскан зор көркемдік окиға болып табылады... Бұл ғажайып

суретші туралы шабытты әңгіме ғана емес, сонымен қатар тұтас халық туралы, оның тарихи тағдыры туралы баяндау» (В. Ермилов).

«Абай» романы жазушының өз шығармашылығының ғана асқары емес, сонымен қатар бүкіл қазақ кеңес прозасының социалистік реализм әдісін игеру жолындағы кемелденген нағыз реалистік үлкен проза жасаудағы елеулі жеңісі саналады.

* * *

Жазушының 1952 жылы жеке кітап болып шыққан «Абай жолы» романы, негізінен алғанда, «Абай» романының жалғасы, соның тұтас, бөлінбес бір бөлімі болып саналады. «Абай жолынан» да біз ұлы ақын Абай мен оның халқының тарихи жаңа кезеңдегі өмірі мен күресінің кең көріністерін табамыз.

«Абай жолы» романы жазылған кезеңде қазақ кеңес әдебиеті, оның ішінде әсіресе көркем проза дамудың жаңа бір белесіне көтерілген еді. Бұл кезеңде прозамыздың тақырыптық қамтуы кеңейді, идеялық мазмұны тереңдей түсті, проза да өмірге бұрынғыдан анағұрлым батыл да тегеурінді араласа бастады. С.Мұқанов «Сырдария», Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты» романдарын толықтырып өңдеді. Ғ.Мүсірепов «Оянған өлке», Ғ.Мұстафин «Қарағанды», Ғ. Сланов «Шалқар», Ә. Сәрсенбаев «Толқында туғандар» романын жазды. Ә. Нұрпейісов, С. Шаймерденов сияқты жазушылар өздерінің тұңғыш күрделі, көлемді шығармаларын оқушы жұртшылыққа ұсынды. Бұлардың ішінде Ғ.Мұстафиннің социалистік жаңа Қарағандының жасалу процесін баяндайтын «Қарағанды» романы орыс тіліне аударылып, бүкілодақтық оқушыға кеңінен танылып, тартымды баға алды. Ал Ғ.Мүсіреповтың өткен ғасырдағы Қарағандыны бейнелеуге арналған «Оянған өлке» романы өзінің реалистік қуаты жағынан тек қазақ әдебиетінің ғана емес, сонымен қатар бүкілодақтық әдебиеттің ең үздік шығармаларының бірінен саналады. Тарихи тақырыпқа арналған бұл шығармада дәуір шындығы, өткен ғасырдағы қазақ халқының өмірі мен тұрмысы, қазақ жұмысшы табының туу, қалыптасу жолдары мейлінше шынайы әрі зор көркемдік қуатпен суреттелген. «Оянған өлке» романында

жазушы әр тағдырлы, алуан характерлі адамдардың типтік образдарын жасады. Сонымен қатар бұл романнан тек жекеленген кейіпкерлердің ғана емес, тұтас дәуірдің де типтерін табамыз.

Сөйтіп, М.Әуезовтің «Абай жолы» романы қазақ прозасының осындай жетілу, кемелдену кезеңінде келіп туды. Сондай-ақ бұл романның өзі де прозамыздың осы биік белесін таныткан шығармалардың бірі болып табылады.

«Абай жолы» – Абай туралы алғашқы романның заңды жалғасы екені жоғарыда айтылған болатын. Егер «Абай» романында ақынның жеке өз басындық өмірінің қат-қабат жайлары кеңірек қамтылса, әлеуметтік маңызы зор мәселелер осы арқылы және негізгі кейіпкердің соларға қатынасы арқылы шешіліп отырса, ал «Абай жолы» романында жазушы назарын баса аударатын жағдай – Абайдың халықпен байланысы, оның әлеуметтік еңбегі. Рас, алғашқы романда да Абайдың әлеуметтік қызметі, оның халық қамқоршысы ретіндегі іс-әрекеттері шынайы суреттелген. Бірақ бұл жәйттер негізгі кейіпкердің жеке өміріне байланысты желілермен жарыса, қосарлана өрбитін. Ал соңғы романда жазушы Абай кешіп өткен өмірлік жолдың бар бұралаңын тізбектеп көрсетуді мақсат етпейді. Ол қайта негізгі кейіпкердің шығармашылық жолын, әлеуметтік жолын мол да терең бейнелейді. Бұл – Абайдың қорқау ортадан, үстем тап арасынан үзілді-кесілді қол үзіп, халқының ішіне біржола келу жолы, оның қараңғы қазақ сахарасынан орыстың озық мәдениетінің биігіне өрлеу жолы. Романның «Абай жолы» аталуы да осыдан. Бұл ретте автор «жол» деген сөзді оның тарихи, философиялық кең мағынасында алған.

Күңгірт, бұлыңғыр күз суретін беруден басталған роман көшкен елдің алдына түсіп, ұзап кеткен жүргіншілер – Абай мен оның достарының, ақын-әншілердің жайын баяндауға ауысады. Сауықшыл думанқұмар жастар әралуан өнер көрсетеді. Олар бірде алғыр ақындықты тайталастырса, біресе қыран шәулінің ілгірлігін сынасады. Бірақ сырттай қарағанда әсерлі, көңілді сезілетін бұл идиллиялық көрініс ұзаққа созылмайды. Суыт жүріп келген Әбдінің суық хабары – Тәкежанның зорлықшыл баласы Әзімбайдың кедей, момын ауылдарға жасаған қатал қиянаты туралы хабар жаңа ғана жадырай жайраңдап келе жатқан қызу топтың көңілін су сепкендей басады. Әбді айтып келген хабарды бұлар

әртүрлі қабылдайды. Абай, Мағаш, Дәрмендер Әзімбайдың содырлы қылығына жирене ызаланса, Шұбар сияқты айлалы тақыс өз есебін ойлайды. Ол Абайға бұл іске араласпауды мәслихат етіп, «Өзіңізге ауыр ғой. Тағы да өлең, өнер, тыпыш еңбек – бәрі қалады ғой, содан қорқам», – дейді. Оның бұл көлгірлігін ұнатпаған Абай: «Өй, өйтіп жұрттың көз жасынан тығылып туған өлең адыра қалсын... Жырткыштық, қорқаулық, жауыздық, қиянатты көргенде сендердің сезінетінің мен айтатының осы ма? Бүйтіп ақын болмай-ақ қал!» – деп өткір ойын ашық танытады.

Бұл көріністі суреттеу арқылы автор кейіпкерлерінің арақатынасын аңдатады, іргесін ашып алады және оларды алдағы тартыс өрісіне меңзейді. Сонымен қатар бұл көрініс арқылы автор алғашқы романның ең алғы беттерінен бастап-ақ үзілмей, үдей түсіп келе жатқан негізгі тақырыбына – зорлық иелері мен жоқ-жітіктердің арасындағы тынбайтын, толастамайтын тартыс тақырыбына қайта оралады.

Осы тап тартысы тақырыбы «Абай жолы» романының бүкіл өн бойына өрбіп, барған сайын тереңдей, күрделене түседі. Бұл күрес Құнанбай заманындағыдай емес, енді басқаша сипатқа ие бола бастаған. Бұрын үстем тапқа қарсы күрес жеке-даралық сипатта болса, енді ол өз құшағына көпті тартқан және оны Базаралы сияқты көзі қарақты адамдар басқарады.

Тәкежан, Әзімбайлардың Шүйгінсудағы зорлығы аяқсыз қалмайды. Кедей ауылдың шабындығын баса-көктеп орудан Әзімбайдың Иса сияқты жалшылары бас тартады. Ал Әбділер Тәкежан шаптырған өз шабындықтарының шөбін тасып алады. Міне, осылайша басталған тартыс Базаралы айдаудан қайтып келгеннен кейін тіпті өршіп шиеленісіп кетеді. Тәкежанның зорлығы мен қорлығына көнбеген Базаралы мен Абылғазылар кедей ауылдың жігіттерін жанына ертіп алып, Тәкежанның қосын шауып алады. Бұл оқыс та батыл қимыл бүкіл даланы дүр сілкіндіреді. Базаралының бастауымен болған бұл оқиғадан байлар мен билер қатты сескеніп, үрейленіп қалса, еңбекші қауым бұдан көп сабақ алады, өздерінің сыбағасы мен есесін тек жағаласқан күрес арқылы ғана қайтаратындығын түсіне бастайды.

Абай аузынан айтылған мына бір сөздер арқылы жазушы Базаралының бастауымен болған бұл қимылға оның

кандай катынаста екенін байқатады: «Мен білсем, бұл іс – исі Тобықты істеп көрмеген, тегі үлкен, бөлек іс. Ашудың ісі. Және әділет керек, әділ ашудың арыны бар. Арты да алыска, киынға кетер. Оны көре жатармыз. Бірак адамның адамшылығы істі қалай аяқтағанынан ғана көрінбейді, қалай бастағанынан да танылады. Әнеугүні Шүйгінсудағу Жігітек ауылдарын зарлатып Тәкежан баса конғанда Базаралы айтты деген кекті сертті естіп ем. Мынау соның алғашқы серпіні ғой. Ердің кегі болғанда, езілген елдің де кегі екен... Құнанбай баласы құдайды ұмыткалы қашан! Алыска шыкпаска амалы кане! Онан соң бұл әрекет бүгін дегеніне жетпесе де, түбінде көпшілікке, момын, адал жұртқа «ендігі замандағы тартыс жолы, есеңді іздеудің жолы осылай болар» дегенді аңғартса керек!». Міне, бұл сөздерде тек Абайдың ғана ойы емес, сонымен бірге Базаралы кимылына берілген баға да бар.

«Абай жолы» романынан өзара карама-карсы тұрған бұрынғы тартысушы күштердің арасалмағы өзгергенін, олардың әркайсысына да жаңа күштер косылғанын көреміз. Құнанбай жолын куған, құнанбайлыкты мұра етіп ұстаған Тәкежан, Ыскақтарға екі жүзді Шұбар, арамдығы каскөй жауыздыкпен астасып жататын Әзімбай сияқтылар келіп косылған. Ал романның алғашқы кітаптарында Абайдың жастық, жігіттік шағының жолдасы болған Жиренше және Оразбай енді Абайдың, Абай максат етіп алыскан асыл идеялардың нағыз касарыскан жауларына айналған. Бұлар жалпы Құнанбай атаулыға емес, тек Абайға ғана қарсы. Сөйтіп, Абайға тартыста оның «алыс» жаулары Жиренше, Оразбайлар мен «жақын» жаулары Тәкежан, Әзімбайлар іштей табысып, тұтасып кеткен. Тартыс үстінде жұрт көзінше бой көрсетулері әртүрлі, әр дәрежеде болғанмен, олардың түбегейлі есебі, түпкі максаты біреу ғана. Ол – қазақ сахарасына Абай аркылы таралып, қанатын кең жайып бара жатқан жаңалық сәулесін өшіру, еңбекші халықты қорқаулыкпен аяусыз канай беру. Бұлардың барлығы жиналып келіп, сол кездегі қазақ қоғамындағы мылқау қара күштерді, өктемдік, киянат дүниесін бейнелейді.

Алғашқы кітаптардағы сияқты «Абай жолы» романында да бұл дүлей күштерге қарсы алысатын тұлға Абайдың өзі және арманы мен күресін сол Абайдың әрекеті аркылы білдіретін халық. «Абай» романында прогресшіл,

демократиялық күштер өктемдік дүниесіне қарсы, негізінен алғанда, әрқайсысы тарапынан, жеке-дара алысса, екінші романда олар өзара әлдекайда жақындаса, тұтаса түскен. Базаралы, Дәркембайларды Абай бұрын көбіне сырттан қолдап, тілектестік білдірсе, енді олар айырылыспас, құшақтары ажырамас достар болған. Олар тізе қоса, бірлесе кимыл жасайды. Абай халықтың қажымас еркі мен асыл арманын өзінің шығармашылығы арқылы бейнелесе, Базаралы, Дәркембайлар халықтың билеуші тапқа деген кекті қарсылығын әрекет арқылы білдіреді.

Абайлардың айналасы да жаңа романда іргесін кең жайып, бұрынғыдан әлдекайда нығайған, бекіген. Олардың қатары Әбіш, Дәрмен, Мағаш сияқты білімді, талантты жастармен толыға түскен. Сөйтіп, карама-қарсы алысушы күштердің қатарын өсіріп, олардың өзара күресі барған сайын шиеленісе, өткірлене түскенін мейлінше шынайы әрі батыл суреттеу арқылы жазушы сол кездегі казақ өмірінің алуан қырын, заман шындығын соншалықты терең көрсете алған.

Егер «Абай» романында автор орыс мәдениетінің қараңғы дала өміріне еткен игі әсерін баса көрсетсе, ал соңғы романда Қазақстанның Ресейге қосылуының казақ халқы үшін оның тұрмысында, экономикалық өмірінде де аса зор маңызы болғанын кеңінен суреттейді. Бұл ақиқат шындықты Абай әсіресе терең түсінеді және түсініп қана қоймай, сонымен бірге оның үміткер жаршысы да болады. Өзінің ақын шәкірттері мен достары арасында айтқан бір сөзінде Абай Ресей туралы ойын былай қорытады: «...Ал халық атынан біз айтсақ, бүгінгі қазақ нәсілі үшін ендігі Ресей кім десек, нені айтар едік? Ол өздеріңізге мәлім, кітаптарын, ой алыптарын былай қойғанда, ең алдымен ұшы-қиыры жоқ өнер. Ол сансыз көп шаһарлар, соларға толған медреселер, ауруханалар, кітапханалар мен салтанатты сарайлар. Ол анау Сібірге кеткен шойын жол, Ертісте жүзген пароходтар, үстіне киім, қолына құрал-сайман, үйіне бұйым-машиналар беріп отырған фабрика, заводтар – міне, осының бәрі де Ресей ғой. Бұл Ресей ақ патшаны танысаң ғана, сені танимын демейді. Бара білсең, ала білсең, сені жатыркамайтын, «келе бер де, үйрене бер» деп отыратын Ресей ғой. Халқымыздың адал ұлы болсақ, біз осы Ресейді кімің деп түсіндіреміз? Әрине,

досың дейміз». Міне, Абай атынан айтылған бұл сөздерде бүкіл халықтың достық ықыласы мен шынайы сезімі бейнеленген.

Дәркембайлар ұйытқысы болған жатақтардың тіршілік әрекетінің, яғни отырықшылық тұрмысқа көшіп, жер емшегін емудің болашағы зор, тарихи перспективасы мол екендігі де романда шебер суреттелген. Жатақтардың саны да, күші де бұрынғыдан әлдеқайда көбейе, есейе түскен. Айдаудан қайтып келгеннен соң Базаралы да сол жатақтардың тобына қосылады.

Қазақ даласына орыстың озық мәдениетінің прогресшіл идеялары таралып қана қойған жоқ, сонымен қатар орыс, қазақ шаруалары өзара тікелей байланысып, аралас-құралас болып табысып та жатыр. Орыс шаруалары қазақтың жатақтарына жерді қалай өңдеуді, астықты қалай өсіруді үйретеді. Мұны романның «Қақтығыста» деген бөлімінің Жетісуға көшіп бара жатқан орыс шаруалары мен жатақтардың кездесуін суреттейтін эпизодтарынан әсіресе айқын көруге болады. Жатақтар, орыс шаруаларының сөзінен Ресейдің өз ішінде де еңбекші халық азапқа толы, жоқшылық өмір кешетінін біледі, өз көздерімен көргендей, өз жандарымен сезінгендей болады. Өздерінің тағдырлас, мұндас екенін таныған олар шын жүректен табысады. Жатақтар орыс шаруаларына шын пейілдестік білдіреді, достық құшақ жаяды, сондай-ақ орыс шаруалары да мол мейірім көрсетеді. Егінін жылқысына таптатқан Әзімбайдан жатақтарға есесін қайтарып өш алып берген де – орыс шаруалары. Егер орыс шаруалары көмектеспесе, Әзімбайлармен шайқаста жатақтардың мұндай есеге қолы жетпеген болар еді.

Үлкен де өткір драмалық тартысқа толы осы тарауда жазушы орыс шаруалары мен қазақ жатақтарының арасындағы достық қарым-қатынастарды аскан шеберлікпен, шын жүректен тебірене отырып суреттейді. Сонымен бірге бұл эпизодтар орыс шаруаларымен бірлесе, тізе қосып қимылдағанда, соларды басшы еткенде ғана қазақ жатақтары үстем тап өкілдеріне қарсы күресінде есеге қолы жететінін айқын танытады. Қазақстан бұрынғы оқшау, тұйық қалпында емес, ол енді Ресеймен қайнасып кеткен. Сондай-ақ, екі елдің тағдыры бір, мұрат-мақсаты ортақ халықтары – еңбек адамдары да үстем тапқа қарсы күресте бірлесе, табыса түскен.

Романның идеялық құндылығының негізгі бір тамыры жазушының осы жайларды табиғи шындыққа сай, көркемдік жағынан нанымды әрі әсерлі бейнелей алуында.

Романда қарапайым халықтың, еңбек адамдарының өмірі де айқын суреттелген. Жатақтардың ақсақалы Дәркембай мен әлгі Әзімбай жалшысы Исаның, тағы басқалардың тіршілік жәйін, тұрмысын жазушы әсіресе кең, толық көрсетеді. Тұрмыстары тар, жадау болғанмен, олардың жүректері үлкен, жандары таза, адамгершілік сезімдері мол. Халықтың өмірі, оның тіршілік жәйі «Абай» романында да терең суреттелетін. Соңғы романда жазушы сол тақырыбын дамыта, молықтыра отырып шешеді. Автор халықтың өмірін, оның әдет-ғұрып, салт-жоралғысын жай суреттеп қана коймайды, ол халықтың тамаша қасиеттерін, оның болашаққа қарай оптимистік ұмтылуын романда бейнеленген халық өкілдерінің бойына жинақтап, сұрыптап бере алған.

Жалпы, еңбеккер халықтың қалың бұқарасы «Абай жолы» романында ең алғы лекте көрінеді. Тарихты жасаушы – халықтың өмірін және оның прогресс жолымен алға өрлеуін баса суреттеуге назар аударуы жазушының өз шығармашылығындағы эволюцияны танытады, оның өмірге деген көзқарасының, дүниетану өрісінің кеңейгендігін білдіреді.

Егер «Абай» романында, әсіресе оның бірінші кітабында қалың көпшілік көбінесе рушылдық шылауынан шыға алмаған, әлеуметтік күрес өрісіне тартылмаған қалпында көрінетін болса, тіпті бұл шектелушілік оның көзі қарақты өкілдері – Дәркембай мен Базаралының да бойларынан табылса, ал соңғы романда жағдай мүлдем басқаша. Әрине, мұны жазушыға кінә ретінде тағуға болмайды, қайта бұл оның тарихи шындықты дұрыс сезіне білгендігін, оның шеңберінен шығып кетпегендігін көрсетеді.

«Абай жолы» романында халық алға қарай қажырлықпен ұмтылу, ояну үстінде бейнеленген. Жазушы мұның себебін қалың көпшіліктің тіршілік жағдайының, арман-мүддесінің ортақтығынан, оның таптық сана-сезімінің сергуінен іздейді. Романда халық бұқарасының тұтас тұлғасын, тегеурінді кимылын танытатын эпизодтар мол. Солардың бірі – Әзімбай жігіттерінің оның әмірін орындаудан бас тартуы суреттелетін эпизод. Бұл эпизодтан олардың әділеттікті сезінуі ғана емес, сонымен қатар саналы қарсылығы байқалады. Өктемдік

дүниесіне қарсы бір рет болса да қол көтеріп қалу тілегінен олар құралақан емес. Исаның Әзімбай бұйрығынан бас тартып: «Ей, мырза, сен айтты екен деп кісі өлтірем бе? Бұл да өзімдей сіңірі шыққан кедей... Ұрмаймын. Өлтірмеймін, өлтірсең, қанқұмар өзің өлтір!» – дсуі тегін емес. Исаның бұл сөздері оның жарлы-жақыбайлардың мүддесін ұғатындығын және соларға арқа сүйейтіндігін көрсетеді.

Жігіттердің Әзімбай бұйрығын орындаудан бас тартуы оған деген қарсылықпен пара-пар. Бұл қарсылық сес көрсетудің дәрежесінде, ол әлі батыл да өктем күреске айналмаған. Бірақ көпшіліктің ыза-кегі лап етіп тұтануға жақын тұр. Олар тек жетекші ой мен бастаушы білекке ділгір Әбдінің: «Әттең, көз ашылар күнім жоқ, білек қарын бір жазып, сан жылғы қорлыққа ер ашумен бір басар ем... Қайран, Базаралы-ай, күнің өтті-ау... Сен болсаң, тым құрса адал жолыма арам қанды қатар төгісіп қалар ем-ау!» – деген сөздерінен жылаулар болған қалың елдің тайталас-тартысты да, оны дұрыс жолға кезейтін батыл басшыны да іңкәрлікпен аңсайтынын байқау қиын емес.

Расында да, тұрмыстың талай талқысын, қиян-килы өткелін кешіп, ширыға шыныққан Базаралы сияқты басшы қайтып оралысымен-ақ еңбеккер жандар қайратты қимылға басады. Базаралы жігіттерінің Тәкежанмен шайқасуы «Абай» романының бірінші кітабындағы Құнанбай мен Бөжей, Дәркембайлар арасындағы қақтығыстан әлдеқайда басқаша сипатта, Базаралы жігіттерінің бұл қимылында табанды тартыстың, түсініп барып жасаған қарсылықтың сипаттары басым. Билік тізгінін ұстаған қолы да, жолы да ұзын Тәкежан кедей ауылдардан малын, әрине, еселендіріп қайтарып алады. Бұл қалт-құлт етіп күн көріп отырған жандар үшін аяусыз да ауыр соққы еді. Бірақ олар осы қысталаңға да қайсарлықпен шыдап бағады. Сөйтіп, еңбек адамдары тартыс дүрбелеңіне де іркілмей барады, оның талқысы мен таукыметіне де өкініш білдірмей төзеді. Міне, бұл – олардың бойындағы соны сипат, жаңа мінез.

Болыстар мен билер елден «недоимке», «карашығын» сияқты ауыр салықтар жинаған кезде де қалың көпшілік осындай мінез көрсетеді. Олардың қолы есеге бірде жетіп, бірде жетпей жатады. Бірақ «жалынған – қорған емес, жағаласқан – қорған» екенін олар түсіне де, сезіне де бастаған.

Бұл – жатақтардың қимыл-әрекетінен әсіресе анық көрінеді. Тіршілік жағдайлары мен тұрмыс мүдделері табыстырған жатақтар өздерін әділетсіз күштердің қысымынан қорғауда бірегей де берік. Жазушы олардың осы бекем де қажырлы қарсылығын мейірлене отырып суреттейді. Мысалы, жатақтардың орыс шаруаларымен бірігіп алып Әзімбайларға аяусыз соққы бергені баяндалатын эпизодта қаншалықты жылылық, татаусыз ықылас бар!

Қалың көпшіліктің қайрат-қуатының лебі романның басқа да көптеген тарауларынан терең сезіліп отырады. Тіпті, өзгесін былай қойғанда, романның соңғы бөліміндегі Абай мен генерал-губернатордың кездесуі суреттелетін беттерді мысалға алып қаралық. Абай генерал-губернатор алдында өзін теңдес адамша, байсалды да еркін ұстайды. Өзінің өмір, тіршілік, әділет туралы ойларын да оған ашық айтады. Бірақ генерал-губернатор Абайды тұтқынға алып, жауапқа тартпағанда ол мұны Абайдың осы қасиеттерін бағалағандықтан, мойындағандықтан жасамайды. Бұл ретте ол ең алдымен Абайдың артында тұрған қалың елден қаймығады, халықтың тегеурінді талабынан тайсалады. Өйткені өзінің елдік қасиеті мен қуатын сезінген ел алдындағы қамқоршысын жау қолына беріп, бейғам отыра алмақ емес. Халық қамын ойлаған Абай ел ішінен осындай қолдау табады. Романда халық өзінің тіршілік-тартысымен, қимыл-әрекетімен тұтас бейнеленетін осындай эпизодтар мол. Ал романның тіпті қалың көпшілік тікелей суреттелмейтін тарауларынан да оның қайрат-қажырының лебі, тынысы сезіліп отыратындай.

Сөйтіп, «Абай жолы» романында халық оянып, серпіле бастаған, тарихи дамудың кең өрісіне бет алған тұлғалы күш ретінде бейнеленген. Міне, дәл осы қасиет шығарманың әлеуметтік тынысын соншалықты кеңейтіп тұр.

Жазушы халықтың бейнесін осындай жинақты көріністер арқылы беріп қана қоймайды, сонымен қатар айқын характерлі дараланған кейіпкерлердің – халық өкілдерінің образдары арқылы нақтылы да суреттейді. Енді осы жайларға ауысалық.

«Абай жолы» романында кәнігі, шебер суретшінің сенімді қолымен жасалған алуан түрлі образдар бар, олардың көпшілігі оқушыға «Абай» романынан таныс, ал бір-

сыпырасы тыңнан қосылған. Алғашқы романнан ауысқан кейіпкерлердің образдары әлдекайда толысқан, олардың характерлері тереңдей түскен.

Романның басты кейіпкері Абайдың нұрлы образы оқушыны бұрынғыша толғандырып, ынтықтырып отырады. Абай бойына алғашқы романнан тән тамаша қасиеттер тереңірек, молырақ ашыла түсуімен бірге «Абай жолы» романында басты кейіпкер бейнесінің басқа, соны жақтары да толыға, айқындала түскен. Оқушы бұрын Абайды үстем тап өкілдеріне қарсы алысушы, солардың зорлық-зомбылығын әшкерелеуші ретінде білсе, соңғы романда Абай ислам дінін, кертартпалық шығыстың мешеулігін қатал сынаушы ретінде де көрінеді. Бұл – романның «Абай аға» аталатын алғашқы тарауында әсіресе ұтымды суреттелген. Өзінің шәкірт достарына айтқан сөздерінен ислам дінінің кертартпалық мәнін Абайдың терең түсінгені және шығыстың діндар философиясынан оның бойы қаншалықты биік тұрғанын анық көреміз. Кейбір олеңдерінде және әсіресе ғақлияларында діни пікірлер айтқанмен, негізінде, Абай ислам дініне сын көзімен қараған. Бұл оның шығармашылығынан айқын танылады. Және өзінің дін туралы пікірлерін Абай шығармаларында ашық, батыл айта алмауы да әбден ықтимал. Сондықтан да ол романда мұсылмандық туралы пікірлерін өзінің шәкірттері мен достарының ортасында, солардың алдында ғана қорытындылайды. Бұл ретте де жазушы Абай бойына жасанды қасиет бітірмейді, қайта көркемдік шындық шеңберінде қала отырып, басты кейіпкерінің бейнесін толығырақ аша түседі.

«Абай жолы» романында да Абай еңбекші халықтың қамқоршысы, жоқшысы, соның мұң-шерінің жыршысы бейнесінде суреттелген. Бірде Базаралы Абайға: «...сен берекелі диханшым. Елімнің диханшысы емессің бе? Жеміс күтіп, нәр алатыны – сенсің ғой. Тек бір-ақ қана тілегім сол – толып дами берсеңші. Еліңнің анық қалың көшін бастайтын жолың данғыл болсын да...», – дейді. Бұл сөздерде бір жағынан Абай еңбегіне берілген баға болса, сонымен қатар Базаралыдай ұлының айтуымен Абайдай ақынның алдына қоятын халықтың игі үміті мен талабы да бар. Бұл талапты Абай саналы түрде түсінеді және халық алдында өзін әрқашан қарыздар санайды. Болыстар мен билердің

жок-жітіктерді зар еңіретіп, олардың қолындағы жалғыз қарасын салық үшін тартып алған зорлығына, қоркаулығына нали отырып, Абай былай дейді: «Мұң үлкені кешегі өткен соңғы әлектен туып отыр». Абайдың біраз кедейлерді атқамінерлердің шеңгелінен аман алып қалғанын айтып, «...Көп сорлыны бұғалықтан босатқан жоқсың ба?» деген Ербол сөзіне қайтарған жауабында Абай жоғарыдағы ойын тереңдете түседі: «Ол бір шөкім, қасындағы аз топ қой. Көпті қайтесің. Өзге жерде, бар жайлауда сол пәле әлі жүріп жатыр ғой. Тіпті, осы бір болыс па? Бір Тобықты ма? Бар қазақ даласында тамам сорлы күңіреніп жатыр ғой... Соған мен не көмек, не басшылық еттім?..». Бұл сөздерден Абайдың өз халқының тағдыры жайында көп ойланып-толғанатын, оның күйін арман ететін үлкен патриот екенін көреміз. Жазушы мұндай пікірді Абайға қолдан теліп те отырған жоқ. Туған халқының сорлы тағдырын ойлап, оның асыл арманын шерткен мұндай патриоттық идея мен зар сарынын ұлы ақынның өз шығармаларынан да мол ұшыратамыз.

Алғашқы романдағымен салыстырғанда жазушы Абайдың ақындық қызметін «Абай жолында» біраз саралап көрсететін сияқты. Бұл тақырып «Абайда» үнемі өрбіп өрістей түсіп отырса, соңғы романда автор бұл тақырыпқа сирек оралады. Бірақ осы тақырыпты сөз еткен тұстарында жазушы Абайдың ақындық қызметін шебер суреттейді, оның шығармашылығының психологиясын келістіріп ашады. Бұл ретте автор Абайдың реалистігін, оның шығармаларының сатиралық өткірлігін баса көрсетуге ұмтылады. Ақынның «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» сияқты атақты өленінің қалай туғаны суреттелген тарау бұған айқын дәлел бола алады. Абай шығармаларының құндылығы олардың шынайылығында, өмірде орын алған ақиқат жайларға негізделуінде. Автор Абай шығармаларының осы ерекшелігін, яғни оның шығармашылығының өмір шындығымен тығыз байланыстылығын көрсетуге көп назар аударған. Романның осы тарауын оқығанда жоғарыда аталған өленнің әр шумағы, әр тармағы, тіпті ондағы әрбір поэтикалық деталь мен штрих қалай келіп туғанын оқушы өз көзімен көріп, өз жанымен ұғынғандай, тіпті сол сәт ақын жанында бірге болғандай сезінетін сияқты.

Осы өлең жазылар алдындағы жағдайды шынайы әрі толық суреттеу арқылы автор ең алдымен Абай шығармашылығының психологиясын, оның туу себептерін нанымды түрде ашады және осы эпизодтың жәрдемімен жазушы Тәкежан, Қаражан бейнесінде байлардың қараулығын, сараңдығын жеріне жеткізе әшкере етеді. Оқушы Иіс кемпірдің жоқшылық тұрмысына жаны аши, есіркей қараса, Тәкежандардың иттік мінезінен жирене түңіледі. Адамшылық қасиеттен, аяушылық сезімнен жұрдай болған Тәкежан мен Қаражан өздерінің қараулығы үшін ұялмаса да Абайдың алмастай тілгір, зілді, уытты өлеңінен қатты сескенеді. Міне, бұл – Абай шығармашылығының реалистік қуаты мен сатиралық өткірлігін айқын танытады. Абайдың болыстар мен билерді, атқамінерлерді өлтіре әжуалайтын, олардың жексұрын бейнесін жалаңаштап көрсететін басқа да сатиралық шығармаларының қалай туғандығы да романда шынайы суреттелген.

Осы тұста әдебиет зерттеушісі М. Сильченконың бір пікіріне тоқтала кетуді мақұл көреміз. «Абай жолы» романы жайында жазған «Абай туралы жаңа роман» деген мақаласында ол былай деп жазды: «Әлеумет қайраткері – Абай жеткілікті дәрежеде терең көрінгенмен, жаңашыл ақынның бейнесі романда толық күйінде ашылмаған. Бұл бейне жекелеген жайларға бөлініп, бытыраңқы қалыпқа түскен, ол туралы тұтас ұғымға зорға деп қана келесің. Пушкин сарынымен Абай «Татьяна хатын» жазғанын М.Әуезов алғашқы романда соншалықты айқын көрсеткен-ді. Ал осыдан кейін оқушы Абайдың жаңа бір өрге шығуын көруді талап етуге ықтиярлы. Өкінішке қарай, ол мұны талданып отырған кітапта Абайдың өз образынан да, оның айналасындағы жас ақындардың образдарынан да таба алмайды. Ақылбай мен Мағауияны көрсету мәнері – ақындық жаттығуды жүрдім-бардым сипаттау олардың шығармашылығынан жаңашыл – Абайдың эстетикалық көзқарастарының ізін байқауға мүмкіндік бермейді» («Казахстанская правда», 1952 ж.).

Біздіңше, бұл – байыбына бармастан үстірт айтылған пікір. Романның тереңіне үңілмей, сыдыртып оқып шыққанда адамда осындай екіұшты әсер тууы ықтимал. Бірақ ақын Абай туралы тақырып соңғы романда ашылмай қалған деп үзілді-кесілді айту – әділетсіздік болар еді. Ең алдымен,

ақын Абайды әлеумет қайраткері – Абайдан бөліп алып, жекелеп қарауға болмайды. Өйткені Абай өзінің әлеуметтік қызметінде халықты өнер-білімге, жарқын болашаққа үндеу жолындағы күресінде өзінің негізгі құралы етіп ақындық өнерді пайдаланды. Ал Абайды осы құралынан айыру оның ақындығын ғана емес, сонымен бірге қоғамдық қызметін де жоққа саюмен бірдей. Міне, осыны түсінбегендіктен сыншы романда өзінің бар күрделілігімен, тереңдігімен берілген Абай образының тұтастығына күдік келтіреді.

«Абай жолы» – Абайдың өмірі мен қызметі туралы көркем шығарма. Ол Абайдың ақындығын зерттеуге арналған еңбек емес. Сондықтан да онда Абайдың қай шығармасы қандай жағдайда, қалайша туғандығын бастан-аяқ, түгелдей көрсетіп жатудың ешқандай қажеттігі де, мүмкіндігі де жоқ. Біз жазушыдан Абайдың ақындық шығармашылығының рухын, оның әсер етушілік қуатын айқын сездіруді талап етуге ғана ықтиярлымыз. М.Әуезов өзінің романында бұл тілекталапқа жеткілікті жауап бере алған да. Ал осы талаптың романда берілген көркемдік шешімін місе тұтпау – көркем шығарманың табиғатын, оның зерттеу мүмкіндіктерін түсінбеушілік болып табылар еді.

Сондай-ақ, ақын Абай туралы тақырыптың көрінісі мен шешімін романның Абай ақындығын, оның шығармаларының туған сәтін тікелей бейнелейтін тарауларынан ғана іздеу жеткіліксіз.

Кейбір реттерде жазушы Абайдың шығармаларын тікелей түрде емес, жанамалап та қолданады. Мұны романның басты кейіпкері Абайдың көңіл-күйлері, жан толқындары мол да терең суреттелетін эпизодтарынан анық көреміз. Бұл реттерде Абайдың өз өлеңдеріндегі кейбір ойлар мен сарындар роман кейіпкері – Абайдың сезім сырына, сөз астарына, әсіресе оның лирикалық монологтардың да оқушыны Абайдың ақындық өнерінің қайнарына бағдарлайтындығы күмәнсіз болса керек.

Сондай-ақ, жаңа романда Абай жападан-жалғыз, дара тұрған ақын емес. Оның төңірегінде бірсыпыра өнерлі, талапты жастар бар. Ал алғашқы романда («Абай») жағдай мүлдем басқаша болатын. Сондықтан да «Абай жолы» романынан ақын Абайдың тұлғасын іздегенде оны қоршаған сол жас талаптардың бейнелерін де естен шығармау ке-

рек. Өйткені Абай образын толықтыра түсу, тереңірек ашу үшін бұлар да белгілі бір рөл атқармақ. «Абай жолы» романы жайында пікір айтқан сыншылардың көпшілігінің-ақ осы кейіпкерлердің образдарына арнайы тоқталуының сыры да осында, яғни олардың Абай бейнесімен тығыз байланыстылығында еді.

Жазушы Ю. Либединский «Литературная газетада» (13-желтоқсан, 1951 жыл) жарияланған «Ұлы ағартушының жолы» атты мақаласында «Абай жолы» романына тұтастай алғанда татымды баға бере келіп, Абайдың маңындағы жас ақындардың образдары жайында ұнамсыз пікір айтты. «Абайдың төңірегіндегі жас ақындар жадау бейнеленген» деп жазды ол. Кейіннен жоғарыда аталған мақаласында осы пікірді М.С. Сильченко да қуаттады. Ол тіпті өзі кемшілік деп тапқан бұл жағдайдың түп-төркінін жазушының «Ақын аға» романындағы қате концепциясынан іздеу керек деп түсіндірді. Реті келгенде осы пікірлерге деген өз қатынасымызды айқындай кетуді қажет деп санаймыз.

«Абай жолы» романында Абай төңірегіндегі жас ақындардың образдары ашылмаған деу және оны «Ақын ағамен» байланыстыру – біздің пікірімізше, тым бері салғанның өзінде ағаттық, тіпті әділетсіздік болар еді. Ең алдымен, романда суреттелетін Абай төңірегіндегі жас ақындар кімдер? Олар – Дәрмен, Мағауия, Көкбай, Шұбар. Ал романда осы кейіпкерлердің өзіндік бейнелері бар ма? Иә, бар. Тіпті өзгелерін былай қойғанда тек жалғыз Дәрменнің шынайы да кесек образы жайында не айтуға болар еді. Өзге жақсы қасиеттерін айтпағанның өзінде Дәрмен романда Абайдың ақындық өнерінің мұрагері және соның өрісі кең болашағы ретінде бейнеленгенін әркім-ақ айқын аңғарса керек. Дәрмен образына кейін реті келгенде арнайы тоқталатын болғандықтан, ол жайында қазір кеңінен сөз етіп жатпаймыз.

Ал қалған жас ақындар дәл Дәрменнің дәрежесіне көтерілмеген және жазушыдан мұны талап етуге де болмайды. Сөйтсе де, бұл кейіпкерлер оздерінің жан сарайымен, ұстаған бағыты, барар аңғарымен оқушыға бірсыпыра танылып қалады. Сонымен қатар романда Абайдың осы кейіпкерлерге деген қатынасы да айқын берілген. Осы жағдай да олардың образдарын белгілі дәрежеде анықтай түсіп тұр. Оның үстіне жазушының бұл кейіпкерлердің бейне-

лерін бұдан да гөрі биіктете түсіріп көрсетуіне мүмкіндік бар. Бұл «Абай жолы» романының екінші кітабының үлесіне тимекке керек.

Абай орыстың классик ақындарының мұрасымен танысып, солардың реалистік дәстүрлерін қабылдап қана қоймайды, сонымен бірге ол Ресейдегі азаттық қозғалысының тарихымен де танысады. Рас, Абай революцияшыл күрес идеясын тану, қабылдау дәрежесіне көтерілген жоқ және көтеріле алуы мүмкін де емес еді. Бірақ қазақ сахарасындағы тайталас-тартыстарға баға бергенде ол әрқашан-ақ Ресейдегі азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлері мұрат етіп күрескен мақсаттың биігінен қарайды, солардың күрестерінің жемісімен салыстырады.

Базаралының Тәкежан қосын шауып алған ерлік қимылы мен оның арты Жігітектің кедей ауылдары үшін қиынға соққаны жайында, әлегі бастан асқан түрлі салықтарға байланысты болыс-билерге елдің көрсеткен батыл қарсылығы жайында Әбішпен пікірлесе отырып, Абай мынадай бір кесек ойын ақтарады: «Мен Ресей тарихынан мысал айтайын. Степан Разин қозғалысы қан-жоса қырғынмен бітті. Пугачев қозғалысы сол Кремль жанында Лобное местода Емельян Пугачевтың төрт бөлініп, шапқыланып олтірілуімен біткен. Сол Разиннің, Пугачевтың жоқшылық панасыздықта қалған жас нәрестелерінің көзімен қарасаң, не болады? Кемпір шеше, қартайған әкелерінің зарымен өлшесек, мүмкін сондағы патшалықпен, мәңгілік жауыздықпен жағаласқандардың бәрінің де істеріне күдік айтуға болар еді. Бірақ сонда да, осының бәрінің арғы төрінде жатқан үлкен есептер, үлкен тарихтық сындар, қорытындылар бар ғой. Сол жағынан қарағанда, әрине, Базаралы істері халық кедейін өкіндіретін іс емес, өсіретін іс! Бұл үлкен өріске баскан, анық ояна бастаған, өскелең қауымның алғашқы қажет, әділ қимылдары!».

Бұл тұста Абай өзін тарихи дамудың беталысын дұрыс болжайтын үлкен философ, ірі ойшыл ретінде танытады. Жалпы осы қасиет, яғни ойшылдық – Абайдың жаңа романда тыңнан ашылатын әрі терең көрінетін қасиеті. Шығарманың бүкіл өн бойына біз тек ақын, әлеумет қайраткері болған Абайды ғана емес, сонымен бірге ойшыл Абайды да көріп отырамыз. Ол әрбір құбылысқа, әрбір оқиғаға ойлы көзбен

сынай, барлай қарайды, солардан үлкен пікірлер таратып, дұрыс қорытындыға келіп отырады. Абайдың үлкен ойшылдық қасиеті оның мұсылманшылық жайындағы пайымдауларынан және жандаралмен айтысқан пікір таластарынан әсіресе айқын көрінеді.

Абай – халық мүддесін, ел арманын ойлайтын қамқоршы ғана емес, ол – талантты жастарды үлгілі өнерге баулитын, шығармашылық үлкен өріске бастайтын ақылшы ұстаз да. Туыстарының және достарының ішіндегі өнерлілерінің барлығы да Абай төңірегіне жиналған. Бірақ Абай маңын төңіректегенде олардың әркайсысының өздерінше қуған есебі, ұстаған жолы бар. Бұлардың ішінде Шұбар айлалы қулықпен Абайды да, оған қарсы жақты да өз пайдасы үшін тең ұстап, көзге түспей, айла-шарғы жасап, жақсы атаққа ие болуды ойласа, Көкпай дінді жақтап, қазақтың бұрынғы қанішер хан-сұлтандарын мақтауға бүйрегі бұрып тұрады. Ал Дәрмен болса, бұлардан әлдекайда бөлек тұлға. Егер Абай Дәркенбайға берген сертін орындап, Дәрменді өз жанына алып тәрбиелеп, қарызын өтесе, Дәрмен де осыған орай әрекет етеді, ойлаған жерден шығады. Аға ақыннан алған тәлімін ақтайтын, оның ақындық дәстүрлерін өз бойына ең мол сіңіретін шәкірт – осы Дәрмен.

Абылай мен оның жендет нәсілдерін дәріптеген Көкпай дастанын жерлей сынап отырып, сол хан-сұлтандар – қазақ халқының қас жаулары екенін, олар қазақты орыстан алыстатуға тырысқанын Абай ашып айтады және теріс бағыттағы ақынның жалған жырына соққы береді: «Мынау өлең жалған да теріс. Менің өмір бойы тұтынған жолыма анық қарсы, қияс жолдағы өлең екен». Ал Дәрменнің жырлары бұл «Қияс жолдағы өленге» қарама-қарсы. Өзі де халық ортасынан шыққан және халық қамқоры болған аға ақынның ақыл-нұсқасын тапжылмай, тартынбай ұстаған Дәрмен сол халықтың тағдырын, қарапайым еңбек адамының тіршілік-тұрмысын жырлайды. Дәрмен – Абайдың анық шын шәкірті, сонымен бірге ол – Абай сөзін, өсиетін кейінгі ұрпаққа жеткізуші, таратушы ғана емес, оның ақындық дәстүрін ілгері алып барушы, өрістетуші де.

Романның басқа тарауларында, Еңлік пен Кебектің молласы басындағы сөзінде Абай жазықсыз өлтірілген сол бір жас

жандар алдында өзі қарыздар екенін, бұл – ақындық қарызы екенін ескертеді. Абай бұл қарызын өтей алмайды, бірақ Абай үшін оны Дәрмен өтейді. Енлік пен Кебек жайында Дәрмен үлкен дастан жазады. Бұл дастан Абайдың үлгі-нұсқасына сай, соның реалистік дәстүрлері негізінде жазылған. «Сендер ғана емес, менің өзім де жетпеген жер, жазбаған зар бар. Ол бүгінде, дәл бүгінгі қасында, қалың елің басында тұрған күй», – дейді Абай жас ақындарға. Міне, Абай жетпеген жерге енді Дәрмен жетуге, Абай жазбаған зарды Дәрмен жазуға керек. Романнан аға ақынның сол үмітін оның талантты шәкірті Дәрмен ақтай бастағанын көреміз. Ол Әзімбайдың тепкісінде жүріп, қаза тапқан Иса жайында поэма жазады. Бұл арқылы, яғни Исаның қазасын жас ақынға реалистік поэмада жырлату арқылы жазушы романның негізгі бір тенденциясын білдіреді. Сонымен бірге бұл эпизодта баска да – бір үлкен мағына бар. Абай талай жылдар бойы арман еткен ойды, оның ақындық дәстүрлерін қабылдаған, Абай мақсат еткен тартыс талқысын өз үлесіне алған – ақынның өз туыстарының бірі емес, халықтан шыққан Дәрмен. Бұл заңды да, өйткені Абайдың ақындық мұрасы – оның өз ұрпақтарының ғана емес, бүкіл халықтың қазынасы. Сондықтан да оның анық мұрагері халық өкілі болмакқа керек.

Дәрменнің шыншыл жырынан Абай Некрасовтың үнін естігендей болады және өзінің ең сүйікті шәкіртіне сол Некрасов жеткен өрісті меңзейді, соның ақындық жолын ұсынады. Нағыз халық мүддесін ойлаған ақын еңбекші бұқараның жоқшылық өмірін, мұң-зарын баяндап қана қоймай, соның жоқшысы болып күреске шақыруға, тіпті өзі де күрескер болуға тиіс. Ақынға мұндай әлеуметтік міндетті тарихи дамудың жаңа кезеңінің өзі жүктейді. Ал жаңа кезеңнің жаңа жыршысы болам деген адамға үлгі боларлық, ең лайық ақындық тұлға – Некрасов. Абайдың өз шәкіртіне Некрасовты нағыз ұстаз ретінде атауы да осыдан.

Соңғы романда да Абай тартысы мен талқысы мол шытырман, киян-кескі өмір кешеді. Ұлы ақынның өзіндік, жеке басындық қасірет-назасы оның туған халқының мұңзарымен араласады. Жиренше, Оразбайлар сырттан торып, ашық жаулыкка басса, Тәкежан, Әзімбайлар опасыздық жасап, іштен шалады. Бірақ бәрінің жиналып келіп Абай алдына қазар оры бар. Олар Абайға қастандық атаулының бәрін

жасайды, өтірік жала жауып, жер аудартпақ та болады. Бұл жайлар Абайды, әрине, талай трагедиялық халдерге де душар етеді. Бірақ түптеп келгенде, ол жеңіп шығып отырады. Өйткені ол болашағына, жарыққа қарай қажырлылықпен ұмтылған халқымен бірге, соның ең алғы сапында. Абайдың да, оның халқының да медеу етіп, арқа тұтары, үміт артары – Ресей, орыс елі. Сондықтан да Абай өз халқының орыс халқымен жақындасып, онымен тағдырлас болғанына шын жүректен қуанады, сол бір сезімнен қайрат-қуат табады: «Шүкірлік, мың шүкірлік! Анық қалың қазыналы, өнер мен ой қазыналы ел – орыс елі. Соның ығына арып-шаршап, азып-тозып, «ақтабан шұбырындымен» келген менің елім еді. Қаранғы жұртымен, меңіреу сахарасымен келіп еді... Шын жақсы орыстың шынайы жақсылығына қол арттым. Өзім ғана арткам жоқ... Біздің бәріміз, тек алғаш оянғандар болармыз. Бірақ бізден, сізден кейінгі нәсілдің ырысын айтсаңшы! Олар барғанда молынан барып, халық пен халық болып қабысып табысады. Тарих көші солай беттейді». Бұл заманның жақын арада туатындығына Абай шүбәсіз сенеді. «Жаркын заман» алдымда қол созып тұрғандай көремін», – дейді ол. Жаркын болашакка, жаңа заманның кешікпей туатындығына деген бұл зор сенім, сөнбес үміт тек Абай жүрегіне ғана емес, бүкіл халықтың жүрегіне ұялаған. Осы бір сенім мен үміт бүкіл романға өң беріп, нұрландырып отырады, оның оптимистік зор қуаты мен әлеуметтік кең тынысын белгілейді.

«Абай жолы» романындағы ең кесек тұлғалы образдардың бірі – Базаралы. Алғашқы кітаптардағы дәрежесінен ол әлдекайда биіктей түскен. Егер «Абай» романында Базаралы, негізінен, алған бетінен қайтпайтын қайсар мінезімен, тіліп түсетін шешен де өткір тілімен көрінсе, ал соңғы романда жазушы Базаралыны үлкен қимылдың, әрекеттің адамы ретінде бейнелейді. Бұл қасиет басы айдауға түскен Базаралының жүрегіне шемен болып қатқан өшпенділік пен кектен туған емес. Мұны ол өзі кешкен өмір жолынан және әсіресе айдауда бірге болған орыс достарынан үйренген.

Айдаудан қайтып оралған Базаралыны Жиренше, Оразбай, Бейсенбі, Күнту сияқты «игі жақсылар» қарсы алады. Сағынып көргендей, өзектері өртенгендей болғанмен, олардың қуанышының түп төркіні Базаралының аман-сау

келуінде емес, қайта Құнанбай тұқымынан Базаралы есемізді әпереді деген есек дәмеде. Олар бұл ойын алғаш тұспалдап бастағанмен, артынан тіпті ашық кетеді. Ел арасына араздық тастап, үнемі бүлік туғызатын бұл ку мүйіз билер Базаралы қолымен от көсемек болады, ежелгі жауыннан есенді ал деп оны қайрап салуға тырысады. Базаралы бұл қақпанға, әрине, түспейді және билердің бер жағынан көлгірсіп «қуануы» оны тебірентпейді. Олар Базаралы ойын ұғудан, оның жүрекжарды сырын түсінуден әлдекайда алыс, әлдекайда аласа. Қол-аяғы бұғауда жүрген Базаралының ол күндердегі удай ашыған ойы да бұлармен, бұндайлармен табыстырар ой емес-ті. Ол жылағанды, жаншылғанды, күні күңгірт көпті ойлаумен өмір кешкен. Жүрегінің басынан удай боп төгілген шер болса, бәрі бұл отырғандар туралы ой емес. Сонау елде бір аяғы көрде, бір аяғы жерде жатқан мұңы айықпас елі туралы болатын». Сондықтан да ол бұл билермен шешіліп сөйлеспейді. Айдауда болған кезінде ауыртпалық өмірді бірге өткізген орыс достары жайында да Базаралы бұл билер алдында әңгіме етпейді. Өйткені олар мұндай әңгімені түсінбейді және оны тыңдауға татымайды да.

Ал Абаймен кездескенде және жатақтардың арасында болған шақтарында Базаралы айдауда бірге болған жолдастары жайындағы әңгімеге әр уақыт оралып отырады. Базаралының ең бір сүйсіне, мейірлене, сағына еске алатын досы – Керала. Жазушы Кераланы тікелей суреттемейді. Бірақ Базаралы атынан айтылатын шебер, тапқыр сөздер мен еске түсірулерден оқушы Кераланың батырлық тұлғасы мен ерлік мінезін, мол адамгершілік қасиетін айқын таныпта, сезіп те отыратындай. Керала бойынан Базаралы орыс халқына тән, қайсар мінезді, мол мейірімді, жолдастыққа берік адалдықты таниды. Кераладай досының көптеген жақсы мінездері Базаралы бойына да дарыған сияқты. Базаралы Кераланың батырлық қимылын құр тамашалап қана қоймайды, ол орыс досынан үстем тап өкілдерінің зорлығына көнбей, оларға қарсы қажырлықпен батыл жағаласудың амалын да үйренгендей. Кейін Тәкежанның қосын шауып алып, кек қайтарар алдында өз жігіттерін шыңдай түсу үшін Базаралы оларға Керала ісін үлгі ете сөйлейді. Тіпті Базаралының қазақ сахарасы естіп-білмеген батыл қимыл жасай алуының

өзі де тегін емес. Мұның да бір тамыры Базаралының орыс күрескерлерінен алған тәлімінде жатыр.

«Абай жолы» романында Абай мен Базаралының достығы өте әсерлі суреттелген. Бұлар өзара бірін-бірі әншейін ұнаткандықтан, бірінің өнеріне бірі қызыққандықтан ғана достаспайды. Оларды өзара табыстыратын – ортақ мүдделер, халықтың тағдыры жайындағы ойлар.

Базаралы Абайды – халық мұңының жоқшысы, жыршысы деп бағаласа, Абай Базаралыны – еңбекші бұқараның қорғаушысы ретінде таниды. Жылқысының құнын қуған Тәкежан Базаралыны ұлыққа ұстап беріп, жер аудартпақ болғанда Абай оның бұл ойына қарсы шығып, сес айтады. Сөйтіп, Базаралы басын жаулық, дұшпандық оқтан қағып қалады. Кезегі келгенде Базаралы да Абайға үлкен қызмет етеді. Оразбайлардың өсек, жаласымен Абай жауапқа ілінгенде оның артынан қуып барып, жандаралға бүкіл ел шағымын жеткізуші, ақынын сүйген ел атынан сөйлеуші – Базаралы. Мұның бәрін ол Абайды өз қара басы жақсы көргендіктен ғана емес, ең алдымен Абайға деген ел қарызын өтеу мақсатымен жасап жүр. Абай мен Базаралының автор мейлінше тебірене, мейірлене толғайтын достығы суреттелетін жерлер – романның ең бір жарқын беттері.

Романда басқа да айқын бейнеленген халық өкілдері көп. Солардың ішінде Исаның образын ерекше атауға болады. Бұл – алғашқы романда жоқ, соңғы романда қосылған тың образ. Исаны оқушы алғаш рет романның басқы тарауында, Әзімбайдың Шүйгінсудағы зорлық-қиянаты суреттелетін эпизодта көреді. Ол жарлы ауылдың шабындығына шалғы салудан бас тартады, Әзімбайдың әмірін тыңдамайды. Исаның бойындағы осы кесек мінез – ерлік мінез оның бұдан кейінгі іс-әрекеттерінен де айқын танылып отырады.

Қатты дауыл, қарлы боранда ығып кеткен Әзімбай қойын Исаның дүлей суықтан, қоркау қасқырлардан қорғап қалған ерлігін жазушы үлкен мейірмен, тебірене суреттейді. Қысылшаң, екіталай жағдайда Иса батыл қимыл жасады. Бірақ бұл әрекетті ол Әзімбайдан жақсы ат алайын деп немесе одан қорқып істеп жүрген жоқ. Жастайынан мал бағып өскен Иса оны көріне көзге қоркаулардың талауына бере алмақ емес. Бала күнінен бастап Әзімбайдың жалшылығына қор етіп аққұла жұмсап келген кесек

қайратын ол табиғаттың мылқау күшіне ұрынған, қорқаудың шеңгеліне ілінген жазықсыз, момын малды арашалауға салды. Осы бір сұрапыл түнде әбден діңкесі құрыған әрі катты жауыраған Иса ауруға шалдығады да, ақыры кешікпей қайтыс болады. Бұрын да жоқшылық табы катты баткан кәрі әже Иіс пен оның немерелері бұрынғыдан бетер мүшкіл халге, жетімдікке кіріптар болады.

Бірақ Иса казасының өкініші тек мұнда ғана емес. Өлім алдында ауық-ауық есінен танып жатқан Исаның жай-күйін суреттегенде, жазушы әдебиетте кең таралған тәсілді орынды қолданады. Сандырақтаған Исаның көз алдына бірде аш қасқырлар елестесе, біресе сол қорқау жырткыш бейнесіндегі Әзімбай елес береді. Өмірінің ең ақырғы сәтінде Иса өзінің кекті ызасы мен қарғысын Әзімбайға қарсы арнайды. Бірақ тым кеш арнайды... Ол өз бойын кернеген қайратжігерді Әзімбайға қарсы жұмсай алмады. Дұрысырақ айтқанда, осылай ету керектігін түсінбеді. Сөйтіп, есіл күш, жалын аткан қайрат орнын таппай кетті. Міне, Иса казасының әсіресе арманды, өкінішті болуының бір себебі осында.

Сол бір өгей кездерде Иса жалғыз ғана емес-ті. Талай Исалардың өмірі жоқшылық пен қорлықта, езушілік тепкісінде өткен болатын. Абайдың дарынды шәкірті, шыншыл ақын Дәрменнің Иса туралы поэма жазуы да тегін емес. Поэманың басты кейіпкері – тек Исаның өз басының ғана емес, сонымен бірге талай Исалардың жинақты бейнесі есепті.

«Абай жолы» романындағы ұнамды кейіпкерлердің ішінде ерекше атауды керек ететіні – Әбіш. Өзінің жастығына карамастан, ол үлкен ойдың, кең толғамның адамы ретінде көрінеді. Петербургта оқып, жаз айларында елге демалысқа келгенде ол өзі туып-өскен далаға әрдайым бір жаңа леп, жаксы лепес ала келетіндей. Көп реттерде Әбіш өзінің әкесі Абайға да ой салып, жер танытып, тың демократиялық мәдениет үлгісінде тәлім алған ойлы, білімді адам ретінде ғана емес, сонымен бірге үлкен өнерімен, адамгершілік биік қасиетімен де көрінеді. Әбіш өзінің туыстарымен, әсіресе сүйген жары Мағышпен арақатынастарында әрдайым жаңа мінез көрсетіп отырады. Әкесі Абаймен және Дәркембаймен сөйлескен сөздерінен Әбіштің өз халқының тағдыры жайында көп толғанатындығы, болашақта халыққа қызмет ететін, соның мүддесі үшін күресетін қамқор болатындығы айқын

сезіледі. Бірақ «Абай жолы» романының бірінші кітабында әзірге Әбіште үлкен қимыл, кесек әрекет жоқ. Ол жемісті істен гөрі үміттендіретін игі ойларымен, жақсы сөздерімен көбірек көрінеді.

«Абай жолы» романының бірінші кітабындағы Әбіштің образы жайында әдебиетшілер арасында әралуан пікір айтылды. Кейбір сыншылар Әбіштің ойында әрекет әлі де болса тапшы екендігін әділ сынға алды, ал енді біреулер бұл образдың өзіндік қасиетін, ерекшелігін түгелдей жоққа саюға ұмтылды. Мысалы, М. Сильченко жоғарыда аталған мақаласында былай деп жазды: «Абайдың баласы Әбдірахманның (Әбіштің) образы шынайы емес және прототиптен соншалықты шалғай. Әбдірахман өзінің ішкі дүниесінің ізгілігімен тартымды. Өзінің бүкіл ой-толғаныстары, сезімдері, іс-әрекеттерімен ол патриархалдық пен ортағасырлықты жоққа шығарады, ол – демократтық идеялар мен идеалдардың жанды бейнесі. Бірақ Әбдірахманды Ресейдегі азаттық қозғалысының күрделі мәселелерін айқын түсінетін етіп көрсетіп, тарихи шындықтан көрінеу ауытқып кеткен».

Ең алдымен, бұл келтірілген үзіндіден сыншының пікір қайшылығына ұрынғанын, өз айтқанын із айналмай қайтадан өзі жоққа шығарып отырғанын байқау онша қиын емес. Сонымен бірге оның тарихи шындық пен көркемдік шындықтың өзара айырмасы мен байланысын дұрыс та жете түсіне бермейтіндігі де аңғарылады. Тарихи жанрдағы шығарманың негізі тарихи шындық екені мәлім. Бірақ тарихи романшыдан өмірлік оқиғалар мен құбылыстардың жалаң да жадағай көшірмесін ғана талап етуге болмайды. Мұндай педанттық талап суреткерді натурализмге ұрындырар еді.

Тарихи романшының негізгі мақсаты – өзі бейнелеп отырған дәуірдің рухын аңдату, шешуші сипаттарын көрсету. Осы нысанасына жету жолында ол өзінің шығармашылық қиялы арқылы ойдан шығаруға, яғни көркемдік әсірелеуді (художественный вымысел) қолдануға ықтиярлы. Өз кезінде Пушкин де «Қазіргі уақытта роман деген сөзді – әсіреленген баяндау арқылы өрбітілген тарихи дәуір деп ұғамыз» деп атап көрсеткен болатын.

Бұл айтылғандар тарихи жанрдың шығармасында көркемдік әсірелеу – әйтеуір ойдан шығару емес, қайта тари-

хи құбылыстың ішкі мәнін ашып, талдап көрсететін суреттеу құралы екендігін танытады. Сондықтан да тарихи романшыдан белгілі бір тарихи құбылыстар мен тарихи кайраткерлердің нақтылы шынайы бейнесін талап етумен бірге, сол образдардың тереңіне бойлай білу және сол образдар арқылы берілген автордың ой түйіндерін тани алу да кажет. Міне, осы тұрғыдан алғанда да сыншы жазушының Әбіш образы арқылы бейнеленген ойын аңғара алмай калған. Оның үстіне Әбіш образы «Абай жолының» бірінші кітабында мәрелі жеріне жетіп үлгермейтіндігін, ол өзінің көркемдік тұлғасының әралуан қырын романның екінші кітабында әсіресе мол аша түсуге тиіс екендігін ескеру кажет.

Романда орыс адамдарының да сәтті жасалған шынайы образдары бар. Бұлардың ішінде Керала оқушының есінде әсіресе сақталып калады. Керала романның алғашқы тарауларында ғана көрінеді. Бұдан кейін автор оған қайтып оралмайды. Бірақ романда суреттелетін басқа да орыс адамдарының, яғни жатақтарға қысылшаң жағдайда достық қолдарын ұсынатын орыс шаруаларының бейнелерінен де Кералаға тән кесек мінез бен характерді, батыл қимылды аңдау қиын емес. Олар Керала образын өсіре, тереңдете түсетін сияқты.

Орыс шаруаларының қазақ жатақтарына екіталай жерде қол ұшын бергені, сөйтіп олар бір-біріне достық ықылас көрсеткені романда әсерлі де шынайы суреттелгенін жоғарыда айттық.

Жазушы көшіп бара жаткан орыс шаруаларының іс-әрекетін олар тап болған жағдайларға байланысты реалистік түрде бейнелей алған. Автор олардың кейбіреулерін ғана жекелей алып, бөлектеп көрсетпейді, көпшіліктің жинақты бейнесін жасайды. Тұтастай алғанда, осы эпизодта берілетін көптің бұл жинақты образы орыс халқына тән ұлттық қасиеттерді едәуір шынайы бейнелейді.

«Абай жолы» романының бірінші кітабында балалардың да бірнеше образдары бар. Бұл ретте жатақтардың балаларының бейнелерін ең алдымен атаған жөн. Романда өрбіген оқиғалар желісіне молынан араласпағанмен, олардың образдары шығарманың оптимистік қуатын, тынысын едәуір тереңдетіп тұр. Романның «Қақтығыста» аталатын тарауының бір эпизодында осы балалардың пісіп калған

егіннің арасынан масақ теріп жүргені суреттеледі. Тұрмыс тақсіретін тартып, жоқшылық жапасын шегіп өскен бұл балалар да еңбектің қадірін біледі және оның жемісін татуға соншалықты ынтық. Жазушы осы бір жайды олардың мақсатына, ой сезіміне, психологиясына лайықты, нанымды етіп бере алған:

«Егін ішіне кірерде Асан інісіне қайта-қайта айтып келеді:

– Піскен бидайды ғана аламыз. Сен тиме! Мен білем, мен басын ғана үзіп алам.

– Иә, мен қайтем? Әжем маған да тер деген.

– Сен танымайсың дейім, болмайды ғой өзі. Бүлдіресің, піспеген бидайды сындырсаң көк болады. Жеуге болмайды.

– Маған сен көрсет, піскенін алам.

– Жоқ дейім, ал ендеше мен сені ендігіде ертпейім. Саған айтайын ба, сен етегіңді ұста... мен үзіп алам, ал сен етегіне сАл жинай бер. Үсентай, жарай ма?

– Жарайды ендеше! – деп, екеуі енді келісіп, биік бидай арасына ептеп басып кіріп кетісті.

Асан бір-екі бидай басын кеше әжесімен бірге теріп көргендіктен танып үзіп алды. Үсенге соны беріп жатып:

– Бидайымызды таптамайық. Бүлдіріп алсақ, жаман болады. Босқа рәсуа болады, сен басын сындырып алма, тек менің ізіммен жүр. Бір бидайды сындырсақ, әжем жібермейді ендігәрі! – дейді.

Екеуі дамылсыз сөйлеп келеді.

– Үйде әжем тағы бидай қуырады, – деп Үсен аштығын ойлады. Тез бидай жегісі келеді. Өзі бір бидайға қол созып сындыра жаздап барып, Асанға қарап қолын қайта тартып алады. Асан да мұның қозғалысын шалып қап, «тиме» деп қойып:

– Әжемнің өзіне тағы кешегідей талқан түйіп береміз... Сүтке жанышқанда қандай болады? Тәтті емес пе?

«Тәтті» деп Үсен кеше әжесінің саркытынан жеген талқанды есіне алып келеді. Екеуі егін қашан түгел пісетінін сөйледі».

Осы эпизодта бүкіл жатақтың өз еңбектерінің жанғандығын көруге деген аяулы арманы мен үміті нәзік бейнеленген. Еңбеккер қарапайым адамдардың сол көк өрімдей көктеп келе жатқан жас үмітін айқынырақ таныту үшін жазушы бұл эпизодқа бала кейіпкерлерді әдейі енгізген. Сонымен

бірге осы эпизод романның әлеуметтік тынысын тереңдетіп тұрған негізгі бір тақырыптың, яғни үстем тап өкілдерінің жарлы-жақыбайларға қазадан бетер қастық жасайтындығы туралы, олардың арасындағы бітіспес тартыс туралы тақырыптың көркемдік шешімінің шынайылығын едәуір жетілдіре түскен.

Осы эпизодтан кейін жатақтардың жаңағы егінін Әзімбайлардың жылқысы таптап, тапап кеткенін көреміз. Жазушы бұл көріністі былайша береді:

«Қаскөй иелері қаптатқан қара шұбар қалың пәлесі қазір тіпті әдейі ұрланып, өшігіп кіргендей. Бірде-бір айғырлар да, тайлар да кісінемейді. Оқыранып оскырмайды да. Тек жиі-жиі пыскырысып, мынау жайылыска жеткендерін жылкылық сыбырларымен құптасқандай. Бортылдатып егін басын үзіп жегендерімен қатар орта белден опырып, сындырып жұлғандар да бар. Тай, құлын келістіріп жеудің мәнін білмей, көбінше биік бидайды түбінен тістеп тартып, түптүсімен, тамырымен қопарып жұлып алады. Ұзын бидайды суырып алғанымен, жей алмайды, бастарын изеп шайнай алмай таптап тастап, тағы тістейді... Тағы жұлып алады. Шетінен кірген егіндікті бір жағынан жапырып жойып, бар жылқы қалың ортасына да батып жатыр. Көп жерде егін ішінде аунап немесе шапқыласып, тепкілесіп ойнақ салып жүрген жас семіз асаулар көп. Қатаң аяқтарының астында жау ойнағандай бітік бидай бытырлап құлап, ұйысып немесе қопарылып, тапталып жатыр. Күндізгі жас жетімдердің кішкентай әлсіз саусақтары сонша қорғанып, қалтырап күтіп ұстаған бидай сабақтары қазір өрттен де ауыр өштік, дұспандық соққысына ұшырады. Пышақтай өткір, сан мың тістермен, тастай қатты шақпақ тұяқтарымен жойып, құртып жатыр. Кедей атаулының еңбегі, ащы тері, аз тілек, үміті, жүдеу тірлігі – бәрі де осы тұяқтардың жау тепкісінде тапталды».

Масақ теріп жүрген жас балалардың жайымен танысканнан кейін барып мына көріністі көз алдыңа елестеткенде тұла бойың түршігеді. Бұл жазушының контраст тәсілін шеберлікпен пайдаланғанын, сөйтіп авторлық ойын әсерлі түрде жеткізе алғанын көрсетеді.

«Абай жолы» романында ұнамсыз кейіпкерлердің де алуан түрлі образдары бар. Егер алғашқы романда Абай

сахарадағы ескілік пен кертартпалықтың, жаңалыққа жаны қас дүлей қара күштің бейнесіндегі әкесі Құнанбайға қарсы алысса, соңғы романда оның сілкілесе сайысатын жаулары – жаңа кезеңде туған көп құнанбайшылар, құнанбайлықты оның өз ұрпағы Тәкежан, Ысқақ және Әзімбай ғана емес, сонымен бірге баска да ел жуандары – Жиренше мен Оразбайлар да өздеріне «қасиетті» мұра етіп алған.

Бұлардың ішінде Абайға қарсы ашық жауығып, оның ілгері басқан жолына ор қазып, тор құратындары – Оразбай, мен Жиренше. Олар Абайға қарсы алыста қастықтың, жауыздықтың қандай сұмдықтарынан болса да бас тартпайды. Романның ең алғашқы тарауларынан бастап, соңғы беттеріне дейін Оразбайдың Абайды сүріндірмек болып, не бір айлалы зымиян әрекеттер жасап жүргенін көреміз. Ол дала өміріндегі дүлей күштердің барлығын өз маңына топтап, соның түпсіз тұңғиығына Абайды батыруды, Абай ту етіп көтерген мұра-мақсатты тұншықтыруды ойлайды. Оразбай бір жағынан, ел ішіндегі Абайға қас байлар мен теріс азу билерді, екінші жағынан, қаладағы билік орындарындағы ұлықтарды өз аузына қаратып алған. Оразбай мұнымен де тынбайды, ол тіпті Құнанбай балалары, Абайдың өз туыстары, Тәкежан, Әзімбайлармен де карға тамырлы байланыс жасап, іштей тілеулес болады. Жазушы Оразбай бейнесінде қазақ қоғамының алға басуына бөгет болып отырған кертартпалық атаулының бәрін жинақтап бере алған.

Оразбай мен Жиренше образдары көп реттерде бірін-бірі толықтырып отырады. Бұларда екеуіне де бірдей ортақ қасиеттер болуымен қатар, олардың әркайсысына тән жекелік сипаттар, ерекшеліктер де бар. Бұлар бір медальдың екі беті тәрізді. Бірінде жоқты екіншісінің бойынан табасың. Егер Оразбай образында жазушы алған бетінен таймайтын, қасарыса жауығатын, қастық қимылға батыл басатын әрі ожар, әрі ку адамды көрсетсе, ал Жиренше бейнесінде құбылмалы қыры көп, түлкі мінезді айлакер такыс сұмды суреттейді.

Құнанбайдың бел балалары болғанмен, Тәкежан, Ысқақтарда құнанбайлық ожарлық пен каталдық Оразбай бойындағыдан аз сияқты. Әкесінен қалған дәулетке иелік еткенімен, олар Құнанбайдан ұсақтап, тым «азыңқырап» кеткен. Бұлардың ең негізгі көздейтін нысанасы – мал жинап,

байыған үстіне байи беру. Бұл жолда олар кандай болмасын лас, жиіркеніште әрекеттерге тартынбай, ешбір қымсынбай барады. Олар өздерінің бұл мінезін тіпті туысы Оспанның өлімі тұсында да ашық танытады. Тәкежан мен Ысқақ інісі Оспанның қазасына қайғыру былай тұрсын, кайта оның мал-мүлкін бөлісіп алғанша асығады, тіпті «балық үлесіп» алатындай құтырынып, козданып кетеді. Оразбай Абай басына қастық атаулының бәрін жасап жүргенде Тәкежанның онымен жіңішкелеп табысып, жең ұшынан жалғасуының бір себебі – оның өз туысқаны Абайды жақтырмайтыны, көре алмайтыны болса, екінші бір тамыры оның сол дүниекорлығында, малқұмарлығында. Оразбай беремін деп уәде еткен жылқылар естеріне түскенде Тәкежан мен Әзімбай ішкен астарын жерге кояды, ұйқы-тыныштық, тағат дегеннен айырылады.

Жалпы жаңа дәуірдегі жаңа жағдайларға байланысты Құнанбай тұқымының құты қашып, құнанбайлықтың іргесі қатты шайқалғанын автор тек үлкен окиғалар, кесек те айқын картиналар арқылы ғана емес, сонымен бірге шағын суреттер, жекелеген детальдар арқылы да шебер аңдатады. Бұл ретте бір ғана мысал келтірсек те жеткілікті болады. Егер Құнанбай тұсында әйелдер сөзге араласпақ түгіл, көзге түсудің өзіне қорғалаған болса, енді талай дау-шардың түп-төркіні солардан шығады. Оспанның мұрасын бөліп алу тұсында Мәніке мен Қаражанның бүлігі аз болмайды. Барлық іс Әзімбайдың қайрап салған, кулық әрекетінен туындап жатқанмен, Тәкежан мен Ысқаққа тікелей ақыл айтып, жөн сілтейтіндер – олардың әйелдері. Әрине мұның негізгі себебі, айталық Мәнікенің күйеуі Ысқаққа еркелігі мен еркіндігінде немесе басқа да сондай бірденеде емес, басты нәрседе, яғни қазақтың ескі ауылының өмірінде туа бастаған жаңа карым-катынастарда. Бұрынғы хандық, феодалдық тәртіп құлауына байланысты енді сол дәуірден калған әдет-ғұрып, салттар да ескіре, өзгере бастаған.

Романның ұнамсыз кейіпкерлерінің ішінде көзге окшау түсетіні – Әзімбай. Оразбай, Тәкежан бойындағы талай мінезді Әзімбайдан да табуға болады. Сонымен қатар бұл – көп реттерде оларға тіпті де ұқсамайтын өзгеше бір алуан образ. Әзімбай ата-бабасынан бері карай айырылмай, әкеден балаға дарып келе жаткан каталдық, жауыздық, каскөйлік

атаулының уытын өз бойына мол сіңірген. Бірақ мұның бұлардан алысу айласы, тартысу тәсілі басқаша. Ол қашанда жауыздыққа ашық баспайды, қастығының бәрін қаға берісте, елеусіз, ескерусіз етіп жасайды. Әзімбай даурықпаға көп түсе қоймайды, мақтағанды да онша ұната бермейді. Өз есебін түгендеу жолында ол арамзалық пен айлакерліктің талай-талай амалын жасайды. Автор Әзімбайдың осы құбыл мінезін, көлгірлігі мен сайқалдығын оқушыға ақтара көрсетеді және өткір де тапқыр сөздермен өлтіре түйрейді. Оспанның малмүлкін бөлісіп алу тұсында бар пәлені туындатып жататын кеселдің өзі – осы Әзімбай. Ол ешқандай бой көрсетпейақ, ізін танытпай-ақ, әкесі Тәкежанды, шешесі Қаражанды, жеңгесі Мәнікені біріне, бірін соғады, бірі арқылы екіншісін арбайды, сөйтіп оларды өзінің түбегейлі арамза есебінің қолшоқпарлары, тіпті құрбандығы да етеді. Әзімбайдың психологиясы феодалдық санадан гөрі капиталистік санаға көбірек бейім. Әзімбай романда көп суреттелмегенмен, өзінің кескін-келбеті, характері, тереңдеп ашылған психологиясы арқылы оқушының зердесіне ұмытылмастай болып ұялайды. Бұл жазушының адам образын жасаудағы шеберлігін айқындай түседі.

Романда бұлардан басқа да көптеген кейіпкерлер – эпизодтық немесе кейінгі қатардағы геройлар бар. Олардың барлығын жазушы романға шығарма кейіпкерінің санын әйтеуір көбейте түсу үшін енгізе салмаған. Бұл кейіпкердің әрқайсысы да өзіне лайық қызмет атқарады, шығарманың негізгі идеялық түйіндерінің тереңдеп ашылуына септігін тигізеді.

«Абай жолы» романының алғашқы кітабының ақыр аяғында Дәрменнің дастанын тыңдап отырып Абай қыран бүркіт ана жайындағы ел аңызын еске алады. Сол бір сәттегі Абайдың ой-қиялын, көңіл тебіреністерін беру арқылы жазушы басты кейіпкерінің шығармашылыққа және шығармашылықтың адамына деген көзқарасын бейнелі түрде сездіргендей әрі кітаптың негізгі идеялық түйінін қорытындылағандай болады.

1954 жылы, яғни ұлы ақынның қайтыс болғанына елу жыл толуы қарсаңында жазушы Абай туралы эпопеясының соңғы, төртінші кітабын жазып бітірді. Бұл кітаптың кейбір тараулары «Әдебиет және өнер» журналында басылды. Бірақ

жеке кітап етіп шығарар алдында жазушы оны қайта қарап, жаңа тараулар қосып, бірсыпыра өзгерістер жасады. Сөйтіп, «Абай жолының» екінші кітабы 1956 жылы жеке кітап болып басылып шықты.

«Абай жолы» – Абай туралы алғашқы романның бөлінбес бөлігі, заңды жалғасы екендігі мәлім. «Абай» романында қозғалған негізгі тақырыптар мен тартыс желілері «Абай жолы» романының бірінші кітабында бұрынғыдан да гөрі өрістей, тереңдей түскен болатын. Тұтастай алғанда осы қасиет «Абай жолы» романының екінші кітабына да тән.

Абай туралы романдарының алғашқы кітаптарында жазушы ұлы ақынның өмірі мен тағдырын және оның дәуірін реалистік зор қуатпен бейнелегені аян. Осы реалистік қасиетті «Абай жолы» романының екінші кітабынан да мол табамыз. Бұл кітабында да жазушы сол өзі суреттеп отырған дәуірдің рухын аңдататын, ішкі сырын танытатын әлеуметтік мәні зор оқиғаларды таңдап ала білген және озінің кейіпкерлерін осы күрделі де кесек оқиғалардың қалың ортасында көрсете алған.

Әлеуметтік теңсіздіктер және оларға қарсы күрес тақырыбы «Абай жолы» романының екінші кітабының идеялық мазмұнының, сюжеттік арқауларының негізгі бір тінін құрайды. Бұл – болашағына, жарыққа ұмтылған жас қауыммен заман еңсесін басып етектен тартқан ескілік күштерінің арасындағы тартыс еді. Осы тартыс өз аясына талай тың күштерді тартқан, қанатын кең жая түскен. Егер Абай туралы романдардың алғашқы кітаптарында негізгі тартыс желісі тұтастай алғанда, көбінесе ауыл маңында, сахара тіршілігінде өрістесе, ал соңғы кітапта, ол өз құшағына қаладағы өмірді де тартқанын көреміз.

Әділетсіз өмірдің қиян-кілы кеселдері мен зардаптары қараңғы сахараны ғана емес, сонымен бірге аздап та болса прогреске, мәдениетке қарай қадам басқан қала тіршілігін де жайлаған. Романның негізгі кейіпкері Абайдың және оның соңына ерген жаңа тілекті жас қауымның енді осы қаладағы қара күштерге де қарсы сайысуларына тура келеді. Бұл күресте оларды қаладағы еңбеккер жандар – әртүрлі өндіріс орындарында істейтін жұмысшылар, балықшылар, тағы басқалар қолдайды. Осының арқасында романда бейнеленген прогрестік бағыттағы әлеуметтік күштердің тар-

тыс мақсаты бұрынғыдан әлдекайда айқындала түскен және тегеурінді де өткір сипатқа ие болған.

Көптеген зерттеушілер М.Әуезовтің «Абай» романын «өткен ғасырдағы сахара өмірінің энциклопедиясы» деп атаған болатын. Расында да, бұл дала тіршілігінің қат-қабат қырларын, дәуір шындығын мейлінше мол әрі реалистік ғажайып қуатпен бейнеленген романға берілген әбден лайықты баға еді. Сонымен бірге осындай тамаша романда тапшы соғатын бір жай бар-ды. Ол романда қала тіршілігінің, ондағы еңбеккер қауым өмірінің мол қамтылмауына байланысты. Бұл ретте жазушының тарихи шындықпен және кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің шеңберімен шектелгенін ескермей кетуге де, әрине, болмайды.

Ал «Абай жолы» романының екінші кітабында өрбіген оқиғалар тізбегін қамтитын тарихи кезең өзгешерек сипатта болатын. Яғни өткен ғасырдың аяқ шенінде Ресейдің бөлінбес бір аймағы Қазақстанда да капиталистік қарым-қатынастар дами бастады. Қалалардағы түрлі өнеркәсіп орындарында жұмысшылардың алғашқы буындары туды. Сөйтіп, сахара тіршілігіне, ондағы еңбеккер халықтың әлеуметтік әділет жолындағы күресіне жаңа нышандар, соны сипаттар қосылды. Осы ақиқат жайды жазушы романның көптеген тарауларында шынайы көріністер арқылы бере алған. Әрине, қаланың өмірін суреттеуді жазушы дара мақсат етпейді, оны романның сюжеттік желісіне жасанды түрде енгізе салмайды. Сол еңбеккер жандардың өкілдері болып табылатын Әбен, Хейіт, Әбді, Сейілдердің іс-әрекеттері шығарманың композициялық тұтастығына селкеулік жасамайды, қайта онда бейнеленген оқиғалардың өрісін кеңіте түскен. Өйткені оқушыға алғашқы кітаптардан таныс негізгі кейіпкерлердің образдарын толықтыра түсуде, олардың қимылдарының көркемдік мотивировкасын шынайыландыруда бұлардың атқаратын рөлі ерекше. Бір ғана мысал келтірелік.

Дәрмен мен Мәкен сиякты көңіл қоскан екі жас даланың қатымыр әдет-ғұрыптарының қанды құрығынан, Оразбай мен Дайыр сиякты жуан содырлардың қуғынынан құтылуды ойлап, пана іздеп қалаға келеді. Оларды арашалап қалуда Абай мен Әбішке Затон жұмысшылары көп жәрдем береді. Дәрмен мен Мәкенді қорғау үстінде жұмысшылар зорлық

иелеріне білек құрышын қандыра соққы береді. Бұл, бір жағынан, олардың өзара ұжымдасуға оңтайлы бекем күш екендігін де танытады.

Жазушы романға тыңнан қосылған осы кейіпкерлерінің тұрмыстары жадау болғанымен, олардың жаны адАл ары таза екендігін, намысын аяқ асты еткізбейтін қайсарлығын сүйсіне отырып суреттейді.

Абайдың халық мүддесін, оның болашағын сатпақ болған дін иелеріне, қазақтың оқыған чиновниктеріне қарсы күресі шегіне жеткен шақта да, жұмысшылар осы қасиетін айқынырақ көрсетеді. Олар Абайды ақыр аяғына дейін қолдайды, тартыс талқысына табанды екендігін танытады. Мұның бәрі дала өміріндегі жаңа бір леп еді. Тарихи дамуға байланысты қазақ қоғамында туған осындай келелі өзгерістерді жазушы өзінің соңғы кітабында мол әрі шынайы бейнелеген. Міне, осы ерекшелік тұтастай алғанда Абай туралы романдардың әлеуметтік тынысын, реалистік қуатын бұрынғыдан әлдекайда айқындай түсіп тұр.

«Абай жолының» бірінші кітабында ұлы ақынның дін иелерінің кертартпа көзқарастарын, ұлтшыл оқығандардың мақсат-мұраттарының зияндылығын, шығыстық артта қалушылықты өткір шенейтіндігін автор ара-тұра аңдатып отыратын. Ал романның соңғы кітабында бұл тақырып анағұрлым өрістей, тереңдей түскен. Жазушы Абайдың дін иелерінің зұлматтығына қарсы тартысын оның халық мүдделері жолындағы күресінің өзекті бір саласы ретінде бейнелейді. Мұны кітаптың «Түн-түнекте» атты бірінші бөлімінен әсіресе анық көреміз.

Ауылдан қалаға келген Абайлар үлкен бақытсыздықтың үстінен шығады. Қала ішін жұқпалы індет – оба ауруы жайлаған. Қарапайым еңбеккер халық қазаға душар болған. Өлексе тілеген күшіген тәрізді құзғын құлқынды молдалар бұл жұқпалы індетті әсіресе асқындыра түскен. Міне, дәл осындай екіталай, қысылшаң сәтте Абай дін иелеріне батыл қарсы шығады, олардың зұлымдық пиғылдарын аяусыз әшкерелейді. Сөйтіп, ол халық үстіне төнген апатқа қарлығаш болып қанатымен су себеді.

Дін иелері, олардың Шәрібжан халфе, Юнусбек халфе сияқты өкілдері Мәкен қыздың дауы тұсында да аярлыққа басады. Дала жыртқыштарының шеңгелінен үрке қашып,

пана іздеп келген жас қызды олар қазақтың ескі салт-жоралғысын, шариғат жолын желеу етіп отқа тастамақ болады. Бұл тұста да Абай оларға аяусыз соққы береді.

Абайдың дін басыларына, панисламистерге қарсы күресі осылайша барған сайын шиеленісе түседі. Бұл тартыстың шешімін автор романның «Шайқаста» атты тарауының соңында ғана береді. Бір жағынан, қазақтың арасынан шыққан адвокаттар, чиновниктер және дін иелері мен «шынжыр балақ, шұбар төс» би-болыстар, екінші жағынан, Абай және оның соңына ерген қарапайым халық бетпе-бет келіп, өзара сайысқа түседі. Халық атынан приговор жасап, оның елдігін, болашағын сатпақ болған екіжүзді аярлардың бетпердесін Абай сыпырып тастайды.

«Ең әуелі ісләм дінінің қауымы болмақ дейді. Дінкарындас деп, Мысырдың арабынан, Үндістанның мұсылманынан, Стамбулдың халифе-сұлтанынан, Шайхұл ісләмнан Ресейде, Сібірде жатқан қазаққа қарындас тауып бермек. Туысқан таппақ болысады. Ең алдымен осының өзі жалған. Әр халықтың қалың қауымын алсақ, күнделік тірлігінде сыбайлас көршісімен келісіп, күн кешеді. Бізді халифенің мұсылманымен жақындатам деушілер ең алдымен қасымыздағы көршіміз орыс халқынан алыстатам дейтін болады...». Сөйтіп, Абай халықтың ойын білдіреді және әрбір құбылысқа оның болашағының мүддесі, тарихи дамудың перспективасы тұрғысынан қарайды.

Жалпы алғанда, Абайдың дін иелеріне, қазақтың ұлтшыл оқығандары мен панисламистерге қарсы күресі «Абай жолы» романының екінші кітабында кеңінен әрі шынайы бейнеленген. Бұл күресте Абай жауларын өзінің парасатты зор білімділігімен, халыққа сүйенетіндігімен және тарих тынысын терең сезінетіндігімен жеңіп шығады.

«Абай жолы» романының екінші кітабы ұлы ақын өмірінің соңғы кезеңін суреттеуге арналған. Бұл – Абайдың кемеңгер ақын, кемеліне келген ойшыл, туған халқының тағдыры жайында тебірене толғанатын қамқоршы болған шағы. Романда Абай осындай тұлғалы күйінде бейнеленген де. Мәкен қыздың дауына осы Дәрмендей талантты шәкіртінің жоқшысы болғандықтан ғана емес, сонымен бірге еркіндікке ұмтылған бүкіл жас буынның, жаңа ұрпақтың қамқоршысы ретінде араласады. Сондай-ақ, Тобықты мен

Уақтың арасындағы дау-шарға билік айтқанда да Абай өз руым деп Тобықтыға тартпайды, қайта жылаумен болған момын елдің, еңбек адамдарының сөзін сөйлейді, солардың есесін алып береді.

Сөйтіп Абай әрқашан әділет жолында алысады, даланың еңсесін баскан қараңғылық пен тағылыққа қарсы шығып, «қалың елі – қазағының» жарқын болашағы үшін күреседі. Әрине, мұның бәрі Абайға онайға сокпайды. Даланың Оразбай, Елеу, Әбен сиякты қуыс кеуде, тоң мойын жуандары мен Әзімхан тәрізді «оқыған» ұлықтар Абай алдынан әрдайым ор казып отырады. Олар тіпті халықтың сүйікті ақынына қол көтеруден де тайынбайды. Көшбикедегі сайлауда олар Абайды соққыға жығады. Бұл дүлей қара күштердің тек Абайға ғана емес, сонымен бірге ол жоқшысы болған халыққа жасаған казадан бетер қастығы еді. Абай басындағы осы трагедияны жазушы бүкіл халықтың мұң-наласы ретінде, сол бір бейуақыттың трагедиясы ретінде бейнелейді.

Бұл қасиет, яғни Абай мен халықтың ажырамас бірлікте бейнеленуі М.Әуезовтің тарихи романына тұтастай тән. Жазушының ең негізгі тақырыбы – халық және оның ақыны. Міне, осы басты тақырыбын шешуде автор кеңестік тарихи беллетристиканың таңдаулы дәстүрлерін жемісті түрде әрі дамыта пайдаланған. Тарихи роман жанрының алдына әрдайым қойылып келген аса күрделі бір проблема – халық пен оның жекелеген өкілдерінің өмірін тығыз байланыста алып бейнелеу проблемасы социалистік реализм өнерінде дұрыс шешімін тапты. Бұл – біздің суреткерлеріміздің тарихи дамудағы халықтың және жекелеген кейіпкерлердің атқаратын рөлі туралы марксизм-ленинизм қағидаларын басшылыққа алғандығының жемісі еді.

Міне, кеңестік тарихи роман жанрының ең үздік үлгілеріне тән осындай шешуші белгілер мен ерекшеліктер М.Әуезовтің Абай туралы романдарынан, оның ішінде «Абай жолының» екінші кітабынан да анық танылады. Егер акын туралы алғашқы романда, әсіресе оның бірінші кітабында қалың көпшілік көбінесе рушылдық шылауынан шыға алмаған, әлеуметтік күрес өрісіне мол тартылмаған калпында көрінетін болса, тіпті бұл шектелмеушілік оның көзі карақты өкілдерінің де бойларынан табылса, ал соңғы романның кітаптарында жағдай мүлдем басқаша. Әрине,

мұны жазушыға кінә етіп тағуға болмайды, қайта бұл оның тарихи шындықты дұрыс сезіне білгендігін, оның шеңберінен шығып кетпегендігін көрсетеді.

«Абай жолы» романында халық алға қарай қажырлылықпен ұмтылу, ояну үстінде бейнеленген. Жазушы мұның себебін қалың көпшіліктің тіршілік жағдайының, арман-мүддесінің ортақтығынан, оның таптық сана-сезімінің сергуінен іздейді. Романда халық бұқарасының тұтас тұлғасын, тегеурінді қимылын танытатын эпизодтар мол. Мысалы, Әбен, Әбді, Сейіттер бастаған жұмысшы жігіттердің Дәрмен мен Мәкенді Дайыр сияқты дүлей күштен арашалап алып қалу жолындағы әрекеттері, Сейітті тірідей жерге көміп, азапқа салған Оразбайдың ауылын момын ел жігіттерінің түре шауып алуы, сондай-ақ қалың көпшіліктің рухани соққыларға тап болған Абайға әрдайым жанашырлық көрсетіп, қосыла қамығатындығы, оны қолдайтындығы суреттелген тараулар – бұған айқын мысал.

Жалпы алғанда, еңбеккер халықтың қалың бұқарасы «Абай жолы» романында ең алғы лекте көрінеді. Тарихты жасаушы – халықтың өмірін және оның прогресс жолымен алға өрлеуін баса суреттеуге назар аударуы жазушының өз шығармашылығындағы эволюцияны да танытады, оның өмірге деген көзқарасының, дүниетану өрісінің кеңейгендігін білдіреді.

М.Әуезовтің тарихи романдарындағы ең негізгі тақырыптардың бірі – Абайдың ақындығы туралы тақырып. Бұл тақырып «Абай» романының екінші кітабынан бері қарай үзілмей, қайта барған сайын өрістей түсіп келеді. Ал енді осы тақырып соңғы кітапта қаншалықты шынайы әрі қалай шешілетіндігі жайында бірер сөз.

Тарихта мәлім Абай – ең алдымен ақын. Абайдың қоғамдық-ағартушылық еңбегін оның ақындық қызметінен бөліп алып қарауға болмайды. Өйткені Абайдың «надан зұлымға кектеніп, шыршық атып толғанғанда», халқын прогресс пен өнер-білімге үндегенде негізгі құрал еткені – «поэзия, яғни ақынның өз тілімен айтқанда «улы сия, ащы тіл». Сондықтан да Абай туралы романдарда оның ақындығы жайындағы тақырыптың көрнекті орын алуы мейлінше табиғи әрі заңды.

Абай туралы романдардың алғашқы кітаптарының көптеген тарауларында автор оқушыны, Абай ақындығының нәр алып, тамыр тартқан тереңімен, оның классикалық орыс поэзиясының үлгілерінен қалай үйренгенімен және ақынның белгілі бір шығармаларының қандай жағдайда, қалайша туғандығымен де мол таныстыратын. Осы бағытынан ол соңғы кітапта да танбаған. Абайдың ақындығын бейнелейтін, оның шығармашылығының психологиясын ашатын эпизодтар «Абай жолының» екінші кітабында да жиі ұшырасады.

Сондай-ақ, жазушы Абайдың ақындығы туралы тақырыпты шешуде үнемі бірдей бір сарындас, біртектес бейнелеу құралдарын пайдалана бермейтіндігін ескермеуге болмайды. Мысалы, автордың осы мақсатына жету жолында «Абай» және «Абай жолы» романдарында қолданған суреттеу нақыштары өзара бірдей емес. Мұны есте ұстау қажет.

Жазушының соңғы романдарында Абай ақындығын ашқанда қолданатын суреттеу тәсілдерінің бірі мынада. Яғни бірсыпыра мезеттерде жазушы Абайдың ақындық лабораториясын, оның белгілі бір шығармаларының туу сәтін тікелей бейнелемейді, жанамалап көрсетеді. Мұндай жағдайларда Абайдың кейбір шығармаларындағы ойлар мен сарындар роман кейіпкерлерінің сезім сырлары мен ой толғаныстарына ауысады. Бір мысал келтіріп қаралық.

«Масғұт» поэмасында негізгі оқиға желілерін баяндай отырып, Абай ара-тұра өз ойларын да шертіп кететін. Масғұт өмір сүрген кезде де «надандар шырыш бұзғанын» жабырқау сезіммен еске алады.

Түнек ортадан, қас надандардың қастандығынан соққы жеп, қағажу көргендіктен басқа бір ел іздеп кетпек болған, бірақ «туған жерін» қиып кете алмай қиналған, күйіренген адамның осындай көңіл-күйлері романның соңғы кітаптарындағы Абайдың лирикалық монологтарынан анық сезіледі. Бұл ретте Көшбикедегі сайлауда Оразбай бастаған дүлей күштердің аяусыз соққысына ұшырағаннан соң және қазадан бетер осындай ауыр шақта Тәкежандай туысының сол Оразбайдай сойқандармен астыртын байланыс жасағанын сезгеннен кейін Абайдың елден кетіп қалмақ болғаны суреттелген эпизодты еске түсірсек те болғаны. Мұндай эпизодтардан да Абай ақындығының кейбір қыры мен сыры анғарылатын болса керек.

Сөз болып отырған кітапта жазушы Абай шығармашылығының реалистік қуаты мен әшкерелеушілік уыттылығын, оның шығармаларының өшпес, ескірмес сипатын баса көрсетуге ұмтылған. Абайдың сүйікті баласы Әбдірахманға арнап шығарған өлеңдері романда әсіресе мол қамтылған. Бұлай болуы заңды да. Өйткені Абай Әбіштің ауруға шалдыққанын, қайтыс болғанын тебірене жырлап, көптеген өлеңдер шығарғаны мәлім. Бұл өлеңдерінде ақын әкесінің баласы емес, атасының баласы болған Әбіштің атынан, халық-ана атынан жоқтайды. Сөйтіп, Абайдың Әбдірахман туралы өлеңдерін романның сюжеттік арқауына мол араластыру аркылы автор ақын шығармашылығының алуан түрлі саласының бір қырын ашады. Сонымен бірге осы эпизодтар Әбіштің өз образын да толықтырып, айқындай түседі.

Сондай-ақ, окушы романнан Абайдың ғаклиялары қалай туғандығы және ақынның Крыловтың мысалдарын қандай мақсатпен, қалай аударғандығы жайында да бірсыпыра мәліметтер алады. Сөйтсе де, сырттай қарағанда автор Абайдың ақындық лабораториясымен окушыны сараң таныстыратын сиякты. Шындығында, бұлай емес. Абай туралы роман – ақынның өмірі мен қызметі туралы көркем шығарма. Ол ақынның шығармашылығын зерттеуге арналған еңбек емес және мұндай еңбек болмак та емес. Сондықтан да онда Абайдың қай шығармасы қандай жағдайда, қалайша туғандығын бастан-аяк, түгелдей көрсетіп жатудың ешқандай қажеттігі де, мүмкіндігі де жок. Біз жазушыдан Абайдың ақындық шығармашылығының рухын, оның әсер етушілік қуатын айқын сездіртуді талап етуге ғана ыктиярлымыз. М.Әуезов өзінің романында бұл тілекталапқа жеткілікті жауап бере алған да.

Романда қазақ және орыс халықтарының достығы туралы тақырып та нанымды шешілген. Бұл достықтың айқын көрінісін Абай мен Павловтың арасындағы қарымқатынастардан ғана емес, сонымен қатар қаланың әртүрлі кәсіпорындарында істейтін орыс, қазақ жұмысшыларының мақсат-мүдделерінің ортақтығынан, олардың өктемдік дүниесіне қарсы тайталас-тартыстарының бірегейлігінен де анық сеземіз.

«Абай жолы» романының екінші кітабында бейнеленген орыс кейіпкерлердің ішіндегі ең негізгі де тұлғалы

бейне – ақынның досы Павлов көбінесе өзінің жақсы ойтілектерімен, Абайға және халыққа деген ықылас-сезімдерімен көрінетін. Ал әрекет-қимыл оның бойында тапшы болатын. Соңғы кітапта Павлов бұдан әлдекайда биіктей түскен. Оқушы енді Павловты тек Абайдың ғана емес, сонымен бірге оның жылаулар болған халқының да қалтқысыз досы, жанашыр жақыны ретінде қабылдайды. Халық дертті апатқа душар болған қысылшаң шақта Павлов өзінің осы қасиетін, гуманизмін әсіресе айқын танытады.

Даланы тұмшалаған дүлей қараңғылық пен қара күштерден зәбір шегіп шалдыққанда да, сұм тағдырдан соққы көріп, қасірет-шерге батып налығанда да Абайға достық қолын ең алдымен ұсынатын, рухани қолдау жасайтындардың бірі де осы Павлов. Ол Абайды ішкі Ресейде, орыстың қоғамдық ойының тарихында болып жатқан өзгерістермен таныстырып отырады және оны заман рухын дұрыс сезінуге меңзейді. Павловпен кездескеннен кейінгі бір сәттегі Абайдың көңіл-күйін жазушы былай береді:

«...Көлбей жатқан бел ме, бұны күтіп тұрған жағасы жайлау, жақсы жаңа дүние ме?.. Әйтеуір алдында енді мақсат ететін өріс бардай. Сол бұған бері тарт деп қол бұлғардай, атой берердей байқалады. Тағы бір шақта сол түн мұнары қоршап тұрған, бірақ айқын белдің ар жағынан сіберлеп атқан таң білінеді. Тез өзгеріп, түн жиегін түре серпіп, тамаша ашық мамыр айының аспаны білінгендей. Сүттей таза аспанды, кең әлемді таң шапағы сәл қызғылт сәуле нұрлантып келе жатқандай... Міне, Абайдың өзіменөзі болып, Павловтан кейін жалғыз оңаша қалып, ендігі ойына шомғанда қиялы осындай. Бұрын Абай аңдап көрмеген асыл әлем аңғарын болжағандай болып еді». Міне, шығарманың оптимистік пафосын танытатын және Абайдың жарқын болашаққа деген нұрлы сенімін аңдататын мұндай эпизодтардың Павлов есімімен байланыстырыла берілуі, әрине, тегін емес. Бұл арқылы автор Павлов образында бейнеленген орыс күрескерлерінің Абайға тигізген идеялық әсерін аңдатпақ болса керек.

Бірақ романда бейнеленген басқа орыс адамдары жайында мұндай пікір айту қиын. Жаңа кітапта автор Семей қаласының түрлі кәсіпорындарында жұмыс істейтін қазақ жігіттерінің өкілдерін суреттейтіндігін жоғарыда айтқан бо-

латынбыз. Егер жазушы солардың өз достары орыс жұмысшыларымен байланысын, карым-қатынастарын аздап та болса аша кеткенде, шығарманың өмір шындығын камту шеңбері бұдан да гөрі кеңи түсетін еді. Сондай-ақ, осылай ету аркылы автор дін иелері мен панисламистердің приговорлар жинап, халықты алдамақ болғаны және оларға деген карсылық жұмысшылар арасында әсіресе мол туғаны сиякты күрделі окиғалардың көркемдік мотивировкасын әбден кемелдендіруге де мүмкіндік алатын еді.

Абай туралы романдардың алғашқы кітаптарынан екі түрлі Ресейдің бейнесін бергенін зерттеушілер атап көрсеткен болатын. Расында да, алғашқы кітаптардан орыс және қазақ халықтарына бірдей ортақ камкоршы, үлкен жүректі нағыз орыс адамдарының да, өзгені қойып, өз елін де арзанға айырбастап кететін, екіжүзді әрі коркау құлықты чиновниктердің, әкімшілік өкілдерінің де шынайы бейнелерін мол ұшыратынбыз. Ал соңғы кітапта осы желі біраз босаңсып кеткен. Яғни онда Павловка карама-карсы планда алынған және оған пара-пар келетін кесек тұлға жок.

Романда Абай жаңа тілекпен ержетіп келе жатқан жас ұрпактың камкоршысы, акылшысы ретінде бейнеленген. Ол бұрын Дәрмен, Кәкітай, Мағаш сиякты өнерлі жастарды баулыса, енді Рахым, Асан, Үсен тәрізді балаларды окуға беріп, өнер өріне сілтейді. Осылай ету аркылы автор Абай өз үмітін болашакка, жас ұрпакка артканын және оның асыл арманы буыннан буынға мирас болып калғанын бейнелі түрде аңдата алған. Кітаптың эпилогында Абайдың ардагер ағаның өлімін акынды сүйген халықпен бірге аза тұтып, оның жас кабіріне көз жасын төге, кадалып карап отырған Дәрменнің жанында осы шәкірттер де бар екендігін көреміз. Міне, осы көрініс аркылы да автор жоғарыда айтылған ойды айкындай түскен.

«Абай жолының» екінші кітабында «соктыкпалы, сокпаксыз жерде өскен, мыңмен жалғыз алысқан» ұлы акын өмірінің соңғы кезеңінің кат-кабат, шытырман шындығы бар. Ол бір жағынан, жаңа дәуреннің кешікпей туатындығын сезіп, кам көніліне жұбаныш етсе, екінші жағынан, халықты талауға салып, кан жылатқан жендеттердің сұмдығын көріп түңіледі. Акынның жеке басының айыкпас мұң-наласы оның халык тағдырын ойлаудан туған касірет-шеріне ұласады. Осындай рухани ауыр күйзеліс үстінде Абай дүние салады.

Роман осылайша, ұлы ақынның өмірден кетуін баяндаумен аяқталады. Бірақ ол өзі баулыған буынның, өз халқының жаңа заманға қарай беттеп бара жатқанына және соны көретіндігіне кәміл сеніп кетеді.

Жазушы мұндай ой түйініне, оқушыны күтпеген жерден, кенеттен әкеліп тіремейді. Алғашқы романдардағы сияқты, соңғы кітапта да Абайдың болашақ туралы толғаныстары мен тебіреністері мол. Жазушы кейіпкерінің сондай сәттердегі жан сезімдерін ақын көңіліне тән сезімталдықпен, ұшқырлықпен әсерлі бейнелейді. Мысалы, Базаралының ақыл-кеңесі бойынша Сейіт бастаған жігіттер Оразбайдай каскөй қорқаудың ауылын түре шауып алғаны туралы хабарды естігеннен кейін Абай терең ойға беріледі. «Қыранша қырымға қараған» оның киялы алуан сапқа шарқ ұрады.

«Абай көңіліне осы оймен қатар қызықты ыстық киялдар тағы бұлдыр тілек келе берді. Сол дүниені, сол заманды көрер ме еді!.. Тым құрыса ұзақ тіршілік кешпесе де, әлдебір жайдан қандай бір сәтінде, жалғыз көзбен сығалап қараса да, сол заман, сол дәуірді көрсе деген арман, киял Абайдың көңілін шалды...». Міне, Абайдың жарқын болашақты осылай аңсай күтуі және оған деген сенімі оның осындай оптимистік ойсезімдерінен ғана емес, сонымен бірге бүкіл шығарманың рухынан, тынысынан да айқын анғарылып отырады.

Ақын есімінің және оның мұрат-мақсатының өлмес-өшпестігі туралы осы ойын жазушы романның эпилогында де бейнелі түрде түйіндеп берген.

Абай туралы романдар алғашқы кітаптары сияқты, эпопеяның соңғы кітабы да жазушының типтік образдар, терең характерлер жасауға мейлінше шеберленгенін, тарихи шындықты көркемдік шындыққа реалистік зор қуатпен, суреткерлік алғырлықпен нәзік ұластыра білгенін анық танытты.

Бұрынғы романдардан ауысқан, оқушыға ежелден таныс кейіпкердің ішінен соңғы кітапта үдей өсіп, биіктей түскендері – Абай, Әбіш. Сондай-ақ ұнамсыз кейіпкерлердің арасынан бұл ретте Оразбайды ең алдымен бөліп атауға керек. Ел ағасы, халық арманының жыршысы, кемел ойшыл болған Абайдың нұрлы бейнесі соңғы кітапта да оқушы жанын аялап, оны рухани жағынан байытып отырады. Абайдың романда суреттелген мұң-наласы оқушыны да ауыр сезімдерге са-

лады, ал ақынның шарқ ұрған, шабытқа берілген, қуанышты жан толқындарына бөленген көңіл-күйлері оқушыға да сая таптырғандай, көкірегіне жыр құйғандай болады. Абайдың дін иелері мен кертартпа қара күштерге қарсы күресі соңғы кітапта әсіресе мол, бар күрделі күйінде бейнеленгенін жоғарыда реті келгенде айтқан болатынбыз. Расында да, бұл – соңғы кітаптағы басты кейіпкер образына тән ерекше сипаттардың бірі. Сөйтіп автор өз кейіпкерінің бейнесін ол араласқан тарихи оқиғалар мен құбылыстардың барысына сәйкес үнемі өсіре, толықтыра түсіп отырған.

Тарихтағы Абай, өзі айтқандай, әкенің баласы емес, адамның баласы еді. Ол «есіл сөзі қор болған» Тобықтының ғана баласы емес, бүкіл «қалың елі – қазағының» ардагері, перзенті болды. Осы шындықты жазушы эпопеяның бір кітабынан екінші кітабына ауысқан сайын тереңдете түсе, өсіре отырып көрсетеді. Осы мақсатпен автор «Абай жолының» екінші кітабының «Қапада» атты тарауына арнаулы бір эпизод енгізген. Бұл Верный қаласында науқастанып жатқан Әбішке және оның жанындағы Мағауияға Жамбыл ақынның келіп жолығуын көрсетуге арналған.

Абайдың әртүрлі жайларды қозғайтын шерлі де сырлы өлеңдерін Мағауияға айтқызып тыңдап отырып, Жамбыл былай дейді: «Әттегене, дүние-ай, қайғыға түскен қайран ер, қабағың ашылар күн де жоқ-ау! Қырымға көз тастап жатқан қыраным екенсің-ау! Алысты болжа дейсің-ау, сөзіннен айналайын! Тағы айтқын, інішегім. Кеудеме, саңылау көрмеген кеудеме нұр төккендей болдың-ау, мүлдем тегі! Жарық сәуле бердің-ау... Қасиет қайда, қазына қайда десең, Абайда екен ғой, тегі! Атам заманнан бері «Қабан ақын айтты», «құлан аяң Құлмамбет», Дулат Мәйке, Шапырашты Сүйімбай құйындай сокты, даңғыл шапты дегеніміздің бәрі мына жерде екен ғой. Абай дария болғанда былайғы жүрген бәріміз жаршұқанақ екеміз ғой, тәйір шіркін. Бірді күлдіріп, бірді жұлдырып айтады десек те табатынды таппаппыз да! Елге пана, еске дана ақыл да, өнер де, өнеге де бір өзінде тұрмай ма! Құштар еттің, құмар еттің, Мағашым! Сенің жақсы әкең – менің жақсы ағам болсын, ұқтың ба? Жетсін осым! Дұғай-дұғай сәлем осы болсын».

Жазушы осылайша Жамбыл сөздері арқылы халықтың Абайға айтар бағасын береді, оған деген мейірбан да ыстық

ықыласын білдіреді. Сонымен бірге, бір жағынан, ойы алғыр, көңілі жүйрік, сезімтал жанды Жамбыл акынның өзі де окушыға жап-жақсы танылып қалады. Сондай-ақ Жетісу қазақтарының сөйлесу ерекшеліктерін де автор орны келгенде ұтымды аңғартып кетс алған. Әбіш қайтыс болғанда Жамбыл сыршыл жырмен Мағауия аркылы Абайға сәлем жолдап, халық атынан көңіл айтады. Бұл да жоғарыда аталған авторлық ойды айқындай түседі. Абайдың халықпен байланысын көрсететін мұндай эпизодтар романның басқа тарауларында да мол.

«Абай» романының бірінші кітабының ең аяғында берілген, құз жартасты жарып шығып, жапырақ жайған жас шынардың суреті окушының есінде. Бұл – халқын саялы аясына алған, ел қамқоры болған Абайдың символикалық бейнесі еді. Осы символ-образды жазушы «Абай жолы» романының екінші кітабының ең соңғы тарауында ұлы акынның дүние салғаны суреттелген эпизодта да қолданған. Осылай ету аркылы ол өзінің ой-нысанасына жете алған. Бұл символ-образдан кейін окушы Абайдың бүкіл өмірлік және шығармашылық жолын оның бар шындығымен көз алдына тағы да елестетеді.

«Абай жолының» екінші кітабында Әбіштің образы бұрынғыдан әлдекайда толыса түскен. Алғашқы кітапта ол көбінесе жақсы ойларымен, игі ниеттерімен көрінетін, соңғы кітапта Әбіш әрекет кимылға да ауыскан. Мәкен мен Дәрменді аранын ашкан жауыздардың шеңгелінен босату жолында алысканда ол достық парызын өтеуді ғана максат етпейді. Бұл оның әділет үшін де сайысатындығын көрсетеді. Мәкен қыздың дауы үстінде доңыз айбармен лоблытпак болған Оразбайға Әбіш былай дейді: «Мен пәле куғам жок. Бірақ пәле тудырам деушімен алысуға шыктым. Біліп қойыңыз, ардан, аяныштан аттаған жырткыш жауыз болса, оған қарсы мен де әкемсіз-ақ шыға аламын! Аянбастан, өкінбестен алыса білемін!..».

Шындығында да, жазушы Әбішті ел қамын жейтін, жауыздыкка қарсы алысатын адам етіп суреттеген. Бұл ретте роман кейіпкері Әбіш пен оның прототипінің, сол сиякты Абай шығармаларында бейнеленген Әбіштің арасындағы ұксастық, жақындык мол екенін атап айтуға керек.

Романның ұнамсыз кейіпкерлерінің ішінде соңғы кітапта ерекше толысып, оқшау танылатыны – Оразбай. Ол сахара еңсесін басқан кеселдердің барлығын өз бойына жинаған. Оразбай тек даладағы ғана емес, тіпті қаладағы пәлежалаларды да туындата тұтатып жатады. Абайға қарсы қол сілтеу сияқты масқара зұлымдықтың ең негізгі ұйытқысы да осы Оразбай. Бірақ дала тіршілігінің барлық жырткыштық тағылығы мен құбыл-қулығын, айла-шарғысын өзінің арам пиғылы жолында аяусыз жұмсағанымен, Оразбайдың және ол өкілі болып танытатын әлеуметтік күштердің келешегі кесілгенін автор ұтымды да бейнелі аңдатады.

Кейіпкерлердің алуандығы мен молдығы Абай туралы романдардың алғашқы кітаптарына да тән болатын. Бұл – нағыз кесек шығармаларға, эпопеяларға мейлінше қажетті қасиет. Шығармада тарихи оқиғалар мен құбылыстар неғұрлым мол қамтылған сайын, оның сюжеттік арқауына, авторлық баяндау желісіне кейіпкерлер де солғұрлым көп араласпақ.

Сонымен бірге екінші планда алынатын мұндай жанама кейіпкер шығарманың негізі кейіпкерлерінің характерін ашуға септесіп, онда бейнелеген оқиғалар мен тартыстардың көркемдік мотивировкасын толыстырып, олардың шынайылық қасиетін жетілдіре түспек. Әрине, бұл үшін суреткер өзінің сол кейіпкерлерінің тұлғаларын шеберлікпен мүсіндеуге тиіс. Сонда ғана олар «таныс бейтаныстар» бола алмақ. Жазушы осы міндетті көркемдік қуатпен шеше алған. Яғни ол өзінің кейіпкерлерін типтік жағдайларға тап қылған және оларға лайықты типтік терең характерлер тауып бере алған.

М.Әуезовтің романдарындағы кейіпкерлердің іс-әрекеттері солардың өз характерлерінің шындығынан туып жатады. Бұл ретте тек бір ғана мысал келтірелік. Сармолланың характері қалай ашылғанына және оның іс-әрекеті нанымды көркемдік мотивировканы қалай тапқанына тоқталып қаралық. Абайдың ақыл-кеңесі бойынша Сармолла оба ауруы тұсында халықтың осы қырғыннан сақтануына біраз себепкер болады. Ол басқа дін иелеріне қарсы әшкерелеуші сөздер айтып, қараңғы адамдарға ой салады. Ал Сармолла халық қамын жегендіктен осылай етті ме? Жоқ, тіпті де бұлай емес. Сармолланың мұндай әрекетке баруының сыры баскада, яғни оның характерінде жатқанын автор оқушыға

нанымды түрде ашып берген. Шәріпжан халфе, сокыр кари, Самұрат мәзін, Самат халфелер халық душар болған апатты өз құлқындары үшін пайдаланады. Олар Сармолланы бұдан қағажу қалдырады. Сол үшін де Сармолла оларды жек көреді. Сөйтіп, әрі жаратылысынан бірбет, қызба мінезді, әрі қызғаныш отына шарпылған Сармолла әдеттегіден тыс, ерекше әрекеттер жасайды. Бірақ оқушы оның бұл әрекетіне тосыркамайды, қайта заңды құбылыс ретінде қабылдайды. Өйткені жазушы кейіпкерлерінің іс-әрекетін оның характеріне сәйкес, сыйымды етіп бере алған.

Сармолланың образын және онымен шарпысып жүрген әріптестерінің бейнелерін шынайы түрде әрі әшкерелеушілік зор қуатпен жасау арқылы жазушы дін иелерінің ішкі дүниесі мен арам пиғылдарын ақтарып аша алған. М.Әуезов өз кейіпкерлерінің «жан диалектикасын» әрдайым осылайша шынайы танытады, оларды өз заманының өкілдері ретінде бейнелейді. Осы ерекшелікті романның сюжеттік желісіне мол араласып отыратын негізгі кейіпкерлердің образдарынан ғана емес, сонымен бірге эпизодтық кейіпкерлердің бейнелерінен де анық көреміз. Оба ауруынан сақтану керектігі жайында халыққа өсиет айтпақ болып, Абай қаланың базарлары мен дүкендерін аралап жүреді. Ол алуан түрлі адамдарды, сан қилы көріністерді кездестіреді. Соларды көргендегі Абайдың түсінулері мен тебіреністері арқылы жазушы қазіргі оқушыға сол бір кездегі Семей қаласының суреттерін сездірте алған: «Бір магазинде Абай керей тымағын киген, түйе жүн шекпені бар, сондай бір байшігешті байқады. Қасындағы екі жігітіне көне күміс белдігін, қамшысын ұстатып қойыпты. Өзі үлкен тері шалбарын шешіп, шалбарланып алған бешпентінің терең қалтасынан кір орамалын алды. Соған орап, түйіп тастаған ақшасын суырып жатып «бысмылда», «имам ағзам саудасы» дей түседі. Мықшыңдай бүкшіңдеп кассаға төлейтін ақшасын шабандап шығарып жатыр. Бұл картаң, сырдан байдың қасына екі жігіт қана емес, тағы да керей тымақ киген төрт-бес кісі оралды. Орта жасты қалашылар жаңағы байды сыртынан танып, сәлем беріп тақап еді. Бурыл сақал бай шалбарының ала жіп бауын шұбатып, дәл бір дәретке отырғалы жүрген кісідей магазин ішінде талтаңдап бүкшеңдей берді. Жаңағылардың сәлемін алмай күңкілдеп, наразы болып, сырт айналып барады».

Міне, осы бір байшігеш романда енді қайтып кездеспейді. Оның атының кім екені де мәлімсіз. Бірақ оның саран суреттелген сипатында сол заманның қаншалықты шындығы бар! Ол «өз елінде дау айтса, өзендей күркірейтін», қалаға келгенде «шабан, шардақ және шау» тартатын, оны құбыжық көретін сасық байлардың шынайы өкілі тәрізді. Сөйтіп романдағы кейіпкерлердің қай-қайсысының болмасын бойынан сол кейіпкерлер өмір сүрген дәуір шындығының алуан түрлі сипаттарын табамыз.

«Абай жолы» романының бірінші кітабындағы жазушының шығармашылық табысы деп тануға тұрарлық тұлғалы образдардың бірі Дәрмен еді. Абай өнерінің мұрагері, нағыз халық ұлы ретінде алынған бұл кейіпкер өзінің жарқын талантымен, жан дүниесінің байлығымен оқушыны әрдайым толғандырып отыратын. Ал соңғы кітапта Дәрменнің сүйген жары Мәкенмен қосылу жолындағы әрекеттері кенінен бейнеленген.

«Абай жолы» романында жазушы Абайдың және оның халқының тарихи дамудың жаңа кезеңдегі өмірі мен тарихын зор шеберлік қуатпен шынайы суреттеді. «Абай жолы» – Абай туралы алғашқы романның жай ғана жалғасы емес, сонымен бірге ол автордың дүниетануының тереңдей, кеңи түскенін, оның жазушылық шеберлігінің кемелдене толысқанын танытады.

«Абай жолының» екінші кітабымен М.Әуезов Абай туралы эпопеясын аяқтады. Жазушы өзінің бұл романдарында сол бір қаралы заманда халық арманын ту етіп көтерген, тамаша шығармалары арқылы ескіліктің қара күштеріне қарсы талмай күрескен, өз елін орыс халқымен достыққа шақырған, орыстың озық та нәрлі мәдениетінен үйренуге үндеген және халқының жарқын болашағына қалтқысыз сенген ұлы ақын, ойшыл, гуманист Абайдың нұрлы образын жасады және қазақ халқының өткендегі жарты ғасырлық өмірінің көркемдік тарихын баяндап берді.

* * *

Абай туралы романдардың ерекше құндылығы тек олардың идеялық қуатының молдығында, әлеуметтік тынысының кеңдігінде ғана емес. Өздерінің көркемдік жетілуі, суреттеу құралдарының молдығы мен алуан түрлілігі жағынан

да бұл романдар ұлттық әдебиетімізде шоқтығы асып, окшау көрінеді. Сондықтан да Абай туралы романдардың көркемдік ерекшеліктері мен өзгешеліктері жайында арнайы сөз ету қажет. Өйткені мұнсыз сол романдар жайында айтылған пікірлерді толық деп санауға болмайды және Абай туралы романдардың көркемдігі жайында сөз ету, сайып келгенде, жазушының бүкіл шығармашылық жолы бойына іздене, толғана келіп тапқан, кемелденген шеберлігі жайында сөз ету болып шығады.

Тарихи-көркем әдебиеттің негізі – тарихи шындық. Тарихи тақырыпқа жазған автор осы тарихи шындықты терең де шынайы көрсетуге тиіс. Әрине, бұдан тарихи романның тарихи зерттеуден (еңбектен) айырмасы жоқ деген ұғым тумасқа керек. Ұлы сыншы Белинскийдің айтуынша, тарих бізге оқиғаның сыртқы өңін, сахналық жағын ғана көрсетеді, ал шымылдық тасасында болып жаткан құбылыстардың бетпердесін ашпайды. Роман болса, ол тарихи фактілердің мазмұнын баяндап жатпайды, қайта ол фактілерді олардың мәнінің негізін құрайтын жекелеген оқиғалармен байланыста ғана алады. Сөйтіп, роман бізге тарихи фактілердің ішкі қасиетін ашып береді, бізді тарихи адамның үй-жайымен, сезім-сырымен таныстырады. Осы ойын тұжырымдай келіп, Белинский былай деп жазады: «Вальтер Скоттың тарихи романын оқығанда біз сол роман оқиғалары болып өткен елдің азаматтарына, сол дәуірдің замандастарына айналғандай боламыз. Және олар жайында жанды түйсіну түрінде дұрыс түсінік аламыз. Қандай болмасын тарих бізге мұндай түсінік бере алмас еді».

Сайып келгенде, Белинскийдің тарихшы мен суреткердің еңбегі арасындағы айырмашылық жайында түйіп айтар пікірі мынадай: «Тарихшының міндеті – не болғанын айту, ақынның міндеті – ол қалай болғанын көрсету. Сондықтан да егер ғылым не болғандығы жайында айтып, поэзияға қызмет етсе, ал поэзия өз тұсынан ол қалай болғанын көрсетіп, ғылымның шегін кеңейтеді».

Бұл айтылғандардан ұлы сыншының тарихи жанрда жазатын суреткерден тарихи фактілерді тізбектей бермей, олардың ішкі мәнін ашуды, тарихи адамдардың өмірімен, тағдырымен мол таныстыруды, дәуірдің рухын сездіртуді талап еткенін көреміз. Абай туралы өзінің романдарында

М.Әуезов осы талапқа толық жауап бере алған. Ең алдымен, бұл романдардан өткен ғасырдағы сахара тіршілігінің айқын да жанды картиналарын, кең панорамасын көреміз. Жазушы сол кездегі қоғамдық қатынастар туғызған әлеуметтік шиеленістерді өткір де батыл суреттейді. Шығарманың негізгі сюжеттік желілері де, ондағы кейіпкерлердің характерлері де сол шиеленістерге тығыз байланысты өрбіп, тереңдеп отырады. Яғни автор өткен дәуірдің типтік шиеленістерін дұрыс таңдап ала білген және заман шындығын терең ашатын типтік характерлер жасаған. Ол жекелеген адамдардың типтік образдарын ғана беріп қоймаған, сонымен бірге сол дәуірдің типтерін де жасай алған.

Абай туралы романдар – шын мәнісіндегі, нағыз халықтық шығармалар. Олардан халықтың өмірін, арманын, қажырлы күресін көреміз, оның үнін есітеміз. Өткен ғасырдағы орыс классиктері де өздерінің тарихи тақырыпқа арналған шығармаларында халықтың өмірін, оның тағдырын кең бейнелеуге тырысты. Бұл дәстүр кеңестік тарихи беллетристикада әсіресе мол әрі терең дамытылды. Оның ең таңдаулы шығармаларында халық – тарихты жасаушы ретінде, оның шешуші күші ретінде бейнеленеді. М.Әуезов өз романдарында осы дәстүрді кеңінен пайдаланған. Мұны романның бүкіл өн бойынан кездесіп отыратын қалың көпшіліктің қимылдары бейнеленген эпизодтардан да, халықтың жекелеген өкілдерінің образдарынан да анық көреміз.

Жазушы өзінің негізгі кейіпкері Абайды халықпен тығыз байланыста алып суреттейді. Абай еркіндікке, жарыққа ұмтылған өз халқының күресі мен ілгері қарай қозғалуының ең алғы легінде көрінеді. Абайдың ұлылығы – өз халқының болашақ тағдырын көрегендікпен болжай білуінде, оны орыс халқымен достыққа, орыс мәдениетінен үйренуге шақыруында. Оның ойы мен әрекеті қоғамның толғағы жеткен қажеттігіне, халықтың өмірлік мүддесіне сайма-сай келді, соларға жауап берді. М.Әуезов те Абайды осындай дәрежеде суреттейді, яғни халық пен оның ақынын бөлінбес тұтастықта көрсетеді.

Жазушы халықтың тұрмысын, әдет-ғұрпын, тіршілік кәсібін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар ол халықтың ойы мен жанын, оның бойындағы ең жақсы қасиеттерді де шынайы бейнелейді. Сөйтіп, ол қазақтың ұлттық харак-

терінің таңдаулы белгілерінің қалыптасуын образды түрде ашады. Еркіндік пен әділетті аңсау, жолдастық пен достыққа берік болу, еңбек сүйгіштік, конағуарлық, саясатшылық, үлкенді сыйлау, ән-күйге, сөз өнеріне деген құштарлық, көшпелі тұрмыстың қатал стихиясына шыдай білетін қайсар қайраттылық, адалдық пен кішіпейілдік, жаңалықты тез қабылдаушылық сияқты халқымызға тән абзал қасиеттерді жазушы эпопеяның ұнамды кейіпкерлерінің бойына мол жинақтай алған.

Бальзак айтқандай, көркем шығармада идея кейіпкерге айналады. Әрбір жазушы өзінің негізгі идеясын кейіпкер арқылы, яғни белгілі бір образ арқылы бейнелейді. Авторлық идеяның шығармада шынайы шешілуі оның айқын характерлі, жинақты образдар жасай алуына байланысты. Абай туралы романдарда толысқан, кемел суретшінің шебер қолымен жасалған алуан түрлі образдар бар. Типтік дәрежеге көтерілген бұл образдар автордың идеясын жеткізе бейнелейді, заман шындығын мейлінше терең ашады. Шығарма кейіпкері образдарының жинақтаушылық қасиеті мол, яғни олардың әркайсысы біз үшін «таныс бейтаныс».

Бұл ретте шығарманың басты кейіпкері Абайды мысалға алуға болады. Жазушы Абайдың өмірлік жолының бар бұраланын бастан-аяқ тізіп жатпайды, оның өміріндегі және іс-әрекетіндегі ең қажет, басты нәрселерді сұрыптап алып, жинақтап көрсетеді. Бұлай ету арқылы жазушы өмір шындығынан ауытқымаған, қайта негізгі кейіпкердің типтік образын шебер жасай алған. Романнан халықтың жүрегіне ұялаған, оның сүйіспеншілігі мен мол мейіріміне бөленген ұлы ақынның нұрлы тұлғасын көреміз. Жазушы Абайдың образын халықтың көңіліндегідей, яғни оның шындықтағы өз дәрежесіндегідей етіп жасаған. Ұлы ақыны туралы романдарды халықтың ерекше сүйсіне қабылдауының басты себептерінің бірі осында болса керек.

Көркем әдебиетте типтендіру принциптері оқиғаны немесе образды жинақтау мен даралауды өзара бөле жарып қарамай, тұтас күйінде бірлікте алады. Өйткені мұнсыз образ типтік дәрежеге көтерілмек емес. Абай туралы романдардағы алуан түрлі образдар өздерінің жинақтаушылық қасиетімен ғана емес, сонымен қатар жекелік даралығымен де ерекшеленеді. Олардың әркайсысының өзіне тән характері,

кескін-келбеті, сөйлеу ерекшеліктері бар. Заман шындығын терең де толық бейнелейтін алуан түрлі типтік образдар жасауы М.Әуезовтің жазушылық шеберлігін, талантын айқын танытады.

М.Әуезовтің кейіпкерлерін біз олардың іші-тысымен тұтас көреміз. Өзінің кейіпкерлерін суреттегенде жазушы суреттеу құралдарын мол әрі түрлендіре отырып пайдаланады. Бұл ретте, ол, ең алдымен, кейіпкердің жан дүниесін, оның жан сезімін, көңіл-күйлерін терең ашуға тырысады. Сондықтан да М.Әуезовтің кейіпкерлері жеңіл берілген сырткы сипаттарымен жалаң қабат көрінбейді, керісінше ішкі дүниесі мен сыртқы бейнесінің тұтаса қабысуымен көрінеді. Сөз болып отырған романдардағы алуан түрлі кейіпкерлер кескін-келбеті жағынан да өзара жеткілікті дараланған. Олар бір-біріне ұқсамайды. Жазушы портреттік сипаттауды тек кейіпкерлердің сыртқы бейнесін елестету үшін ғана қолданбайды. М.Әуезов үшін портреттік сипаттау кейіпкердің жан дүниесін айқындап, аша түсудің де құралы. «Абай жолы» романының бір жерінде автор Әзімбайды былайша суреттейді: «Қара қарғаның қанатындай немесе көмірдей жылтыр қара, көлемді сақалы бар, жалпақ қызыл жүзді, ісінген, қалың, қызыл қабақты Әзімбай осылайша тор құрып қойып, өзі құрық жонып отыр. Ойының бәрі ішкі тартыс пен тәсілде... Кейде бітік, қысық көздерін төмендете қиғаштап қарап, өз есептеріне сүйсінгендей, болымсыз күлімсіреп те қояды». Міне, бұл сипаттауда Әзімбайдың сырт кескіні, сұрықсыз ажары ғана емес, сонымен бірге Оспанның мұрасын бөлісіп алуға байланысты Құнанбай балалары арасындағы тартыс тізгінін өз қолына ұстаған оның ішкі қулығы мен пасық мақсаты да бейнеленген.

Суреттеп отырған кейіпкерінің характеріне, жан дүниесіне қарай жазушы портреттік сипаттаудың бояуын құбылтып, реңін түрлендіріп отырады: «Мағыштың қазіргі жүзінде қобалжу бар. Сондықтан да оның өңі аса аппақ көрінеді және былтырғыдай алғашқы жастық тұсындағы уыз толықтық биыл ысылыңқы. Оның орайына ұш жағы сәл келтелеу, көтеріңкі, сұлу қырлы мұрны түп-түзу боп айқындай түскен. Үлкен сұрғылт көздері әлі де мол саналы, нұр шұғыласын шашқандай. Қонақтар алғаш кірген жерде аппақ боп кеткен жүзі енді қасына Әбіш келіп, қалаша қол алы-

сып амандасканда бір сәтте қып-қызыл боп ду етіп, ыстық толқын атып қалды». Бұл сипаттауда бізді кейіпкердің сұлу көркі ғана қызықтырып қоймайды, оның жан толқындары, сезім күйлері де ынтықтыра түседі.

Жазушы портреттік сипаттауды бір сарынды етіп алмай, әралуан күйде қолданады. Ол кейбір кейіпкерлерінің портреттерін оларды оқушыларға алғаш таныстырғанда кеңінен суреттесе, ал енді басқа бір кейіпкерлерінің портреттік сипаттарына әрдайым оралып отырады. Бұл ретте көрнекті кеңес жазушысы, тарихи роман жанрының үздік шебері А. Толстойдың портрет туралы мына бір сөздері еске түседі: «...Кейіпкердің портретін тұтас он бет бойына жазуға, оның кейпін, бойын беруге, оның өзі қандай екенін айтып шығуға, содан кейін барып қана бұл кейіпкер әрекет ете бастасын деуге болмайды. Бұл – теріс әдіс. Бұл қызғылықсыз әрі сахналық сипаттан жұрдай, өйткені бір орында қозғалыссыз тұр. Бұл – статика. Кейіпкердің портреті қозғалыстан, күрестен, қақтығыстардан, мінез-құлықтан көрінуге тиіс. Портрет жекелеген жолдардан жол-жолдың арасынан, сөз-сөздің арасынан туады, бірте-бірте туады және оқушы ешқандай сипаттаусыз-ақ оны көз алдына елестете алады. Өйткені егер кейіпкердің портретін сіз бірінші бетте оқысаңыз, онда ендігі сіз оны ұмытып қаласыз және оның қараторы немесе жирен екенін әр уақыт қайта-қайта еске түсіріп отыруға мәжбүр боласыз».

Кейіпкерлеріне портреттік сипаттама беруде М.Әуезов осы тәсілді мол қолданады. Мысалы, Құнанбайдың портреті «Абай» романының алғашқы кітабының тарауларының өзінде әртүрлі қырымен көрінеді. «Бірақ өңі сұп-сұр, зор денелі, бурыл сақалды Құнанбайдың жалғыз көзі бұларда емес» (10-бет). «Әкесінің атжақты келген ұзын сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне ұп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей. Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі оның көтеріңкі жалтұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя берсін, салғырттығы жоқ, сергек, қатал күзетші. Жалғыз көз шүңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады» (19-бет). «Құнанбай қайсар жауапты есітті де, ба-

сын жоғары алып, қарсы терезеге жалғыз көзімен қадалып қарап, үндемей отырып қалды. Сұрғылт жүзі түнеріп, қатты ашумен қарайып бара жатқан тәрізді. Бетінде түк атаулысы бозғылданып, біліне бастады» (110-бет).

Сөйтіп жазушы Құнанбайдың әр сәттегі кескін-кейпін беру арқылы оның сол мезеттердегі көңіл-күйлерін де танытады, оның характерінің әртүрлі қырын аша кетеді. Әрине, Құнанбайға берілген портреттік сипаттау мұнымен бітіп қоймайды. Романның кейінгі тарауларында да Құнанбайдың оқиға өрбуіне араласуына, сезім-сырларына сәйкес оның портреттік сипаттамасы да толыға түсіп отырады. Кейіпкерлеріне портреттік сипаттама беруде М.Әуезовтің осындай тәсілді қолдануының тағы да бір мәні бар. Бұл оның эпопеясының ұзақ уақыттық, ғасырлық оқиғаларды қамтуына байланысты. Эпопеяның басты кейіпкері Абай бірінші кітаптың басында оқушыға тұңғыш рет «бала шәкірт» кезінде, балғын шағында танылса, төртінші кітаптың соңында ол ел ағасы болған Абайдың алпысты алқымдап барып дүние салғанын көреді. Сөз жоқ, Абайдың романда суреттелген ұзақ өмірінің әр кезеңінде жазушы оның портреттік сипаттамасын да өзгертіп, өсіре отырып бермек. Осыны романның басқа да көптеген кейіпкерлеріне байланысты айтуға болады. Өйткені мұнсыз кейіпкерлердің портреттік сипаттамасында ешбір қасиет болмақ емес.

М.Әуезовтің реалистік-суретшілік шеберлігі оның шығарма кейіпкерлеріне сөздік сипаттама (речевая характеристика) беруінен де байқалады. Жазушының қолдануында сөздік сипаттау – кейіпкерлерді өзара даралап, бір-бірінен ажыратудың ғана құралы емес: М.Әуезов кейіпкерлерінің сөздерінен олардың ішкі дүниелері ашылып, ой-өрістері танылып отырады. Сондықтан да олар айтатын сөздері мен сөз тіркестері арқылы, белгілі дәрежеде өздерін сипаттап та отырады. Мысалы, егер Базаралының сөздері оның жауына қатАл досына мейірімді, турашыл, өр мінезіне, Дәркембайдың сөздері оның өмірден алған мол тәжірибесіне, еңбек сүйгіштігіне сәйкес болса, Оразбай мен Жиреншенің сөздерінен олардың қара ниет, аярлығын танып отырамыз. Абайдың болыс-билерді, атқамінер қуларды аяусыз түйреп жазған жырларын естігенде Оразбай былай дейді: «Осы за-

ман... бұзылады-ау! Бұзылғалы тұр-ау! Сонда бұзатын сен боласын-ау, қажы баласы!».

Мұнда Оразбай, бір жағынан, «қажы баласы» деп сөйлеп, Құнанбайдың аруағын сыйлаған болып көлгірсіп, әрі сол Құнанбай балаларының өз арасына от тастауды ойласа, екінші жағынан, сол ойын тура айтпай, түпкі есебін ойлап, алыстан орағытады. Ал Оразбайдың осы сөздеріне қайтарған Оспанның жауабында да оның бетке айтатын тура өткір мінезі ашық байқалып қалады: «Уәй, Оразбай, не дауың бар!? Шын жақсы болсаң, саған айтылған сөз емес. Ал жаман болсаң, жаңағы сөзден өзіңді-өзің танысаң, өз обалың өзіңе! Мұрдем қат!».

Кейіпкерлерінің репликалары мен монологтары арқылы жазушы олардың ұлттық сөйлеу ерекшеліктерін, характер өзгешеліктерін де анық танытады. Сонымен бірге ол бір кейіпкердің монологы арқылы басқа екінші бір адамның да кім екенін сездірте алады. «Абай» романының екінші кітабынан бір мысал келтіріп қаралық. Михайловтың үйінде Домна деген күтуші кәрі әйел бар. Михайловты аңду жайында құпия бұйрық алған карт жандарм Силантий бар шындықты Домнадан біліп алмақ, сыр тартпақ болып әлектенеді. Осыны автор Домнаның сөзі арқылы былайша берді: «...Соңымнан қалмайды. Біресе өзі айналдырады, басымды қатырады. «Сенің мырзаң сицилист» дейді. «Үйіне кім келеді? Өзі қайда барады? Немене ішіп, не жейді?» – деп бәрін-бәрін сұрайды, көк төбет. Ол ғана емес, соңымнан өзі қалмағанына қарамай, базарға барсам, қасапшы семіз қатын Коновалихаға тапсырып қойыпты. О да менен сұрау салады. Дәл әлгі кәрі төбеттің сұрайтынын сұрайды. «Әкеміз патшаны өлтірген социалисің тағы кімді өлтірем дейді? Саған сырын айта ма? Сен қайтып оның қолында қорықпай тұрасың?» деп сұрайды. Менен жасырын сыр біліп алмақ болады. Бәрін істеп жүрген әлгі кәрі төбет, көк төбет!.. Кірді алып келе жатсам, жолда көк төбеттің өзі тұр. «Саған ақшаны көп береді ғой, сырын айтпа деп алдайды ғой. Сен құдайға сенетін, құдай үйіне барып жүретін момын кемпірсің. Саған обал емес пе? Дінге, құдайға, әкеміз патшаға қарсы жаман адамды қорғайсың сен. Оның сырын жасырасың. Бұның орнына, түнде не істейтінін есіктен сығалап көрсеңші. Ондай кісі үйықтап жатқанда түсінде де жаманшылықты көріп, патшаға қарсы, тағы

әлдебір жаман сөз сөйлеп жататын болар. Сондағы сөзін ұғып алсаңшы, маған айтсаңшы», – дейді. Мен: «Қатының бар, балаң бар, өзің картайып қалдың. Өсекші қатынша жаман сөз жинағанша, құдайға тәуба қылсаңшы. Тек жүрген адамға жаманшылық ойлағанша өлсеңші. Адал еңбекпен күн көрмей, аңшының итіндей иіскелеп, тіміскілеп жүресің. Сені де балаларың «әкем бар» дей ме, қатының «байым бар» дей ме? Тфу, ұят, масқара! Сендей байым болғанша, байсыз өлгенім артық», – деймін».

Біз бұл үзіндіні ұзақ та болса әдейі келтірдік. Домна туралы да, Силантий туралы да романның басқа ешбір жерінде ештене айтылмайды. Бірақ шеберлікпен берілген сөздік сипаттама арқылы жазушы олардың бейнелерін жасай алған. Аққөңіл, аңқау, құдайшыл кемпір Домнаның да, ар-ұяттан жұрдай, доғАл ебедейсіз жандарм Силантийдің де бейнелері оқушының есінде қалады.

М.Әуезов өзінің прозалық шығармаларында диалогты онша көп қолданбайды. Бірақ жоғарыда келтірілген мысалдардан драматург Әуезовтің қаламына тән, шебер берілген диалогты көреміз. Әуезов кейіпкерлерінің сөздерінен олардың өздерін қоршаған адамдарға және айналада болып жатқан оқиғаларға деген қатынасы шынайы көрінеді, кейіпкерлердің диалогтарынан олардың бар тұлғасын танимыз, дауысын естігендей боламыз.

М.Әуезов табиғат суретін беруде де өзін үлкен суретші ретінде көрсетеді. «Абай» және «Абай жолы» романдарынан қазақ кеңес әдебиетіндегі пейзаждың классикалық үлгілері болып табылатын тамаша табиғат суреттерін кездестіреміз. М.Әуезовтің қолдануында пейзаж оқиғаның болған орны мен мерзімін дәл көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге ол әрқашан адамдардың характерлерінің типтік сипаттары мен олардың өзара қатынастарын мейлінше мол ашуға да қызмет етеді.

Табиғат суретін беру Әуезов үшін дара мақсат емес, ол пейзажды өзінің авторлық идеясына сәйкестендіріп, үнемі құбылтып, құлпырта отырып қолданады. Жазушы табиғат суреттерін көбіне кейіпкерлердің ой-сезімдері, солардың түсінулері арқылы береді. Мысалы, «Абай» романының бірінші кітабының алғашқы тарауындағы бояуы қалың табиғат суреттері туысқандары мен туған даласын, ауы-

лын үздіге сағынған, соған жетуге асыққан шәкірт Абайдың түсінулері арқылы берілсе, романның екінші кітабының бас жағындағы көктем суреттері бұдан мүлдем басқаша: «Көптен қаладан шықпаған Абайға жаңа көктем енді ғана өзінің келе жатқанын баян етті. Сол жақта, алыс көкжиекте, көкшіл мұнар ішінде Семейтау көрінді. Қардан о да арылыпты. Кесек, жұмыр бір ғана қатты толқын бүктетіліп түйіліп кеп, мәңгіге мелшиіп, қатып тұрып қалғанға ұқсайды. Айнала, сардала ортасында оқшау бітіп, оқыс тұрып қалған бір үздік тау. Мәңгі-баки жым-жырт боп, созылған сахараның бір заманда, әлденеден булығып, лықсып шыққан ереуіл толқыны ма? Ашу қажыры ма? Сол бейнелі бөлек тау... Мынау салқын лебі айықпай ескен күншуақты көктем күніне Абай жүрегі өзгеше бір еміреніп келеді. Кеудеде талай ыстық толқын сезімдер сыя алмай сығылысқандай. Өлең әнге оралып, еркеленіп келеді... Үзіле алмай ырғалады». Міне, бұл суретте туған даласының сұлулығын сезіне білген, табиғат көктеміне ақындық толғанушылықпен елжірей ынтыққан әрі өз өмірінің көктемін – жастық шағын аңсай сағынған Абай жанының қат-қабат, нәзік толқындары да бар.

Егер Абайдың көңіл-күйлеріне байланысты алынған табиғат суреттерде ақын сезіміне лайық бояулар мен өрнек-нақыштар мол араласып отырса, ал Әбіштің түйсінулері арқылы берілетін пейзаждық көріністер басқа бір алуан болып келеді: «Жырактау жерде қалың ауылдың кешкі оттары көрінді. Түн жым-жырт. Жел де жоқ. Бірақ сәл ғана білінген, сызды салқын бар. Толған ай дәл төбеде биіктеп, нұрлана жарқырап тұр. Жұлдыздар да алыстан, ұзақ ұшқын шашылғандай, сәл ғана жылт-жылт етеді. Бірақ аспан әлемі ерекше кеңейіп, шексіз жиһан барынша ғажайып жайнап тұр. Көрмеге шыққан сиқыр ғалам әлсіз адам ойымен, қиялымен ойнағандай. Көз шарасына, ақыл-санасына сыймастай алып барлық адам ойын осы бір тынып барлап тұрған ұлы тыныштығының өзімен де кішірейтіп, тозаңдай елеусіз етіп, бағындырып тұрғандай». Міне, шын суретшінің шебер қолымен жасалған осы бір ғажайып сурет бұдан кейін келетін Әбіштің дүние, тіршілік туралы философиялық ойларымен ұласа үйлеседі.

Әуезовтің қолдануында пейзаж кейде болғалы тұрған оқиғаға ая ретінде алынады да, оқушыны соны терең

түсінуге алдын ала дайындай түседі. Мысалы, «Абай жолы» романының ең басында берілген бұлыңғыр, күңгірт күз суретінен оқушы көңілсіз бір жәйдің болатынын күн бұрын сезінеді. Оның сол сезімі Енлік пен Кебек жайын еске түсірген тұстағы және Әбді әкелген реніштi хабарды естіген сәттегі Абайдың көңіл налыстарына дейін суынбай жетеді. Бұл – сол суреттің шынайлығын, дәлдігін ғана емес, оның әсерінің күштілігін де көрсетеді.

Абай туралы романдарда пейзаж шығарманың оқиғаларын дамытуға септігін тигізеді және оларды өзара тұтастырып, мотивировкалық қызмет те атқарады. Бұған «Абай» романының екінші кітабындағы ақтүтек, дүлей боран суреттелетін эпизод айқын дәлел бола алады. Бұл сурет, бір жағынан, кейіпкерлер характерінің кейбір сипаттарын айқындай түседі және оқиғаны өрбітеді, оның себебін анықтайды. Дүлей боранда адасқан Абайлар күтпеген жерден Тоғжан ауылын кездестіреді. Ежелгі ғашықтар сағына кездескен шақта Абайдың қатты наукас болғанына қатты налиды, өкінішті арман етеді. Бұл тұста дүлей боран сол ғашықтарды әуелде-ақ бір-бірінен айырып жіберген сорлы да қатал тағдырдың символына айналады. Сонымен қатар осы эпизодта Әуезовтің суретшілік таланты тағы да оқшау танылатынын атап айтпай болмайды. Ақтүтек, алай-түлей боран суреттелетін жерлерді оқығанда сол мылқау күшке бейне өзің тап болғандай сезінесің.

Әуезов пейзажға бұдан басқа да көп қызмет атқартады. Солардың бірі – жанама мінездеу. «Абаї жолы» романынан бір мысал келтіріп көрелік: «Қарлы дала, ымыртқа тақау, қарауытпай көкшіл тартқан. Аққөк реңді суық дала. Сол далада қоңыр күңгірт бұйық мола тұр. Жүз жыл бойы бар өңірден басы озған шошақ, сопақ қалпында әлі балғын. Қобыраған жері жоқ! Кеңгірбайдың аруағы иісі Олжай. Жігітектің надан нәсіліне әлі қандайлық қадірлі, құдіретті болса, моласы да сол жүз жылғы мызғымас меңіреу, тылсым қуатынан айнымағандай. Бұл молаға баксаң, заман да өтпегендей. Сахара заңы да бар қаталдық, бар надандық зұлымдығымен молаша мызғымай қалғандай. Тар есіктен қараңғы қуыс қабір іші аңғарылады. Онда үнсіз, мәңгі түн. Жарықпен, тірлік үнімен шарпысқан қыңыр қараңғылық. Айналада ызыңдап кешкі аязды жел соқты... Жақын шилер басы күпсек қарын

сілкітіп, мүшкілдік халін құптайды. Аласа әлсіз жас бұталар да жел екпінінен қалтаң қағып, тынымсыз-тыныштығынан айырылған... Осындай күдік пенен әлсіздік айғақтарының арасында қайсар мола өзі де осы иесіз өңірдің қара күшіндей дүңкиіп, қатқыл қарап, суық мұңмен қарауытып тұр». Бұл сахара тіршілігінен құбыжық көрінген, тылсым күшті мылқау моланың суық суреті ғана емес. Сонымен қатар бұл көрініс Кеңгірбайдай қорқау бидің моласы Абайға қастандық жасауға ант-су ішіскен Оразбай, Жиреншелердің арамдығы мен қараулығын сездіреді және солар арқылы бейнелетін надандық, өктемдік дүниесінің, сахараның еңсесін басқан қара күштердің символы есепті.

Пейзаждық көріністер жасаудағы жазушы тілінің суреттілігі мен молдығы эпопеяның соңғы кітабынан да анық сезіледі. Сонымен бірге ондағы табиғат көріністерінен автордың бұл ретте Абайдың өз өлеңдеріндегі пейзажды да шеберлікпен пайдалана, бере білгенін байқау қиын емес. Бір ғана мысал келтірелік: «...Енді бір сәтте жаңағы жарқыраған күнес күнгей беттері де аз-аздап жайылған көленкелі ажымдар көрсете бастады. Бұнда да енді шұғылалы күн мен қоңыр көленке, көкшіл ажым кезектесіп таласыпты. Сәт пен жаманат болып тайталаса бастаған. Енді біраз тұрғанда Абай көзі тағы да жылжып өтіп, әр сәтін айқын танытып бара жатқан бейуақ мезгілін аңғарады. Кеш жеңіп келеді. Көленкелер тұтасып барады».

Міне, бұл тамаша суретті оқып қана шықпайсың, сонымен бірге көріп, сезініп те отырасың. Және Абайдың «Көленке басын ұзартып» деп басталатын тамаша өленіндегі ақын жанымен астасып берілген ғажайып көріністер, ондағы лирикалық кейіпкердің толқыған жұмбақ күйлері мен мұңналаға толы жабырқау ой-сырлары еске еріксіз оралады. Роман кейіпкері мен Абайдың өз өленделіндегі лирикалық кейіпкердің түйсінулері, тебіреніс-толғаныстары мен ой-сезімдері осылайша өзара ұласып келетін мұндай эпизодтар М.Әуезов эпопеясында мол ұшырасады.

Жазушының табиғат суреттерін берудегі үздік шеберлігіне соңғы кітаптың ең ақырғы «Жұтта» деген тарауындағы үскірік аяз бен қақаған қарлы боран суреттелген көріністер де айқын дәлел бола алады. «Абай» романының екінші кітабындағы Абайлар ең аулап жүріп тап бола-

тын алай-түлей, ақтүтек боранның қайталанбас суреттері оқушының есінде. Ал соңғы кітапта автор сол суреттерін зәредей де қайталамаған, бірақ әсер етушілік қуаты одан ешбір кем емес көріністер жасай алған. Және оны оқып, көріп отырғанда тағы да Абайдың қыс туралы, қақаған үскірікте мал соңында жүрген жылқышылар туралы атақты өлеңін амалсыз еске аласың.

Жалпы алғанда, Абай туралы романдардағы жазушы жасаған қайталанбас тамаша табиғат көріністерінен туған сахараның стихиясын ақындық жанмен тебірене сүйген әрі аскан нәзіктікпен сезінген суреткердің өз тұлғасы да, жай көзге шалына бермейтін, тек жіті байқағанда ғана аңғартатын романтикалық сырға толы сол далаға деген оның ыстық құштарлығы да айқын танылады.

Абай туралы романдар өздерінің сюжеттік өрбуінің, композициялық құрылысының шебер тартылуымен де ерекшеленеді. Тарихи тақырыпқа арналған шығармада сюжет ең басты мақсатқа, яғни тарихи және көркемдік шындықты терең ашуға қызмет етуге тиіс. Әуезов романдарында сюжет осындай қызмет аткарады да. Тарихи адам туралы романда оның бүкіл өмірінің кезеңдері мен оқиғаларын егжей-тегжейіне дейін көрсете беру мүмкін де емес және мұның қажеті де жоқ. Әуезов Абай өмірінің шығарма идеясын ашуға аса қажетті типтік кезеңдері мен оқиғаларын таңдап алады. Романның әр кітаптарындағы емес, тіпті жекелеген тарауларындағы оқиғалардың арасына талай жылдар түсіп кетіп отырады. Бірақ бұдан роман тарихи хроникаға айналып кетпейді, оның көркемдік касиеті кемімейді. Романның кейіпкерлері әрбір тарауда өсіп, жетіле түсіп, өздерінің жаңа касиетін терең ашып отырады.

Тарихи тақырыпқа арналған шығарманың негізгі геройы неғұрлым ұлы, кесек тұлға болған сайын оның сол өзін қоршаған ортамен қарым-қатынастары да соғұрлым мол қамтылады. Бұл шығарманың көп планды, күрделі болуына әкеледі. Осы ерекшелік Абай туралы романдарда мейлінше айқын көрінеді Онда алуан түрлі, сан салалы оқиғалар мейлінше мол. Бірақ шығарманың жалпы сюжеттік өрбуінде олардың әркайсысының өз орны және атқаратын қызметі бар. Автор бірнеше сюжеттік желілерді қатарластыра, жарыстыра өрбітеді. Бір оқиғадан екінші оқиға дамып туын-

дап жатады. Геройлардың характері осылайша қою оқиғалар тізбегінде, тайталас үстінде өсіп қалыптасады. Бірақ осы сюжет өрбуі де, характерлердің дамуы да, ең алдымен, сол характерлердің өз шындығынан туып жатады.

Шығарма композициясын құрудағы негізгі міндеттердің бірі өмірлік мол, күрделі материалды және кейіпкерлердің тағдырларын, олардың байланыстары мен өзара қайшылықтарын бөлінбес бір тұтастыққа ұйымдастыра білу. Жазушы осы міндетті табысты шеше алған. Оның романдарында өз орнын таппаған, оқшау тұрған бірде-бір оқиға, бірде-бір эпизод жоқ. Ондағы оқиғалар драмалық өткірлікпен тез, шиеленісе дамып, заңдылықпен, нанымды түрде шешіледі.

Романның бірінші тарауында Абайдың оқудан қайтып келгені суреттелетіні мәлім. Бұл тарауда алғаш бәрі де тыныш, өз орнында сияқты сезіледі. Бірақ бұл бейкам көрініс ұзаққа созылмайды. Әкесінің шақыртуымен барып, билердің әңгімесін тыңдап отырған Абай жантүршігерлік бір оқиғаның жәйін естиді. Бұл – Қодар басына байланысты оқиға. Құнанбай бастаған билердің ызбарлы, суық сөздері жас Абайды қатты түршіктіреді. Бірақ ол мұның сырына әлі түсіне алмайды. Қодардың кім екені шығарманың кейіпкеріне ғана емес, сонымен қатар оқушыға да жұмбақ. Сондықтан да автор екінші тарауды тікелей Қодар жайын баяндаумен бастайды. Қодар мен келіні Қамқаның сорлы тіршілігін, ауыр қайғысын көрген, шын адал сырын сезген оқушы Құнанбайлардың олар жайында айтқандары өтірік жала, құр ғайбат екенін енді анық біледі. Бірақ бұл оқиғаның немен тынатыны әлі белгісіз. Шындық, әділдік жеңіп шыға ма, әлде ол қара күштердің құрбандығына айналып кетпек пе? Міне, осы сұрақтың шешімі оқушыны қатты толғандырады. Жазушы мұның жауабын кейінге қалдырмайды. Қодарлар жазықсыз жазаланып, азаппен өлтіріледі. Тартысты осылайша тез өрбітіп, шебер шешу арқылы автор өгей өмірдің әділетсіздігін өткір әшкерелей түседі.

Сөйтіп, Қодар қара күштердің жауыздық әрекетінің құрбаны болды. Ал Құнанбайдың оған жала жауып, ауыр жаза қолдануының себебі неде? Мұның сырын, яғни Құнанбай Қодарды оның жерін иемдену үшін өлтірткенін романның «Қат-қабатта» аталатын екінші бөлімінің алғашқы тарауында барып қана білеміз. Әуезов осылайша оқиға күрделілігіне,

тартыс өткірлігіне ұмтылып отырады. Бірақ бұдан оның шығармасы оқушы түсінігіне ауырлық келтірмейді, қайта оны ынтықтыра түседі. Осы арқылы автор суреттеп отырған құбылысының мәнін терең ашады.

Тарихи романның композициясы жайында әдебиетте әртүрлі пікірлер, әралуан тәсілдер болды. Өткен ғасырда Батыстың және орыстың бірсыпыра жазушылары хроникалық формаларға көбірек бой ұрды. Сондықтан да олардың шығармаларының көркемдік жинақтаушылық қуаты әлсіз, композициялық құрылысы босаң тартты. Лажечниковтың «Басурман» деген романының дәл осындай кемшіліктерін Белинский қатал сынға алған болатын. Бұл ұлы сыншының әдебиеттегі көркемдік үнемділікті жақтаған эстетикалық принциптерінің жемісі еді. «Ақын романының кейіпкері әрдайым қалай тамақтанғанын жазып шығуға міндетті емес, – деп көрсетті ол, – бірақ егер оның тамақ ішуі өзінің өміріне әсер етсе және одан белгілі бір дәуірдегі белгілі бір халықтың тамақ ішуінің сипаттық белгілерін көзге елестетуге болатын болса, онда ақын геройының осындай бір тамақ ішкен жайын суреттеуге ықтиярлы... Ақын бөлшектелген және жекелеген құбылыстар дегенді білмейді, ол үшін тек идеалдар мен типтік образдар ғана бар» (В.Г. Белинский).

Сөйтіп, Белинский кейіпкердің ұқсас, біртектес қимыл әрекеттерін қайталап суреттей бермеуді, оның іс-әрекеттерін тек типтік жағдайда ғана бейнелеуді талап етеді. Бұл талапқа жауап бере алмаған жазушы өз шығармасын шұбалаңқы, болбыр етіп алмақ. М.Әуезовтің эпопеясы сияқты, бірнеше кітаптан құралатын және әртүрлі кейіпкерлердің ұзақ уақыт бойғы өмірін қамтитын шығармаларда автордың осы тектес көркемдік кемшілікке, яғни қажетсіз қайталауларға бой алдыруы әсіресе ықтимал. Ысылған, шебер М.Әуезов тұтастай алғанда бұл кемшілікке ұрынбаған. Кейіпкерлерінің сырттай өзара ұқсас, біртектес іс-әрекеттерін қайталап бейнелегенде де жазушы олардың характерлерінің соны бір қырларын ашуға ұмтылады.

Абай туралы эпопеяда лирикалық шегіністер біркелкі мол ұшырасады. Жазушы бұған саналы түрде, әдейі барған, оның қолдануында лирикалық шегіністер шығарманың композициялық тұтастығына селкеулік жасамайды, қайта оны толықтыра, бірегейлендіре түседі. Ұзақ уақытты қамтитын

тарихи романда кейіпкерлердің тағдырларына байланысты оқиғалардың барлығын бірдей егжей-тегжейіне дейін суреттеп жатуға мүмкіндік жоқ және бұл қажет те емес. Сондықтан да кейбір реттерде жазушы белгілі бір кейіпкерлерінің нендей күйге душар болғанын, олардың не тындырғанын лирикалық шегіністер арқылы немесе елес-емеурін арқылы да аңдата кетеді. Бір-екі мысал келтіріп қаралық.

Эпопеяның негізгі кейіпкерлерінің бірі Базаралы айдауда болып қайтады. Бірақ жазушы оның сол жат жерде, бұғаулы күйде жүрген жайын тікелей, арнайы суреттемейді. Өйткені бұлай етсе, ол шығарманың оқиғалары болып жатқан ортадан алыстап кетер еді және оның сюжеттік өрбуінің динамикалық қуатын әлсіретіп алар еді. Сондықтан да жазушы Базаралының айдауда болған шағын лирикалық шегіністер арқылы, кейіпкердің еске түсірулері, ой-толғаныстары арқылы ғана баяндайды.

Сол сияқты, «Абай» романының бірінші кітабында Абай мен Тоғжанның алғашқы танысуын, олардың бірге өткізген қимастық ыстық шақтарын автор суреткерлік нәзік сезімталдықпен әрі мол суреттейді, бірақ олардың қалай ажырасқанын көрсетпейді. Әрине, бұлай қалдырса, романның осы кейіпкерлерінің тағдырына байланысты, ортақ желі қажетті көркемдік тиянақ таппай, солғын тартып кетер еді. Сондықтан да романның бірінші кітабының «Қияда» атты соңғы тарауында автор орайын тауып осы тақырыпқа қайта оралады... Кәрі әже Зеренің өлімінен кейін қалжырап қамыққан әрі жастық шағымен еріксіз ерте қоштасып, жабырқау күйге түскен Абайды Сүйіндіктің баласы Асылбек конаққа шақырады. Бірде оңашада Қарашашпен сырласып отырып, Тоғжанды еске алады. Сөйтіп, Абайдың асыл жары Тоғжанмен қоштасқан қимас сәттерінің көріністерін оқушы жан тебірентерлік әсерлілігімен көз алдына айқын елестетеді.

Көркем шығарманың композициясы өзінің кейбір белгілері жағынан сурет өнеріндегі (живопись) композицияға ұқсас болып келеді. Суретші өзінің негізгі идеясын анықтап алғаннан кейін оның лайықты да тиімді көркемдік шешімін табу жолында толғанады, ізденеді. Бұл ретте мүсінделетін кейіпкерлердің немесе заттардың орналасу тәртібін, кескін-кейпін, олардың бояу реңктерін дұрыс тауып алудың маңызы

ерекше. Мұнсыз көркемдік тұтастық тумақ емес. Осыны көркем шығарманың композициясы жайында да айтуға болады. Жазушы көркем шығарманың композициясын өзінің негізгі идеясын неғұрлым терең де әсерлі ашатындай, әрбір кейіпкерінің образын оның характеріне сай, бойына шақ етіп бейнелеуге мүмкіндік беретіндей етіп құруға тиіс. Сонымен бірге көркем шығарма композициясының өзіндік ерекшелігі бар. Бұл оның үнемі өсу-өрбу үстінде, динамикалық күйде алынатындығына байланысты. Осы ерекшеліктерді толық бауырағанда ғана жазушы шығармасының композициясын сындарлы етіп құра алмақ.

Абай туралы эпопеядан жазушының композиция құрудағы осындай қиындықтар мен ерекшеліктерді суреткерлік алғырлықпен игергенін көреміз. М.Әуезов романдарының композициялық құрылысында бәрі де заңды, нанымды түрде беріледі, шығарманың негізгі идеясына бағынады, сол идеяның мейлінше көркем әрі айқын бейнеленуіне септігін тигізеді, образдарды айқындай түседі.

М.Әуезовтің жазушылық манерасының бір ерекшелігі сол – оның шығармада суреттелетін окиғаларға және кейіпкерлерге деген авторлық қатынасы әрдайым айқын сезіліп отырады. Бұл – жазушыда суреттеу құралдарының молдығы мен әртүрлілігін туғызады. Абайды, Базаралыны және басқа да халық өкілдерін автор мол мейірмен, сүйсіне, тебірене бейнелейді. Ал ұнамсыз кейіпкерлерді суреттегенде жазушы әшкерелеушілік қуаты күшті суреттеу құралдарын пайдаланады. Мысалы, Жұманды суреттегенде автор оның берекесіз мылжыңдығын зілсіз келекелейтін юморды көп қолданса, Әзімбайдың ішмездігін, Оразбай мен Жиреншенің аярлығын, арамзалығын шенегенде ол көбіне өткір сатираға, сарказмға ауысады.

Абай туралы романдар өздерінің эпикалық құлашының кеңдігімен де ерекшеленеді. Бұл ретте біз авторлық баяндаулардың молдығын емес, окиғалардың қалыңдығын, тартыстардың әлеуметтік тынысының тереңдігі мен өткірлігін, шығарманың өмірлік шындық пен оның құбылыстарын қамту мүмкіндіктерінің кеңдігін ең негізгі өлшем етіп аламыз. Эпикалық тереңдік пен кеңдік авторлық идеяның мәнділігі мен күрделілігінен, суреткердің өмірге деген құштарлығынан, оның шындықты неғұрлым мол әрі жан-

жақты қамту тілегінен келіп туады. Бұл ретте А. Толстойдың қазіргі әдебиеттегі эпикалық жанрдың ерекшеліктері туралы айтқан мынадай бір пікірлерімен келіспеуге болмайды. «Шамадан тыс эпикалық үшін мені кінәлауға болады, – деп жазды ол, – бірақ бұл талғаусыздықтан емес, қайта өмірге, адамдарға, тұрмысқа деген сүйіспеншіліктен келіп туады».

Әрине, бұл айтылғандарға қарап М.Әуезовтің романдары бастан-аяқ тек эпикалық планда, ұзақ-сонар баяндау сарынында жазылған екен деген ұғым тумасқа керек. Біздіңше, Абай туралы эпопеяның көркемдік ерекшеліктерінің негізгі сипаттарының бірі жазушының авторлық қатынасының айқын саралығында, оның ешбір бүкпесіз берілетін суреткерлік құштарлығында. Эпикалық сарындағы шығарманың бірыңғай салғырттығы мен енжарлығына қарсы шығып, бір кезде Белинский былай деп жазған болатын: «Вальтер Скотт, Купердің романдарында елеулі бір кемшілік бар. Рас, ол кемшіліктерді ешкім де көрсеткен жоқ... Бұл – эпикалық элементтің тым басым болып кетіп, ішкі, субъективтік негіздің жоқ болуы. Осы кемшіліктің салдарынан бұл ұлы екі суреткер өз шығармаларына сүлесоқ, енжар қарайтындай. Олар үшін бәрі де жақсы сияқты. Ізгілік пен зұлымдықты, әдемілік пен әдепсіздікті көрген шақта да олардың жүрегі лүп-лүп соқпайтындай. Адамның ішкі сарайы барлығын олар бейне бір білмейтіндей. Әрине, бұл кемшілік деп танылуға тиіс, өйткені қазіргі күннің талабын сезіну – суреткердің бойындағы ең ұлы қасиет».

М.Әуезовтің авторлық айқын қатынасы мен құш тарлығы шығарма оқиғаларының өрбу барысы мен кейіпкерлер бейнесінің сипатынан да, құбылыстарға деген көзқарастан, баяндаулардан да анық байқалады. Әрине, мұның өзі де үнемі бірдей біркелкі бола бермейді. Мысалы, алғашқы романдардағыдай емес, соңғы кітапта авторлық баяндаулар мол. Бұл жазушының тарихи құбылыстар мен оқиғаларды, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін барынша мол қамту тілегінен туған. Расында да, соңғы кітапта күрделі де, кесек оқиғалар жиі ұшырасады. Өйткені Абайдай үлкен тұлғаның әлеуметтік қызметін көрсету үшін, оның халықпен байланысын кең ашу үшін осылай ету қажет те. Сол оқиғалардың кейбіреулеріне Абай тікелей араласпайды. Бірақ олардың Абай бейнесін толықтыра түсудегі, оның характерін ашудағы мәні ерек-

ше. Сонымен бірге М.Әуезов оқиғаларды жай баяндап қана қоймай, оларға өзінің авторлық бағасын да білдіріп отыратындығын ескеру қажет.

Абай туралы романдар романтикалы толқын-сырға, нәзік те қызулы лиризмге толы. Бұл шығармашылық адамына арналған тарихи шығарма екені мәлім. Автор Абайдың ақындық шығармашылығының психологиясын терең әрі шынайы ашып отырады. Бұл бүкіл шығармаға нұрлы ажар, жарқын өң береді. Бірақ романның лирикалық сипаты тек осыған ғана байланысты емес. Шығарманың тілінен де, авторлық баяндаудан да, табиғат суреттерінен де, кейіпкерлердің сөздерінен де біз лирикалық лепті айқын сезіп отырамыз. Бірақ бұдан М.Әуезов романдарының нағыз реалистік прозаға тән қасиеті, эпикалық кеңдігі жоғалмайды, онда суреттелетін оқиғалар мен тартыстардың драмалық өткірлігі әлсіремейді. Қайта, лиризм жазушының шығармашылық манерасына ерекше сипат беріп, жайнаta түседі. Жалпы алғанда М.Әуезовтің Абай жайындағы романдарының төрт кітабын да ақын туралы зор шабытпен, ақындық терең тебіренумен жазылған, төгіліп тұрған тамаша жыр деп атаса да болғандай.

Көркем әдебиет – сөз өнері. Өнердің басқа түрлерінен оның ерекшелігі де осында. Образды сөзден тыс, бөлек алып қарауға болмайды. Көркем шығарманың тілін талдағанда, ең алдымен, сол тілдік құралдар арқылы жасалған образдың мағынасын және оған автордың қатынасын айқындап алу қажет. Көркем шығарманың тілі жөнінде сөз ету – жазушының қанша метафора немесе эпитет қолданғанын жіпке тізгендей санап айту емес. Біз үшін ең маңыздысы – образды терең ашу үшін автордың сол суреттеу құралдарын, өзінің ана тілінің байлығын қаншалықты мол және қалай пайдаланғандығы.

М.Әуезов романдарының көркемдік қуатының ең негізгі тамырларының бірі – оның тіл шеберлігінде. Жазушы тілінің шеберлігі, оралымдығы оның авторлық баяндауларынан да, табиғат суреттерінен де, кейіпкерлердің сөздік, портреттік сипаттарынан да әрдайым айқын сезіліп отырады. Қазақтың ғасырлар бойы жасалып, молығып келген тіл байлығын жазушы жете игерген және сонысын өзінің романдарында мейлінше мол әрі шебер пайдаланған. Яғни ол

туған тілінің бойынан бейнелілік мол қуат тапты. Бұл заңды да. Өйткені қандай сөз суретшісі болмасын тыңнан тіл жасай алмақ емес. Бірақ ол халық тілін молықтырады, оны жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен байытады, ол өз халқының тіл байлығын мол пайдалана отырып, қазақтың әдеби тілін жаңа биікке көтерді. Қазақтың әдеби тілі, жалпы, революциядан бұрын-ақ қалыптаса бастағанмен, реалистік көркем прозаның тілі әдебиетімізде осы жанрдың туып, дамуына байланысты қалыптасып жетілді. Бұл ретте М.Әуезов романдарының атқарған рөлі ерекше. Жалпы алғанда қазақтың қазіргі әдеби тілінің байлығы мен алуан түрлі қырын, оның суреттеушілік мүмкіншіліктерін М.Әуезовтің Абай туралы романдары мейлінше анық танытты.

Халық тілінің сөздік қорын, лексикалық байлығын жете игерген жазушы көп реттерде қолданудан бекер ұмыт болып, ескерусіз қалып бара жатқан сөздерді аршып, екшеп пайдаланады немесе жайшылықта айтылып жүрген сөздерге тың мағына, жаңа бітім беріп, жаңғырықтыра, жайната қолданады. «...Бір уақыт ол әке сөзінің сарын, ағымын тыңдайды. Кейбір өзі білмейтін қиын, жаңа сөздерін ұстап қалады. Әлдекімге қаптап, зірқілдеп сөйлеп отырған әке сөзі бұған бір жортуыл шабуыл үстіндегі шұбырынды, ұзақ сарын сияқтанады. Кейде ұғымсыз сөзден іші пысып, әкесінің пішін тұлғасына қарап, қадалып қалады». Осы бір шағын үзіндіден алыс, тартыс үстіндегі Құнанбайдың бүкіл тұлғасы көз алдымызға келеді. Әдетте «Қаптау» деген сөз толассыз мол қимылды, көптің қимылын білдіреді (Мысалы, қалың қолдың қаптауы, т.б.). Жазушы осы сөзді жаңа орында қолданып, оған тың мағына бітіріп, ерекше қызмет аткартқан. Бұл сөз ашу-ыза үстінде Құнанбайдың қарсы жақты жеп коярдай, түтіп жіберердей болып, сөзді үстіүстіне түйдектетіп, төкпелеп, бастырмалата сөйлейтінін шебер бейнелейді. Немесе, Әбішпен ең алғаш кездескен сәтте скрипка тартып тұрған оған телміре қарап қалған Мағрипаға Дәрмен «Жігіт жақсы емес пе?» деген сұрақ бергендегі қыздың жан толқындарын жазушы былай суреттейді: «Қыз күлмей, томсарыңқырап жүзін бұрды. Енді Әбішке қарамауға тырысты. Ешбір жаңға ашылып көрмеген үркек сұлу жаңағы окыс сұрақтан қысылып, тығылып қалғандай. Өз ішіндегі сондайлық сәл бүлінуімен ол ендігі суық өзгерісін аңғармай

да қалды». Халық ұғымында «үркек» деген сөз тек малға, оның ішінде әсіресе жылқыға байланысты қолданылады. Ал М.Әуезовтің дәл осы жерде қолдануында бұл сөз әлі ешкімге беті ашылмаған жас қыздың соған орай албырттығын, сол бір сәттегі оның сезім күйін әсерлі елестетеді.

Жазушы сөзді орнымен, шебер қолдану арқылы адамдардың характерін де ұтымды ашып тастайды. Бір ғана мысал келтірелік. «Абай жолы» романының алғашқы бір тарауында болыс сайлауы суреттеледі. Құнанбай балалары бұл жолы болыстыққа Оспанды сайламақ болады. Олар ояз Казанцевке көп пара береді. Бірақ Оразбай, Жиреншелердің астыртын әрекетімен Оспан болыстыққа өтпей қалады. Бұл тек Құнанбай балаларын ғана емес, олардың жақтасы Казанцевті, тіпті оның әйелі Анна Митрофановнаны да қатты шошытады. Ол «как так!» деп қатты айғайлап жібереді. Ал орысшадан түк хабары жоқ, дүлей Оразбай, Жиреншелер «Ояздың қатынына шейін «көтек» деді» деп әбден даурығады. Міне, осы бір сөз арқылы-ақ жазушы Оразбайлар тобының қуыс кеуде надандығын ғана емес, сонымен бірге олардың әулекілігін, әпербақандығын да жеткізіп бере алған.

Жазушы жекелеген сөздерге ғана емес, тұтас сөз тіркестеріне де тың бітім беріп, жаңғырта қолданады. «Бейуақ еді. Кеш қараңғылығы қоюланып келеді. Үлкен үйдің бұрыш-бұрышынан қарауытып түн туып, тұтасып келе жатқан тәрізді». Мұндай тың бітімге ие болған, жаңа мағына беретін суретті сөздер мен сөз тіркестерін романнан мейлінше көп кездестіруге болады. Әрине, М.Әуезовтің тіл шеберлігі тек осындай жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінде ғана емес. Бірақ бұл келтірілген мысалдардан жазушы сөзге мейлінше ұқыпты, жауапты қарайтындығын көреміз. Ол сөзді саралап, екшеп, салмақтап, қолданады. Оның сөйлемдерінде әр сөз өзінің орнында тұрады, оны басқа жерге қоюға болмайды. Сондықтан да ондай сөз автордың ойын барынша дәл, толық, айқын жеткізіп береді және образдың, картинаның бөлінбес бір бөлегіндей сезіледі.

М.Әуезов тілінің синтаксистік құрылысы күрделі, алуан түрлі болып келеді. Ол білдіретін ойының кеңдігіне, тереңдігіне қарай сөйлем құрылысын да құбылтып, өзгертіп отырады. Жазушы күрделі синтаксиске, құрмалас сөйлемге

көп ұмтылады. Бұл оның өмір шындығын, құбылысты, кейіпкерлердің психологиясын терең, толық күйінде суреттеп беру тілегінен туады.

Абай туралы романдарда кейіпкерлердің тілі мен сол кездегі дәуірдің тілі қалай берілгендігі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Әуезов кейіпкерлерінің тілі олардың өздерінің дүниетануларына, ой өрістеріне, характерлеріне қарай алуан түрлі, әр нақышты болып келеді. Құнанбай, Бөжей, Қаратай сияқты билердің тілінде астарлы мағыналы, тұспал сөздер мол.

Мысалы, Бөжеймен ұстасып жүргенде Құнанбай оны қаймықтырмақ болып, мынадай сәлем жолдайды: «Бөжей арыз беріп, аяғымнан алғанын қойсын! Болмаса, сұр шекпенді кигізіп, бойын кездеп, айдатқанша тоқтамаспын!». Осы сөздерге Бөжей де орайлы жауап қайтарады. «Көк шекпенді біздің мырза пішкен жоқ, құдай пішкен. Кім киерін көрерміз...».

Сол сияқты, Майыр мен екеуінің сөздерін аударғанда «қылмыңдап қозғақ қағып» жалтақтаған «қасқа бас тілмашқа» Құнанбай былай деп зекиді: «Ей, тілмаш, осы саған «әке» дейін, жарықтығым, тек дегенімді түгел жеткізші! Ін аузында отырған аққөт торғай сияқты қылп-қылп еткеніңді қойшы осы!». Ал қажылыққа аттанғалы жатқанда туыстарымен, жанашыр жақындарымен қоштасар алдында айтқан сөздерінен Құнанбай мінезінің тағы бір қыры байқалады. «Аз ба, көп пе, бұйрықты күндерді туыс боп, бауырлас боп бірге кештік. Сол маған қанағат. Үбірлі-шүбірлі боп тіршілік кешіп жүргенмен әркайсымыздың өлім-казамыз өз бетімен, оқшау келеді. Тобыннан, шоғырыннан айыра келеді. Ол келген соң қай жерде келгенінде, қай сәтте келгенінде не таңдау бар? Қуыс шатты ең соңғы мекені еткен кәрі аркардың келте соқпағындай аз тірлігім қалды. Менің ендігі қысқа жолыма сендер де енді кешірім етіңдер».

Бұл сөздер Құнанбайдың характерін, оның сөйлеу ерекшеліктерін танытып қана қоймайды, сонымен бірге олардан өткендегі қазақ билерінің шешендік сөздеріне тән болған тақпақтап, астарлап айту тәсілін де анық аңғарамыз.

Ал Базаралы мен Дәркембайдың сөйлеген сөздерінен нағыз халық тіліне тән тазалық пен алғырлықты, шешендікті айқын көреміз. Тентек ояз Кошкиннің жаласымен Семейге

шақыртылып, каталашқаға отырғызылған Абайдың артынан іздеп келгенде Базаралы былай дейді: «Жолдасын таппаған ер азады, басшысын таппаған ел азады, десе болады. Жолдасты да, басшыны да тауып, мерейім асып тұрған күнім осы! Байлау біреу-ақ. Не Абайды аман шығарып ап, күле жайнап бәріміз елге қайтамыз. Немесе Базаралы бас қияды да, осыдан ел бетін көрмей айдауға кетеді. Қиянға кетеді. Тек өкінбей кетеді бұл жолы!». Жолдастыкка берік адалдығын әрі қайсар турашылдығын Базаралы осылайша бүкпесіз сөздермен сездіреді. Бірақ ол мұнысын тапқырылықпен танытады.

Шығарманың басты кейіпкері Абайдың тілінің де ерекшеліктері бар. Абайдың сөзінде халық тілінің жоғарыда айтылған қасиеттері – тазалық, шешендік мол болумен бірге образдылық, бейнелілік, поэтикалық сипат та көп. Оның сөздерінен ақын адамның жан толқындары, сезімталдығы, әсерленгіштігі, тапқырлығы да анық танылып отырады. Сонымен қатар Абайдың өзінің әр кездегі тілі бірдей емес, бала шағындағы, жас кезіндегі Абайдың тілінде біраз юмор, тақпақтап сөйлеуге тырысушылық болғанмен, жалпы алғанда, оның тілі өзі алуандас басқа кейіпкерлердің тілінен көп ерекшелене бермейді. Ал есейген шақтағы, орыс ойшылдары мен жазушыларының шығармаларымен танысып, соларды аударып жүрген кездегі Абайдың тілі бұдан әлдеқайда өзгеше. Оның бұл тұстағы тілінен орысша ойлаудың, образды түрде ойлаудың, кітап тілімен сөйлеудің әсері мен айқыш-ұрнегін мол табамыз. Бұл заңды да. Өйткені үлкен ақын, ойшыл, философ Абайдың ойын бейнелеу үшін жазушы оны осылайша сөйлетуге тиіс.

Тарихи тақырыпқа арналған шығарма болғанмен, М.Әуезовтің романдары қазақтың қазіргі әдеби тілімен жазылған және сонымен қатар оны белгілі дәрежеде байыта, молықтыра түскен, жаңа биікке көтерген. Жазушы архаизмді өте сирек қолданады. Өткен заманның ескі әдет-ғұрыптарын суреттегенде, кейіпкерлерін сөйлеткенде ғана жазушы архаизмді орнымен, мөлшерімен пайдаланады. Сол кездегі халықтың тұрмысы мен кәсібін көрсеткенде, кейіпкерлердің сөйлеу ерекшеліктерін танытуда кейде архаизмді қолдану арқылы жазушы сол суреттеліп отырған дәуірдің, әлеуметтік ортаның колоритін шебер жеткізіп бере алған.

М.Әуезовтің тіл шеберлігіндегі осындай алуан түрлі ерекшеліктер қосыла келіп, оның өзгеге ұқсамайтын жазу мәнерін, өзіндік стилін құрайды. Расында да, Әуезовтің тілін, стиль ерекшеліктерін басқа ешбір жазушының көркемдік тәсілімен шатастырмай, айқын тануға, айтпай-ақ білуге болады. Мысалы, Абайдың ақындық шабыты келіп, толғанып отырған бір сәтін жазушы былай суреттейді: «Көзі жасаурай, ерні жыбырлай отырып, Ақшоқының қос биіктеріне андасанда көз тастайды. Бірақ қараған нәрсесін бұл халде көріп отырған көз емес. Ол қазір ойдың көзі. Тебірене толқыған ақын толғауының көзі. Қолы шек пернені термелеп, жебелей береді. Кеше жатарда да осы бір сарынды алыс бір ызыңдай, зейіні шалып қап еді. Қазір сол саз есіне де, домбырасының шегіне де тап түсіп, орала кетті. Тағы да тарта отырып, ақырын үн салып, күніреніп көріп еді, келген екен». Міне, мұнда М.Әуезовтің өзіне ғана тән сөз байлаулары, көркемдік бояу, бейнелеулер бар.

Тіл молдығын жете игеруі, тіл шеберлігіне еркін жетілуі арқасында жазушы қандай құбылысты суреттесе де, оның іші-тысын бірдей ақтарып көрсетеді. Бірақ қашан да саркылып қалмайды, қысылмай, қымтырылмай оралымды жазады, тынысы кең, еркін сезіледі. Сонымен қатар М.Әуезовтің тілі бұған қоса образды әрі ойлы болып келеді. Жазушының авторлық баяндауларында да бейнелілік ерекшелік мол. «Абай жолының» екінші кітабындағы базар суреттелген жерді мысалға алып қаралық: «Жаяу базардың окшау бір белгісі: ең әуелі тынымсыз балдыр-бұлдыр, дабыр-дұбыр, құжынап қайнап жатқан дүние. Үздіксіз, тынымсыз мол сөздің селі қасыңнан ағып тұрғандай болады. Мыңдаған ауыздар, өңшең құлақсыз, тыңдаусыз, тынымсыз ортада тек қана өзінің сөздерін қайнатып, ақтарып жатқандай. Абай қайран қалып, күле түсіп әлі құлақ салып тұр. Ендігі бір аңдағаны жаңағы мың ауыздың толассыз, тоқтаусыз, салдырлатып айтып жатқандары қай тілдегі сөз екені де аңғарылмайды. Не сөздер екенін талай тыңдап тұрсаң да, айырып болар емес».

Міне, осы үзіндіні оқығанда «құжынап қайнап жатқан дүниені» өз көзіңмен көргендей, бірімен-бірі жарыса, дуылдаса сөйлеген көп адамның тынымсыз да түсініксіз үнін өз құлағыңмен тыңдап қалғандай боласың. Өйткені автор өзі

көрсетейін деп отырған нәрсесінің суретін айнытпай беретін бейнелі сөздерді екшеп, талғап қолданған. Осылай ету арқылы жазушының «жаяу базардың» көрінісін мейлінше шебер бере алғаны соншалық – тіпті оны басқа суреттермен дәл мұндай айқын елестетуге болмайтын тәрізді.

«Абай жолының» екінші кітабының тілінде бұрынғы романдардың тілінен бір ерекшелік бар. Яғни соңғы кітапта, әсіресе оның алғашқы тарауында діни, кітаби сөздер бірсыдырғы жиі ұшырасады. Бірақ бұған қарап романның тілі шұбар, түсініксіз деген байлау жасауға болмайды. Автор мұндай сөздерді өз тарапынан берілген баяндауларда қолданбайды, тек дін иелерінің аузына салады және солармен айтыс-тартысқа түскен шақтарда Абай да ара-тұра сондай сөздер айтады. Өзі бейнелеп отырған діни адамдардың ой-өрісін, түсінік дәрежесін таныту үшін, олардың ішкі дүниесін тереңірек аша түсу үшін жазушы мұны әдейі қолданған.

Жазушылық шеберліктің мұндай биігіне Әуезов толассыз іздену, көп еңбек ету арқылы және орыстың классик жазушыларының, сондай-ақ қазіргі орыс кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдерінің реалистік дәстүрлерін, шығармашылық тәжірибесін дамыта игеру, солардан үйрену арқылы көтеріле алды. Орыстың басқа классиктерінен гөрі Лев Толстойдың көркемдік әсері М.Әуезов шығармашылығында әсіресе айқын сезіледі. Бұл ретте жазушының өз кейіпкерлерін психологиялық жағынан терең сипаттаудағы, типтік характерлер жасаудағы шеберлігін, тарихи шындықты және өмірдің тарихи дамуының заңдарын жете білуге ұмтылатынын атап айтуға керек. Сондай-ақ Л. Толстойдың автордың өз тарапынан берілетін, бірақ геройлардың ішкі монологына немесе диалогына ауысып кететін мінездеу әдісін де М.Әуезов мол қолданады, сөйтіп кейіпкерлерінің характерін романның негізгі идеясына сәйкестендіре отырып, мейлінше шебер әрі шынайы түрде ашады.

Сол сияқты, М.Әуезов романдарында кейіпкердің ой-өрісі, түйсінулерінің авторлық баяндауға әсер ететін, із қалдыратын мезеттері де бар. «Абай» романының бірінші кітабында Құнанбайдың жас бала Абайды өзімен бірге Қарқаралыға ала барғаны баяндалады. Сол сапарда Майбасардай ағалар Абайға қайтарда сенің қайныңа соғамыз деп қалжыңдайды. Абайдың осыларға байланысты өзінің қайын

жұрты жайындағы ойларын автор былайша баяндайды: «Оның (Алшынбайдың – А.Н.) ата-тегін де бар Тобықты, бар Қаркаралы «Қаракөк» деп атайды. Алшынбай белгілі би Тіленшенің баласы, одан арғы атасы Қазыбек би. Осының бәріне қарағанда Абайдың қалыңдығы Ділда тіпті бір үлкен, асқақ жердің қызы тәрізденеді. Сол қалыңдықтың қалың малы да осал болмаған болу керек. Өйткені Құнанбай ауылынан Қаркаралыға қарай шығатын топ-топ жылқы, түйе көбінше осы Алшынбай ауылына барушы еді. Жалғыз ғана құдалық па, жоқ басқа да ілік пе, әйтеуір Алшынбай, Құнанбай әбден айқасқан, ішек-карын араласқан дейтін жақындардың өздері». Бұл үзіндіден авторлық баяндауға кейіпкер түйсінуінің ерекше бір реңк беріп тұрғаны анық көрінеді. Оның үстіне жазушы Құнанбай мен Алшынбайдың ымы-жымы бір екендігін және олардың паракорлығын да ұтымды сездірте алған.

Кез келген әдебиетте бейнелі сөздер, тенеулер мен балаулар көбінесе сол халықтың ұғымына, тіршілік-кәсіп жағдайларының өзгешеліктеріне байланысты қолданылады. Жас Абайдың әкесі Құнанбайдың қасы мен қабағына қарап, оның аңысын аңдап өскенін жазушы былайша суреттейді: «Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын бақкан кәрі бақташыдай бағып, танып өскен». Бұл – бар тіршілігі мал бағуға байланысты болған халықтың ұғымына соншалықты жақын, етене әрі кейіпкерлердің характерін де едәуір байқатып тастайды.

М.Әуезов қазақтың ауыз әдебиетін, оның үлгілерін жетік біледі. Бұл оның жазушылық шеберлігіне де әсер етпей коймаған. Мұны эпопея тілінің молдығы мен суреттілігінен, шешендік өрнек-нақыштарынан ғана емес, сонымен бірге автордың фольклорлық сөз айшықтарын кейде тікелей қолданатындығынан да байқаймыз. «Абай жолы» романының бірінші кітабында жазушы Оспанның баласы жоқтығын және осыны арман ететіндігін айта келіп, оның осы жарым көңілдігін былайша білдіреді: «Осы бір жай оны сынар мүйіз бұғыдай, сынық қанат сұңқардай етіп, көнілін санадан солдыра беретін». Сол сияқты, Оспанның өр қимылынан сескеніп, Оразбаймен құда болысу үмітінен шайлығып калған Тәкежандардың халін жазушы былай суреттейді: «Тәкежан ауылының белге соққан жыландай боп, әзірше

титығы құрып тұрғаны да мәлім». Кейіпкерлердің диалогтары мен репликаларын былай қойғанда, өзінің авторлық баяндауларында да М.Әуезов осылайша фольклорлық бейнелі сөз кестелерін орайын тауып қолданып отырады.

Абай өзінің өлеңдері мен поэмаларында, қаһияларында қазақ тілінің байлығын жете бауырады, оның бейнелік қуатқа толы сан алуан қырларын суреткерлік алғырлықпен аша білді. Сонымен бірге ол қазақтың әдеби тілін тың тіркестермен, соны сипаттармен байыта, ажарландыра түсті. Абай туралы роман жазған автордың осы жаймен санаспауы, яғни Абайдың поэтикалық тілінің лексикалық қоры мен көркемдік ерекшеліктерін ескермеуі, пайдаланбауы мүмкін емес. М.Әуезов та осылай еткен. Ол өзінің эпопеясында Абай шығармаларының сөздік қорын, тілдік ерекшеліктерін молынан пайдаланған. Мұны ең алдымен эпопеяның негізгі кейіпкері Абайдың тілінен, оның монологтары мен репликаларынан әсіресе анық көреміз. Жазушы Абай тілінің эволюциясын да, ондағы суреттілікпен бейнелілікті де мол қамтып көрсете алған. Сондай-ақ романдардың тілдік жаңалықтарынан да жазушының Абайға сүйене, одан үйрене отырғанын байқау қиын емес.

М.Әуезов романдарының ең басты көркемдік қасиеттерінің бірі олардың реалистік қуатқа толылығында. Бұл – ең алдымен, жазушының өзі бейнелеп отырған дәуірдің, ортаның сипатын жеткізе танытатын типтік оқиғаларды таңдап алып, оларды реалистік түрде шынайы бейнелей алуында. Жазушы қазақ халқының өткен ғасырдағы өмірі мен тағдырын типтік образдар, типтік көріністер арқылы бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар тарихи құбылыстарға терең де дұрыс ғылыми талдау береді. Бұл – шын мәнісіндегі тарихи романдарға тән қасиет. Осы жөнінде Белинский: «Тарихи роман – ғылым мен өнер бейнебір тоғысып кететін арна сияқты», дейді. Осы ерекшелік Абай туралы романдардан әсіресе күшті сезіледі. Көптеген зерттеушілердің Абай туралы романды қазақ халқының өткендегі өмірінің энциклопедиясы деп заңды түрде атауы да осыдан.

Тарихи тақырыпқа арналғанымен, Абай туралы эпопея – социалистік реализм әдісімен жазылған шығарма. Әдебиетшілеріміздің арасында социалистік реализм социалистік құрылыстың тәжірибесі негізінде ғана туады, тек кеңес

тақырыбына арналған, социалистік шындықты қамтитын шығармалар ғана социалистік реализм әдісінің туындылары саналады деген жаңсақ ұғым болғаны мәлім. Олар Горькийдің социалистік реализм әдісінің қалыптасуы жайында айтқан пікірін жадағай түсініп, бұрмалап қолданды.

Шындығында, тарихи беллетристика да социалистік реализм әдебиетінің бөлінбес бір саласы болып табылады. Тарихи романшы өткен замандарға қазіргі күннің тұрғысынан, яғни бізді социалистік революция көтерген биіктік дәрежесінен қарауға тиіс. Сонда ғана ол социалистік реализм әдісімен жазылған шығарма жасай алмақ. Бұл жазушының өмірге көзқарасына, оның эстетикалық концепцияларына тікелей байланысты. Сонымен бірге социалистік реализмнің принциптері тарихи тақырыпқа арналған шығарманың мазмұны мен формасының барлық элементтерінен айқын танылуға тиіс.

Социалистік реализм әдісінің негізгі бір сипаты оның орныктырушылық қуатында. Осы орныктырушылық пафосы Абай туралы эпопеяда идеялық-көркемдік зор қуатпен берілген. Мұны романның басты кейіпкері Абайдың мұрат-мақсатының жарқын болашақты аңсау, сол жолда қайрат-қажырды қайтарусыз арнап алысу сарынымен астасып жатқандығынан, оның ой-толғаныстарының оптимистік қуатқа толылығынан ғана емес, сонымен бірге шығарманың бүкіл тынысынан, рухынан мейлінше айқын сеземіз. Оның үстіне, беймезгіл дәуір шындығын бейнелеуге арналған тарихи шығармада сол заманның қаралы күштерін әшкерелеудің, жоққа шығарудың өзі де біздер үшін орныктыру пафосы болып табылатындығын естен шығармау керек. Құнанбай, Әзімбай, Оразбай образдары арқылы бейнеленген надандық пен әділетсіздік дүниесін сатиралық уытпен әшкерелеу, жоққа шығару арқылы жазушының жаңашыл да жарқын идеяларды орныктырып отырғаны күмәнсыз.

Абай туралы романдар М.Әуезовтің суреткерлік шеберлігін айқын танытты. Бірақ бұған қарап ол өзінің шығармашылық мүмкіншіліктерін сарқа тауысты және оның шығармаларында көркемдік кемшіліктер жоқ деген ұғым тумасқа керек.

Жазушының композициялық тұтастық пен көркемдік үнемділікке ұмтылғандығына қарамастан, Абай туралы

эпопеяның кейбір тарауларында шұбалаңқылық барлығы байқалады. Осыны кезінде А. Фадеев те атап көрсеткен болатын. «М.Әуезовтің өткен ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқы өмірінің тұтас дүниесін бізге ашып берген, қазақтың ағартушы-ақынының кесек образын жасаған, қазақ даласының хош иісіне суарылған «Абай» романының кейбір жерлері шұбалаңқы»[1] – деп жазды ол.

М.Әуезов диалогтарға шебер екендігін, оның қолданылуында диалог кейіпкерлердің характерін, жан күйін терең ашатындығын жоғарыда айтқанбыз. Сөйтсе де, жазушы кейде диалогтардың арасын тым алшақтатып жіберетіндігін, диалогтардың арасына ұзақ-ұзақ авторлық баяндаулар мен суреттеулер түсіп кететіндігін атап өтпеске болмайды. Өйткені бұл диалогтардың әсер етушілік қуатын, динамикасын солғын тартқызып жібереді.

Абай туралы эпопея тұтас бір дәуірді қамтиды. Абайды былай қойғанда, басқа да бірсыпыра кейіпкерлердің өмірі мен тағдыры төрт кітаптың барлығында бірдей баяндалады. Сондықтан да болу керек, М.Әуезовтің романдарында аратұра қайталаулар кездеседі. Бұл бірсарындас оқиғалардан да, біртектес ситуациялардан да байқалады.

М.Әуезовтің суреттеу құралдары мен көркемдік боялары алуан түрлі, санқилы. Эпопеядағы негізгі планда алынған немесе эпизодтық қана рөл атқаратын көптеген кейіпкерлердің барлығының да өзіндік кейіппен дараланып мүсінделуі, бір-біріне ұқсамайтын табиғат суреттері және басқалар – осының айғағы. Сонымен бірге жазушының кейде реңк алуандығынан айырылып, бір түсті бояу қолданатындығы да жіті қарағанда байқалмай қалмайды.

Біздің азды-көпті талдауларымыз Абай туралы эпопеяның идеялық мазмұнының тереңдігі мен көркемдік ерекшеліктерін толық қамтыды деуден біз аулақпыз және бұл мүмкін емес екендігі де хақ. Бірақ бір нәрсенің ақиқаттығы аян. Ол – М.Әуезов романдары өздерінің ғажайып көркемдік қуатымен ұлттық әдебиетіміздің дамуына мол да ерекше әсер етіп отырғандығы.

Бұл ретте үлкен жазушымыз Ғ.Мүсіреповтың мына бір сөздерін еске түсіре кетуді орынды санаймыз: «Абай» роман-

[1] *Фадеев А. О литературе и литературной критике. «Правда», 7 августа, 1949 г.*

дары қазақ кеңес прозасының қалыптасуына көмектесумен бірге, шығарма алдына қойылар талап дәрежесін жаңа бір биікке көтерді. Жазушылық өнерден үміті бар жасымыз да, жасамысымыз да «Абайдан» үйрене де, сүйсіне де отырамыз. Ең алдымен, «Абай» романындағы образдың көбі-ақ, әсіресе Абайдың өзі Белинский айтқан «таныс бейтаныс» дәрежесіне көтеріле алған. Ақын Абайды әркайсымыз қалай ұғынсақ, ішкі-сырткы сипатымен қалай көз алдымызға әкеле алсақ, Мұхтар Абайды сол бейнеде көрсете алды». Бұл – тек әдебиетшілердің ғана емес, сонымен бірге бүкіл халықтың Абай туралы эпопеяға тұтастай берер бағасы.

Социалистік реализм әдебиетінің көрнекті табыстарының бірі саналатын «Абай» және «Абай жолы» романдары қазақ кеңес әдебиетін жаңа биікке көтерді және оның бұдан әрі даму жолындағы шығармашылық мүмкіндіктері мол екендігін терең де айқын танытты.

М.Әуезов өзінің бұл романдарын ұзақ жылдар бойына қажырлылықпен сарыла еңбек етудің, толассыз да төлегей шығармашылық ізденулердің нәтижесінде ғана жасай алды. Халқымыздың өткендегі жарты ғасырлық өмірінің көркемдік тарихы, энциклопедиясы болып табылатын бұл шығармалар уақыт озған сайын зерттеушілер мен жұртшылықтың назарын өзіне мол аударып отырмақ, олар жайында талай-талай пікірлер айтылмақ. Өйткені М.Әуезов романдарының идеялық тереңдігі мен көркемдік кемелдігі осыны талап етеді. Өзінің осы тамаша эпопеясы арқылы М.Әуезов ұлы ақынымыз Абайға арнап жоқтық та таңбасын түсіре алмайтын, уақыт та уытын дарыта алмайтын ғажайып көркем ескерткіш жасады. Ақынның сахарада, қазақ топырағында орнаған бұл ескерткіші оның нұрлы бейнесін бүкіл әлемге паш етпек. Сүйікті жазушысына халқымыз осы үшін де дән разы.

Суреткер шыншылдығы

Нағыз көркем шығарма оқушының ойына ой қосумен, рухани қазынасын байытумен бірге оның алдына автордың өзінің де жан дүниесін ашып салады. Әсіресе сол шығарманы тудыру үстіндегі шығармашылық азабына толы ойлары мен тебіреністері және оның өмірге, шындыққа деген көзқарасы,

суреткерлік құштарлығы байқалмай, белгі бермей қалмақ емес.

«Әлдебір тарихи музейде ұзақ сарылып, ғасырлар сырына, замандар шынына куә болған қымбат та қызық мұраның қоныржай қоймасын қапысыз қараған, армансыз ақтарған адам енді бірде кең көшеге шықты да, көктем күнінің нұршұғыласына малынған көше бойындағы көп құрылысқа көз тоқтатты делік. Не аңғарар еді? Неге таңданар еді?».

Өзінің көзі тірісінде жарияланған ең соңғы мақаласында жазушы Мұхтар Әуезов өзі жайында осындай бір шартты салыстыру жасаған еді. Әрине, мұнда дәл қазіргі заман тақырыбынан, қазіргі дәуірдің ұлан-ғайыр шындығынан қаймығу да жоқ болатын. Қайта бұл сөздерден халықтың өткендегі тарихының аса шыншыл, аса бір көркем шежіресін жасаған үлкен, үздік суреткердің енді бүгінгі өмір жайын толғамақ болған арманы және соны жүзеге асыруға іңкәр құштарлықпен ден қойғаны да аңғарылар еді.

Жазушы сол мақаласында «Аяулы Абайыммен қош айтқаныма, міне, екі жыл. Содан бері бүгінгі шындықтан шығарма жазсам деген ойдан бір күн ажырап көрген емеспін» деген сөзінде де бір сыр бар.

Осы ой жазушыны әрдайым толғандырумен болған. Бұл ойлардың мәнділігі тек солардың ақиқаттығында ғана емес, сонымен бірге өнімділігінде, өрелігінде де еді. Ұлы уақыт ұлы әдебиет жасауды талап ететінін терең түсінген жазушы сол әдебиет қандай болуы керек екендігі туралы ой тербемей қалмады. Ол ұлы жеті жылдыққа, коммунистік қоғам орнатып жатқан ұлы дәуірге лайық ұлан-ғайыр эпос жасалуға тиіс деп білді. Рас, шағын шығармалармен де шалқар шындық танытуға болады. Әйтсе де, уақыттың қайталанбас ұлылығын бар күрделі күйінде бейнелеу үшін кең құлашты, зор тыныстылы ірі шығармалар қажет. Эпостық сипат тек оқиға қалыңдығынан ғана емес, шығарма кейіпкерлерінің сом тұлғаларынан, олардың іс-әрекеттері мен ерекше бітік ақылой дәрежесінен де танылуға тиіс.

Жаңа тақырыпқа еміреніп бет бұрғанда жазушы осындай кең құлашты, кесек шығарма беруді, яғни замандасымыздың эпосын жасауды арман еткен еді.

Жазушы ойға алған көп томдық романның бірінші кітабының бірнеше тарауын жазып үлгерді, бастан-аяқ, толық

күйінде тамамдай алмай кетті. Романның сол тараулары бас құрап «Өскен өркен» деген атпен жеке кітап болып шықты.

Роман жайында сөз болғанда жазушының жаңа тақырыпқа бет бұрған талабын ғана айту, соны ғана құптау мүлдем аздық етер еді. Бұған қоса суреткердің жаңа тақырыпқа барудағы, оны зерттеп, игерудегі негізгі ойлары мен тенденциясы, авторлық позициясы да айрықша көңіл аударуға тұрарлық. Кеңес халқының коммунистік қоғам орнатуға құлшына кіріскен тегеурінді еңбегі де, аскақ ақыл-ой дүниесі де көркем бейнеленген шығармалар өте-мөте қажет екендігін терең ұғынған жазушы бұл тақырыпты шешу үшін әдебиетте сапалық жағынан соны, тың ізденістер керек деп білді.

Жаңа романын жазуға кірісер алдында жазушы Оңтүстік Қазақстанның көп жерлеріне талай рет барып аралап, нағыз еңбек ерлерімен, ондаған адамдармен жүздесіп, өзінің болашақ қаһармандарының қалың ортасында болды. Бірақ жазушы мол ойлап пішкен жаңа эпопея да, оның бірінші кітабы да – сол бірер сапардың нәтижесінде ғана туа қалуы ықтимал еді деп тұжырымдауға еш болмайды. Жазушының халықпен, оның өмірімен байланысы бұдан әлдеқайда терең де, аумақты да болатын. Ал сол сапарлар, соған байланысты туған ойлар жазушыны болашақ нақтылы кейіпкерлерін таңдай білуге, олардың образдарының эралуан қырларын екшеп ұғына білуге көздегені күмәнсіз.

Біздің замандасымыздың, яғни алпысыншы жылдар адамының бейнесін, оның өсу белестеріндегі өнегесін, ұрпақтан ұрпаққа ұласар үлгісін жазушы осы айтылған қалыпта барлап ұғынады.

Романдағы кейіпкерлердің, коммунистік мұраттар жолындағы күрескерлердің бейнелерін мүсіндеуде жазушы осыны негізгі өлшем етіп ұстаған. Бұл партияның облыстық комитетінің бірінші хатшысы Карпов образына әсіресе орайлас. Өзіне беймәлім сыры көп облыстың өткені мен бүгінгісін, болашағын түсініп қана қоймай, халықтың қайрат-қажырын шындап ұйымдастыра білу Карповқа онайға соқпайды.

Карпов бойында басқарушылық мол тәжірибемен бірге жан-дүниесі жарқын да терең, ойшыл адамға хас қасиеттер мол. Ол үшін ең бастысы, ең қымбат нәрсе – кеңес адамы, соның тағдыры мен қамы. Оның бұл қасиеті романның әр тарауында да қаркырап ашылған.

Қайсыбір шығармаларда қазіргі заман адамы өз характерінің іс-әрекеттерінің әр қырымен ғана көбірек бой көрсетеді. Түптеп келгенде, бұл тәсіл жазушыны схемаға, трафаретке ұрындырмай қоймайды. Өйткені автор өзі алдын ала болжап, кесіп-пішіп қойған аукымнан аса алмай қалады, сол шектен өзінің кейіпкерлерін де асырмай тастайды. Әдебиетте біріне-бірі егіздің сыңарындай ұқсас, әредік қанатсыз кейіпкерлер осылай туады.

М.Әуезов қазіргі заман адамын бұлайша тар шеңберде алып бейнелеуге қарсы болатын. Өйткені жазушының ойынша, «біздің замандасымыз – барша қауымның бақытын тілейтін, жалпақ дүниенің, жұмыр жердің жан лебін жүрегімен ұғатын адам. Оны тебірентпейтін нәрсе жоқ. Ел өмірі, достар мен қастар жайы ойын бөлумен бірге оны саясат та, ғылым да, өнер де, еңбектегі жеңіс пен жетімсіздік те қоса толғандырады».

Жазушы Карпов образын осындай қалыпта бейнелеуді мақсат еткен. Карповты қазақ халқының еңбегі мен күресі ғана емес, оның өнері мен әдебиеті де, дәстүрі мен салты да, солардың болашағы да қызықтырып, ойға қалдырып отырады. Соның бәріне ол үлкен мемлекеттік тұрғыдан көз жіберіп, ой түйеді. Карповтың коммунистік принциптілігі, асқақ адамгершілік қасиеті оның «қар жастанып, мұз төсенген» шопандардың қамын ойлап күрескен, қарапайым адамдардың тағдырына арашашы болған әрекетінен, болашаққа көз жіберіп, өмірге батыл араласуынан анық байқалады.

Карпов адам атын ардақ тұтады. Ол – зор ақыл-ой иесі. Сондықтан да кеңес адамының тағдыры, бақыты мен қайғысы, қуанышты күлкісі мен таза көз жасы оған етене жақын, түсінікті. Осының бәрі Карповтың іс-әрекеттерінің шеңберін кеңейтумен бірге оның рухани тұлғасын да биіктете, байыта түскен. Ол – нағыз орыс коммунистерінің, лениншіл күрескерлердің типтік өкілі.

Жазушы Карповты еңбек етіп жүрген ортасымен тығыз байланыста алған. Әлім Ерімбетов, Алмасбек Жайлыбеков, Жарасовтар да – Коммунистік партияның идеяларын халық арасында таратушылар, коммунистік қоғамның материалдық және рухани игіліктерін барынша мол жасау жолында жан сала күресушілер.

Романда адам айтқысыз қиыншылықтарға қарамастан, ересен еңбек етіп жүрген шопандардың, халық өкілдерінің образдары да қамтылған.

Кеңес жазушысы өмір шындығын, оның күнгейі мен көленкесін реалистік қалыпта бейнелей отырып, бұдан да нұрлы ертеңімізге тезірек жету ісіне шығармашылығымен ықпал етуге тиіс. Мұндай қызметті әлеуметтік тынысы кең, нағыз шыншыл шығармалар ғана атқара алмақ. Өмірді ілгерілеу жолындағы күрес майданы деп ұқпаған, идиллия деп білген жазушының қаламынан мұндай шығарма тумақ та емес.

«Литературная газетада» жарияланған «Қазіргі роман және оның кейіпкері» деген мақаласында жазушы мынадай бір ой түйіп еді: «Жайлауларды жайлаған шопандар мен олардың бала-шағасының өмір-тіршілігі бөгде сөз. Жағдайлары өте көңілсіз, оны өзгертпей, оңдамай болмайды. Республикамызда мал өсіру жайында мәжіліс-мәслихаттар жиі болып тұрады. Онда мал басын көбейту жайында қызу айтыстар өтеді, құлаш-құлаш қарарлар қабылданады. Ал бірақ шопан туралы, мектепсіз, кітапсыз, газетсіз, дүкенсіз, моншасыз, емханасыз, адам тұруға азды-кем қолайлырақ баспанасыз азиялық алыс түпкір, меңіреу мекен-жайлар туралы ой түспейді басымызға».

Осындай келелі, кезек күттірмейтін мәселе де романда өз орнын тапқан. Бірақ бұл желі онда көзге шыққан сүйелдей болып та тұрған жоқ. Жазушының көреген көзі көп нәрсені жіті байқап, алдымызға ашып салған, соған қаһармандарының назарын аударып, ой тастаған.

Романның үшінші тарауының соңында өткен заманда болған аса бір ауыр, азалы оқиға баяндалады. Бұл – Алуа жайындағы аңыз. Жақын достарының айтуынша, жазушы осы қайғылы аңызды роман желісіне енгізу немесе енгізбеу жайында қатты ойланып-толғанған. «Мұндай қатал оқиғаны келтірсем, еліміздің атына нұқсан келіп жүрмей ме, халқымызға тас бауыр деп қарамай ма? Бірақ жер жүзі әдебиетінің үлгісін алсақ, оларда да трагедиялы жайлар аз ба? Соларға қарап халықтың қасиетіне мін тағуға бола ма?» деген.

Әрине, Алуа трагедияларының сыры да, себебі де сол кездегі өгей заманда, қатыгез жандарда. Оның үстіне автор осы көрініс тегін ала салмаған. Романда осы оқиғаға

орай, соған салыстырыла әрі қарама-қарсы қойыла отырылып берілетін астарлы бір желі бар. Ол Айсұлу басындағы трагедияға байланысты.

Романда Айсұлудың, оның анасы Нұрбүбінің қиын, ауыр тағдыры ащы шындығымен суреттелген. Соларды сондай халге душар еткен, қол ұшын бермей, қайта азапқа салған қатыгез жандарға оқушының зығырданы қайнап, ыза-кегі өршиді. Жазушы өз кейіпкерлерінің әділет іздеу жолындағы бастан кешірген қиындықтарын жуып-шаймай, қатал реалистік қалыпта берген. Олар сол әділдікті Коммунистік партиядан және оның Карпов, Алмасбек, Әсия тәрізді өкілдерінен табады, халықтан қолдау көреді.

Жазушы Айсұлу трагедиясын көркем жинақтау дәрежесіне көтеріп бейнелеуді мақсат етпеген. Бірақ романның осы желіге байланысты оқиғалары өмірден алынғандығы, суреткерге шындықтың өзі жүк артқандығы даусыз. Қалың мал алу, қыз алып қашу тәрізді соракы, сұмдық оқиғалар көп жерде ұшырасып қалатындығы баспасөз бетінде қатты айыптау тауып жүргендігі аян. Автор осындай жайларды роман желісіне енгізе отырып, сол жайында ашына, ызаға міне отырып жазған.

Романның басты бір қаһарманы, қазақтың парасатты, ойлы әйелі Әсияға автор мынандай пікір түйгізеді «Қазақстанның өзге облыстарынан осы облыста бөлегірек әйел халінің бұрынғы шақтағы ауыртпалығына өзгеше себеп болған, кеше ғана өткен тарихтың аса ауыр жағдайлары бар. Бұл облыста ишандар, шайқы, кожалар, неше алуан медресе, мешіт, мазар түрінде мейлінше мол заман үстемдік құрған ауыртпалықтар бар... Осы орындардың бәрінде фанатик, дүмше, өздері озбыр және қатАл ожар плутократияның әмірі жүрген. Сол ескіліктің ізі оңай жоғалып, ажалдың торлары, шырмауық желі-тұзақтары тез жыртылды да бітті деу керек емес». Жазушы ескіліктің осындай кеселді қалдықтарын аяусыз аша отырып, бүгінгі өміріміздің, адамдардың ой-санасы мен қарым-қатынастарынан соларды ада қылып, аластап тастауға бар дауыспен үндейді.

М.Әуезов халық өнерін мейлінше терең түсініп, аса жоғары бағалаушы ғана емес, соның құдіретті жасаушыларының да бірі болғаны аян. Өлмес өнер мен ұлы өнер иесі туралы тақырып оның бүкіл ұлан-ғайыр шығармашылығының

үзілмес желісі, ең үлкен тақырыбы болды. «Өскен өркен» романында да жазушының халық өнері және оның болашағы туралы өрелі, аталы ойлары бар. Ол кейбір қатал сын пікірлерін де ірікпеген.

Халықтың өнері туралы ойларын жазушы публицистикалық түрде емес, кейіпкерлерінің толғанып сезінулері, пікір жарыстырулары арқылы береді. Бұл көркемдік жағынан әсерлі, нанымды болумен бірге романның басты-басты қаһармандарының бейнелерін де биіктете, толықтыра түседі. Сөйтіп, жазушы өз қаһармандарын өмір ағысының кең арнасында, іс-әрекет еткен тартыс алқысында, ойланып-толғану үстінде – барша жағдайда, мол өрісте, ірі қалыпта бейнелеуге ұмтылған. Бұл оның эпостық образдар жасау талабынан туған еді. Осы жайда оның қаһармандарының характерлері кияли қалыпта алынбағанын, қайта шындықты типтік жағдайда қамтуы, суреттеу тәсілі жағынан реалистік сипатқа толы, ойлы да терең, әсерлі образдар дәрежесіне көтерілгенін қадап, нақтылы айту қажет.

Жазушы ұнамсыз кейіпкерлерінің образдарын да шынайы қалыпта бейнелеген. Солардың ең қоры да, «зоры» да – Сағит. Ұрда-жық ожарлықтан, көрсоқыр өркөкіректіктен бастап ол ауыр қылмыс жасауға дейін құлдырайды. Тойымы жоқ жемқор, құрдым ағасы Әділ, дүниеқоңыз, малқұмар шеше, арамтамақ, масыл әрі айлалы жеңге Әсел және олардың сыбайластарының іс-әрекеттері сол Сағит образын аша, тереңдете түседі. Бұларды суреттегенде де жазушы әшкерелеушілік талантын және партиялық анық позициясын, авторлық батыл бағытын байқатады.

Көптеген шығармаларда екі түрлі ғана бояу – ақ бояу мен қара бояу ғана деңдеп келетіні жиі ұшырасады. Тартысты суреттеу үшін осындай қарама-қарсы бояулар қажет те. Бірақ шынтуайттап келгенде бұл аз. Өмірлік құбылыстар, қаһармандардың ой-сезімдері, интеллектуалдық дәрежесі, олардың қарым-қатынастары неғұрлым күрделі болған сайын жазушы да соған орай алуан түрлі бояулар тауып қолдануға тиіс. Автордың соңғы романынан көркемдік бояу реңктерінің осындай алуандығы мол да, айқын да сезіледі.

Бұрынғы шығармаларындағы реалистік шеберлігін, психологиялық сипаттауға, кейіпкерлерін шыншыл, нанымды сөйлетуге әсіресе майталман екендігін жазушы жаңа рома-

нында да босаңсытпаған. М.Әуезов халық тілінің байлығын, бейнелілік мүмкіншіліктерін нәзік те білгір түсінумен бірге оның әдеби тілімізді өлшеусіз молықтырғаны, жаңа белеске көтергені аян. Халық тілінің шексіз байлығын мол қарбытып алуды шарт етіп, ол мұны өзінің көркемдік принциптерінде, эстетикасында да бекем ұстанатын. Жазушының осы тенденциясы «Өскен өркен» романынан да аңғарылады. Бір ғана мысал келтіріп қаралық. Басқа бір үйдің мол жиһазына құныға қызыққан әйелдің сөзі былай берілген: «Айтам ғой, анау сенің ас үйіңдей бір кең үйі бар екен. Соның екі жары үйдің төбесіне шейін толған жасау. Кәдімгі бұрынғы сегіз қанат үйлердің ішінде болатын жүкаяқ. Бояулы, оюлы жүкаяқтар қатар тұрыпты да, соның үстіне екі жардың бойын қатарластырып жаксы, ұзын сырлы сандықтар жасапты. Ал солардың үстіне кей жерін шәукермен ораған кілем, көрпе-жастық, әртүрлі терме алаша, шашақтары салбыраған бес-алты жерде бояулы әдемі боғжама, тамақшалары сондай жаркыраған баяғы шолпыдай. Көрпелері жеркөрпе емес, қыжым көрпе, масаты көрпе. Жастықтары шетінен өңшең ракы жастық. Еткөрпе жібектен де әсем жасалған. Бірнеше жерде қолдорба, күмістеген үш жағлан. Ал жастық дегенің тіпті көп. Жаңағы жағландарын жай ою емес, көк сауырлап күмісін әр жерге биязы қып көз-көз етіп оюлаған. Айтам ғой тегі жүдәям жаксы. Күйеуге тисе қызы да, келіншек алса ұлы да жасау-бұйымнан олқы болатын емес мүлдем!». Бұл – кейіпкердің ойын, шама-шаркын, характерін ашумен бірге тіршілік, тұрмыс суреттерін, сол өнірдің оқшау колоритін, сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерді мейлінше мол, айқын танытады. Басқаша болуы тіпті мүмкін еместей.

М.Әуезов жаңа романын дәл бүгінгі шындықтан, еңбек ерлерінің өмірінен алып жазды және шыншыл да қажет шығарма тудыра алды. Оның бұл тәжірибесінен кейбір әдебиетшілердің «дистанция пафосы» дейтін теориясының, яғни уақыт өтіп, оқиғалар бізден алыстап, тұрақтаған соң ғана сол жайында жазуға болады дейтін қисынның қателігін, жаңсақтығын тағы да анық байқаймыз.

Бұл роман тамаша жазушының бүгінгі шындықты бейнелеп қана коймай, оған батыл араласу, сөйтіп халық өмірі дамуының үдере өрлеуіне аянбай атсалысу, заман көшіне

лайық адамдарымыздың тәрбиесіне, ақыл-ой, мінезіне әдеби еңбегі арқылы әсер ету талабынан туған.

Қазір Коммунистік партия әрбір кеңес суреткерінен әдебиет пен көркем өнердің ұлы маңызын, халықтың коммунизм жолындағы күресіндегі өз орнын бұрынғыдан да терең сезінуді талап етіп отыр.

Аса ірі суреткеріміздің қазіргі заман тақырыбына бет бұрып, ілгері басуымызға әсер етуді мақсат еткен бұл талабы мен тәжірибесінен басқа жазушылар да, әсіресе жас авторларымыз көп нәрсе үйрене алады. Сондықтан да жазушының ең соңғы бұл романы әдебиетіміздің іргелі, белді шығармаларының бірі ретінде танылмақ.

Дарынды драматург

Аса көрнекті жазушымыз Мұхтар Әуезовтің бүкіл шығармашылық сапары бойына беріле әрі жемісті еңбек етіп келе жатқан жанрларының бірі – драматургия. Рас, жазушының шыңдалған шеберлігі, үздік таланты оның прозалық шығармаларында әсіресе окшау танылды. Ұлы ақынымыз Абайдың мәңгі өшпес бейнесін мүсіндеген ғажайып эпопея осының айқын айғағы. Бірақ М.Әуезовтің жазушылық кемелдігі оның драматургтік шеберлігін көлегейлеп, көмескі тартқызбайды. Қайта оның зор талантының бұл қырлары өзара ұласа ұштасып, бірін-бірі ажарландыра, жайната түседі. Жазушының прозалық шығармаларындағы қабындап дамитын тартыстардан, уақыттың сыр-сипатын аңдататын күрделі де киян-кескі коллизиялардан, кейіпкерлердің ой-өрісін, жан сарайын, мұрат-мүддесін айқындай түсіп, ақтара ашатын ұткыр да ұшқыр диалогтардан драматург Әуезов қаламының ізін байқау қиын емес.

Сондай-ақ М.Әуезовтің бір тақырыптас прозалық және драмалық шығармаларының кейбіреулерінде тартыстар мен оқиғалардың ортақтас, өзектес болып келетін мезеттері де бар. Бұл ретте «Абай» трагедиясына арқау болған сюжеттік желілер мен идеялық сарындарды жазушының «Абай жолы» романында, әсіресе оның екінші кітабында дамыта, тереңдете пайдаланғанын айтсақ та жеткілікті.

М.Әуезов драматургия жанрына ерте, шығармашылық жолының ең алғашқы қадамдарынан бастап-ақ ден қойды.

Сөйтіп ол қазақ кеңес драматургиясының іргетасын қаласты және ұлттық театрымызды өркендету, оның репертуарын молықтыра беру жолында еңбек етті.

Ол өзінің алуан түрлі тақырыпқа арналған жиырмадан аса төл пьесасын жазды және дүниежүзінің, орыстың классикалық драматургиясының, сондай-ақ орыс кеңес драматургиясының көптеген үлгілерін қазақ тіліне аударды. Бұл ретте М.Әуезов аударған Гогольдің «Ревизоры», Шекспирдің «Отеллосы», «Асауға тұсауы», Н. Погодиннің «Ақсүйектері», К. Треневтің «Любовь Яровоясы», А. Кронның «Флот офицері» сияқты пьесаларды атап айту керек.

Осы тамаша пьесаларды үздік шебер аудару арқылы жазушы қазақтың ұлттық театр өнерінің классикалық үлгілермен молығып, жетілуі жолында көп еңбек сіңірді және өзінің де драматургтік шеберлігін кемелдендіре, ұштай түсті. Сөйтіп, аударма пьесалар М.Әуезовтің драматургтік қызметінің аса бір өрісті де жемісті саласын құрайды. Жазушының аталған пьесаларды аударуда қолданған шығармашылық тәжірибесін қорыту, алуан түрлі көркемдік тәсілдерін, іздену жемістерін талдап, саралап ашу арнайы зерттеудің мақсаты болмаққа керек. Сондықтан біз бұл мақалада М.Әуезовтің төл пьесалары жайындағы азды-көпті ойларымызды ғана ортаға салмақпыз.

Жазушының драматургия саласындағы ең тұңғыш қалам алдыларының бірі – «Еңлік-Кебек». Алғаш жазылған кезінде сахара сауыққойларының ойыны арқылы Абай ауылында қойылған, кейін 1925 жылы қазақтың тұңғыш ұлттық профессионалдық театрының сахнасын ашқан бұл пьесаға автор да, театр да талай рет оралды. Пьеса өңделген сайын оның тынысы кеңейіе, көркемдік бояулары құбыла да құлпыра түсті. Пьесаның ең соңғы нұсқасын да, оның сахналық көрінісін де жұртшылық зор ықыласпен, мейірлене қарсы алды. Біз бұл пьесаға толық тоқталып жатпаймыз. Тек оның алғашқы және ең соңғы нұсқаларын салыстыра отырып, пьесаның қаншалықты жаңара да жаңғыра түскенін танытуды ғана мақсат етеміз. Сонымен бірге бұл жазушының көзқарасындағы, көркемдік әдісіндегі кемелденушілікті, оның шығармашылық эволюциясын байқауға да біраз мүмкіндік береді.

«Еңлік-Кебек» пьесасын драматург қазақ халқының өткен тарихында болған, ел арасына аңыз болып таралып кеткен оқиғаның негізінде жазған.

Жазықсыз өлтірілген сүйіскен екі жас – Еңлік пен Кебектің қайғылы қазасына деген аянышты, өкінішті сезімдер сол жастарды өздерінің қара ниеттерінің құрбандығы еткен әділетсіз, өктемдік күштерге қарсы кекті, ызалы сарынмен ұштасып отыратынын пьесаның көптеген көріністерінен анық байқауға болады. Феодалдық-рулық құрылыстың кертартпа әдет-ғұрыптарын, салт-жоралғыларын автор жеріне жеткізе әшкерелеуге тырысады. Бұл ретте пьесаның басты кейіпкерлерінің бірі Кеңгірбай бидің образын ерекше атау керек. Өзінің қоркау құлқынының жендеті болған ол параға сатылып, Еңлік пен Кебекті азаптап өлтіруге бұйырады. Қолын жазықсыз жандардың қанына батырғанына ол қымсынбайды. Кеңгірбай мұның бәрін ата жолы, дін ғұрпы, шариғат заңы дегендерді жамылғы ете отырып жасайды. Феодалдық-рулық құрылыстың кертартпалық сипаттарын жазушы осы Кеңгірбайдың бойына жинақтап берген. Бұл пьесаны М.Әуезовтің алғашқы кезіндегі шығармаларының көпшілігінен айрықшалап көрсететін де – оның осы қасиеті.

Жас драматургтың фольклорлық тақырыпқа бой ұруы пьесаның тек сюжеттік желісіне ғана емес, сонымен қатар шығарманың тіліне де, оның кейіпкерлерінің сөз саптауларына да белгілі дәрежеде әсер етпей қоймаған. Халықтың тіл байлығын, шешендік сөздер мен мақал-мәтелдерді автор мол және шебер қолданған.

Пьесаның соңғы нұсқаларында билердің қоркау құлқыны, оның ішінде Қарамендеңің де сыры анығырақ ашылған. Тілін безеп құр сайраған Қарамендеге драматург Абыздың атынан мына бір сөздерді айтқызады: «Уа, Қараменде, сені жұрт баба десе, мен сенен де гөрі кәрімін! Қостамаймын Кеңгірбайды, құптамаймын сені де! Елің... елің жоқ па еді Дадандай! Елің болса, қолың кәне? Тіпті тобың болмасын, тобырың кәне? Не тұрысың... мұжылып ку томардай?! Жапажалғыз ку сояудай... Не көмекке, қай керекке келдім дедің?.. Ер сәлемі әкелсе ерте келмес болар ма, ер-азамат тұрғысын! Сылдыр сөзбен шығарып сап сынайын деп кепсің ғой... Көлгір көзбен көлденең болғың кепті ғой... Алданбаймын... алдамаймын!..».

Абыздың осы сөздерінде Қарамендің бар шын сыйқы да, драматургтың оған деген қатынасы да айқын берілген. Абыз бейнесінің бағалылығы тек мұнда ғана емес. Пьесадағы басқа кейіпкерлердің образдарын аша түсуде де және авторлық идеяны айқынырақ танытуда да оның атқаратын қызметі ерекше. Ол – елдің зарлы гөй-гөйін шерткен, ер арманын аңсаған ізгі жанды адам. Кебек басына қастандық ойлап, сол қара ниеті ада болуы үшін, бата тілеп келген Есенге Абыз «Батыр десем, белге шықпай ойда ойнақшыр бейпіл ме ең. Азамат десем, ауыл үйдің тентегі ме ең?.. Кегім десем, зықымды алған зұңғарды айтсам не етуші еді? Ашуды айтсам, «ақтабан шұбырынды» ма еді ұмытарым, тастарым. Елдігім қайда сондағы? Кусам, соны кусамшы!» – дейді. Оның монологтары да, Асан қайғыша толғайтын сарыны да осыдан ел қамын ойлаған игі тілекті танытады.

Еспембет бастаған қатыгез жаулар Еңлік пен Кебектей екі боздақты атып өлтіргеннен кейін, олардың айдалада зарлап жылап қалған жас нәрестесін құшағына алып тұрып, ең соңғы сөзді де сол Абыз айтады. Еңлік пен Кебектің қазасына байланысты азалы оқиғаның трагедиялық түйіні де, жазықсыз құрбан болған жастардың қорқау ниеті билерге деген ыза-қарғысы да, олардан қалған балғын нәрестеге және сол арқылы болашаққа деген үміт те Абыздың соңғы монологында қамтылған. Мұны да автор әдейі жасаған. «Еңлік-Кебек» пьесасының соңғы нұсқаларында драматург сонау бір бейуақыттың жан түршігерлік шындығы мен сұмдығын аянышты да әсерлі етіп бере алған.

Отызыншы жылдарда жазушы тек тарихи тақырыппен, өткен күнді бейнелеумен ғана шектеліп қалған жоқ. Бұл кезде оның шығармашылығындағы жетекші, негізгі орынды кеңес өмірі, кеңестік тақырып алды. Бұл ретте оның «Тас түлек», «Ақ қайың», «Тартыс», «Алма бағында», «Шекарада» сияқты пьесаларын атауға болады.

«Тартыс», «Тас түлек» атты пьесалары бірсыдырғы тәуір шыққанын көреміз. Алғашқы пьесада автор қазақтың қалың еңбекшіл бұқарасының ортасынан шыққан және солардың мүддесін қорғайтын жаңа, жас интеллигенция өкілдерінің кеңестік жоғары оқу орнына орналасып алған ұлтшыл оқығандарға қарсы өткір тартысын бейнелейді. Жаңа интеллигенцияның өкілдері Есен Атрауов, Әбіш Жантеміров,

Оспанов. Темірбековтар пьесада айқын мақсаттың, кесек те батыл қимылдың адамдары ретінде көрінеді. Тізе қоса күресе отырып, өткір тартыста олар ұлтшыл оқығандарды идеялық жағынан талқандап шығады.

«Тас түлек» пьесасы да – өткір, шиеленіскен тартыска құрылған шығарма. Қондыбай байдың конфискеленуіне байланысты негізі салынған тартыс желісі пьесаның өн бойында, әртүрлі арнамен өрбіп барып, ақыр-аяғында шығарма сол негізгі тартыстың ымыраға келмейтін әлеуметтік күштер тартысының шешілуімен, жаңаның ескіні жеңуімен аяқталады. Күні кеше Қондыбай сияқты билеп-төстеушілердің тепкісінде болған, енді өз тағдырларының заңды қожаларына айналған Қамбар, Алатай, Сапар, Бөлтірік сияқты кедейлер ой-өрісі, дүниє тануы, қоғамдық өмірге белсене араласуы жағынан оқушының көз алдында өсіп отырады, бір сахнадан бір сахнаға биіктей түседі.

Кеңес шындығының, кеңестік идеологияның адам санасына ететін әсерінің қуатын, яғни ескі көзқарастар мен ескі психологияның күйреуін де драматург нанымды бейнелейді. Өйткені автор өзара тартысып жүрген әлеуметтік күштердің арасындағы конфликтінің өткірлігін әлсіретпейді, жуып-шаймайды, қайта оны өмірде болған шындық күйінде суреттейді. Осы конфликт үстінде пьеса кейіпкерлерінің тағдырлары танылады, өсу бағыттары айқындалады, сөйтіп пьесада шиеленістің өрбіп, шешілуі мен кейіпкерлердің өсуі, қалыптасуы тығыз байланыста алынған.

Конфискеленген бай Қондыбайдың қызы Шәкен өзінің әкесінен, туған-туыскандарынан біржола қол үзіп, кеңес адамдарының жағына шығады. Осы дұрыс бағытынан ол таймайды. Тіпті пьесаның соңғы актісінде өз әкесімен күтпеген жерден кездесу сахнасында да ол қобалжымайды, айнымайды. Ал пьесадағы екінші бір кейіпкер Кәмеш Шәкенге қарама-қарсы жағынан көрсетілген. Кәмеш өзінің ағасы Қамбардан, әкесі Арпабай мен шешесі Есбикеден айырылып, Құсбектің етегінен ұстайды. Құсбек «Шақпақ» совхозында ферма меңгерушісі болып, социалистік дәулетті талан-таражға салып, жаулық әрекет істеп жүргенде де Кәмеш онымен бірге болады. Пьесаның финалында шекарадан өтпек болып, қашар алдында Құсбек Кәмешті тастап кетеді.

Бұл екі кейіпкердің образдары арқылы автор өз тағдырын халықтың тағдырымен қосқан адамның болашағы жарқын, ал халықтан, өзінің әлеуметтік ортасынан қол үзген адам өмірдегі орнын таба алмайды, қайткен күнде де құриды деген ойды білдіреді.

Пьеса бастан-аяқ әрекетке, өткір тартысқа толы. Соңғы актіде тартыс әсіресе қатты шиеленіседі және тартыстың өрбуі де, шешілуі де оқушыны қатты қызықтырып, толғандырып отырады. Пьесаның тілі де шебер берілген. Көптеген кейіпкерлердің сөзінен авторлық юмор да айқын танылады.

М.Әуезовтің 1937 жылы жазған «Шекарада» атты пьесасы қырағылық, сақшылық тақырыбына арналған. Бұл пьесада шекарада және сол тұстағы бір ауданда болған оқиғалар суреттеледі. Пьеса өмірлік өткір тартысқа, өзара қарама-қарсы әлеуметтік екі тап өкілдерінің арасындағы конфликтіге құрылған. Пьеса кейіпкерлерінің алуан түрлі тағдыры мен талайы да, іс-әрекеттері де, характері де осы конфликтің өрбуі үстінде барған сайын терең де айқын ашылып отырады.

Шекарада күтпеген жерден кенет болған оқиғаны суреттеуден басталған пьеса оқушыны тартыс өрісіне бірден меңзейді, шығарма ситуацияларының қалыңына енгізеді. Бір жағынан, кеңес адамдарының, өз ауданы мен колхозының алға басуын тілейтін, сол жолда аянбай қызмет ететін айнымас патриоттардың, екінші жағынан, ауданның, сондай-ақ колхоздың басшы орындарына өтіп алған немесе сырттан келген жасырын жаулардың арасындағы аяусыз да өткір тартыс барған сайын шиеленісе түседі. Жасырын жаулар қолдарынан келген жауыздықтың бәрін де істеп бағады. Алғашқыда колхоздың социалистік дәулетіне зиянкестік жасап, колхозшылар арасында іріткі салуға тырысып, арандатушылық әрекеттер істеген бұл жаулар ақыр аяғында кеңес адамдарының өміріне қастандық жасауға дейін барады. Бірақ партияның, оның ішінде партияның аудандық комитетінің хатшысы Мұраттың іскер басшылығы арқасында кеңес адамдары бұл жаулардың топшысын үзеді, ұясын талқандайды. Пьеса тап жауларын арасынан аластаған, жауын жеңіп мерейі үстем болған және болашағына зор сенімімен қараған кеңес адамдарының шадыман қуанышын, қажырлы қайратын бейнелейтін жарқын көрінісімен аяқталады.

Автор қарама-қарсы күштердің арасындағы тартысты бәсеңсітпеген, сол тартыстың себебін де, салдарын да терең әрі нанымды ашқан. Пьесаның құнды сипаттарының бірі автордың онда ұнамды кейіпкердің – партия қызметкерлері өкілінің образын жасауға тырысуында. «Шекарада» пьесасында автор осы мақсатын біркелкі орындап та шыққан. Бұл ретте, партияның аудандық комитетінің хатшысы Мұраттың образын ерекше атау керек. Мұрат – әдебиетімізде, оның ішінде драматургияда жасалған ұнамды кейіпкерлердің көрнекті өкілдерінің бірі ретінде танылуға тиіс. Драматург Мұраттың жанды образын, тұтас характерін жасай алған. Мұраттың бойынан нағыз партия қызметкерлеріне тән іскерлікті, алғырлықты, ұйымдастырушылық қабілетті айқын танимыз. Ол қандай істің болмасын байыбына терең барлап, мәселені көрегендікпен, байсалдылықпен шешеді. Мұрат ауданның, оның ішінде колхоздың қалың бұқарасын, кеңестің айнымас адАл жігерлі адамдарын өз маңына берік топтастырады, соларға бекем сүйенеді және кескілескен күресте жеңіп шығады.

Сондай-ақ, халықтың қалың бұқарасының, яғни колхозшылардың өздерін жаңа өмірдің таңына жеткізген, өз тағдырына не еткен туысқан Коммунистік партияға деген берік сенімі, айнымас адалдығы және алғыс сезімі де пьесада айқын бейнеленген. Пьесаның көптеген кейіпкерлерінің – қарапайым еңбек адамдарының аузынан партия туралы шын жүректен айтылған, небір жылы, мейірімді сөздерді естиміз. Олар партияны, партия ұстаған саясатты сүйіп, жақтап қана қоймайды, сонымен бірге олар партияның тапсыруымен қандай болмасын қиындыққа қарсы баруға, сол жолда жан аямай әрекет етуге әзір. Ажар, Жарқын, Сәрсен, Конай сияқты алдыңғы қатарлы колхозшылардың образдары бұған айқын дәлел бола алады.

«Шекарада» пьесасы – өзінің тақырыбының тек ауқымдылығымен ғана емес, сонымен қатар ондағы кейіпкерлер образдарының нанымды да шынайы жасалуымен де біз үшін әлі құнын әлсіретпеген шығармалардың бірі болып табылады.

Отызыншы жылдарда қазақтың жас драматургиясы жаңа бір белеске көтерілді. Бұл, бір жағынан, бірсыпыра жазушылардың драматургияның тұрақты кадрларына айна-

луына байланысты еді. Сөз болып отырған кезеңде драматургия негізінен екі салада, яғни кеңес шындығын бейнелеу және тарихи тақырыпты игеру бағытында дамыды. Әрине, тарихи тақырыпқа арналған шығармалардың өздері де алуан түрлі болатын. Олардың ішінде С.Мұқановтың «Күрес күндеріндесі», Ш. Хұсаиновтың «Бораны», Ә. Тәжібаевтың «Терең көлі» сияқты азамат соғысының оқиғаларын қамтитындары да, Ғ. Мүсреповтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлуы» мен «Ақан сері-Ақтоқтысы», М. Ақынжановтың «Исатай-Махамбеті» тәрізді тарихи өткенге арналғандары да бар еді.

Халық ежелден бері сақтап келе жатқан фольклордың мұраларын, батырлық эпосы мен тарихи жырларын негізге ала отырып драмалық шығармалар жазу да осы отызыншы жылдардағы драматургиямызда ерекше орын алды. Фольклорлық шығармаға сахналық өмір берудің, тың тыныс бітірудің шеберлікпен жасалған үлгісі – Ғ.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлуы». Халық талай ғасыр бойына жадында сақтап келген жырдың негізінен алыс кетпей, жазушы оның бойындағы драмалық түйінді таба білген. Сөйтіп, ол махаббат еркіндігіне ұмтылған қазақ жастарының жан сезімдерін аялап, жүрек күйлерін толқытып келген сүйікті кейіпкерлердің трагедиялық тамаша бейнелерін жасады.

Тарихи дастандар негізінде драмалық шығарма тудыруда өзін ақтаған осы принципті М.Әуезовтің «Айман-Шолпан», «Бекет» атты күйлі пьесаларынан да табамыз. Бұлардың ішінде «Айман-Шолпан» ерекше атауға әсіресе тұрарлық. Ол өзінің бар болмыс-бітімімен, жанрлық ерекшеліктерімен, көркемдік келісімдерімен классикалық комедияға тән сипаттар мен белгі-бедерлерді соншалықты мол танытты.

«Айман-Шолпан» жырындағы негізгі идея – жастар еркіндігін аңсау, махаббатқа адалдық, беріктік сарындары М.Әуезов пьесасының да негізгі мазмұнын құрайды. Сондай-ақ жырда мол ұшырасатын халықтық юморды да драматург өз пьесасының өн бойына мол дарыта алған. Сол арқылы жазушы дәулеттің буына піскен Маман бай мен адуын, даңғой батыр Басыбардың ұнамсыз қылықтарын келеке етіп отырады.

Пьесадағы ең ұнамды кейіпкерлер – апалы-сіңлілі екі қыз Айман мен Шолпан. Драматург оларды ақылды, сабырлы, өткір тілді әрі тапқыр жандар ретінде бейнелейді. Бұл рет-

те де ол жырдың аукымынан алыстап кетпегенін атап айтуға керек. Айман мен Шолпан жырда да басты кейіпкерлер болатын. Сондықтан да жыр солардың есімдерімен аталатын. Халық талай уақыт бойына жүрегінде сақтап келген осы сүйікті бейнелерді драматург өз пьесасында шынайы мүсінде қайта жасай алған.

«Бекет» пьесасындағы негізгі тақырып – халықтың қалың бұқарасының билеп-төстеуші хан-сұлтандарға қарсы күресі. Бұл күресті Бекет батыр басқарады. Рас, «Айман-Шолпан» пьесасында қозғалған негізгі тақырып – махаббат еркіндігі туралы тақырып «Бекетте» де бар. Бірақ ол «Бекетте» негізгі тақырыптық желілердің бірін ғана құрайды. Мұнда халықтың тағдыры, оның арманы мен азаттық жолындағы алыс-тартысы ең алғы планда. «Бекет» пьесасы да белгілі тарихи оқиғалардың негізінде жазылған және автор сол тарихи шындық шеңберінде қала отырып, идеялық мақсатына жете алған.

Бұл шығармалардан кейінірек жазылған «Қобыланды» пьесасын да осы тұрғыдан қарау керек. Қазақтың ежелгі батырлық эпосын негізге ала отырып, жазушы идеялық қуаты күшті патриоттық шығарма жасай алған. Батырлық эпостың кейіпкерлері пьесада өз тұлғаларына сай, яғни сол көне заманның адамдары ретінде бейнеленген.

«Қобыланды» пьесасы өзінің көркемдік ерекшеліктерімен де құнды. Онда батырлық тақырыпқа сай өткір тартыс бар. Пьесаның тілі әсіресе ажарлы, лепті. Кейіпкерлердің монологтары мен диалогтарында тапқырлық, шешендік өрнек-нақыштар мол. Бұл ретте драматургтың ауыз әдебиетіндегі шешендік, афористік үлгілерді шеберлікпен пайдаланғанын және өз тарапынан да тапқыр ізденгіштік танытқанын көреміз.

М.Әуезовтің отызыншы жылдардағы пьесаларын сөз еткенде оның «Түнгі сарын» пьесасы ерекше атап өтуді керек қылады. Өйткені бұл пьеса жазушының үлкен талантын және шығармашылық мол мүмкіндігін айқын танытты.

Жоғарыда айтылғандай, пьеса қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысын суреттеуге арналған. Автор бұл көтерілісті жаппай, қалың бұқаралық қозғалыс ретінде бейнелейді. 1916 жылғы көтеріліс патшаның қазақтан майдандағы қара жұмысқа жігіт алу туралы жарлығына бай-

ланысты бұрк стіп басталғанмен, оны тудырған себептер әлдекайда терең және алыста болатын. Бұл – халықтың үстем тап өкілдеріне, екіжақты қанауға қарсы ызасы мен өшпенділігінің қаулап тұтанып, сыртқа шыға келген бір кезеңі еді. Көтерілісті бастаушылардың бірі Тәнеке уезд бастығы Казанцевке былай дейді: «Біз осы Жыланды болысындағы ылғи кедей, әлсіз, зорлық көрген еліміз. Бізді ұлық бір ренжітеді... Бес старшын елдің қыстау, жайлау қылған алақандай жері бар еді. Сары көл. Соны бұрын үш рет кесіп-кесіп алып қатты тарылтқан еді. Қазір тағы алады деп есітеміз. Біз қайда бармақпыз! Былтыр жер азайып, пішендік кеміп қалып, қалың елге қатты тарлық болды. Екінші мына болыс зорлық етеді, ол да сол жердің қалғанына қол сұғып қыстау салам деп отыр. Оның үстіне мына паверкеге баратын жігітті ылғи біздің елден жазды. Өзінің бай ру, жуан ауыл Мықтыбайы – отыз ауыл. Солардан бірде-бір жігіт жазған жоқ. Осы не қылық? Бізді әдейі сорласын, басын тауға, тасқа ұрсын, содан барып қырғын тапсын деген қылық па немене? Содан басқа жоқ деп білеміз. Мына ел бүлінбесін десеңдер, ең әуелі жерімізді қалдыр. Екінші мына тізімді елмен отырып, өзіміздің келемізге салып отырып тіз. Болыстың арам, жалған списогіне көнбейміз, оған бала бермейміз, одан да осы жерде қырып сал дейді мына ел. Бұл – барлық ел тілегі».

Міне, Тәнекенің осы сөздерінен көтерілістің негізгі туу себептері де, сондай-ақ көтерілісшілердің алдына қойған басты-басты мақсат-мұраттары да айқын аңғарылады.

Көтерілісшілер және оларды бастаушы Тәнеке мен Жантас әуел бастан-ақ болыстар мен ұлықтардан өздерінің ара-жігін үзілді-кесілді ашып алады. Бұл олардың саяси көрегендігінен емес, өмірден алған сабағынан, таптық мүддесінен туған. Болыс Майқан мен оның оқыған ұлтшыл досы Кәрімнің бүкіл ел мүддесін, халық тілегін сатып кететіндігіне бірден ден қоймаған, қобалжып шұбәланған Сапа мұғалімге Жантас былай дейді: «Мен сіздердей көзі ашық адам емеспін, бірақ ер баткан соң, жорғалақ шығады. Біз болыстың айласы мен салмағы аркамызға аяздай баткан елміз. Сондықтан көргішірек болған шығармыз».

Бірақ болыстың да, басқа ұлық-төрелердің де елді алдап-арбайтындығын, халықты сатып кететіндігін осылайша көре білгенмен, дұрыс түсінгенмен, олар көтерілістің ба-

рысында көп солкылдактық, осалдық жасайды, көп реттерде қапы қалады, олардың арасында ауыз бірлік те, тізе қоса қимыл жасау да болмайды. Пьесаның ең соңғы актісінде жаудың қоршауында қалып, тау арасында бекінген көрініс те осы жайды ашғарта келіп, Жантас былай дейді: «Тізе қоса алмадық. Болмаса бұл қанішер ояз, қанішер ұлыққа әлекті салар едік». Расында да, көтерілісшілерде батыл қимыл, кесек әрекет аз. Пьесаның бүкіл өн бойында олар көбіне болыс пен ұлықтарға қайта-қайта келіп сес айтумен, майданға жөнелтілуге тиісті болған жігіттердің тізімін тартып алумен, Майқан болысты өздерімен бірге тау асырып алып кетумен, байлардың малына қол салумен, тағы сол сияқты әрекеттермен ғана шектеледі, кесек қимылға баспайды. Олар тіпті қолдарында тұткын болып отырған Майқан болысты жазалауға да асықпайды. Майқан күтпеген жерден, кездейсоқ өлтіріледі. Оны қашып бара жаткан жерінен Бөрібасар атып тастайды.

Көтерілісшілердің негізгі кателіктерінің бір тамыры олардың осы енжарлығында, батыл қимыл жасай алмауында. Олар ең ақырында өздерін жазалаушы отрядтар қоршап алып, соғысканда ғана қару жұмсайды, актық демдері таусылғанша қарсы алысады. Сондай-ақ көтерілісшілерде айқын программа да жоқ. Егер болыс пен ұлықты, олардың жазалаушы отрядтарын жене қалған күнде де ертең не істейтінін олар сапалы түрде түсінбейді, тіпті бұл жайында ойламайды да. Көтеріліс женілуге айналып, ел басына ауыртпалық түскен шакта налыған, қалжырап, қобалжыған Сапаға Жантас: «Ешнәрсе етпес. Еттен өтіп, сүйекке жеткен қорлық, зорлық еді. Әйтеуір соған қарсы бір де болса қылыш суырып, оқ аттық. Қалғаны не болса да – арман емес. Маңдайымызға жазғанын көріп алармыз», – дейді.

Көтеріліс ақырында, әрине, женіліспен тынады. Жантас және басқа да көптеген көтерілісшілер өмірінің актық сәттеріне дейін беріспей, жан аямай алысады, ақыры сол өздері бастаған кекті күрес үстінде қаза табады. Ал Тәнеке бастаған көтерілісшілердің бір тобы құтылып кетеді. Бұл эпизодта үлкен мән бар. Жантастар өлгенмен, көтеріліс уақытша ғана толастады. Ол әлі қайтадан тұтануға, өрістеуге тиіс. Ал оны өрістететіндердің катарында сол Тәнекелер де болмакқа керек. Тәнекелердің аман құтылып кетуінің сыры

да осында. Пьесаның аяқталуы да мейлінше ауыр, қайғылы болғанмен, оқушы пессимистік әсерге берілмейді, қайта ол «тұсау кескен» елдің қанат қағатынына, көгеретіндігіне кәміл сеніп отырады.

Тұтастай алғанда «Түнгі сарын» пьесасы қазақ қоғамының революцияға дейінгі өмірдің шындығын типтік жағдайларда суреттейді және сол 16 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының таптық мәнін, сипатын да терең әрі мейлінше дұрыс ашады.

Пьесада көптеген толыққанды образдар, есте қалатын айқын характерлер бар. Бұл ретте Жантас пен Тәнекенің образдарын ең алдымен атауға керек. Халықтың ортасынан шыққан бұл кейіпкерлердің бойынан сол халықтың өзіне тән қасиет, мінездерді мол табамыз. Өнерлі, балуан, мерген Жантас уақыт талап етіп, кезегі келгенде атқа мінген, қолдарына қару алған жігіттерге басшылық ететін дәрежеге көтеріледі. Біз оны қайратты, жігерлі, табанды жігіт ретінде көреміз. Көтеріліске байланысты жалпы ауыртпалықтан басқа Жантас жеке өз өміріне байланысты да талай драманы басынан кешіреді. Майқан болыстың інісі, еріккен, масыққан Нұркан Жантастың қалыңдығы Мөржанды мазақ қылып, ұятын төкпек болып әрекеттенеді. Оның бұл арам ойы жүзеге асуы үшін жеңгесі Жүзтайлақ та қолынан келген айла-шарғысының бәрін жасап бағады. Мөржан да, Жантас та олардың бұл айуандық қылықтарына батыл қарсылық жасайды, өздерінің рухани адалдығын, жан тазалығын сақтап қалады.

Қараңғылық, надандық торына шырмалған әрі Жүзтайлақ пен Қыдыштың азғырындысына ерген Ділдә кемпір болыстан үзілді-кесілді қол үзіп, оған жауығып кеткелі тұрған баласы Жантасқа алғашқыда ермей, болыстың босағасында қалып қояды. Бұл жағдай да Жантасқа ауыр сын әрі аяусыз соққы болып тиеді. Бірақ бұл ретте де ол өзінің берік мақсатынан айнымайды, жеке бастың мүдделері мен сезімдерінің барлығын да ортақ күрестің мұраттары үшін құрбан етеді. Өзі басқарған көтеріліс сәтсіздікке ұшыраған сәтте де Жантас жасымайды, өкінбейді. Ол өзі мақсат еткен күрес үстінде қаза табады, жастығын бірге ала жығылады. Сайып келгенде, Жантас образы арқылы драматург халықтың қалың арасынан шыққан, соның қамын жейтін, халықтың

азаттығы жолындағы күрес үстінде қаза тапқан патриот ұлдың тағдыры мен іс-әрекетін шынайы бейнелеген.

Пьесадағы Жантас алуандас образдардың бірі – Тәнеке. Ол өмірден ащы-тұщысын көп татқан, көргені мол, оның үстіне ешкімнен тайсалмай, шындықты бетке айтатын, өткір тілді, уытты адам. Халықтың қалың ортасынан шыққан Тәнеке пьесада сол шындықтағы дәрежесінде, яғни халықтың нағыз өкілі ретінде көрінген. Жасы елудің белінен асқанына қарамастан, ол осы халқы, елі үшін атқа мініп, қару асынып жүр. Халықтың ең жақсы қасиеттерін – адалдық пен турашылдықты, өткірлік пен даналықты өз бойына мол сінірген осы бір картты драматург соншалықты мейірлене, сүйісіне суреттейді. Сондай-ақ осы Тәнеке алуандас образды, яғни халық даналығын бойына жинаған кейіпкердің шынайы образын жасауға жазушының үнемі оралып отыруы да тегін емес. Бұл – халықтың және оның типтік өкілінің бейнесін жасауды жазушы әрдайым алдына үлкен мақсат етіп қойып отырғанын көрсетеді.

Жазушының кейініректе жазған тамаша шығармалары – «Абай» және «Абай жолы» романдарындағы Дәркембайдың образынан окушы осы Тәнекенің де тұлғасын танып отырады. Бірақ Дәркембай образы Тәнеке образының көшірмесі, соның бір сынары ғана деген ұғым бұдан, әрине, тумаска керек. Дәркембай образында жазушы Тәнеке бойынан табылатын халықтық сипаттар мен характерді әлдекайда терең әрі мейлінше айкын бейнелеген. Сондай-ақ бұл Тәнеке образының құнын да кемітпейді. Қайта бұл екі образды өзара байланыста және бірі екіншісінің заңды жалғасы ретінде алып қарауға керек. Сонда мұнымен қатар жазушының шығармашылық эволюциясын дұрыс байқауға да біраз мүмкіндік аламыз.

Пьесаның негізгі кейіпкерлерінің бірі Сапа айтқандай, Тәнеке – «меңіреу қара түнде» қанат қаққан «үміт карлығаштарының» бірі. Пьесада Тәнеке бастаған бір топ көтерілісшілердің колға түспей кетуінде де көп мән бар. Тәнекелер өздерімен бірге азаттық күресінің болашағын, заңды жалғасын ғана емес, сонымен қатар сол күрестің үмітін де ала кетті. Тәнеке образының ең бір ерекше сипаты мен оптимистік қуаты да осында.

Пьесадағы оқшау тұрған образдардың бірі – Сапа мұғалім. Оның бойында қайшылық, шытырман көп. Ол алғашқыда көтерілісшілермен бірге боламын деп Жантасқа уәде береді. Біресе өзінің Сәруәрдай адАл оқыған зайыбы барын ұмытып, Жүзтайлаққа емексіп, соның «құманын ұстап жүреді» немесе сол Жүзтайлақтың сөзін қимай, болыстың інісі Нұрқанды көтерілісшілердің қолынан арашалап алады. Майқан болыска, Керімдей ұлтшыл оқығанға алғашқыда үмітпен қараған Сапа көтерілістің барысында талай рет солқылдақтық та жасайды. Бірақ осындай ұсақ буржуазияшыл-либералшыл бағытта болып келген Сапа ақыр аяғында көтерілісшілер жағына біржола шығады. Ол үстем тап өкілдері өзінің қас дұшпаны екенін ашық айтады, халықтың азаттығы жолында құрбан болғандарды мактан етеді. Бүкіл шығарманың әлеуметтік тынысын сездіретін ең соңғы қорытынды сөздерді – оптимизмге толы сөздерді автордың Сапаға айтқызуы да тегін емес. Сапа образы арқылы жазушы қазақтың революциядан бұрынғы интеллигенциясының кей өкілдері күрделі жол өтіп келіп, ақыр аяғында халыққа қосылғанын көрсетеді.

Пьесаның ұнамсыз кейіпкерлері жайында сөз еткенде ең алдымен атайтынымыз – Жүзтайлақ. Дәурені өтіп, құрып бара жатқан үстем тап өкілдеріне тән азғындық сипаттардың барлығын драматург осы Жүзтайлақтың бейнесінде жинақтап берген.

Жантаспен бұрын жақын болғанын жұрт көзінше ұялмай, өз аузынан талай рет айтқан ол Жүністі арбап, оған тыңшылық әрекеттер жасатады, Сапа мұғалімді де сықырлы торға шырмайды, тіпті уезд начальнигі Казанцевке де «қолынан сипатып», оған «ішік жауып, жылытып» жүреді. Жүзтайлақтың арсыздығы, ұятсыздығы оның осындай жария әрекеттерінен ғана емес, сонымен қатар сөздерінен де, басқа адамдармен қарым-қатынастарынан да көрінеді.

«Осындай сайқал әйелдің образы сол кездегі қазақ қоғамы үшін тән бе, бұл жиі кездесетін құбылыс па еді?» деген заңды сұрақ туады. Рас, сол кезде мұндай адамның мүлдем аз болуы мүмкін. Бірақ жазушы бұл құбылысты образ ретінде алып, типтендіріп дұрыс жасаған. Осы арқылы автор Жүзтайлақ өкілі болып табылатын үстем таптың рухани жағынан мүлдем құлдырап, азғындағанын жеріне жеткізе

әшкерелеген және бұл құбылыстың әлеуметтік мәнін терең ашып бере алған.

Ұнамсыз кейіпкерлердің ішінде характерлері бірсыдырғы айқын берілгендер – уезд начальнигі Казанцев пен Қыдыш. Пьесадағы оқиғалар барысына, тартысқа онша көп араласпағанмен, бұлардың образдары жеткілікті дараланып суреттелген.

«Түнгі сарын» пьесасы өзінің тек идеялық тереңдігімен ғана емес, сонымен қатар көркемдік кемелдігімен де құнды болып табылады. Тарихи тақырыпқа арналған бұл шығармада оның негізі саналатын тарихи шындық дұрыс та терең әрі көркем бейнеленген. Пьеса кейіпкерлерінің көпшілігін автор типтік жағдайларда және типтік характерлерде суреттей алған. Пьеса әлеуметтік мәні зор өткір де шынайы шиеленіске құрылған. Осы конфликт шығармада нанымды түрде өрбіп, шиеленісіп барып, заңдылықпен шешіледі және осы конфликтінің өрбуі барысында кейіпкерлердің характерлері де барған сайын тереңірек айқындалып, кеңінен ашылып отырады.

Пьесаның көркемдік құндылығы оның тілінің суреттілігі мен бейнелілігінен де айқын көрінеді. Бұған қоса пьесаның тілі кейіпкерлердің характерлерін мол ашуға қызмет етеді. Бір ғана мысал келтірелік. Болысқа қарсы алғаш рет қаптап келген жігіттерді үйге кіргізбейтін болып, Нұркан мен Қыдыш дауыс көтергенде Тәнеке былай дейді: «Құба құстың тұмсығы етіне тисе, атаның төрі түгіл көріне кірерсің, кір жігіттер». Осы бір образды сөздерде Тәнекенің қайнап келген кекті ашуы да, бетке баса айтатын өткірлігі де, халықтық даналықты аңдататын шешендігі де айқын әрі шебер берілген.

Қорыта айтқанда, «Түнгі сарын» – жазушының творчествосында, әсіресе драматургия саласындағы қызметінде көрнекті орын алған, автордың өзі үшін кезеңдік шығарманың рөлін атқарған пьеса.

Қырқыншы жылдар М.Әуезов үшін шығармашылық өрлеу, кемелдену кезеңі болды. Бұл жылдарда жазушы драмалық көптеген шығармалар жазды. Олардың ішінде басты-бастылары – «Абай» трагедиясы (1941), «Сын сағатта», драматург Ғ.Мүсіреповпен бірігіп жазған «Қынаптан қылыш» пьесалары.

Бұлардың ішіндегі нағыз нәрлісі, ең шынайысы – «Абай» трагедиясы. Бұл трагедия жазушының көркем шығармада Абай образын жасауға талпынуындағы сәтті табысы және Абай туралы болашақ кесек романдардың барлаушысы, хабаршысы есепті.

М.Әуезов бұл пьесаны орыс жазушысы Л. Соболевпен бірігіп жазды. Екі ұлт әдебиеті өкілдерінің творчестволық ынтымағы жақсы нәтиже берді. Олар Абай туралы реалистік қуаты мол, көркем пьеса жасай алды.

Бұл трагедияда Абайдың өмірі мен шығармашылық қызметі тұтас, толық қамтылмайды. Өйткені бұл пьесаның идеялық-көркемдік міндетіне енбейді және оның шеңберіне сыймайды да.

Пьеса Абай өмірінің соңғы кезеңін суреттеуге арналған. Бұл – ақын-Абайдың, ойшыл-Абайдың әбден кемеліне келген шағы. Пьесаның бүкіл өн бойына Абайды, бір жағынан, ескі феодалдық-рушылдық кертартпалық заңдар мен әдет-ғұрыптарға, екінші жағынан, қазақ даласына қаралы да зарарлы қанатын енді жая бастаған панисламизмге қарсы арпалысқан күрес үстінде көреміз. Трагедия көңіл қосқан екі жас – Айдар мен Ажарды бір-бірінен айырып, оларды аяусыз жазаламақ болған Нарымбет, Оразбайлардың бүлікшіл, содырлық әрекеттерін суреттеуден басталады. Осыған байланысты туған тартыс барған сайын шиеленісе түсіп, драмалық нағыз өткір конфликтіге айналады. Пьесаның көптеген идеялық мотивтері осы конфликтінің өрбуі, шешілуі барысында айқындалып отырады. Бірақ пьесаның ең негізгі және басты тақырыбы – Айдар мен Ажардың сүйіспеншілік тағдыры емес. Сайып келгенде трагедияның негізгі тақырыбы – Нарымбет, Оразбайлар арқылы бейнеленген топастық, жауыздық дүниесі мен Айдар, Ажарлардың бас бостандығына, сүйіспеншілік бостандығына ұмтылған батыл әрекеттері арқылы өзінің болашағын таныта бастаған жаңа, жас күштердің арасындағы ымыраға келмейтін тартыс. Абай пьесада осы жаңа күштердің бастаушысы, жаршысы ретінде көрінеді.

Айдар мен Ажар дауына билік айтылатын көрініс – пьесаның ең бір таңдаулы беттері. Біріне-бірі қарсы алысатын әлеуметтік екі күш осы көрініста өздерінің тілек-мақсаттарын да, шын сырын да тіпті күрес құралдарын да

әсіресе терең танытады. Оларға автордың өз қатынасы да осы көріністе мейлінше айқын аңғарылады. Дала өміріндегі кертартпалықтың, надандықтың бар сорақылығын бойларына жинап алған Оразбай, Нарымбет, Жиренше сияқты ку мүйіз билер елді сол надандықтың торына шырмай беруге, жаңашыл, прогресшіл нышандардың барлығын тұншықтырып тастауға тырысады. Олардың бұл ниетін Абай бұлтартпай таниды және осыны халық алдында масқара етіп, беттеріне басады: «Ат мініп, аспап асынып, алыстан жау іздеп қайтесің сен, Оразбай?! Сенің жауың өзіңде, өз ішіңде. Ол осы тұрған надандығың, қараңғылығың... Сен жабыссаң, өткен күннің қараңғылығына жабысасың. Мен алыссам, келешектің жарығын іздеп талпынам ғой. Бірақ қанды ауыз қасқыр өзін жейтін жолбарыс барын ойлай ма? Сені жейтін жолбарысың сол соқырлығың ғой».

Айдар мен Ажарды өлтірмек болған жендеттердің қанды шеңгелінен бұл жастарды Абай босатып алады. Бұл батыл әрекеті арқылы Абай тек сүйіскен жастарды қанды ноктадан құтқарып қана қойған жоқ, сонымен қатар ол прогреске жандары қас мылқау, қара күштерге қарсы тойтара соққы да береді. Ол Оразбайлар ұстап отырған жолдың әділетсіз де теріс екендігін, ал олар аруағын «әулие» тұтып, медет етіп отырған Қабанбайдай аталардың өзі де қанішер болғандығын бүкіл халық алдына әшкерелейді. Осылайша жұрт көзінше масқара болған әрі ойлаған мақсаттарына жете алмаған Оразбай, Нарымбеттер Абайға деген ашық жаулықтан енді жасырын қастандыққа ауысады. Әзімхандай топас ұлықтың демеуімен олар сайлауға келген Абайды қапысын тауып сабатады. Міне, бұл көрініс Оразбайлардың қандықол жауыздығын, арсыздығын ғана емес, сонымен қатар олардың дәрменсіздігін, яғни Абаймен идеялық тартыска жарамағаннан кейін жасырын қастандыққа басқанын айқын көрсетеді.

Пьесада көтерілген басты проблемалардың бірі – Қазақстанның Ресейге қатынасы туралы мәселе. Автор бұл проблеманы да мейлінше шебер әрі дұрыс шешкен. Пьесада екі түрлі Ресейдің өкілдері бар. Олардың қазақ қоғамына, қазақ халқына қатынасы әртүрлі. Егер Абайдың досы Долгов дала өмірінде көріне бастаған прогресшіл нышандардың барлығын қуаттап, қуанса, қазақ халқына деген шынайы

достық сезімімен көрінсе, ал полицеймейстер қатал өктем Ресейдің нағыз дөрекі өкілі ретінде суреттелген.

Абай өз халқына прогресшіл, демократиялық Ресейді, соның озық ойлы ұлдарын үлгі етсе, панисламист Керім халықты, тіпті Абайдың өзін де бірден-бір дұрыс жолдан тайдыруға, олардың бетін кертартпашыл шығысқа қарай бұруға тырысады. Оның бұл арамза, көлгір ойын бұлтартпай таныған Абай былай дейді: «Қауымым – халқым. Пушкинді сен танымасаң, сол таниды. Соның ұлы-қызы, жас-кәрісі таниды. Жалған кітап орнына шындық жырын жырлап жүрген ел бұлағы, халық ақыны таниды». Сондай-ақ дәл Керімнің, яғни өзінің Айдардай досына у беріп өлтірген адамның панисламист болып шығуында да мән бар. Досын өлтірген, туыстарына қастық жасап жүрген жауыз сұм, әрине, халыққа да ешқандай опа көрсетпек емес. Керім образы арқылы автор сол кезде енді ғана туып келе жатқан панисламизмнің әлеуметтік зиянды сырын өткір әшкерелеген.

«Абай» пьесасы – автордың драматургтік талантын айқын таныткан, үлкен шеберлікпен жазылған шығарма. Пьесада басы артық немесе орынсыз тұрған бірде-бір көрініс жоқ. Пьесадағы әрбір көрініс, әрбір деталь шығарманың негізгі идеясын тереңірек ашуға қызмет етеді. Сондай-ақ пьесадағы алуан түрлі тартыстардың барлығы да нанымды түрде өрбіп, заңдылықпен шешіледі.

Пьесаның тілі де мейлінше көркем және әрбір кейіпкердің характерін, психологиясын анық танытып отырады. Егер Оразбай, Нарымбеттердің сөздерінде топастық пен тағылық, Керімнің сөзінде көлгірлік пен арамдық елес беріп отырса, ал Абайдың сөзі терең ойлы әрі мейлінше шешен болып келеді. Тіпті әрбір кейіпкердің сөзі оның сол сәттегі жан толқындарына, көңіл-күйіне қарай түрленіп отырады. Мысалы, Абайдың Айдарлар дауына байланысты билікте сөйлеген сөздерінде тақпақтап айтылатын, небір шешендік өрнектері мол кездессе, өзінің ақын шәкірті Айдар Енлік-Кебек жайын жыр етпекші болғанын естігендегі сөзінде толқынған шын ақындық көңілдің шабытты сезімі бар («Бәсе, меруерт толқын атқан судан туса, кейде саф таза жыр толқыған ойдан туатын»). Ал Әзімхандай білім алған, оқыған адамның тоғышарлығын, қуыс кеуделігін танып түңілген сәттегі Абайдың сөзінде тіліп түсетін өткір мысқыл

бар: «Қаңғырлаған қоңыраудың іші қуыс екен ғой, тәңір». Міне, бұл сөздер, бір жағынан, Әзімханның да ішін ақтарып көрсетеді.

Пьесада Абай өмірдің, сұм тағдырдың ауыр соққысына талай рет ұшырайды. Ол Айдардай талантты ақын шәкірті мен Әбіш, Мағауия сияқты сүйікті балаларынан өлідей айырылса, Долговтай асыл досынан тірідей айырылады. Оразбай, Нарымбеттер мен Тәкежан, Керімдер де Абайға қайғы үстіне қайғы қосады. Осынай ауыр мұң үстінде, жан күйзелісіне ұшырай жүріп Абайдың өзі де қайтыс болады. Автор халықтың Абайдай ардагер ұлының басындағы трагедиялық ауыр халді шынайы суреттей отырып, сол бір бейуақтың шерлі сарынын естіртеді, халықтың өз бойындағы трагедияны терең ашады. Бұл – пьесаның терең халықтық сипатының айқын куәсі.

Өз басынан қанша ауыр жан азабын, рухани кейістікті көп кешкенмен Абай сол бейуақтың өтетініне, халықтың болашағына сенеді. Осы сенімнен ол өмірінің ақтық деміне дейін айнымайды: «Туар ертең, жаңа жыл... Келер ертең жаңа төл... Ең ақырғы сағатым... соңғы ғана тынысым ғой... Оны достарыма... достыққа берем, дұшпаным емес, еліме, еліме берем!». Абай туралы трагедияның ерекше құндылығы, оптимистік қуаты осы бір сөздерде айқын бейнеленген.

Қазақтың ұлы ақынының өмірі мен қызметі жазушы шығармашылығының ең басты, өзекті тақырыбына айналды. Абайдың нағыз кесек әрі мейлінше шынайы бейнесін М.Әуезов өзінің жұртшылыққа кеңінен мәлім реалистік романдарында әсіресе терең жасады.

М.Әуезовтің қырқыншы жылдарда жазған пьесалары өздерінің көркемдік дәрежесі жағынан әралуан. Бұл ретте оның Ұлы Отан соғысының ай-күндерінде жазылған, ел басына қысылшаң күн туған шақтағы майдан мен тыл өмірін көрсетуге арналған «Намыс гвардиясы», «Сын сағатта» атты пьесаларын атауға болар еді.

М.Әуезовтің драмалық шығармаларының тақырыптық аясы мейлінше кең, көркемдік бояулары әралуан екені осы шағын шолудың өзінен де анық байқалса керек.

Оның пьесаларындағы уақыт рухын аңдататын өткір коллизиялар, шеберлікпен киюласып берілетін архитектоника, көркемдік тұтастық, нәр-нақышы мол, саф таза диа-

логтар, тартыстардың драмалық зор түйінге жетіп барып тарқатылуы сиякты ерекше сипаттар – осының анық айғағы.

Ұлттық кенестік драматургиямызды қалыптастырып дамытуда да, оны алуан түрлі көркемдік амал-тәсілдермен молықтыруда да М.Әуезовтің еңбегі ересен зор.

Үндістан көріністері

Халықтардың өзара бауырласып жақындасуында, олардың бірін-бірі біліп тануында әдебиеттің атқаратын рөлі аса зор. Бұл міндетті көркем аударма әсіресе мол атқарады. Мұны өз кезінде орыстың ұлы сыншысы Белинский де атап көрсеткен болатын. Ол осы мәселені мейлінше кең тұрғыда қоя келіп, былай деп көрсетті: «...ең бастысы халықтардың бірімен-бірі танысуы, идеялардың өзара алмасуы және осыған орай әдебиеттер мен ақыл-ой козғалысының шешек атып гүлденуінің өзі бір халық әдебиетінің шығармаларын басқа халықтың тіліне аударуға негізделеді». Көркем аударманың бұл маңызы қазіргі жағдайда ерекше артып отыр.

Сондай-ақ көркем әдебиеттің халықтарды табыстырып, өзара ұғыныстырудағы мүмкіндіктері мұнымен, яғни көркем аударма саласымен ғана шектеліп, тынып қалмайды. Көркем сөз шеберлері бұл міндетті басқа елдер мен халықтардың өмірі, тағдыры жайында өз ана тілінде арнайы шығармалар тудыру аркылы тікелей де шеше алады.

Осы екі жағдай өзара тығыз байланысты, сабақтас болуға тиіс. Біздің қазақ кеңес әдебиетінде басқа халықтардың әдебиетінен аударылған шығармалар өте мол десе де болғандай. Бұл, әрине, жақсы. Бірақ басқа халықтардың, әсіресе шет жұрттың өмірі жайында өзіміздің қазақ жазушыларының қаламынан туған шығармалар жоқтың қасы. Рас, әдебиетіміздің өркендеп өсу жолына ой көзімен оралғанда онда осы тақырыпқа арналған өлең-поэма, әңгімелер ара-тұра ұшырасатынын көреміз.

Дәл осындай ділгір күйде, яғни окырмандар өз жазушыларымыздың шет жұрт өмірін бейнелейтін шығармаларына мейлінше зәру болып отырған жағдайда аса көрнекті суреткеріміз Мұхтар Әуезовтің «Үндістан очерктері» атты кітабының жарыкка шығуы – әдебиетіміздегі елеулі құбылыс.

М.Әуезов 1955 жылы кеңес мәдениеті қайраткерлерінің делегациясы құрамында Үндістанда болып қайтты. Ол сан ғасырлық тарихы, ежелгі мәдениеті бар бұл елдің көп уалаяттарын аралап, талай-талай ғаламаттарын көрді, ұмытылмас әсерлер алды. Осы кітап жазушының сол әсерлерінің, байқап барлағандарының негізінде туған. Автор Үндістан туралы очерктерін кезінде газет беттерінде жариялаған болатын. Жеке кітап етіп шығаруға дайындағанда жазушы сол очерктерін молықтыра, тереңдете түскен. Сөйтіп, қазақ оқырманының қолына үнді халқының өмірі мен тағдыры, мәдениеті мен тұрмысы туралы, ғажайып жұмбақ сырларға толы осы елдің өткені мен бүгінгісі туралы баяндайтын қызғылықты да тартымды кітап келіп тиді.

Жазушы кітаптың «Ұшқыр қанат астында» деген тарауында бүкіл Еуропаны көктей ұшып, Орта Теңіз сулары мен Арабстан шөлдерінен өтіп, Делиге келгендігін қысқаша баян етеді. Осыдан кейін ол Үндістан жайын әңгімелеуге кіріспестен бұрын мына бір жайды ескертеді. «Үндістан жөніндегі осы кітапты мен, әрине, роман, повесть тәрізді дағдылы көркем қара сөз жанрларының оқушыға мәлім түрлеріне баламаймын. Үндістан – ғажайып мол тарихты, терең зор сипатты ұлы дүние. Оның тарихы да жүз жылдар емес, әлденеше мыңдаған жылдармен өлшеніп мөлшерленеді. Сондықтан сол Үндістанға арналған еңбекті мен тек қана көргенімді айтумен тұжыра отырмақпын».

Бұл автордың шынын да, сонымен бірге оның кішіпейілдігін де аңғартады. Әйтпесе, кітапты оқып шыққанда ол жазушының сырттай байқағандарының ғана жинағы еместігіне, оның қамту шеңбері бұдан әлдекайда кең екендігіне, оқырман еш шүбәланбайды. Үндістан тарихының арнайы зерттеушісі, білгір маманы болмағанмен, жазушы оның халқы мен қауымдарының, бүгінгі нәсіл-буындарының өмірлік, психологиялық шындықтарынан қызғылықты да мол мағлұмат береді.

Жазушы Үндістанның әр уалаятында, әр қаласында қалай болғанын, оларда архитектуралық, скульптуралық тарихи қандай ескерткіштер, храмдар мен ғажайып сарайлар көргендігін, әралуан адамдармен дидарласқанын рет-ретімен баян етеді, солардың тарихи өткеніне, олар жайындағы аңғарға да тоқталып отырады. Осының бәрін автордың

қызғылықты да жанды баяндайтыны соншалық, саяхатшымен бірге сол елді сіз де бейне бір аралағандай әсер аласыз. Барлығы да көз алдыңыздан сап-сабымен өтіп жатқандай болады. Міне, Үндістанның астанасы Дели қаласында республика күніне арналған салтанат өтіп жатыр... Бастарына сәлде тәрізді жұқа бас киім киген, өншең сақалды атты әскерлер тобы өтті. Одан кейін күймеге мінген президент келіп тақка отырды. Осылайша басталып, ұзаққа созылған парад пен салтанатты үнді елінің тұрмыс-салтының сан-алуан қырлары анық бой көрсететіндей. Автор осыларды салғырт баяндамайды, қайта көз алдына жанды көріністер ретінде елестетеді.

Бұдан кейін жазушы Делиде бұдан сансыз ғасыр бұрын Ашока патша салдырған тас діңгекті (обелиск) «Құтбминар» мұнарасын, Шахжиһан салдырған «Жұма мешіт» пен «Қызыл сарайды» және басқа да талай-талай ескерткіштерді аралап көрген, Азия мәдениеті музейінде, Үндістанның ұлттық архиві музейінде, университетте болған, Үндістанның басшы қайраткерлерімен кездескен жайларын әңгімелейді.

Ол осы ескерткіштердің бәрі Үндістан мәдениетінің өте әріден келе жатқандығының, үнді халқының еңбеккерлігі мен талантының айқын куәсі екендігін атап көрсетумен бірге дін орындарында ұшырасатын шарлатандықты да астарлы юмормен қоса таныта кетеді.

Кітапты оқып отырғанда жазушының сол елдің тарихын терең барлауға тырысқанын, ойлы сыншылдық қалып көрсеткенін аңғармай қалмайсыз. Ақын Сурковпен және Әуезовпен әңгімелескенде Дели университетінің бір тарихшы-профессоры оларға, яғни Үндістан тарихшыларына Неру көп мәслихат беретінін айтады. Осы орайда профессордың пікірін қостай отырып, қазақтың ойшыл-жазушысы жалпы шығыс елдерінің тарихтары туралы мынадай бір дерек айтады: «Орыстың XIX ғасырда өткен үлкен демократ ойшылы және жазушы адамы Герцен деген кісі болған. Сол адам «Шығыс елдерінің тарихтары драмалық, трагедиялық оқиғалары болғанмен де, жалпы алғанда іш пыстырарлық» деген екен. Менің ойымша, тарих іш пыстырарлық емес, тарихты жазушылар сондай іш пыстырарлық етіп жазған». Бұл ретте ол Грекияның ең алғашқы тарихшылары Геродот пен Ксенофонттың өнегелі еңбек еткенін, олардың талант-

ты беллетристер де болғанын және өздерінен кейінгі Еуропа тарихшыларына мол да игі әсер тигізгенін салмақты дәлел, тілге тиек етеді.

Очерктердің Удайпур, Жайпур, Аграға саяхатты баяндайтын тарауы әсіресе мол ықыласпен оқылады. Жазушы атақты ескерткіштер, тарихи орындар жайын кеңінен баяндаумен бірге солар турасындағы аңыз-сарындарға да тоқталып отырады. Бұл сол өлкелерді мекендеген халықтардың ежелгі тарихымен, салт-жоралғыларымен терең ірек танысуға мүмкіндік береді және очеркті қызғылықты ете түседі.

Осы тарауда көңіл аударарлық бір жәйіт бар. Жайпурдың махараджасы кеңес делегациясының құрметіне қабылдау жасап, конакасы береді. Сол мәслихат үстінде ханым қазақ екенін білгеннен кейін М.Әуезовтан көшпелі тіршілік тауысылды ма деп сұрақ қояды. «Ол қазір жоқ!» деген жауап алған ханым: «Бәрекелді-ай, қандай романтика өтіп кетті екен!» деп аһ ұра өкінеді. Фенимор Купер, Луи Жакомиодан, Кипмингтен бері қарай көп жайылған танымал болған «жабайы емдер» жайындағы романдарда ұшырасатын «романтиканы» аңсаған оған қазақ жазушысы: «Сіз айтқан романтиканың орнына бүгінде жаңа романтика орнап та болған», – дейді. Ағылшындардың отарларды менсінбейтін пан салтын аңдамаған, қайта соны бойына сіңіріп өскен, өз ұлтынан гөрі сол ағылшын мәдениетінің өкілі ретінде көрінуге тырысатын үстірт сипатты адамның окыс сұрағына ол осылай жауап қайтарады.

Автор Агра қаласының архитектуралық ескерткіштерін, әсіресе «Тажмахал» («Сарайлар тажы») жайын өте әсерлі, қызғылықты баяндайды. Әрі мазар, әрі мешіт бұл ғажайып күмбезді ұлы моғалдар патшасының бірі Шахжиһан бұдан үш ғасыр бұрын жиырма мың жұмысшыға он сегіз жыл бойына салдырған. Ол – дүниежүзіндегі адам қолымен жасалған жеті ғажайып архитектуралық ескерткіштердің бірі. Стамбулдағы Ая-София мешіті, Венециядағы Әулие Марктың соборы, Афинадағы Парфенон, Мәскеудегі Василий Блаженный шіркеуі және басқалар сияқты «Тажмахал» да – адамның ақыл-ойы мен өнерінің ғажайып құдіретінің жемісі. Бұл тұста жазушы «Алып қиял ойға алғанды анық зергер орындаған» дейтін халық нақылын мысалға келтіреді.

Жазушы тарихи ескерткіштер мен ежелгі ғаламаттарға ғана алаңдай бермейді. Ол жаңа Үндістанның жаңалықтарын да өз назарынан қағас қалдырмаған. Мәселен, терістік Үндістанда салынып жатқан Напгал плотинасының құрылысы, оның болашағы жайында кітапта көп мағлұмат бар. Ал «діндар қала Бенарестің» суреттері көз алдыңызға бөтен, окшау бір ғажайып дүниені елестетеді. Мұнда жазушы буддизм, индуизм діндеріне байланысты ескерткіштерге, аңыздарға, салт-нанымдарға назар аударады.

Үндістан – өте ежелден бері келе жатқан тарихы, басқаға ұқсамайтын өзіндік ерекше мәдениеті бар ел. Ол өнердің кейбір түрлері, әсіресе кино өнері жағынан ғана Еуропа мәдениетімен қоян-қолтық келіп ұласып жатады. Әйтпесе, үнді халқының төл мәдениеті, көркем өнері өздерінің сан ғасырлық аса ежелгі тарихына орай мейлінше соны бітім танытады. Автордың терең де дұрыс барлап көрсеткеніндей, үнді халқының әралуан өнері өздерінің терең тамырларын аса ескі, терең, арғы ғасырлардан алады. Сонда бұл елдің дінінде поэзия көп, ал поэзиясында дін көп. Дінінде би көп, биінде дін көп. Осылайша сурет өнерінің де діні көп, діні суретке көп түскен. Дәл сол тәрізді пәлен мың жыл, пәлендей жүз жылдар бұрын салынған храмдарда, сарайларда, қысқасы сәулет өнерінде тағы да дін көп, дінінде сәулет өнері көп. Осылайша бар өнерлері, діндік бай аңыз, әңгімелері қарға тамырлы боп, айқыш-ұйқыш ұйыса байланысып жатады. Жазушы үнді халқының мәдениеті мен көркем өнерінен алған әсерлеріне осындай ойлы тоқшылау, объективті байлау жасайды және соған оқырманның да көзін жеткізеді.

Автор Үндістанның Калькутта, Мадрас, Банбалор, Бомбей сияқты қалаларының ұлы қасиеттерін де, ұлы қайшылықтарын да шыншыл суреткерге тән объективтілікпен, нақтылы мысалдармен көрсетеді.

Кітапта Үндістан халықтарының әдебиеттері, олардың жекелеген жанрларының қазіргі жәйі және Совет-Үндістан достығы қоғамының жұмыстары туралы да аса қызғылықты материалдар бар.

Жазушы Шығыстың осы бір ұлы елін қырық шақты күндей аралаған сапарын, алған әсерлерін, көрген-білгендерін сап-сабымен әңгіме етеді. Сол ұлы елдің қайталанбас,

мейлінше өзге бітімдегі табиғатына, тіршілік-тұрмысына, салт-ғұрпына, ұлттық дәстүрлеріне оқырман да әбден қанықсандай болады, оның қарапайым, еңбеккер, досжар халқын бұрынғыдан да терең сезіммен іш тарта, ұната түседі.

Кітаптың «Қайтыс сапар» атты соңғы тарауында автор, негізінен, Арабстан шөлінің үстінен баса-көктей ұшқанда алған әсерлерін, Рим және Женева қалаларында көріп білген жайларын баян етеді. Бұлардың ішінде оның Римде Санта-Мария храмын, Виктор Эммонол, атақты Гарибальди ескерткіштерін, Ватикан музейін, ондағы Микельанджелоның, Рафаэльдің, Ботичеллидің ғажайып құдіретті туындыларын көргенде алған әсерлері әсіресе қызғылықты. Жазушы ежелгі Грек, Рим мәдениеті мен үнді халқы өнерінің арасында тақырыптық ұқсастық, үндестік және өзара үйренушілік барын терең байыптылықпен аңғартады. Бұл тұста ол өзінің де дүниежүзі мәдениетіне терең қанықканын, аскан білгірлігін аңдатып тастайды.

Очерктердің бүкіл өн бойында кеңестің азамат-жазушысының бұрын бейтаныс, ғажайып сырлы елдің тағдырына, өміріне қызыға караумен бірге оның өз Отанын, туған жер-мекенін сағыну, соны мактан ету сезімдері де айқын байқалып отырады. «Мен осы бір сапарымның өзін самұрық құс қанатына мініп ұшқан ертегі ерінің күйіндей көремін, – деп жазады ол.– Рас, менің самұрығым нақтылы маркасы бар, мынау самолет емес. Ол – өз жайымды теңеумен меңзеп айтқан сөзім. Ойдағы шешуім өзге! Менің шын самұрығым – қазіргі социалистік Отанымдағы алтын заманым, шат-шадыман шағым. Мені де, менімен қоса елімізді де алып қанатына алып ұшқан самұрық бар. Ол бұрынғы дүниеге де, ертегі қиялға да сыйып келіп көрмеген ұлы самұрық. Ол – Октябрьден басталған сәулелі социализм дәуірі».

Біз жоғарыда соңғы кезге дейін шетел тақырыбы қазақ кеңес әдебиетінде тым сарап, тапшы қозғалып келді деп едік. М.Әуезовтің кітабы осы олқылықтың есесін толтырудағы алғашқы жемісті қадамдардың бірі болып табылады.

Жылдар – ойлар

Қас суреткер қаламның ғана майталманы емес, сонымен бірге ойдың да ерені болмақ. Суреткерлік пен ойшылдық

бір өзінің бойында тұтаса тоғысқан қаламгерлер ғана нағыз ұлы шеберлер бола алғандығы әдебиет тарихынан жақсы аян. Пушкин мен Гогольдің, Горький мен Фадеевтің тамаша көркем шығармалары мен өмір туралы, әдебиет туралы даналық ой-пікірлері қатар жасап келеді. Олар халықтың өмірімен де, оның арғы-бергі сөз өнерімен де мейлінше тығыз байланысты болған, туған елі-жұртының өткендегі әрі өздерімен тұстас әдебиетін зерттеген. Бұл олардың өз шығармашылығына да жемісті, игі әсер еткен.

Осының айқын мысалын өзіміздің көрнекті суреткерлеріміздің шығармашылығынан да табамыз. Атақты жазушымыз Мұхтар Әуезовтің қызметіне бұл әсіресе орайлас. Шығармашылық сапарының ең алғашқы кезеңінен бастап-ақ ол туған халқының тарихы мен тағдырын, оның ежелгі сөз өнерін, қолтума әдебиетін әрі суреткер, әрі ғалым ретінде қоса зерттеп келеді. Соның нәтижесінде ол барша әлемге паш болған асқан үздік көркем шығармаларымен бірге көптеген байсалды зерттеулер, ойлы еңбектер жасады.

Сол зерттеулер мен еңбектердің талай-талайы ғалым-жазушының «Әр жылдар ойлары» атты көлемді кітабына енген. Бұл кітапта автордың оқушы қауымға ежелден таныс еңбектерімен, мақалаларымен бірге тұңғыш рет жарияланып отырған монографиялық зерттеулері де бар. Осыған байланысты кітаптың құндылығы әсіресе арта түседі.

Кітап халқымыздың ұлы ақыны Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған көлемді зерттеумен ашылады. Абай туралы тақырып М.Әуезовтің суреткерлік шығармашылығының ғана емес, сонымен бірге ғалымдық қызметінің де ең өрісті өзегі, үзілмес арқауы екені аян. Ұлы ақынның тағдыры мен тартысын, өмірі мен өнерін ол талай жылдар бойына толассыз іздене жүріп, сарыла зерттеді. Осы ретте ол талай-талай шабытты зерттеулер де жазды. Оқушы жұртшылық оларға да қанық. Бірақ оның Абай жайлы бұл көлемді еңбегі бұрын-соңды тұтас күйінде, қаз-қалпында жарияланып, жарық көрген емес. Сондықтан да оған арнайы тоқталуды ләзім деп білеміз.

Зерттеудің кіріспе тарауында автор Абайдай ақынды тудырған тарихи-әлеуметтік жағдайларды ашады, ақын және оның өмір кешкен дәуірі туралы мәселе қозғайды. Осы орайда ол ақын шығармашылығына әралуан тақырып берген

заман шындығын, оның поэзиясын нәрлендірген көркемдік қайнар көзді де анық анғартады. Зерттеуші Абайдың абайлық қасиет-қадірін, ұлылығын оның өмір кешкен дәуірінің ілгерішіл сипатымен және оның бірден-бір дұрыс, айнымас та адастырмас шығармашылық бағыт-бағдар ұстағандығымен байланысты алып қарайды. «Тегінде, Абайдың ақындығындай ақындық қуат Абайдан бұрынғы ақындарда да болуға мүмкін. Олардың бірталайы тіпті атсыз ақын болып та өткен болар. Сондай ақындардың ғана санасы мен таптық тұрғысында, мәдениеттік дәрежесінде қалса, Абай – классик Абай болмас еді. Өзінен бұрын жүз ақын болса, жүз бірінші, мың ақын өткен болса – мың бірінші болар да қалар ма еді, әлде қайтер еді» деп түйеді ол. Сөйтіп, зерттеуші Абайды ең алдымен өз дәуірінің жемісі, өз заманының үні деп қарайды. Ол осындай диалектикалық принциптен әрдайым танбайды, еш жаза баспайды.

Бұдан әрі ғалым Абайды тану жайын азды-көпті сөз етеді, басқа авторлардың ақын туралы үлкенді-кішілі еңбектеріне әділ баға беріп, атап өтеді.

Зерттеудің көлемді де кенеулі тарауларының бірі – ақынның өмірбаяны жайындағы шолу. Абайдың ғылыми өмірбаянын жазумен М.Әуезов көптен бері шұғылданып келді. Ол Абайдың көлемді өмірбаянын 1933 жылы жариялаған болатын. Толассыз ізденудің арқасында ол соны әрдайым тереңдетіп, толықтыра түскен еді.

Абайдың өз басы ешқандай мемуар жазбағанын және оның замандастарының қағаз бетіне түсірілген естеліктері жоқтығын ескерсек, онда М.Әуезовтің бұл салада жүргізген еңбегі қаншалықты қиын да күрделі болғанын анығырақ аңдай түсеміз. Ақын жайында ел арасында таралған әралуан аңыздарды, кәрі құлақты жандардың жанында сақталған жәйттерді, басқа да сан-сан материалдарды дамыл таппай, тірнектеп жинай жүріп, зерттеуші Абайдың нағыз ғылыми өмірбаянын жазуды тәмамдап шықты.

Ақынның М.Әуезов жазған осы өмірбаянын оқып отырғанда бір нәрсеге сүйсіне қайран қаласың. Ол – Абайдың жалпы өмірбаянының, сондай-ақ өмірінің жекелеген фактілерінің ақынның шығармашылық эволюциясында, суреткерлік сапарының қат-қат қырларына, сан-сан сырларына соншалықты жанасып, үйлесе кетіп тұрғандығы. Осы

орайда оқушы Абайдың тарихи тағдырын, өмірін оның М.Әуезов эпопеясындағы сом тұлғалы, соқталы бейнесімен салыстырып көруге, жазушының тарихи шындықты көркемдік шындыққа қаншалықты шебер ұластырғанын анғарып аңдауға да мүмкіндік алады.

Біздің бұрын-соңды ақындарымыздың ішінде шығармашылық мұрасы ең мол зерттелгені – Абай. Ақын шығармаларын тақырыптық қамтуы жағынан қарап талдаған, оның классикалық орыс поэзиясымен байланысын, аудармашылық өнерінің сырларын ашуға арналған еңбектер бізде аз жазылған жоқ. Бірақ мынау еңбек солардың барлығынан да оқшау, үздік танылады.

Автор ақын шығармаларын тақырып-тақырыпқа бөліп, үзіп-үзіп жіктемей, тұтас күйінде алған. Ол хронологиялық принцип ұстанып ақын шығармашылығын ұзына бойына шолып зерттеп шығады. Бұл – әдебиеттану ғылымында ежелден бері қолданылып келе жатқан өзін-өзі ақтаған жемісті зерттеу тәсілі. Ақын мұрасының қай саласын, қай жанрын талдаса да, автор осы тәсілден танбайды. Ал оның шеберлік қырларын, тіл ерекшеліктерін, эстетикалық және философиялық көзқарастарын және ақын поэзиясындағы дәстүрлік жәйттар мен жаңашылдықты кезең-кезеңіне қарай, сап-сабымен ашып тастап отырады. Абайдың жас шағында жазған немесе шығарған өлеңдерінің бізге жеткені онша көп емес. Бұдан он шақты жыл бұрын кейбір зерттеушілер сол азды-көпті өлеңдердің авторы Абай екендігіне шәк келтірмек те болды. М.Әуезов сондай дұдамАл екіұдай пікірлердің терістігін анық дәлелдей отырып, ақынның жас шағындағы шығармашылығына хас қасиеттерді терең ашып береді. Солардың бірі – Абайдың шығыс ақындарымен байланысы. Әрине, шығармашылығының ең алғашқы, балаң кезінде Абайдың шығыс классиктеріне көп еліктегенін талай зерттеушілер атап көрсеткен. Бұл жаңалық та емес. Тіпті кімге құлай беріліп, кімнен медет тілейтінін жас Абайдың өзі де риясыз ашық айтқан. М.Әуезов пікірлерінің бағалылығы сол – ол Абайдың кімнен үйренгенін, нені үйренгенін дәлелдеп көрсетеді және ақынның өзінен бұрынғы қазақ поэзиясының кейбір дәстүрлерімен байланысын да аша кетеді.

Абай арабтың талай жұртқа мәшһүр болған Мұтан-әбби, Әбіл Ғала-Мағри сияқты классиктерін ауызға алмайды.

Оның ден қоятындары – Науаи, Фзули, Фердауси, Сағди және басқалар. Осылардың ішінен Абайға ең етене жақыны – Науаи. Оның «Чар-диуаны» қазақ ақынының шығыстық сарындағы өлеңдеріне әсіресе орайлас. Зерттеуші осындай ой түйініне меңзейді және оған қалтқысыз сенесің. Өйткені оның пікірлері дәлелді де салмақты. Зерттеудің ең көлемді әрі аса қызғылықты, ғылыми жағынан мейлінше терең тарауы ақынның лирикасына арналған. Бұл заңды да. Өйткені оның поэзиялық мұрасының дені де, салмағы да, осы жанрда.

Автордың әділ, дұрыс атап көрсеткеніндей, Абайдың нағыз классик, реалист-ақын ретіндегі шығармашылық сапары оның «Қансонарда» деген атышулы өлеңінен басталады. Өзінің зор ақындық мәдениетін, аскан шеберлігін жаза баспас, қалт еткізбес ғажайып шыншылдығын Абай осы өлеңінде тұңғыш рет қапысыз танытады. Сондықтан да зерттеуші оны ақын шығармашылығындағы нағыз жаңашыл, кезеңдік шығарма деп бағалайды. Сонымен бірге оның осы өлеңге берген жіті байқауларға, кесек-кесек ойларға толы тамаша талдауына дән разы болмай, сұқтанбай қала алмайсың. Абайды қайта-қайта оқи жүріп те, ол жайында талай-талай жаза жүріп те, ешкім барлап байқамаған, аңдап танымаған небір терең сырларды автор қарбыта қамтып, ақтара ашады.

Осындай тапқыр көрегендік, ақын шығармашылығының ішкі ағыстарын бұлжытпай, тап басып танушылық тәрізді қасиет тек бір өленнің тұсындағы талдаудан ғана емес, бүкіл зерттеудің ұзына бойына мол сезіледі. М.Әуезов Абай шығармаларының идеялық тереңдігі мен көркемдік келісімдеріне тек ғалым ретінде ғана емес, сонымен бірге ойлы да, сезімтал суреткер ретінде де барлап үңілген. Сондықтан да оның зерттеуінен ұлы ақын шығармашылығының ғажайып сырларын аңғарумен бірге шын мәнісіндегі көркем шығарма оқығандай күйлі де келісті әсер аласың.

Суреткерлік шеберлігі тез кемелденген Абайдың шығармашылығы идеялық нысанасын, әлеуметтік тынысын біртебірте айқындап, барған сайын толыстыра түсіп отырды. Ақын шығармашылығының бұл эволюциясын зерттеуші соншалықты нанымды ашады. Абайдың алғашқы кезеңде жазған әйгілі өленлерінің бірі «Жаз» екені аян. Мұнда ақын

ешқандай көмескі күйлерге, тұманды тұспалға бармайды, шындық хал-халеттерді нақтылы, анық қалпында суреттейді. Өленді оқығанда көшіп-қонған ескі ауыл өмірінің талай-талай реалистік көріністері көз алдыңа келеді. Өлең өзгеше бір динамикаға, сергек қимылға, бусанып тұрған жанды шындыққа толы. Осындай тамаша өленнің бір кемшілігі де бар. Ол – сахарадағы ауыл тіршілігін, көшіп-қонып жатқан көріністерді соншалықты шебер суреттеген ақынның сол ауылдың өз ішіндегі әралуан әлеуметтік топтар арасындағы қайшылықтарды, қарсылықтарды аз көретіндігі, тек емеурінмен ғана танытатындығы. Ал осы тақырыпқа, яғни адам тіршілігі мен табиғат туралы тақырыпқа арнап жазған кейінгі өленderінде ақын салт-саналық жақтан үдеп өскенін көрсетеді. Бұрын көшпелі тіршілікті мінеп, сынай бермейтін ақын енді оның небір сұрықсыз көріністерін аяусыз ашып тастайды. Зерттеуші осындай салыстырулар арқылы да ақын шығармаларының ішкі сырын терең танытады және ескі сораппен кете бермей, тың ойларға мол өріс беріп отырады.

Автор Абайдың 1886 жылы жазған өленderіне әсіресе байыпты әрі кеңінен тоқталған. Өйткені ол өз заманына да, біздің дәуірімізге де Абайды кадірлі дана, анық классик етіп танытатын ақындық жолдың нақтылы арналары дәл осы жылы салынған деп санайды. Бұл тұста ол ақын шығармаларын үлкен-үлкен төрт жікке бөледі. Біріншісі – надандықты, қанаушылықты қатты таңбалап сынаған ғибратшыл, ойшыл өленderі. Екіншісі – табиғат, жаратылыс тақырыбына арналғандары. Үшіншісі – жас буынға тағлым айтқан, өнер-білімге үндеген өленderі. Төртіншісі – көңіл-күйінің лирикасы. Әрине, ақын шығармашылығының бағыт-бағдары, тақырыптық өрісі бұл айтылғандарымен шектеліп қалмайды. Бірақ Абай сол төрт сала тақырыптан, еш уақыт қол үзбей әрдайым қайталап оралып отырған. Және оралған сайын салт-сана жағынан да, ойшылдық, даналық, тереңдік жағынан да ұдайы биіктей түсіп, үдеумен болған. Сондықтан да автор осыны ескеріп, ақынның тақырып жағынан бірін-бірі қайталайтын шығармаларын өне бойы түгел талдай бермей, солардың ішіне кейінгі жылдар қосқан жаңалық идея мен көркемдік тың сипаттарды айрықша атап отырады. Бұл оның ұлы ақынның көркемдік ізденулерін, шеберлікті шыңдап жетілдірудегі жолдарын ашуына, оның

шығармашылық сапарларындағы сан алуан эволюцияны терең де толық танытуына мүмкіндік берген.

Абай қандай идеялық мұрат-мүдделер көздеді? Оның шығармашылығын нәрлендірген бұлақ-бастаулар қандай? Ол қазақ поэзиясына ұлан-асыр қандай жаңалықтар енгізді? Абайдың ұлылығы, суреткерлік шеберлігі, оның реализмінің қуаты неде? Осындай және бұдан басқа да талай-талай сұрақтар Абайды зерттеушілердің алдына әрдайым қойылып келді. Бірақ соларға дәл осы еңбектегідей толық, сарқа жауап қайтарылған емес. Автор жалаң қисын айтпайды, эстетикалық-көркемдік талдауды жадағай социологиялық топшылаулармен ауыстырмайды. Ол ой-пікірлерінің барлығын да сол зерттеп отырған материалының өз ішінен ойып алады, оған терең бойлап отырып, аса қызғылықты байлаулар жасайды. Пікіріміз дәлелді болуы үшін бір ғана мысал келтірелік.

Ақынның «Өлсем, орным – қара жер...» атты әйгілі өлеңі әркімнің-ақ есінде. Бірақ осы өлеңде ақынның бүкіл өмірлік сапарының шыны мен сыры, оның ең асыл, аяулы ой-сезімдері, келешекке арткан үміті, болашақ ұрпақпен өзінше шешіліп тілдесуі түгел сыйып жатқанын аңдаған адам кемде-кем-ақ болар. Зерттеуші ақын өлеңінің әр шумағының әр сөзінің ішінде жатқан астарды, суреткерлік тебіреністері мен аңыстарды айнытпай танып, жайып салады. Бұл талдау жайында пікір айту қиын. Оны тек қайталап оқып шығу керек. Сонда сүйікті ақын Абаймен тағы бір кездескендей, оның шығармашылығымен тыныс танысқандай әсер аласың.

Бұл өлең Абайдың ақын мен ақындық жөнінде, қоғам мен өз арасын білдіру жөнінде және көңіл сыры жөнінде бұл шаққа дейін айтып келген әр тақырыпты сан-сан өлеңдерінің сұрыпталған асылы есепті. Абай қайтыс болардан бірнеше жыл бұрын жазылса да осындай терең жатқан түйіндеріне қарап, бұл өлеңді зерттеуші ақын өмірінің соңғы шағының, оның шығармашылық сапарының үлкен қорытындысы деп бағалайды.

Бұл монографиялық зерттеуде Абайдың лирикасы, оның әр өлеңі егжей-тегжейіне дейін тұтас қамтылып, жан-жақты терең талданған. Автор ақын шығармашылығына жіті үңіліп, жете бағалаумен бірге қазақтың жаңа бағыттағы жазба әдебиетінің туып қалыптасуына және соны зертте-

уге байланысты көптеген келелі мәселелерді қоса қозғап, тыңғылықты түрде шешіп отырады.

Абайды өмір сүрген дәуірімен, тарихи ортасымен тығыз байланыста алған зерттеуші ақын шығармашылығындағы қайшылықты мезеттерді, жаза басқан жаңылыс сарындарды да бүгіп қалмай, ашып айтады. Бұл ретте де М.Әуезов еңбегінің тағлым аларлық өнегелі қасиеті көп.

Абай – өзіндік мектебі бар, жүйелі бағыт ұстаған философ емес. Ол философиялық еңбектер, арнаулы трактаттар жазбаған. Бірақ нағыз жаңашыл, классик ақын болған, туған халқының тарихында, қоғамдық ойды бастаушылардың бірі болған әрі өз дәуірі, заман құбылыстары жайында көп толғанған Абайдың шығармаларында философиялық ой-топшылаулар, даналық пікірлер аз кездеспейді. Сондықтан автор бұл мәселені де өз назарынан қағас қалдырмаған. Ол Абайдың философиялық көзқарастарына, дін туралы ой-пікірлеріне де біртоға кеңінен тоқталған. Оның бұл реттегі тұжырымдары да көкейге қонымды, салмақты.

Абай мұрасының өзгеше бір саласы – оның поэмалары. Лирика саласындағы шыркау биік дәрежесіне көтерілмесе де, ақын поэмалары арқылы да өз тұсындағы қазақ поэзиясын соны арнаға, алыс өріске меңзеді. Бірақ соңғы кезге дейін Абайдың сол поэмалары арнай зерттеліп, терең талданған жоқ. Олар жайында айтылған азды-көпті пікірлер орта мектепке арналған оқулық шеңберінен аспай келеді. Зерттеушінің Абай поэмалары жайындағы пікірлері сондықтан әсіресе бағалы, қызықты бола түседі.

Лирика саласында өзі көп үйренген, мол үлгі алған әрі шығармаларын зор ақындық шабытпен соншалықты шебер аударған Пушкин, Лермонтов сияқты суреткерлердің поэма жанрындағы шығармашылық тәжірибесіне Абай елікпеген, онша құлап бой ұрмаған. Олардың сюжетті кесек шығармалары кең өмірді мол қамтитын роман-поэма, кейде қалың оқиғасы, шытырман тартысы бар романтикалық көркем туынды болып қалыптасса да, Абай сол жанрға ден қоймаған, беріле қызықпаған. Зерттеуші мұның сырын Абайдың өз заманындағы қалың көптің интеллектуалдық дәрежесін ескергендігінен және жалпы поэзиясындағыдай, бұл ретте де адамгершілік үлгі-өнеге таратып, ұстаздық қалып ұстағандығынан іздейді.

Абай поэмаларының оқиғаларын қазақ сахарасының тіршілігінен, өз дәуірінің шындығынан таңдамай, шығыстық аңыз-ертегілерден алған. Солардың бірі – «Масғұт». Бірақ зерттеушінің дұрыс тұжырымдағанындай: «Поэмада Абай арабтың тарихын, тірлік шындығын көрсетпек емес. Қызырдың қызырлығын да баяндамақ емес. Олардың барлығы да – поэманың идея жағынан қарағанда тек бір көмекші қосымша хал мен жайлар. Анығында олар шартты түрде алынған аңыздық жалпы шартты орта деуге болады. Ақынды шығарманың ішінде қызықтыратын бір-ақ кейіпкердің, Масғұттың жайы... Масғұт аузымен Абай өз заманындағы, өз ортасына қанықты болған жайларды айтады. Үлкен гуманист ақын сол өзі таратпақ болған мораль философиясын жаңа түрде, шартты мазмұнға байланыстырып ұсынып отыр».

Шығыстан келген аңызды ақын өз ойын баяндау үшін шығармашылық материал ретінде ғана алғанын, Абайды поэманың оқиғасы қызықтырмайтынын, ол оқиғаларды, адамдарды барлық мінез-істерімен, сөздерімен өзінің дағдылы идеясына қарай ынғайлап пайдаланатынын зерттеуші нанымды дәлелдеп көрсетеді.

Абай поэмаларының ішіндегі ең үздігі – «Ескендір». Мұнда ақын бүкіл Шығыс әдебиетінде талай классиктер жырлаған Александр Македонский жайын өзінше баян етеді. Зерттеушінің анықтауынша, Абайдың «Ескендірі» негізгі сюжеті, композициялық құрылысы жағынан әзірбайжан халқының ұлы классигі Низамидің «Ескендірнамасына» әсіресе жақын келеді. Бірақ Абай Низами шығармасының кейбір тарауларында ғана баяндалатын оқиғалар желісін алған және оны өз тұрғысынан жырлаған. Бүкіл Шығыс әдебиетінде, соның ішінде Низами шығармасында да дәріптелетін Ескендірдің өз басына Абай қатал шыншылдық көзбен қараған. Зерттеуші Абайдың бүкіл Шығыс әдебиетінен осы тұста еңсесі биік тұрғанын, өз поэмасында анық нағыз гуманистік, адамгершілік нанымдарды бекем ұстанғанын салыстыра отырып терең ашады. Еңбекте арнайы сөз болатын мәселелердің бірі – Абайдың аудармалары. Нақтылы жәйттерге ауысар алдында автор екі түрлі нәрсені атап айтады. Біріншісі – Абайдың сол аудармаларға берген бейілі мен бағасы. Екіншісі – сол аудармалардың ақынның

өз шығармаларына еткен әсері және Абайдың кейінгі қазақтың барлық жазба әдебиетіне тараған үлкен тарихтық, мәдениеттік ұстаздық дәстүрі, әсері туралы. Автор осы екі мәселені өзара тығыз байланыста алып қарайды. Монографияда Абайдың «Евгений Онегиннен» жасаған аудармалары әсіресе байыпты талданған. Абайдың Пушкин романынан тек Онегин мен Татьянаның арасындағы махаббаттық халқұбылыстарды ғана алғаны және соны эпистолярлық роман үлгісінде қалыптағаны аян. Қазақ ақынының Пушкиннен еркін аударма жасап, оның ізімен тың жайларды жырлап кетуінің сыры неде? Зерттеуші осы сұраққа жауап бере келіп, екі түрлі себеп болғанын атайды. Мұның ішінде ең негізгісі – Абай орыс жастарының сезім-сырларынан, тағдыры мен талабынан өзінің жас оқушысына өнеге танытарлық тәлім-тәрбие беруді көздеген. Сондықтан да ол Онегин бейнесін көп өзгертіп алған. Абай оны айыпты адам етіп шығармай, оны тек жұлдызынан жаңылған, жазықсыздан жаза басқан жан етіп суреттейді. Оның өкінішін үлкен трагедиялық ауыр ойға жеткізіп, оған рухани азап шектіреді. Осы арқылы Абай айнымас адалдықты, пәктікті мадақтап, үлгі-өнеге етеді. Екіншіден, «Евгений Онегинді» аударған кездегі Абайдың аударма өнері туралы ой-пікірі, көзқарасы әлі де болса өзгерек, басқашарақ еді. Яғни ол «Ескендір» поэмасында ұстанған дәстүрді мына шығармаға да қолданған. Абайдың Лермонтовтан жасаған аудармалары мүлдем жаңа шығармашылық сапа танытады. Сондықтан да автор бұл аудармаларға арнайы тоқталған. Ол Абайдың Лермонтов поэзиясының қолтума сырларын аңдап ұғынудағы және соны қазақ оқушысына бар әсем, шыншылдығымен жеткізіп берудегі шеберлігін, көркемдік ізденістерін соншалықты нәзік аңғарымпаздықпен, тапқырлықпен аша алған. Бұл тарауда қазіргі аудармашыларға да ой салып, толғандыратын көп жәйттер бар. Бұдан кейін автор Абай мұрасының өзгеше бір саласын – оның қара сөздерін тақырып жағынан топтап, саралап шолып өтеді, бұл шығармалардың жанрлық ерекшеліктеріне және олардың ақын поэзиясымен байланысына тоқталады.

Қорыта айтқанда, монографияда Абайдың бүкіл шығармашылығы, оның тыңнан жарып жол салған жаңашылдығы, көркемдік ізденістері, ақындық шеберлігі – баршасы

да тұтас қамтылып, мейлінше терең сипатталған. Бұл ретте ғалым Әуезовтің еңбегін ақын жайында тамаша эпопея тудырған жазушы Әуезовтің еңбегімен ғана салыстырып бағалауға болатын тәрізді.

Кітаптағы «Орыс классиктері мен Абай», «Абай еңбектерінің биік нысанасы», сондай-ақ орыс тілінде жазылған «Жизнь и творчество Абая», «Идейно-культурные искания Абая», «Великий сын народа» атты мақалаларға арнайы тоқталмаймыз. Өйткені олар – жоғарыда талданған көлемді еңбекті толықтыра түсетін немесе сонда айтылған жәйттерді белгілі дәрежеде қайталайтын туындылар.

М.Әуезов – ауыз әдебиеті туралы ғылымның да аса көрнекті маманы. Ол фольклорлық нұсқауларды зерттеумен тіпті жиырмасыншы жылдардан бері үзбей шұғылданған еді. Кітапқа оның осы саладағы бірсыпыра еңбектері, мақалалары енген. Солардың бірі – «Ертегілер». Бұл еңбегінде автор қазақ ертегілерінің туып қалыптасу кезеңдері мен олардың қолтумалық ерекшеліктері жайында аса бағалы байсалды пікірлер айтады. Ол қазақ ертегілерін бірнеше топқа бөліп, олардың әрқайсысына ғылыми терең талдау жасайды, әралуан ертегілердің қоғамдық, тарихтық сырын, әлеуметтік мәнін ашады. Зерттеушінің аңыз-ертегілерге берген талдауы әсіресе қызғылықты, зор шабытпен жазылған. Еңбектің бағалы қасиеттерінің бірі сол – автор қазақ ертегілерін жеке дара бөліп алып зерттемей, ретті жерінде оларды басқа көршілес халықтардың ауыз әдебиетінің үлгілерімен салыстыра, байланыстыра отырып тексереді.

Осы қасиет «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастаны жайындағы зерттеуден де өте-мөте айқын сезіледі. Мұнда автор әйгілі жырдың қазақ арасында сақталған нұсқаларын түгел шолумен бірге оның көршілес басқа халықтардың ауыз әдебиетіндегі сол тақырыптас шығармалармен ұқсастығын, сарындастығын да ашып көрсетеді.

Кітапқа енген «Қыз Жібек», «Айтыс өлеңдері» тәрізді зерттеулер де қазақ кеңес фольклористикасына қосылған кенеулі үлестер болып табылады. Рас, алғашқы еңбекте автордың «Қыз Жібек» жырының көркемдік ерекшеліктерін, ондағы образдар жүйесін жіті де қызғылықты талдай отырып, сол жырдың ішіндегі дәуір шындығынан, заман салты-

нан, ежелгі әдет-ғұрыптан туған кейбір қосалқы, қосынды сарындарды тым қазбалап кететін мезеттері де бар тәрізді.

«Айтыс өлеңдерінде» автор айтыстың қазақ ауыз әдебиетінде алатын орнын, оның жанрлық өзгешеліктері мен ерекшеліктерін ашады. Ол өте көне замандарда айтыс жанры көптеген халықтардың әдебиетінде болғанын көрсетеді. Бұл ретте ол арабтардың мұғаллақатын, Орта ғасырдағы Батыс Еуропаның фильдерін, Терістік Франциядағы труверлерді, Орталық Еуропадағы мейстерзингерлер мен Скандинавия елдеріндегі скальділерді, орыстардың скоморохтары мен ағылшындардың менестрельдерін мысалға келтіреді. Зерттеуші қазақ әдебиетіндегі айтыс жанрының туып қалыптасуы жайында айта келіп, ол алғаш фольклордағы салт өлеңдерінен басталғанын, ақындар айтысы кейін бірте-бірте барып шыққанын көрсетеді. Осы орайда ол айтыс өлеңдерін, айтыс ақындарының шығармашылығын зерттеуге байланысты бірқатар жүйе-жүйе проблемалық мәселелерді жинақтап атап өтеді.

Зерттеудің көлемді бір тарауы кеңес ақындарының айтысын талдауға арналған. Мұнда ол айтысқа жазба әдебиеттің тигізген игі әсерін, оның жанр ретінде жаңғырып өскенін, өзгергенін көптеген айтыс ақындарының шығармашылығы арқылы нақтылы көрсетеді.

«Жамбылдың айтыстағы өнері» атты мақала жоғарыда аталған еңбекті әдеби фактілермен, дәл деректермен байыта, толықтыра түскен. Мұнда автор Жамбылдың Сарыбаспен, Досмағамбетпен, Құлмамбетпен айтыстарына талдау жасай отырып, оның айтыс ақыны ретіндегі шеберлігін көрсетеді, оның айтыстары мен жалпы шығармашылығының арасындағы рухтастықты, ортақ байланысты кеңінен ашады. Бұл ретте ол Жамбылдың жалпы ақындық өнеріне, суырып салып айтқыштық, импровизаторлық шеберлігіне байланысты байқаулары мен топшылауларын да қоса айтып отырады. Кітаптағы кейбір мақалалар қазіргі қазақ әдебиетінің халжайына, өсу барысына арналған. Солардың бірі – «Мәлік Ғабдуллинге жауап хат».

Мұнда автор М. Ғабдуллиннің хатында қозғалған жәйттерге жауап қайтара отырып, қазіргі поэзиямыздың талай-талай мәселелерін қоса көтереді, барлап байқағандарын,

дос тілекпен айтылған ойларын ортаға салады. Оның ерекше маңыз бере сөйлейтін мәселелерінің бірі – поэзиядағы ұлттық дәстүр жайы. Ол мұны өте кең мағынада алады: «Дәстүр мағынасына характер де, оку мен өсу де, дами түсіп өзгеру де, мазмұн мен сырткы сипат, көрік, күй мәселесі бәрі де түгел кіреді». Осы орайда ол казіргі поэзиямыз өзінің ежелгі дәстүрлерінің ең таңдаулыларын бойына мол сіңіргенін, өзінің өткен тарихтық тегінен үзіліп, төркінсіз әдебиет болып кетпегенін баса көрсетеді. Сонымен бірге автор марксистік-лениндік эстетиканың қағидаларына сүйене отырып, ұлттық дәстүр мәңгі баки бір орында сілейіп катып тұратын калыпта еместігіне, оның ұдайы өсіп, жаңғырып отыруы кажеттігіне де назар аударады, бірнеше проблемаларды бас-басына атап береді. Олар – өлеңдік түрді байыту, көркейте байыту проблемасы, тіл байлығын асыра түсу, поэзиялық лексиканы көркейте өсіре түсу проблемасы және баскалар.

Бұл ретте автор акындарымыздың алдына оларды шығармашылық кең өріске, суреткерлік ізденістерге меңзейтін талап та кояды: «Орыстың классикалық әдебиеті мен кеңес әдебиетінен және басқа туысқан достас елдеріміз поэзиясынан елеулі үлгі, өрнек ала отырып, қазақ поэзиясын тұғырдан тұғырға асыра, өсіре беру шарт. Осы ретте мысалы, біз Пушкинді, Некрасовты, Маяковскийді немесе бүгінгі Исаковскийді, Твардовскийді казакшаға аударғанның өзінде де сол екі сала үлкен мәнді мәселені катарынан зор табыспен, келісті көрікпен баурай білуіміз керек... Пушкинді – Пушкинше, Маяковскийді – Маяковскийше ала білсек қана біз жоғарыда аталған ұлттық дәстүрді дамыта байытамыз. Түр-өрнек үлгісін кейін өз өлеңімізге де қанықты, заңды үлгіміз, дәстүріміз ссебінде мейлінше пайдалана аламыз».

Бұдан әрі автор қазіргі қазақ поэзиясының тілі және ондағы образдылық мәселесіне токталады, көрнекті акындарымыздың сәтті де тапқыр ізденістерін және тая соққан, мұлт кеткен мезеттерін де атап өтеді.

Ал «Октябрь өркені» атты мақала қазақ әдебиетінің қырық жыл ішіндегі дамуын, шығармашылық сапарын шолуға арналған. Мұнда автор әдебиетіміздің әрбір жанрының туып-калыптасу, кемелдену жайын, ондағы кезеңдік кесек-кесек шығармаларды сөз етеді.

Кітапқа енген зерттеулердің, мақалалардың бірсыпырасын автор орыс тілінде жазған. Олар – «Как я работал над романами «Абай» и «Путь Абая», «Традиции русского реализма и казахская дореволюционная литература», «Киргизский героический эпос «Манас» және жоғарыда аталған кейбір мақалалар.

Алғашқы мақаласында автор өзінің атақты эпопеясын қалай жазғанын ортаға салады, өзінің шығармашылық лабораториясымен таныстырады, жазушылық өнері мен толассыз ізденулерінің әралуан қырын ашып көрсетеді. Сондықтан да бұл мақала оқушыларға да, зерттеушілерге де көптеген қызғылықты деректер беретіндігі шүбәсыз.

Қазіргі әдебиеттану ғылымымыздағы ең аз зерттеліп, тым тапшы тексеріліп жүрген проблемалардың бірі – әдеби әсер, дәстүр туралы мәселе. Бұл проблема тіпті бүкіл кеңестік әдебиеттану ғылымында да әлі дәйекті түрде шешілген жоқ. М.Әуезовтің «Орыс реализмінің дәстүрлері және қазақ әдебиеті» деген көлемді мақаласы осы саладағы елеулі зерттеу болып табылады. Бұл мақала «Дружба народов» журналында басылып, кезінде А. Фадеев өте жоғары бағалаған болатын.

Бұл мақаласында М.Әуезов дәстүр туралы проблемалық мәселелерді кең тұрғыда көтереді, қазақтың революцияға дейінгі және кеңес дәуіріндегі әдебиетінің дамуын орыс әдебиетінің игі әсерімен, оның реалистік дәстүрлерімен тығыз байланыста алып қарайды және қазақ әдебиетінің төл қасиеттерін, ұлттық ерекшеліктерін ашуға ұмтылады.

Орыстың алдыңғы қатарлы қоғамдық ой-пікірімен, оның классик ақын-жазушыларының ғажайып шығармаларымен танысу, олардың реалистік дәстүрлерін қабылдау XIX ғасырдағы қазақ ойшылдары мен ақындарына не бергенін зерттеуші нақтылы материалдар негізінде дәлелдеп көрсетеді.

Сол сияқты, Октябрь алдындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылығында орыстың классикалық, реалистік әдебиетінен үйренудің осы дәстүрі каншалықты көрініс тапқаны да мақалада жете ашылған.

Мақаланың соңғы бөлімінде қазіргі қазақ кеңес ақындары мен жазушылары Горький мен Маяковскийдің дәстүрлерін қалай қабылдап, каншалықты дәрежеде дамытқаны туралы мәселе талданады. Автор бұл саладағы қол жеткен

табыстарды атап көрсетумен бірге бірсыпыра проблемалық мәселелерді де міндет ретінде алға тартады.

Қазіргі кеңестік ұлт әдебиеттері орыс кеңес әдебиетінің және бір-бірінің шығармашылық тәжірибесін пайдаланумен бірге өздерінің ең таңдаулы, үздік шығармалары арқылы бүкіл кеңестік әдебиетімізді молықтырады, өзара бір-біріне игілікті әсер етеді. Зерттеуші бұл еңбегінде мәселенің осы жағына да назар аударған.

Кітаптағы ең негізгі, көлемді зерттеулердің бірі – қырғыз халқының батырлық эпосы «Манас» жайындағы еңбек. Осы ретте мынадай бір жәйтті атай кету ләзім. Қазақтың тұңғыш ағартушысы, ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов «Манастың» үзінділерін тұңғыш рет хатқа түсіріп, орыс тіліне аударса, содан бір ғасырдай уақыт өткен соң қазақтың енді бір ғалымы әрі даңқты жазушысы сол «Манас» жайында монографиялық зерттеу жазады. Бұл фактінің тек әдеби ғана емес, сонымен бірге тарихи да маңызы, тереңде жатқан астары бар.

М.Әуезов «Манас» эпосымен отызыншы жылдардың алғашқы кезінде таныса бастаған да, ол жайындағы зерттеуінің алғашқы нұсқасын 1935 жылы бітірген, кейін бірнеше рет қайталап оралып жөндеген, өңдей түскен. Бірақ газетте шыққан кейбір үзінділерін былай қойғанда, бұл еңбек бұрын жарияланбаған. Тұтас күйінде осы кітапта тұңғыш рет басылып отыр.

Зерттеуші ең алдымен эпос және оның айтушылары туралы мәселеге тоқталады, Сағымбай, Келдібек, Балық, Найманбай және басқа да жыршылар жайында, эпостың әралуан нұсқалары және оның халық арасына таралуы жайында деректер келтіреді.

Бұған кейін автор эпостың мазмұны мен түріне қысқаша талдау жасайды да, оның ішінен басты-басты бірнеше желілерді, өзекті тақырыптарды бөліп алады. Солардың әркайсысына, мәселен, жорық тақырыбына, ас тақырыбына, кейіпкердің үйленуі тақырыбына және басқа да бірнеше қосалқы, дербес тақырыптарға арнайы тоқтала отырып, зерттеуші эпостағы алуан түрлі сарындарды, діни-қияли элементтерді ашады, жырдың әрбір бөліктерінің сюжеттік құрылысына жан-жақты талдау береді.

Зерттеудің ең бағалы тарауларының бірі «Манас» эпосының туған дәуірін анықтауға байланысты. Автор көптеген

тарихи деректерге және жырдың өз материалдарына сүйене отырып, «Манас» эпосының басқы жырлары IX және X ғасырларда, яғни «Ұлы жорық» жылдарында немесе соған іле-шала туған болуға керек деген қорытындыға келеді. Бұл ретте ол эпиграфиялық ескерткіштерді, орхон-енисей жазуларын және басқа тарихи-әдеби деректерді негізге алады.

Автор эпос кейіпкерлерінің образдарына да, оның сөздік-поэтикалық, көркемдік тәсілдеріне де кеңінен тоқталған және Шығыстың кейбір жыр-дастандарының «Манасқа» еткен әсеріне де көп назар аударған.

Еңбектің аяғында зерттеуші «Манас» эпосын кейбір феодалдық қосындылардан, жат жамаулардан тазартып, оның халықтық нұсқасын жасау туралы тұжырымды пікірлерін айтады. Осы орайда 1952 жылы «Манас» эпосын зерттеуге байланысты Қырғызстанда өткізілген айтыста М.Әуезовтің бұл тамаша мұраның нағыз халықтық негіздерін сақтап қалуда ерекше еңбек сіңіргенін де атап айту керек. Жалпы алғанда, қазақ ғалымының қырғыз эпосы жайында зерттеу жазуы және оны бүге-шігесіне дейін байыпты талдап, тексеруі – айрықша бағалап, қадір тұтуға татырлық еңбек. М.Әуезовтің ғылыми еңбектері мен мақалаларының бұл жинағы қазақ әдебиеттану ғылымына тамаша үлес болып қосылуымен бірге сақа да, жас та зерттеушілер үшін үлгі көрерлік, тағлым алырлық үлкен өнеге болып табылады.

Асса бүкіл дүниежүзінің, қала берді бүкіл ежелгі Шығыс пен Батыстың арғы-бергі мәдениетін жете білетін асқан білімдар ғалым кең тұрғыдағы әдеби салыстыруларға өтемөте оңтайлы, әсіресе майталман.

Әрбір әдеби құбылыска идеялық тұрғыдан берілер бағамен эстетикалық-көркемдік талдауды автор әрдайым ауыстырмай, тең ұстайды. Бұл жағынан да ол барша зерттеушілерге көп үлгі, өрісті бағыт-бағдар таныта алмақ.

Қорыта айтқанда, бұл кітап М.Әуезовтің аса бай шығармашылығының тағы да өнімді өзгеше қырын көрсетеді. Онда үлкен ғалымның сан жылдар бойғы сарыла ізденген, сарқа жұмсаған еңбегінің тамаша жемісі, түбегейлі де терең ойлары бар.

БЕЙБІТШІЛІК ДАУСЫ

Бейбітшілік үшін күрес тақырыбы – асқақ идеялы совет әдебиетінің ең бір өзекті, ең бір ізгі тақырыбы. Совет әдебиеті қашанда совет мемлекеті жүргізіп келген бейбітшілік саясатының жалынды жаршысы болып отырды. Совет әдебиетінің негізін салған данышпан жазушы, ұлы гуманист Горький өзінің баға жетпес шығармаларында, өткір памфлеттері мен саяси очерктерінде халықтардың қас дұшпаны, бейбітшіліктің жаулары – фашистердің тағылық әрекеттерін, қанқұйлы қылықтарын аяусыз әшкерелеп, жер жүзіндегі адал ниетті қарапайым адамдардың барлығы да бейбітшілік жолындағы күреске баулыды.

Ұлы жазушының творчествосында үлкен орын алған осы тақырып – бейбітшілік үшін күрес тақырыбы заманымыздың ең таңдаулы, ең талантты ақыны В.Маяковскийдің шығармаларында да өзінің тамаша көрінісін тапты. «Адам баласының көктемі» болған социалистік Отанын отты махаббат пен сүйген патриот ақын Маяковский капиталистік түнек басқан дүниені мейлінше жек көрді. Ол батыс Европа мен АҚШ-тағы жырткыштардың жексұрын өмірін бұлжытпай көрсетті.

Қазір дүние жүзі біріне-бірі қарама-қарсы екі лагерьге бөлініп аяусыз күресіп жатқан жағдайда, Горький мен Маяковскийдің дәстүрлерін дамытып отырған советтік ақын, жазушыларымыз өздерінің шығармаларында бейбітшілік үшін күрес тақырыбын ту етіп көтеруде. А.Фадеевтің жалынды сөздері, И.Эренбургтың өткір памфлеттері, К.Симоновтың пьесалары, Н.Тихоновтың, А.Малышконың, А.Сурковтың, С.Вургунның, М.Тұрсын–Заданың поэмалары мен өлеңдері бұған айқын дәлел.

Бейбітшілік үшін күрес тақырыбы әрбір совет художнигінің жүрегін тербеп, қаламына қанат бітіреді. Ары

адал, адамгершілік сезімі таза әрбір қалам қайраткерлері өздерінің ең асыл шығармаларын бейбітшілік ісінің салтанат құруына, бейбітшіліктің ұлы ту ұстаушысы Сталинге арнайды. Бұл ретте Қазақстан Мемлекеттік көркем әдебиет Баспасы жуырда шығарған «Бейбітшілік даусы» деген жинақты да атауға болады.

Жинақ біраз аударма материалдардан және қазақ совет ақындарының өлеңдерінен құралған. Жинақта Горькийдің «Республика корольдерінің бірі» және «Сары сайтанның қаласы» сияқты атақты памфлеттерінің аудармасы берілген. Гуманист жазушы бұл памфлеттерін 1906 жылы Америкаға бару сапарында жазған болатын. Горький долларлық дипломатияның уымен уланған американ империалистерінің өз көзімен көрген азғындаған бейнесін, сары сайтан елінің сұрықсыз өмірі мен сұрқиялық саясатын, іріп-шіріген мәдениетін әлем алдында әшкере етті. Горькийдің бұл памфлеттері қазіргі американ фашистерінің де жырткыштық бейнесін жасырмақ болған жамылғыларын сыпырып тастайды. Гуманист жазушының басқа да данышпандық шығармалары сияқты бұл памфлеттері де бейбітшілік жақтаушыларға қазір де құрал болып отыр.

Жинақта Индияның прогресшіл жазушысы Кришен Чандрдың «Кореяға барып: қаза тапқан бірінші американ солдатына хат», М.Шолоховтың «Жендеттер халық сотынан құтылмайды!» деген памфлеттері мен Илья Эренбургтың «Чехословакия», «Өзгеріс» атты мақалаларының аудармасы өте орынды берілген.

Совет әдебиеті ту етіп көтеріп отырған бейбітшілік үшін күрес тақырыбына дүние жүзінің алдыңғы қатарлы ақын, жазушылары да үн қосуда.

Өздерінің жалынды шығармаларымен бейбітшілік үшін күресіп жатқан Пабло Неруда, Назым Хикмет, Жоржи Амаду, Мартин-Андерсен Нексе, Анна Зегерстің есімі бүкіл әлемге мәлім. Олардың шығармаларын бейбітшілікті аңсаған қарапайым адамдар ерекше ыстық сезіммен оқиды.

Жинақта Чили ақыны Пабло Неруданың «Қашқын» (қазақшаға аударған Қ.Жармағамбетов) және түрік ақыны

Назым Хикметтің совет халқының батыр қызы Зоя Космодемьянскаяға арналған «Зоя» поэмасы (аударған Төлеужан Исмаилов) бар.

Жинаққа енген өлеңдерде бейбітшілік тақырыбы әр жағынан алынып жырланады.

Өткен соғыстың сойқанды сұрапылын өз көздерімен көрген және оның азалы күндерін бастарынан кешірген қарапайым адамдар «жендетке бала өлігін санаткан», «зәулім үйді өртеген», «ананы атып өлтірген» фашистердің тағылығын әлі естерінен шығарған жоқ. Ақын Хамит Ерғалиевтің «Ұмытпан» деген өлеңі – өткен соғыстың жалынын жұтып, өртін кешкен сол бір қарапайым адамдардың ұмытылмас кекке,қатал ызаға толы қаһарлы үніндей болып естіледі. Сол сұрапыл ауыр жылдарда Сталин бастаған совет халқы адамзаттың болашағын қорғап қалғанын ерекше пафоспен шабыттана, шалқи жырлай келіп, ақын бүгінгі бейбіт күніміздің қуанышты суретін көрсетеді. Осындай ұлы істердің жасаушысы – совет халқының атынан сөйлеген ақын біздің құдіреттілігімізді ұмытпақ болған даурықпа дұшпандарға қаһарлы сес айтады:

Мен жеңіп жерді гүлмен нақыштадым,
Жоқ еді әр кірпішті жай құшқаным.
Ұядан біз көтердік бейбіт күнді!
Дәл соны ұмытты екен қай дұшпаным!

Біздің данышпан көсеміміз Сталин – бейбітшіліктің ұлы ту ұстаушысы. Оның есімі – адам баласы аңсаған бейбітшіліктің жарқын символы. Оның есімін – бейбітшілікті жақтайтын қарапайым адамдар өз күресінің айбынды туы етіп көтереді. Сталин есімі ажал құшағына қысылған гректі де, тас камауда жатқан испандықты да, құлдықтың құрсауында азап шеккен негрді де бейбітшілік үшін күреске құлшындырады. Ақын Ғали Орановтың «Жартастағы жазу», Қайнекей Жармағамбетовтың «Сол бір түнде» деген өлеңдері осы ойға құрылған. Ғ.Орановтың өлеңінде Рио-де-Жанейронын қасындағы зәулім жартаска қараңғы түнде

Сталиннің аты жазылып қалғандығы және ол жазудың мәңгі өшпейтініне халықтар сенетіндігі айтылады.

Ал ақын Қ.Жармағамбетов өзінің жоғарыда аталған өлеңінде Испания елесіндей түнерген азалы Мадридтің түрмесіне түскен тұтқынның қабырғаға өз қанымен Сталин есімін жазғанын және көсем атының Испан халқын кек алуға шақыратынын суреттейді:

Жата қарап тұтқын сол шақ кірісті іске,
Жаралап бас бармағын салып тіске
«Сталин» деп қанымен қабырғаға
Жазды балап мәңгілік ескерткішке...
Сол жігіт, сонау жазу, сол бір бөлме
Аңыз боп тұтқындағы тарады елге,
Серт ету, кек алуға салт болыпты
Азамат бұл аңызды естігенде.

Совет Армиясы өткен соғыста өз Отанының тәуелсіздігін ерлікпен қорғап қалды және адам баласын фашистік жырткыштардың қанды тырнағынан азат етті. Совет Армиясының бұл азаттылдық жорығы халықтардың арасындағы баянды бейбітшілік үшін жүргізілген күрес те еді. Совет Армиясы фашистік жендеттермен соғыста жеңіс күнімен бірге бейбітшілік салтанат құратын уақытты жақындатып жатты.

Ал Совет Армиясының қуатты тегеурініне төтеп бере алма фашист қаракшылар қаусай қирап, олардың қара туы құлап жатқан кезде ағылшын-американ империалистері жаңа соғыс өртін тұтатуға асығып жанталасумен болды. Ақын С.Сентов «Тоғызыншы май» деген өлеңінде осы ойды әсерлі етіп береді.

Европаға азаттық таңын атқызып, бейбітшілік сағатын соқтырған жеңіс күнінің қуанышы мен салтанатын жырлай келіп, ақын мынадай түйін жасайды:

Мен сонда жайқын Эльба жағасында
Тұрған топ офицердің арасында

Көрген ем американ генералын
Жат сыр бар жақтырмаған қарасында.
Қазір де сол генерал жасап жорық,
Тіміскіп жиһанды жүр күн-түн торып.
Тыққан бір қалтасында бомбасы бар
Доллар бар бір қолында жатқан толып.

«Сұр бейіттей сұрланып, түсі қашқан» сол американ генералдары Кореяда адам қанын суша төгіп, ажал оғын атып жүр. Бейбіт жатқан Кореяға адам қанына сусап, көздері тұнып барған жендеттер сазайларын тартуда. Ақын Николай Грибачевтің «Джон Биг» атты өлеңінде (аударған Х. Ерғалиев) осы жайт тамаша шеберлікпен және өткір айтылған:

Сол елде бір сержант өліп
Жатыр дейді дөңесте...
Сол бір қалған тас жұмылып
Сенің ернің емес пе?
Шық пен шуақ нәрлендірген,
Сабақ тартқан жіңішке
Көк шалғындар кеулеп кірген
Сенің кеуден емес пе?

Я, Корей жерінде қазаға ұшырап, «ерні тас жұмылып», жүзі жасырылмай, өлексе тәніне қарға-құзғын үймелеп жатқан өлік – сол американ сержанты. Мүмкін, ол мұндай мүскін халге түсемін деп ойлаған да жоқ шығар, мұны қаламаған да болар. Әлде ержүрек корей халқының батырлары бұл жөнінде ойлауға оның мұршасын келтірмеген де болар.

Бейбіт жатқан елге бас салған американ фашистері сол сержанттың кебін киіп жүр. Ал олардың тірі қалғандары өздерінің жер басып жүргеніне көп қуана қоймайтын болуы керек. Корей батырлары мен қытайдың ержүрек еріктілері зұлым жауды әлі-ақ жайрата жеңеді. Сонда жеңіліс тапқан американ жендеттерінің жиіркеніште жүзін масқаралықтың

мәңгі кетпес қара таңбасы айғыздайды. Ал корей халқы жеңіске жетіп, салтанат құрады. Дәл осылай болатындығына ешкандай да күмән жоқ. Өйткені данышпан Сталин, совет халқы, бүкіл жер жүзінің бейбітшілікті аңсаған адамдарды өз елінің тәуелсіздігі мен азаттығы үшін күресіп жатқан корей халқына қолдайды.

Ақын Х. Бекхожин «Корей жігіті» атты өлеңінде «Соғыс өртінен Москваға келген корей жасын» суреттейді. Корей жігіті Москвада, қызыл алаңда болады. Бейбітшілікті жақтаушылардың дүниежүзілік лагерін бастап отырған, «еркіндіктің өр дабылын қаққан» совет халқынан, данышпан көсемнің бейнесінен қуат алғандай болады, американ фашистеріне деген ызалы кекке толы жүрегі кең кеудесін керней түседі. Қызыл алаңда тұрып соғыс жалыны лаулаған өз Отанын оймен шолған корей жігітін былай суреттейді:

Қандырғандай кекті жүрек құштарын,
Отты көзі өртегендей дұшпанын.
Кореяға көрінгендей Кремль,
Биігінен қарағандай Сталин.
Күш алғандай Кремльдің түбінен
От шалқыды оның сұсты түрінен
Шошыр еді қазір одан Макартур
Сасар еді сарайында Трумэн.
Қолбасшыдай тыңнан күшті қол алған
Жас қырандай тоят тауып оралған
Корей жігіт қайта кетті майданға
Алып қуат ұлы қызыл алаңнан.

Жинақтағы бірсыпыра өлеңдер шетелдік интервенттер мен гоминданшыларды тас-талқан етіп қыйратып, жаңа дүние жасап жатқан ұлы қытай халқына арналған. Ақын Қ.Жармағамбетовтың «Мао Цзе-дунның жауабы» атты балладасында қытай халқының көсемі Мао Цзе-дунның ұлылық тұлғасы, қытайлықтардың Сталин даналығынан кемімес күш, таусылмас жігер алатындығы, совет және

қытай халықтарының арасындағы айнымас берік достық бейнеленеді.

Бұл балладада шетелдік жеңіл ауыз, жел өкпе журналистердің жылмаң қаққан жексұрын кейіптері де өткір келекеленген. Сырбай Мәуленовтың «Мао Цзе-дун» деген өлеңінде азат болған қытай халқының көсемінің ерекше бір үлкен ұлы тұлғасы жырланады.

Мао Цзе-дунның бейнесін ақын былай суреттейді:

Жаткандай бір ұлы күш жанарында
Қыранның қанатындай қабағында
Кеткендей сол жанардан сәуле тарап
Қытайдың ұлан байтақ алабына.

Ал жас ақын Мұзафар Әлімбаеватың «Ұлы халық атынан» деген өлеңінде халықтық республика болып құрылған жаңа Қытайдың ұлылығы және оның халықаралық масштабта үлкен орын алатындығы ерекше бір мақтаныш сезіммен, қуатты леппен айтылады.

Совет Одағындағы халықтардың арасындағы мызғымас берік достық – біздің отанымыздың қуаттылығының, бейбітшілік ісінің жеңілмейтіндігінің айқын кепілі.

«...ССРО халықтарының арасындағы достық үлкен және елеулі жеңіс. Өйткені бұл достық бар тұрғанда, – деп үйретеді Сталин жолдас, – біздің еліміздің халықтары еркін болады және жеңілмейді. Бұл достық бар тұрғанда және жасап тұрғанда бізге ешкім, ішкі жаулар да, сырткы жаулар да қорқынышты емес».

Ақын Тайыр Жароковтың «Достық туының астында», Жұмағали Саинның «Россия туралы сөз» атты өлеңдерінде совет халықтарының арасындағы лениндік-сталиндік ұлы достық мадақталады. Ж. Саинның ұлы орыс халқына деген шексіз алғыс сезіміне, нағыз отаншылдық сезіміне толы бұл патриоттық өлеңі ерекше әсерлі, тартымды болып шыққан. Бейбітшілікті аңсаған адамдардың барлығы да Россиямен, ұлы орыс халқымен бірге екендігін ақын ерекше бір пафоспен, асқақ үнмен жырлайды:

Россия!
Бақыт туа
желбіреген,
Сен бірлік пен
достықтың қайнар көзі.
Бар адамның
бар ұлттың жер шарында
Сенімен бір тілегі,
айтар сөзі.

Бейбітшілік үшін күрес – тек бүгінгі күннің ғана тілегінен туып отырған жоқ. Бейбітшілік – біздің ертеңіміз де. Бейбітшілік үшін күрес – адам баласы жасаған баға жетпес мұралардың болашақ мұрагерлері – жас ұрпақ үшін, оның сәулелі келешегі үшін жүргізіліп отырған қасиетті күрес.

Жас ақын Аманжол Шамкенов осы ойды «Әділеттің толқыны» атты өлеңінде шебер жеткізіп бере алған.

Сөзді ақынға берелік:
Дүниенің төріндейміз біз бүгін
Күнде естимін шаттық жырын, қызық үн.
Тез өссе екен заманымдай құлпырып,
Көрсем деймін бөбегімнің қызығын.
Көрсем деймін ортаға сап білгенін
Достарымен жайраңдасып күлгенін
Көрсем деймін ғылым дейтін гүл ұстап
Болашақтың бақшасында жүргенін.
Сонда мені ертіп алып қасына
Өз өнерін көрсеткенше асыға
Сөйлеп кетсе жаңадан бір тапқанын
Қарай беріп бурыл тартқан шашыма...

«Келер күніне алақанын тосып талпынған шарқұрған бөбегінің» болашақтың бақшасында жүрген кезін көру – адал ниетті әкелердің ізгі арманы. Мейірбан жанды әр әке жас ақынның осы өленін жүрегімен ұғып, оны осы бір сөздерін қосыла кетіп, қайталап айтарлықтай.

Жас ақын Нұтфолла Шакеновтың «Ақсақ негр», Төлеужан Исмаиловтың «Форрестолдың өлімі» деген өлеңдері американдық өмірдің шындығын суреттейді.

Т.Исмаиловтың өлеңінде АҚШ-тың соғыс министрі Форрестол талма ауруы ұстап, Ақ үйдің сегізінші этажынан секіріп түсемін деп, құлап өлгені өткір юмормен сықақталады. Автор бейбітшіліктің жауы болған жендеттің есуастығын суреттеу үшін не бір уытты өткір сөздерді қолданады. Жөні түзу, ниеті адал адамның қаза табуы – аса ауыр қайғы. Оған басқалар аянышты сезімімен қарайды. Ал өздері басқаларға өлім тілеп, ажал оғын кезеніп жүрген американ фашистерінің есалаңдыққа шалдығып, есіріп өлуі адамның жүрегінде аяныш сезімін, реніш күйін туғызбайды. Керісінше, өлеңді оқығанда оқушы жарымес адамның ақымақтық өліміне еріксіз езу тартып күледі, маскара ете күледі.

Н.Шакеновтың жоғарыда аталған өлеңінен көше кезіп, азап шеккен, алдамшы арман азалаған ақсақ негрдің санасы оянып, «әлде небір толқынды ойға түскен» сұсты, ызалы бейнесін көреміз. Ол анасынан сондай мүгедек – ақсақ болып туған жоқ. Оны қырғын соғыска айдап, аяғын қырыққан – Ақ үйдегі «мырзалар».

Ол өткені соғыска алданып қалып, алды-артын байқамай, неге соғысатынын білмей қатынасты. Бірақ енді ол «ақ нәсілді американдықтарды қорғау үшін» соғыска бармай, кайта сол мырзаларға карсы өзінің азаттығы үшін күреседі. Ақ үйден ақырғы рет түңіліп, сұстанған күйінде жүріп кеткен ақсақ негрдің кекті ашуға, отты ызаға толы жүзінен осыны көреміз.

Совет адамдарының ең жақсы ізгі ойлары мен сезімдері «бейбітшілік» деген сөзбен тығыз байланысты. Бейбітшілік үшін күрес – совет адамдары үшін ең ардақты борыш, тыныстайтын ауа тәрізді қажет, халқымыздың жеңімпаз алқызыл туындай қасиетті. Сондықтан да жас ақын Ж. Өмірбеков:

Сақтаймыз
тыныштықты туымыздай
Өзекті жарып шыққан ұлымыздай.
Сақтаймыз
тыныштықты өмір үшін
Ардақты коммунистік арымыздай!–

деп жазады.

Сөйтіп ақын бейбітшілік үшін күрес борышын совет адамының ең биік, ең таза, ең ардақты қасиеті – коммунистік арлылық дәрежесіне дейін көтереді.

Атап айтуды қажет ететін нәрсе – жыйнақты құрастырушы және оның редакторы бұл кітапқа Маяковский, Жамбыл, Малышко сияқты ақындарымыздың да өлеңдерін енгізу аса қажет екендігін ескермеген.

Сөз болып отырған жинаққа үлкен өріске шыққан, құлашы кең кексе ақындардың бастап қаламды жаңадан ұстап жаза бастаған жастарға дейінгі біраз авторлардың өлеңдері енген. Республика ақындарының бейбітшілік тақырыбына қосқан үні осы жинақта. Бұл – бейбітшілік даусы!

1952 жыл

ИСА БАЙЗАҚОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Даңқы шартарапқа көзі тірісінде-ақ аса кең таралған, өтемөтс мәшһүр болған ақындарымыздың бірі – Иса Байзаков. Оның қазақ кеңес поэзиясында алатын орны ерекше. Қазақ кеңес поэзиясының тұңғыш қарлығаштарының бірі болған ол өзінің бүкіл шығармашылық өмірі бойына жемісті еңбек етті. Иса Байзаков артына шығармашылық мол мұра қалдырды. Ол мұра көптеген өлеңдер мен толғаулардан, ән текстері мен термелерден және бірнеше поэмалардан тұрады.

Болашақ ақын 1900 жылы осы күнгі тың өлкесі, Павлодар облысының Ертіс ауданында дүниеге келеді. Жастай шешесінен айырылып, жетімдік тақсіретін тартады. Сөйтіп оның балалық шағы нағашыларының қолында өтеді. Рахмет деген нағашы ағасы оны ән-күйге, домбырашылық өнеріне баулиды. Бұл оның ақындық талантының ерте ашылуына көп әсер етеді.

Иса Байзаков әдебиетке өмірдің қайнаған ортасынан, халықтың қалың бұқарасының арасынан келді және ол өзімен бірге сол халықтың аяулы арманы мен тілегін, дариядай тасыған ақындық қуатын ала келді.

Ауыл ортасында ойын-тойда суырып салып өлең айтып, кейбір кездескен ақындармен айтысып жүргенімен, Иса Байзақовтың шын мәнісіндегі шығармашылық жолы оның кеңес шындығын жырлауға арналған шығармаларынан басталады. Иса әдебиетке алғаш халық поэзиясының өкілі ретінде келгенімен, ол бұл деңгейде қалып қоймай, жазба поэзияның дәрежесіне көтерілді. Сөйтіп, ол халық поэзиясының дәстүрлерін жазба поэзияның реалистік үлгілерімен тоғыстыра ұластырды. Әрине, бұдан ақын өзін нәрлендірген, сусындаткан қайнар көзден қол үзді, алыстады деген ұғым тумасқа керек.

Қайта, халық поэзиясының асыл нұсқаларына И. Байзақов әрдайым оралып отырды. Мұны оның поэмаларының қамтитын тақырыптарынан да, шығармаларының тілдік ерекшеліктерінен де айқын көреміз. Халық поэзиясының ең бір алғырлық сипатын, шығармашылық сарқылмас қуатын танытатын ерекшелік – импровизациядан ақын шығармашылық сапарының ең соңғы күндеріне дейін қол үзген жоқ. Ол тіпті шағын өлеңдерді, термелерді былай қойғанда, ұзақ-ұзақ толғаулар мен кесек поэмаларды да алқалы топтың алдында суырып шығарып отырған. Мысалы, ақынның замандастары оның «Он бір күн, он бір түн» поэмасын қазір бізге мәлім түрінен әлдекайда мол, ұзақ жырлағанын айтады. Өкінішке қарай, дер кезінде қағаз бетіне түсірілмегендіктен поэманың бұл нұсқасы сақталмаған.

Ақын-импровизатор болғанымен, Иса Байзақов оның дәстүрлі шеңберінде қалып қоймаған. Бұрынғы импровизатор-ақындардың шығармаларында, суырып салып айтқан жырларында ұшырасатын жадағай сөзуарлыққа, көркемдік тапшылыққа ол мейлінше қарсы болған. И. Байзақов импровизацияны – тасқындап төгілген әрі мейлінше көркем өнер деп таныған. Бұған оның мына бір сөздері айқын айғақ:

«Ақындық қуат, талант дегенің от, электрдің тогы сияқты. Ол қалың жиын, думан үстінде, ерегіскен айтыста жанданады. Электр өзінен-өзі жанбайды, қуат та бермейді, ол қайралса, жанылса ғана от береді. Ақынды қайта-қайта қайрап салса ғана тұтанып жалындайды. Алайда жиын айтыс үстінде қасақана осы сүрінер ме екен, бөгелер ме екен деп ақынның намысына тигендей мені үлкен айтысқа салса немесе тосын тақырыптар беріп, әдейі қиын бөгеттерге әкеліп итермелесе, міне, осы кезде менің ақындық қуатым электрдің тоғындай лап етіп жанып, өрт болып қаулап сала береді. Неғұрлым намысыма тиерлік жерге, көбірек қайрап, айтысқа араластырса, солғұрлым өлеңді бөгелмей, киналмай, таудың тасыған бұлағындай төгіліп, суырып салып айтып кетем. Бұл уақыттарда мені ақындық шабыт, отты сезім, ұшқыр киял сияқты нәрселер билеп кетеді. Ақындығында лапылдаған жалын, қанатты жел, ұшқыр киял жоқ ақын су-

ырып салып өлең айта алмайды. Суырып салып айттым деп жүргендердің өлеңіндегі ұйқастың көбі жаттамалы».

Сөйтіп, ол суырып салып өлең айту – барды қайталау емес, керісінше, тыңнан жасау және ешкімнің өлеңіне, өнеріне ұқсатпай, өзіндік етіп жасау деген қорытындыға келді. Өзінің ақындық өнерінде Иса шығармашылық осы принципін берік ұстанды да.

Жиырмасыншы жылдардағы қазақ кеңес поэзиясына тән көптеген белгі-бедерді әдебиетке сол кезде келген Иса Байзақовтың шығармашылығынан да мол ұшыратамыз. Бұл ақын шығармаларының тақырыптық қамтуынан да, оның сол тақырыпқа қатынасынан да, соны жырлау тәсілінен де анық байқалады. Ұлы Октябрьдің жеңісі арқасында азат болған, жаңа дүние орнатып жатқан еңбек адамының қуанышы мен күресі, ел өмірінде жасалып жатқан алуан түрлі өзгерістер мен оқиғалар – міне, шығармашылық жолының алғашқы кезеңінде И. Байзақовтың беріле, шабыттана жырлаған тақырыптары осылар еді. Ақын бұл тақырыптарды өзінің «Ленин», «Біздің еңбек», «Ұлы Октябрь», «Неге Алатау шаттанды» атты шығармаларында және басқа да көптеген өлең-жырлары мен толғауларында әсіресе мол жырлады.

Жиырмасыншы жылдарда қазақ кеңес ақындары Ленин туралы көптеген шығармалар жазды. Мұны сол кезеңдегі поэзиямыздың ерекше бір ұтымды сипаты десе де болғандай. Иса Байзақовтың «Ленин» атты өлеңі осындай шығармалардың таңдаулыларының қатарына жатады.

И. Байзақовтың жиырмасыншы жылдардағы өлең-жырларында жаңа шындықты бейнелеуге лайықты көркемдік бояулар таба алмаушылық, өмір құбылыстарының ішкі тереңіне үңілмей, оны сырттай тамашалап, енжар қызығушылық сияқты көркемдік олқылықтар да бой көрсетіп отырады. Бірақ бұл тек И. Байзақовтың шығармашылығына ғана емес, сонымен бірге сол кездегі жас поэзиямызға тұтастай тән кемшілік еді.

Сондай-ақ, ақынның алғашқы кездегі шығармаларының ең тәуірлерінде оның жалаң баяндаушы, салғырт бақылаушы дәрежесінде қалып қоймай, халықтың атынан сөйлеуге,

соның ой-тілегін білдіруге ұмтылғанын атап көрсетпеу әділетсіздік болар еді. Мысалы, «Миллиондаған жалшымыз» атты өлеңінде ақын былай деп жырлады:

Еркін күшпен өрлеймін,
Өмірім ұзақ – өлмеймін.
Міне, мен – жалшы тілімін
Жарлы жанын жырлайтын,
Қажымайтын, талмайтын,
Еңбекші таптың ұлымын.

Ақын өзін жаңа дүние орнатып жатқан қалың көпшіліктің өкілі, соның бір бөлшегі сезінді. Сондықтан да ол осылайша жырлай алды.

И. Байзақовтың ақындық шеберлігі оның лирикалық шағын өлеңдерінен соншалықты терең әрі мол таныла қойған жоқ. Оның зор ақындық қуаты мен шығармашылық серпіні күрделі де кесек жанрларда айқын көрініс берді. Әрине, мұны ақынның лирикалық шағын өлеңдерінің, термелері мен толғауларының өзіндік ерекшеліктері мен кейбір көркемдік қасиеттерін жоққа саю деп түсінуге болмайды. И. Байзақовтың поэзиялық шағын шығармалары көбінесе жыр-толғау, қара өлең үлгісінде және Абайдың өлең өлшемдері негізінде жазылған.

И. Байзақов – асылында, Абайдың шығармашылығына беріле ден қойған және одан іштей көп тағлым алған ақын. Мұны оның көптеген өлеңдерінің құрылысы мен өлшемдерінен де, ақындық сөз саптаулары мен бейнелеулерінен де айқын көреміз. Мысалы, ғасырлар бойы құлазып келген далада жаңа дүниенің нұр-шапағы мол таралғанын, халықтың мәдениетке, жарыққа қайтарусыз бет бұрғанын суреттейтін және осыны азаматтық пафоспен мақтан ететін «Мақтандым бүгін, мақтандым!» атты өлеңінде ақын былай деп жазады:

Қуарған кейбір далада
Көкорай өсіп басыпты.

Акыл менен санаға
Заман нұрын шашыпты.

Міне, бұл өлеңдегі ақындық шыншылдықтан, еркін де тоғіле туған пағыз поэзияға тән саф тазалықтан Абай әсерінің ізін тану онша қиын емес.

И. Байзаковтың баска көптеген профессионал-ақындардан бір ерекшелігі оның әншілік өнерінде. Қазақ халқының аскақ үнге де, лирикалық сыр-толқынға да, жан тербейтін терең сезім мен парасатты ойға да толы әндері мен күйлерін Иса ғажайып ынтызарлықпен сүйген және өзі де зор шабытпен орындаған.

Сонымен бірге, ақынның өзі шығарған музыкалық мұралар да біралуан. Осылайша әрі музыканың сыр-сипатын нәзік сезімталдықпен түсінген өнер иесі, әрі шабыты шарқ ұрған төкпе ақын болғандықтан, И. Байзаковтың бұл екі өнерді қатар ұстамауы, оларды бір-бірімен ұластыра ұштастырмауы мүмкін емес еді. Шындығында, осылай болды да. Оның кеңестік өміріміздің қуанышты да көңілді тынысын, жігерлі лебін аңдататын желдірмелері, әндері және соларға шығарған текстері бұған айқын айғақ болып табылады. Қазақтың халық музыкасын қалтқысыз сүйіп, оның ғажайып та мол үлгілерін есепсіз көп еңбек сіңіріп жинаған А.В. Затаевич Исаның талантын жоғары бағалай келіп, былай деп жазған:

«Иса Байзақов – жалындаған жас жігерлі, екпінді суырыпсалма ақын, әсерлі әнші, құлашы кең, сөзі нық, ойы ұшқыр үлкен талант. Ал сахнада көріну жағынан алғанда да ол ерекше тұлға. Шебер қимылды, анық дыбысты, үні ұнамды, талант қасиеті өзімен бірге жаралған актер... Оның залдағы жұрттан түскен сұрауларға сондай батыл әрі жедел жауап қайтаратын өршіл ырғақты суырыпсалма өлеңі, менің байқауымша, үлкен аудиторияға ғана әсер етіп қоймай, кейбір ысылған сыншылардың өзін де қайран қалдырады, ерекше таңдандырады».

Бұл айтылғандардың барлығы да Исаның ақындық өнерінің алуан түрлі қырын анығырақ байқатса керек. Бірақ қайталап айтамыз, И. Байзаковтың ақындық құлашының

кеңдігі, шығармашылық алғырлығы поэма жанрында ғажайып зор қуатпен танылды. И. Байзаковтың қаламынан оңға тарта поэма туды. Солардың көпшілігі тарихи тақырыпқа арналған. Ақынның бұл поэмаларының барлығы бірдей оқшау шыққан, үздік шығармалар емес. Олардың ішінде ұлттық поэзиямыздың қорына өшпес мұра болып қосылғандары да, ақынның шығармашылық биографиясында айқын белгі-бедер қалдырмай, уақыт сынына төтеп бере алмағандары да бар.

Ақынның тарихи тақырыпқа арналған поэмаларының ең тұңғышы және таңдаулыларының бірі – «Құралай сұлу». Бұл поэмасын ол 1924-1925 жылдарда жазған. Поэманың негізгі сюжеттік желісі ел арасында таралып келген аңызға құрылған. Бірақ ақын сол аңыздың шеңберінде қалып қоймай, реалистік көріністерге бай, романтикалық сарындағы тамаша поэма жасады.

Осы тұста ақынның мына бір сөздерін еске түсіре кету орынды деп білеміз: «Мұның (поэманың – А.Н.) әңгімесін ел аузынан естіп, біраз жатқа жырлап жүрдім. Кейін Орынборда оқып, орыс, қазақтың әдебиетімен таныса келе және сол кездегі жазушылардың ақыл-кеңесін ала отырып, жазып шықтым. Әуелгі жазуымда Құралай өлгеннен кейін Келден зар жылап, енді қайтып әйел сүймеске, ел бетін көрмеске антсу ішіп, даланың аңшы-мергені болып кететін. Сол даланы кезіп жүргенінде сүйген жігіті өліп, соның күйігінен жапан кезіп кеткен бір ер қызға кездеседі. Екеуі мұңдасып, қосылып елге баратын еді. Мұны басылар кезде ақын-жазушылар сынап ұнатпаған соң және шынында аяғы қисынсыз ертегіге айналып бара жатқан соң алып тастадым».

Поэманың негізгі идеялық бағыты мен авторлық нысаналы тереңірек тану үшін бұл сөздердің ерекше маңызы бар.

«Құралай сұлу» поэмасын оқып отырғанда онда суреттелген оқиғалар ертедегі дәуірді қамтитындығын көреміз. Ол – ер мен ер егесіп, ел мен ел шабысқан бағы заман еді. Поэмада сол заманның шынайы көріністері бар.

Ақын поэмада бейнеленген оқиғаларды баяндауға бірден араласпайды. Поэма ақынның өз атынан берілген шағын кіріспе арқылы басталады:

Ойласаң өткен күнді, айтады жыр,
Тыңдасаң, естіледі бір терең сыр.
Ой өліп, өмір сөніп, көп соғылған
Суреті өткендердің алдымда тұр...

Естісем сондайлардың мұң мен зарын,
Менің де қозғалады қапаларым.
Ортақпын қайғылының қайғысына
Үн қосып күнірену – болған барым...

Сөйтіп, ақын суреттелейін деп отырған оқиғаларға деген авторлық қатынасын салған жерден-ақ айқындап алады. Яғни ол «өткендердің суретін» енжар бейнелей салмай, «қайғылының қайғысына ортақтасып, үн қосып күніренбек». Авторлық осы қатынас, осы бір құштарлық сарын поэманың бүкіл өн бойынан анық сезіліп отырады.

«Құралай сұлу» поэмасы жайында әдебиетшілер арасында алуан түрлі пікір болып келді. Кейбіреулер поэмада Монтай бидің ұнамды түрде суреттелгенін ақынға кінә етіп тағуға тырысты. Біздіңше, мұндай пікірде ешқандай дәйекті негіз жоқ. Ең алдымен, Монтай поэманың негізгі кейіпкері емес. Автор үшін Монтайдың тағдыры – Құралай мен Келденнің жайын баяндауға ауысу үшін қажет баспалдақ қана. Сонымен бірге автор Монтайды халық аңсаған әділдіктің бейнесі ретінде алған. Ол – ел қамын ойлайтын, оны жоғары бағалайтын адам. Жалғыз баласынан айырылып, аңырап қалған Монтайдың аузына ақын мына бір сөздерді тегін салмаған:

Уа, жұртым, қайғырмайық бір жас үшін,
Жазымыштың сөгеміз бе еткен ісін?
Ер туса, елден тумақ, елді тіле,
Елсізден ер тумақ па – білмеймісің?
Ер туып, жоқ елді бар қыла алмайды,
Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды...

Бұл – бір жағынан, ақынның өзінің де ойы. Халықтық ойды танытатын мұндай сөздерді ақын Монтайға әдейі айтқызып отыр. Поэманың кейінгі негізгі бөлімдеріне апаратын жол да осы тұста байқалып қалады. Монтай армансыз адам іздеп сапарға шығады. Сөйтіп, ол Келденнің ауылына келеді. Бұдан әрі ақын оқушыны поэманың негізгі кейіпкерлері Келден мен Құралайдың тағдыры туралы баяндауға араластырады. Поэманың негізгі бөлімдерінің оқиғалары Келденнің атынан баяндалады. Өз басынан кешкендерін ол Монтайға сыр етіп шертеді.

Поэма оқиғаларының Келден атынан баяндалуы шығарманың реалистік қуатына біраз салқынын тигізбей қоймаған. Өйткені кейіпкер оқиғаларды баяндап қана қоймай, оларға белгілі дәрежеде баға да беріп отыратындықтан, авторлық қатынас кейбір реттерде көмескі тартып кеткен. Біздінше, бірқатар әдебиетшілер мен сыншылардың поэмада қазақ елінің ішкі өмірі, ондағы рулық қайшылықтар мен әлеуметтік теңсіздіктер терең ашылмай қалған деген пікір айтуларының да бір сыры осында болса керек.

Поэма оқиғаларының осы сипатта қиюласуы және кейіпкердің атынан баяндалуы өзінің авторлық өрісін біраз тарылтатындығын ақынның өзі де сезген. Сондықтан да ол кейіпкердің баяндау әуеніне үнемі бірдей бой ұрып кетпей, оқиға желісіне ара-тұра өзі де араласып отырады. Сондай-ақ, көп реттерде кейіпкердің ой-тұрғысы мен ақынның ой-тұрғысы бірыңғай, сәйкес келіп қалады. Мұндай жағдайда кейіпкер атынан берілген баяндау авторлық баяндаудың қызметін өтейді. Бұған поэманың қалмақтар өмірі және қалмақ батырлары мен Келденнің арасындағы шайқастар баяндалатын эпизодтары айқын мысал болып табылады.

«Құралай сұлу» поэмасында халықтың жауынгерлік, батырлық рухы бар. Бұл қасиетті әсіресе Келденнің бойынан мол табамыз. Қапыда қалған елдің жылқысын шауып алып, айдап кеткен қалмақтардың соңынан қуа аттанғанда ол он үш жастағы уыздай жас бала. Әрине, құрсанған қалың жауды жеңемін деген ой онда жоқ. Бірақ оның бойын ел кегі, ерлік намыс кернеген. Келденнің жүрегін жайлаған осын-

дай патриоттық сезімдер ол қалмақтардың қолында тұтқын болған шақта да суынбайды. Егер бұдан былай қалмаққа жау болмаймын деп ант берсең, тұтқындықтан босатамыз деген Сейқынға ол былайша жауап береді:

– Саған жау, Сейқын сұмырай, мендей қазақ,
Болмаймын бас алсаң да үйтіп мазақ.
Өлсем де өлім үшін өкінбеймін,
Еркінде көрсете бер қандай азап.

Қайтсе де қосылмайды саған қаным,
Жаралғаннан жұртымды сүйген жаным.
Бүгін шешіп босатсаң, ертең жаумын,
Сендей жауды жапыру – ойлағаным.

Келден осы сертіне берік күйінде қалады. Ақыры ол Құралаймен көңіл қосып, соның жәрдемімен қалмақтардың тұтқынынан қашып шығады. Артынан қуған жауларды қырып, ол өзін де, Құралайды да азат етеді. Келден адам қанын төгуге құмар емес. Ол – өз басын қорғаушы. Құралай екеуін қуып келген қалмақтарды жайратып салғаннан кейінгі оның мына бір сөздері осыны аңғартады.

Жаралы жан, қансыз тән даланы алып,
Он сан адам қырылды өлімге улай.
Қиянатшыл өмірдің таласы үшін
Сорлы адамзат қырылды-ау талай-талай.

Келден – намысты, жүректі батыр ғана емес, сонымен бірге нәзік сезімнің де адамы. Бұл оның Құралайға деген өмір бойы суынбас ыстық сүйіспеншілігінен анық көрінеді.

Құралайдың образы да ерекше бір тартымдылыққа, жылылыққа толы. Оның оз елін аңсап сағынған шерлі үнінен жау қолында арманда өткен анасы Наушаның да өкінішті мұң-зары естілетіндей.

Бірақ Құралай арманның азалы күйін шертіп жаси бермейді. Ол кезені келгенде батыл қимыл да жасайды –

Келденнің жау колынан босап шығуына септігін тигізеді. Сөйтіп Құралай аяулы арманына жеткендей болады. Өкінішке қарай, оның бұл қуанышы ұзаққа созылмайды. Әрі аңсаған ел-жұртын көре алмай, әрі Келденді айықпас мұңшерге батырып, Құралай өмірмен қош айтысады. Өмірінің ең ақтық сәтінде, демі үзіліп бара жатқанда да Құралай сүйіктісі Келденнің бақытты болуын тілейді. Жалпы алғанда, жан тазалығына, рухани қайратқа толы Құралайдың бейнесі – қазақ поэзиясындағы ұнамды әйел-кейіпкерлер образдарының таңдаулыларының бірі.

Келденнің өкінішті монологы айтылып біткеннен кейін ақын поэманы былайша түйіндейді:

Деп Келден тамам қылды барлық сөзін,
Қартайтқан бұл қайғымен бейшара өзін.
Жазалы кім, жазасызды күйдірген кім?
Тексерші, өткендердің әрбір ізін.

Әрине, бұл сұрақтың жауабын сол бір бейуақыттың шындығынан іздеу керек. Ақынның ерекше еңбегі сол – ол осы тарихи шындықты өзінің поэмасында шынайы да әсерлі бейнелей алды. Мұндай шығарма оқушының рухани сезімдерін аялап, оны ұзақ уақыттар бойына толғандырмақ. «Құралай сұлу» поэмасын таза да іңкәр махаббат туралы, армансыздықты армандаған ер жүректі, ізгі жанды адамдар туралы аяулы жыр деп санаса да болғандай.

Ақынның «Алтай аясында» атты поэмасы да өзінің тақырыбы, қамтитын дәуірі жағынан осы «Құралай сұлумен» алуандас. «Алтай аясында» алғаш рет 1934 жылы жарияланды. Бұл – ақынның ертеректе жазған «Алтай ертегісі» атты шығармасының өңделіп, толықтырылған нұсқасы.

Ақын поэмасының алғашқы тарауында Алтай тауының тамаша сұлу табиғат көріністерін суреттейді. Ал осыдан кейін барып ол шығарманың кейіпкерлері мекен еткен және онда бейнеленген оқиғалар өрбіп-өрістеген жерлердің нақтылы көріністерін беруге ауысады. «Алтай аясы» поэмасында И. Байзаков махаббат және оның еркіндігі туралы

тақырыпты жалаң жырламайды. Бұл шығармасында ол әлеуметтік мәселелерге де біраз тереңдеп барған. Мысалы, Балағаз бен Құсанның арасындағы тартыстың түп төркіні тек Еркежанның жайына байланысты деп қарау – үстірт байлау жасағандық болар еді. «Қарақаска атты Қамбардың тоқсан үйлі тобырының» ұрпағы Балағаздар мен Құралайларға Құсанның ызасы әбден батқан. Міне, осы ыза Еркежанның тағдыры екіталай күйге түскенде сыртқа қайнап шыға келеді.

Айтыста Еркежаннан жеңіліп қалып жер болған әрі Балағаздай ноян, жігерлі жігіттен беті қайтып, сағы сынған Құсан өзінің жемтіктестері Кәпін, Кәбік сияқты қалмақтың хандарын Балағаздарға қарсы әккілікпен айдап салады. Олар қапыда бас салып, жарлы ауылдың ойранын шығарады. Талай адамдар жазықсыз құрбан болады. Ал Еркежан қалмақтардың қолында тұтқын болып кете барады. Сөйтіп, поэманың ұнамды кейіпкерлері қым-қуыт жайларға, адам айтқысыз қиындықтарға тап болады. Бірақ олар егіліп, жасып кетпей, қайратқа жырын шыңдай түседі.

Ақыр аяғында Балағаз бен Жоламан Еркежанды құтқарып алады. Бұл ретте оларға қалмақтың Қаутұн деген мерген батыры көмектеседі. Поэманың оқиға желісіне осы қалмақ батыры Қаутұнды енгізу арқылы ақын көп нәрсе ұтқан. Ең алдымен, бұл кейіпкердің іс-әрекеті Еркежанның қалмақтар тұтқындығынан құтылуының мотивировкасын шынайыландырып тұр. Екіншіден, біз осы образдан қазақтың да, қалмақтың да қарапайым адамдарын тұрмыс мүдделері, тағдыр ортақтастығы өзара тұтастыра бастағанын көреміз. Егер Құсандар мен Кәпін, Кәбіктер бірлесіп алып Еркежандарға зорлық-зомбылық жасаса, ал Балағаздар мен Қаутұндар ұжымдасып оларға қарсы шығады, яғни Қаутұнның сөзімен айтқанда, «тізе қосып кекпен кек қайтарады». Міне, Қаутұн образының ең бағалы қасиеті де осында.

Поэманың эпилогында ақын бұрын Құсан, Кәпін, Кәбік жайлаған далада қазір жаңа өмір орнағанын, бүгінгі күннің Еркежандары шаттық әнін шырқайтындығын қуана жыр етеді. Тегі, осылай ету арқылы ақын өзінің бағзы за-

манда өмір кешкен кейіпкерлерінің аяулы армандары мен жарқын үміттері тек кеңес дәуірінде ғана шындап жүзеге асқанын аңғартпақ болса керек. И. Байзаковтың «Кавказы» оның баска шығармаларынан гөрі оқшауырақ тұрады. Егер баска тарихи поэмаларында ақын өз халқының өткеніне көз жіберсе, ал «Кавказ» дағыстан халқының тіршілік жайын, әдет-ғұрпын баян етеді.

Композициялық құрылысы жағынан «Кавказ» жоғарыда аталған «Алтай аясында» поэмасына ұқсас. Соңғы поэмасының да алғашқы тарауында ақын Кавказ тауының ғажайып әсемдігін, оның асқар шыңдары мен тулай аққан тентек өзендерін көркемдік бояуларын лекіте төгіп, мың құбылтып, құлпырта суреттейді. Шығармада баяндалатын оқиға желісіне ақын осыдан кейін барып қана араласады. Сондай-ақ, «Алтай аясындағы» сияқты «Кавказда» да ақын басты-басты кейіпкерлерін оқушыға жеке-жеке, арнайы таныстырып алады.

Бұл поэмада да ақын махаббат тақырыбын әлеуметтік тақырыппен ұштастыра отырып жырлайды және сол екі тақырыптың шешімін бірегей күйде береді.

Поэманың басты кейіпкері Бағыда – аскан ер әрі аса өнерлі жігіт. Шығарманың негізін құрайтын тайталас-тартыс осы Бағыданың іс-әрекеттеріне байланысты өрбіп дамиды. Ал оның барлық іс-әрекеті ата жауы Жүсіптен кек қайтару мақсатына арналған. Бір кезде әкесі Асқапты өлтіргені үшін ол Жүсіпке іштей өш. Бірақ қан үшін қан төгу туралы ойдан Бағыда алғашқыда аулақ болады. Қайта, өзінің балуан балаларын жығып, аты және бәйгеден келіп ел көзінде абыройы аскан Бағыданың басын жоюды Жүсіп ойлайды. Алайда, оның бұл арам ойы іске аспайды. Жүсіптің төрт баласы бірдей ажал құшағына енеді. Ал ол өзін өлтіреді. Бағыда мен Зайда қол ұстасып Дағыстаннан кетуге бел буады.

И. Байзақовтың бұл поэмасы Ақылбайдың «Дағыстан» атты романтикалық поэмасымен тақырыптас. И. Байзаков Ақылбай поэмасының негізгі материалын өңдеп пайдалана отырып, тыңнан өзіндік поэма жасаған. Иса поэмасындағы оқиғалардың өрбуі мен шешілуі де, ондағы кейіпкерлердің

іс-әрекеттері де «Дағыстандағыдан» мүлдем басқаша дерлік. Сондай-ақ, Ақылбайдың поэмасындағы тым әсіре романтикалық сарындар мен кездейсоқ мезеттердің белгі-бедері «Кавказда» жоқ. Әрине, бұдан «Кавказдың» кейіпкерлерінің жанында лаулаған жалын, отты сезім, өр мінез жоқ деген ұғым тумайды. Бірақ ақын осының бәрін де шындық шеңберіне сыйымды етіп, реалистік суреттеу мәнеріне көбірек бой ұра отырып берген.

Ақылбайдың поэмасында болып өткен оқиғалардың барлығының да түп төркінін, себеп-салдарын тағдырдың бұйрығынан, жазмыштан іздеу сарыны басым. Ал И. Байзаков «Кавказдың» оқиғаларын өмір шындығына сәйкестендіре отырып өрбітеді әрі көркемдік жағынан нанымды етіп шешеді. И. Байзаковтың поэмасында адамгершілік ар-намыс, адалдық, әділеттік тақырыбы ең алғы планда жырланады.

«Кавказ» поэмасының бағалы қасиеттерінің бірі сол – онда ақын Кавказ тауының таңғажайып сұлу көріністерін ғана емес, сонымен бірге оны мекендеген халықтың өмірін, әдет-ғұрпын, ұлттық колоритын да шынайы суреттей алған. Сөз жоқ, мұның бәрі поэманың реалистік қуатын күшейте түскен.

И. Байзаковтың 1939-1940 жылдарда жазған «Қырмызы – Жанай» поэмасы аяқталмай қалған. Бұл поэмасында ақын 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына байланысты туған оқиғаларды бейнелемек болған. Ақын өзінің авторлық негізгі мақсатын тамамдап үлгермеді. «Қырмызы-Жанай» поэмасы аяқталмай қалды. Сөйтсе де, поэманың жазылып қалған, бізге мәлім тарауларының өзінен де Исаның кесек, күрделі шығармалар жазудағы зор ақындық құлашы, шығармашылық кең тынысы айқын танылатындай.

И. Байзаковтың тарихи тақырыпқа арналған шығармаларының ішіндегі ең көлемдісі де, нағыз нәрлісі де – «Ақбөпе» поэмасы. Бұл поэмасын ақын 1941 жылы жазып бітірген және ол сол жылы журналда жарияланған.

«Ақбөпе» поэмасында суреттелген оқиғалардың сыр-сипатына, өрістеп-өрбуіне қарағанда ақын онда «Құралай сұлу», «Алтай аясында» атты поэмаларында қамтылған

кезеңдерден бергі дәуірді бейнелейтіні байқалады. Егер ертеректе жазылған және ерте кезеңдерді қамтитын поэмаларында ақын дәуір шындығын тұтастай алып, жалпылама суреттесе, ал «Ақбөпе» поэмасында реалистік детальдар, шынайы көріністер мол ұшырасады. Халықтың әдет-ғұрпын, ескі ауыл өмірінің әркилы жақтарын ақын кеңінен көрсетеді. Әмірханның барымтаға түскен жүйрік саңлағы «Ақтарланды» қайтарып алуы, Әмірханның күйеу жолдас болып келіп Ақбөпемен танысатыны баяндалатын сауық-думан, Ақбөпені күшпен тартып апарғаннан кейінгі Ақажан аулының көріністері, тағы басқалар бұған айқын дәлел болып табылады.

Сонымен бірге «Ақбөпе» поэмасында ақынның алғашқы шығармаларындағыдан гөрі оқиға мол, қалың және олар поэманың сюжеттік желісіне заңды түрде тұтаса сіңісіп тұр. Осыған орай «Ақбөпе» поэмасында кейіпкерлердің саны да әлдеқайда көп және реалистік сипатта мүсінделген.

Поэма Ақбөпе мен Әмірханның арасындағы айнымас махаббаты, еркіндікке ұмтылған жастардың тағдырын суреттеуге арналғанымен, онда сүйіспеншілік тақырыбы жекедара жырланбайды. Өзінің бұл негізгі тақырыбына ақын әлеуметтік сарындарды мол араластырған. Қуандықтың ұрда-жық қуларының, Тәукеден «Ақтарланды» тартып алуы, Ақбөпе оқиғаларына байланысты Ақажандардың Көпбай, Қасымдарға зорлық жасап, тізе батыруы және олардың Әмірхан жоқта Ақбөпені күшпен тартып әкетіп, оны адам айтқысыз ауыр азапқа салуы және поэмада мол қамтылған басқа да осы тектес оқиғалар – өткен өмірдің өкінішті де ащы шындығы болатын.

И. Байзақовтың «Ақбөпе» поэмасындағы шығармашылық ең сәтті табысы – оның Ақбөпе сияқты сүйікті кейіпкерінің тамаша бейнесін жасай алғандығы. Қазақ кеңес поэзиясының тарихи тақырыпқа арналған шығармаларындағы ең тұлғалы әйел-кейіпкерлер Сұлушаш пен Күләнданың қатарына қосылуға Ақбөпе әбден лайықты. Ғасырлар бойына рухани азап шегіп, трагедиялық махаббаттың тәкәппарлығын тартып келген және осы аянышты тағдырына қарсы әрдайым

қажырлықпен күресіп келген қазақ қызының шынайы да тұлғалы бейнесін ақын «Ақбөпе» поэмасында әсіресе зор көркемдік қуатпен жасады.

«Ақбөпе» поэмасының:

Ақбөпе әнмен бірге жасын төгіп,
Қайғыны кекке берді қайратқа егіп.
Теңдік пен махаббатты жырлай, жылай
Қапасын қара түннің өтті сөгіп, –

деп аяқталуы да кездейсоқ емес. Бұл шумақтан поэмада теңдік пен махаббат тақырыбы қоса жырланғанын, Ақбөпе жырлап та жылап өткен талай жастың жинақты бейнесі екенін ақын өз тарапынан да аңғартпақ болғанын аңдаймыз.

Жалпы алғанда, «Ақбөпе» – қазақ кеңес поэзиясының үздік үлгілерінің бірі. Бұл поэма И. Байзақовтың ақындық шеберлігі толыса өскендігін, оның өмірге, тарихи шындыққа деген көзқарасының тереңдегенін танытты және ақынның көркем бейнелеудің реалистік стиліне бүтіндей бетбұрғанын көрсетті.

И. Байзақовтың «Он бір күн, он бір түн» атты шығармасы оның жоғарыда аталған тарихи поэмаларынан оқшауырақ тұрады. «Он бір күн, он бір түн» поэмасы өз өміріміздің шындығын суреттеуге арналған. Ақынның кеңес тақырыбын жырлаған басқа да күрделі шығармалары болған. Мысалы, Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында ол ел аралап жүріп майдан ерлерінің батырлық қимылдарын ұзақ-ұзақ жыр етіп шерткен. Бірақ өкінішке қарай, ақынның бұл шығармалары зерттеушілерге әлі күнге дейін мәлім емес.

Тарихи тақырыпқа арналған поэмаларындағы кейбір суреттеу тәсілдерін И. Байзақов «Он бір күн, он бір түнде» де қолданады. Мысалы, бұл поэма өзінің басталуы жағынан «Алтай аясында-ға» ұқсас. «Он бір күн, он бір түн» поэмасының бас жағында ақын ең алдымен Алтай, Саян тауларының табиғатын құлпырта суреттейді. Әрине, мұнда ақын «Алтай аясында» поэмасында қолданған бояуларынан басқа реңкті өрнек-нақыштар тапқан.

«Он бір күн, он бір түн» поэмасында ержүрек кеңес ұшқышы Марина Раскованың басынан кешкен жайлары баяндалады. Күтпеген жерден қатерлі жағдайларға тап болған кейіпкерлерінің жан толқындарын, бұркаған сезім дауылдарын ақын әсерлі де шынайы бейнелеген. «Он бір күн, он бір түн» поэмасы ақынның тек тарихи тақырыпқа ғана емес, сонымен бірге кеңес шындығына арналған да кесек, күрделі шығармалар жаза алатындығын танытты.

И. Байзаков кесек пландағы шығармаларда өзінің ақындық құлашын әсіресе кең әрі ұшқыр сілтейтінін жоғарыда айтқанбыз. Расында да, Исаның ақындық қуаты да, суреткерлік шеберлігі де бәрінен бұрын оның күрделі шығармаларынан айқын танылды.

Ақынның көптеген поэмалары тарихи тақырыпқа арналған. Оның осы шығармаларының ең негізгі идеялық-көркемдік құндылығы неде? Бұл қандай болмасын тарихи тақырыпқа арналған шығарманың негізі болып табылатын тарихи шындықты ақынның дұрыс түсініп әрі көркем де нанымды бейнелей алғандығында. Мұны сол шығармалардың жалпы идеялық мазмұны мен рухынан да, ондағы кейіпкерлердің образдарынан да анық байқаймыз.

И. Байзаков өзінің тарихи поэмаларында өткен өмірдің шындығын мол аша отырып, ұнамды кейіпкерлер образдарының тұтас галлереясын жасады. Олар – қазақтың Келден, Балағаз, Әмірхан сияқты батыр, дархан жігіттері, Құралай, Еркежан, Ақбөпе сияқты аяулы арулары. Сырттай қарағанда осы кейіпкерлер өзара ұқсас, алуандас сияқты. Өйткені бұл кейіпкерлерінің образдары арқылы ақын халықтың жауынгерлік, ерлік рухын, елдік сипатын, оның жекелеген ұл-қыздарының бас бостандығына, махаббат еркіндігіне ұмтылғандығын жинақты түрде бейнелеген.

Сөйте тұра, осы кейіпкерлер бір-біріне мүлдем ұқсамайды да. Өйткені ақын олардың жан дүниесін, характерлерін өзара жеткілікті даралаған. Кейіпкерлерінің портреттерін, олардың сүйіспеншілік сезімдерін ақын әсіресе құлпырта, жандандыра әрі өзара ұқсатпай, алуан түрлі етіп береді. Қасіретті де таза жанды Құралайдың, ерке де нәзік Еркежанның,

назды да батыл Ақбөпенің тамаша бейнелері – бұған анық айғақ. Кейіпкерлерінің аяулы махаббат сезімдерін, кескін-келбеттерін сипаттауда ақынның Абайдан үйренгендігі байқалып отырады. Мысалы:

Екі бет уылжып тұр қаны тамып,
Ақ жүзінде өмірдің шамы жанып.
Жас баланың аузындай кішкене аузын
Қызыл ерні сүйіп тұр құмарланып.

Жұп-жұмыр үлбіреген алма мойын,
Ақылдан орнатқандай өлшеу алып.
Білегі аппақ арай, ақ жамбыдай,
Сұлулық есі кетіп тұр таңғалып.

Міне, жан дүниесінің мөлдір тазалығы мен сыртқы бейнесінің сұлулығы астасып берілген Құралайдың бұл портреттік сипаттамасынан сөз жоқ. Абай суреттерінің әсері елес бергендей. Әрине, бұдан И. Байзаков Абай қолданған суреттерді табына, телміре пайдалана салған екен деген ұғым тумаса керек. Мұнда әңгіме шығармашылық үйрену жайында болып отыр. Кейіпкерлерінің кескін-кейпін, сезім дүниесін сипаттағанда, олардың сүйіспеншілік қуаныштары мен қасіреттерін суреттегенде Иса бірде романтикалық асқақ лепке, біресе сырлы нәзіктікке ауысып отырады. Бірақ ол қашанда өз қаламының ізінен танбайды, өзінің төгіліп тұрған ақындық шабытынан жаза баспайды.

Табиғат суреттерін беруге Иса әсіресе шебер. Бұл ретте ол көп ақындарымыздан үздік, оқшау танылады. Оның поэмаларының кай-кайсысында да табиғаттың тамаша көріністері жиі ұшырасады. Мұның ерекше мәнісі бар. Ақын жансыз табиғаттың жаланаш сұлулығын жалаң қызықтаудан аулақ. Ол пейзаждық көріністерді бірде шығармада баяндалатын оқиғаларға ая ретінде қолданса, ал басқа бір мезеттерде ақын кейіпкерлерінің қуанышты көңіл-күйлеріне немесе қасірет-наласына байланысты табиғат суреттерін біресе жаркын, нұрлы реңкке бояп, біресе жадау тарткызып,

жабырқатып береді. Сонымен бірге И. Байзақовтың поэмаларынан суреттеліп отырған жердің табиғат көріністерінің нақтылы, жанды елестерін де байқауға болады. Мысалы, Кавказдың тулап аққан асау өзендері мен сұсты асқар шыңдарын, Алтайдың бұлтпен таласқан шың-құздары мен айдын шалқар көлдерін, Арқаның сағым ойнатып, сұлық жатқан кең даласын ақын соларға лайықты бояулар тауып суреттейді.

Ақын қашанда табиғатты қалғыған енжар күйінде емес, қайта оған жан бітіре, түрлендіре отырып суреттейді. «Кавказ» бен «Алтай аясында» поэмаларынан алынған мына бір шумақтарды оқып көрелік:

Сөйлесең бірге сөйлеп зәулім тасы,
Тік шаншып тақталанған қабырғасы.
Түймесін сауытының ағыта сап,
Желпінген батыр сынды тау тұлғасы.

Күмістей Алтай сері қар жамылған,
Бұлт киіп төбесіне ар жағынан.
Бәріне табиғаттың шашу шашып,
Күн асты көкжиектің шарбағыман.

И. Байзақовтың поэмаларындағы тамаша табиғат көріністерімен танысқанда ұлы сыншы Белинскийдің «Ақын табиғатқа табынбайды, қайта онымен бәсекеге түседі» деген сөздері еріксіз еске түседі.

Исаның поэмаларындағы бір ерекшелік – оларда ақынның авторлық араласуларының, лирикалық шалқуларының мол ұшырасып отыруы. Жиырмасыншы жылдардағы және отызыншы жылдардың алғашқы жартысындағы поэзиямызда мұндай ерекшелік тым тапшы болғанын ескерсек, Иса поэмаларының бұл қасиетін терең ұға түсеміз.

Авторлық араласулары мен лирикалық шалқулары арқылы Иса өзінің ақындық қатынасын танытуға тырысады. Ақынның бұл авторлық қатынасы үнемі бірдей айқын әрі белсенді болған жоқ. Өмірге көзқарасы тереңдеп, ақындық

шеберлігі ұшталған сайын оның авторлық қатынасы да айқындала, жандана түсіп отырды. Мысалы, алғашқы поэмаларының бірі «Құралай сұлу-да» ақын шығармада баяндалатын оқиғаларға өзінің авторлық қатынасын білдіре келіп, «Үн қосып күпірену – болған барым» десе, ал ең соңғы кесек шығармасы «Ақбөпе» поэмасында былай деп жырлайды:

...Халықтың қасиетін жанмен ұққан,
Бұл жырды мен жырламай кім жырлайды!
Мезгілсіз, мерекесіз өткендердің
Жандары «бізді де айт» деп сыбырлайды.

Расында да, «мезгілсіз, мерекесіз өткен» ата-бабаларымыздың – халықтың ерлік пен елдікке, азап пен азаға толы тарихы мен тағдырын ақын бүгінгі өмірдің биігінен қарап, тебірене жырлады.

«Халықтың қасиетін жанмен ұққан» және жалынды жырымен оған қалтқысыз қызмет еткен талантты ақынымыз Иса Байзақовтың шығармашылық мол мұрасы – халқымыздың ақындық қуатының айқын бір көрінісі есепті.

ҒАФУР ҒҰЛӘМНІҢ ПОЭЗИЯСЫ

Акын Сырбай Мәуленовтың «Баку жырлары» циклына енген бір өлеңде «Өлеңде жоқ шекара» деген жол бар. Әрине, акын әйтеуір аты өлең емес, жаксы өлеңге емеурін жасайды. Әдемі айтылған. Акын шабытынан туған қанатты жыр от басы, ошақ қасында «үйқүшік» болып қалмай, алыска сермеп, барша жұрттың жүрегіне жол таппақ. Бауырлас өзбек халқының аса ірі акыны Ғафур Ғұләмнің поэзиясы осындай қанатты, ойлы да сырлы жырларға кенде емес. Үлкен акындығының үстіне ол біздің халқымыздың, еліміздің етене жақын ең аяулы достарының бірі және сол ыстық сезімдерін ірікпей еміреніп зор шабытпен өлең жолдарына талай рет құйған да болатын. Оның есімінің окушы жұртшылық арасында әйгілі болуының негізгі бір сыры осында.

Ғафур Ғұләмнің жекелеген өлеңдерін бұрын Қ. Бекхожин және баска да кейбір акындар аударғаны аян. Соңғы уакытта акын Өтебай Тұрманжановтың аударуында Ғафур Ғұләмнің бірсыпыра дастандары мен лирикалық өлеңдері «Таңдамалы шығармалар» деген атпен көлемді жинак болып басылып шықты. Үлкен акынның ойлы да сырлы поэзиясы жайында түбегейлі пікірлер айтуға талпынбағанмен, осы жинакты окып шыкканда алған азды-көпті әсерлерді баян етелік.

Жинак «Ұлы орыс халқына», «Владимир Ильич Ленин» атты өлеңдермен ашылған. Негізгі идеялық тынысы, пафосы жағынан бұл өлеңдер акын шығармашылығының аңғарын, өзгеше сипатын жаксы сездіреді. Біздің акындарымыз көтеріңкі лепке бой ұра отырып жырлаумен бірге белгілі бір окиға желісіне, сюжетке құрылған өлеңдерді де көп жазады. Акындарымыздың өрісті ізденістерін әрі орыс поэзиясынан

жемісті үйрену жолында екенін танытатын мұндай өлеңдер соңғы жылдардағы поэзиямызда әсіресе баршылық. Ал өзбек ақыны өлеңдерін көбінесе ойға, пафоска құрып, шабытқа бөлеп жазады екен. Бұл – оның поэзиясының міні емес, қайта озіндік ерекшелігі, өзгеше сипаты іспетті. Ленинге арналған өленнің кейбір шумақтарын окып қаралық:

Көп алғыс күндей жарық ұлы жанға!
Жеткізген қолымызды мәңгі таңға.
Жылыткан жүрегімен жердің жүзін
Мың алғыс Ұлы Ленин данышпанға!

Бұл жарық – сөнбес сәуле Ленин жаккан,
Нұрлы ғой одан бері жер мен аспан.
Бөленген шұғыласына кең дүние
Жылынып содан бақыт гүлін ашкан...

Жолдастар!
Туысқандар!
Замандастар!
Мен сендердің ақының – сенгін, достар,
Партия,
Отан,
Ленин – десем,
Қанаттанып өленім алға аттар.

Автор ақындық шабытының қайнар көзі, сарқылмас бастауы неде екенін риясыз көнілмен бар дауыспен айтады. Ол «бақытқа ежелден-ақ ашық» өзбек халқының атынан сөйлейді және халық сол бақытын Ұлы Лениннен, оның нұрлы идеяларының салтанат құруынан тапты деген ой арнасына меңзейді.

Лениннің жарқын бейнесіне ақын «Ленинге» атты өленінде де оралады. Бұл өлең автордың негізгі ойды қайталап орала отырып жырлау тәсілі, шыншылдығы әрі карапайымдылығы жағынан заманымыздың майталман жыр-

шысы Жамбылдың осы тақырыпқа арналған айтулы толғауларымен сабақтас та сарындас екенін байқау қиын емес.

Жинақтағы бұдан басқа шығармалар көбінесе хронологиялық тәртіппен берілген. Бұл автордың ақындық жолына, шығармашылық сапарының негізгі бағыт-бағдарына ой көзімен үңілуге белгілі дәрежеде мүмкіндік те бермек.

Ғафур Ғұлям – әдебиет майданына жиырмасыншы жылдардың алғашқы жарымында келіп араласқан ақын. Оның поэзиясы кеңестік дәуірде қайта туған өзбек халқының тарихи тағдырының, бақытты өмірі мен күресінің, оның рухани жағынан түлеп өсуінің жанды айғағы, тамаша шежіресі тәрізді.

Ақын уақыт үніне құлақ тоса, ел өміріндегі елеулі-елеулі оқиғаларға белсене араласа әрі солардың жалынды жаршысы бола жүріп көптеген шығармалар жазады, қазіргі заман кейіпкерінің, өзінің лирикалық кейіпкерінің образын жасайды. Бұл кейіпкердің интеллектуалдық дәрежесі, ой-арманы, оның патриоттық сезімдері ақынның 1930 жылы жазған «Ту ұстаушыға» атты лирикалық монологынан анық байқалады.

Ақынның ертеректегі шығармаларының ішінде шоқтығы асып, оқшау көрінетіні – «Түрксиб жолында» атты поэмасы. Түрксиб тақырыбына кезінде қазақ әдебиетінде де көп назар аударылғаны, ақын-жазушылардың оған талай-талай шығармалар арнағаны мәлім.

Бұл орайда туысқан өзбек халқы ақынының осы тақырыпқа өте сәтті, айтулы шығарма жазғандығын сүйсіне еске алуға боларлықтай. Ғафур Ғұлям поэмасында философиялық тереңдік басым, ірі-ірі құнарлы ойлар көп. Поэма ақынның өткен замандар, буалдыр тарткан бұрынғы жайындағы естеліктері, тебіреністері арқылы басталады:

Тіпті ескі,
Тіпті ескі,
Заман – заманғы
Бұл жол.
Жаһангер Іскендір,
Қанішер Шыңғыс,

Қайсар Жошы,
Қатал Бати
Қан ағызған
Бұл жол...
Миллион құлдар,
Миллион тұлдар,
Жетімдер,
сорлылар
Зарлап өткен
Бұл жол.

Поэманың соңғы тарауларында ақын жолдың бүгінгі көріністерін, жаңа өмірді, даркан тіршілікті шабыттана жырлайды. Ол ескі өмірдің көріністерін қарама-қарсы қойып суреттеу үшін мейлінше ашық әрі қою, алуан түрлі бояуреңктерді алғырлықпен, тапқырлықпен таба білген. Поэмада философиялық топшылаулар, уақыт пафосы авторлық шалкулар арқылы соншалықты әсерлі берілген. Сонымен бірге бұл шығарма автордың көркемдік ізденістерін, ақындық жаңашылдығын да айқын танытты. Сөйтіп, Демьян Бедныйдың «Шайтан арба» атты көлемді поэмасы сияқты, Ғафур Ғұләмнің «Түрксиб жолында» дастаны да жоғарыда аталған тақырыпқа арналған таңдаулы шығармалардың бірі болып табылады.

Кеңестік патриотизм тақырыбы – Ғафур Ғұләм шығармашылығының өрісті өзегі, үзілмес арқауы. Бұл ретте оның 1936 жылы жазған «Бәрі сенікі» атты өлеңін айрықша атауға боларлықтай. Ақын Отан туралы тақырыпты жалпылама жырламай, лирикалық сазда шешеді:

Нендей ғажап сұлусың сен, Отаным!
Сені сүйед мың сезімім, мың жаным.
Сен өсірдің көңілімнің гүл-бағын.
Сенсің – жаным, сенсің – қаным, сен – тәнім.
Біртұтас қалпында бәрі сенікі.

Ғафур Ғұлəм шығармашылығының кемелденіп, айрықша өскен бір шағы – Ұлы Отан соғысы жылдары. Кезінде ақынның «Мен шығыстан келемін» атты кітабы оның даңқын бүкіл кеңес еліне жайғаны мəлім. Қазақ тілінде шыққан жинағына ақынның сол соғыс жылдарында жазған өлеңдерінің бірсыпырасы еніпті. Бұл өлеңдердің ішінен «Күтем сені, ұлым менің», «Əйел», «Сен жетім емессің» сияқтыларын атап айту керек. Оларда соғыс уақытындағы қысылшаң шақтың қатал шындығы, кеңес адамдарының терең патриотизмі мен аскақ моральдық қасиеттері əсерлі де шынайы бейнеленген. Бұл өлеңдерде іштей логикалық байланыс бар. «Күтем сені, ұлым менің» атты өлеңде лирикалық кейіпкер майданда туған ұлын жоғалтқан, бірақ соның қаза тапқанына сенбей, оны көрем деп күткен, үмітін үзбеген өкініші, мұң-наласы көп əке ретінде көрінеді. Ал «Сен жетім емессің» деген өлең əке-шешесінен айырылған жас баланы туған перзентіндей көріп еміренген үлкен жүректі адамның сезіміне толы. Екі өлеңнің жазылу мəнері, сарыны да өздерінің осындай сипатына орайлас та мəнзес. Алғашқы өлеңде қасіретті əке былайша тебіренеді:

Үстінде ұзын жолдың керуен өткен,
Бота тұр... керуені қайда кеткен?
Талыққан көз жанарын таң қызғылы
Тарығып тамшылатып жасын төккен.

О, сорлы, жетім қалған, маған ұқсас,
Қимылсыз шаңды жол да зарыңды ұқпас...
Майданға кеткендерден хабар жібер
Көз салып қырағы күн қойып ықылас.

Ал «Сен жетім емессің-де» қуанышты сезімдер, жарқын реңктер мол. Бұл тіпті мейір-шəрхат күйіндей, бесік жырындай, аяулы əкенің əлдиіндей болып естіледі.

Жалпы алғанда, Ғафур Ғұлəмнің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы поэзиясы кеңестік гуманизмге, терең патриоттық сезімдерге толылығымен, шыншыл да сыршыл

газалығымен ерекшеленеді. Оның мұндай шығармаларын қазақ оқушысы да мейірлене қабыл алатындығы даусыз.

Жинақтағы бірсыпыра өлеңдер халықтар достығы тақырыбына арналған. Бұл тақырып ақын шығармашылығынан әрдайым мол орын алып отырғанын байқау қиын емес. Оның «Ұлы орыс халқына», «Москвамыз», «Қазақ елінің ұлы тойына» сияқты өлеңдері бұған тамаша айғақ болып табылады. Соңғы өлеңнің кейбір шумақтарын қайталап оқып қаралық:

Үлкен қазақ – азамат халық,
Өзбекпенен туысқан анық.
Бір ту асты бірлестірді,
Мәңгі бақыт, мәңгі жарық.
Бір тамырмыз, бір шаруамыз,
Бір қазанбыз, бір алау.
Ортамызда зейнет толған
Дастарқандай кең жайлау...
Өзбектің мен зор даңқты
Мынадай ақынымын.
Жан қазақ ақындарының
Досымын, жақынымын.

Ақынның достық тақырыбына арнаған басқа өлеңдері де осындай ыстық құштарлыққа, татаусыз сезімдерге толы болып келеді.

Жинақтағы ең тәуір өлеңдердің бірі – «Шафар колжазбасы». Ақын мұны өзбек халқын надан қауым деп кемсітпек болған ағылшын лордтарының біріне жауап ретінде жазған. Ақынның туған ел-жұрты жайындағы, оның ежелден келе жатқан мәдениеті жайындағы патриоттық ой-сырларына толы отты да уытты бұл өлең бейне бір памфлет тәрізді.

Ғафур Ғұләмнің басқа да көптеген өлеңдері азаматтық лириканың жақсы үлгілері ретінде бағалануға тұрарлық.

Өзбек ақындары өздерінің Науаи, Гүлхани, Мухими, Фуркат тәрізді классиктерінің дәстүрлерін берік ұстанумен

бірге орыс әдебиетінің де шығармашылық тәжірибесін мол пайдаланады. Бұл ретте Ғафур Ғұләмнің кеңес дәуірінің ұлы ақыны Владимир Маяковскийден әсіресе мол, жемісті үйренгені даусыз. Маяковскийдің «Бар дауыспен» және басқа да талай-талай өлеңдерін аударуы Ғафур Ғұләм үшін тамаша шеберлік мектебі болады, оның ақындық стилінің қалыптасуына ерекше әсер етеді. Мұның із-бедерлері жинаққа кірген шығармалардан анық байқалады да.

Бұл жинақ Ғафур Ғұләмнің құнарлы да бай шығармашылығы жайында қазақ оқушысына көп мағлұмат береді. Оған кірген жақсы жырлардан бауырлас халықтың үлкен ақынымен кездескендей, оның достық лебізін есіткендей әсер аласың.

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ӨМІР

«Островский жолдас, мен парашютист болуға дайындалып жүрмін. Сөз жоқ, самолеттен секіру алғашқы сәтте маған өте қиынға соғады, бірақ самолеттің қанатына шыққанда – сізді есіме алсам болғаны» деп жазыпты бір қыз жазушыға жолдаған хатында. Кеңестің қарапайым қызының шын жүрегінен айтылған осы бір сөздер халқымыздың тамаша жазушысы Николай Островскийге деген ыстық махаббаты мен құрметін және оның шығармашылығының әсер-күшін анық танытатындай.

Николай Островский ауыр науқасқа шалдығып, мезгілсіз қайтыс болды. Бірақ өзінің тамаша шығармалары арқылы ол туған халқымен бірге жасап келеді. Ұлы Отан соғысының қатал жылдарында патриот жазушы Островскийдің жалын күшке толы, қаһарлы сөздері жауға қарсы кек оғы боп атылды, кеңес жауынгерлерін Ұлы Отанымызды сүюге және оны ерлікпен қорғауға шақырады. Қазір еліміз бейбіт өмірмен, жасампаздық еңбекпен тыныстап тұрған шақта да Островский бізбен бірге біздің арамызда, ол кеңес жастарын Отан игілігіне жан аямай еңбек етуге және сол бейбіт еңбектің жемісін сақтай білуге үндейді.

Өзінің бар саналы өмірін, ерлік өмірін туған халқының игілігі үшін, халық мүддесі үшін күреспен өткізген жазушының тамаша шығармалары да күрес рухына, жасампаздық пафосына толы. Біздің жастарымыз Николай Островский шығармаларының ғажайып кейіпкерлеріне еліктейді, солардан үлгі алады. Олар кеңес жастарының бойында социалистік қоғамның жаңа тұрпатты адамына тән сипаттардың қалыптасуына септігін тигізеді.

Николай Островский нағыз жаңа тұрпатты кеңес жазушысы болды, ол өмірді күрес деп ұқты. Дәл осындай жазушы ғана Павел Корчагиннің тамаша образын жасай алды.

Заманымыздың қаһарманы, жаңа адам туралы тақырып – кеңес әдебиетінің негізгі, басты тақырыбы. Кеңес әдебиеті жасаған коммунистер образдарының ішінде Павел Корчагиннің образы ерекше орын алады. Н. Островскийдің шығармалары социалистік реализм әдебиеті қаншалықты табысты дами алғандығын айқын сипаттайды.

Николай Островскийдің алғашқы романы «Құрыш қалай шынықты» кеңес елінің азамат соғысы кезінен бастап отызыншы жылдарға дейінгі өмірінің кең көріністерін береді. Бұл роман оның негізгі қаһарманы Павел Корчагиннің азапқа толы балалық шағын суреттеуден басталады. Ол өзінің жас өмірінің әрбір қадамында әділетсіздікке, өктемдік дүниесінің кедергілері мен соққысына ұшырайды және оның жүрегінде сол әділетсіз дүниеге қарсылық сезімі оянады. Октябрь революциясының дауылында және азамат соғысының от-жалынында Павел Корчагин әбден шыңдалады, ол социализм жолындағы нағыз табанды, қажырлы күрескерге айналады. Павел туып-өскен шағын қалада да революциялық серпілулер өте күшті болады. Өзі сияқты басқа да мыңдаған жас жұмысшыларға ұқсап Корчагин де революцияшыл пролетариаттың социализм үшін күресіне араласады. Жас Корчагин осы күресте шырығып шынығады, коммунист-матрос Жухрайдың және ақиқат өмірдің ықпалымен ол революциялық оқиғалардың мәнін, өзі белсене қатысқалы тұрған дүниежүзілік-тарихи күрестің мағынасын тереңірек түсінеді.

Павел Корчагин өзінің бойындағы бар қайрат-жігерін революциялық күреске қайтарусыз береді. Корчагин образының оқушыға ететін эмоциялық әсерінің зор қуаты, міне, осында. Революциялық жұмыс – ол үшін нағыз төл іс. Оның жүзеге асуына мейлінше құштар және өмірге сол үшін келгендей. Бұл ретте ол Фадеевтің «Тас-талқан» повесіндегі коммунист Левинсонға немесе Дмитрий Фурмановтың «Чапаев» романындағы Клычковка ұқсас.

Павел Корчагин – мейлінше күшті және тұтас характер. Бұл қасиеттері оның басқа адамдармен қарым-қатынастарынан айқын танылады. Сүйікті қызы Тонядан айырылысқанына Павел қатты уайымдайды, бірақ бұл айырылысу қайтсе де болмай қоймайтынын ол жақсы түсінеді, өйткені «Тоняның арзан өзімшілдігі Павелдің шыдамын тауысады». Ол өзінің жеке басының сезімін әлеуметтік парызға бола тіпті де құрбан етпейді. Тоняның түсінуінше, махаббат адамды қоғамдық өмірден, революциялық күрестен алыстататын, индивидуалистік мещандық «отбасылық бақытқа» айналуға тиіс. Ал Корчагин болса қоғамдық өмірден, революциялық күрестен тыс тіршілік етуге мүмкін деп ойламайды. Олардың айырылысуының себебі, міне, осында. Басқа қарым-қатынастар сияқты, махаббат мәселесінде де жазушы өзінің негізгі қаһарманының ізгілік пен ғажайып тазалыққа толы образын шынайы және психологиялық жағынан нанымды суреттейді. Петлюрашылардың түрмесінде болған оқиға, яғни бандиттердің зорлығы мен қорлық-мазағынан жаны түршігіп үрейленгенін айтқаны суреттелетін жерді еске алсақ та жеткілікті. Сол сәтте ол өзінің сүйген қызы Тоняны есіне түсіреді, оған опасыздық жасамайды. Немесе романның аяқ жағындағы бір эпизодты, яғни Павелдің Таяға өзінің оны сүйетіндігін, онымен бірге өмір кешкісі келетіндігін баян ететіні суреттелетін жерді мысалға алсақ та болғаны. Бұл эпизодта ол өз махаббаты жайында әйтеуір айтпайды, ол жүрегінің ең асыл сезімін, өзінің ең қастерлі ойын айтады. Міне, бұл эпизодта да Павел Корчагиннің коммунистік биік саналылығы айқын көрінеді. Оның қарым-қатынасынан адамға деген жолдастық терең қастерлілік, социалистік гуманизмнің нағыз адамгершілік белгілері анық танылады.

Корчагиннің автор осыншалықты үлкен мейірмен және шынайылықпен бейнелеген ерлік мінез-құлқы мен сипаттары романның басты қаһарманын еліктеуге тұрарлық үлгі етеді. Өйткені кеңес әдебиеті жасаған ең таңдаулы образдарының бірі – Корчагиннің образында автор біздің социалистік заман туғызған жаңа адамға тән таңдаулы қасиеттің бәрін аскан шеберлікпен бейнелей алған.

Азамат соғысы аяқталысымен-ақ, күйреу мен жоқшылықтың ауыр жағдайына қарамастан, теміржол құрылысын жасау суреттелген жерлер Павел Корчагиннің бейнесін айқын таныта түседі. Бандиттердің шабуылына және азық-түліктің тапшылығына қарамастан, коммунистер мен комсомолдардың шағын тобы теміржол салу үшін және сол арқылы қалаға мейлінше қажет отын тасу үшін орасан зор қажыр көрсетеді. Шығарманың осы беттері партия мен жұмысшы табының шаруашылықты қалпына келтіру жолындағы революцияшыл күресінің пафосын жазушы шебер таба білгенін және оның әдеби қабілетінің зор болғанын көрсетеді.

Бұл қиын істе Павел Корчагин ең алдыңғы қатарда болады. Адам айтқысыз қиыншылықтар мен жоқшылықтарды жеңе отырып, жас коммунист басқаларға үлгі болу дәрежесіне көтеріледі. Романның басты кейіпкерінің бейнесін суреттейтін детальдардың бірі мынадай:

«Корчагиннің тобы өз бөлімшелерін қалың қардан тазартып жатты. Қақаған аяздың азабын Павел енді ғана сезінгендей. Окуневтің көнетоз пиджагы оны жылыта алмады, ал калошының ішіне қар толып кетті. Ол калошын талай рет жоғалтып алды. Ал екінші аяғына киген етігі мүлдем жыртылып қалуға жақын. Еденге жатып ұйықтағандықтан, желкесі білеуленіп ісіп кетіпті. Шарфтың орнына Токарев оған өзінің орамалын берді. Жүдеген, көзі ісінген Павел үлкен ағаш күрекпен қарды бората күреді».

Осы шағын эпизодта Павелдің батырлық мінез-құлқы мен Тоняның буржуазиялық, мещандық психологиясының арасында жер мен көктей айырмашылық бары айқын көрінеді. Павел Тоняны осы қарлы боранда күтпеген жерден кездестіреді. Павел өз бойынан осыншалықты қуат-жігер тапқанына ол таңқалады. Тоняның арзанқол, пасық сөздеріне Павел былай деп жауап береді: «Сенен қазір нафталин иісі шығады. Шынымды айтайын, екеуміз ештеңе жайында да сөйлесе алмақ емеспіз». Павел Корчагиннің бұл жауабынан оның характері анық көрінеді.

Сөйтіп, өзінің қаһарманын өмірдің алуан түрлі жағдайында көрсете отырып, Николай Островский ізгілік пен

ерлікке, адалдыққа толы образ жасайды. Островский өз қаһарманын боямалап көрсетпейді, оған жасанды қасиет пен ерекшелік жамамайды. Корчагин образы арқылы ойлы, талантты суреткер, коммунистік партия мен пролетарлық революция өмірге араластырған адамдарға тән психологиялық сипаттарды шынайы суреттейді.

Павел Корчагин революциямен, халықтың таңдаулы адамдарымен бірге өседі. Оның құрыштай берік қажыры мен партия ісіне адал берілгендігін ешкандай қиыншылық, тіпті азапты ауру да мұқата алмайды. Өзі біртіндеп жинаған әрі дұрыс түсінген өмірлік тәжірибесі Корчагинді рухани жағынан байыта түседі, ойлы, ақылды етеді. Жаңа адамның осы өсуін Николай Островский тамаша шеберлікпен суреттейді. Ағасы Артемнің семьялық жадау тұрмысын көрген кезде Павел қатал күреске, азап пен бақытқа толы өмірді әлдеқашан артқа тастаған еді. Азамат соғысының ауыр жылдары, революция үшін ұрыста қаза тапқан достардың өлімі, теміржол құрылысы – барлығы да артта қалған. Бірақ Павел жүрегіндегі өмірге құштарлық, шығармашылық еңбекті аңсау сезімі әлсіремеген, қайта оның коллективпен, тағдырлас, мақсаттас достармен байланысы күшейе түседі. Корчагиннің автор асқан шеберлікпен әрі нәзіктікпен суреттеген осы бір ойлары – «Құрыш қалай шынықты» романының лирикалық ең бір тамаша беттерін құрайды.

Корчагиннің жазушы көркемдік шынайылықпен, тамаша айқындықпен бейнелеген образынан социалистік Отанның алдынғы қатарлы ұлы, заманымыздың басты қаһарманы, нағыз коммунистің характерін табамыз.

Таңдаулы кеңес жазушыларының шығармаларындағы сияқты, Николай Островскийдің романында да адамдар мен оқиғаларды суреттеудің реалистік әдісі бекем сақталған. Сонымен бірге бұл роман кеңес әдебиетінің ең жаңашыл шығармаларының бірі болып табылады. Ал Корчагин образы біздің әдебиетіміздің тарихына социалистік реализм өнерінің аса ірі табысы ретінде енеді. Романның екінші бөлімінде Корчагиннің дүлей жау – аурумен алысып, адам айтқысыз қайрат көрсеткені суреттелетін беттер ерекше ықыласпен оқылады.

Ауру иықтағанына қарамастан, Корчагин өзінің игі максатынан социализм ісі жолындағы күрестен бір минут та тартынбайды. Бұл жөнінде өзінің ағасы Артемға ол былай деп жазады:

«Мен енді үйден шыға алмаймын, тек терезеден теңізді барлаймын да отырамын. Қызмет етуге жарамайтын, опасыз тән мен большевиктің жүрегі, оның еңбекке, сіздерге, барлық майданда шабуыл жасап жаткан жерге карай ынтықтыра тартатын еркі бір адамның бойында тоғысканнан қиын трагедия бола алар ма. Қатарға қайта қосылатындығыма, шабуылға шыккан колонналарда менің де найзам болатындығына мен әлі де сенемін. Менің сенбесіме болмайды, өйткені олай етпеуге менің правом жок. Партия мен комсомол мені қарсыласу өнеріне он жыл бойы баулыды».

Еңбекші халықтың мүддесі үшін ұлы күрес жолында кездесетін қиындыкка коммунист Корчагиннің өршелене қарсыласатыны туралы осы бір сөздерде – кеңес әдебиеті үшін ерекше рөл аткарған бұл тамаша романның көркемдік идеясы мен терең мәні бар. Павел Корчагин сиякты күшті, айкын характерді тек пролетарлық революция дәуірі, Коммунистік партия мен пролетариат қана қалыптастыра алды. Павел Корчагин сиякты образдар кеңес әдебиетінде онша көп емес. Партиямен, халық бұқарасымен айырылмастай тығыз байланыста болғандықтан ғана Островский дәл осындай үлкен көркемдік міндетті орындай алды.

«Құрыш қалай шынықты» романында оның негізгі кahарманынан басқа да көптеген қызықты образдар бар. Романның сюжеттік өрбуінде ерекше рөл аткаратын образдардың барлығы да дараланып, айқын жасалған. Бұл ретте Павел Корчагинді тәрбиелеушілердің бірі карт коммунист матрос Жухрайдың, Павелдің ағасы – Артем Корчагиннің, гетман мен неміс баскыншылары партизандарға қарсы жіберген пойызды тастап кеткен карт жұмысшылар Политовский мен Брузжактың образдарын атауға болады. Пролетарлық революция үшін ерлік іспен каза тапқан комсомолшылар Валя мен Сергей Брузжактың, сондай-ақ Устиновичтің образдары да соншалықты әсерлі жасалған.

Николай Островскийдің зор әдеби таланты оның өзі суреттеп отырған кейіпкерлерінің типтік ерекшеліктерін шебер тауып алғандығында ғана емес. Ол кейіпкерлердің ой-киялы мен мінез-құлқына әсер ететін саяси-әлеуметтік жағдайлар мен ортаны да терең әрі шынайы суреттейді. Азамат соғысының көріністері, НЭП-тің басқы кезі, партияның халық шаруашылығын қалпына келтіру, социалистік құрылысты табысты ету жолындағы күресі, халық бұқарасының мәдени, саяси өсуі сияқты оқиғалардың барлығы да кітапта кейіпкерлердің іс-әрекеттерімен бірге тұтастықта, тығыз байланыста алынады. Николай Островский – ойлы суреткер, үлкен реалист. Ол адамдар мен жағдайларды шынайы суреттеу үшін көркемдік қажеті бар құбылыстар мен оқиғаларды, фактілерді ғана таңдап алады. Жазушының бұл шеберлігі «Құрыш қалай шынықты» романы ғана емес, оның келесі талантты шығармасы «Дауылдан туғандардан» да айқын көрінеді.

«Дауылдан туғандар» – аяқталмай қалған кітап. Жазушы бұл романының бірінші бөлімін ғана жариялап үлгерді. Пролетарлық жастардың ерлік күресі туралы баяндайтын «Дауылдан туғандар» романы да – кеңес оқушыларының ең сүйікті шығармаларының біріне айналды.

Өзінің бұл романында да жазушы азамат соғысы кезеңін суреттейді. Алғашқы романдағы сияқты, бұл шығармада да жаңа, революцияшыл дүниенің адамдары, пролетариат жастары – нағыз игі, таңдаулы адамгершілік істерді жасаушылар, социалистік гуманизмнің идеяларын білдірушілер ретінде суреттеледі. Николай Островский екі дүниенің өкілдерін ешқандай қоспасыз, жасандылықсыз тартыстыра отырып, олардың типтік сипаттарын береді.

Азамат соғысы жылдарында Украинаның шағын бір қаласында болған өзгерістерді байқай отырып, графиня Людвига Могельницкая шындық өз табы жағында емес екенін біртіндеп түсіне бастайды. Бірақ оның өз табына деген бұл іштей сәл наразылығы қарсылық дәрежесіне көтерілмейді. Өз табының адам баласына қас, жат сипатын ол аяғына дейін түсіне алмайды. Николай Островский мұны психологиялық, көркемдік жағынан шынайы суреттейді.

Романның әкелі-балалы Раевскийлер, Андрей Птаха, Леон Пшеничек, Олеся сияқты кейіпкерлері халықтың батылдығы мен ерлігін, оның нағыз адамгершілік қасиетін, жаңа, революцияшыл дүниенің шындығын бейнелейді.

«Дауылдан туғандар» романының автор реалистікпен суреттеген бұл образдары революцияшыл романтика рухына да толы. Кітаптың соңғы тарауында жау қоршаған үйде қалған Раймонд, Птаха, Пшеничектің ақырына дейін беріспей алысуға бекінгені суреттелетін эпизод бұған айқын дәлел.

Николай Островский өз романының екінші, үшінші кітаптарын жазып үлгермеді. Бірақ романның бірінші кітабының өзінен-ақ оның кейіпкерлерінің кімдер екенін және олардың болашақ тағдырлары немен тынатынын оқушы қалтқысыз ұғынады, олардың жарқын болашағына сенеді.

Жазушының шығармашылығы өмірді, адам атын ардақтаған асқақ гимн тәрізді. «Адамның бойындағы ең қымбат нәрсе – оның өмірі. Өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Сол өмірінде мақсатсыз өткен, зая кеткен жылдар үшін ауыр азапқа түспейтіндей, ұсақ та пасық өткеніне ұялмайтындай, өліп бара жатып, бүкіл өмірім және бар қуат-күшім дүниедегі ең абзал нәрсеге – адам баласының азаттығы жолындағы күреске жұмсалды деп айта алатындай болуың керек», – деп жазды Н. Островский. Оның өзі дәл осындай өкінішсіз өмір кешті.

Н. Островский шығармашылығы адам баласының азаттығы мен бақыты үшін күрес идеясына толы. Жауынгер-жазушы өзінің тамаша шығармаларымен ғана емес, халық игілігіне, Отан мүддесіне қайтарусыз берген ерлік өмірімен де кеңес жастарын күресе жеңе білуге үйретеді.

ҒАЛЫМ ЕҢБЕГІ

Қазақ әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымының соңғы кезеңде өзіндік ерекшеліктері бар, дербес жанр ретінде үрдіс дамып, едәуір кемелденіп қалғаны баршаға аян. Жекелеген немесе бірлескен авторлар еңбектерінің лек-легімен, жедел-қабыл басылып шығып жатқандығы – осының анық айғағы. Біздегі зерттеушілік ойдың осылайша өнікті бағытта, жаңа арнада дами бастағандығын шексіз танытатын таңдаулы еңбектердің бірі – профессор Қ. Жұмалиевтің қос томдық зерттеулері. Тіпті өзгесін былай қойғанда, осы фактінің өзі, яғни ғалым зерттеулерінің том-том болып шығуы көп жайды аңғартса керек. Бұдан бүкіл әдебиеттану ғылымымыздың тұтастай алғандағы жалпы өресі де, сондай-ақ еңбектері нақтылы талданғалы отырған жеке зерттеушінің өзінің шығармашылық мүмкіндігі де жақсы танылады.

Халқымыздың ұлан-асыр бай да көркем ауыз әдебиетінің, оның жекелеген үлгілерінің ел аузынан жиналып алынып, алғаш рет жарық көруі өткен ғасырда басталғаны мәлім. Бұл салада орыстың шығысты зерттеуші ғалымдары мен қазақ ағартушыларының еткен еңбегі аз емес. Халқымыздың ғасырлар бойғы тарихи тағдыры мен елдігінің көркем шежіресі, оның өнерпаздығы мен рухани қуат-күшінің жарқын куәсі саналатын фольклорлық ғажайып туындылардың осы кезге дейін өлмей-өшпей жеткендігі үшін біз есімдері мәлім немесе беймағлұм ақын-жазушылар мен жырауларға, сондай-ақ жоғарыда айтылған ғалымдарға аз қарыздар емеспіз.

Сонымен бірге жиналып бастырылған немесе хатқа түсіріліп үлгермеген сол қисапсыз мол материал революцияға дейінгі кезеңде тым тапшы, соншалықты аз зерттелгендігін де атап айту ләзім. Қазақ халқының есте жоқ ескі замандар-

дан бері жасалып, сақталып келген фольклорлық мол мұрасы мен әдебиеті тарихының, шын мәнінде, жүйелі түрде жиналып бастырылуы және нағыз ғылыми тұрғыдан зерттеле басталуы – кеңес дәуірі. Бұл ретте қазақтың аса көрнекті ақын-жазушылары С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқановтардың және ірі-ірі ғалымдардың сіңірген еңбегі орасан зор. Сондай ғалымдарымыздың ішінде беріле, жемісті қызмет еткендердің бірі – профессор Қ. Жұмалиев.

Ол қазақ халқының ауыз әдебиетін, өткендегі жазба әдебиет тарихын және қазіргі замандағы әдебиетіміздің кейбір түбегейлі мәселелерін зерттеумен ширек ғасыр бойына дерлік шұғылданып келді. Оның әдебиет теориясы мен тарихына байланысты еңбектері, қазақтың өткендегі классик ақындары Абай мен Махамбеттің творчествосы жайындағы зерттеулері кезінде жұртшылықтан лайықты да татымды бағасын алған болатын.

Ғалымның сөз болып отырған таңдамалы еңбектерінің бірінші томына оның қазақ эпосы, әдебиеті тарихына арналған сол зерттеулерінің бірсыпырасы енген. Әр кезеңде жазылған еңбектерін ғалым сол күйінде ұсына салмай, қайта қарап екшеген, ғылыми жағынан тереңдетіп толықтыра түскен. Кітапты оқып шыққанда ең алдымен осыған анық ден қоясың.

Кітап үлкен-үлкен екі бөлімнен тұрады. Оның алғашқысы қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін, яғни эпос, лироэпос және тарихи поэмаларды талдап зерттейтін бірнеше тараулардан құралған. «Қазақ эпостары туралы» деп аталатын кіріспе тарауда автор қазақта бір батырдың ерлігін жырлайтын дастандар да, көптеген батырлардың күресін жалғастыра, өзектестіре отырып суреттейтін эпопеялық эпостардың да бар екендігін талдап көрсетеді және соларды тудырған тарихи жағдайлар мен қажеттіліктердің сырын ашады.

Автордың әділ атап көрсеткеніндей, ауыз әдебиетін зерттеудегі ең басты қиыншылық оның әралуан түрлері мен нұсқаларының нақтылы қай кезеңде және қалайша туғандығының мәлім еместігіне байланысты. Сондықтан

ертеден жазылып қалған тарихы, шежіресі болмаған елдерде фольклорды зерттеу мәселесі айрықша сақтықты қажет етеді. Қазақ халқының ауыз әдебиетін жинап, зерттеу ісіне бұл әсіресе жанасты.

Міне, халықтың өткендегі фольклорлық мұрасына деген осындай ғылыми ұқыпты қатынасты, байыптылықты еңбектің бүкіл өне бойынан байқап аңдау қиын емес.

Еңбектің көңіл аударарлық құнды жақтарының бірі сол – автор казақтың батырлар жырын зерттеу саласында ғалымдардың алдында тұрған келелі мәселелерді проблема түрінде жинақтап атап көрсетеді. Бұл ретте оның әсіресе баса назар аударатыны – әрбір батырлық эпостың сан-салалы нұсқаларын, алуан-алуан үлгілерін өзара салыстыра отырып зерттеу, батырлық эпосты айтып таратушы жыршылардың орындаушылық өнері, ондағы дәстүрлік және импровизаторлық бастаулар, жыраулар мектебі туралы мәселелер. Бұл жәйттер басқа зерттеушілерге де көп ой салатыны күмәнсіз.

Сөз болып отырған кітаптан автордың кең тұрғыдағы әдеби салыстыруларға икемділігі, мол қабілеті байқалады. Бұл әсіресе бірінші бөлімге жанасты. Шындығында да, «жалпы ауыз әдебиетін, оның ішінде батырлар жырын басқа елдердің ауыз әдебиеті эпостарының дамуларымен байланыстырмай, жалаң, тек өз әдебиетіміздің шеңберінде тексеру аз, ол нақтылы ғылымдық зерттеу әдісі болмайды. Сондықтан салыстыру қажет ететін жақын үлгілермен салыстырып тану керек. Әсіресе, көршілес кеңестік елдердің әдебиетінде кездесетін нұсқалар мен біздегі нұсқаларды салыстыра зерттеу-ғылыми бағалы принцип» (25-бет). Өзі дұрыс атап көрсетіп отырған осы өнікті ғылыми принципті автор «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жайындағы тарауларда бекем де жемісті ұстанған. Ал өкінішке қарай, осындай салыстыра зерттеуге мейлінше мол мүмкіндік беретін «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» туралы тарауда мұндай қасиет мүлдем дерлік жоқ.

Батырлар жырларының әрқайсысына жеке-жеке талдау жасалған арнаулы тараулар оздерінің ғылымдық терең-

дігімен, байсалдығымен, ой-пікірге молдығымен көңіл аударады. Автор әрбір жырдың қолда бар, алуан түрлі нұсқаларын мүмкін қадарынша толық қамтып, салыстыра зерттеуге ұмтылған. Сондықтан да, бұл қазақ эпосын зерттеушілер мен оқушылардың білім өрісін кеңейте түсетіндігі күмәнсыз.

Автор лиро-эпостық дастандарды талдауға да жете назар аударған. Бұл тарауларда да ол солардың барлығына жанрлық жағынан ортақ сипаттарды, идеялық-тақырыптық сарындастықтарды түйіндеп айтумен бірге, әрбір жырдың өзіндік ерекшеліктерін, көркемдік табиғатын саралап ашады, образдар жүйесіне байыпты талдау жасайды. Әсіресе, «Айман – Шолпан» дастаны туралы тарауда ғылыми терең топшылау, жаңалықты ой-пікірлер мол.

Тарихи поэмалардың ішінде автордың жіті зерттеп, ең жете тоқталғаны – Ығылман Шөрековтың «Исатай – Махамбет» атты сюжетті шығармасы. Поэмаға негіз болған тарихи шындықты ашуда және соның шығармада қаншалықты көркем әрі қалай бейнелегенін аңдатуда ғалымның көп әрі жемісті ізденгені байқалады. Ал «Бекет» поэмасына берілген талдау тым тапшы, келте қайырылған. Мұнда автор тарихи фактілерді тізбектеумен тынған да, жырдың өзіне жете назар аудармаған.

Кітаптың екінші бөлімі қазақ әдебиеті тарихының мәселелеріне арналған. Бұл бөлімге көлемді кіріспе тарау берілген. Мұнда автор фольклор мен жазба әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін ашады, олардың өзара байланысы, арақатынасы, жік арасы туралы мәселелерді де ғылыми тұрғыдан талдап шешеді. Орыстың ұлы сыншысы әрі ойшылы Белинскийдің ауыз әдебиеті мен тарихи әдебиеттің жақындығы мен айырмашылығы туралы қағидаларына иек арта отырып, зерттеуші қазақтың жазба, тарихи әдебиеті Бұхар жыраудан басталатындығын дәлелдейді. Оның бұл ретте орыс әдебиеті тарихынан мысалдар келтіріп, салыстырмалы зерттеу әдісіне қарай ойысуы да орайлы болып шыққан.

Соңғы кезде профессор Қ. Жұмалиевтің кос томдығының екінші кітабы да басылып шықты. Бұл кітап қазақ

әдебиеті тарихының мәселелеріне және Абай поэзиясының тілін зерттеуге арналған. Кітаптың басында өткен ғасырдың екінші жарымындағы қазақ әдебиетінің негізгі даму бағыты мен тенденциясын, ондағы әралуан ағымдарды, әдеби қозғалыстың басты-басты белгілері мен нышандарын сипаттайтын шолу тарау берілген. Сол кезеңнің ірі-ірі ақындары мен жырауларының бәрінің шығармашылығына арналған монографиялық тараулар беруді мүмкін деп те санамаған, қажет деп те таппаған автордың осындай проблемалық шолу тарауға иек артуы әбден орынды. Оның үстіне қос томдық тұтас алғанда белгілі дәрежеде әдебиет тарихына арналған қосымша құрал болғандықтан, бұл тәсіл өзін әсіресе ақтай түседі.

Бұдан әрі кітапта Ыбырай Алтынсарин мен Шоқан Уәлихановтың шығармашылық мұрасын талдайтын монографиялық шағын тараулар бар.

Кітаптың ең көлемді әрі негізгі проблемасы – Абай поэзиясының тілі туралы мәселе. Бұл бөлім автордың докторлық диссертациясының негізінде жазылғаны аян.

Абай шығармашылығын мейлінше жетік білген, аскан білімпаз ғалымымыз марқұм Мұхтар Әуезов те өзінің «Әр жылдар ойлары» атты зерттеуінде «профессор Қажым Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы мен Абай поэзиясының тілі» деген еңбегін айрықша атап өту керек» деп арнайы тоқталып, жоғары бағалаған болатын.

Зерттеудің ең құнды қасиеттерінің бірі сол – автор Абай поэзиясын, оның тілін жеке-дара, дербес түрде қарамай, оны ауыз әдебиеті нұсқаларының және тарихи әдебиет өкілдері шығармаларының тілімен, өзіндік ерекшеліктерімен тығыз байланыста алып, салыстыра отырып талдайды. Ғылымдық-методологиялық жағынан бұл өте дұрыс. Сондай-ақ зерттеушінің Абайдың орыс және Шығыс поэзиясынан үйренуі оның жалпы шығармашылығына, тілдік ізденістеріне қандай ықпал жасағандығы туралы мәселені қағас қалдырмауы да орынды. Өйткені Абайдың тіліндегі, поэзиясындағы дәстүрлік сипаттар да, жаңашылдық белгілер де тек осылай зерттелгенде ғана тереңдеп ашылмақ. Шындығында, осылай болып шыққан да.

Абайды білу, Абайды тану өткен ғасырдағы бүкіл қазақ әдебиетінің даму белестеріне, қалыптасу жолдарына үңілу болып табылатындығы даусыз. Бірақ автор Абай шығармашылығының қат-қат қырларын, алуан түрлі саласын түгел алмай, жоғарыда аталған бір ғана мәселені, яғни ақын поэзиясының тілін ғана талдайды. Сонымен бірге ол Абай шығармашылығындағы әлеуметтік сарындарға, онда өмір шындығының бейнеленуі тәсілдеріне де көңіл бөлген. Бұл кітаптағы негізгі тақырыптың шешімін толықтыра түсіп тұр.

Ғалым Абай поэзиясының тілін талдауға тікелей кіріспестен бұрын поэзиялық тілдің қазақ өміріндегі орны мен мәні, Абайға дейінгі қазақ поэзиясының тілі туралы мәселеге тоқталады, байсалды да нанымды көптеген әдеби фактілер келтіреді. Осы тұста автор мынандай өте бағалы әрі терең ғылыми мәні бар байлау жасайды: «Абай өлеңдерінің негізгі көпшілігін алсақ, қай елдің тіліне аударса да, өзінің мәнін де, көркемдігін де жоғалтпайды. Әрине, бір тілден екінші тілге аударғанда қандай жақсы аудармашы болсын, түпнұсқасымен дәлме-дәл шықпайтыны мәлім. Әйтсе де, қай елдің әдебиеті болсын өзінің өсіп марқайған, тек қана шеңбердегі идея, мінез-құлық, тілек-мақсаттарды ғана емес, бүкіл көпшілік бұқараның тілегіне қабысарлық идея, мінез-құлық, тілек-мақсаттарды алдына қоя бастаған кезінде ол басқа тілге аударуға жеңіл, ыңғайлы келеді. Бұл – әдебиеттің, оны жасаушы ақындардың да кемшілігі емес, табысы. Бір адым алға басқандығы. Әрине, бұл сөзден ол ақын ұлт ақыны болудан шығып қалды деген ұғым тумайды. Оның даналығы да, ақындық шеберлігі де сол ұлт ақыны болып қала отырып және өз еліне де, басқа елге де ортақ бола алуында. Міне, Абайдың тарихи ұлы еңбегінің және бір тамыры осында. Ол шығармасының тақырып, идеясы жағынан жалпы адам баласының идея-мақсатына қол созса, оны суреттеуде шет тілге аударғанда онай келетін, өз халқына түсінікті «ортақ тіл» таба білді.

Автор Абайдың мұндай дәрежеге көтеріле алуының сырын ақынның өз шығармашылығында бүкіл адам баласы-

на ортақ тақырыптарды қозғауынан, сол түбегейлі идеясына лайық көркем түр таба білуінен, мазмұн мен форманы қабыстыра ұластыруынан, реализмі мен асқан шеберлігінен іздейді.

Ғалым Абай сөздіктерінің әралуан саласын саралап ашады, оның поэзиясындағы тура мағынасында қолданылған сөздерге терең талдау жасайды. Бұл тараудың атап айтуға тұрарлық құндылығы – онда Абайдың жаңа сөздер мен тіркестерді қолданудағы шеберлігі мен жаңашылдығына байланысты шығармашылық сырлардың ақтарылып көрсетілгендігінде.

Абай поэзиясындағы эпитет, теңеу, ауыстыру мағынасында қолданылған сөздер (метафора, метонимия, синекдоха, символ, аллегория, кейіптеу), ирония мен сарказм, гипербола мен литота, алуан түрлі фигура мен солардың ерекшеліктері сияқты түбегейлі мәселелер зерттеуде басбасына арнайы тарауларда жан-жақты талданады. Автор Абай поэзиясын оны нәрлендірген шығармашылық бастаулармен тығыз байланыста алып қарайды, оның өзіне ғана тән суреткерлік ұлылығын айқындап көрсетеді.

Қазақтың әдеби тілін өлшеусіз байытқан, оны көркемдіктің жаңа асқарларына көтерген Абай тіл мәселесіне мейлінше мұқият әрі түбегейлі тұрғыдан қарағаны аян. Өзінің акындық декларациясын танытатын өлеңдерінің бірінде ол: «Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ» деп түп мақсатын танытып, жар салатыны мәлім. Сондықтан зерттеушінің осы мәселеге, яғни Абайдың эстетикасына, тіл туралы көзқарасына арнайы тоқталғанын құптау керек. Абайдың аудармалары мен солардың тіліне байланысты тарау жайында да осыны айтуға болады. Өйткені көркем аударма Абай шығармашылығының айрықша жемісті саласы болумен бірге оның суреткерлік жаңашылдығын, тілдік ізденістерін әсіресе мол әрі айқын танытады.

Бұл тараулардың қай-қайсысы да теориялық байлауларының көңілге қонымдылығымен, ең бастысы, нақтылы әдеби фактілерге иек артқандығымен, авторлық ой-пікірлердің тереңдігімен құнды болып табылады.

Зерттеуші жоғарыда аталған мәселелерге арнайы назар аудара келіп, қазақтың әдебиетін және әдеби тілін дамытып ілгерілетудегі Абайдың ұлы еңбегінің тарихи мәнін ашады, кітаптың негізгі тақырыбына қорытынды жасайды.

Монографияның бағалы жақтарына арналған азды-көпті талдауды тамамдай келіп, академик-жазушы Сәбит Мұқановтың осы кітап жайындағы мына бір пікірін еске сала кетелік: «Бұл еңбек жарияланғаннан кейін сынаушылар да болар. Олар біз байқамаған кемшіліктерді табар да. Бірақ солардың ешқайсысы кітаптың жақсы жақтарын бекер дей алмас, мұның құнды еңбек екеніне таласпас». Осы пікірдің әділдігіне, ақиқаттығына біз де ден қоямыз.

Ғалымның қос томдық зерттеуінің алғашқы кітабына байланысты кейбір сын пікірлер жоғарыда айтылған еді. Соларға қоса мына бір жәйттерді де атауға, көрсетіп өтуге болар лықтай.

Ең алдымен, әдебиет тарихынан, әсіресе фольклорды зерттеуде басты-басты бірсыпыра проблемалық мәселелерді батыл көтергенмен, автор соларды кейде жеріне жеткізіп, дәйектілікпен шеше бермейді.

Сондай-ақ, материалдарды баяндауда, белгілі бір эпостық шығармалардағы образдар жүйесін талдағанда, олардың тарихи-әлеуметтік сырын ашуға ұмтылғанда автордың басы артық, шап-шағын ғана детальдарға бой ұра беретіндігі де байқалады. Мұндай байсалды зерттеуге бұл үйлесе, жараса бермесе керек.

Кітапта аракідік қайталаулар да ұшырасады. Белгілі бір шығарманың композициясы, басқа да көркемдік компоненттері жайындағы байқаулар мен байлаулар екінші бір шығарма туралы тарауда кейде қосарлана қайталанады. Бәлкім, бұл сол материалдардың өзара ұқсастығынан да сондай әсер қалдыратын болар.

Қос томдықтың екінші кітабында да аракідік кемшіліктер ұшыраспай қалмайды. Солардың қайсыбірін атай кетелік.

Кітапта әдеби фактілер өте мол. Бұл зерттеуге жан бітіреді, нақтылы сипат береді. Сонымен бірге автордың қорытындыны сол материалдардан шығарып түймей, өзі

алдын ала өлшеп алған тұжырымға, теориялық қағидаларға мысал іздеуге ара-тұра көбірек бой ұра беретіні байқалады.

Сол сияқты, автор оқушыға түсініксіз болып қалар ма екен деген оймен бұрыннан, әсіресе өзінің «Әдебиет теориясынан» мәлім кейбір теориялық жәйттерді әр тараудың тұсында қайталап қалып отырады.

Сатирик Абайдың еңбегін аса жоғары бағалап және оны өз тұстастарымен салыстыра келіп, автор былай деп жазады: «Абайдың алдындағы тарихи әдебиеттен азды-көпті өз кезін сынаған, жамандық жақтарын шенеген сатирик ақындар мен Дулат тәрізді бірен-саран ақындарды ғана, сосын Шортанбайды айтуға болады. Ал XIX ғасырдың екінші жарымында Абайдан басқа ешкімді де айта алмаймыз. Абай сатирик ретінде өз кезінде дара ақын болды. Ақан сері тәрізді кейбір ақындарда кездесетін сатиралық өлеңдер адамға арналған, жалпы әлеуметтік мәні аз». Автордың бұл пікірімен, әсіресе Ақан шығармашылығы жайындағы пікірімен қосылу қиын. Біздіңше, Ақан сатиралық өлеңдер жазғанымен, бұл оның стиліне хас белгі емес. Сөйте тұра ол әлеуметтік сарындар мен идеяларды өз шығармашылығына мол дарытқан ақын... Мұны атап айтуға керек.

Екінші кітапқа Шоқан, Ыбырай, Мағауия жайындағы тараулардың енгізілуі зерттеудің жалпы мақсаты мен сипатына соншалықты қабыса, үйлесе кетіп тұрған жоқ. Ғылыми мәні терең, методологиялық жағынан қалаған жерден шыққан осы еңбектің композициясында, ондағы материалдардың орналасуында бұдан басқа да кейбір мінмүлтіктер ұшыраспай қалмайды.

Қ. Жұмалиевтің зерттеушілік стиліне жадағай да жалаң ғалымпаздық, енжар салқындық жат. Аталған кітаптарды оқығанда оларды әдебиеттің тарихы мен теориясын жете білетін, көркемдікті жақсы сезінетін, идеялық және эстетикалық талдауды қатар ұстайтын автор жазғанын анық аңдап отырасың. Бұл ретте одан әсіресе жас ғалымдарымыздың көп нәрсе үйрене алатындығы даусыз. Жалпы алғанда, проф. Қ. Жұмалиевтің қос томдығы қазақ әдебиеттану ғылымына елеулі үлес ретінде қосылатын байсалды зерттеу болып табылады.

УАҚЫТ ЖӘНЕ СУРЕТКЕР

Реализмнің тарихы көркем идеялардың, әралуан сюжет пен килы-килы характерлердің бұркырай жаңғырып отыратындығын сипаттайтын мысалдарға кенде емес. Сонымен бірге бұл – көркемдік формалардың да жаңғырып, жаңадан жасалып отыруының тарихы. Бұл жалаң абстракция емес. Өйткені ол әрбір ірі жазушының шығармашылығында жаңашылдық сипатка ие болады.

Көрнекті жазушымыз Ғабиден Мұстафин «Көз көрген» деген романына автор атынан берілген шағын кіріспеде былай депті: «Көз көргенде» көргендерімді, бастан кешкендерімді көрсеткім келді. Олар тіпті көп екен. Кітапка сыймады. Сонсоң, екшеп, іріктеп алдым. Алпыстан асқан ойлы адам Алатаудың басына өрмелеп шыққан тәрізді. Алысқа көз жібереді, жазықта көре алмағанын көреді, байқамағанын енді байқайды, ұмытканын еске түсіреді. Ұмытканым да, байқағаным да көп екен. Бұл еңбек естелік пе, мемуар ма, әңгімелер жинағы ма, әлде не – ол жағын зерттеушілер айыра жатар. Автордың мақсаты – өзінің, өзімен коса ұлтының іші-тысы калай өзгергенін айтпақ. Айтудың алуан-алуан түрі бар. Оқушының жүрегіне осы біреу ұрымталдау дедім де, соның біріне түсіп кеттім».

Автордың идеялық нысанасы, шығармашылық мұраты және оның шығармасының жанрлық ерекшеліктері осы сөздерден жақсы аңғарылатындай. Көркем жинақтаулар, сом тұлғалар жасауға бармағанымен, автор өмірде болған оқиғаларды, көз көргеннің бәрін жіпке тізгендей ұзақсонар баяндай беру мақсатынан аулақ. Ол жадында калған оқиғалар мен құбылыстарға жан бітіріп, тыныс бергенде солардың ең мәнділерін ғана іріктеп, саралап алуды көздеген.

Өйткені ол жеке адамның өмір өткелдеріне көз сала отырып, халық тағдырының күйлерін шертпек, уақыт сырына үңілмек. Өмірбаяндық роман жанрының іргелі, сүйекті шығармаларына хас осынау көркемдік принцип авторлық емеурін қалпында қалмай, романда қажетті суреткерлік шешім де тапқан.

Адамның рухы мен болмысын, әлеуметтік өмірдің кең көріністерін қапысыз қамтып, терең ашып беретін, жанды образдар аркылы бейнелейтін роман жанры қазақ әдебиетінің ең арналы, ең өрісті саласы екендігі аян. Қазіргі қазақ прозасында бұл жанрдың алуан түрлі формалары туды. Солардың бірі – мемуарлық, өмірбаяндық роман.

Біздің жазушыларымыз бұған да реалистік орыс әдебиетінен үйрене отырып, оның дәстүрлерін шығармашылық жолмен баурай отырып келгені даусыз. Орыс әдебиетінде бұл жанрдың классикалық үлгілері әрдайым бой көрсетіп отырды. Өз кезіндегі орыс қоғамының рухани өмірінің, ақыл-ой дамуының, тарихи жағынан түлеп өсуінің шыншыл шежіресі болған Герцен мемуарларын Маркс пен Энгельс Ресейді танып білу үшін ғана емес, орыс тілін үйрену үшін де пайдаланған.

Ал бұл жанрға кейін Толстой, Короленко, Горький тәрізді алыптар қосқан өлшеусіз үлес және де бар. Қазақ жазушыларының көл-көсір сол қазынаға соқпай өтуі мүмкін емес еді. Солай болып шықты да. Революционер жазушы С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романын айтпағанда, С.Мұқановтың, Б. Момышұлының белгілі шығармалары бұған айғақ. Өмірді танып білу пафосына, шындыкка терендеп үңілу, адам баласының ақыл-ойы тудырған мәдени қазынаны игеру, содан үйрену пафосына толы бұл шығармалар қазақ прозасындағы өмірбаяндық роман жанры жемісті арнада дамып келе жаткандығын байқатты. «Көз көрген» – осы саладағы соны туынды, автордың жаңашылдық ізденістерін бойына көп сіңірген туынды.

Өмірбаяндық романда басты кейіпкер, яғни автор өмірі қаншама мол қамтылып алынғанмен, шығарма тек соның ғана тағдырының шежіресіне айналып кетпеуге тиіс. Осы

жанрдың айтулы шеберлерінің бірі Герценнің тіпті Гете тәрізді ұлы суреткерді «өн бойы өзінің өмірбаянымен болады да, адам баласының өмірбаянымен шұғылданбайды» деп кінәлауы жай нәрсе емес. Бұл – орыстың классикалық әдебиетінің идеялық аукымының кеңдігі ғана емес, оның реализмінің ең басты, түбегейлі принциптерінің бірі болатын.

«Көз көрген» романында басты кейіпкердің сыры мол. Бірақ ол басқа желілердің бәрін көлегейлеп, өктеп кетіп тұрған жоқ. Өйткені автор тарихи оқиғалар мен тартыс түйіндерін өз өмірінің күйлерін, жеке бастың сырын айтып шығу үшін ғана алудан бой тартқан. Романды оқи отырып, тарихи дәуірдің, қоғамдық ортаның және соның өзгеріп өсуінің мол шындығын табамыз. Онда өмірбаяндық естеліктер мен тарихи баяндаулар ұласа келіп, уақыттың ақиқат, жанды көріністерін жасайды.

Сөзге сарандық, ой мен суретке жомарттық Ғ.Мұстафиннің жазушылық өнерінің ерекше бір қыры болатын. Сол ерекшелігінен жазушы осы жолы да танбапты. Жерінен, ата мекеннен айырылып, ауа көшкен елдің сиқы, ағылшындарға жалданған жұмысшылардың адам айтқысыз ауыр өмірі, халықтың тұрмысы мен тіршілігіндегі өзгерістер және басқа да оқиғалар жалаң баяндау түрінде емес, бояуы қанық суреттер арқылы берілген. Шығарманың шыншылдығы да, әсерлілігі мен нанымдылығы да осыдан келіп туады.

Романның бас кейіпкері Сарыбалаға еріп, біз де молданың алдын көреміз, ру мен рудың, жуан мен жарлының арасындағы әралуан қақтығыстардың куәгері боламыз, жер емшегін емген орыс шаруаларының тіршілікке икемділігін көріп сүйінсек, бәрін де тағдырдан күтіп емінген қыр адамдарының қырсыздығына қайран қалып, ыза боламыз. Көз алдымыздан алуан тағдырлы адамдар, қилы-қилы характерлер өтеді. Сөйтіп, автор жеке басының өмірлік тәжірибесіне сүйене, иек арта отырып, тарихи дамудың заңдылықтарын, уақыт рухын танып білуге ұмтылады.

«Көз көрген» романында 1916 жылғы ұлт-азаттық көзғалысы мен Октябрь революциясы кезеңінің, азамат

соғысы жылдарының оқиғалары да елес беріп өтеді. Бұл тақырыптар біздің әдебиетімізде, әсіресе оның проза жанрында айрықша мол қамтылғаны мағлұм. Сондықтан автор оларды қайталамайды. Аталған кезеңдердің оқиғалары романда аз баяндалса да, саз баяндалады, жаңа қырларын ашады. Бұл ретте де жазушыны суреткерлік шеберлігі алып шыққан. Бірер мысал келтіріп қаралық. Ереуілдер күшпен басылып, ел жігіттерін майданның қара жұмысына беруге көндіккен. Сонда да жуандарға пара беріп, әртүрлі айлашарғымен қалыс қойып жатқандар да бар. Жантүршігерлік, сұмдық елестерді де көресің. Өзін-өзі әдейі жарымжан еткендер де бар.

«Комиссия бөлмесінен... уыздай жас жігіт шықты. Сол көзі жұмулы, ісік.

– Босатты ма?! – деп анталады жақындары.

– Босатты.

– Е, тәңірім, қалды жалғызым! Айттым боз қасқа! – деп кәрі әкесі еңіреп жібергенде:

– Несіне қуанасың, әке! – деді баласы күрсініп, – көз кетті білем. Көзім қайтса, жұмыс түгіл, солдатқа барар едім.

– Олай деме, шүкірлік ет, құлыным. Басқа келген пәледен бастан құлақ садаға. Бір басқа бір көз жетер. Сенен айырылғанда әкең екі көзінен айрылатын еді».

Міне, осындай бірнеше көрініс арқылы жазушы тұтас бір кезеңнің, уақыттың шындығын алдымызға ашып салады. Тағы да бір суретті көріп өтелік. Бұл – Колчак әскерлерінің қыр еліне қырғындай тиіп жатқан кезі. «Екеудің бірі қазақ қызы екенін Сарыбала жаңа байқады. Қыз он бес-он алты шамасында. Шашы будыраған, киімі ұйпалақ, өңі сынық. Сонда да сұлу сипаты танылып тұр: қазақ ауылындағы жұқалаң ақша бет, оймақ ауыз, пісте мұрынның өзі. Жылаумен іскен қарақат көзі әлі отты, қадалса, өңменіңнен өтеді. Бірақ қадалмайды. «Аяңдар мені! Құтқарыңдар!» дегендей жаутаң қағады. Аузынан сөз шыққанда, көзінен жас бірге шықты.

– Мәшинесіне салып ала жөнелді. Ақмоладан бері асқанда мәшине сынып қалды. Қарағандыға келгенде бір қапысын

тауып қашып едім, қоймастан, міне, тағы ұстады. Тағы да сол бастықтарына апара жатыр...

Солдаттар келісімен қызды ерте жөнелді. Қыз артына қарай-қарай:

– Қош, құрбым! Қош, қайран ел! – деп сарнап барады. Алыстан, қарасы әбден үзілгенде де дауысы Сарыбаланың құлағында сарнап тұрды, мөлдіреген қара көзі жаутаң-жаутаң қарап тұрды...

– Қайтейін! – деді Сарыбала іші елжіреп, – Ара түсер хал жоқ. Олар құтырған қасқыр ғой, жегенінен жаралағаны көп».

Сол бір аласапыран уақыттың сұмдығы мен трагедиялық шындығы бұл көріністен анық сезіледі. Шығарманың басты кейіпкерінің естеліктері авторлық баяндау түрінде кете бермей, осындай суретке құрылған эпизодтар әрдайым мол ұшырап отырады. Романның негізгі бір ерекшелігі де осында. Өйткені жазушы өзінің идеялық ізденістері, түбегейлі авторлық ойы мемуарға хас «объективизмнің» эпикалық салқындығына иіндес келе бермейтінін жақсы аңғарған. Жазушы өмір өткелдерінің ойы-қырын түгел қамтып, «есеп беруден» аулақ. Ол әрдайым өзін суреткер сезінеді, өзін терең толғандырған оқиғаларды ғана баяндайды.

Романның соңғы тарауларында Сарыбаланың Ақмоладағы өмірі, оның тап жауларына қарсы күреске араласуы, бастан кешкен оқиғалары суреттеледі. Бұл тұста да жазушы сол бір жылдардағы қым-қуыт идеялық өткір шайқастардың пафосын роман беттеріне суытпай түсіруге, жанды күйінде беруге ұмтылған.

Әрбір көркем шығарма мемуарлық сипаттан құр болмайды. Тіпті әр кейіпкерінің тұлғасын шындыққа орайластыра мүсіндемек боп, оның характерінің алуан түрлі қырын, әрбір қимыл-қозғалысын, психологиялық мезеттерін ойланып-толғанғанда да жазушының өз тәжірибесіне, өзі бастан кешірген оқиғалар мен сыр-сезімдерге сүйенбей, соны пайдаланбай кетпейтіндігі хақ. Ал тарихи құндылығына қарамастан, кез келген мемуарлық, өмірбаяндық шығарма көркемдік құбылыс бола бермеуі ықтимал. «Көз көрген»

романы мұндай емес. Горький айтқандай, факт шындықты тұтас қамти алмайды. Оны қорыту керек. Көркем өнерінің нағыз шындығы сонда ғана туады. Ғ.Мұстафин жекелеген құбылыстар мен фактілерді тізбектей бермей, дәуір елесін беретін, тарихи процестің сипатын аңдататын жәйттерге көбірек ойысады. Яғни ол авторлық баяндаудың нақтылығы мен документтік дәлдігін сақтай отырып-ақ, әсер етушілік қуаты мол шыншыл шығарма жасай алған.

Роман портреттік галереяға өте-мөте бай. Шығарманың жанрлық ерекшеліктеріне және онда баяндалған оқиғалардың ағысына орайлас бір-екі рет қана төбе көрсетіп, ғайып болатын адамдар көп-ақ. Бірақ солар ғайып болып кетпейді, оқырманның ойында қалып қояды. Бір ғана мысал. Сарыбала үйінде пәтерде тұратын Пакрей деген татардың отбасы романның бір-ақ жерінде ғана суреттеледі. Сонда да көз алдынан кетпейді. Революция дауылынан, әлеуметтік сілкінулерден бұл отбасы да сырт қалмаған. Сонымен бірге олардың сол оқиғаларға қатынасы, көзқарасы да әртүрлі. Жазушы солардың идеялық бетін де, дара-дара сипаттарын да жайып салады. Пакрей мен кемпірі де, олардың төрт ұлы да іші-тысымен көрінеді. Жазушы оларды толық, жан-жақты суреттеп жатпайды, бояуы айқын штрихтар, тап басып айтылатын репликалар, портреттік сипаттаулар арқылы-ақ сол бейнелерге жан бітіре алады. Сөйтіп, автор портрет арқылы образдың мазмұнын ашады, оның рухани келбетін естетеді.

Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романы жазушының айрықша шығармашылық табысы ретінде танылғаны аян. Расында да, дәуір шындығын, өмір ағысын, халықтың күресі мен тағдырын реалистік қалыпта бейнелеген, эпикалық тынысы кең «Дауылдан кейін» романы жазушының іргелі, үздік шығармасы болумен бірге бүкіл әдебиетімізде де бедерлі із қалдырды. «Көз көрген» жазушының сол «Дауылдан кейін» романын тудырудағы шығармашылық лабораториясына үнілуге көп мүмкіндік береді екен. Бұл ретте біз жазушы «Дауылдан кейін» романындағы көптеген кейіпкерлер мен оқиғаларды өмірден алғанын және оның өмір

шындығын көркемдік шындыққа қалай ұластырғанын анық байқауға болатынын айтып отырмыз. Мысалы, Аман образында жазушының өз өмірінің көп сыры, шындығы бар екен.

Неге жазамын және қалай жазамын? Бұл – әр суреткердің өз алдына өмір бойы іштей қойып өтетін сұрағы. Бұл сұрақ әрбір жаңа шығарманың алдында әсіресе қатты толғандырмақ. Өйткені әр жазушының өзіне іштей етене жақын немесе қабыл алмайтын, жақтырмайтын, жат санайтын жәйттері болады. Өмір шындығын көркемдік шындыққа ұластырудың, өмірдегі қайшылықтарды әдеби шығармаға дарытудың қатып қалған, айнымайтын тәсілдері жоқ. Жазушы әр шығарма сайын қатты ізденістерге баруға тиіс. Өзгені қойып, өзін-өзі қайталау шын суреткерге лайық емес қасиет. Өйткені ол көркем бейнелеудің жаңа мүмкіндіктерін ашып отыруға тиіс. Осы қасиетті басқа ірі жазушыларымыз сияқты Ғ.Мұстафиннің шығармашылығынан да анық байқаймыз. Өзіне ғана хас шығармашылық өзгешелігі, айқын стилі барлығына қарамастан, «Шығанақты» жазған Ғ.Мұстафин мен «Миллионерді» тудырған Ғ.Мұстафин бір емес. «Қарағанды» мен «Дауылдан кейін» романдарының тұсында да солай. Ал «Көз көрген» романында жазушы бұрын жүріп өткен жолдарын қайталамайды, суреткерлік өнерінің соны қырларын ашады. Жазушының ізденгіштігі де, тапқырлығы да анық белгі берген.

Суреткердің формаға қатынасы шығарманың тақырыбы мен мазмұнына ғана емес, соның негізін құраған материалдың сипатына, автордың түбегейлі ойына, сол туындының жанрлық ерекшеліктеріне байланысты анықталмақ. «Көз көрген» – өмірбаяндық роман. Бірақ жазушы мұнда оқиғаларды өз атынан тікелей баяндамайды. Оның үстіне роман бөлек-бөлек әңгіме-новеллалардан тұрады. Біздіңше, жазушы осындай көркемдік тәсілдерді жақсы таңдап алған. Өйткені бұл, біріншіден, автордың өзі өмірінің оқиғаларына, өз тағдырына объективті болуына мүмкіндік береді. Екіншіден, автор ең қажет деп санаған оқиғаларды ғана іріктеп алуына, яғни шығарма композициясын өзгеше етіп құруға ықтиярлы. Кейбір оқиғалар желісі және бас

кейіпкердің тағдыры арқылы байланысып жатқанымен, сол әрбір әңгіме-новелла өз шеңберінде көркемдік тиянақ тауып, дөңгелек тұтастық танытады. Бұл да жазушының суреткерлік ізденістерінің жемісі.

Ғ.Мұстафиннің жазушылық ерекшелігі оның тілінен өте-мөте айқын көрінетіні аян. Оның тілінде ойлы тұжырымдылық, афористік, шешендік өрнек-нақыштар мол ұшырасатындығын бұрыннан білеміз. Осы қасиет соңғы романда да мол екен. Тамаша афоризмдер, ұтқыр да ұшқыр теңеулер мен метафоралар қарама-қарсы алынған, бояуы қалың нақышты суреттер жазушы тілінде айқындық пен өзгешелік бітірген.

Автордың ойынша, «Көз көрген» романы үш кітаптан тұрмақ. Бірінші кітап 1925 жылға дейінгі кезеңнің оқиғаларын қамтумен тынған. Бірінші кітапта шырқау шағына көтерілмеген, жетер жеріне жетпеген біраз желілер кейін кеңірек арнада ашылып, үлкен өмір көріністеріне ұласа, тұтас та терең алынуы әбден ықтимал.

Шығарманың басты кейіпкері Сарыбала романның ұзына бойына әр жағдайда, әр қалыпта көрініп отырады. Оқырман көп оқиғаларды соның көзімен көреді, сонымен бірге әсерленеді. Әрине, бұл кейіпкердің прототипі жазушының өз басы екендігі құпия емес. Сондықтан романның болашақ кітаптарында жазушының әлеуметтік тұлғасы бұдан гөрі тереңірек те айқынырақ мүсінделуге тиіс.

«Көз көрген» романында не көп – оқиға көп, адам көп. Шебер жазушы солардың әркайсысын да іші-тысымен көрсетуге, шынайы да нанымды етіп суреттеуге көп күш салған, оларға жан бітіре алған да.

Романда қатар алынып, қарсы қойыла тартылған қос желі бар. Әкесі Мұстафа әрдайым сопы Аллаярға жүгініп отырса, ал Сарыбала рухани медетті әркашан Абай өлеңдерінен табады, сонымен сырласады. Сарыбаланың ептеп өлең шығаратыны да айтылады.

«Көз көрген» романында автордың көргені ғана емес, түйгені мен тебіренген ашы ойлары бар, аңдағаны мен

аңдатары бар, оның өзі өткен, халқы өткен жолдың із-бедері бар. Жазушы өзі туралы да, уақыт туралы да шындықты айтады, үлкен жүрекпен айтады.

Роман – үлкен әдебиеттің, үлкен суреткерлердің жанры десек, оған қойылатын талап та әрқашан талғаулы, мол. Жазушы әруақытта да сол талаптың деңгейінде, биігінде бола беретіндігіне біз сенеміз.

ЖАЗУШЫ ЖОЛЫ

Әрбір суреткердің әдебиетке келу жолы да әралуан. Осыған орай олардың әдеби тағдыры, шығармашылығының сипаты да сан түрлі болмақ. Ә.Әбішев әдебиетке мектептен емес, өмірдің қайнаған ортасынан, теориялық терең дайындықпен емес, тұрмыс таныткан тәжірибемен келді. Оның ойы да, қаламы да бірден ұстармай, бірте-бірте, жазу үстінде іздену жолында шыңдалды.

Болашақ жазушы өзінің әдебиетке келгенге дейінгі өмірінің талай жылын Қарағанды шахтерлерінің арасында өткізеді. Кейін жұмысшы табы тақырыбы Ә.Әбішев шығармаларының өрісті өзегіне, негізгі желісіне айналуы да осыған байланысты болатын. Жазушының «Завал», «Еңбек ері – ел еркесі», «Зейнегүл» сияқты қаламалды шығармаларында қозғалған осы негізгі тақырып оның «Жас түлектер», «Достық пен махаббат» атты күрделі туындыларына да ауысты. Бұл тақырыпқа неғұрлым қайталап оралған сайын жазушы оның тереңіне соғұрлым жітірек, суреткерлік көрегенділікпен үніле білді, оны шынайы да көркем шеше алды. Мұны «Достық пен махаббат» пьесасынан әсіресе айқын көреміз.

Ә.Әбішев негізінен екі жанрда – проза мен драматургияда жазып келеді. Шығармашылық қадамын шағын әңгімелер жазудан бастаған жазушы кейін өз қаламының күшін прозаның келелі түрлерінде де байқап көрді. Оның тұңғыш прозалық күрделі шығармасы – «Армансыздар» атты повесі. Бұл шығармада халықтың сахараны дүр сілкіндірген 1916 жылғы ұлт-азаттық козғалысының кейбір оқиғалары баяндалады. Шығарманың негізгі кейіпкерлері Мүсәпір мен Айбол бір кезде өгей өмірден өксік көріп назаланса, ал

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін мұраттарына жетеді, аяулы армандарын жүзеге асырады. Повестің идеялық түйіні осындай. Ал көркемдік жетілуі, шығармалық шымырлығы жағынан «Армансыздар» мәрелі дәрежеге жетпей, олқы да тапшы соқты. Сондықтан да жазушы кейін он алтыншы жыл оқиғасы және азамат соғысы тақырыбына қайта оралып, «Терең тамырлар» повесін жазды.

Ә.Әбішевтің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы прозалық шығармаларының тәуірлері – «Саржан», «Толеген Тоқтаров». Біздің сынымызда «Саржанның» көлеңкелі жағы көбірек сөз болды да, оның құнды қасиеті ашылмады. Шындығында, оқиғалық өрбуіндегі кейбір жасанды жәйттерді былай қойғанда, «Саржанда» кеңес майдангері өткен сұрапыл соғыс жолының із-бедері, сол бір қысылшаң шақтың қатал да қайсар шындығы бар. Кейіпкерінің жан сарайын, сезімсырларын жазушы мейлінше әсерлі суреттейді.

Жазушының «Төлеген Тоқтаров» атты шығармасы да патриоттық идеяға толы. Мұнда кеңес адамдарының Отанға қалтқысыз берілгендік, терең сүйіспендік сезімдері реалистік түрде бейнеленген.

Ә.Әбішевтің Ұлы Отан соғысы жылдарында жазған прозалық шығармаларының ең көлемдісі – «Жас түлектер» романы. Соғыс уақытының шындығын жан-жақты, кең қамту мақсатымен жазушы шығарманың сюжеттік желісіне тағдыры мен талайы әралуан адамдарды, әр буынның өкілдерін мол енгізген. Шығарманың оқиғалары да әртүрлі жағдайда қабындап дамиды. Бірақ тұтастай алғанда «Жас түлектер» романы шын мәнісіндегі реалистік шығарма болып шықпады. Өйткені автор кейіпкерлерінің көпшілігін типтік қалыпта мүсіндей алмады, романның негізгі тартыс тініне тікелей қатынасы жоқ қосалқы жәйттерге көбірек алаңдап, идеялық-көркемдік нысанадан тая соқты. Жазушы «Жас түлектер» туралы кезінде айтылған сындардан қорытынды шығарып, романды өңдеп, қайта жазып шықты.

Ә.Әбішев өзінің шығармашылық қабілетін прозадан гөрі драматургияда айқын танытты. Ол бұл жанрда жиырма жылдай уақыт бойына шұғылданып келеді және өзінің тапқыр

ізденгіштігін де осы салада анық көрсетті. Рас, Ә.Әбішевтің «Отан үшін» (1937), «Жолдастар» (1940), «Қырағылық» (1941) сияқты пьесалары нағыз реалистік драманың үлгілері болу дәрежесіне көтеріле алған жоқ. Бірақ сол кездегі драматургиямыздың даму сипаты тұрғысынан қарағанда, бұл пьесалардың көңіл аударарлық бір қасиеті бар. Отызыншы жылдарда қазақ кеңес драматургиясы эпостық және тарихи тақырыпты игеруде шығармашылық тамаша табыстарға ие болды. М.Әуезовтің «Айман – Шолпаны» мен «Бекеті», әсіресе Ғ.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлуы» фольклорлық материалға сахналық өмір берудің, тың тыныс бітірудің асқан шеберлікпен жасалған үздік үлгілері еді. Ал кеңес тақырыбына арналып жазылған мұндай шоқтығы биік, тынысы терең пьесалар жоқ болатын. Сондықтан да Ә.Әбішевтің кеңес тақырыбына жазған алғашқы пьесаларының өзі-ақ оның қиын да болса қасиетті міндетті бауырауға құлаш ұрғанын байқатты.

Ә.Әбішевтің М.Әуезовпен бірігіп жазған «Намыс гвардиясы» пьесасы соғыс жылдарындағы қазақ кеңес драматургиясының тәуір нұсқаларының бірі болып табылады. Мұнда даңқты Панфилов дивизиясы жауынгерлерінің жанды да жаркын тұлғалары бар.

Драматургтың соғыстан кейінгі кезеңде жазған «Достық пен махаббат» атты пьесасы қазақ кеңес драматургиясының елеулі шығармасы болды. Қазақстан кеңес жазушыларының үшінші съезінде жасаған баяндамасында М.Әуезов осы пьеса жайында былай деді: «Ұзақ еңбек нәтижесінде Әлжаппардан анық реалистік үлгіде қалыптанған бір де болса ойдағыдай көркем шығарма туғанын көрдік. Ол – тағы да сол Қарағанды тақырыбын қайталап, еселеп ізденіп жазу нәтижесінде туған «Достық пен махаббат» пьесасы. Әзірге кеңес тақырыбына жазылған қазақ пьесаларының ең тәуірі, ең тұрақты көркемдік сипатқа ие болып шыққаны осы «Достық пен махаббат» деп білеміз». Бұл – пьесаға берілген лайықты да әділетті баға еді.

Драматург «Достық пен махаббат» пьесасын «Жас түлектер» романының материалдары негізінде жазды.

Бірақ ол роман оқиғаларын пьесаға жадағай күйде көшіре салмай, оларды екшеп сұрыптады. Қосалқы желілердің барлығын сыпырып тастап, басты-басты арқауларды ғана алып қалды. Яғни драмалық шығарма – «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» болса, Ә.Әбішев роман оқиғаларының сол нағыз драмалық түйіндерін тап басып ала білді. Соның нәтижесінде ол әлеуметтік тынысы кең, драмалық тайталас-тартысы шымыр да ширақ реалистік пьеса жасай алды. Мұнда өз характерлерінің шындығына сай жасалған көптеген кейіпкерлер бар. Автор шығарманың тартыс желісінің ұзына бойына солардың әрқайсысына лайық іс-әрекет береді, тілдік ерекше сипат дарытады.

Тұтастай алғанда автор «Достық пен махаббат» пьесасында сол бір ауыр жылдарда еңбек майданында да, шайқас шебінде де Отан мүддесімен, ел тілегімен тыныстаған кеңес адамдарының тұлғалы бейнелерін жасады, уақыт рухын реалист-суреткерге тән алғырлықпен ашқартты. Пьесаны драматургиямыздың құнарлы, бағалы шығармаларының бірі еткен де – оның осы қасиеті.

Ә.Әбішевтің бұдан кейінгі елеулі пьесасы – «Бір семья». Бұл пьесада өзара ұласа, сабақтаса өрбитін екі түрлі тартыс желісі бар. Оның бірі – құлазып жатқан далада теңіз жасау жолындағы қиындықтар. Екіншісі – пьесаның басты кейіпкерлері Айдос, Жанар, Кремлев арасындағы сезім қақтығыстары, көңіл түйткілдері. Осы үшеуінің арасындағы драмалық түйін өрістей өрбіп барып, пьесаның финалында ғана шешім табады.

Айдос майданда қаза болды деген хабар Жанарды рухани қатты күйзеліске салған. Бірақ уақыт айықтырмас қасіретшер жоқ. Жанардың Айдос жайлы арманды ойы бірте-бірте сергігендей болады. Оның жүрегіндегі сөнген үмітті бұлайша қайта тұтатқан – хирург Кремлев. Ал Айдос тірі болып шығып, қайта оралады. Бірақ оның денесінде жаудың оғы қалып қойған. Әрі Жанарды басқаға қимай әрі оның болашағын ойлап Айдос та ауыр жан күйзелісіне түседі. Ақыры Айдосты ажал құшағынан Кремлев құтқарып алады. Адал жандар абзал көңілмен қайта табысады. Пьесаның

драмалық бұл желісінде ешбір жасанды, қоспа жәйттер жоқ. Бәрі де өмір шындығынан, табиғи күйде алынған. Пьесаның негізгі кейіпкерлері типтік сыр-сипат, драмалық тұтас бітім тапқан.

Сондай-ақ, пьесаның еңбек майданында, яғни теңіз жасауға байланысты желісі де шығарманың өндірістік «тұздығы» ретінде ғана қалып қоймаған. Қайта пьесаның көп кейіпкерлерінің характері, ой-өрісі осы желінің өрбу барысында ашылып, айқындалады. Бұл пьесасы арқылы автор драматургиямызға өз сипаттарының әралуан қырымен көрінген көптеген кейіпкерлер әкелді.

Ә.Әбішев соңғы жылдарда сатиралық пьесалар жазу саласында біраз шығармашылық тәжірибе жинады. Оның бұл бағытта жазған «Әке үкімі», «Күншілдік» атты пьесалары өзара тақырыптас және көп жағдайда бір-бірімен өзектес. Екеуінде де алға ұмтылған жаңа күштер мен етектен тартқан ескіліктің арасындағы тайталас-тартыс, жаңаның көнені күйрете жеңгені суреттеледі. Алғашқы пьесада жолдасының ғылыми еңбегін ұрлап алып, өз атынан пайдаланбақ болған Ботабектің аяр айлакерлігі ашылады. Драматург оған әкесінің атынан қатал үкім айтқызады. Ал екінші пьесада Келиман сиякты күншілдің күйкі күйлері әшкереленеді.

Ә.Әбішевтің «Кім менің әкем?» атты пьесасын да жұртшылық жылы қабылдады. «Достық пен махаббат», «Бір семья» пьесаларында қозғалған моральдық этикалық проблемаларына жазушы соңғы пьесасында қайта оралады. Бұл пьесалардың барлығына да ортақ өзекті идея – махаббатқа адалдық, достыққа беріктік, яғни кеңес адамдарының ең абзАл асыл сезімдерін ардақтау. Осы тақырыпқа әрдайым оралған сайын драматург өзінің тапқыр ізденгіштігін танытып келеді. Соңғы пьесада да ол сол қалам сілтесінен танбаған. Мұндағы тартыс та өмірден алынған. Шығарманы шынайы, қызықты еткен де сол. Расында да, қанша шымшытырық болғанмен, жалған драмадан реалистік шығарма тумақ емес.

Пьесаның басты кейіпкерлері Думан, Лағыл, Ольга басындағы драмалық жәйттер осындай реалистік сипат

сездіреді. Шығарманың бүкіл өн бойына олардың іс-әрекеттерінің, тағдыры мен талайының окушы мен көрушіні толғандырып отыратындығының сыры да осында.

«Кім менің әкем?» пьесасы да – драматургтың іздену жолында тапқан шығармашылық татымды табысы.

Ә.Әбішев таңдаулы пьесаларында драматургтік шеберлігін, өзінің шығармашылық ерекшелігін де анық байқатты. Ол көбінесе тайталас-тартыс өткірлігіне, коллизиялар күрделілігіне ұмтылады. Өмірлік оқиғалардың драмалық түйінін ақтарып ала біледі. Ә.Әбішевтің пьесаларындағы негізгі геройлар кең тыныстың, үлкен сезімнің шебері болып келеді. Сондықтан олар жалын атқан серпінмен, асқақ леппен, бейнелі тілмен сөйлейді. Драматургтың соңғы пьесаларында оның тілінде реалистік сипат молайып келе жатқаны байқалады.

Ә.Әбішев – бір пьесадан екінші пьесаға ауысқан сайын бел асып, белең алып, шығармашылық өсу жолында келе жатқан драматург. Бұл – оның болашақта көптеген шұрайлы да шырайлы шығармалар бере алатындығының кепілі.

СЫНШЫ КІТАБЫ

Тұңғыш кітап...Бұл әр автордың-ақ өміріндегі қуанышты уақиға. Бірақ кітап шығару жас автордың таланты толысып, кемеліне келіп қалғандығының бірден-бір белгісі, айнымас өлшемі бола бермейді. Тіпті талай кітап шығарып, талай-талай нәрселер жаза жүріп те, шын өнерпаздық қасиет танытпайтын авторлар болады. Сол сияқты тұңғыш кітабы шыққанға дейін оқушы қауымға аты аян, жақсы танылған авторлар болады. Сыншы Қалжан Нұрмахановтың әдеби сын мақалаларының жинағы жуырда ғана шықты. Ал оның әдеби өмірге белсене араласып, әдеби қозғалыспен оның жекелеген мәселелері жайындағы құнарлы қызғылықты ой-пікірлерін әрдайым дер кезінде айтып келе жатқанын біз көптен бері жақсы білеміз. Сол пікірді осы жинақ та растай, құптай түсетін тәрізді.

Жинаққа автордың қазақ әдебиетінің алуан түрлі мәселелеріне, жекелеген шығармаларына арнап әр кезде жазған мақалалары мен рецензиялары енген. Мұнда әдеби қарым-қатынастар мен байланыстар, туысқан әдебиеттердің жекелеген құбылыстары жайындағы мақалалары да бар.

Автор жинағы қазақ совет прозасының қырық жылдық өсу жолын, қалыптасу кезеңдерін көрсетуге арналған шолу мақаламен ашылған. Мақала автордың осы мәселені ғылыми дұрыс тұрғыда алуымен және соны дәйекті, нанымды түрде шешуімен құнды. Азды-көпті дәстүрлері болғанымен және тамыры, бастауы әріректе жатқанымен, қазақ әдебиетіндегі көркем прозаның дербес, тұтас жанр ретінде тек совет дәуірінде туып, қалыптасқандығын автор әдеби фактілерге сүйеніп нақты көрсеткен.

Қазақ прозасының реалистік қасиетінің тереңдеп молаюына, әсіресе онда роман жанрының туып кемелденуіне орыстың классикалық және қазіргі әдебиетінің жемісті әсері болғандығы туралы мәселеге де автор ерекше назар аударған.

Кітаптағы мақалалардың ішіндегі ең көлемділерінің әрі құнарлыларының бірі – «Пушкин және Абай». Қазақтың ұлы ақынының орыс классиктерімен байланысы жайында бұрын да бірталай нәрселер жазылғаны белгілі. Қ.Нұрмаханов солардың көлеңкесінде қалып қоймаған. Мақалада автордың өзіндік соны ойлары, жіті байқаулары мол. Ол Пушкиннің қазақ ақынына идеялық-көркемдік әсерін Абай және орыстың классикалық әдебиеті деген аса үлкен тақырыптың өзегі саласы ретінде алып қарайды. Абай Пушкин шығармаларымен тұңғыш рет қашан танысты және ол орыс ақынының сан-салалы творчествосын қаншалықты дәрежеде білді? Пушкин поэзиясының саф асылын, ғажайып көркемдігін жарқыратып ашып берген, сөйтіп ұлы ақын мұрасының өлшеусіз тереңдігін талай ұрпақтың қалтқысыз, қапысыз ұғынуына бағыт сілтеген Белинскийдің атақты мақалалары қазақ ақынына мәлім бе еді? Пушкин Абайдың тағылым алған ұстазы деген даусыз фактіден түптеп келгенде қандай байқаулар жасауға болады? Міне, автор осындай мәселелерді дұрыс қозғай отырып, солар жайында байсалды пікірлер айтады. Лермонтов, Салтыков-Щедрин, Толстой есімдерін ауызға алған Абайдың Пушкин жайында, оның творчествосы жайында тікелей айтқан пікірлері бары немесе жоғы беймағлұм. Бірақ Абайдың Пушкинге қандай қарым-қатынаста болғаны оның поэзиясының бүкіл рухы мен тынысынан, суреткерлік шеберлігінен, эстетикалық идеалынан және орыс ақынының шығармаларынан жасаған тамаша аудармаларынан анық сезіледі. Сондықтан да зерттеуші жоғарыда аталған проблемалық мәселелерді шешпек болғанда ең алдымен Абайдың өзінің творчестволық тәжірибесіне сүйенеді. Сондықтан да оның осы орайда жасаған қорытындылары салмақты, көңілге қонымды.

Қазақ ақынының орыс классигінен қалай үйреніп, нені қабылдағанын терең, дәлелді түрде ашуды мақсат еткен

автор Абайдың өзінің де соны бітімін, ұлттық тұлғасын, ұлттық ерекшеліктерін тасада қалдырмайды. Бізде бір ақынның екінші ақынға еткен әсерін жекелеген жолдардан, ұйқас орамдардан іздеушілер ұшырасып қалады. Қ.Нұрмаханов оған бармаған. Ол ғылыми жағынан дұрыс әрі творчестволық жемісті бағыт ұстаған. Осы қасиетті оның Украин және қазақ халықтарының әдеби байланыстарын, Горькийдің қазақ әдебиетіне еткен әсері жайындағы мақалаларында жақсы аңғарамыз. Бұл мақалаларында да автор долбар айтып, болжау жасамайды. Әдебиеттің жанды фактілерін негізге алады. Көп реттерде оның осындай түбегейлі мәселелерді жаңаша қозғап, соны пікірлер айтуға сәтті қадам жасағаны да шүбәсіз танылады.

Жинақтағы екі мақала заманымыздың аса ірі жазушыларының бірі Мұхтар Әуезовтің творчествосына арналыпты. «Айнымас достық дәстүрі» атты мақаласында автор жазушының Абай жайындағы романына талдау жасайды. Бұл роман жайында қазақ орыс тілдерінде тіпті шетелдерде де көп жазылды.

Жазыла да бермек. Өйткені мұндай қайталанбас шығармалар туралы әр буын өз ойын, өз пікірін айтып отыратындығы мәлім. Бірақ жазылған мерзімі жағынан алып қарағанда бұл мақаласында Қ.Нұрмаханов ұлы ақын тамаша романның әлеуметтік тынысын, ғажайып көркемдік қуатын тұңғыш бағалай білгендердің бірі ретінде көрінгендігін атап айту керек.

Екінші мақаласында автор М.Әуезовтің Абай туралы эпопеяға келген жолын, творчестволық ізденістерін ашпақ болатын. Бұл құптауға тұрарлық эпопея М.Әуезов творчествосындағы кездейсоқ табыс емес. Жазушы оған белгілі творчестволық эволюция аркылы, дүниеге көзқарасын тереңдетіп, шеберлігін шыңдау аркылы заңды түрде келді. Бірақ мақала, өкінішке қарай, сол заңдылықты аша алмаған, тамаша суреткердің ұлан-ғайыр эпопеяға келу жолдарын нанымды көрсете алмаған. Сыншы көбінесе жазушының отызыншы жылдарда жазған әңгімелері мен пьесаларын талдаумен ғана шектелген. Бұл қозғаған мәселені тұтас та

толық шешу үшін мүлдем жеткіліксіз. М.Әуезов өзінің тамаша суреткерлігін, үздік шеберлігін таныткан реалистік шығармаларды одан бұрын да аз жазбаған болатын. Сыншы соларды тіпті ауызға да алмайды. Оның үстіне сыншының ескі шиырлардан, сарытап болған схемадан шыға алмай жазушының өткендегі жаза басуларын, жаңсақ қадамдарын тым қазбалап, сол жайында айнала, үйіріле сөйлеп беретіні де бар. Жазушы творчествосының көлемді зерттеу емес, шағын ғана мақалада мұндай жәйттерге қадала тоқталудың қажеті жоқ-ақ еді. Осындай орынсыз жайларға алаңдай бергендіктен сыншы бұл мақаласында жазушының әңгіме, повестеріне де, драматургиясына да толық, лайықты талдау жасай алмаған.

Қ.Нұрмаханов тек қазақ әдебиетінің мәселелерін зерттеумен ғана шектеліп қалмайды. Ол өзбек, қырғыз, украин әдебиеттері туралы да жазады. Бұл оның басқа сыншыларымыздан ұтымды жағы. Осы жинағындағы оның қырғыз әдебиетіне байланысты бірнеше мақаласын оқығанда, туысқан халықтың әдебиеті жайында дос ниетпен, шын ықыласпен мейірлене жазған автордың әділ сын айтудан, қатаң талап қоюдан тартынбағанын байқап, разы болдық. Туысқан халықтардың әдебиетін, ондағы үлкен-кішілі құбылыстарды жақсы білетіндігін ол қазақ әдебиетінің төл мәселесіне тікелей арналған мақалаларында да тәуір аңғартқан еді. Яғни ол кең тұрғыдағы әдеби салыстыруға, көп ұлтты әдебиетіміздің құбылыстарын тұтас, бірегей күйде алып қарауға оңтайлы. Сондай-ақ оның мақалаларында көп сыншыларымыздың еңбектерінде ұшырасатын шұбалаңқылық, көпсөзділік кездеспейді. Ол сын мақалалардың реалистік мәнерде жазылуына, ойға жомарт, сөзге сараң болуға көп ден қояды.

Жинақтағы мақалалардың қайсыбіріне тән кемшіліктері мен үстірттіктерін жоғарыда орайлы жерінде атап отырдық. Соларға қоса тағы да кейбір жайларға көңіл аударуға болар еді. Кітапта Ыбырай, Шоқан, Сұлтанмахмұт жайында шағын мақала-заметкалар беріліпті. Бірақ олар сол ақын, жазушылардың творчестволық мұрасына лайық емес әрі

жаңалық, сонылық аз. Автор бұрыннан мәлім жәйттарды тым келте, сырдан қайталаған да қойған. Сондықтан оларды жинаққа кіргізбей-ақ коюға болатын еді.

Жоғарыда жинақ қазақ совет прозасының даму, қалыптасу жолдарын шолуға арналған мақаламен ашылады деп едік. Осы жақсы мақалада көрнеу бір кемшілік бар. Яғни онда әдебиетіміздің іргетасын қаласқан С.Сейфуллин, І.Жансүгіров сияқты жазушылардың, әсіресе, Б.Майлин тәрізді аса ірі прозаиктің творчествосы жайында көңілге ұяларлық жартымды пікірлер айтылмаған.

Қ.Нұрмахановтың «Түп нұска және аударма» атты мақалалар циклы және қазақ поэмасы жайындағы көлемді мақаласы соңғы жылдардағы әдеби сынның жақсы құбылыстары ретінде танылған нәрселер еді. Сол мақалаларды аударып жинаққа кіргізу керек еді. Сонда сыншының творчестволық келбеті мұнан да гөрі толығырақ, айқынырақ көрінетіні даусыз.

Сыншы көп ізденуге, толассыз еңбектенуге тиіс, бірақ ол әдебиеттің бар құбылысы, кез келген шығармасы жайында жаза бермейді. Ең басты міндет – әдеби қозғалыстың барысына терең үңіліп, соның ілгері озуына игі септігін тигізу, сөз өнері жайында әрдайым шындықты айту әрі соны шеберлікпен айта білу. Қ.Нұрмаханов – осыған талпынатын, артқа айналсоқтамай, алға қарай көз тігетін, белсене еңбек етіп жүрген сыншыларымыздың бірі. Мына жинағы да оның творчестволық мүмкіндіктерін жақсы байқатады. Сонымен бірге қазақ сыншысының орыс тілінде шыққан бұл жинағы орыс оқушыларына, өзге оқушыларға да қазақ совет әдебиетін тануда үлкен пайдасы бар. Сыншы болашақта өзінің мол мүмкіншіліктерін емін-еркін, сарқа пайдалануға тиіс.

1962 жыл.

ДОС ЖҮРЕГІ

(Қ. Нұрмаханов туралы естелік)

Адам өмірде әр алуан жандармен кездеседі, дәмдес болады, достасады. Бірақ солардың көбі-ақ ұмыт болады. Өйткені олар мінезімен, қылығымен немесе бір окшау іс-әрекетімен сенің жан-жүрегіңде терең із қалдырмайды. Жеңіл әсер, жеңіл таныстық тез ыдырап, көрген түстей ғайып болады, ұзаққа бармайды. Тіпті талай жыл бірге жүрген жандардың да көздері таса болысымен бірін-бірі оп-оңай ұмытып кетіп жататындары болады. Сол сиякты кейде бір дүркін ғана кездесіп дидарласудың өзі естен кетпестей боп, көкірегінде ұялап қалады. Мен Қалжан Нұрмахановпен талай жылдар бойына достық жақындықта болдым, бірге қызмет істедім. Бәрі де есімде, бәрі де көз алдымда. Бірақ мен оны бір-ақ рет көрсем де, ұмытпас едім, ұмыта алмас едім деп ойлаймын.

Қалжан әдебиетке елуінші жылдардың бас кезінде келді. О кезде Москвада тұратын. Москваның газет-журналдарында мақалалары мен рецензиялары жиі-жиі шығушы еді. Алматыда шыққан дүниелерін де окып жүретінбіз. Сол Қалжанмен ойда жокта кездестім.

Бұл 1953 жылдың жазы еді. «Жұлдыз» (ол кезде «әдебиет және искусство») журналының редакциясына екі адам келді. Бірі – сұңғақ бойлы, москал тарткан кісі. Ол Әдебиет зерттеушісі Климович екен. Ал жанындағы жігіт өзін Қалжан Нұрмахановпын деп таныстырды. Ақсары, ашаң жүзін безеу басқан. Жүдеу өңінен науқас табы анық сезілгендей. Кісіге басын әнтек қисайтыңқырап, ыңғын көтеріңкіреп карайды. Үстінде қалың матадан тігілген су жаңа костюм. Сірә, Алматыға карай шығар алдында сатып не тіктіріп алса керек. Ине-жіптен жаңа шыққан киім кисе кербезсіп

кететін кей адамның мінезі онда жоқ сияқты. Қайта күннің ыстығында костюмшең жүргеніне ол сәл ыңғайсызданып қысылатындай.

Өз жұмысын бітірді де, Климович Жазушылар одағының президиумына кетіп қалды. Қалжан кеткен жоқ. Бірден шүйіркелесіп, бүкпесіз ақтарыла бастады. Журналда жарияланған материалдар жайындағы, әдебиет жайындағы ойларын риясыз айтып отырды. Тек, өзі де адал жанды, ақ көңіл және басқалары да сондай деп ойлайтын адамдар ғана осындай мінез көрсетсе керек. Көп оқығандығын, көп білетіндігін немесе көп естігендігін сездіремін деген кісінің сөзі емес, қайта тым кішіпейіл, бірақ көкірегіне ұялаған сырды, алған әсерін жасыра алмайтын, айтып салатын адамның сөзі. Қалжан бұл мінезін әдебиет тақырыбына әңгіме болғанда әсіресе қатты, өте-мөте анық көрсететіндігін кейін барып білдім.

Ол әрқашан әдебиетті бәрінен жоғары қоятын. Сол жылы күзде ол Алматыға көшіп келді. Балалар газетінде аудармашы болып істеді. Тұрмыс қиындығын көп көріп жүрді. Қыстан макинтошпен шықты. «Сыпайы тоңбайды, қалтырайдының» кері. Бірақ ол кездесіп, әңгімелесіп жүргенде не тұрмыс тапшылығын, қолқысқалықты айтып немесе қызмет жайын қомсынып таусыла сөйлеп, шағынып көрген емес. Ол ол ма, Қалжан кейін семьялық өмірдің кейістігін де көп көрді, көп жапа шекті. Бірақ небір жан күйзелісін кешіп жүргенде де ол әдебиетке құштар адалдығынан айнығаң, жаза басқан емес. Бұл оның әдебиетті қалтқысыз сүйіп, қайтарусыз берілгендігінің ғана емес, бауырмалдығының да белгісі еді. Ол өзіне қиянат жасаған, қысастық еткен адамдарға деген өкпе-назын тез кешетін, кек сақтамайтын.

Қалжан ауызекі сөзде онша тапқыр, суырылған ділмар болмайтын. Әзіл-оспаққа да шорқақтау еді. Әдейі әдемі, шешен сөйлеймін деп шала бүлінбейтін. Бір дағдысы – сөз арасында «так-так» дегенді көп айтушы еді. Жолдастары соны айтып қалжыңдағанда ол «Мен так» деген жоқпын ғой, так», – деп қалатын. Біз мәз болып күлетінбіз. Осының өзі – оның қолдан мінез жасап қырлануды, сырттай мінсіз

көрінуді қаламаған қарапайымдылығының бір белгісі, табиғи қасиеті болса керек.

Ал сол Қалжан қолына қалам тисе болды өзгеріп, дүр сілкініп, түлеп сала беруші еді. Басқаның бәрін ұмытып, өндіріп жазып тастайтын. Бұл оның еңбексүйгіштігі мен талантына ғана емес, соған қоса білімдарлығына, теориялық даярлығының молдығына да байланысты еді.

Шынында да, Қалжан өте көп білетін. Батыс пен Шығыстың, орыстың арғы-бергі әдебиетін көп оқып, көп зерттеудің үстіне ол араб, парсы, түрік, тіпті армян тілін әжептәуір білетін. Көп халықтардың өнері мен музыка мәдениетінің тарихынан да жақсы хабардар болатын. «Көргені мен білгені жүзге келген шалдан көп» немесе «жаска жас, ойға кәрі едің» деген Абай сөздері Қалжан буыны өкілдерінің ішінде оның өзіне әсіресе дөп, тура келер еді. Ғылымда да, әдебиетте де білімдарлықты, байсалдылықты қалаған Қалжан дилетанттықты ұнатпайтын. Басқалардың да ондай әлсіздігін кешпейтін. «Өте аз окимыз, өте аз білеміз, жігіттер, ә?» – деп турасын айтып отыратын.

Қалжан кос тілде жазушы еді. Орыс мектебінде, кейін Москваның Ломоносов атындағы университетінде және Әдебиет институтының аспирантурасында оқыған ол алғаш үнемі орыс тілінде жазып жүрді. Біз оның жастар творчествосы туралы және әдебиеттегі типтілік жайындағы мақалаларын журналға орыс тілінен аударып бастық. Көп ұзамай ол «Жұлдыз» журналына қызметке ауысты. Көркем өнер бөлімін басқарды. Қаламдас серіктері оған: «Қазақ тілінде де жазып дағдылансайшы», – дегенді айтып жүрді. Сонан соң ол қазакша жаза бастады. Алғашқыда сәл тосыркап, кібіртектеп жүрді де, кейін тез төселіп, тез баурап кетті. Тіпті әлімсақтан бері қазакша жазып жүрген кәнігі авторлардың жазғандарын быт-шыт қып өзгертетін, жөндейтін дәрежеге жетті. Оған мұндай қуат, шабыт берген бойға біткен қабілет пен алғырлық қана емес, туған халқының тіліне, сөз өнеріне деген құштар, ақаусыз сүйіспеншілік те еді.

Қалжанның бүкіл творчестволық мұрасын кеңінен толғап талдау беріп жатпай-ақ, оның кейбір еңбектерінің

ерекшеліктеріне ғана аялдай кетуге болар еді. Мысалы, оның «Пушкин және Абай» атты мақаласын алып қаралық. Қазақтың ұлы ақынының орыс классиктерімен байланысы жайында одан бұрын да бірталай нәрсе жазылған болатын. Қалжан солардың көлеңкесінде қалып қоймады. Оның зерттеуі соны ойларға, жіті байқауларға мол болып шықты. Ол Пушкиннің қазақ ақынына тигізген идеялық-көркемдік әсерін Абай және орыстың классикалық әдебиеті деген аса үлкен тақырыптың өзекті саласы ретінде алып қарады.

Абай Пушкин шығармаларымен тұңғыш рет қашан танысты және ол орыс ақынының сан салалы творчествосын қаншалықты дәрежеде білді? Пушкин поэзиясының саф асылын, ғажайып көркемдігін жарқыратып ашып берген, сөйтіп ұлы ақын мұрасының өлшеусіз тереңдігін талай ұрпақтың қалтқысыз, қапысыз ұғынуына бағыт сілтеген Белинскийдің атақты мақалалары қазақ ақынына мәлім бе еді? Пушкин Абайдың тағлым алған ұстазы деген даусыз фактіден түптеп келгенде қандай байлаулар жасауға болады? Міне, сыншы осындай мәселелерді терең қозғай отырып, солар жайында байсалды пікірлер айтты.

Лермонтов, Салтыков-Щедрин, Толстой есімдерін ауызға алған Абайдың Пушкин жайында, оның творчествосы жайында тікелей айтқан пікірлері бары немесе жоғы беймағлұм. Бірақ Абайдың Пушкинге қандай қарым-қатынаста болғаны оның поэзиясының бүкіл рухы мен тынысынан, суреткерлік шеберлігінен, эстетикалық идеалынан және орыс ақынының шығармаларынан жасаған тамаша аудармаларынан анық сезіледі. Сондықтан да Қалжан жоғарыда аталған проблемалық мәселелерді шешпек болғанда ең алдымен Абайдың өзінің творчестволық тәжірибесіне сүйенеді. Сөйтіп, оның осы орайда жасаған қорытындылары көңілге қонымды, салмақты болып шықты.

Қазақ ақынының орыс классигінен қалай үйреніп, нені қабылдағанын терең, дәлелді түрде ашуды мақсат еткендіктен сыншы Абайдың өзінің де соны бітімін, ұлы тұлғасын, ерекшеліктерін тасада қалдырмады.

Бірде-бір ақынның екінші ақынға жеткен әсерін, жекелеген жолдардан, ұйқас орамдардан іздеушілік ұшырасады

ғой. Ал Қалжан оған әсте бармайтын. Ол ғылыми жағынан дұрыс, әрі творчестволық жемісті бағыт ұстады. Осы қасиеті оның украин және қазақ халықтарының әдеби байланыстары, Горькийдің қазақ әдебиетіне еткен әсері жайындағы зерттеулерінен жақсы аңғарылып еді. Ол дерексіз долбар айтып, бұлдыр болжау жасамайтын, әдебиеттің жанды фактілерін негізге алатын. Бұған оның жоғарыдағы зерттеулеріне қоса Пушкин, Белинский, Достоевский, Короленко жайында, олардың олмес-өшпес мұрасының қазақ әдебиетімен байланысы жайында жазған еңбектері де анық айғақ бола алады.

Қалжанның «Түпнұсқа және аударма» атты мақалалар циклі әдебиет сынына айрықша бағалы үлес болып қосылды. Бұл зерттеуінде ол қазақ прозасы мен поэзиясының ірі-ірі, сүйекті шығармаларының орыс тіліне қалай аударылғандығы, олардың идеялық-көркемдік ерекшеліктері қалай, қаншалықты жеткізіліп берілгендігі жайында тың мәселе қозғай отырып, аса бағалы, түбегейлі ойлар айтты. Онда жазушылардың да, аудармашылар мен зерттеушілердің де үйренуіне, тағылым алуына тұрарлық жәйттер аз емес. Бұл еңбегі Қалжанның көркем шығарма мен әдеби тілдің табиғатын, әр жанрдың ішкі ерекшеліктерін соншалықты терең түсінетін де, туған әдебиеттің тағдыры жайында оның көп ойланып, көп толғанатындығын да қапысыз танытып еді.

Қалжан тек қазақ әдебиетінің мәселелерін зерттеумен ғана шектеліп қалмады. Ол өзбек, қырғыз, түркмен және украин әдебиеттері туралы да жазды. Мұндай пікірлерін ол аталған әдебиеттер жайындағы сыншылдық әдебиетпен ғана таныстығынан емес, сол әдебиеттердің шығармаларын тереңдеп оқу, зерттеу арқылы барып айтатын. Туысқан халықтардың әдебиетін, ондағы үлкенді-кішілі құбылыстарды жақсы білетіндігін ол қазақ әдебиетінің төл мәселесіне тікелей арналған еңбектерінде де мол аңғарткан еді. Яғни ол кең тұрғыдағы әдеби салыстыруға, көп ұлтты әдебиетіміздің құбылыстарын тұтас, бірегей күйде алып қарауға оңтайлы болатын. Ол туысқан халықтар әдебиетінің

оқырманы ғана емес, қалтқысыз досы, байыпты зерттеушісі еді.

Оның зерттеулерінде көп сыншыларымыздың еңбектерінде ұшырасатын шұбалаңқылық, көпсөзділік кездеспейтін. Ол қашанда сын мақалалардың реалистік мәнерде жазылуына, ойға жомарт, сөзге сараң болуға көп ден қоятын.

Сыншы әрқашан да көп ізденуге, толассыз еңбектенуге тиіс. Бірақ ол әдебиеттің бар құрылысы, кез келген шығармасы жайында жаза бермейді. Ең басты міндет пен мақсат – әдеби қозғалыстың барысына терең үңіліп, соның ілгері озуына игі септігін тигізу, сөз өнері жайында әрдайым шындықты айту әрі соны шеберлікпен айта білу. Осыны ойлағанда менің көз алдыма Қалжан бейнесі елестейді. Өйткені ол дәл осындай суреткер-сыншы еді. Ол артқа айналсоқтамай, әрдайым алға қарайтын, болашаққа ұмтылатын, үлкен мұраттан көз жазбайтын.

Соңғы жылдары Қалжан бойындағы таланттың жаңа қырлары жарқырап ашыла бастап еді. Ол – аудармашылық пен драматургтік. Оның туысқан қырғыз халқының талантты жазушысы Шыңғыс Айтматов шығармаларын аударудағы еңбегі айрықша бағалы. Егер Шыңғыстың бүкіләлемдік әдебиеттің даңғыл жолына іркілмей шығуына ұлы Мұхаң көп жәрдем, ағалық қамқорлық етсе, ал қырғыз жазушысын қазақтың қалың оқырманымен тұңғыш рет әрі мол таныстырған, табыстырған – Қалжан Нұрмаханов.

Оның драматургияға ойысуы да осы Ш.Айтматовтың творчествосымен байланысты. Бұған «Жәмила» повесі бойынша жасалған «Аңсаған менің әнімсің» пьесасы куә. «Жәмила» сиякты қара сөзбен жазылған лирикалық дастаннан өткір драма жасауы – Қалжанның драматургтік талантының анық белгісі еді. Осыған Ш.Айтматовтың өзінің де қайран қалып, дән разы болған лебізін талай рет естігеніміз.

Шыңғыс Айтматов сиякты үлкен суреткермен, үлкен жүректі адаммен достығы Қалжанның өміріндегі ең бір жарқын, қуанышты кезең болды.

Қалжан өз тарапынан да пьеса жазуды көп ойлайтын. Ол: «Бір пьеса жазып жүрмін. Атын орысша «Первый Вос-

точный» деп қойдым. Аты орысша. Әйтпесе қазақша жазып жүрмін», – дейтін. Бірақ бұл пьесаның қолжазбасы оның архивынан әзірге табылған жоқ. Ал «Ленин және әдебиет мәселелері» деген тақырыпта және Мұқан Иманжанов жайында жазып жүрген, бірақ тамамдап үлгірмеген зерттеулері архивында сақтаулы.

Ғұмыр жасы қысқа болса да, Қалжан артына недәуір мол мұра қалдырды. Оның көзі тірісінде басылып шыққан «Литературные заметки», «Дәстүрлі достық» атты жинақтарына енбеген мақалалары мен зерттеулері қанша, көркем аудармалары қанша. Қазақстан Жазушылар одағының басшылары маркұмның сол мұрасын жинақтап бастыруға назар аударуы, қамқорлық етуі қажет.

Қалжан өмірге құштар еді. Ал әдебиетке, творчествоға деген іңкәрлігі одан да күшті еді. Ұзақ уақыт бойы торығып, айықпаған сырқат меңдейтінін ол сезіп жүрді. Соғұрлым ол құлшына, құшырлана еңбек етті. Қайтыс боларынан біраз уақыт бұрын бір әңгімелескенде ол: «Көп болса, екі-ақ жыл өмірім қалды... ал істейтін, істелмей жатқан жұмыс бастан асады», – деп барып тоқталып қалды. Шаршаған, жүдеген жүзінде әлденені қимағандықтың да, мұңды өкініштің де көлеңкесі бар еді. Біз оған: «Қой, ондай қысқа тілек айтпа. Емдел. Әлі-ақ жазылып кетесің. Мұндай сырқаттардың әбден қартайғанша жүргендері аз ба?» – деп жұбату айттық. Қалжан үндемеді, ауыр ойға батты. Біз де қарадай қысылып, өзімізді кінәлі жандардай сезіндік.

Қатыгез тағдыр қаталдығын бұ жолы да істеді. Арада екі жыл түгіл, екі ай өтпей-ақ Қалжан дүние салды. Көп мақсатына жете алмай қыршын үзілді, арманда кетті. Бірақ оның адамға деген сүйіспеншілікке толы, адалдыққа құмар ғазиз жүрегі кітаптарында соғып тұрған сиякты. Соға береді де.

1963 жыл.

ӨТЕБАЙ ТҰРМАНЖАНОВ

Бұдан қырық жыл бұрын атқан Октябрь таңы ғасырлар бойына құлазып келген қараңғы қазақ сахарасына да азаттық шұғыласын, еркіндік қуанышын ала келді. Еркіндік алған еңбеккер қазақ адамы да өз жерінде адамгершілік, әділеттілік қатынастарға негізделген жаңа дүние жасай бастады. Тарихтың осы жаңа геройының ой-арманын, сырсезімін тұңғыш рет бейнелеу бақыты қазақтың революцияшыл советтік әдебиетінің негізін салушылар – С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Мұқановтың және басқалардың сыбағасына тиді. Олар өздерінің шығармашылық қызметімен де, азаматтық еңбегімен де социалистік жаңа өмір құру ісіне белсене араласты. Республикадағы әдеби қозғалысты өрістетуде, әдеби күштерді топтастыруда да олардың еңбегі ерекше. Жиырмасыншы жылдары халық арасынан шыққан талапкерлердің жас әдебиетке молынан араласуы – осының айқын айғағы.

Тұрманжанов Өтебай – қазақ совет поэзиясының осындай алғашқы қарлығаштардың бірі. Әдебиетке жиырмасыншы жылдардың бас кезінде келген ол ұлттық поэзиямыздың туып, қалыптасуына өз қаламының қуатына лайық үлес қосты. Бірақ кездейсоқ бір жәйттердің салдарынан соңғы жиырма жылдай уақыт бойына Өтебай Тұрманжанов шығармалары оқушы назарынан қағыс қалып келді. Оның шығармасы жастарға әсіресе бейтаныс. Сондықтан да ақынның өмірі мен шығармашылық жолы жайында бір-екі сөз айта кету қажет сияқты.

Өтебай Тұрманжанов 1905 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс ауданындағы Жалғызағаш деген жерде Бөген өзенінің бойында туған. Әкесі Тұрманжан – сол

Бөгеннің жағасындағы көп жатақтың бірі, аздап егін егіп, оған қоса етік тігіп, ер-сайман жасап, қолөнерімен күн көрген адам. 1917 жылы Өтебай әке-шешесімен бірге Ташкент қаласына барады. Күн көрістің қиындығынан әке-шешесі жас Өтебайды нан пісіретін наубайханада мастер болып істейтін нағашысының қолына береді. Көп ұзамай нағашысы Қызыл армия қатарына алынады. 1919 жылдың жазында көше кезіп жүрген басқа көптеген панасыз жетімектермен бірге Өтебай да балалар да үйіне алынады. Ол балалар үйінде 1922 жылға дейін болады. Сонда оқып, қара таниды. Сауатын ашқаннан кейін оның бойында әдебиетке деген құштарлық сезімі ояна бастайды. «Жас жүрек» атты қабырға газетіне ол өлең, шағын әңгімелер жазып тұрады.

Балалар үйінде тәрбиеленген кезінде Өтебай ана тілі мұғалімі әйгілі Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Әмин дейтін ақын баласынан дәріс алады. Өтебайдың әдеби-шығармашылық жолға қалтқысыз бет бұруына, бұрын-соңды басылып шыққан шығармалармен танысып, тағлым алуына ол көп әсер етеді.

Өтебайдың өлеңдері газет-журнал беттерінде 1923 жылдан бастап жарияланды.

1922-25 жылдарда Өтебай Тұрманжанов Москвада Күншығыс еңбекшілері университетінде оқиды. 1925 жылы Москвада қазақ ақындарының Ленинге арналған өлеңдерінің жинағын бастырып шығарады. Бұл жинаққа Өтебайдың өз өлеңдері де енеді. Осыдан кейін ол үзбей әрі мол жазады.

Ө.Тұрманжанов тек поэзиямен ғана шектеліп қалмай, әңгіме жанрымен де шұғылданды. 1927 жылы Қызылорда қаласында оның «Қошан кедей» атты әңгімелер жинағы, 1929 жылы «Таң сырлары» деген өлеңдер жинағы басылып шығады.

1930 жылдары Ташкент қаласында Ө.Тұрманжановтың «Ақ алтын», «Шыршық сыры» поэмалары, «Тез адыммен», «Социализм жырлары» атты өлеңдер жинақтары, «Күміс қылыш» деген прозалық шығармасы басылады.

Жалпы алғанда, 1937 жылға дейін Ө.Тұрманжановтың поэзиялық және прозалық шығармаларының жиырмаға тарта жинағы басылып шығады.

Қазақтың бай ауыз әдебиетінің алуан түрлі үлгілерін, мақал-мәтелдер мен аңыз-ертегілерді халық арасынан жинап, жазып алып бастыртуда да Ө.Тұрманжанов көп еңбек сіңірді. Бірақ оның шығармашылық қызметінің дені поэзия саласында. Ол қалың жұртшылыққа ең алдымен ақын ретінде танылды. Оның оқытушыларға ұсынылып отырған таңдамалы шығармаларының бұл жинағының тұтастай алғанда поэзиядан құралуының да сыры осында.

Жинаққа кірген өлеңдер мен поэмаларды оқып шыққанда ең алдымен, бәрінен де бұрын аңғаратынымыз – Ө.Тұрманжановтың халық тілін жақсы білетіндігі, оны мол бауырағандығы және орнымен оралымды пайдалана алатындығы. Бұл – бірсыпыра ақындарымыздың, тіпті кейбір москал авторлардың да шығармаларынан табыла бермейтін қасиет.

Халық тілін, оның ерекшеліктерімен, шешендік өрнек-нақыштарын жақсы білуі Ө.Тұрманжановтың өлеңді халық ұғымына түсінікті, қарапайым етіп жазуына мүмкіндік береді. Мысалы, «Сол Октябрь күні екен» деген өлеңінде ақын балалық шағын еске ала келіп былай дейді:

Жүрегімде жырланбаған жыр жатты,
Көңілімде айтылмаған сыр жатты.
Көздегі жас, көңілдегі қайғы-шер
Жас жүректі улатты да тулатты.

Қоштастым да ақ сүт берген анамен,
Жолбарыстай жортып кеттім даламен.
Бойда куат, лаулаған от барында
Табайын деп жүректегі жараға ем.

Осы шумақтардағы ой айқындығы, сезім шыншылдығы, өлең тілінің жатықтығы мен оралымдығы сияқты, жалпы

поэзияға тән сипаттар – жинақтың атап айтарлық құнды да құнарлы қасиеті.

Ө.Тұрманжановтың жиырмасыншы және отызыншы жылдардағы өлеңдерінің дені Октябрьдің қарапайым еңбек қауымына берген азаттығын, шадыман-шаттығын өзгерген өлкенің келбетін суреттеуге, жаңа дүние орнатып жатқан күрестердің ой-арманын бейнелеуге арналған. Бұл тақырып сол кездегі поэзиямызға тұтастай хас еді. Ө.Тұрманжанов өзінің ең тәуір өлеңдерінде шығармашылық сол ортақ іске өз үлесін қосты.

Ө.Тұрманжанов лирикалық шағын өлеңдермен, толғау сарынындағы ұзақ жырлармен қатар бірсыпыра поэмалар да жазған. Біздіңше, ақынның жинаққа енген поэмалары мен сюжетті шығармаларының ішіндегі ең тәуірлері «Қыран қыз» бен «Пулемет». Азамат соғысының оқиғаларын баяндауға арналған «Қыран қыз» дастанында ақын жаңа, әділетті дүние орнату жолындағы күрес ағайындас, бірақ әр мақсаттас адамдардың тағдыры мен талайын әркилы етіп анықтағанын, азаттық таңы талай-талай құрбандықты бастан кешіру арқылы атқанын бейнелі түрде аңдатады.

Сюжеттік желісінде, оқиғалық өрбуінде схемалықтың салқыны барлығына қарамастан, бұл шығарма ынтызарлықпен оқылады. Мұның сыры поэма тілінің молдығы мен суреттілігінде, ақынның өз кейіпкерлерінің жан сарайын, сезім күйлерін әсерлі етіп аша алуында.

Ө.Тұрманжановтың елуінші жылдарда жазған өлеңдерінің сапалық, көркемдік дәрежесі әралуан.

Бұл айтылғандардың барлығы Өтебай Тұрманжановтың алдында толассыз әрі тапқырлықпен іздену, классик ақындардан, әсіресе орыс поэзиясынан жемісті үйрену, сөйтіп ақындық мәдениетті бұдан да жоғары көтеру міндеті тұрғандығын аңдатады. Талай жаска келіп, талайды бастан кешірген, бірақ жаны қартаймаған, қаламы қараймаған, шығармашылық дер шағына енді ғана жеткен ақын бұл игі талаптың биігіне көтерілгендігі күмәнсыз.

1965 жыл.

ӨСУДЕН ТУҒАН ТАЛАП

(Қазақстан жазушыларының IV съезі қарсаңында)

Республика жазушыларының үшінші съезінен бергі кезеңде қазақ совет әдебиеті творчестволық жаңа белестерге көтерілді, көптеген елеулі шығармаларымен молықты. Бұл жылдарда әдебиетіміз өзінің барлық негізгі жанрларында тұтас өрбіп дамыды. Мұны қазір әдеби қозғалысымыздағы ең басты сипаттардың бірі деп қарау керек. Әдебиетіміздің түбегейлі мәселелерін талдап шешуде, оның өсу барысын, даму бағытын айқындап бағдарлауда, әлі де болса біраз творчестволық олқылықтарға бой алдырып келе жатқанымен, тұтастай алғанда әдебиет сыны да өсу жолында, толысу үстінде.

Біздіңше, әдеби зерттеу мен әдеби сын дәл қазіргі уақыттағыдай ешқашан да бой жазып, өркендей алған жоқ. Бұл ретте Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайыловтың, М.Ғабдуллин мен Б.Кенжебаевтың, М.Сильченко мен Б.Шалабаевтың әдебиет тарихына байланысты байсалды зерттеулері, белгілі сыншы М.Қаратаевтың мақалалар жинағы мен С.Сейітовтың «Қырық жылда» атты еңбегі, сондай-ақ жекелеген көрнекті қаламгерліміздің творчествосына арналған бірсыпыра сын-библиографиялық очерктер мен мақалалар жинақтары дәл осы соңғы дәуірде жарық көргенін айтсақ та жеткілікті.

Сөйтіп, егер Қазақстан жазушыларының өткен үшінші съезіндегі негізгі баяндамада әдеби сын мен зерттеу жайында сөз болғанда тек кейбір авторлардың жекелеген мақалалары ғана аталса, ал қазір солардың орнын жоғарыда көрсетілген байыпты еңбектер басқанын көріп отырмыз. Сонымен бірге бұл әдеби сынымыздың шын мүсінінде творчестволық, ғылыми сипатқа ие бола бастағанын да аңдатса керек.

Соңғы жылдарда сын өзінің негізгі міндетін, яғни көркем әдебиетті оқушы қауым арасында насихаттау, жұртшылыққа таныту міндетін жақсы атқара алды деп айтуымызға әбден болады.

Сонымен бірге әдеби қозғалыстың жақсы жақтары мүмкін қадарынша тереңдеп ашып, мол көрсетумен шұғылдана жүріп, сыншыларымыз екінші бір шекке ойысып кетті, яғни біздің әдебиет сынымыз өзінің принциптілік беріктігі мен өткірлігін мұқалтып, майрылдырып алды. Соның салдарынан сында жалтақтық, тіпті кейбір мезеттерде жағымпаздыққа ұрынушылық, өзара мақтасу етек ала бастады. Әрине, сынның мәні – әйтеуір сынай беру емес, әрбір әдеби шығармаға талдау жасау, барды барша, жоқты жоққша бағалау. Бірақ ол өзінің жауынгерлік айбынын әрқашан да әлсіретпеуге, босансытпауға тиіс. Соңғы жылдарда шыққан көптеген сын мақалаларды, зерттеулерді оқып өткен адам қазақ совет әдебиетінің өсіп дамуында ешбір мін-мүлтік жоқ екен, ақын-жазушыларымыздың қаламынан туған шығармалардың барлығы дерлік биікке көтеріліп қалған екен деген әсерде болатыны күмәнсыз. Бұл, әрине, жаңсақ ұғым. Сайып келгенде, бұған тағы да біздер, сыншылар кінәліміз.

Сындағы осы кемшілік жайында М.Қаратаев, Е.Ысмайылов сияқты аға сыншылар өздерінің жұртшылыққа мәлім мақалаларында әділ де, катты да айтты. Дегенмен кейбір реттерде бұлардың сынында да жалпылама айтушылық болады.

Жалпылама, дерексіз сынның мысалы Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының соңғы III Пленумында да бой көрсетті. Баяндамада да, басқа жолдастардың сөздерінде де әдебиетіміздің әралуан жанрларының ірі-ірі шығармалары тізбектеліп кана аталады (шындығында, сол шығармалардың идеялық-көркемдік дәрежесі біркелкі, бірегей емес те еді). Ал нақтылы сынға, тезге салуға ауысканда деректіліктің орнын тағы да жалпылама, жұмбақ сын басып кетті. Мұндай «адрессіз» сын ешкімге дарымай, мүлт кететіндігі мәлім бола тұрса да, амал канша, іс жүзінде болып шықты.

Сөйтіп, қазіргі қазақ әдебиет сынындағы ең негізгі әрі кезек күттірмей айықтырылуға тиіс кемшіліктердің бірі – жасқаншақтық, шындықтың бетіне тура қарап, ақиқат жәйттерді ашық та, батыл да айта алмаушылық. Бұл біздің сынымызда ең алдымен партиялық принциптілік, творчестволық табандылық пен сергектіктің әлі де жеткіліксіздігін аңғартады.

Біздің сынымыздың екінші елеулі кемшілігі – оның жинақтап қорытушылық, яғни синтездік сипатының тым саяздығында. Рас, соңғы жылдарда басылып шыққан монографиялық зерттеулер мен сын-библиографиялық очерктерден, журналдарда жарияланған көлемді мақалалардан олардың авторларының белгілі ақын, жазушыларымыздың творчествосына, жекеленген іргелі шығармалардың идеялық тынысына, көркемдік кестесіне, образдар жүйесіне жіті де терең үңіле бастағаны байқалады. Бұл сыншыларымыздың зерттеуші үшін аса қажетті талдау өнерін мол баурай бастағанының белгісі. Мұны М.Қаратаев, Е.Ысмайылов, Т.Нұртазин, С.Сейітов, Т.Әлімқұлов, С.Қирабаев сияқты сыншылардың әрқайсысының да кітаптарынан сеземіз. Онкүндік тұсындағы талдауда мұны Москва сыншылары да атап көрсетті.

Сонымен бірге, біздің сынымыздың осы жақсы қасиеті, бір жағынан, оның қойылып отырған талаптардың дәрежесінде емес екенін аңғартады. Өйткені әдеби талдауға ұра берушілік – сынның әлі де болса балалығының, кемеліне келмегендігінің айғағы. Шын мәнісіндегі өскен мәдениеті жоғары сын жекелеген әдеби құбылыстарға, нақтылы шығармаларға талдау жасай отырып, бүкіл әдебиетке, ондағы әралуан процестерге тұтастай ортақ жәйттерді қоса сөз етеді, сөйтіп әдебиеттің табиғатын, оның сөз өнері ретіндегі қат-қат қырларын, сан-сан сырларын ақтара ашады.

Әрине, әдеби сынның бұл кемшілігінің себебі біздегі теориялық ойдың ояндығынан ғана іздеу сынаржақтылық болар еді. Біздіңше, мұның негізгі тамыры сыншылық шеберліктің әлі толық жетілмегендігіне байланысты.

Акын мен жазушының немесе драматургтің шеберлігі туралы бізде біраз уақыттан бері азды-көпті сөз болып келеді. Бұл ретте біраз творчестволық тәжірибе де жиналды. Ал сыншылық шеберлік, сыншы өнерінің әралуан қыры мен сыры жайында әлі күнге дейін салмақты пікір болған емес. Сөз жоқ, бұл мәселені нағыз көкейтесті талап ретінде көтерудің де, шешудің де мезгілі әлдекашан жеткен еді.

Творчестволық көркемдік бағытына мейлінше жат қарадүрсінділік пен схемалық біздің әдебиетіміздің қай саласына, қай жанрына болса да салқынын аз тигізген жоқ. Бірақ солардың ішінде бұл олқылыққа, әсіресе, алабөтен ойсырап бой алдырған – тағы да әдебиет сыны.

Осындай кемшілікті, жекелеген мақаланы былай қойғанда, тіпті арнайы зерттеулерден де ұшыратуға болады. Мәселен, С.Қирабаев өзінің Ғ.Мұстафин туралы кітабында жазушының әр кезеңде жазған шығармаларын, олардағы образдар жүйесін, әлеуметтік сарындарды идеялық тұрғыдан дұрыс та нанымды талдайды. Оның сын-биографиялық очеркінің тілі де негізінен алғанда жатық. Бірақ ол көп реттерде осы реалистік мәнерден жаза басып, тілін тым жадағайландырып, жайдақ тартқызып жібереді. Пікіріміз дәлелді болу үшін сөзді авторға берелік: «Жастар жағы, көбінесе, әдеби тілдің нормасынан ауытқымай жатық сөйлесе, Жұмабай, Бәйтендер ауыл қазағына тән (?) дөрекілеу жалпақ тілін қолданады» (76-77 беттер). Міне, мұнда ең алдымен әдеби тіл мен сөйлеу тілінің ерекшеліктерін жете аңғармаушылық байқалады. Егер кейіпкердің аузынан айтылса және оның характерін ашатын болса, кез-келген сөзді әдебиетте қолдануға болатындығын автор ескермеген. Сондай-ақ, «ауыл қазағына тән жалпақ тіл» дегенді қалай ұғынуға болады? Бұл, әрине, жаңсақ түсінік.

Шынында да, көркем әдебиеттегі идеясыздыққа, сүреңсіздікке қарсы күресіп, оның терең мазмұндылығын, шынайы көркемдігін сақтап қалатын әдебиет сыны да мейлінше көркем болуға, шебер жазылуға керек емес пе?! Көркем шығарма сияқты әдебиет сыны да оқушының эстетикалық талғауын, ой-сезімін ұштауға тиіс. Белинскийдің, Черны-

шевтың, Добролюбовтың, Горькийдің, сондай-ақ қазіргі таңдаулы совет сыншыларының еңбектері, сын мақалалары оқушының ақыл-ойын толықтырып қана қоймай, оны рухани жағынан да байыта, молықтыра түспей ме?

«Біздің сынымыз, – дейді кемеңгер Белинский, – қоғамның тәрбиешісі болуға және карапайым тілде аскақ ақиқаттарды айтуға тиіс».

Орыс сынының классиктерінен сыншылық шеберліктің басқа жақтарымен қатар публицистикалық өткірлікті, уақыт философиясын айтуға ұмтылушылықты, өмірдің де, әдебиеттің де барлық процесін күрделі күйінде тұтас қамтуға икемділікті, көркемдік көрегендікті де үйренуге болады.

Бұл ретте өзіміздің аға жазушыларымыз бен сыншыларымыздың да берері аз емес. Мәселен, М.Әуезовтен кең тұрғыдағы әдеби салыстыруларға икемділікті, С.Мұқановтан әдеби фактілерді мол қамтушылықты, Ғ.Мүсіреповтен логикалық тұтастық пен пікір айқындығын, М.Қаратаевтан стиль сындарлығы мен шабыттылықты, Е.Ысмайыловтан қызу темперамент пен айқындықты үйрене алар едік.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды – бізде сыншылдық шеберлік жайында, жалпы сыншының типі жайында мәселе көтерілуі қажет. Әдебиетіміздің мұддесі, сыншы – авторға шығарманың қандай кемшілігі барын көрсетіп және оны қалай түзету керектігі жайында өз пікірін айтып қана отыратын редактор емес. Сыншы – ең алдымен халықтың мұддесін, ой-тілегін білдіруші, қалың көпшілік пікірінің өкілі. Ол әрбір шығарманы осы тұрғыдан қарап бағалауға тиіс.

Сол сияқты, сыншы – әдеби туындының төрешісі ғана емес, сонымен бірге оның жанашыр тілеулесі, ақылшысы да. Рас, жазушыға немесе ақынға ешқандай дайын үлгі, схема ұсынуға болмайды. Бірақ қоғамды, оның даму заңдылығын жете тани білетін көреген сыншы жазушының белгілі бір шығармасы не жасаған нақтылы образы туралы шынайы пікірлер айта отырып, оған ой салады, оның творчествосына дұрыс бағыт сілтей алады. Мысалы, Белинский Гончаровтың «Белгілі әңгіме» романын окып шыққаннан

кейін оның кейіпкері Адуевтің іс-әрекеті сол кездегі астана жағдайлары үшін типтік емес екенін айта келіп, былай деп жазады: «Бұдан да гөрі автор өзінің кейіпкері деревнялық меңіреулікке, енжарлық пен жалқаулыққа душар етуге ыктиярлы еді». Бұл сөздер «Обломов» романы жазылмастан он екі жыл бұрын айтылған. Бірақ осы сөздерде сол Обломовтың бүкіл бейнесі, оның характерінің бар шындығы жаткан жоқ па?!

Ал біздің ақын, жазушыларымыздың қайсыбірлері өздерінің шығармаларын сынаған сыншылар жайында: «Мықты болса өздері сондай шығарма жазып көрсін!» – деген тәрізді кінә тағады. Мұндай пікірді тіпті үлкен жазушыларымыздың аузынан да жиі естуге болады. С.Мұқанов сиякты ірі суреткеріміз мұны әсіресе көп айтады. Сырттай қызғылықты, әсерлі болғанымен, дұрыстығынан бұрыстығы басым. А.В.Луначарский тауып айткандай: «Кейде мұндай сыншы жаксы немесе тәуір сонет жаза алуы мүмкін. Кейде оның қолынан бұл мүлдем келмес те. Сәл дөрекілеу, бірақ жаксы түсінік берерлік мысал келтірейін. Ән сабағының ғажайып мұғалімі, бәлкім, енді қайтып концертте қандай болса арияны накысына келтіріп шыркап айта алмас немесе тіпті айта алмайтын да болар. Бірақ оның кемеліне келмеген шала әншіні тамаша шеберге айналдыру қолынан келеді. Сыншы да осылай ете алмак және солай етуге тиіс те».

Әрине, зерттеуші мен сыншы да – творчествоның адамы. Бірақ оның өнерінің өзіне тән қырлары, ішкі ерекшеліктері бар. Сондыктан оған қойылатын талап та соған орайлас болуға тиіс. Е.Ысмайылов өзінің « Сын және шығарма» деген көлемді макаласында көптеген сыншылардың ой-пікірді батыл айтпай, жалтақтыкка, бірыңғай мактаушылыкка салынатынын өте орынды сынады. Дәл осындай «сынмен» соңғы кезде, әсіресе беріле шұғылданып жүргендердің ішінен Х.Сүйіншәлиев пен Ә.Нарымбетовты атауға болар еді.

Қайсыбір ақын-жазушылардың сынға екінші сортты жанр ретінде онша менсінбей қарайтындығы, оны әдебиеттің баска салаларына қызмет етуші ғана деп санайтындығы да бар. Бір ғана мысал келтірелік. Қазақстан совет Жазушы-

лары одағы басқармасының жауапты секретары С.Омаров «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының өткен жылғы бесінші нөмірінде «Қазақ совет әдебиеті өркендеу жолында» деген мақала жариялады. Мұнда ол екі онкүндік арасындағы әдебиетке шолу жасады, әрбір жанрдың өсу жолы жайында баяндады. Бірақ әдеби сынның жанр ретіндегі даму проблемалары жайында ештеңе де айтпады. Мұның өзі бір жағынан, Жазушылар одағындағы сынға деген көзқарастың қандайлық дәрежеде екендігін де қоса аңғартады. Сынға деген қатынасты, көзқарасты нағыз творчестволық дәрежеге көтермейінше, сын өрлеп, өрістеп кете алмақ емес.

Әдебиет сынын жандандырып өсіру үшін сыншыларымызға үлкен де күрделі талаптар қою керек. Сонымен қатар сол сыншыларға қамқорлық жасау керек. Мұнсыз ештеңе де шықпайды. Ал әдебиет сыны және оның кадрлары туралы мәселеге бізде әлі күнге дейін жеткілікті көңіл бөлінбей келгенін атап айту керек.

Сыншылардың да кітаптары, мақалаларының жинақтары басылып шығуға тиіс. Бұл салада алғашқы қадамдар жасалуда да. Көрнекті сыншы М.Қаратаев пен Т.Әлімқұловтың мақалалар жинақтары шықты. Әрине, бұл да тым аз. Басқа сыншылардың да мақалаларын жинақ етіп шығару қажет. Сын майданында отыз жыл уақыт бойына шұғылданып келе жатқан Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов сияқты сыншылардың мақалалары жеке жинақ болып басылмай келе жатқандығы қынжылармық жәйт.

Сол сияқты, әдебиеттің әралуан теориялық, проблемалық мәселелерін көтеріп шешуде өз қаламдарының күшіне қарай жемісті еңбек етіп жүрген С.Қирабаев, Қ.Құттыбаев, Б.Сахариев, Т.Кәкішев тәрізді талантты жас сыншылардың әркайсысы да бір-бір жинақ ұсына алар еді. Бұдан бірер жыл бұрын «Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері», «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» деген мақалалар жинақтары шыққан еді. Амал нешік, сол дәстүр де дамытылмай қалды. Сынға тек сыншылар ғана емес, сонымен бірге ақын, жазушыларымыздың өздері де белсене әрі батыл араласуға тиіс. Әдебиетіміздің даму бағдарын айқындап, жөн сілтеп

отыруға, оның өткен творчестволық жолына қорытынды жасап отыруға тиісті. Әдебиет сын сонда ғана еңсесін көтеріп, өрістеп кете алады.

Қазақ совет әдебиет сынының, жекелеген сыншыларымыздың алдында тұрған ең басты міндет – сөз искусствосы, көркем творчество туралы әркашан тек шындықты айту және соны суреткерлік шеберлікпен айта білу.

ПОЭЗИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ АУДАРМАЛАРЫ

Түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіміз бен әдебиетімізді дамыта беруде, еңбекшілерді рухани жағынан тәрбиелеуде Совет Одағындағы басқа халықтардың тілдерінде шыққан озық идеялы, терең мазмұнды көркем шығармаларды қазақ тіліне аударудың маңызы өте зор. Аударма арқылы қалың бұқараны туысқан халықтар әдебиетінің таңдаулы үлгілерімен таныстырып отырамыз. Сөйтіп, аударма советтік Отанымыздағы халықтар арасындағы рухани қарым-қатынаста үлкен рөл атқарады. Орыс халқының ұлы сыншысы Белинский аударма өнерін жоғары бағалай келіп, былай деген болатын: «Халықтардың бірін-бірі білуі, идеялардың өзара алмасып, таралуы, осыған байланысты әдебиеттердің гүлденіп өсуі мен ақыл-ойдың дамуы аудармаға негізделеді». Мәдени байланыстың негізі болып табылатын аударма ісінің маңызы біздің советтік әдебиетімізде бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде артып отыр. Өйткені дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы, жоғары идеялы совет әдебиетінің арнасы қандай кең болса, оған үлкен толқынмен тасқындап келіп құйылып жататын салалары да сондай мол. Совет әдебиеті – көп ұлттық әдебиет. Бұл идея, мақсат, әдіс жағынан біртұтас саналатын біздің совет әдебиетіне ғана тән ерекшелік. Көп ұлтты совет әдебиетінде ең құрметті, ең көрнекті орынды орыс әдебиеті алады. Ұлан-байтақ Отанымызды мекендеген халықтардың әдебиеті орыс халқының әдебиетінен үлгі алып, сабақтаса өседі.

Қазірдің өзінде көптеген орыс совет ақындарының шығармалары қазақ тіліне аударылды. Бұлардың іштерінде советтік заманның ең талантты, ең таңдаулы ақыны Вла-

димир Маяковскийдің шығармаларын аударудың маңызы ерекше. Қазіргі поэзиямызда социалистік реализм әдісінің негізін салған бұл ақынның шығармалары қазақ тіліне көптен бері қайта-қайта аударылып келеді. Олардың ішінде сң тәуірлері – ақынның қайтыс болғанына жиырма жыл толуы қарсаңында басылып шыққан, соңғы кезде жасалған аудармалар. Бұрынғы аудармалармен салыстырып қарағанда, бірсыдырғы жақсы болып шыққанымен, соңғы аудармаларда да көп кателіктер мен кемшіліктер кетіп қалған.

Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» атты атақты поэмасын ақын Тайыр Жароков аударған. Совет өкіметін орнатушы, большевиктер партиясын ұйымдастырушы данышпан көсеміміз Ленинді жырлайтын бұл поэма күні бүгінге дейін бүкіл советтік поэзиямыз үшін социалистік искусствоның тамаша үлгісі болып табылады. Ол адамзатқа азаттықтың арайлы таңын аткызған ұлы Ленинге арналған мәңгі өшпес поэтикалық ескерткіш болып қалды. Сондықтан бұл поэманы аудару өте қажет. Бірақ түсінбей, жауапсыз қарап аударудың салдарынан ақын Т. Жароков саяси қателер мен теріс пікірлерге ұрынған. Маяковскийдің поэмасындағы:

«Нам казалось –
в коммунизмовы затоны
Только
волны случая
закинут
нас,
юля»

деген жолдардың қазақша аудармасы былай болып шыққан:

«Ойлаушы ек –
коммунизм затондары
Толкынмен
лактырар деп
бізді мүлде».

Осы келтірілген үзіндінің аудармасында өрескел саяси қате пікір бар. Аудармада пролетариат коммунизмге қарай ұмтылатын, сол жолда күресетін таптық күш емес, қайта коммунизмнен кейін қарай серпілетін, «толқынмен лақтырылып», одан мүлдем алыс кететін бірдене болып шыққан.

Кейбір аудармаларда Маяковский шығармаларындағы терең мазмұн мен өткір пікірлер бұрмаланып беріледі. Маяковский өзінің «Мерекс күнгі сөз» деген олеңінде былай дейді:

«И любовь
пограндиознее
онегинской любви».

Осы үзіндіні ақын Қалижан Бекхожин былай аударған:

«Қазіргі махаббат та Онегиннің
Ғашықтық сезімінен жалыңдырақ».

Аудармашы «пограндиознее» деген сөзді – «жалындырақ» деп аударған. Бұл дұрыс емес. Маяковский бізде махаббаттың қоғамдық мәні бар, ол Онегин заманындағыдан гөрі басқа сипат алды, өйткені бұл жаңа адамдардың арасындағы сүйіспеншілік деген ойды айтып отыр. Ал аудармада бұл мағына жоқ, қайта біздегі махаббат алаулап бара жатқан қызулы, әсерлі деген ғана пікір бар.

Енді бір жүйе аудармаларда Маяковский өлеңдерінің мазмұны дұрыс берілгенімен, талантты ақын поэзиясының көркемдігі, өзіндік стилі мүлдем сақталмаған. Маяковский – совет поэзиясында тек мазмұн жағынан ғана емес, түр жағынан да үлкен жаңалық жасаған ақын. Ол социалистік жаңа дүниені жаңа ақындық түрмен жырлады. Маяковский поэзиясынан революцияның екпіні мен жігерлі үнін және еліміздегі аскан алып өзгерістердің ырғағын байқауға болады. Маяковский шығармаларының аудармаларында оның өзіне тән осы ерекшеліктер сақталуға тиіс. Бұлай болмаған

күнде сталиндік заманның ең талантты ақынының зор тұлғасы көрінбей қалады. Бұған мысал ретінде «Кузнецк адамдары туралы әңгіме» атты өлеңнің ақын Ғали Орманов жасаған аудармасын алуға болады. Аудармашы әр сөзді әр жолға шашыратып жазғанмен, бұл аудармада Маяковский поэзиясының жалынды серпіні, отты лебі, қуатты екпіні жоқ. Өлең кәдімгі шалыс ұйқаспен жазылатын, 8 буынды өлеңнің өлшемімен, соның ырғағымен ғана аударылған. Сөйтіп бұл аудармада Маяковскийдің қуатты асқақ үні жоқ, Ғалидің кібіртігі бар.

Маяковскийден басқа қазіргі орыс совет ақындарының біраз шығармалары аударылды. Бірақ бұл поэзиялық шығармалардың аудармалары да оқушыны қанағаттандырмайды. Маргарита Алигеридің Совет Одағының Батыры Зоя Космодемьянская туралы жазған «Зоя» атты атақты шығармасын ақын Тайыр Жароков мүлдем бұрмалап, құнын кетіріп аударды. Бұл аудармада М.Алигеридің поэмасы терең мазмұндылығы мен шынайы көркемдігінен айырылып, жұрдай болып қалған.

1949 жылы басылып шыққан «Достық жыры» атты жинаққа туысқан республика ақындарының таңдамалы шығармалары енгізілді. Осы жинаққа біраз орыс совет ақындарының поэмалары мен ұсақ өлеңдері де кірді. Бұл жинақтағы аудармалар да талғауы мен талабы арткан оқушы жұртшылықтың өскелең тілегіне сай болып шықпады. Николай Тихоновтың «28 гвардияшы туралы сөз» атты поэмасын ақын Ғали Орманов үзіп-үзіп, тастап кетіп аударған. Отанымыздың жүрегі Москваны фашистік жендеттерден төсін төсеп қорғаған, сол жолда ерлікпен қаза тапқан даңқты жерлестеріміз туралы жазылған бұл поэманы бөліп-жара, қысқартып аудару тіптен орынсыз еді. Жинаққа енген поэмалардың, әсіресе, ұсақ өлеңдерінің қазақша аудармасындағы ең басты кемшілік – оригиналдағы автордың небір асыл ойларын, терең пікірлерін сол қалпында көркем етіп жеткізіп бере алмаушылықта. Ортақ мысал ретінде М.Исаковскийдің «Сталин жолдасқа сөз» атты белгілі өлеңінің аудармасын алып қарайық. Бұл өлеңде Ұлы Отан

соғысының ауыр жылдарында халқымызды ок астынан, от ішінен алып шыққан, жеңіске қанаттандырған сүйікті көсемімізге деген бүкіл ел алғысы, ел жүрегінің сөзі айтылады. Бұл өлеңде әрбір совет адамының көкейінде жүрген, өзі сезінген, бірақ жай сөзбен айтып жеткізіп бере алмай жүрген ойы беріледі. Жүрек толқытатын, жанынды тебірентетін бұл өленнің ақын Дихан Әбілев жасаған аудармасы әсерсіз болып шыққан. М.Исаковский өленіндегі:

«За Вашу верность матери – отчизне,
За Вашу мудрость и за Вашу честь,
За чистоту и правду Вашей жизни
За то, что Вы – такой, какой Вы есть» –

деп келетін шумақты Д.Әбілев былай аударған:

«Отанға бақыт шалқытқан
Өмірінің үшін теңіздей.
Рахмет жырын жырлаймыз,
Шаттықтан шыққан лебіздей».

Бұл келтірілген үзіндіден аудармашының оригиналдағы автордың шалқып тұрған отты сезімінен, тасқындап төгілген терең ойынан түк қалдырмағанын көреміз. К.Симоновтың, С.Кирсановтың, А.Сурковтың бірен-саран өленderінің аудармаларында да осы кемшілік – оригиналдағы ойды толық жеткізіп бере алмай, авторға киянат жасау етек алып кеткен.

Бізде аударма ісінде, әсіресе, поэзия аудармасында теріс дәстүр бар. Орыс ақындарының шығармалары олардың мерекелері қарсаңында ғана аударылады. Ал шынында, көркем аударма анда-санда кезеңі келіп қалған уақытта емес, үнемі жасалып отыруы қажет. Қазіргі көрнекті совет ақындары М.Исакоскийдің, А.Сурковтың, А.Твардовскийдің, С.Щипачевтің, С.Михалковтың, тағы басқаларының өленderі аударылып, жеке-жеке кітап болып шығуға тиіс.

Совет әдебиетінің ең бір үлкен арнасы болып табылатын орыстың қазіргі озат советтік поэзиясының таңдаулы

үлгілерін көптеп аударып, оны қазақ оқушысының жүрегіне бар ұлылығымен жеткізу – ақындарымыздың алдында тұрған кезек күттірмейтін міндет. Бұл – екінші жағынан өзіміздің төл әдебиетімізді, ұлттық поэзиямызды дамыта берудің ең маңызды шарттарының бірі.

1951 жыл.

ҒЫЛЫМНЫҢ ҚИЛЫ ЖОЛЫНДА

«Алуан-алуан жүйрік бар – әліне қарай жүгірер» дейді халық даналығы. Зор мағынасында алғанда бұл сөздің өнер жарысына, творчество мен ғылым дүниесіндегі жарысқа тікелей қатысы бар. Өткен сейсебі күні біздің ғылыми қауым осындай бір жарыста көзге түскен талантты жас ғалым еңбегіне ризалық етті. Бұл күні Зәки Ахметов филология ғылымының докторы деген биік атаққа ие болды. Республика Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Тіл білімі институты жанындағы Ғылыми совет осындай ұйғарымға келді.

Зәки Ахметов – баянды да байсалды еңбек ете білетін ғалым. Филология ғылымының докторы дәрежесін алу үшін ұсынған және ойдағыдай қорғап шыққан «Қазақ өлеңінің құрылысы» атты күрделі еңбегін З.Ахметов он бес жылға тарта уақыт жазды, сарыла әрі іздене жүріп жазды.

Қазақтың С.М.Киров атындағы университетін 1947 жылы бітірген ол кейін Ленинградта СССР Ғылым академиясының Шығысты зерттеу институтының аспирантурасында оқыды, атақты тюрколог ғалым С.Е.Маловтан тағлым алды. Жас ғалымның «Лермонтов және Абай» атты кандидаттық диссертациясы Абай жайындағы ғылымға мәнді үлес болып қосылды. Кейін ол осы тақырыпты тереңдетіп, «Абайдың Лермонтовтан жасаған аудармалары жайындағы жаңа деректер», «Пушкин мен Абай», «Абай және орыс әдебиеті», «Орыс-қазақ әдеби байланыстары» атты зерттеулері мен мақалаларын жазды. Ал оның М.Әуезов жайындағы, өткендегі ірі ақын Шәңгерей жайындағы еңбектері де бағалы.

Зәки Ахметов елу қаралы ғылыми еңбек жазыпты. Соның оннан астамы докторлық диссертациясының тақырыбына

арналған. «Қазақ өленінің құрылысы» атты монография – сол еңбектердің жиынтығы, желісі. Бұл кітап қазақ өленінің тарихы мен теориясына арналған. Онда жыршылар мен ақындардың көркемдік шеберлігін, поэзияның тілі мен стилін, әдеби шығармалардың формасын зерттеуге байланысты аса маңызды мәселелер қозғалған. Автор мол материал келтіре отырып, қазақтың халық поэзиясының, айтулы жыршылар творчествосының өленділік формасын жан-жақты зерттеген. Сондай-ақ, еңбекте қазақ поэзиясының Абай, Сәкен, Сәбит сияқты аса ірі жаңашыл өкілдерінің ақындық ізденістері мен ұлттық поэзияға қосқан үлесі кең қамтылып, тереңдеп ашылған.

В.М.Жирмунский, В.Сидельников, З.С.Кедрина, Г.Ломидзе, В.Пискунов тәрізді көрнекті орыс ғалымдары, Татарстаннан М.Ғайнуллин, Өзбекстаннан Малаев пен Бекбергенов, Қаракалпакстаннан М.Нұрмұхамедов сияқты оқымыстылар З.Ахметов еңбегінің мәнділігін жоғары бағалаған.

Диссертанттың ресми оппоненттері: Н.С.Смирнова, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев және С.Мұқанов, Ы.Дүйсенбаев, С.Қирабаев сияқты ғалымдар да З.Ахметов еңбегіне лайықты баға берді.

З.Ахметов ғылымның даңғыл жолымен жүріп келеді. Алдағы асуларға да оның емін-еркін шығарына сенеміз.

1965 жыл.

МҰҚАН ИМАНЖАНОВ

(Қайтыс болғанына бір жыл толғанына)

Бұл 1949 жылдың күзінде болған еді. Ол кезде біз Қазақтың педагогикалық институтында оқитынбыз. Әдебиет үйірмесінің мәжілісі жиі-жиі болып тұратын. Әдебиет үйірмесінің мәжілісінде талқыланып, тәуір деп танылған өлең, әңгімелеріміз бен сын мақалаларымызды газет, журнал редакцияларына алып барғанша асығатынбыз. Аға әдебиетшілердің ішінен біздің ең көп баратынымыз Мұқан еді. Ол кезде Мұқан «Социалистік Қазақстан» газетінің әдебиет-искусство бөлімін басқаратын. Бірде мен де Мұқанға біраз өлеңімді алып бардым. Әлі күнге дейін есімде. Жұмысының көптігіне қарамастан ол сол бетте-ақ менің өлеңдерімді байыптап оқып шықты да, өзінің ағалық ақылын айтты. Өлеңдерімнің кемшілігін саралап көрсетіп берді. Бірақ мен оған ренжігем жоқ және үмітімді де үзгем жоқ. Шындығында да, жалғыз мен емес, жас әдебиетшілердің талайы-ақ Мұқанның сын пікірлерін, ақыл-кеңестерін естігенде тауы шағылып, түңіліп кетпейтін. Кісінің жан түкпіріне үңіліп, нағыз дос адамынша сырласу, оның бойына біткен болашакка деген қасиеттерінің бірі еді.

Өзі негізінен көркем қара сөз және драматургия саласында жазғанмен, Мұқан әдебиеттің басқа жанрларында туған шығармалар жайында да парасатты пікірлер айта білетін. Сондықтан да оның төңірегіне жас әдебиетшілердің қайқайсысы болмасын үйір келетін.

Мұқан 1916 жылы Қарағанды облысының Ұлытау ауданында туды. Ол совет мектебінде оқып, тәрбиеленіп өсті. Оның әдебиетшілік, журналистік қызметі 1938 жылдан басталады. Ол кезде Мұқан республикалық радиокомитеттің

әдеби-драмалық хабарлар редакторы болатын. Бұдан кейін ол «Социалистік Қазақстан» газетіне ауысты. Өмірінің соңғы жылдарында ол «Пионер» журналының редакциясында істеді.

Мұқанның «Жастық» атты тұңғыш әңгімелер жинағы 1948 жылы басылып шықты. «Жас өмір» атты пьесасын да ол сол жылы жазды. Оның жастық тақырыбына арналған бұл шығармаларын жұртшылық сүйсіне қарсы алды.

1950 жылы Мұқан «Алғашқы айлар» деген көлемді повесін жазды. Бұл шығармасы арқылы ол қазақ совет әдебиетінің жемісті еңбек етіп жүрген, белсенді қайраткерлерінің қатарына қосылды.

Қазақ совет әдебиетінде ауылдық мектеп өмірін дәл «Алғашқы айлардай» мол суреттеген шығарма жоқ. Мұқанның бұл повесі – шәкірттерге политехникалық білім беру мәселесін бүкіл совет әдебиетінде тұңғыш рет көтерген шығармалардың бірі.

«Алғашқы айлар» повесінде жазушы Жақыпбек сияқты жігерлі, Сапар, Сейтен, Бектай, Әйтен тәрізді әралуан бала кейіпкерлердің де тұлғалары бар. Жазушы оларды өздерінің мінез-құлқына, ой-парасатына қарай даралап, шынайы суреттеді.

«Алғашқы айлар» повесі 1955 жылы орыс тіліне аударылып, Москвада басылып шықты. Сөйтіп, ол бүкілодақтық оқушыдан баға алды.

Мұқан көлемді шығармалар жазумен бірге, көркем әңгіме саласында да жемісті шұғылданып отырды. Оның әңгімелерінің екінші жинағы 1952 жылы «Таныс қыз» деген атпен басылып шықты.

Бұл жинаққа енген әңгімелерінде де жазушы совет адамдарының шынайы бейнелерін жасады, олардың творчестволық еңбегін, тамаша ой-сезімдерін суреттеді.

Жазушының әсіресе «Коммунизм мүйісі» атты әңгімесі қызғылықты. Бұл әңгімені оқып шыққанда ерекше бір қуаныш сезімі билейді. Әңгіме кейіпкері кішкентай Мұрат бізге өзінің адалдығымен, білімге құмарлығымен мейлінше ұнайды. Ал оны мұндай етіп тәрбиелеген – совет мектебі,

Тілегендер тәрізді совет мұғалімдері. Жазушының бұл әңгімесіндегі «баладан коммунизм дүниесінің бір бұрышын» көргендей боламыз.

Мұқан жай көзге өте карапайым, тіпті өте болмашы болып көрінетін жайлардың сырын терең ашып, қызғылықты етіп суреттей алатын еді. Мәселен, «Еңбек куанышы» атты әңгімесінде ол телеграфистік қызметтің тамаша сырларын суреттейді. Күн сайын мыңдаған жандармен тілдесіп, талайларды куаныш сезіміне бөлейтін телеграфистің карапайым, бірақ құрметті қызметіне біз сүйсініп отырамыз. Жазушы бұл әңгімесінде Шекер сиякты еңбек сүйгіш жас қыздың әсерлі бейнесін жасады.

Тіпті шағын әңгімелерінің өзінде де Мұқан кейіпкерлерінің іс-әрекетін, ой-сезімдерін шынайы суреттей алатын. Әрине, бұл оның шеберлігіне байланысты еді. Сондықтан да, оның кейіпкерлерін окушы ұмытпайды. «Бар ырыс, бар тыныс, бар тіршілік бір бойынан табылған бақыт кітабы – ұлы заңды» шын жүректен сүйетін, бала мінезді, ак көңіл, адал жүректі Мейрам карт («Кітап»), мейлінше кішіпейіл, еңбек сүйгіш Раушан («Таныс қыз»), өз міндетіне аса жауапты карайтын, қоғамшыл карапайым кондуктор («Кондуктор») және басқалар өздерінің мінез-құлкымен, ісімен, кескін-келбетімен окушының есінде калып қояды.

Жинакка жазушының балаларға арналған бірнеше әңгімелері де («Талап», «Бөбек», «Ораз бен Боря», «Жол үстінде») енді. Бұлардың ішінде аса тәуірі – «Жол үстінде». Әңгіменің негізгі кейіпкері – Сағит деген бала. Ол суретші болуды арман етеді, өзі ептеп сурет сала да біледі. Мұндай талапты бала ойлаған мақсатына жетпей тынбақ емес. Сағиттың бойында балалық ансарынан басқа алып ұшкан қайрат, жігер бар. «Ванька – өте ынжық бала», – дейді ол Чеховтың белгілі әңгімесінің кейіпкері жөнінде. Бұл оның ой-парасатын да аңғартады. Сонымен бірге Сағит – өзі туған колхозды, өзі окыған мектепті жанындай жақсы көретін патриот. Туып-өскен ауылы туралы және оның адамдары туралы ол мактаныш сезімімен сөйлейді. Әңгімеде Сағиттың әлі калыптасып болмаған толкымалы ойы, сәбилік аңқау мінезі, сүйкімді балалық кылығы әсерлі суреттелген.

1953 жыл Мұқанның «Азамат мақтанышы» атты кітабы шықты. Бұған жазушының әр кезеңде жазған публицистикалық мақалалары енді. Сөйтіп, ол қазақ совет әдебиетінің бұл саласында да едәуір еңбек етті. Мұқанның мұндай мақалалары совет адамдарының азаматтық мақтанышына, жарқын ойларына толы болып келетін.

Мұқан 1954 жылы «Менің махаббатым» атты пьесасын жазды. Жазушының республикалық конкурста бәйгі алған бұл пьесасы көптеген театрлардың сахнасында қойылды.

Мұқан жаңалыққа құштар, белсенді жазушы еді. Денсаулығының әлсіздігіне қарамастан, ол тың игеріліп жатқан өлкеде талай рет болып, ондағы өмірді сарыла, көп зерттеді. Оның осындай көп ізденуінің нәтижесінде туған әңгімелері 1956 жылы «Тыңдағылар» деген атпен жеке кітап болып шықты. «Есеновтың тағдыры», «Аттаныс алдында» сияқты әңгімелері мазмұнды әрі көркем. Жинақта «Қорқақ», «Бес», «Сапардың тәжірибесі» тәрізді балаларға арналған әңгімелер де бар.

Шығармаларында әрдайым игі, жарқын құбылыстарды бейнелейтін. Мұқан соңғы кезде өз талантының соны бір қырын, яғни сатирашылық қабілетін де аңғарта бастап еді. Жинаққа енген «Үй», өмірінің соңғы жылдарында жазған «Сөнген шала» атты сатиралық комедиясында ол бұл қасиетін жақсы танытты.

Жас ұрпақты коммунистік, отаншылдық рухта тәрбиелеудің маңызы аса зор екендігін Мұқаң терең түсінді. Шығармаларының да көпшілігін ол осы тақырыпқа тікелей арнады. Бұл оның публицистикалық мақалаларының да өзекті желісі болып келетін. «Жеткіншекке» деген мақаласында ол былай деп жазған еді:

«Таяуда орталық газеттерде бір жасар сәбидің суреті шыққан, мүмкін, естеріңде жоқ шығар. Егер баяндай бастасақ, ойларыңа бірден түсе қалады. Грецияның түрмесінде көзі мөлдіреген бөбек отыр... деп бастайықшы: «Ә, білеміз, азаттық үшін күрескен, озбырлар жазалап өлтірген, грек халқының батыры Никос Белоянистің бөбегі... есімізде» дейсіңдер.

Я, сендер мұны ұмытуға тиіс емессіңдер. Түрмеде туған, жарық дүниеге келгеннен бері алғашқы күндерін түрмеде, тар қапаста өткізіп отырған бұл нәрестенің күні не болмақ? Оның жазығы не? Мұндай да айуандық болады екен-ау деп әрі таңырқайсың, әрі жас нәрестеге жаның ашып, ызаға булығасың. Бұл саған бейнебір ақылға сыймас тағылық, сирек кездесетін жан түршігерлік оқиға сияқты көрінеді.

Саған бұлай оғаш көрінуі бір жағынан табиғи да нәрсе. Өйткені сен мұндай тағылық дегеннің не екенін білмейтін елде – өзіміздің совет елінде өстің».

Мұқан осылайша жас ұрпақты советтік бақытты өмірімізді бағалап сүйе білуге, оның бұдан гөрі гүлдене түсуі жолында еңбек етуге дайын болуға баулып отырды. Ол жас әдебиетшілердің де жанашыр досы еді. Әдебиетке соңғы жылдарда келген жастардың ішінде одан творчестволық қолдау көрмегені кемде-кем.

Мұқан творчестволық дер шағында, мезгілсіз қайтыс болды, жүрегін кернеген творчестволық ойларын толық жүзеге асыра алмай кетті. Сөйтсе де, оның бізге қалдырған мұрасы біркелкі мол, әрі өзінше көркем. Оның жақсы шығармалары болашақта да жас ұрпақты адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, достыққа баули бермек.

КҮРЕСКЕР АҚЫННЫҢ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ КЕЛБЕТІ

Қазақ совет әдебиетінің жарты ғасырға тарта тарихын оның туып қалыптасу, есейіп кемелдену кезеңдерін ой көзімен шолғанда жалынды революционер, күрескер ақын Сәкен Сейфуллиннің алып тұлғасы әрдайым жарқын көрінеді. Жеке адамға табынудың қара көлеңкесі де оның творчестволық мұрасының жарқын реңін тайдыра алған жоқ. Шындықтың, әділдіктің айнымас жаршысы – Коммунистік партия сүйікті жазушының өлмес-өшпес мұрасын туған халқына қайтарып берді. Қазіргі уақытта Сәкен шығармалары том-том болып басылып шығып, коммунистік қоғам орнатып жатқан рухани тілегіне айналуда, оның жан дүниесін байыта түсуде.

Сонымен бірге жазушы шығармаларын жинақтап шығарумен ғана іс тынбайтындығы да күмәнсіз. С.Сейфуллин азаматтық және творчестволық жолының кезең-кезеңдеріне, оның сан алуан шығармаларының идеялық құнары мен революциялық бастауларына, көркемдік сырларына жіті үңіліп, үлкен топшылаулар жасап, ой қорыту, қазақ совет әдебиетінің іргетасын қалаудағы, есейіп қалыптастырудағы, халық мүддесін көздеген әдеби күштерді топтастырудағы оның ұлан-асыр еңбегін жан-жақты ашып көрсету – қазақ совет әдебиет зерттеу ғылымы мен әдеби сынының түбегейлі міндеттерінің бірі.

Осы орайда соңғы жылдары бірталай іс тындырылды. Бұл ретте С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.Қаратаевтардың мақалаларын, естеліктерін атауға болады. Ақын Ә.Тәжібаев лирика жайындағы көлемді зерттеуінде Сәкен поэзиясын, әсіресе, оның лирикасын талдай отырып, ақынның шеберлігі, суреткерлігі жайында қызғылықты пікірлер айтты.

Сөйтіп қазақ совет әдебиетінің іргесін қалаған классик-ақынның творчестволық мұрасын игеру ісіне барған сайын көбірек назар аударылуда. Ол жайында әрбір жаңа зерттеуге, тіпті әрбір соны дерекке жұртшылық ынтыға құлақ түріп, ықылас қойып отыруы да заңды, түсінікті. Әдебиет зерттеушісі әрі сыншы С.Қирабаевтың «Сәкен Сейфуллин» атты көлемді еңбегін де оқушы қауым қолға осындай ықыласпен алады, одан сүйікті жазушысының өмірі мен творчествосы, тағдыры мен күресі туралы тың топшылаулар, байыпты ой-пікірлер күтеді. Біз де С.Қирабаев монографиясын қолға сол үмітпен алдық. Кітаптың соңғы бетін жапқанда көңілімізде қажетті, байсалды іс тындырған, еңбек сіңірген авторға деген ризашылық сезімі тұрды.

Зерттеу көлемді кіріспемен ашылады. Онда еңбектің мақсаты, ерекшеліктері тұжырымдалып көрсетілген. Сәкен жайлы бұрын-соңды зерттеулерге, мақалалар мен ой-пікірлерге шолу жасалған, ақынның өмірбаянына байланысты деректер берілген.

Сәкеннің тұңғыш творчестволық талаптанулары 1910 жылдан-ақ бастағаны, ал оның «Өткен күндер» атты алғашқы жинағы 1914 жылы Қазан қаласында басылып шыққаны аян. Оның өлеңдері мен мақалалары «Айқап» журналында, әр алуан газеттерде жарияланып тұрған. Сөйтіп ақынның творчестволық жолы революциядан бұрынғы кезеңде басталды. Сондықтан да сыншының Сәкен және революция алдындағы қазақ әдебиеті туралы мәселені арнайы сөз етуі әбден орынды деп білеміз.

Автор Сәкеннің алғашқы шығармаларын сол кездегі әдебиеттің демократиялық, бұқарашыл арнасымен, халықтық бағытымен тығыз байланыста алып қарайды. Оның тұжырымдауынша: Сәкен – революция алдындағы әдебиетте сыншыл реализмнің көрнекті өкілдерінің бірі. Ал өзі өмір сүрген дәуірдің өзгерістері мен жаңалықтарына құлақ түріп, оған батыл араласа білуі Сәкен творчествосының әлеуметтік сарындарын күшейте түседі. Сәкеннің Октябрь революциясының жалынды жыршысы болуы, оның бұл тақырыпты қазақ әдебиетінде тұңғыш рет көтеруі кездейсоқ

еместігін автор аша алған. Сол сияқты жас Сәкеннің Абайды ұстаз тұтқаны, оның өлеңдерінің әлеуметтік бағыты мен көркемдік үлгілерінен көп үйренгендігі де жан-жақты әрі нақты талданған.

Сәкен Сейфуллин творчествосын қазақ совет әдебиетінің туып қалыптасу процесінен бөліп айтуға болмайды. Ақынның творчестволық жолына үңілгенде бұл әрдайым есте тұруы шарт. Сыншы монографияның бүкіл өн бойында, әсіресе жаңа әдебиеттің туу жайын сөз еткен тарауда осы принципті бекем ұстаған. Сондықтан да оның: «Бұл әдебиеттің басында революционер-жазушы Сәкен Сейфуллин болып, ол жас күштерді жаңа бағытқа сілтей білді. Қазақтың жас совет әдебиетінің де идеялық бетін алғаш танытқан осы ақынның революциялық жырлары еді» деген пікірі нық та дәлелді.

Революционер-ақын халықты күреске, азаттық жолындағы шайқасқа шақырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол сол дауылды кезеңнің бейнесін жасады. Оның жырлары – қазақ халқының революциялық жігері мен жаңа дүние жасау жолындағы күресінің шыншыл шежіресі. Осы тұрғыдан қарағанда Сәкеннің революция тақырыбына арналған шығармаларының, әсіресе «Асау тұлпар» жинағына кірген өлеңдерінің монографияда арнайы талдануы орынды екенін көреміз. Бұл ретте ол Сәкен өлеңдерінің Горький шығармаларымен үндестігіне, оның поэзиясындағы жаңа образдарға назар аударады, ақынның заман бейнесін жасаудағы көркемдік тәсілдерін талдап ашады.

С.Сейфуллин творчествосын талдауда автор негізінен хронологиялық принцип ұстаған. Жазушының творчестволық жолын айқындау үшін, үдеп өскен кезеңдерін шолу үшін осылай ету қажет те. Сонымен бірге сыншының жазушының қайсыбір шығармаларын жанрлық ерекшеліктеріне қарай саралап бөліп талдаған мезеттері бар. Егер ол «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» пьесаларын жазушының жаңа жанрдағы ізденістеріне орайластыра отырып талдаса, ал «Айша», «Жер қазғандар» повестері мен «Мұслима», «Омар» және басқа да әңгімелерді реалистік проза жасау мәселесіне байланыстыра отырып сөз етеді.

Монографияның «Творчестволық өрлеу жылдары» «Социалистік құрылыс жылдары» атты тарауларында ақынның әр алуан тақырыптағы лирикалық өлеңдері, «Аңлатпасы», «Советстан», «Аққудың айырылысуы», «Социалистік» поэмалары жан-жақты талданған. Автор осы шығармаларда ақынның творчестволық эволюциясындағы өзгеріс көлемдерімен, жаңашылдығымен және оның эстетикалық принциптерімен тығыз байланыста алып қарайды.

Ал «Көкшетау», «Қызыл ат» поэмалары және «Тар жол, тайғақ кешуді» талдауға автор жеке-жеке көлемді тарауларды арнаған. Бұл тарауларда Сәкеннің көркем шығармаларының халықтық белгілері, революциялық сипаты, оның творчестволық негізгі бағыты мен тенденциялары объективті түрде, ғылыми байсалдықпен ашылған. Сын шы: «Тар жол, тайғақ кешудің» тууы жаңа көтерілген, алдыда келе жаткан жас қазақ совет әдебиетін жаңа бір белеске көтеріп тастады. Революциядан бұрын проза дәстүрі әлі берік қалыптаспаған елде ілезде-ақ көлемді шығарма туып-өсіп түйеді және мұның себептерін ғылыми тұрғыдан дәлелдейді.

Монографияда Сәкеннің соңғы прозалық шығармалары, аяқталмай қалған романдары және оның әдебиет ісіндегісі әрі сыншы ретіндегі еңбегі де қамтылған. Автор Сәкеннің қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап бастырудағы, талдап зерттеудегі, әрі өз кезінде әдеби қозғалыстың түбегейлі мәселелерін шешісудегі еңбегін аса көрсеткен.

Сыншы Сәкеннің бүкіл творчествосына, тіпті әрбір көлемді шығармасына байланысты аса көп материал әдеби фактілер жинаған және соны ғылыми тұрғыдан екшеп, өз қажетіне асырып, пайдалана да алған.

Жаңа кітаптан сыншының зерттеушілік қабілеті, көркем шығарманы талдау өнері артқаны, ұштала түскені де анық байқалады. С.Қирабаевтың бұрынғы кітаптары мен бірталай мақалаларында жалаң социологияға көбірек бой ұру, көркем творчествоның сан-сан сырларына тереңдеп үңілмей, жадағайлыққа салыну сияқты кемшіліктер аңғарылып қалып отыратын. Бұл кітапта ол көркем шығармаға берілетін идеялық және эстетикалық талдауды тең ұстауға ұмтылған.

Сәкеннің негізгі шығармаларының қай-қайсысы да жаңашылдығымен, коммунистік тенденциялығымен, өрелі ойларды, дәуір идеяларын батыл қозғауымен әрдайым пікірталасын тудырып отырды. Монографияда осы жағдай да мол көрініс тапқан. Автор Қ.Жұмалиев, М.Қаратаев, Ә.Тәжібаев, Т.Нұртазин, тағы басқа әдебиет зерттеушілердің пікірлерін де өте-мөте мол қамтып отырған. Ғылыми объективтілік үшін бұл қажет те, дұрыс та. Бірақ сыншы солардың бірдебірімен ой жарыстырмайды, пікір таластырмайды, құр иек сүйейді де өте шығады. Бұл – автордың зерттеу тәсіліндегі ең бір осал жері. Үлкен тақырыпқа арналған көлемді еңбекте принципті мәселелерге байланысты ой-пікір таласынан бой тартып, тайқақсудың қажеті жоқ еді.

Сыншы Сәкеннің ақындық шеберлігін оның поэмаларына байланысты бірталай сөз еткен. Бірақ ол лирик Сәкеннің ақындық шеберлігін жеткілікті дәрежеде аша алмаған.

Кітапта шұбалаңқылық та бар. Автор аз сөзбен түйіп айтатын талай-талай жайттарды жалықпастан баяндай береді, негізгі ойларын қажетті проблемалардың төңірегіне топтастырмай, жеке-жеке өлеңнің жолын қуалап кететін кездері де бар. Сондай-ақ кітапта Сәкеннен де, басқа авторлардан да келтірілген цитаталар өте көп. Жоғарыда айтылған шұбалаңқылықтың бір сыры осында болар.

Монографиялық «Жаңа әдебиеттің тууы» деген тарауында автор әдебиеттің жалпы мәселелерін біраз сөз етіп келеді де, содан соң Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, М.Әуезов, Б.Ізтөлин, Ш.Иманбаева, С.Нұржанов тәрізді акын-жазушылардың творчестволық жолына жеке-жеке тоқталады. Жеке авторға арналған монографияда мұндай «сыбаға» үлестірудің онша орайы жоқ та еді және бұл кітаптың жалпы композициясына кірігіп те тұрған жоқ.

Кітаптан бұдан басқа да ірілі-уақты кемшіліктер табылатындығы күмәнсіз. Бірақ ең басты нәрсе онда емес, кітаптың құндылығында, қажеттілігінде. Бұл монографияда күрескер-ақынның творчестволық келбеті бар. Автордың ең негізгі еңбегі де осында.

МАЗМҰНЫ

Ғасыр перзенті 5
Білгенге – маржан... 46
Мәңгілік мұра 84
Шығармашылық бастау 92
Ел өмірінің айнасы 100
Суреткер шыншылдығы 225
Дарынды драматург 233
Үндістан көріністері 252
Жылдар – ойлар 257
Бейбітшілік даусы 273
Иса Байзақовтың шығармашылығы 283
Ғафур Ғұләмнің поэзиясы 302
Аңызға айналған өмір 309
Ғалым еңбегі 317
Уақыт және суреткер 326
Жазушы жолы 335
Сыншы кітабы 341
Дос жүрегі *(Қ.Нұрмаханов туралы естелік)* 346
Өтебай Тұрманжанов 353
Өсуден туған талап 357
Поэзиялық шығармалардың аудармалары 365
Ғылымның қилы жолында 371
Мұқан Ыманжанов *(Қайтыс болғанына бір жыл толғанына)* ... 373
Күрескер ақынның творчестволық келбеті 378

Айқын НҰРҚАТОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

3-том

Редакторы *Ш.Рақымбекова*
Суретшісі *Е.Қожабаев*
Корректоры *Ш.Жамықаева*
Компьютерде беттеген *Ж. Дәуренбекова*

ИБ № 993

Басуға 10.06. 2013 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108$^{1}/_{32}$.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 20,0. Көлемі 24,0 б.т.
Таралымы: Мемлекеттік тапсырыс есебінен 2000 дана + баспа есебінен 150 дана. Тапсырыс № 697.

"Ана тілі" баспасы ЖШС, 050009
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ДӘУІР
ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

ISBN 978-601-251-096-6

9 786012 510966